АҚИҚАТ ПЕН АҢЫЗ

Роман-диалог

БІРІНШІ ДИАЛОГ

I

Алматы жазда да, күзде де әсем ғой, шіркін! Сентябрьдың аяқ кезі болса да, астана ыстық, шуақ, жылы нұрға бөгіп тұр. Бірақ ауа райының хабаршылары бүгін жиырма бес градус ыстық болады деп айтқанымен, жаз жиырма бесі мен күз жиырма бесінің жалыны бірдей болмайды екен. Жаздың мұндай күндерінде шолақ жең көйлек киген көше жаяулары жандарына сая таппай дедектейтін еді. Қазір де көйлекшеңдер көп кездескенімен, бірсыпыра жұрт иықтарына костюм іліпті, бәрі де аяқтарын асықпай басатын болыпты.

Күн әлі де едәуір ыстық болғанымен, сары күздің келгенін сары ала жапырақтар айқын аңғартқандай еді. Төбеден төмен қарай қалықтай құлаған екі-үш жапырақ Фурманов көшесімен жоғары қарай өрлеп бара жатқан менің алдыма келіп түсті.

Комсомол көшесінің қиылысындағы «Ювелирторг» магазинінен өткеннен кейін, үйлердің номеріне көз сала бастадым. Өйткені менің іздеп келе жатқан үйім осы тұста болуға тиіс. Білетін адамдар маған магазиннен өтісімен-ақ оң жағыңа қарай бер деп түсіндірген. Расында да лезде-ақ мен бұрышында төрткіл көк қаңылтырға ақ сырмен 117 деп бадырайта жазылған номері бар үш қабат үйдің қасына келдім.

Үйдің осы номеріне көзім түскен сәтте жүрегім сәл шым ете қалып, өн бойымды әлде бір жеңіл діріл аралап өткендей болды. Ол бірте-бірте ұмытылыңқырап бара жатқан ескі сезім еді. Ұлы Отан соғысында жүрген кезімізде, шабуылға шығар алдында дәл осындай болып, көңіл қобалжыңқырайтын да, артынан дайындық басталғаннан кейін, дененің дірілі басылып, қорыққаның, қобалжығаның ұмыт боп кететін.

Сыртқы есіктен ішке кіріп, үшінші қабатқа көтерілдім. Мен іздеп келген 6-пәтер баспалдақтың сол жақ түкпірінде екен. Есіктің қоңырауын іздеп, алғашында таба алмадым. Анықтап қайтадан қарасам, есіктің топса жақ жақтауында көзге көрінер-көрінбес боп, түймедей ғана қоңырау кнопкасы тұр екен. Ішке хабар жіберіп, ақырын соны бастым. Содан соң дәл келдім бе екен деп ойлап сағатыма қарасам — он болыпты.

Ішкі жақтан сөйлеп жүрген әйел даусы естілді. Маған есік ашуға келе жатқан кісі болар деп, сәл шегініңкіреп тұрдым. Бірақ есік ашылмады. Мен кнопканы қайта бастым. Осы кезде есіктің дәл ар жағынан шылдыр ете қалған қоңырау үнін естідім. Сонда ғана басыма

алғашында қоңырауды қатты баспадым ба екен деген ой келді. Өйткені мұның алдында дәл мұндай боп жақыннан шыққан қоңырау дауысын естімеген сияқты едім. Әлде үйдің үшінші қабатына көтерілгенге жүрек алқынып, үй иесі қалай қарсы алар екен деген сасқалақпен аңғармай қалдым ба, оны өзім де білмеймін.

... 1943 жылдың жазында біздің құрамамыз — 100-Дербес атқыштар бригадасы 2-Балтық майданының бір шетінен екінші шетіне ауыстырылды. Атап айтқанда Великие Луки қаласының түбінен Ловать өзенінің жағасына барып жайғастық. Жорықпен жолда кетіп бара жатқанымда менің қолыма «Знамя» журналының сол жылғы 5-номері тиді. Сол журналда Александр Бек деген автордың «Панфиловшылар алғы шепте» атты повесінің басы жарияланған екен. Мен онда Бек дегеннің кім екенін білмейтінмін, ондай жазушы барын да естімеген болатынмын. Бірақ Панфилов дивизиясын, одан шыққан 28 батыр есімдерін, Мәлік Ғабдуллин мен Төлеген Тоқтаров сол дивизияның түлектері екенін жақсы білетінмін. Сондықтан болар, мен бұл повестен бас алмадым. Күндіз тоқтай қалғанда күннің жарығымен, түнде қонған жерде ай сәулесімен оқыдым. Оқыған тарауларды жол-жөнекей жауынгер серіктеріме баяндап та отырдым. Содан соң, алғы шепке сол журналдың 6-номері және келді. Панфиловшылар туралы повестің жалғасын түнде, ай қараңғы болғандықтан ,зеңбірек қасына келіп отырып, аккумулятордың жарығымен оқыдым. Повесть те бітті, аккумулятордың да жарығы таусылды. Әрине, менің мұным тәртіп бұзғандық, тіпті қылмыс еді.

Менің зеңбірегімнің жарығы таусылғанын взвод командирі лейтенант Полянцев ертеңінде-ақ білді. Ол білген жоқ еді, мен өзім айттым. Зеңбірегімнің жарығын түнде кітап оқимын деп тауысып алдым дедім.

Полянцев өте ашуланшақ кісі еді. Бірден айғайды салып, сыбап алды. Мен сені қазір атып тастаймын деді. Бірақ атқан жоқ. Погонымды, мылтығымды, белбеуімді сыпырып алып, үш тәулікке гауптвахтыға айдатты. Қылша мойным талша деп, қару кезенген солдаттың алдына түсіп, желбегей шинелім салпаңдап, дивизион штабының қасындағы гауптвахтыға қарай сапар шектік. Бұл бір көрмеген құқайым еді, оны да көретін болдым деп ойладым ішімнен.

Позициядан шыға бере алдымыздан біздің батареяға қарай салт атпен келе жатқан дивизион командирі майор Сахонь кездесті.

Майор Сахоньды біз генерал Панфиловтан кем көрмеуші едік. Тілі сақаулау болғанымен, өте байсалды, ақылды кісі еді. Қарамағындағы артиллеристерді офицерден бастап, әрбір солдатына дейін білетін. Мен, айдауда келе жатсам да, екі қолымды жамбасыма жапсыра ұстап, аяғымды көтере сермеп, дік-дік басып, мойнымды командир жаққа бұрып, салт атты Сахоньнің қасынан сәлем беріп өттім. Майор мені таныды да, атының тізгінін тартты.

— Қане, тоқтаңдар, — деді артымда маған мылтық кезеп келе жатқан айдаушы солдатқа.

Майор атының басын бұрып, қасыма өзі келді де:

— Аға сержант, қайда жол тартып барасың? — деді.

— Гауптвахтыға, жолдас майор.

— Не үшін?

— Зеңбірек аккумуляторын шығындап түнде кітап оқығаным үшін.

— Ол дұрыс болмаған екен.

— Кінәлымын, жолдас майор.

— Қандай кітап еді?

— Панфиловшылар туралы.

— Ұнады ма?

— Өте ұнады, жолдас майор.

— Момышұлының, оның басқа да жерлестерінің ерлігіне сүйсіндің бе?

— Сүйсінгенде қандай, жолдас майор!

— Мен де сүйсіндім. Ал сен ол кітаптың мазмұнын жолдастарыңа айтып бердің бе?

— Дәл солай, жолдас майор. Бүкіл батареяға баяндап бердім.

— Онда жігіт екенсің, аға сержант, — деді майор маған ат үстінен сығырая қарап. — Сені гауптвахтыға кім жіберді?

— Взвод командирі лейтенант Полянцев, жолдас майор.

— Ендеше мен сенен ол жазаны алып тастадым. Қазір қайт та, взводыңа барып, өз міндетіңе кіріс. Лейтенант Полянцевқа менің осы бұйрығымды айт.

Біз батареядан қырық-елу метр ғана алыстаған едік. Айдаушы солдат өз бетімен кетті де, мен старшинаға барып погонымды, белбеуімді, наганымды алдым. Пилоткамның қызыл жұлдызын қайта қадап басыма кидім де, асықпай аяңдап, орман шетінде жауынгерлермен сабақ өткізіп жатқан взвод командиріне қарай беттедім. Лейтенант мені көре сала орнынан ұшып тұрып, бақырып қоя берді.

— Сен неге сенделіп жүрсің әлі күнге дейін? — деп ақырды.

— Сенделгенім жоқ, түп-түзу келе жатырмын, жолдас лейтенант.

Оның аузы жыбыр-жыбыр ете түсті. Бұл оның мені әке-шешемнен сықпыртқаны.

— Менің саған гауптвахтыға бар дегенім қайда?

— Орта жолдан қайтып келдім, жолдас лейтенант.

— Кім право берді саған гауптвахтыға бармай қайтып келуге? Бұл үшін мен сенің көзіңе көк шыбынды үймелетермін әлі.

Осылай деп ол қасында тұрған сержантқа бұйрық берді:

— Омарбаев, қазір мынаның белбеуін шешіп, погонын сыпыр да, дивизиондағы гауптвахтыға айдап бар.

Мұқан Омарбаев амалсыз орнынан тұрып, аяғын сылбыр басып маған қарай аяңдады. Мен оған «асықпа» дегендей белгі бердім де:

— Баяндауға рұқсат етіңіз, жолдас лейтенант, — дедім Полянцевқа қарап тік тұра қалып.

— Үніңді өшір. Рұқсат етпеймін, — деді ол.

— Рұқсат етпесеңіз, онда мен рұқсатсыз баяндауға мәжбүр боламын...

— Өшір үніңді...

— Қазір, жолдас лейтенант. Сіздің бұйрығыңызды дивизион командирі майор Сахонь жолдас бұзды, — дедім мен. — Майор осыны сізге айт және Полянцев жолдас дереу маған келсін деді.

— Қайда майор? Сен бағанадан бері неге айтпай тұрсың ол кісінің шақырғанын?

— Айтайын деп едім, сіз маған сөйлеуге рұқсат бермедіңіз ғой, жолдас лейтенант.

Лейтенант пилоткасын түзеп киіп, қос бармағын белбеуіне сұқты. Гимнастеркасының бырысқанын артына қарай жиырды.

— Қайда жолдас майор?

— Позицияда.

Лейтенант орман шетіндегі зеңбіректер тұрған жерге қарай тұра кеп жүгірді. Барды да майорға өзінің шақырту бойынша келгенін айтып рапорт берді. Майор мен лейтенанттың барлық сөздері бізге анық естіліп тұрды.

— Зеңбірек командирін не үшін тұтқындадыңыз, жолдас лейтенант? — деп сұрады майор.

— Түнде кітап оқимын деп зеңбірек шамын тауысқаны үшін, жолдас майор.

— Неге сүйеніп тұтқындадыңыз?

— Уставқа сүйеніп, жолдас майор. Устав бойынша тәртіп бұзған жауынгерді үш тәулікке дейін гауптвахтыға отырғызуға правом бар ғой.

— Әрине бар. Бірақ Уставтағы правоны дұрыстап пайдалана білу керек, жолдас лейтенант. Ол сержант бір зеңбіректің отын өшіргенімен, сол оқыған кітабы арқылы батареяның бар жауынгерінің жүрегіне от жақты. Уставта осы да есептелген. Сіз оны ескермегенсіз. Өзіңіз батальон командирі Момышұлы туралы кітапты оқыдыңыз ба?

— Жоқ, жолдас майор.

— Ендеше, оны оқымағаныңыз үшін, мен сізді үш тәулікке үй тұтқыны етіп қамасам қалай болар еді? Бұл да менің уставтық правом ғой. Сонда сіз ол кітапты оқып шығарсыз деп ойлаймын.

— Құп, жолдас майор, үш тәулікке үй тұтқыны болуға. Бірақ ана кітапты қайдан аламын?

— Оны өзіңіз тұтқындаған сержанттан сұраңыз... Мен сізге арест жарияламаймын, лейтенант. Бірақ бұл есіңізде болсын.

Осыдан кейін — «Знамя» журналының мендегі екі номері қолдан-қолға көшті. Қаршадайынан батырлар жырын жаттап өскен қазақ балалары бұл повесті өлеңдей жаттап алдық. «Фамилиясы жоқ адаммен» — батальон командирі Бауыржан Момышұлымен біз майданда осылай танысқан едік. Оның ерлігіне, батылдығына, тапқырлығына, сонымен бірге адамгершілік асыл қасиеттеріне сүйсіндік. Егер өтірік жазсаң алдымен сол қолыңды, одан соң оң қолыңды шауып тастаймын деп, қылышын жарқ еткізіп қынабынан суырып алып, жазушыға серт қойған сәті әрқашанда жадымызда жүрді. Оның Боранбаев есімді қорқақты жазалағанын да жөн көрдік. Оның Бозжанов, Рахимов сияқты серіктерін де өзімізге үлгі тұттық. Командирлеріміз Бауыржандай қатаң, қаһарман болуға тырысты. Біз, солдаттар, Бауыржандай батыр, батыл болуға ұмтылдық. Бәріміз де Момышұлын бір көрсек, тілдессек-ау деп арман еттік. Бірақ мен Бауыржанмен соғыста кездесе алмадым. Ал онымен соғыс біткеннен соң 18 жыл кейін, онда да тек телефон арқылы ғана тілдесуіме тура келді.

Момышұлы әскерден босап, Алматыға келгенде мен Павлодарда қызметте болатынмын. «Бауыржан отставкаға шығыпты», «Бауыржан пәленшеге былай депті», — деген сияқты ұзынқұлақ хабарларды естігеніміз болмаса, көпке дейін онымен жүздесу сәті түспеді. Алайда мен қиын күндерде пір тұтқан адамым болғандықтан жүрегімдегі оған деген сонау солдат кезінің ыстық сезімін суытпай сақтап жүрдім. Оның үстіне Момышұлының «Біздің семья», «Жауынгердің тұлғасы», «Москва үшін шайқас» атты кітаптары бірінің соңынан бірі шығып, менің оған деген сүйіспеншілігімді бұрынғыдан да арттыра түсті. Момышұлын бұрын командир ретінде құрметтесем, енді жазушы ретінде және жақсы көре түстім.

1961 жылы мен Алматыға ауыстым. Сол жылдың жазында Қазақстанның 40 жылдығын тойлау белгіленді де, соған арнап газетіміздің мерекелік қосымша номерін шығармақ болдық. Мерекелік номерге басқа авторлармен бірге Момышұлының да мақаласы жоспарланды. Редактордың орынбасары ретінде қосымша номерге жетекшілік ету маған жүктелген-ді. Мақаласын ұйымдастыратын авторларды редакция қызметкерлеріне бөле келгенде жұрттың бәрі Бауыржаннан қашқалақтап, онымен байланыс жасаудан тайсалақтай берді. Мен оның себебін түсінбедім.

— Ол кісімен сөйлесу қиын, — деді партия тұрмысы бөлімінің меңгерушісі ақын Құрманғали Ұябаев. — Көңілі түспесе ұрсып тастайды, сөйлеспей қояды. Жігіттер сондықтан батпай отыр. Ол кісімен өзіңіз сөйлескеніңіз дұрыс.

Ақыры Бауыржанның үйіне менің телефон соғуыма тура келді. Ар жақтан трубканы әйел алды. Әйелмен сәлемдескеннен кейін мен Баукең үйде ме деп сұрадым.

— Үйде. Бұл қайдан? — Мен қайдан екенін айттым. Әйел «қазір» деп трубканы тастап кетіп қалды.

— Мен тыңдап тұрмын, — деді бір кезде еркек дауысы трубканы жарып жібере жаздай гүр ете түсіп.

— Сәлеметсіз бе, Бауке.

— Сәлемет.

— Бұл «Социалистік Қазақстан» газетінің редакциясынан ғой, — дедім мен шапшаңдата сөйлеп, әскери адам жіті, қысқа, нақ сөйлегенді ұнататын болар деген оймен. Содан соң лауазымым мен фамилиямды айттым да, бірден бұйымтайға кірістім. — Мерекелік номерге сіздің мақалаңызды жоспарлап едік. Соған...

— Тоқта, фамилияң кім сенің? — деді Бауыржан менің жоғарыда айтқандарыма мән берместен.

Мен фамилиямды қайталап айттым.

— Мен ондай адамды білмеймін, — деді Бауыржан сөзін нығыздай сөйлеп. — Мен сізбен сөйлеспеймін...

Бұл күнге дейін мен газет атынан сөйлескен кісіге мұндай жауап берген адамды кездестірген жоқ едім. Аудан, облыс, өлке басшыларымен емін-еркін сөйлесіп, тілек-тапсырмамызды бірден айта беретінбіз. Үлкенді-кішілі журналистермен сөйлеспейтін, олардың өтінішін орындаудан бастартатын ешкім болмайтын.

Момышұлы маңдайдан тарс еткізіп, екі сөзге келместен, трубканы ілді де тастады.

Абыржып, аң-таң болып мен қалдым. Ақыры: жазушы ағайындардың жазғанын ғана оқып, атағына алыстан сүйсініп жүре беру керек екен-ау. Оларды көрсем, білсем, тілдессем деу бекершілік екен ғой. Қайта солардың мінез-құлқын, жеке өмірін білмей-ақ қоюдың өзі абзал шығар деп түйгенмін де қойғанмын. Әрине, Момышұлы жоғарыда аталған мақаланы бізге жазып беріп, ол қосымша арнаулы номерде жарияланды да. Менімен сөйлеспегені үшін Бауыржан артынан ғапу да өтінді. Дегенмен, жүрегім сол жолы май ішкендей шайлыққан мен осыдан кейін Момышұлына жоламайтын да, жуымайтын да едім. Аман-сау, абыройлы болуына сырттан тілектес көптің бірі болып жүре беретінмін. Мінеки бүгін келіп мен сол адамның есігін өзім қағып тұрмын.

— Әй, ашсаңшы, — деп гүр ете қалған зор дауыс естілді менің қоңырауымнан кейін. «Бұл мықтының өзі болды» дедім ішімнен.

Есік ашылды. Үстіне аяғының басына түсе сүйретілген гүлді көк халат киген сұңғақ бойлы, сымбатты әйел қарсы алды. Бұл — Бауыржанның жұбайы Кәмәш. Батырдың әйеліне бас идім де, кіруге рұқсат сұрадым.

— Кіріңіз.

Кірсем, есіктің дәл қарсысында кухня бар екен. Соның төрінде, таңертеңгі шай үстелінің басында, ескі әскери кительді иығына желбегей жамылған, үстіне қайырма жағалы, омырауы ашық, сарғыш түсті көйлек, жолақты жұқа шалбар, аяғына жасыл тапочка киген Бауыржан отыр екен. Үстел басында еңсесін тік ұстап, еті қашқан иегін сәл көтере түсіп, сырттай кірген кім екен деп, есікке тесірейе қарап отырған ол бір сәт маған шығыңқылау бет сүйегін, суалыңқылау ұртын, салбыраңқы мұртын, кісіге тайсалмай тіке қарайтын, қарағанда жанарынан ұсақ-ұсақ ине шашырап жатқандай боп көрінетін сәл қысықтау көзін, қара жартастай қасқиып тік жатқан маңдайды шимайлаған жол-жол әжімдерін әлдебір шебер қол гранитке айқындай қашап, айнытпай түсірген аса бір сұсты, сол сұстылығымен тартымды көрінетін тас мүсінге ұқсап кетті. Табалдырықтан аттағаннан кейін мен оң қолымды кеудеме басып:

— Бауке, сәлеметсіз бе? — дедім.

Бауыржан үндемеді. «Бәлей, бүлдірдім-ау. Ассалаумағалейкум деп айтпағаныма қырсығып отыр ма?» — деп мен де үнсіз тұрып қалдым. Бауыржан өзіне сәлемді қазақша бермеген адамдарды үйінен қуып шығады екен деп естігенім болатын. Және ондайда бірден: «Кругом! Шагом марш!» деп айтады екен деп те еститінмін. Маған да солай етер ме екен деп қатты қысылып тұр дым.

Осы арада Бауыржанның тілшілерді қабылдауына байланысты жұрт аңыз етіп айтатын екі оқиға ойыма сап ете қалды. Бірде Момышұлына радиодан магнитофонын арқалап тілші келеді. Тілші шашын әйелше қоя берген жас жігіт екен.

— Әй, сен кімсің? — дейді Бауыржан оны көрген бойда.

— Радиожурналистпін, ағай. Сізбен сөйлесейін деп келіп едім.

— Өзің әйелмісің, еркекпісің, мен соныңды айт деп тұрмын саған.

— Еркекпін, ағай.

— Кругом! — дейді Баукең оған ежірейіп. Сасқан жігіт ұршықша айналып кейін бұрылып, есікке қарап тұрады. — Сен еркек болсаң онда шашыңды еркекше алдырып кел. Марш!

Жігіт салы суға кетіп кеңсесіне қайтады. Қысқартайын десе шашын қимайды, қысқартпайын десе — тапсырма қинайды. Сөйтіп жүргенде бір күн өте шығады. Ертеңінде оны бастығы шақыртады.

— Момышұлымен әңгіме дайын ба? — деп сұрайды бастық.

— Жоқ.

— Неге?

— Шашынды еркекше алдырып келмесең, сенімен сөйлеспеймін деп қуып шықты.

— Шашыңды неге алдырмайсың?

— Қимаймын.

Бастық ашуланады.

— Ол материал программада тұр. Шашың тұрғай басыңды алдырсаң да бүгін материал осында болсын! — деп бұйырады ол жігітке.

Жігіт амалсыздан шаштаразға барып шашын жұқарттырады. Содан соң Бауыржанға қайтадан барады.

Екінші аңызда Бауыржан Кубадан келгенде бастығы Момышұлынан интервью әкел дегенде бір журналистің «Мені Бауыржанға жұмсағанша тордағы арыстанның жалынан бір сипап қайт деп бұйырыңыз» дегені айтылатын.

Осы екі оқиға есіме түскенде менің одан сайын берекем қаша бастады.

— Мұнда кел, — деді Бауыржан даусын жылытпастан маған тесірейе қараған күйі. Әлі де қуып шығар, шықпасына көзім жетпей сақтана басып қасына барғанымда Бауыржан қолын ұсынды.

— Аман-есенбісің?

— Шүкір, Бауке.

— Отыр, — деп менің арт жағымдағы бос орындықты нұсқады.

II

— Бауке, денсаулығыңыз қалай? Анада, өткен май айында ауруханада жатқандағыңыздан кейін көрісіп отырғанымыз осы, жүдеп қалған сияқтысыз ба? — дедім әңгімені бастардан бұрын.

— Мен салмын, — деді ол сәл бөгеліп барып. Бауыржанның не айтқалы келе жатқанын мен қапелімде аңғара алмай қалдым. «О не дегені? Ақан сері. Біржан сал сияқтымын дегені ме? Оны неге байланысты айтып отыр? — деп ойладым. — Сал аурудың не екенін түсінесің бе? — Мен ол сөздің мәнісін енді ұқтым да, басымды изедім. Бауыржан сөзін қайтадан жалғады. — Мына асқазан, өкпе, бауыр, жүрек, жұтқыншақ дегендерің тегіс сап-сау. — Ол алдымен кеудесін сипады да, екі қолын бірдей беліне апарып тоқтатты. — Ал мына жақ ит боп кетті, жүре алмаймын. Мұның өзі жұлын, жүйкеге байланысты ауру. Мен екі рет ауыр жарақаттанған кісімін. Бірақ екеуінде де саптан шыққаным жоқ. 1942 жылы полк командирі кезімде омыртқама оқ тиді. Санбатқа жеткізгенше ес-түсімді білген жоқпын. Есімді жисам, етпетімнен жатыр екенмін. Бас жағымда дәрігер бірдеңе деп баж-бұж етіп тұр. Бақсам сөзі мен туралы екен. «Бұл кісіні дереу госпитальға жіберу керек» деп безек қағады.

— Сонша не боп қапты?— дедім дәрігерге.

— Омыртқаңызда оқ қадалып тұр, жолдас капитан, — деді дәрігер одан сайын дегбірі кетіп. — Сізді дереу госпитальға жөнелтуіміз керек.

Тістеніп, әрең дегенде қолымды жеткізіп, арқамды сипасам, расында да оқ бар екен.

— Скальпелің бар ма? — дедім дәрігерге,

— Жоқ.

— Өткір бәкің бар ма?

— Жоқ.

— Ұстараның жүзі бар ма?

— Бар.

— Ендеше соны спиртпен шай да, оқ тұрған жердің етін кес!

— Олай етуге болмайды, жолдас капитан...

— Болады! Бұйырамын! Орындамасаң — атамын! — деп етбеттеп жатқан күйімде он жақ жамбасымдағы кабураның аузын ағыта бастадым. Батырға да жан керек деген емес пе, дәрігер дереу айтқанымды істеуге кірісті. Ол арқамды кескілей бастағанда пистолеттің сабын сындырардай қысып, тісім шықырлап мен жаттым.

— Мінеки, жолдас капитан, оғыңыз! — деп дәрігер әлден уақытта омыртқама тірелген оқты алып, алақанына салды. Жарамды таңдырып алып, арқамнан алынған оқты, мені санбатқа жеткізген Блоха деген жауынгерімнің қолына ұстата салып, жаумен ауыр ұрыс жүргізіп жатқан полкке қайтадан жеттім. Бірнеше күн қатарынан жаумен жағаласып, жан ұшырып жүргенде арқамдағы жараны ұмытып та кеттім. Ол бірде суланып, бірде қара-қотырланып, бірде қыши бастап, өзінен-өзі жазылып та бітті.

Бауыржанның аузынан шыққан Блоха деген фамилия менің көз алдыма екінші бір картинаны елестетті.

1960 жылы бір топ ақын, жазушы шахтерлермен кездесу үшін Алматыдан Қарағандыға келді. Солардың ішінде Бауыржан Момышұлы да бар еді. Бір күні таңертең жазушылар шағын-шағын топтарға бөлініп, шахталарға кеткелі жатқанда, мейманхананың Бауыржан түскен бөлмесінің есігі тықылдады.

— Кіріңіз, — деді жайбарақат темекі тартып отырған бөлме иесі.

— Қайда менің батям? — деп гүрілдек дауысты, Бауыржанның өзін екі орап алғандай алпамса денелі, ұзын мұртты әлде біреу ырғаң-ырғаң басып, есікті айқара ашып тастап ішке қарай кіріп келе жатты.

Бауыржан тез мойнын бұрып, дауыс шыққан жаққа жалт қарады. Жалт қарады да, қорбаңдап, құшағын жайып, өзіне қарай ұмтылып келе жатқан алып денелі адамды бірден таныды. Батырдың қаһар жүзі жылып, қатал жүрегі жібіп, жұмсарып қоя берді. Бір кезде полк командирі Момышұлын қол астындағы жауынгерлерінің бәрі тегіс «батя» деп атайтын еді. «Батя» — қазақша «әке» деген сөз. Командирдің өзін қол астындағы жауынгерлері ресми түрде «жолдас командир» деп атауы оңай. Ал оның «әке» деп атауы оңай іс емес. Солдаттар әкедей зейіл, әкедей әділ, әкедей қамқоршы командирді ғана, өздерін әкедей аялап, әкедей сүйе білетін командирді ғана әскери уставтың талап етуінше емес, өз жүрегінің әмірімен, осылай «әке» деп атайды. Бауыржанға «батялап» кіріп келе жатқан адамның артынан бүкіл полкы жамырай еріп келе жатқан сияқты боп көрінді. Ол орнынан атып тұрды да:

— Мен мұндамын, ұлым! — деді даусы еркінен тыс елжірей шығып.

Қос құшақ айқаса түсті. Былайғы жұртқа кесек боп көрінетін Бауыржан келген адамның құшағына еркін сыйып кетті. Екі алып адам бірін-бірі аймалай құшқанда кешегі Ұлы Отан соғысында Москваны шойын кеуделерімен қорғаған екі ер солдаттың болат жүректері бордай езіліп кеткенге ұқсады. Бұлай болатын жөні бар еді.

...Ашық жерде, ақ қардың үстінде жатқан батальон күні бойы жаудың бес рет жасаған атакасын тойтарды. Бес ретте де пулеметші Блоха ерекше көзге түсті. Бұл күні полктың ең жанды жері болған бұл батальонмен Бауыржан күні бойы бірге болды. Фашистердің алтыншы атакасы басталмас бұрын Бауыржан еңбектеп, пулеметші Блоханың қасына келді.

— Сенің табандылығыңа, ерлігіңе және мергендігіңе бүгін мен ерекше сүйсіндім, Блоха. Саған деген шын жүректен шыққан алғысымды айта келдім, — деп, Бауыржан етбетінен жатқан ақ тонды еңгезердей солдаттың арқасына қолын тигізді.

Арпалыс сәтте алғы шепке келіп сүйікті командирі алғыс айтса, солдатқа одан қымбат не болушы еді! Солдатқа сол сәттегі командирдің бір ауыз жылы сөзінен жоғары не награда болушы еді! Блоханың қақпақтай жауырыны оқыс бүлк-бүлк етіп қалды.

— Совет Одағына қызмет етемін!.. Батя!.. — деді ол булығып.

Бауыржан солдатқа бұдан басқа дәнеңе деген жоқ. Тез еңбектеп, рота командирінің окобына қарай кетті. Полк командирі кеткеннен кейін, көп кешікпей, дем ала алмай ентігіп, түсі қашып шәпеті денелі рота командирі пулеметшінің қасына жетті. Осы кезде немістер алтыншы шабуылды бастауға кіріскен еді. Олар бар қаруларынан оқ атып, бұрқылдата жөнелді.

— Полк командирі ауыр жарақаттанып қалды, — деді ол дегбірі қашып. — Блоха, айналайын, бұл жерде батяні сенен басқа алып кете алатын кісі жоқ. Тез барып құтқар батяні. Сенің орныңа пулеметке өзім жатамын.

Блоха төбе құйқасы шымырлап, өзінің не боп кеткенін білмей қалды.

— Тірі ме? — деді бар аузына түскен сөз осы болып.

— Тірі, тез жете гөр, айналайын!..

Көбік қарды садақтың оғындай сызып рота командирінің окобына тез жеткен Блоха ес-түсін білмей жатқан Бауыржанға төнді. Алыпты алып қана арқалайды емес пе, оны иығына салып, тез-тез жиырылып, еңбектей жөнелді. Оның артынан, кетіп бара жатқан танктың бір жақ табанының ізіне ұқсап, шұбатылған траншеядай терең із минут сайын ұзара берді...

Екеуі үстел басына отырып, хал-жай білісті. Блоха Қарағандының бір шеберханасында ұста болып істейді екен. Бауыржанның осында келгенін газеттен оқып, әдейі іздеп келіпті.

Бауыржанның буфетінде бір жартылық таза спирт бар еді. Соны алып келді де, графиннің жанында тұрған үлкен стаканға толтыра құйып, Блохаға ұсынды.

— Мен қазір ішпеймін, — деді Бауыржан, — шахтаға кездесуге бара жатырмын. Ал екеуміздің осы кездесуіміз үшін сен мынаны жұтып қой.

— Дем алмастан ба, батя?

— Иә, дем алмастан.

Блоха бір стакан спиртті екі-ақ қылқып, көріктей кеудесін керіп, терең бір дем алды да, аузын күректей алақанымен сүрте салды.

— Екеуміздің бүгін бірге отыратын он-ақ минут уақытымыз бар, — деді Бауыржан. — Сен ертең офицерлердің клубына кел, сонда молырақ сөйлесеміз.

— Немене, батя, ылғи асықтыра бересің, — деп Блоха наразылық білдірді. — Соғыста асықтырғаның жөн. Енді тыныштық кезде асықтырмасаңшы.

— Молчать! — деді Бауыржан мұрты тікірейіп. — Мен болашақ ұрпақтың асықпауы үшін асығамын. Понятно тебе?

Ертеңінде белгіленген сағатта Бауыржан Қарағандының офицерлер үйіне келді. Атақты Момышұлын көру үшін қала офицерлері әйелдерімен, бала-шағаларымен жиналған екен.

Блоха да сол жерден кездесті. Ине шаншар жер жоқ иін тірескен жұрттың алдында Бауыржанға сөз берілді. Сөз берілерден бұрын Момышұлының Ұлы Отан соғысының қаһарманы, бүкіл дүние жүзіне белгілі әдеби герой, атақты жазушы екені айтылды.

— Жолдастар, — деді Бауыржан орнынан тұрып, — дүние жүзіне аты жайылған атақты Момышұлы мен емес. — Жұрт демін ішіне тартып, сілтідей тына қалды. Осы кезде Бауыржан сөзін қайтадан жалғады, — Бірақ ол осында отыр. — Жұрт одан сайын аң-таң бола бастады. Осы кезде Бауыржан президиум үстелінің басында отырған өзгелерден бітімі бөлек балуан денелі адамды нұсқады. — Міне ол мына кісі. Осыдан 18 жыл бұрын бұл кісі мені ажалдан алып қалды. Мені ажалдан арашалап алып, жаңа айтылғанындай, бүкіл дүние жүзіне паш еткен адам бұрынғы пулеметшім Блохамен мен кеше ғана табыстым. Сіздердің алдарыңызда осы адамды құшақтап, үш рет бетінен сүюіме рұқсат етіңіздер.

Жұрт ду қол шапалақтап, орындарынан түрегелісті. Бауыржан мен Блоха екеуі сүйісіп болғанша алақан шартылы басылмады. Жұртты тыныштануға шақырып, Бауыржан қолын көтерді. Осы кезде Бауыржанның қасындағы жігіттердің бірі сахнаға шығып, гвардия полковнигі Момышұлының атынан деп гвардия жауынгері Блохаға бағалы сыйлық тапсырды.

— Ендігі сөзді гвардия жауынгері, бұрынғы пулеметші, қазіргі ұста Остап Тарасович Блохаға беремін, — деп Бауыржан орнына отырды.

Блоханың мінбеге шығуынан түсуі тез болды.

— Жолдастар! — деді ол даусы гүр ете қалып. — Бәріңізді батямен бірге біздің үйден дәм татуға шақырамын...

Кездесуден кейін Бауыржан Блоханың үйіне қонаққа барды. Ұстаның он баласымен, әйелімен танысты.

— Батя, есіңде бар ма? — деді Блоха Бауыржан кетерде. — Санбатта дәрігер арқаңды ұстараның жүзімен тіліп, әрең алған оқты маған беріп едің ғой. Мен соны ескерткіш үшін жоғалтпай сақтап жүрдім. Соғыстан кейін кездескенде өзіңе сыйлармын деуші едім. Соғыстан қайтып келе жатқанда зат қапшығыммен бірге жоғалтып алдым. Қазір саған не сыйларымды білмей отырмын.

— Маған ештеңе сыйлаудың керегі жоқ, — деді Бауыржан. — Сен менің өз өмірімді өзіме сыйлаған кісісін. Одан артық ешқандай сыйлық болмайды.

— Сонда да, — деді Блоха шалбарының қалтасына қолын сұғып, — мына Волоколамск тас жолымен немістердің танктері бізге қарап қаптап келе жатқанда, оларды лайықты қарсы

алар алдында менің темекі тұтатқан шақпағым еді. Осы үйдегі соғыстан қалған жалғыз белгі осы ғана. Олқысынбасаң осыны саған сыйлағым келеді.

— Бұл сыйлығыңды қабыл аламын, — деді Бауыржан винтовка гильзасынан жасалған шақпақты алып жатып. — Бұл баға жетпес ескерткіш...

Бауыржан 1942 жылы өзінің қалай ауыр жараланғанын айтып, жанындағы жолдасы Блоха есімін аузына алғанда, менің ойыма осы оқиға түскен еді.

— Ол жара арқаңыздың қай тұсында? — дедім ойымда бөтен ештеңе жоқ мен, батырлар жырында айтылатын: «Омыртқада он жара, қабырғада қырық жара» дейтін жолдар есіме түсіп.

Бауыржан маған алая бір қарады да, жонын беріп теріс айналып кетті. Үстіндегі кительді жауырынының астындағы көйлекпен қоса, жоғары қарай жұлқи тартып, тез көтерді де:

— Қара! — деп зекіді маған.

Мен оның етіндегі жараның орнын тексерейін деп ойлаған жоқ едім. Ол арқасын жалаңаштай бастағанда не істерімді білмей, бөгеліп қалдым.

— Қара деймін! — деді ол даусын одан сайын қатайта түсіп.

Мен амалсыздан оның қоңырқай тәніне көз салып, қолыммен арқасын сипалай бастадым.

— Мына біреу ме? — дедім сегізкөздің тұсындағы титтей тыртықты көріп.

— Жоғары сырсаңшы көйлекті, адам құсап, — деді Бауыржан дегбірсізденіп.

Қолым дірілдеп көйлегін жоғары көтерсем, расында да жауырынынан бір қарыстай төмен, қыр арқасында ақ тыртық бар екен.

— Міне, таптым, — дедім сол жерді тапқаныма қуанып.

Бауыржан көйлегін төмен түсіріп үн-түнсіз қайтадан бері бұрылды. Мен қызарып кеттім. Сол жарасы бар болғырдың қай жерінде екенінде не шаруам бар еді деп, аузымнан ол сұрақтың қалай шығып кеткеніне өкіндім. Енді оған ойланбай сұрақ қоймаспын дедім ішімнен.

Бірдеңені бүлдіріп алған баладай болып, мен үндемедім. Ол маған мұрты жыбырлап, тесіле қарап отырды да, мойнын ары қарай бұра түсіп, қайтадан сөйледі.

III

— Екінші ауыр жараланғаным 1944 жылы, — деді ол сөзін қайтадан жалғап. — Комдив болып жүргенде құладым...

— Аттан ба?— деппін мен Бауыржанның жаңағыға шамданып өзімді қуып шықпағанына қуанып, әлгінде ғана енді оған ойланбай сұрақ қоймаспын деген іштей сертімді ұмытып. Деуін десем де, тағы да бірдеңені бүлдіріп алдым ба деп, қыбыжықтаңқырап қалдым.

— Жоқ, жаяу келе жатып, — деді Бауыржан менің бұл сұрағыма шамданбай. — Оңбай құладым және жаным шығып кете жаздады. Біразға дейін жығылған орнымда қозғала алмай қалдым. Есімді жиған соң орнымнан тұрсам, жерден шошайып шығып тұрған темір қазыққа тура құйымшағыммен құлаппын ғой. Содан кейін бірнеше күн атқа отыра алмай, шалқамнан жата алмай жүрдім. Бірақ соғыстың қызуымен тағы да госпитальға соқпастан кете бардым.

Бауыржан сәл бөгеліп, сөзін қайтадан жалғады.

— Мінеки, осының екеуі де жүйкеге тікелей байланысты аса ауыр жарақаттар еді. Оның үстіне мен 207 рет ұрысқа кіріп, 5 рет қоршауда қалған кісімін. Соғыстың әр секундын жүйкеге қадалған бір ине деп есептесек, сонда менің нерв жүйеме көзге көрінбейтін қаншама жарақат түсті десеңші! Жас кезде елеп-ескермей жүре бергенмен, соның бәрі тереңге көміп тастаған мина сияқты пәле екен ғой. Міне, алпысқа шығып, қуат кеми бастағанда сол оқтар сарт етіп шыға келді де, екі аяқтан ала кеп түсті. Мінеки, қарағым, біздің жай осылай.

Бауыржанның соңғы сөздері сәл мұңдылау болып шықты. Оның үстіне басқа адамдардың аузынан естігенде онша әсері бола бермейтін «қарағым» деген сөз Бауыржан айтқанда соншама жылы сияқты боп сезілді. Қатал адамның аузынан шыққан жылы сөздің жанға ерекше әсері бола ма екен деп ойладым ішімнен.

— Мен комдив кезімде тоқсан килограмм едім. Онда мына сояудай саусақтар айналасында әжептәуір еті бар, адам көруге тұрарлық болатын. — Ол маған ежірейе қарады. Ақырын байқасам, мұртының екі жақ ұшы жыбырлап кеткен екен. Бұл Баукеннің айдынданғандағы әдеті болу керек деп ойладым.

Мен тағы да басымды изедім.

— Қазір салмағыңыз қанша, Бауке?

— Қазір алпыстан әзер асатын болдық қой, — деп Бауыржан қолын бір-ақ сермеді.

Мен оның мұнша арығанын аяғандай болып, басымды шайқадым.

— Әй, мен мүсіркегенді ұнатпаймын, — деді ол жұлып алғандай. — Менің биыл ауруханадан неге шығып кеткенімді білесін бе өзің?

— Жоқ, Бауке, білмеймін.

— Білмесең тыңда. Ауруханаға түсе қалсаң-ақ әркімдер келіп: «Бауке, қалайсыз? Өң-өң-өң... Ө-ө-ө!» деп, — осы арада ол мойынын ішіне алып, әлде кімше бұқиып, әлде кімдердің даусын салды, — өтірік есіркегенсіп, мүләйімси қалады. Солардың мен өліп кетсем, қуанбаса, күйінбейтінін біліп тұрамын. Сөйте тұра олардың өтірік «Өң-өң-өң...» дегендерін жаным жек көреді. Осындай өтірік мүләйімсу, мүсіркеуді көрмеу үшін ауруханадан шықтым да кеттім.

Бауыржан сәл бөгеліп барып, сөзін қайтадан жалғады.

— Ауруханадан шығып, үйде біраз тыныққан соң елге жүріп кеттік. Елде інім бар еді, әкемнің інісі — Момынқұлдың баласы. Колхозда парторг екен.

Осылай ауылда екі ай жатып қайттық.

Осы кезде шай келді.

— Ал, өз халдарың қалай? Денсаулық, жақсы ма?

— Шүкір, Бауке.

— Маған не шаруамен келдің?

— Сіздің алпыс жылдығыңызға байланысты «Жұлдыз» журналының тапсырмасымен келдім.

— Сенің бойындағы ең жақсы қасиетің не? — деп сұрады ол менің сөзімді тыңдап болғаннан кейін.

— Жанымдағы адамның сөзін жалықпай тыңдау, Бауке.

— Жүр, онда ана бөлмеге барып сөйлесейік, — деді Бауыржан, бұған сенерін де, сенбесін де білмегендей маған тесірейе қарап.

Үндемеу үлкен тактика екенін мен осы арада ұқтым. Бауыржан маған ақыра бастаса, менің оған қарсы қолданар негізгі тактикам осы болуы керек деп қорыттым.

«Ана бөлме» дегені кухнямен іргелес, қораның ішкі жағына қарай шығатын балконы бар бөлме екен. Бөлменің сол жағында жиналмаған аласа ағаш төсек, оның қарсысында үсті

қобыраған газетке толы дөңгелек журнал үстелі мен екі кресло тұр. Он жақ қабырғада жабулы тұрған есік бар. Кіре берістегі, балконға қарсы қабырғаға биік шкаф қойылыпты.

Бауыржан аяғын жерге тіреп, шалқалап төсекке жайғасты. Тайға мінген ересек кісінің тізесіндей болып, екі тізесі төсектен асып тұрды.

Журнал, газеттердің үстіне он шақты парақ ақ қағаз қойылған екен. Газеттерді жинап, түкпірдегі креслоға қойдым да, өзім екінші креслоға отырып, қалтамнан қойын дәптерімді суырдым. Оны суырғанмен көлемі шағын дәптерге көсілтіп тез жазу қиын болатынын сездім де:

— Бауке, рұқсат болса, мынау қағазға жазсам ба екен? — дедім.

— Е, жазғын, саған әдейі қойылған қағаз ғой, — деді Бауыржан. Өйткені мен бұл үймен кеше телефон арқылы хабарласқанмын. — Ал «Жұлдыз» саған не жаз деп отыр?

— Оларға сіздің алпысқа толуыңызға орай бір нәрсе керек сияқты. Атап айтқанда жазушының мүшел мерекесіне байланысты жазылатын дәстүрлі мақала қажет көрінеді, — дедім мен. — Ондай мақала жазуға мен әдебиет зерттеушісі, сыншы емеспін. Ал сіздің творчествоңызды талдауға жай сыншы емес, әскер психологиясын білетін өзгеше сыншы керек. Сіз туралы очерк жазу да қиын. Өйткені сіздің ерліктеріңіз жайында Александр Бектің, Бауыржан Момышұлының кітаптарында толық баяндалған. Сол қалың кітаптар арқылы халықтың сүйікті кейіпкеріне айналған адам жайында он беттік очеркте мен не айта аламын, Бауке? Олар не айтсаң да сен айт, сен де соғыста болған адамсың ғой деп менің түп етегімнен ұстап отыр. Мен оларға өзімнің әскери, әдеби атағым сізден әлдеқайда кіші болғандықтан сізбен тілдеспей, сізден рұқсат алмай ештеңе жаза алмайтынымды айтып, өзіңіздің елден келуіңізді тостым. Міне, бүгін қалың оқушы қауымға сіз туралы не айтуға болады деп өзіңізбен ақылдасуға келдім,

Бауыржан біраз үнсіз отырды, дәлірек айтқанда төсекте үнсіз шалқалап жатты. Содан соң қаһар шақырғандай қабағын түйіп алды. Бірақ жауабын жай бастады.

— Мен туралы менен рұқсатсыз ештеңе жазбаймын дегенің дұрыс, — деп бастады сөзін. — Бірақ, қарағым, сен өкпелемегін; мен өзім туралы ешкімге мақала диктовать етпеймін! — Ол он шақты сөзін жұмсақтап жылы етіп бастағанымен, оған «қарағым» дегенді қосқанымен, соңғы сөздерін маған ежірейе қарап, қатуланып айтты. Мен бір ол кісіге әзіңіз туралы мақала жазып беріңіз, мен соған қол қояйын деп мөлиіп отырғандай, сол үшін мені түтіп жіберердей боп зығырданы қайнағаны білінді. Мен сізге өзіңіз туралы мақала жазып беріңіз деп келгенім жоқ десем: «Енді неге келдің» деп тап беретін сияқтанды. Мен жоғарыдағы «тактикама» сай, мойнымды салбыратып отыра бердім. — Екіншіден, — деді Бауыржан даусын одан сайын көтере түсіп, — мені мақтап жаз деп ешкімге де айтпаймын!

Баукең сабасына түссін деп біраз үнсіз отырдым да, содан соң барып басымды көтердім.

— Онда қалай болады? Менің не істеуім керек? — дедім мен әдейі абыржыған болып, Бауыржан не дер екен деп.

— Осы тойғаныңмен қайта бергін, қарағым.

Бауыржан сенімен сөз бітті дегендей, мойнын есік жаққа бұрып әкетті.

— Тойып қайтсам арманым не, тоймай тұрмын ғой, Бауке, — дедім мен күліп, — онда сізге біраз сұрақ қойсам қайтеді?

— А сұрағың болса, сұрағын, — деді ол енді мойнын бері бұрып маған тура қарап. — Оған жауап беруге болады.

«Сұрағың болса, сұрағын». Неге болмасын? Мен осы кездесуге дейін он күн бойына Момышұлының кітаптарын қайталап оқыдым. Ол жайында ел ішінде айтылатын ұшы қиыры жоқ аңыздардың өзім білетін бірсыпырасын есіме түсірдім. Ақиқат пен аңызды ұштастырған бұл адам жайында не жазамын, қалай жазамын деп толғандым. Ақыры Бауыржан туралы мақала да, очерк те жазудың қажеті жоқ одан оқушы қауымға қызықты бірнеше сұраққа жауап алып, әңгіме-интервью тәрізді нәрсе жазамын деген тоқтамға келгемін. Үш күн ойланып жүріп оған қоятын сұрақтарымды қағазға тізгенмін. Оны бірнеше адамға оқытып, Бауыржанға өздерің қандай сұрақтар қояр едіңдер деп, олардан және кеңес алғанмын.

Ішкі қалтамнан машинкаға басылған төрт бет қағазды алдым да, бүктеуін жазып, Бауыржанға қарадым.

— Бауке, мен сіздің «Біздің семья» деген кітабыңызды оқып шықтым. Бұрын оқи алған жоқ едім, таяуда оқыдым. Бұл кітабыңызды да қатты ұнатып, сүйсініп тауыстым. Онда сіз халқымыздың үлкенді сыйлау, ананы ардақтау сияқты асыл қасиеттерін көрсетіпсіз. — Бауыржан үндемеді. — Онда сіз, халқымыздың ар мен намыс үшін жандарын да аямайтындығын жазыпсыз. Онда сіз халқымыздың ауыз әдебиетінің адамгершілікке, азаматтыққа тәрбиелейтін жақсы үлгілерін бүкіл дүние жүзі әдебиетінің асыл мұраларымен теңестіре суреттепсіз, — Бауыржан басын көтеріп, журнал үстелінің шетіндегі «Қазақстан» сигаретінен біреуін алып, ұзын ақ мүштікке сұқты да, сіріңке шақты. — Онда сіз Аққұлы сияқты ат пірінің, Зейнеп сияқты асыл әйелдің, Садық Абланов сияқты адал жүрек большевиктің жан тебірентер жақсы бейнелерін жасапсыз. Мен, кітабыңызды оқи отырып, сіздің ауылдың адамдарын шетінен жақсы көрдім. Бауыржан есімді кішкентай ұлын орыс мектебіне оқуға жібергелі жатып: «Балам, орыс тілін үйренсең бар халықпен байланысты боласың. Онда сені ешкім — орыс та, қазақ та жәбірлей алмайды» дейтін Момыш атам қандай тамаша! — Басын қабырғаға тіреп, төсекте жартылай шалқалап

жатқан Бауыржан, мүштігін бір езуіне қарай сырғытып апарды да, аузынан аспанда жарылған зенитканың оғындай бүрк еткізіп, темекінің түтінін шығарды.

Бауыржан ләм деген жоқ. Шығармасын лайықты бағалап жатқанда қай жазушы болмасын не бас изеп, не болмаса жымиып ризалық білдірмей қала алмаса керек еді. Әрине, біреу өзін мақтаған кезде ұстамдылық көрсету, дәл осындай болып үн-түнсіз қалу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Бұл еркі, рухы нағыз күшті адамдардың ғана қасиеті.

Әрине, мен Бауыржанның ол кітабын оны көңілдендіріп алайын деп өтірік мақтағаным жоқ. Ол менің шын жүректен шыққан, бүкпесіз көңілмен берген өз бағам еді. Және мен Бауыржанмен тіл табыса қалсам, онымен болатын бүгінгі әңгімеге осы кітаптан аттап түсуім қажет деп ойлаған болатынмын. Енді жайлап сол жоспарымды жүзеге асыруға кірістім.

— Бауке, сіздің «Біздің семья» кітабыңыз өзіңіздің алғаш рет орыс мектебіне оқуға баруыңызбен, шәкірт шағыңызбен аяқталады. Ал екінші кітабыңыз — «Москва үшін шайқас» Момышұлы батальонының 5 күн, 5 түн жүріп қоршауды жарып шығып, Волоколамск қаласын революциялық әнмен сілкіндіре өтіп бара жатқан кезімен басталады. Осы екі аралықтағы сіздің өміріңіз қалың оқушы қауымға белгісіз ғой деп ойлаймын. Сіз маған шәкірт шағыңыздан комбат болғанға дейінгі өміріңізді, Бекке айтқандай етіп, баяндап берсеңіз. Мен содан очерк жазсам. Әңгімеңіздің ара-арасында мен сізге қысқа-қысқа сұрақтар және қойып отырсам деймін.

— Бұл сенің әдеби әдісің ғой тегі?

— Солай десе де болады, Бауке. Осыған келісесіз бе?

— Келісейін.

— Бекке айтқаныңыздай, өтірік айтсаң сол қолыңды, одан соң оң қолыңды шауып тастаймын демейсіз бе?

— Сен өтірік айтпағын, мен олай демейін.

— Құп, Бауке.

— Ал, тыңдағын онда.

IV

— Рас, ол кітап менің ең алғаш рет орыс мектебіне оқуға келгеніммен аяқталады, — деп бастады Бауыржан әңгімесін, — Ол менің он екіні — «дбанасат», он алтыны — «шешнасат», он тоғызды — «дебатнасат» деп жүрген кезім болатын. Гончаровтар семьясы

маған жабыла көмектесіп, тілімді жұмсартты. Бірге оқып жүрген орыс балаларымен күн сайын жақындасып, достаса бердім.

Өстіп, Евгеньевка селосында мен бір қыс оқыдым. Келесі жылы Жамбыл қаласына, ол кезде Әулиеата деп аталады, келіп Аса интернатына түстім. Онда үш жыл оқып, бастауыш мектепті тәмәмдадым.

Ол кезде орта мектеп деген атымен жоқ. Жетіжылдықтың өзі алғаш рет 1924 жылы Шымкентте ашылды. Оған төрт кластық білімі барларды алады екен. Бірақ ондай білімді шәкірттер аз. Сондықтан үшінші класс бітірген бізді соған алды да кетті. Келсек, біз сияқты балалар Шымкентке жан-жақтан жиналып қалыпты. Қызылордадан Әбділда Тәжібаев келіпті. Қазалыдан келген бірнеше бала бар. «Қазақстан коммунисі» журналының қазіргі редакторы Құрманбек Сағындықов бәріміз сонда бірге оқыдық. Біз оқыған тұңғыш жетіжылдық мектептің үйі Шымкентте әлі күнге дейін бар. Бүгінде ол Совет Одағының Батыры Қарсыбай Сыпатаев атындағы қазақ орта мектебі. Жетіжылдықты біз 1928 жылы бітіріп шықтық...

Автор. Осы арада бір жанама сұрақ қоюға рұқсат етіңіз, Бауке.

Бауыржан. Қойғын.

Мен тізіп алған сұрақтарымның біріншісіне көз қиығын салдым да, одан соң өзім жазу жазып отырған кішкентай үстелдің үсті мен Бауыржанның жан-жағын шапшаң шолып өттім. Оның айналасында бір пачка сигарет пен бір қорап сіріңкеден басқа қатты қару жоқ екеніне көзім жеткеннен кейін мырс етіп күліп жібере жаздадым. Бұл жерде есіме бір журналистің бірінші сұрағына Бауыржанның қалай жауап бергені түскен еді. Болгариядан Алматыға келген Пенков деген журналист Момышұлына жолығып, одан интервью алмақ болады. Бірақ Момышұлы ол кезде Москвада жатса керек. Бауыржанның «Бухарест» мейманханасында жатқан адресін алып, журналист оны іздеп барады. Сонда журналист жаңағы мен сияқты қағазына қарап алып, алғашқы сұрағын қояды: «Сізді соғыста батыр болды дейді. Шыныңызды айтыңызшы: ешқашанда қорыққан жоқсыз ба?».

— Шынымды айтайын ба? — деді Бауыржан оған.

— Тек қана шыныңызды айтыңыз, — дейді журналист жымиып.

Бауыржанның үстелінін үстінде үлкен бір пышақ жатыр екен. Ол көзі аларып, мұрты тікірейіп, сол пышақты бас салады да, орнынан шапшаң атып тұрып, журналистке қарай құлаштап сермеп кеп қалады. Жаңа ғана күліп отырған журналистің түсі құп-қу боп кетіп, орындығымен шалқасынан құлап түсе жаздайды.

— Сіздің бірінші сұрағыңызға жауап бердім ғой деймін. — Бауыржан осылай деп журналистке бас иеді. Журналист апалақтап басын изейді. — Енді екінші сұрағыңызды қойыңыз, — деп қолындағы пышақты үстелдің шетіне лақтырып жіберіп, орнына отырады.

Бауыржанның бұл оқиғасын бізге сол сәтте оның қасында болған бір жазушы айтып келген еді. Сол ойқыма түсіп күліп жібере жаздаған мен тез ернімді жиып, Бауыржанға былай деп бірінші сұрағымды қойдым:

— Сіз бала күніңізде қандай кітаптарды қызыға оқыдыңыз, Бауке?

Бауыржан. Сен бұл сұрағыңды «бала күніңде және ересек кезіңде» деп қойғын. Мен бәріне бір-ақ жауап берейін.

Автор. Солай болсын онда.

Бауыржан. Мен жас кезімде де, ересек күнімде де көп оқыдым. Осы күнге дейін кітаптан бас алмаймын. Құныға оқығандарым француз, орыс және испан классиктерінің кітаптары. Диккенсті түсінбедім, аяғына дейін оқи алмадым. Менің кітапты көп оқуыма негізгі себеп қызмет бабына байланысты үнемі жалғыз жүруім болды. Мәселен, мен бес жыл Қиыр Шығыста, Тайгада жүрдім. Күндізгі қызмет біткеннен кейін кешке үйде жалғыз қаласың. Осы жалғыздықты жою үшін әдебиетті көп оқуға машықтандым. Қазақ жазушыларының арғы-бергілерінің бәрін де оқыдым. Жә, енді мен саған жаңағы негізгі әңгімемнің желісін жалғастырайын.

1928 жылы Шымкентте жетіжылдық мектепті бітірдім дедім ғой. Осы күнгі КазПИ ол кезде Орынборда еді. Аздап оқудың дәмін татып алғаннан кейін енді соған түсіп оқығым келді. «Ойладың — орындадың» деген сөз бар емес пе орыста. Сол айтқандай, ойға алуым-ақ мұң екен, Орынборға тарттым да кеттім.

Орынбор деген жер суық болады екен. Жұқа киіммен барған мен дірдектеп, жанымды қоярға жер таба алмай жүрдім. Институттың директоры Тоқтыбаев деген қазақ екен. Бір күні бүрсеңдеп институтқа кіріп келе жатыр едім, сол кісі кездесе кетті де:

— Әй, қарағым, бері келші, — деп мені кабинетіне ертіп апарды. Тоқтыбаевтың үнемі маған көзі түсіп, күйсіз жайымды аңғарып жүреді екен. Ол бірден өз ұсынысын айтты. — Мына киіміңмен, шырағым, сен Орынборда оқи алмайсың, ауруға шалдығуың мүмкін. Адамға алдымен денсаулық керек. Мә, мына қағазды бухгалтерге апарып, ақша ал да, еліне қайт.

Мінеки, мен ВУЗ-дың есігін осылай жаптым.

Сонымен, сорайып Жуалыдағы ауылға қайтып келдім. Келе сала әкемнің 2 — 3 қойын сатқызып, кебіс кидім, пальто, малақай сатып алдым. Өстіп, шыт жаңа болып киіндім де,

гүбірналық (ол кезде Жамбыл, Шымкент, Қызылорда үшеуі бір гүбірна болатын) оқу бөлімінің бастығы Әшіров деген кісіге келдім. Оған өзімнің жеті класс бітіргенімді, тұрмыс жағдайыма байланысты Орынбордан қайтып келгенімді айтып, қызмет сұрадым. Әшіров қуанып кетті.

— Сен сияқты білімі бар қазақ баласын іздеп таба алмай жүрміз ғой, шырағым-ау. Кәне, мен сені мұғалім етейін, — деп қолыма бір жапырақ қағаз жазып берді. Сөйтіп, екі жыл бастауыш мектепке мұғалім болдым.

Ол тұс ел басқару ісіне баулу үшін жергілікті ұлт адамдарын жоғары қызметтерге көтеріп жатқан шақ еді. Біздің Бурныйда да икемі бар қазақтарды жоғарылата бастады. Бір жақсысы олардың орынбасарлары мамандар, орыстар болатын. Білімі аз басшыға істің мән-жайын солар үйретіп отыратын. Сол тұста бір күні менің де жоғарылап шыға келгенім бар емес пе. Ол былай болды.

Ол кезде райкомда да екі-ақ адам: секретарь мен есепші, райисполкомда да екі-ақ адам: председатель мен жауапты секретарь жұмыс істейтін. Райкомымыздың секретары Кабаков деген кісі де, райисполком председателі Дүйсенғали Бурабаев деген семинария бітірген бұрынғы мұғалім еді. Аудандық атқару комитетінің жауапты секретары Губанов деген адам орнынан түсіп қалды да, райком мен райисполком оның орнына кандидатура таба алмай қасты. Бурабаев өзі бұрын мұғалім болған соң ба, кім білсін, әйтеуір, маған тоқтаса керек. Сонымен мені, ай-шайға қаратпастан, аудандық атқару комитетінің жауапты секретары етіп тағайындап кеп жіберді.

Жауапты секретарьдың жұмысынан еш хабарым жоқ. Әйтеуір, оңаша кабинетім бар. Қалқиып сонда отырамын. Оңаша отырғаннан кейін менің не істеп, не тындыратынымды ешкім біліп жатқан жоқ. Сырт жұрт осы бірдеңе бітіріп отыр деп ойлайтын шығар. Ал ештеңені де ұқсата алмағаным өзіме аян. Бурабаев маған ана мәселе, мына мәселе жөнінде аудандық атқару комитетінің қаулысын, шешімін шығар, ана жерге қатынас жаз, мына жерге жарлық жібер дейді. Мен олардың қалай жазылатынын да білмеймін. Бірдеңелерді нобайлап, осылай болар деп тұспалдап, Бурабаевқа алып барамын. Бурабаев ұстамды педагог еді. Менің жазғандарымды алдына алып отырып, маған ұрыспастан, ренжіместен, ерінбей соларды бірі қызыл, бірі көк түсті қарындашпен түзететін де отыратын. Мен Бурабаев қып-қызыл ала етіп берген документтерді қайта көшірумен күн өткізетінмін. Содан кейін әр документтің соңына аудандық атқару комитетінің председателі Бурабаев деп ол қол қояды, жауапты секретары Момышұлы деп мен қол қоямын. Ал шындығына келгенде, аудандық атқару комитетінің председателі де, секретары да Бурабаев еді. Не керек, ақыры Бурабаев мені үйретіп шығарды. Сөйтіп, мен үш жыл аудандық атқару комитетінін секретары болдым.

Мен сол Бурабаевты күні бүгінге дейін ұмытпаймын. Менің орысша сауатты болуыма, іс қағаздарын дұрыс жазуыма сол кісі көмектесті. Жалғыз іс қағазы емес, менің газет, кітап оқып өсуіме де сол кісі жетекшілік жасады. Оқитын кітаптардың тізімін беріп, не оқығанымды тексеріп, газеттерден не оқып, не қойғанымды үнемі қадағалап, өзімді ысылдырып адам етті.

Автор. Сіз сол кездерде кім болсам деп арман еттіңіз?

Бауыржан. Мен ол кездерде тек қана қатарымнан қалмауды ғана ойладым.

Автор. Әскерде, соғыста қандай кітаптар оқыдыңыз? Қандай жағдайда, қалай оқыдыңыз?

Бауыржан. ...Толстойдың «Соғыс және бейбітшілігі» мен «Севастополь әңгімелерін», Пушкин мен Лермонтовтың әскери прозасын, адмирал Нахимовтың, адмирал Макаровтың, ағылшын адмиралы Нельсонның кітаптарын, қазақ кітаптары мен Абайды ешқашан да жанымнан тастаған емеспін. Мен Абайды ақын деп қана емес, ойшыл, философқа балап оқыдым. Барлап қараған және әскери көзбен қараған кісіге Абайдың өзі қып-қызыл соғыс. Рас айтамын. Мәселен, оның «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» деген өлеңін алшы, жатқан соғыс емес пе?

Автор. Сіздің көзіңізбен қарағанда солай шығар, Бауке?

Бауыржан (алая қарап алып, сөзін ары қарай жалғады). Москва түбінде тұрғанда Қазақстаннан алдырып, Шоқан Уәлиханов шығармаларының ертеде шыққан басылымын оқыдым. Ал «Абай» романының бірінші кітабы менің қолыма соғыста жүргенде тиді. Өз қолымен автограф жазып оны Мұқаңның өзі жіберді. Мен оны оқып шығып, Мұқаңа арабша 6 бет хат жаздым. Мұқаң менің кітапқа берген бағама разы болып, 3 бет жауап жолдады. Содан соң Сәбит автограф жазып «Жұмбақ жалауын» жіберді. Мен оны сонау Қиыр Шығыста жүргенде оқыған едім. Бұл білетін адамдардың жібергендері. Ал мен мүлде білмейтін адамдардан және 2 кітап алдым. Олар Омар Һайямнің өлеңдер жинағы мен Сағдидің «Бустан» атты кітабы. Екі кітапты жіберген де Москва әйелдері екен. Олар мен жайында журналдан оқып, қолдарына түскен бұл кітаптарды маған сыйлық ретінде жолдапты. Олардың біреуі былай деп хат жазыпты: «Сіздің Москваны қорғаудағы ерлігіңізге сүйсініп және Сізді өз үйіміздің ең жақын жанашыры деп есептеп, қолыма бүгін ғана түскен осы кітапты Сіз оқысын деп жолдап отырмын». Екеуін де оқыдым. «Бустан» кітабы әлі күнге дейін бар. Омар Һайям кітабын жоғалттым.

Автор. Екеуі де әйел дейсіз бе?

Бауыржан. Иә, әйел деген ең сезімтал халық қой. Бұл менің әскерде, соғыста қандай кітаптар оқығаным жайында. Ал енді қалай оқыдың дейсің ғой? Уставта «Командирдің ойы» деген тарау бар. Оның мәні командирдің алған бұйрығын саналы түрде жүзеге

асыруы үшін оның ойланып, толғануына уақыт беру деген мағынаға саяды. Мен қатал болғанымен ұшқалақ командир болғаным жоқ. Бұл мақтан емес. Мен үлкен командирдің өзінен кіші командирлерді, соңынан қалмай қайта-қайта өкшелей бергенін ұнатпаймын. Бұйрығыңды бер. Оның ойлануына уақыт қалдыр. Орындалғанын уақытында тексер. Менің қағидам осы. Солдаттар мен командирлер арасында 3-4 сағат болып, тиісті бұйрығымды бергеннен кейін мен жертөлеге қайтамын. Келемін де жазбаларымды жазамын. Аяқталмаған кітаптарымды оқып бітіремін. Ал мен еш кітапты сызып, белгі салып, оқыған кісі емеспін. Олай ету адамның ойын бөледі. Ол кезде мен стильге назар аудармайтынмын. Оқырман ретінде ғана оқитынмын. Онда оқығанымның бәрі тасқа түскен бедердей болып, ойымда ұмытылмай сақталып қалатын. Уставтың кез келген статьясын, кез келген қолбасшының нақыл сөздерін жатқа соға беретінмін. Бұл сұрағың бітті ме? Енді ары қарай кетейік.

V

— Иә, райисполкомда үш жыл секретарь болдым. Бурабаев маған ұстаздық етті дедім ғой. Содан кейін Жуалыға тағы да екі аудан қосылып, аудан үлкейді де, енді райисполкомға председатель болып Таран Бердібаев деген кісі келді. Ал аудандық партия комитетінің секретары болып Ефимов деген жолдас тағайындалды (кейініректе Хабаровск өлкелік партия комитетінің секретары болатын осы Ефимов). Мен жаңа председателім Бердібаевқа жақпадым. Өзі сауатты кісі еді. Мен бірдеңені қате істесем, ол үйретудің орнына тыржиятын болды. Үйретуге үйреніп қалған басым, мен де тырсия қалып жүрдім. Ақыры ол мені секретарьлықтан босатуға айналды. Сол кезде мені Ефимов шақыртты. Соның алдында ғана аудандық милиция бастығы орнынан түскен еді. Ефимов маған соның орнын ұсынды.

— Бұл менің қолымнан келе ме? — дедім оған.

— Келеді. Сенің қолыңнан одан басқа да талай жұмыс келеді әлі, — деп күлді Ефимов. Тегі ол Бердібаев екеуіміздің шәлкем-шалыс келе беретінімізді естіген болуы керек. — Сен жассың, жігерің бар, әлде жоқ па жігерің?

— Бар, — дедім мен.

— Мен соны біліп айтып отырмын ғой, — деді Ефимов әзілдеп. — Тек жігерің ғана емес, сенің айдының, айбының да бар. Даусың да гүрілдек... — Ол сақылдап күліп алды, күлкісінің өзімен адамды еліктіріп әкететін кісі еді. Сонсоң арқамнан қақты, — Сен шамданып қалма, әзілді түсінесің ғой өзін?

— Түсінемін, — дедім расында да шамдана бастаған мен.

— Ал әзілді түсіне білу қазіргі милиция бастықтары үшін ең керекті қасиет. Осы қызметке бар, жолын болсын. Ал Бердібаев өзінің қалаған адамын хатшы етіп алсын.

Осыдан кейін Ефимов милиция бастығының орынбасарларын шақыртты. Олар менен үлкен адамдар екен. Ефимов соларға тапсырма берді.

— Бала демей, бағыныңдар. Көмектесіңдер, — деді.

Сөйтіп, мен алты ай милиция бастығы болдым. Сүзекпен ауырып, ол қызметтен өзімнен өзім түсіп қалдым. Одан бұрын бастық болған кездегі бір хикаямды айтып берейін.

Сол кезде Сырдария гүбірнасында Емельянов деген аса маңызды істер жөніндегі тергеуші бар еді. Ол өзі бір өте білімді юрист болатын. Аудандық милицияға мен бастық болғаннан кейін, бір күні Жуалыға сол кісі келіп қалды. Мен бұрын ол кісіні көрмегенмін. Қаперімде түк жоқ, кабинетімде отыр едім, бір тәпелтек кісі кіріп келді. Сәлемдескеннен кейін бас-аяғыма қарап алды да:

— Шырағым, милиция бастығы қайда екен? — деп сұрады.

Тегі менің түріме қарап, бастық шығып кеткенде соның орнына келіп отырған жас милиционерлердің бірі шығар деп ойдан болуы керек.

— Мен, — дедім орнымнан тұрып.

Ол кісі маған документін көрсетті. Сөйтсем Емельяновым осы кісі екен. Бастық болғанымның өзіне 5 — 6 ғана күн болған. Не бар, не жоқты білмейтінмін.

— Ендеше барып түрмені көрейік, — деді ол.

Келдік. Көрдік. Адам деген бықып жатыр. Емельянов әркімдермен сөйлесіп, не үшін жатырсын деп сұрайды. Олар білмейді. Қораға шықтық. Қорада 69 ат байлаулы тұр.

— Бұлар кімдікі?

— Түрмедегі қазақтардікі.

— Аттарын неге қайтармайсыңдар? — дейді Емельянов,

Оны да ешкім білмейді. Емельянов мені ертіп, қайтадан кабинетке келді. Содан кейін сабырмен кодексті алып көрсетті де, түсіндіре бастады.

— Түрмеде 250 адам жатыр, — деді ол. — Осының көбіне қамауға берілген санкция жоқ. Заңсыздық, совет заңын бұрмалаушылық деген осы болады. Адамды қылмысы болса түрмеге қамауға болар. Бірақ олардың аттарын түрмеге қамауды қайдан тапқансыздар?

Меніңше милиционерлеріңіз өзіне жақпаған адамдардың бәрін айдап әкеп түрмеге қамай берген. Ал протоколсыз бір адамды түрме босағасын аттатуға қақыларыңыз жоқ. Әрине, бұл сіздің кінәңіз болмас, сіз жаңадан ғана тағайындалған екенсіз. Енді осы адамдардың қаншасына протокол жасалған екен? Соларды тексертіп, осында алдырыңызшы.

Мен аппаратымды шақырып, Емельяновтың тапсырмасын айттым. Жұрттың бәрі Емельяновтан қорқып зыр жүгірді. Тексерсек 50 адамға протокол жасалыпты.

— Протоколсыз жатқан адамдардың бәрін де қазір өзіңіз барып, түрмеден босаттырыңыз, — деді Емельянов маған. — Ертеңге дейін мен мына протоколдарды қарап шығайын.

Мен барып екі жүз адамды бірден түрмеден босаттырдым. Қазақтар өздерінің босағандарына сенер-сенбестерін білмей; маған қайта-қайта жалтақтап қарай береді.

— Қарағым, сен келмесең, біздің босанатын түріміз жоқ еді, — деп маған рахметті үсті-үстіне жаудырып жатыр. Аттарының жанына жетіп, жалына қолы тиісімен ырғып мініп, «Осы пәлелерден шынымен құтылдық па, жоқ па?» дегендей, арттарына жалт-жалт қарасып, дала қойнына сүңгіп, ызғытып кетіп жатыр, кетіп жатыр. «Ей, момын халқым, — деймін мен олардың соңдарынан қарап тұрып, — «Сен келмесең, біздің босанатын түріміз жоқ еді» деп, сендер маған разы болып барасыңдар. Іштеріндегі көзі ашық деген менің өзім сендердің ақ, қараларыңды айыра алмай, қанша күн босқа қамауда ұстадым. Егер Емельянов келмесе өздеріңнің әлі қанша күн жатарларыңды білмей, мені босқа мақтап барасыңдар-ау».

Ертеңінде Емельянов протокол заңсыз жасалған деп, тағы да жиырма адамды босаттырды. Содан соң ол жиналыс өткізіп, бізге социалистік заңдылық туралы лекция оқыды. Совет азаматтарынан заңсыз бір адамды түрмеге отырғызған адам өзі түрмеге қамалады деді. Бәріміздің зәремиз ұшты. Әпербақан милиционерлер моп-момақан болып қалды. Осыдан кейін қылдай қиянат көрсем, қылыштай қырқып отыруға бекіндім. Әртүрлі кодекстерді оқып, оның әр статьясына зер сала бастадым.

Автор. Сізді біреулер теріс азу, тентек атағысы келген бе, осы қалай өзі, Бауке?

Бауыржан (ойланып, мұртын тістеледі. Қабағын түйіп, басын көтерді). Мен 25 жыл әскерде болдым. Біле білген кісіге бұл үлкен университет. Ең алдымен мен коммуниспін. Осы 25 жылдың ішінде мен талай қолбасшымен кездестім, сабақ алдым, талай генералдың қол астында қызмет істедім, тәрбие көрдім, Талай ұлттың өкілдеріне командир болдым, тәрбиеледім. Өйткені командир деген әскери педагог қой. Осы әр ұлт адамдарымен істес болғанымды өзіме ерекше бір мектеп деп бағалаймын. Себебі, чуваш мынадай екен-ау, қырғыз мынадай болады екен-ау деп ойланасың. Ана халық анадай дәстүрін қастерлейді, мына халық мынаны құрметтейді екен-ау деп толғанасың. Мен осы 25 жыл ішінде

қарамағымда болған үстеріне шинель киген солдаттар арқылы Совет Одағының барлық халықтарының жанын ұқтым деп ойлаймын. Өйткені олардың жүректері — іштерінен шыққан балалары — менің алақанымда болды. Отан үшін өз басымды өлімге байлай отырып, мен оларды ажалмен алысуға жұмсадым. Олардың өлмеуі үшін, өз ұрпақтарын, өз халықтарының намысын, оның өздері сүйетін асыл қасиеттерін аман сақтап қалу үшін жұмсадым. Өзім де жаным арымның садағасы, халқым үшін қасықтай қаным пида деп, жанып тұрған отқа талай түстім. Мен соғыс кезінде «Красная звезда» газетіне былай жазғанмын: «Өз халқын құрметтеп, сүймеген адам опасыз, оңбаған адам» дегенмін. Сол сөзімді әлі де қайталаймын. Өйткені, Энгельс айтқандай, өз елінің бағасын білген адам ғана басқа елді қадірлей алады. Өйткені халықтардың туыстығы алдымен адамдардың өз халқына сүйіспеншілігі арқылы ғана келеді. Мен өзге ұлттарды құрметтеуші, өз ұлтын сүюші адаммын. Мен нацизмның туын көтерген фашизмге қарсы жан аямай күрескен кісімін. Мен Гитлердің нацист армиясына қарсы қол бастаған адамдардың бірімін. Мен фашистерді жан-тәніммен жек көріп соғыстым. Мен Советтік Отанымды жан-тәніммен жақсы көріп соғыстым. Осы екеуін де, жауға деген өшпенділік пен Отанға деген сүйіспеншілікті айтамын, мен қол астымдағы әр жауынгердің, әр командирдің жүрегіне ектім! Білегіне емес? (Көйлегінің оң жақ жеңін түріп жіберіп, бала күнінде білегіне еккен шешектен қалған екі дақ көрсетті). Міне, мынау емес, бұл — дәрігерлердің жұмысы. Ал мен олардың жүрегіне ектім. Бағана да айттым: мен нацистерге қарсы 207 рет ұрысқа қатысып, 5 рет өлімнің құрсауында қалған, 2 рет өлімші болып жараланған жанмын. Ендеше, мен қалай теріс азу тентек боламын?! Дауысымның қаттырақ шығып кеткеніне кешірім еткін сен. Ол кезде менің Қазақстанға хат жазып, халық ақындарының айтысын ұйымдастыру керек, бұл халықтың рухын көтереді дегенім кейбір жеке адамдарға ұнамаған болар. Кейбір ұлттық киімдеріміздің үлгісін сақтау, үлкенді құрметтеу, ананы ардақтау, ағаны қадірлеу сияқты жақсы дәстүрлерімізді жандандыра беру жайындағы пікірім жақпаған шығар. Менің мұным көп халықты мемлекетіміздің түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетіне, салт-санасына өзіміздің ұлттық үлесімізді қосайық деген игі тілек еді ғой. Мен кеше, қырық төртінші жылы осыны айтып едім ғой.

Бауыржан осыны айтты да, ақ мүштікке сигарет сұғып, темекісін тұтатты. Мен оның айтқанына ілесе алмай, бұқиып қағазымды жазып жаттым. Мені қозғағысы келмеді-ау деймін, ол темекісін аузына тістеген күйі, ұзын екі қолын төсекке тіреп, жайлап көтеріліп, есіктен шығып кетті.

Оның соңғы сөздерін жазып болған соң, менің есіме сол жылдары сонау соғыста жүргенде естіген кейбір әңгімелерім түсті. Бұл өзі бір жағынан қазақтың «ұзын құлағының» соғыс сияқты қиын кезеңде де, жердің алыстығына қарамастан, өз қызметін адал атқарғандығының айғағы іспетті де. Сол ұзын құлақтың окопқа әкелген хабарының бір тарауында Бауыржанның Алматыға барғаны, қонақта болған үйлерінде парасатты сөздер айтқаны баяндалатын. Мәселен, Бауыржан бір кісінің үйінде болған екен дейтін ұзын

құлақ. Сонда Бауыржанға бір тарелканың үстіне бір тарелканы қойып, оның үстіне бір тарелканы орналастырып, соған кішкентай ғана ас салып ұсынған екен дейді. Бауыржан сонда бос тарелкаларды бірінен соң бірін сырғытып тастап, алдына ас салынған кішкентай тарелканы ғана қалдырып: «Осы үйдің тамағынан табағы көп пе деймін» деген екен әзілдеп.

Сағатыма қарасам тура бір жарым болған екен. Осы кезде кухня жақтан Бауыржанның мені шақырған даусы естілді: — Әй, қарағым, ауқатқа келгін, шаршадың ғой, — деді ол. Бұл сәтте Бауыржан маған қатал командир ролінен қамқор әке роліне ауысқан сияқты боп сезілді.

VI

Түскі астың алдында қол шаятын жер іздей жүріп, Бауыржанның бөлмелеріне көз жүгірттім. Пәтердің Фурманов көшесі жақ бөлігінде кең үлкен бөлме бар екен. Сервант, телевизор сонда тұр. Ас ішетін бөлмелері осы болар деп жорамалдадым. Оның ар жағында тағы бір бөлменің есігі көрінеді. Ол жатын бөлме болуға тиіс деп ойладым. Сонда бұл пәтер негізінен төрт бөлмелі сияқты.

Осы арада Бауыржанның бұл үйді қалай алғандығы жайында жұрт аузында жүрген мына әңгіме ойыма түсті.

Бауыржан бұрын Дзержинский көшесінде, шағындау пәтерде тұрса керек. Қалалық советтен кеңірек пәтер сұрайды. Бір күні оған қалалық советтің қызметкері телефон соғып, сіздің өтінішіңіз орындалды, келіп кең пәтердің ордерін алыңыз дейді. Бауыржан барып бес бөлмелі пәтердің ордерін алады.

Пәтерімді көрейін деп жаңа үйге барса, есік алдында мұңайып тұрған қартаң орыс әйеліне кездеседі.

— Неге мұңайып тұрсыз, шешей? — дейді ойында ештеңе жоқ. Бауыржан әйелдің қасына тоқтап.

Әйел қалалық советтің осыдан екі бөлмелі пәтер бермек боп уәде етіп келгенін, бірақ дәл ордер бererде ол уәделерінен тайып қалғандығын айтады.

— Маған деген үйді бір үш бөлмелік пәтермен біріктіріп, бір полковникке беріпті. Қайтейін, менің де балам соғыста өліп еді. Әрине, ол солдат еді, — дейді.

Мұны естігенде Бауыржанның барлық түгі сыртына теуіп шыға келеді. Жирен мұрты едірейіп, электр сымының біріне бірін жақындатқан екі ұшындай болып, шытыр-шытыр ете қалады.

— Мұңаймаңыз, шеше, қазір ордер беретін жерге барыңыз — пәтеріңіз өзіңізге тиеді, — дейді де Бауыржан мініп келген машинасына отырып алып, қайтадан қалалық советке тартады.

— Мен маған біреуге берілген пәтерлерді бер деген жоқпын, — дейді ол бағана қолына ордер ұстатқан қызметкерге келіп. — Мына ордерді жыртыңыз да, пәтерді бұрын уәде етілген адамдарға беріңіз!

Осылай деп ол қолындағы ордерді қайтарып береді. Қалалық совет қызметкері қалбалақтап:

— Ол адамдарға пәтер кейінірек беруге ұйғарылған еді. Сіз сұраған соң сол екеуін қосып, сізге қамқорлық жасайық деген едік...

— Молчать! — дейді Бауыржан көзі ежірейіп, мұрты одан сайын тікірейе түсіп. — Маған мұндай қамқорлықтың керегі жоқ. Жиырма минуттан кейін маған телефон соғып, бұл пәтердің бұрынғы иелеріне берілгендігін хабарлаңыз. Понятно ма?!

— Түсінікті, түсінікті, жолдас Момышұлы. Тек сіздің берген пәтерден неге бас тартып тұрғаныңыз түсініксіз.

— Ол солдаттың анасы ғой! Солдаттың анасы деген сөздің мағынасын түсінесіз бе? Солдаттың анасы — Россияның анасы! Енді ұғыныкты ма сізге?

Қызметкер басын изейді. Расында да ол бірсыпыра уақыттан кейін Бауыржанның үйіне телефон соғып, жаңа пәтердің бұрынғы иелеріне ордер жазылып бергенін хабарлайды.

— Ордер алғанда олардың қуанышында шек болған жоқ, — дейді қызметкер. — Әсіресе қарт ана қатты қуанды. Сіздің Бауыржан Момышұлы екеніңізді білгенде және Сіздің «Солдаттың анасы — Россияның анасы» деген сөзіңізді айтқанымда ол жылап жіберді. «Кітаптарын оқығанда Момышұлы дәл сондай азамат шығар деп ойлаушы едім, қателеспеген екенмін» деді.

— Хабарыңызға рақмет, — деп Бауыржан трубканы іліп қояды.

Содан бірсыпыра уақыт өткеннен кейін Бауыржанға Фурманов көшесінен басқа пәтер берілген екен.

Ел аузындағы әңгімелердің бір нұсқасы осындай болатын. Баукеңнің сол пәтері осы екен ғой деп ойладым ішімнен. Осыған жалғаса Баукеңнің ананы ардақтауы жайындағы екінші бір аңыз-әңгіме және есіме түсті. Бұл оқиғаны маған 1957 жылы Москвада, Қоғамдық ғылымдар академиясында оқыған жігіттердің бірі айтып еді. Сол жылы июннің бас кезінде Москвада татар әдебиеті мен өнерінің онкүндігі өткен. Оны Одақтар үйінің колонна

залында Сурков ашқан. Татар әдебиеті мен мәдениетінің қайраткерлері тегіс президиумге жайғасады. Күміс көмей, жез таңдай ділмар Сурков оларды астанаға келуімен құттықтап кіріспе сөз сөйлейді. Сөйтіп ол енді баяндамашыға сөз бере берген кезде залдан:

— Алексей Александрович! — деп саңқ еткен үн естіледі.

Жұрт тосын үнге елең ете қалады. Залдың алдыңғы жағынан иығында погоны бар, офицер формасындағы сұңғақ бойлы, қоңырқай жүзді адам орнынан тұрады. Бүкіл зал офицерге назар аударады.

— Әмина ханум қайда, Алексей Александрович? — дейді офицер жайлап, таза орыс тілінде, — Президиум үстелінің басынан мен ол кісіні көре алмай тұрмын.

Залдағылардың көпшілігі Москваның татарлары болса керек. Офицер Әмина атын атағанда олар гу ете түседі. Басқалар Әминаның кім екенін білмейді, татар мәдениеті өкілдерінің бірі болар деп ойлайды. Оны жоқтап тұрған мына офицер де татар шығар дейді іштерінен. Майталман Сурков офицерге қарап үнсіз бас изейді де, сәл ойланып алып, қайтадан зымырата жөнеледі.

— Әмина ханум бойына біткен кішіпейілдікті сақтап президиум үстелінің басына келмей қалған болар, — дейді ол жан-жағына қарап, президиумның арт жағына да көз жіберіп. — Біздің асыл досымыз, Совет Одағының Батыры Мұса Жалил де өзінің сүйікті жары Әмина ханумды дәл осы кішіпейілділігі үшін де құрметтеген болар. Бірақ Ұлы Отан соғысының қаһарманы, даңқты гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлы Батырдың жарын осы жиналыстың президиумынан көруді орынды ескертті, рақмет, Бауыржан. — Ол залдағы ұсыныс айтқан офицер отырған жаққа басын иеді. — Біз бұл ұсынысты шын ықыласпен қостап, Әмина ханумның президиумға келуін өтінеміз.

Сол кезде зал шатырлата қол соғады. Шапалақ даусы қабырғаны жарып кете жаздайды. Мұса Жалилдің жары президиумге барып орналасқанша қол соғу тоқтамайды. Бағанадан бері Әмина ханум дегеннің де, оны президиумге шақырған офицердің де кім екенін білмей ақтарылып отырған жұрт орындарынан тұрып: «Мұса Жалил — Бауыржан Момышұлы!» «Мұса Жалил — Бауыржан Момышұлы!» деп қосыла дауыстап, бір ырғақпен қол соғып тұрып алады.

Біз анадай үлкен жиналыста жарып шығып, оның үстіне суырыла сөйлегенде аузымен құс тістейтін атақты шешен Алексей Сурковты тоқтатып қойып, Баукеңнің солдаттың жарын президиумге шығарған ерлігіне ерекше сүйсініп қайттық, — деген еді маған бұл әңгімені айтқан жігіт. — Баукең туралы жазылғанның бәрінің де шындық екеніне сонда анық көзіміз жетті. Оның өлген солдатты ардақтап, Әминаны той төріне шығаруы бүкіл жұрттық

жүрегін тебірентті. Академия мен партия мектебінде оқып жүрген қазақтар үзіліс кезінде жиналып барып Баукеңнің қолын алдық...

Қолымды шайып, кухняға жеткенше мен бұл екі оқиғаны ерекше разылықпен есіме түсіріп өттім.

Түскі асқа қойдың төсін қатық қылған күріш көже іштік. Менің тәрелкеме төстің сүріншек деп аталатын басы түскен екен. Бірақ мен оны жақсылап мүжіп, кеміре алмадым. Өйткені Бауыржан ас үстінде әңгіме айтып отырды. Маған қомағайланып ас жегеннен де, құныгып әңгіме тыңдау артық еді.

— Кеше осы жерде, — деп, Бауыржан мен отырған орындықты нұсқады, — Гофман отырды. Ол бұрын біздің 316-атқыштар дивизиясының штаб бастығы болған кісі. Артынан жоғарылап, корпустың штаб бастығына дейін көтерілген. Кейін ол өзін дұрыс ұстамай, совет офицеріне лайықсыз мінез көрсеткені үшін орнынан түскен еді. Сол себепті оның аты біздің кітаптарымызға енбеген. Қазір Ялтада тұрады екен, 6 бөлмелі үйім, бау-бақшам бар деп бөсіп отырды. Сол келіп, Алматы мені алақанына алып қарсы алмады деп өзінен-өзі маған өкпе соқты.

— Бектің кітабында да мен жоқпын, сенің кітабыңда да менің атым жоқ, сендер мені неге жазбайсыңдар осы?

Мен оған жайлап жауап бердім.

— Константин Николаевич, сіздің де ерлігіңізді жазатын бір жазушы туар әлі. Атақты «Война и мирдің» 1812 жылғы отан соғысы біткеннен кейін неше жылдан соң жарыққа шыққанын білесіз бе?

— Білмеймін, білгім де келмейді, — деп бақырды ол. — Барлық документ менің қолымнан өткен. Міне, оның бәрі мына жерде, басымда, — деп ол маңдайын түрткіледі.— Сендер жазбасаңдар, өзім жазамын.

— Сіздің басыңыздағы «документтер» ресми мәлімет ақпарлар ғана ғой, — дедім мен, — Кітап жазу үшін қағазға түскен хабарлар және оның сіздің басыңызда қалғаны жеткіліксіз мағлұматтар. Оның үстіне солдаттардың жанын, жүрегін білуіңіз керек. Кітап үшін ең қажетті мәліметтер осы. Мұндай мәліметтеріңіз мол болса, сіз жазасыз, әрине, — дедім сабырлы түрде.

VII

Осы кезде Бауыржанның оң жағындағы орындықта отырған кішкентай қыз талпына ұмтылып, оның қолындағы шанышқысын алды.

— Бұл немере ме, Бауке? — деп сұрадым.

— Қызымның қызы, — деді Бауыржан.

— Жиен ғой, — деді әйелі.

— Қызы не, ұлы не — баланың бәрі-бір, — деді Бауыржан кішкентай қызды басынан сипап. — Аты Анар. Атасын сондай жақсы көреді өзі.

Осы арада өз басым бір рет Бауыржанның жан жомарттығының куәсі болғаны есіме түсті.

...Театрдың ішінде ине шаншар бос жер жоқ. Қаланың қазақ қауымы тайлы-таяғына дейін қалмастан тегіс келгенге ұқсайды. Отыратын орын тимегендер қабырғаны жағалай табандарынан тік тұр. Жұрт демін ішіне тартып, сахна жаққа құлақ салып, сілтідей тынып қалған.

Сахнада ақындар айтысып жатыр. Әсіресе Қызылорда облысынан келген ақын қыз бен Шымкент облысынан шыққан жігіттің айтысына қалың жұрт қатты назар аударып, тырс етпестен тыңдап отыр. Халықтың қыз ақынға ерекше ден қойып, ілтифат білдіргеніне екі түрлі себеп бар еді. Біріншіден, басына үкілі тақия, үстіне қос етек көйлек киіп, қарсы алдындағы ақын жігітпен табан тіреп қазақша айтысып отырған Надежда Лушникова есімді орыс қызы болатын. Екіншіден, ол қазақтың аса бір мұңды әніне салып, мұңды бір оқиғаның жібін тарқатып отырды. Ол өзі осы атырапта жаңада ғана болған жай еді. Шымкент пединститутына оқуға түскен өрімдей жас, өзгеше сұлу қызды осы жердің бір ожар жігіті оқуды тастап маған әйел болмайсың деп жазғырыпты. Осы жайды Надя өлең тілімен баяндап, осындай Қодар жігіт, Бекежан бозбалалар осы заманда тек қана сенің аулында кездесіп отыр. Жігіттеріңді неге жөндеп тәрбиелемейсіңдер деп Надя қарсысындағы Шымкент ақынына қинала кінә таққанда бүкіл зал дүр сілкініп, қол соғып, гулеп кеткен.

Қызылорда, Шымкент, Жамбыл облысы ақындарының айтысы аяқталғаннан кейін сол арада, сол қалың қауымның алдында жюридің қорытындысы шығарылып, ақындарға жүлде берілді. Біреулер кілем алып, біреулер шапан киді. Төреші Надежда Лушниковаңың атын атап, оған еркектің «Маяк» деген қол сағатын ұсынды.

Осы кезде залдың алдынғы қатарында отырған әлде кімнің қаһарлы үні саңқ ете түсті.

— Жоқ Надя алмайды бұл сағатты!..

Ұзын бойлы, әскери киімді қара сұр адам орнынан тұрып, іле сөйлеп кетті.

— Менің ана тілімде асыл сөздер ақтарып, жұрттың жүрегін тербеген мынау шүйкедей сары қыз! — деді ол жұртқа Лушниковаңы нұсқап. Зал демін ішіне тартып, тына қалды. —

Сенің тіліңді біліп, жай сөзіңді сөйлей беретін орыс, неміс, өзбек, чечен, қырғыз толып жатыр, — деді ол енді төрешіге қадалып. — Бірақ сенің өнер тіліңді өз тілінен артық, білетін осы Надядан басқа кімді көрдің, айтшы, кәне? Кешегі Мариям Жәгерқызының жөні бір басқа. Дәл бүгінгі бас бәйге біздің тілімізде бұл бұлдай сайраған осынау кішкентай қызға берілуі тиіс!..

Бұл осы айтысқа қатысу үшін Алматыдан арнайы Шымкентке келген бір топ ақын, жазушының бірі Бауыржан Момышұлы болатын. Ол Надяға төреші ұсынған «Маяк» сағатын алдырмады.

Сыйлық үлесіліп болғаннан кейін Бауыржан әйелі Кәмәш екеуі Надя Лушниковаңы орталарына алып, ювелир магазиніне барды. Магазиннен таңдап жүріп «Лира» маркалы алтын сағатты сатып алды да, Бауыржан зергерге апарып, оның қақпағына мынадай сөздер жаздырды: «Надя, шеберлігің үшін. Момышұлы 25. 02. 1964 ж.» Сағатты Лушниковаңың қолына тағып жатып, Бауыржан тебірене тұрып тіл қатты:

— Мұны саған Бауыржанның бергені деме, адал жүрек, асыл өнерің үшін саған қазақ халқының сыйлағаны деп біл, игілігіңе тақ, қарағым...

Ас ішіліп болғаннан кейін мен орнымнан тұрдым. Бауыржан темекі тартуға кірісті.

— Бауке, мен ана бөлмеге барып, отыра тұрайын.

— Иә, дұрыс, — деді ол.

Біраздан кейін Кәмәш келіп, Бауыржанның төсегіне отырды. Тегі Баукең оны да қуып шыққан-ау деп ойладым ішімнен. Горькийдің жазушының әйелі жайында айтқан бір сөзін еріксіз есіме алдым. «Егер әйел өзін өзі кемтар еткісі келмесе, онда жазушыны сүймеуі, оған ерге шықпауы керек» деген еді ол бір әңгімесінде. Одан кейін сол Горькийдің әйел туралы айтқан мына бір сөзі тағы да ойыма оралды: «Дүниеде әйелден берік, әйелден айқын еш нәрсе жоқ, ендеше еркектің одан өзге сүйенері және жоқ». Мына Кәмәш та Баукеңнің жасы еңкейген шағында серіктесіп, оның сүйеніш тірегі болып отыр. «Көктемдей құбылмалы мінезі бар» Бауыржандай адамның қыбын тауып қиямет ету оңай іс емес-ау. Оған қаншама күш, қайрат, сезімталдық керек десеңші. Берік десе берік, мықты десе мықтысың-ау, әйел заты, деп ойладым ішімнен. Бауыржан кухнядан шығып, менің қасыма келді. Екеуіміз тағы да оңаша қалып, түске дейінгі әңгімемізді қайтадан жалғастырдық.

— Сонымен әлі милиция бастығымын ғой?

— Иә, милиция бастығысыз. Ауданға Емельянов келіп, содан бірсыпыра істің жайына қандыңыз.

— Рас, Емельяновтың ауданға бір келіп-кеткені маған кішігірім бір мектептей болды. Сонымен жұмысымды ептеп игеріп, қаз-қаз басып, қалтақ-құлтақ жүре бастағандай шаққа жеттім.

Бір күні ауданымызға Өлкелік партия комитетінің өкілі болып, жабдықтау халық комиссары Нығмет Сырғабеков деген кісі келді. Ол кісі аудан аралайды екен. Ефимов пен Бердібаев мені соның қасына қосып берді. Сырғабеков ақылды, байсалды, барынша көшелі адам екен. Тек қана «қалқам, шырағым» деп сөйлейді. Жол-жөнекей менің барлық жайымды сұрап, істе жіберген кемшіліктеріме талдау жасап, ағалық ақыл, кеңесін ақтарыла айтып, жөнге келетін, жобаға жанасатын істеріме қатты қуаныш білдіріп, жанымды жасытпай, жігерлендіріп ынталандырып отырды. Оның алдында Емельяновтың келуі ауылда совет, жұмысын жүргізудің бірінші басқыш мектебіндей болса, Сырғабековтың келуі екінші басқыш мектептің білімін бере бастағандай еді. Бірақ мен ол мектептің оқуын тауыса алмай, орта жолда мұрттай ұштым. Бір жығылғанда қатарынан екі рет құладым. Ол былай болды.

Үшінші күні кешке қарай Сырғабеков екеуіміз Бурныйға келдік те, менің досым Кононенконың үйіне түстік. Келсек, Кононенконың кішкентай қызы қатты ауырып жатыр екен. Мына менің түрім түксиіп тұрғанымен, аса балажан адаммын. Бұл менің кішкентай күннен бойыма сіңген дағдым. Сол дағдыммен қолды-аяққа тұрмай шырқырап жатқан баланың маңдайынан сипап, бір кішкентай көтеріп жүріп едім. Сөйтсем ол бала сүзекпен ауырып жатыр екен. Ертеңінде басқа ауылдарға тағы да жүріп кеттік. Таңертең бойым ауырлап тұрған сияқты болды. Жолда өн-бойым қызып, қалшылдай бастадым. Қасымдағы Сырғабековке:

— Ағай, мен ауырдым, — деуге ғана шамам келді. Содан соң не болғанымды білмеймін.

Сырғабеков мені дереу аудан орталығына жеткізіп, ауруханаға жатқыздырады. Сол жатқаннан мен ауруханада екі ай жаттым. Ал милицияға бастық керек. Мен ауруханада жатқанда бұрынғы взвод командирі Мұқатай Егенбаев деген жігіт милиция бастығы болып тағайындалады.

Бауыржан сигаретін мүштікке сұғып, темекі тұтатуға кірісті. Мен қағазыма қарадым. Даярлап әкелген сұрақтарымның ішінде: «Сіз балалардың басынан сипап, маңдайынан иіскейсіз бе?» деп басталып, Бауыржанның балалық шағына байланысты қойылатын екі-үш сұрақ бар еді. Өйткені мен Бауыржан сияқты адамдар ешқашан баланың бетінен сүймейтін қатал келетін шығар деп ойлағанмын. Ал оның кішкентай жиені Анарды алақанына салып мәпелеп отырғанын көргеннен кейін және өзінің жас баланы жақсы көретіндігінен сүзек ауруын жұқтырып алғанын естігеннен соң ол сұрағымның мүлде мәнсіз, орынсыз екенін ұқтым. Сондықтан оны тастап кетіп, балалық шағына байланысты өзге сұрақтарымды қоюға ұйғардым.

ЕКІНШІ ДИАЛОГ

I

Автор. Жана сіз бала күнімнен балажан едім дегенде тіліме бір-екі сұрақ келіп еді, Бауке. Соны сұрауға рұқсат етіңіз.

Бауыржан. Сұрағын. Рұқсат.

Автор. Балдырған кезіңізде қандай үй жануарларын жақсы көрдіңіз?

Бауыржан. Қозы мен құлынды жақсы көрдім. Бір кішкентай қара бұйра қозыны түнде қасыма алып жататыным әлі күнге дейін есімде. (Ақ мүштікті қаттырақ тістеп сорды да, аузынан бұрқ еткізіп түтін шығарды. Сәл ойланып, сөзін жалғады). Соған байланысты бір әңгіме айтып берейін. Жаңағы қара қозы екеуіміздің достығымыз сондай күшті болды. Басқа балалардың соңынан күшік еріп жүрсе, менің артымнан қара қозы қалмайтын. Мен оған даладан балауса, балғын шөп теріп әкеліп, өз қолыммен жегізетінмін. Оны өзенге ертіп апарып, өзім көтеріп тұрып, өзеннің тізеден асатын тұнық жерінен су ішкізетінмін.

Күзге қарай қара қозым қазық аяқ марқа болды. Бірде күні бойы балалармен Жуалы тауының бөктерінде тынбастан асыр салып ойнап, кешке қарай ауылға қайттық. Тау бұлағының бойынан қара қозыма деп жұлып алған бір қолтық көк шөбім бар еді. Соны қос қолдап ұстап, төбеме көтере: «Пұшай! Пұшай» деп жүгіріп, өзіміздің үйдің қасына келдім. Келсем көкем бір марқаның аяғын буып тастап, енді бауыздағалы жатыр екен. Қарасам менің қара қозым.

— Көке, бауыздама! — деп мен шар ете түстім.

Менің «Біздің семья» деген орысша кітабымда айтылатын әкем Момыштың інісі Момынқұлды мен осылай «көке» деп атайтын едім. Көкем шапшаң кісі болатын.

— Жоқ қарағым, қонақ келіп қалды, — деп қолындағы пышағымен қара қозыны тамағынан орып кеп жіберді...

Маған бар дүние қып-қызыл болып кеткендей көрінді. Сол жерде жата қалып, жер тепкілеп жыладым. «Қара қозымды тірілтіп беріңдер!» деп бақырдым. Бірақ мен қанша бақырғанмен қара қозы тірілмеді. Жанымдай жақсы көретін әжемнің де уатқанына көнбедім. Әжемнің құшағында өкіріп, өксіп жатып ұйықтап кетіппін. Бір кезде көкем мені жұлқылап оятып жатыр.

— Бауыржан, тұр, тұр, ет же, — дейді.

Оянып, кезімді ашсам жұрттың бәрі буы бұрқыраған бір табақ етті орталарына алып, қаужаңдап жеп жатыр. Қонаққа көзім түсіп кетіп еді, ол тіпті ұрты бұлтыңдап, шеңгелдеп асап отыр екен.

— Бұл ненің еті? — дедім көкем алдыма қойған бүйрек пен кішкентай құлақ, сираққа көзім түсіп.

— Қара қозыңның еті, Бауыржан. Өзің жеп көрші: сондай тәтті, сондай жұмсақ...

— Қара қозымның етін жемеймін!—деп мен тағы да ойбайлап жылап, шалқамнан түстім.

Сол күннен бастап мен ет жемейтін болып кеттім. Ес біліп, ер жеткен күнімнің өзінде де етке зауқым соқпады. Кейініректе, әскери кухнялар мен асханаларда, әсіресе ашыққан сәттерімде тарелкама түскен қуырылған еттен ептеп жейтін болдым. Бірақ күні бүгінге дейін уысымды салып, ұртымды толтырып ет асап көрген емеспін.

Сол сияқты менің сары май жемейтінім де бар. Ол да бала күнімнен бері келе жатқан әдетім. Енді соның себебін айтайын.

Мен жасымда айтқанымды орындамай, орындатпай қоймайтын тентек болсам керек. (Ол күлді). Жоғарыда айтылған қара қозыны тірілттіре алмағаным болмаса. Тағы да бір ойыннан қайтып, үйге келсем, әжем жаңа ғана қаймақ шайқап болып, түскен майды сығып, табаққа салып жатыр екен.

— Әже, май бер, — дедім қарным ашып келген мен.

— Тұра тұр, қалқам, — деді әжем. — Алдымен майды қылшықтап, тұздайын. Содан соң оны жейсің бе, алақаныңа салып жалайсың ба, өз еркің.

— Жоқ, маған қазір бер, — деп қиғылықты салдым.

— Мә, ендеше, — деді әжем қатуланып, май салған ағаш табақты маған қарай итере салып. Сонсоң өзі үйден шығып кетті.

Тұздалмаған, қылшығы алынбаған майды шеңгелдеп тұрып ал кеп жейін. Содан не керек, кешке қарай ыстығым көтеріліп, лақ-лақ құсып, ауырмасым бар ма. Сонымен, жаңағы майдың кесірінен бір апта ауырып, үйден шыға алмай жаттым. Қолды-аяқты балаға бір апта үйден шыға алмай жатудың қандай азап екенін мен айтпасам да балдырғандардың өздері біледі оны. Міне, осыдан кейін енді май көрсем жүрегім айнитын болды. Әже тілін алмаған бала осындай, өмір бойы май жей алмайтын болып кетеді екен. Ал, сары май адамға ең қажетті астың бірі ғой. Мұны мен балалар әрқашанда әжелерінің тілін алып жүрсін, менің қатем оларға ғибрат болсын деп айтып жатырмын.

Автор. Ал, тәттіден нені жақсы көрдіңіз?

Бауыржан. Ешқандай тәттіге құмар болғаным жоқ. Күні бүгінге дейін жылына аузыма бір жүзім салсам салатын шығармын. Ал жылына бір алма жеймін бе, жемеймін бе, білмеймін.

Автор. Сонда сіздің негізгі керегіңіз не?

Бауыржан. Ет пен сары майдан басқанын бәрін талғамастан іше беремін.

Автор. Қазір елде сіздің құрметіңізге қойылған Бауыржан есімді балалар көп. Соларға қандай тілек айтар едіңіз?

(Мен бұл сұраққа Бауыржан: Олардың бәрі бірдей батыр болмай-ақ қойсын, бірақ тегіс патриот болсын деп, бір-ақ ауызбен жауап беретін болар деп ойлағанмын).

Бауыржан. Маған білеміз деген бір жігіттер Қазақстанда он үш мыңдай Бауыржан бар екен деп хабарлады. Мен әзілдеп оларға: менің атым орыстың Иваны сияқты болып бара жатыр екен ғой дедім. Бұл әзілім, әрине. Ал, мен ол цифрдың анық-қанығын білмеймін. Білетінім: мен қазіргі Бауыржандардың ішінде бірінші номерлі Бауыржанмын. Мен міне алпысқа келдім. Мені сыйлап, қадірлеп, сәбилеріне менің атымды қойған ата-аналарға, олардың туған-туысқандарына шын ниетпен алғыс айтамын. Ал Бауыржандарға айтарым: Азамат болып өсіңдер, қарақтарым! Қатарыңнан кем болмаңдар. Бірің болмаса бірің менен асып кетсеңдер, оған ешқандай дауым жоқ. Барлық Бауыржанға, барлық балдырғандарға ақ ниетпен ақ батамды беремін!

II

— Сонымен, екі айдан кейін жазылдыңыз ғой, Бауке?

— Иә, жазылып, ауруханадан шықтым. Аралбаев деген жолдасым бар еді. Соның үйінде пәтерде жататынмын. Аралбаев мен ауырып жатқанда ауданда болған барлық жаңалықты айтып берді. Ең үлкен жаңалық аудандық партия комитетіне екінші секретарьдың штаты беріліпті де, сол орынға Бағов деген адам сайланыпты. Енді кадр мәселесімен екінші секретарь шұғылданатын болса керек.

Ертеңінде танысып, сәлемдесу және қызмет мәселесін шешу үшін аяңдап отырып, екінші секретарьға бардым. Барсам, екі беті шарық табақтай, екі көзі бақырайған, бұғағы салбыраған, үстелге құрбақадай болып тарбиып, жабысып қалған бір қазақ екен. Сәлем беріп, жөн-жосығымды айттым. Көзі шарасынан шыға сызданып, жауап бермеді. Паң екенін де, надан екенін де айырмадым. Ол уақыт кадрға тапшы кез еді ғой. Нобайы келген соң жіберіле салған жандардың бірі болу керек. Отырып-отырып Бағов:

— Жүре беріңіз, көрерміз, — деген сөзді әрең айтты. Наразылау болып, жаңа бастықтың кабинетінен шықтым.

Содан соң жолдас-жоралар қызмет істейтін басқа мекемелерге бас сұқтым. Олар менің болашақ қызметім жайын сөз етісе отырып:

— Жаңа қатшыға бардың ба?—деп сұрасты.

— Бардым, — дедім.

— Қандай екен? — десті кейбіреулері.

— Үстел басына отырғызып қойған құрбақа сияқты екен! — дедім мен.

Сонымен күліп-күліп тарасқанбыз.

Түн ортасында есік тарсылдады. Одан соң терезе қағылды. Шырт ұйқыда жатқан үй іші төсектен басымызды жұлып-жұлып алдық. Жолдасым жүгіріп барып есік ашты. Үйге менің бұрынғы екі орынбасарым сау етіп кіріп келді. Түстері суық. Шам жаққызып, алдымен үйдің ішін тінтті. Менің қағаздарымның арасын ақтарып-төңкерістірді.

— Сендерге не керек? — деймін орынбасарларыма.

Оларда үн жоқ.

— Өздеріңді кім жіберді?

Тағы да үн жоқ. Үйдің ішін тінтіп болып, мені киіндірді де, өзімнің екі орынбасарым бұрынғы бастығын алдарына салып, айдап кеп жөнелді.

Мен аң-таңмын. Бұлар мені қайда апарады? Бүйткендері несі? Әлде осылар әзілдеп жүрген жоқ па деп те ойлаймын, әзілдейтін түрлері көрінбейді. Олар мені бірден абақтыға қарай бұрды. Мен ыза болып кеттім.

— Жоқ мен онда бармаймын, — дедім булығып. — Алдымен мені қамау үшін жасаған протоколдарыңды көрсетіңдер, қылмысым не екенін айтыңдар.

Бұл баяғы өзіме Емельянов үйреткен өнеге еді. Жақсы ұстаздың сабағы жадында қалады ғой, шіркін! Оның пайдасын өз басыма кәріпшілік түскенде көрдім. Протоколды айтқаннан кейін орынбасарларым тайсақтай бастады. Мені абақтыға апара алмады. Милиция бөліміне алып келіп, бастықтың кабинетіне қамады. Сөйтіп, кешегі өз кабинетім бүгін өзіме абақты болды. Таң атқанша сонда тұтқын боп түнеп шықтым.

Таңертең менің орныма милиция бастығы болған Есенбаев кабинетіне келді. Алдында сорайып мен тұрдым.

— Өй, сені жын соқты ма? — деді Мұқатай Есенбаев маған дүрсе қоя беріп.

— Мені емес, сендерді соққан шығар деп тұрмын, — дедім мен қыңырланып.

— Бағовты құрбақа деп атап сені жын соқты ма деймін? — деді милиция бастығы басын шайқап.

— Оны кім айтты?

— Кім айтқанын неғыласың, түнде Бағов бір үйде қонақта болыпты. Сонда отырып біреу оған сізді Бауыржан құрбақа деп атады деп жеткізіпті. Бағов бұлқан-талқан болып, маған телефон соқты. Сені дереу қамауды талап етті. Бердібаев та соны айтты. Сонсоң мен саған бұрынғы орынбасарларыңды жібергенмін Бауыржанға айтыңдар деп.

— Олар мені осында әкеп қамады.

— Тегі оларға да телефон соққан ғой Бердібаев. Содан соң сасқан болар жігіттер. Ал енді бар соларға.

— Кімге?

— Бердібаевқа.

— Сендер мені қамадыңдар ғой, өздерің айдап барыңдар оған.

— Мен қамаған жоқпын, — дейді Есенбаев баж-бұж етіп.

— Жоқ, қамадыңдар. Милиционеріңмен айдатып жібер, — деп сіресіп мен отырып алдым.

Есенбаев сыртқа шығып кетті де, сәлден соң бір милиционерді ертіп қайта кірді. Оған:

— Жолдас Момышұлын аудандық атқару комитетіне айдап бар, — деп бұйырды.

— Енді барамын, — деп мен милиционердің алдына түстім. Шірене басып келе жатырмын. Әр нәрсені ойлап, ыза болып та келемін. Бағовты көрсем түтіп жіберетіндеймін. Аудандық атқару комитетінің үйіне тақағаннан кейін: «Ауаткомның жауапты секретары кезімде бұл үйге өз еркіммен кіруші едім. Енді бұған да айдалып кіретін болдым ғой» деп мырс етіп, артыма қарасам, милиционерім жоқ. Сөйтсем Есенбаев оған біраз жер артынан ілесіп бар да, содан кейін қашып кет деп тапсырыпты. Милиционер мені өз бетіммен қаңғытып қоя беріп, бір үйдің бұрышына келгенде жасырынып қалыпты.

Автор. Сіз он алты жасыңыздан бастап өлең жазыпсыз ғой. Алғашында ақын болсам деп талап қылған жоқсыз ба?

Бауыржан. Ешуақытта пәлен болайын, түген болайын деп ойламаған едім. Қайда, қандай қызметте жүрсем де жүректегі ұраным қазақтың: «Ерді намыс өлтіреді, қоянды қамыс өлтіреді» деген мақалы болды. Ел намысы ер намысы деп білдім. Арманым халқымның намысына дақ түсірмеу болды. Ақындыққа, шенге, атаққа ешқашан да қызыққан емеспін. Олардың өздері келді... Генерал болсам, маршал болсам, герой болсам деген емеспін. (Осы арада менің есіме Суворовтың: «Маршал болды арман етпеген солдат — жаман солдат» деген нақылы түсті де, «Сонда сіздің жаман солдат болғаныңыз ба?» деген әзіл сұрау көмейіме келді. Бірақ, біріншіден, шамына тиіп алып жүрермін, екіншіден, сөзді көбейтпейін дедім де, үндемедім). Осы атағым да жетеді.

Автор. Соғыста күнделік жазып жүрдіңіз бе? Оны қалай жаздыңыз?

Бауыржан. Соғыста жазған 37 дәптер күнделігім бар. Оларды қар жапалақтап, жаңбыр құйып тұрғанда, окопта отырып, жорықта кетіп бара жатып жаздым. Бес рет қоршауда болатынымды айттым ғой. Сонда тізем дірілдеп, қолым қалтырап отырып, өз сезімдерімді, жолдастарымның жай-күйін қағазға түсіре бердім. Ең алғаш күнделік жазуыма мынадай жай себеп болды. Бірінші рет қоршаудан шыққаннан кейін батальонды быт-шыт етіп тарата бастады. Қандай жағдайда, қай көршінің табансыздығынан батальон қоршауда қалды — онда ешкімнің шаруасы болмады. Соған ерегесіп, бұдан кейін мен барлық жағдайды күнделік дәптеріме түсіріп отыратын болдым. Әрине, онда мен жазушы болармын, жазғандарымның соған септігі тиер, деп ойлағаным жоқ. Осындай үш-төрт дәптер жазғаннан күнделік толтыру маған дағды болып кетті. Ол менің әскери қызметімнің міндетті бір бөлігіне айналды. Толтырған әр дәптерім ең бір ет жақыным іспетті бола бастады. Сондай үш дәптерім жоғалғанда туысқан үш бауырымнан айрылғандай күй кешкенім бар.

1962 жылы генерал Панфилов жайында арнаулы кітап жазбақ болып, архивтерді араладым. Осы ниетімді айтып Подольскідегі әскери архивтің бастығы генерал-майор Дударевке кірдім. Ол менімен танысып-біліскеннен кейін:

— Полковник жолдас, мен сізге бір қызық көрсетейін, — деді.

Содан соң кетіп қалды да, бір уақытта үш дәптерді қолтықтап қайтып келді. Мінеки, мына дәптерлермен танысыңыз.

Қолыма алып ашып кеп жіберсем, тәңір-ау, менің өз дәптерлерім. Мен олардың әрқайсысымен жылап көріскендей болдым. Өйтетін жөнім бар еді.

Төртінші рет қоршаудан шыққанымда мен көршілеріме әбден қаным қайнап, қатты наразы болып келген едім. Біздің қоршауда қалуымызға себепкер болған бөлімшелерді дәптеріме схемасын салып көрсетіп, олардың бастықтарын сыбап тұрып жазғандарым болатын. Шехтманның да, Филимоновтың да әдірістеріне бірсыпыра ащы сөздер арнағанмын. Келгеннен кейін барлық жағдайдың дәлелін ашып, полк комиссары Логвиненкоға дәптерлерімді көрсеттім. Логвиненко менің жазбаларыма зер салғысы келді ме, әйтеуір, кейін өзіне қайтарып беремін деп үш дәптерімді сұрап алып кетті. Сол түнде немістер полк штабына шабуыл жасап, менің комиссардағы үш дәптерім жаулардың қолына түседі. Міне бұл менің сол дәптерлерім. Кейіннен немістердің архив біздің колға түседі де, оның ішінен менің жоғалып кеткен жанағы дәптерлерім шығады. Күнделіктердің пайдасымен бірге, осындай жоғалып кете жаздаған кездері де болған...

Осы жерде ақын Ғафу Қайырбековтың Момышұлына арнаған өлеңі есіме түсті. Өлеңнің бас жағында ол Бауыржанның тостағандай көзінен ұшқындаған оттардың бірін жыр етуді арман етіп, одан әрі былай деп толғайды:

Сол оттың сәулесінде бұлаң қағып,

Кешегі өтіп жатса жылдар ағып,

Көрінсе қоршаудағы батальон,

Көк түтін төбесінде шудаланып.

Ыс басқан, күйе құсқан әрбір солдат,

Найзалар түнді тесіп өтсе самғап,

Саңқ етіп бір мезетте оқтай бұйрық,

Көрінсе іле-шала сонда комбат!..

О, сонда, бар маңайды жаңғыртып қап,

Генерал берсе әмір,

Сап тұйықтап.

Комбаттың баданадай қос көзінен Риза боп сүйіп тұрса Панфилов қарт!

Міне сол бар арманым от сұраған, Алатын одан артық жоқ сыбағам. Халықтың қасиетін шын көтерген Жүзге де жүлде бермей, жетсін ағам!

— Сонымен, сізді айдап келе жатқан милиционер қашып кетіпті дейсіз бе?

— Иә, қашып кетіпті. Ары қараймын, бері қараймын, ұшты-күйді жоқ. Жер жұтып кетті ме мұны деп, аңырайып біраз тұрдым да, ақыры Бердібаевтың кабинетіне жалғыз кіруге мәжбүр болдым.

— Отыр, бала, — деді Бердібаев қабағын шытып. — Сен өзің еш жерге сыймайтын бір қырсық жігіт екенсің.

— Неге олай дейсіз? — деймін мен сызданып.

— Менімен істесе алмасаң, Бағовты құрбақа деп атасаң — Солай демегенде не деуім керек?

— Өзі ұқсап тұрса мен оны құрбақа демей, құдай деуім керек пе?

Бердібаев қабағын шытты да, ол сөзді одан әрі жалғастырмады.

— Шырағым, сен енді ол сөзді қой. Кеше Бағовқа қызмет жайында барған екенсің ғой. Ақылдасып, саған лайықты қызмет таптық. Біздің райполеводсоюзға бастық боп барасың.

— Ағай бармаймын.

— Себебі?

— Себебі шаруашылықты білмеймін.

— Енді сені қайда жібереміз?

— Қолымнан келетін іс беріңіз. Мұғалім етіңіз.

— Қазір мұғалімдік орын жоқ қой саған.

— Болмаса болғанынша тосамын. Оған дейін ауылыма барып жата тұрамын.

— Әй, бала, қой, қиқарланба.

— Жоқ, ағай, қоймаймын. Бұдан былай сіздің қарамағыңызда қызмет істемеймін.

— Е, бағанадан бері соныңды айтсаңшы одан да, — деп Бердібаев дереу қабырғадағы телефонның құлағын бұрап жіберіп, Бағовпен сөйлесті.

— Момышұлы менде тұр. Жіберген жұмыстан бас тартады. Сендердің қарамақтарыңда жұмыс істемеймін дейді. — Содан кейін аржағындағы адамның сөзін тыңдады. — Иә, солай етуіміз керек, — деп басын қайта-қайта изеп, трубканы ілді.

Мен оның «жіберген жұмыстан бас тартады, сендердің қарамақтарыңда жұмыс істемеймін» деп айтады деп, қолма-қол менің сөзімді бұрып жеткізгеніне ыза боп тұрмын. «Неге бас тартамын? Оны неге айтпайды? Сендердің емес, тек сіздің қарамағыңызда дедім ғой. Оны неге бұрмалайды? Көріп, қасында тұрмаған айдаладағы біреуге, шыбындаған аттай болып, бас изеуін өзінің» деп оған зығырданым қайнады.

— Істемейсің ғой?

— Шаруашылықты білмегендіктен райполеводсоюзға бармаймын. Сіздің қарамағыңызда қызмет істемеймін.

Ендеше, өз обалың өзіңе, балақай. Үш күн тос. Үш күннен кейін ауылыңа қайтуыңа болады. Және жұрдай боп қайтатын боласың.

— Ол не сөзіңіз?

— Комсомолдан да, кәсіподақтан да шығасың. Жаңа біз осылай келістік.

— Қолынан келмейтін жұмысты істемеді десеңіздер, шығарыңыздар.

Ертеңінде комсомолдан да, кәсіподақтан да шығарылдым. Екі билеттен бірдей айрылдым. Үшінші күні аудандық газетте: «Кетсін комсомолдан!» деген бірінің астына бірі екі мақала басылды. Екеуі де маған арналды. Сөйтіп, абыройдан жұрдай болып, ауылға қайттым, қарағым.

III

Бауыржан «Қазақстан» сигаретінің пачкасына қолын созды. Ол темекі тартпақ боп жатқанда мен Бауыржанның жақсы ұстазды жадынан шығармайтындығын, жаман бастығын жамсата баяндайтындығын ойлап отырдым. Ұстазын ұмытқан оңбайды деген қағидаға берік Бауыржанның Панфиловты өмір бойы ұмытпай келе жатқанына таң қалдым. Кейбіреулер басшысына, дос, жолдасына тірісінде жалбақтап жүргенімен, көзі жұмылысымен көңілінен шығарып қоя береді. Өлгеннің өнегелі ісін ғибрат етіп отыру орнына, оның атын да ауыздарына алмайды. Ал өліні қадірлемеген, тіріні құрметтемейді. Бауыржан бұл қағиданы жақсы біледі. Жақсы білгендіктен де ол Панфиловтың 70 жасқа толу қарсаңында шарқ ұрып, архивтерді ақтарып жүріп мәлімет жинап, қадірлі генералдың асыл адамгершілігін көрсеткен тамаша кітап жазды.

— Сөйтіп, «басқа пәле тілден» деген қазақ мақалының шын мәнісін мен ең алғаш рет сонда ұққан болсам керек. Жай тентектігімнен бе, әлде болашақта жазушы болатындығымнан ба, кім білсін, мен сол жас кезімнің өзінде-ақ айналамдағы адамдарға теңеу тапқыш, оларды әр

нәрсеге ұқсатқыш едім. Қатар құрбыма мен қойған ат жеңге жұққан майлы бояудай болып, жабысатын да қалатын.

Ауылға келсем: «Бауыржан орнынан түсіп қалыпты. Комсомолдан шығарып жіберіпті» деген хабарды естіп, әкем біржола шөгіп қалған екен. Үміт күткен көзінің нұрындай жалғыз баласынын жайы мұндай болған соң әке байғұс әлсіремегенде қайтсын. Әкенің аянышты халін көрген соң менен де қауқар кете бастады. Оның жүдеу жүзіне қарап, ашудың ащы іркітін сіміріп, үйде жата бергенмен жан семірмейтін болды. Мұңымды тыңдап, мінімді түзететін Ефимов болса ауданнан жырақта, демалыста жатыр. Шырт-шырт үзілген шыдам шіркіннен ол келгенше бір тұтам да қалатын емес. Ойлап-ойлап келгенде ауданға ана жолы келген Сырғабеков ағай есіме түсті де, сол кісіге барып, бар мұңымды айтуға бел байладым. Бар дүниесін балама деп жинайтын әкелер мейірімінде шек бар ма? Жәкем (мен кімді осылай деп атаушы едім) тағы екі қойын сатып, қаражат етіп қалтама салып берді.

Алматыға келсем, әр жақтан келген жастардың оқуға түсіп жатқан кезі екен. Шаруамды реттеп алып, оқуға түсіп кетсем жақсы болар еді деген ойға келдім. Осы оймен Сырғабеков ағайдың кеңсесіне кірдім.

Нығмет ағай мені қуана қарсы алды. Әбден сауығып, жазылып, ба деп сұрады. Үй-ішімнің, ел-жұрттың амандығын білгеннен кейін:

— Ал қалқам, шаруаңды айта бер, — деді.

— Екі түрлі шаруамен келдім, ағай, — деп алдымен өзімді комсомолдан неге шығарғандарын айтып, билетімді қайтып алуға көмектесуді өтіндім. Одан соң оқуға түскім келетінін білдірдім. Сырғабеков менің сөзімді ыждағатпен тыңдап алды да, маған бір ғана сұрақ қойды, жалғыз ғана ескертпе жасады. Сол ескертпе өмір бойы есімде сақталып қалды.

— Анау адамды неге құрбақаға теңедің, қалқам? — деді Сырғабеков менің сөзімді әбден тыңдап болғаннан кейін.

— Өзі құрбақаға ұқсап тұрса, мен оны құрбақаға теңемегенде құдайға теңеймін бе, — дедім мен Жуалыда Бердібаевқа айтқанымды қайталап.

Нығмет ағай бетіме қарап отырды да, басын шайқады.

— Ол кісі жаман-ақ адам шығар, қалқам. Бірақ ол кісі сенен үлкен ғой. Үлкенді сыйлау керек еді ғой.

Мен ұялғанымнан жерге кіріп кете жаздадым. Нығмет ағайың «қалқамдап» отырып айтқан екі ауыз сөзі маған ауданда көрген көресілерімнің бәрінен де ауыр боп тиді. Не дерімді білмей, қып-қызыл болып отырып қалдым.

— Сен әлі жассың ғой, қалқам, — деді ол осыдан кейін.

— Үлкенді сыйлағанның қадырын үлкейгенде білерсің. Жарайды, жасыма. Өлкелік комсомол комитетінін бірінші секретары Қайсар Тәштитов деген ағаң бар. Осыдан шыққан соң сол кісіге кір. Мен хабарлап қояйын, — деп телефонын бұрай бастады. Тәштитовпен сөйлесіп болып, Сырғабеков қайтадан маған қарады. — Жаның жүдемеу, жалының сөнбеу үшін, қалқам, Ленин бейнесі бар билеттен айрылмауың керек. Алдымен комсомолдық билетіңді алып ал.

Сырғабековтың алдынан әрі қызарып, әрі қанаттанып шықтым. Сол бетіммен ұшып отырып Тәштитовке бардым. Ол бір ер көңіл, жайдары кісі екен.

— Үлкенді сыйлай алмағаның үшін Нықаң сенің бетіңді қызарттым деді. Енді мен қинамай-ақ қояйын. Бар да, билетіңді алып кел, — деп Жуалы аудандық комсомол комитетіне қағаз жағып берді. — Тез орал, оқуға жолдаманы қайтып келген соң беремін.

Бұлай дейтіні ол кезде жоғары оқу орнына түсетін жастарға жолдаманы Өлкелік комсомол комитеті береді екен. Одан кейін, Нығмет ағайдың ақылы бойынша, Өлкелік кәсіподақ советінің бастығына бардым. Ол менің қалай кәсіподақ мүшесінен шығып қалғаным жайлы әңгімені шек-сілесі қата күліп отырып тыңдады. Менің кәсіподақ билетімді қайтарып беруді талап етіп, ауданға ол да қағаз жазып берді.

Сонымен, не керек, құстай самғап, қайтадан ауданға келдім. Тіпті қолы қойылған қағазды қолына ұстатқанымда комсомол комитеті секретарының көзі шарасынан шығып кете жаздады. Ғафу өтініп, дереу билетімді қайтартып бермеді. Кәсіподақ билетім және қалтама түсті. Екі ұйымнан да шығып, тура ауылға тарттым.

— Жәке, — дедім әкемнің алдына барып. — Міне комсомол билетім, міне кәсіподақ билетім.

Әкемнің қуанғанынан қолы қалтырап кетті. Үй ішіне өзімнің қалай Сырғабековке барғанымды, одан соң Тәштитовке кіргенімді бәрін тегіс жырдай ғып баяндай бердім.

— Е, қызыңды... оларды осылай ету керек қой! — деп мұны естігенде Момынқұл көкем біржола өркештеніп кетті. Кейіннен ол ел ішінде қылдай қиянат көрсе: «Бұл қызғалақтарды біздің Бауыржанша үйрету керек» деп кез келген жерде күпілдеп шыға келетін болыпты.

Автор. Сіз қандай адамдарды қадірлейсіз? Қандай адамдарды жек көресіз?

Бауыржан. Ардақты ананы қадірлеймін. Ары бар азаматты ардақтаймын. Талабы бар жасты құрметтеймін. Маңғазсынған ағаны ұнатпаймын. «Бауке, мына сөзіңіз құдайский, сіз данышпансыз» деп көзге мақтап көлгірситін інині жек көремін. Шын дос сыртыңнан мақтайды. Сайқал ғана бетіңе қарап қылмыңдайды. Әйелдің сайқалы бірді ғана арбайды, әдебиет сайқалының мыңға зияны тиеді. Түсінікті ме саған?

IV

Екі-үш күн үйде болып, Жәкемнің көңілі жайланғаннан кейін тағы да Алматыға тартым. Онда осы күнгі Гоголь мен Фурманов көшелерінің қиылысқан жерінде медицина институты болатын. Ректоры Санжар Аспандияров деген кісі еді. Өзі Халық Комиссары. Әліме қарамай дәрігер боламын деп сол кісіге бардым. Қабылдаттырды. Жатақханадан орын бергізді. Алғашқы сабаққа бардым. Алғашқы сабақтан кейін-ақ ол институттан қашып құтылдым. Мәселе былай болды.

Алғашқы сабақта бәріміздің үстімізге халат кигізіп, подвалдағы үйге алып барды. Үйге кірісімен жалаңаш жайрап жатқан өліктердің үстінен шықтым. Оларды көрісімен денем дір ете қалды. Ертіп кірген дәрігер:

— Бұның атын мәйітхана деп атайды. Мұнда... — дей бергенде-ақ мен зыта жөнелдім. Есік алдына шығып, халатын өткіздім де, институтты тастап қаштым. Артымнан жаңағы басы жоқ, аяғы жоқ тыр-жалаңаш өліктер тыраңайлап қуып келе жатқандай көрінді. «Жоқ, оқусыз қалсам да бұл институттың қарасын көрімеймін» дедім қашып бара жатып. Қанша қашсам да, содан он жыл кейін өліктердің ортасын кешіп жүретінімді білмеппін ғой мен.

Автор. Сіз шығармаларыңызды қай тілде жазасыз?

Бауыржан. Екі тілде: орысша, қазақша. Екі тілде де менің шығармаларымның оқиғасы, өрмегі, кейіпкері ортақ адамдар. Оны орысша жазғанда менің көз алдымда тек қана Иван, қазақша жазғанымда тек қана Ілияс отырады. Мен олармен өз тілдерінде сөйлесемін.

Содан Гоголь көшесін қуалап келе жатсам бір үйдің алдында: «Ауылшаруашылық институты» деген жазу тұр. Қуанып кеттім. Осыған түсейін, агроном болайын деп ойладым. Ректоры Ораз Жандосов екен. Осылай да осылай деп жайымды айттым.

— Шырағым, — деді ректор, — жеті жылдық біліммен институтқа түсе алмайсың. Осы институттың екі жылдық кешкі рабфагі бар, соған түс. Халың қалай, ақшаң бар ма?

— Жоқ.

— Онда сен маған көмекші хатшы болып, бір жағынан айлық ал.

Сөйтіп, бір жағынан кешкі рабфакта оқып, бір жағынан Ораз ағаға көмекші хатшы болып үш-төрт айдай жүрдім. Жандосов өте шешен, ақылды кісі еді. Кабинетінде көп болмайтын: анда-мұнда шақырып, отырғызбайтын. Сондықтан мен сабағымды алаңсыз оқып, отыра беретінмін.

Бір күні кешке рабфактың оқу ісін меңгерушісі бірер сұрағыма жауап бере алмағаным үшін маған жатып кеп ұрысты. «Жандосов сияқты білімді адамның қасында отырып, сабақ білмеуге ұялсаңшы. Және өзі жалақы алып оқиды. Жалақы алған студент оңушы ма еді?» деп жерден алып, жерден салды.

Осыдан кейін мен Ораз ағаға көрінуге ұялдым. «Өлімнен ұят күшті» деген емес пе, ол кісіге айтпастан, рабфакты да, көмекшілікті де тастап, кеттім де қалдым бір күні. Әрине, соның бәрі жас кездегі балалық, намыскерлік қой, қарағым.

Автор. Қазақ әдебиетінің әскери тақырыпқа жазылған туындылары туралы пікіріңіз қандай?

Бауыржан. Ол туралы айтсам бәрін де өкпелеп қаласыңдар. Әскери тақырыпты біздің көпшілік жазушыларымыз әлі түсінбейді. Түсінбейтіні тәжірибе, білімі жетпейді. Ал әскери өмір күрделі, оның үстіне көктемдей құбылмалы өмір. Сондықтан оның терең сырын білу оңай емес. Адамның үйдегі психологиясы бір басқа да, соғыстағы психологиясы мүлде өзгеше болады. Бұл екі жағдайдағы психологияның арасы жер мен көктей. Әрине, соғыста болмай-ақ, суық окопта жатпай-ақ, төбеден төнген бомбаның жаныңды суырып алардай боп шыңғырған даусын білмей-ақ, жаралы жер мен жаралы адамның ыңырсығанын естімей-ақ, дәрі мен қанның исін иіскемей-ақ, үйде отырып-ақ әскери шығарма жазуға болады. Ондай жазушыны, жалпы білімі болғанымен, соғыстан сауаты жоқ жазушы дейміз. Ал өзі сауатсыз жазушының кейіпкері надан болып шығады. Ондай кейіпкерлер, мысал үшін, Ұлы Отан соғысында қарсы келген жауды найзаға шаншып алып, лақтыра береді, лақтыра береді. Ал оның адамды лақтырған жеріне сенің тас лақтырсаң құлашың жетпейді. Бұл біздің асыл қазынамыз ауыз әдебиетінің тәсілі. Егер «Қобланды батыр» жырын өзіміздің ең алғашқы әскери дастанымыз деп есептесек, соны бірінші жырлап шығарған ақынның соғысқа қатыспаған жан екені бесенеден белгілі болып тұрады. Ондағы соғыстардың бәрі де соғыс өмірінің шындығынан аулақ алшақ жатады. Ал адам туралы ғылым кең өрістеген қазіргі заманда әскер психологиясын ауыз әдебиетінің әдісімен бейнелеп, суреттеуге болмайды.

Соғыстан пәленбай мың шақырым жердегі алыста, туған үйінде отырып жазған жазушы тұрғай, майданнан 250 километр алыста болған тыл офицері алдыңғы шепте жүрген дивизия командирінің, ал майданнан он километр аулақ тұратын штаб хатшысы алғы шепте жүрген жауынгердің психологиясын білмейді. Сондықтан олар өзі бастан кешпеген ерлік пен батылдықты, үрей мен қорқынышты соғысқа қатынасқан адам сенетіндей етіп суреттей

алмайды. Ондайлар тек қана өздерінің оқығандарынан, естігендерінен, өз ойы ғана жеткен мөлшерден қоспа жасайды. Қоспа дегеннің не екенін білесің бе? Қазақта осындай бір дәм бар. Оны ірімшіктің, құрттың, тарының, бидайдың талқанынан жасайды. Бәрін араластырып жіберіп, сары майға жаншады. Сонда одан аузына салғанда ірімшіктің де, сықпа құрттың да, тарының да, талқанның да дәмі білініп тұрады. Бірақ ол тары да емес, ірімшік те емес, небәрі қоспа ғана. Соғыс жайындағы әр кітаптың әсерінен құралған шығарма да сондай болады. Сен зеңбірек командирі болдың, артиллерияның кіші командирісің. Өзін ойлашы: жабық позициядан жау жаққа дүңкілдетіп снаряд жолдап жатқан сен дәл сол сәтте, төбесінен сенің жіберген снарядтарын ысқырып өтіп, окобының жиегін жау пулеметінің оғы инедей шабақтап жатқан кездегі өзі бас болып жігіттерін атакаға көтеруге міндетті жаяу әскер кіші командирінің психологиясын білесің бе? (Мен басымды шайқадым). Білмейсің. Білмеген соң оны жеткізіп айту киын. Ал соғыстың философиясын, солдаттың психологиясын жеткізіп көрсете алмаған туынды әскери шығарма емес, әшейін шатпырақ қана болады, қарағым. Сен де әскери тақырыпқа жазып жүргендердің бірісің. Көңіліңе келсе де менің сендердің шығармаларын жайында айтар шындығым осы, шырағым.

— Сонымен таңертең рабфактың есігін қатты жауып кетсем де, жастықтың қызбалығымен бәрі бір басқа күн көріс табармын десем де, түс ауа-ақ тығырыққа тіреле бастадым. Енді Сырғабековке де, Тәштитовке де баруымның реті жоқ деп білдім. Сөйтіп, салбырап көшеде келе жатқанымда артымнан біреудің менің атымды атаған даусы естілді. Жалт қарасам бұрын Жуалы аудандық атқару комитетінде өзіммен бірге қызмет істеген Тимофей Терентьевич Дубовик деген кісі келе жатыр.

— Айналайын-ау, өзің жеткізетін емессің ғой, — дейді қолын ұсынып.

Екеуіміз шұрқырасып табыстық. Ол маған бірден:

— Жүр, екеуіміз алдымен бір жерден барып тамақ ішейік. Менің күні бойы ас ішуге мұршам болған жоқ, — деп ұсыныс жасады.

Дубовик жол-жөнекей менің хал-жайымды сұрады. Асханада отырғанда өзінін қазір Шымкентте өнеркәсіп банкының басқарушысы болып қызмет істейтінін айтты. Менің жай-жапсарыма әбден қанғаннан кейін ол мені Шымкентке қызметке шақырды. Мен басқаратын банкке экономист боласың, — деді.

— Болайын, — дедім мен. Ол жұмыс менің қолымнан келе ме, келмей ме, онда шаруам жоқ тіпті.

— Ендеше, сен осы сәттен бастап Шымкент өнеркәсіп банкының қызметкерісің, — деді Дубовик қолын қалтасына салып жатып. — Мә, екі жүз сом ақша. Бұл сенін әзірге алған

авансың болып есептеледі. Мә, мынау Шымкенттегі менің үйімнің әдірісі. Қазір поезға мініп жүріп кет те, тура біздікіне барып тұр. Екі күннен соң артыңнан мен де жетемін.

Бұл өзі 1931 жылдың бас кезі болатын. Менің маңғазданып, бұлданарлық жайым жоқ еді. Асханадан шығысымен вокзалға бардым да, билет алып, бірден Шымкентке тарттым.

Автор. Сіз «Біздің семья» кітабыңызды қашан жаздыңыз. Оны қазақша шығартпайсыз ба?

Бауыржан. Бұл кітапты мен 1947 жылы Бас штабта оқып жүрген кезімде жаздым. 15 күнде бітірдім. Оны қазақ, тілінде шығармаймын. Өйткені ол тек қана орыс оқырмандарына арналып жазылған дүние.

Автор. Бұл кітабыңыздың жалғасы жоқ па?

Бауыржан. Бар, жазулы дайын тұр. Орыс тілінде. Баспаға ұсынғам жоқ. Өзің өлгеннен кейін де бір нәрселеріңнің жариялануы керек шығар.

— Ал сонымен мен Шымкентке келейін. Менің артымнан астанадағы жұмысын бітіріп, Дубовик те қайтып оралды. Келісімен ол: «Б. Момышұлы Шымкент өнеркәсіп банкының экономисі болып тағайындалсын» деген бұйрық жазып, қолын қойды да, Корнеев деген аға экономисті шақыртты.

— Мына жігітті экономист етіп тағайындадық, — деді Корнеевке мені таныстырып.

— Арнаулы білімі бар ма? — деп сұрады Корнеев.

— Жоқ.

— Ендеше қате жасағансыз, — деді Корнеев Дубовикке. — Арнаулы білімі барлар да экономистікке жарамай жатады. Мен бұлай етуіңізге кеңес бермеймін. Өзіңіздің де арнаулы біліміңіз жоқ, күйіп кетесіз.

— Мен бұйрыққа қол қойдым, — деді Дубовик даусын көтермей жай сөйлеп. — Енді оны өзгертпеймін. Мен бұл жігіттің қабілетті екенін білемін, үйретеміз, алып кетеді.

— Онда өзіңіз үйретерсіз. Мен оқыта алмаспын.

— Жоқ, сіз үйретесіз, — деді Дубовик тағы да даусын көтерместен. — Сіз мені де, мұны да үйретесіз, үйретуге міндеттісіз. Біз білмейміз, ал сіз ескі мамансыз.

— Маманмын, бірақ мұғалім емеспін.

— Мұғалім болу ниетке байланысты. Біздің ортақ ісімізге адамдар мен мамандардың адал ниеті қажет.

Корнеев үндей алмай қалды. Алғашында осқырынып жүргенімен, артынан ол епте маған үйрете бастады. Оның тапсырмаларын мен бұлжытпай орындай бердім. Қарт маған бірте-бірте жібіп, жұмсара түсті.

— Мына жігітімізден бірдеңе шығатын түрі бар, — деді ол бір күні Дубовикке. — Арнаулы білімі болмаса да, ықыласы күшті екен.

Арнаулы білімім болмаса да экономист боп бір жыл қызмет істедім.

Автор. Қазір не жазып жатырсыз?

Бауыржан. Қазір жазғанымды айтуға аузым бармай отыр. Бір нәрсені бітірдім. Оны жазып жүргеніме 3 — 4 жылдан асып кетті. Көлемі 350—400 беттей болды. Бұл нәрсенің шартты аты «Последние дни войны, последние дни солдата». Өзін өте қиналып жаздым. Оттан алған қып-қызыл темірді ұсталар төске салып соғып-соғып, қажетті пішінге келтірген соң шыж еткізіп суға тастай салмай ма? Сол сияқты жазғанымды «суыту» үшін біраз уақыт тығып тастадым да, содан соң «Арасан-Қапалға» апарып, бір жарым ай қайтадан қарап шықтым. Шынымды айтсам оны өзім әлі де шикілеу дүние деп таптым. Мұндай үлкен тақырыпқа ондай шала нәрсемен көрінуге болмайды деп түйдім. Қайта жазуым керек деген қорытындыға келдім. Демалып, денсаулығымды түзеп, сәл есімді жинаған соң бұған қайта отырамын. Мұның қалай сәті түседі, білмеймін. Шала туып, тымаққа салып, керегенің басына іліп қойған баладай болып, осы менің қол-аяғымды буып отыр. Оны тастап ешқайда кете алмайсың, жаңа нәрсеге және кірісе алмайсың. Осы кітабымды түбегейлеп, түптеп, оқушы қолына беріп кетсем арманым болмас еді деп те ойлаймын, қарағым.

1932 жылы ноябрьде мені военкоматқа шақырды. Жиналған жігіттерді тыр жалаңаштандырып, дәрігерлердің алдынан өткізіп жатыр. Біреу сыртты, біреу ішті, біреу тісті қарап, тақия жүгіртпек ойнағандай, дәрігерден дәрігерге қарай сырғып келе жатырмыз. Менімен Иманәлиев деген бір жігіт қатар кірген еді. Алғашында сап-сау жігіт комиссияға кіргенде біресе ішім, біресе ітісім деп, өп-өтірік қиналды да қалды. Көз дәрігерінің алдына келгенде жұдырықтай әріптерді көрмеймін деп, көпе-көрнеу өтірік соқты. Мен дәрігерлерге денсаулығымның жақсы екенін айтып, әріптердің бәрін заулатып оқып бердім.

Ең соңында комиссардың алдына жаңағы Иманәлиев екеуміз тағы да қатар бардық.

— Өзіңіз айтқаныңызбен денсаулығыңыздан әскерге баруға бөгет боларлықтай ақау табылған жоқ, — деді комиссар ана жігітке. — Сізді әскерге алуға болар еді. Бірақ өзіңіздің барғыңыз келмейтін сияқты. Біз әскерге өз еркімен барғысы келгендерді ғана аламыз.

Иманәлиев басын изеп шығып кетті.

— Сіздің де денсаулығыңыз жарамды, — деді комиссар маған. — Бірақ қарт кісінің жалғыз баласы болғандықтан, сізге берілетін жеңілдік бар. Егер әскерге барғыңыз келмесе, сізді де қалдыруға болады.

Бармаймын деуге менің аузым бармады.

— Барамын, алыңыздар, — дедім комиссарға.

Ертеңінде үйге мынадай қағаз келді:

КЕЛУ КАРТАСЫ № 20

Азамат Момышұлы Шымкент шақыру комиссиясының ұйғарымы бойынша әскерге жарамды деп танылып, 8 командаға тіркелді.

Сол себепті ол 1932 жылдың 7 ноябрінде сағат 7-де Шымкент қорғанына келуге міндетті.

Комиссия председателі (Қол қойған).

Іс жүргізуші (Қол қойған).

(Мөр басылған).

Автор. Кітаптарыңыз неше рет басылып шықты? Қандай тілдерге аударылды?

Бауыржан. Кітаптарымның күні бүгінге дейінгі тиражы бір миллион данадан асты. Олардың жеке тараулары чех, поляк, испан, француз, ағылшын тілдерінде басылып шықты. Толығырақ болып өзбекшеге аударылды.

— Әскери қызметті мен Термезде өтедім. Қызыл әскер болдым. Жауынгер қатарында тапсырма орындай жүріп, үздік қызыл әскер атағына іліндім. Полкымыздың командирі Дмитрий Коваленко деген кісі еді. Бір күні стрельбищеде болған жаттығуда сол кісінің көзіне түстім. Алғашқы әскери ұстазым Николай Редин деген кісі күні бүгінге дейін көз алдымда. Бұл жайында мен «Помкомвзвод Николай Редин» деген әңгімемде жаздым. Оны кітаптан оқып ал.

Мен ол әңгімені оқығанмын. Бауыржан Момышұлының 1962 жылы шыққан «За нами Москва» кітабының ең соңғы беттері нақ сол әңгімемен аяқталады. Бауыржан, ұзын, етсіз саусақтарымен мұртының екі жақ шалғайын кезек сипап, сәл тыныс алған осы бір сәтте сол әңгімені есіме алдым. Әңгіменің бас жағында Николай Рединнің жас қызыл әскер Момышұлын қалай үйреткені, оны қалай мергендікке баулығаны баяндалады. Дивизия тексеруге Буденныйдың орынбасары генерал Когосов келгенде, қызыл әскер Шылымылының (Момышұлының) үш минутта отыз екі оқ шығарып, оның жиырма екісін

нысанаға тигізгені, осы шапшаңдығы және мергендігі үшін генералдың Бауыржан мен оның ұстазы Николай Рединге алғыс жариялағаны айтылады. Ұстаз бен шәкірт осыдан он жылдан аса кейін, Ұлы Отан соғысының майданында кездеседі. Бұл кезде Бауыржан Момышұлы дивизия командирі де, Николай Васильевич Редин сол дивизияға қарасты танкке қарсы қолданылатын артиллерия дивизионында взвод командирі. Бірақ Бауыржан алғашында бұрынғы ұстазының өз қарамағында қызмет ететінін білмейді. Тек бір ұрыста Редин есімді артиллеристің бес танк жойғанын естіп, сол адаммен танысқысы, жүздескісі келеді. Ол Бауыржанның бірінші ұстазы Николай Рединнің өзі болып шығады. Содан кейінгі ұрыстардың бірінде ауыр жараланған Редин Бауыржанның көз алдында қаза табады. Әңгіме былай аяқталады:

«...Телефон шырылдады.

— Жолдас полковник, — деді таныс емес әйел даусы, — мен дәрігермін. Ғафу етуіңізді сұраймын. Бізге жаңа ғана старшина Рединді алып келді, жарасы өте ауыр...

Мен дереу медсанбатқа жеттім. Зембілде жатқан Николай Васильевичтің жүдеу жүзі құп-қу болып кетіпті. Палатадан қан мен қарағай қылқанының исі мұңкиді.

Мен келіп кіргенде, Редин қарманып орнынан тұрмақ болды.

— Бауыржан! — деді ол маған. — Келіп қалдың ба? Көрмейсің бе, немістердің омыртқамды омырып жібергенін... Комдив келгенде орнымнан да тұра алмай қалдым!.. Бұдан өткен өкініш бола ма, Бауыржан. Сен менің мұнымды ғафу ет, қалқам...

— О не дегеніңіз, Николай Васильевич, о не дегеніңіз, қымбаттым, тұрудың керегі не!. Ұстаздығың үшін, қызметің үшін көп рақмет саған, Николай Васильевич! Рақмет саған, қымбаттым!

Ол көзін ашып, сұп-суық боп мұздап бара жатқан қолын ұсынды да, даусы естілер-естілмес болып былай деді:

— Сен солай дейсің бе?.. Совет Одағына қызмет етемін! — Бұл оның ең соңғы сөзі болды.

Мен оны құшағыма алып, еңіреп қоя бердім.

Менің алғашқы ұстазым, тұңғыш командирім Николай Васильевич Редин осылай дүниеден қайтты».

Автор. Сіз жайында ел ішінде айтылатын аңыз орасан көп. Қазіргі жазба әдебиеттің заманында ауыз әдебиетінің де кейіпкері болып жүрген екі-үш адам бар. Олар: С. Мұқанов, Б. Момышұлы және С. Жанбаев. Өзіңіз туралы етек алып кеткен сол аңыздар жайында не айтар едіңіз.

Бауыржан. Мен өмірімде екі түрлі аңызды басымнан кешірдім. Бір кезде мені жер-көкке сыйғызбай аңызға айналдыра мақтады. Кейінгі кезде әркімдер аңызға айналдыра жамандады. Мақтады деп тасқамын жоқ, жамандады деп жасығамын жоқ. Қара қылды қақ жарғанды мақтайды да, боқтайды да ғой, қарағым.

V

Автор. Жазушылыққа шындап қашан бет бұрдыңыз?

Бауыржан. Партия мен үкімет әскерде көп қызмет істедің, демал деп, айына екі жүз сом пенсия тағайындап, ауылыма қайтарды. Елге келгеннен кейін екі қолым алдыма сыймады. Қызметке тұрайын десем, мамандығым жоқ. Қалай дәрігер, агроном бола алмағанымды жоғарыда айттым. Мамандығым болмаған соң маған жұмыс бер деп ешкімге айта алмадым. Қарап жүруге тағы да болмады. Аз болсын, көп болсын біраз өмір сүріппін. Сол өмірде көргендерім де аз емес екен. Айтсам арттағыларға ғибрат боларлық та жайлар жеткілікті сияқты. Білім де, тәжірибе де, оларды айтып беруге тіл де баршылық. Қазақта: «Сайтан өлмейді, адам өледі» деген нақыл бар. Ендеше, ерте ме, кеш пе, мен де сол өлетіндердің бірімін. Осыларды ойлап отырдым да бір күні: «Менің білімімнің, тәжірибемнің, әй, құдай біледі, ана дүниеге керегі жоқ шығар. Енді қалған өмірімде көрген-білгенімді жастарға айтып кетейін» деп қолыма қалам алып, жазу жұмысына кірістім. Өзім көрген асыл азаматтар өнегесін, өз тәжірибемді өсіп келе жатқан ұрпаққа үлгі етіп қалдыруды адамгершілік парызым деп білдім. Жазушылыққа осылай бет бұрдым.

Сөйтіп, бір жыл өтті. Мен әскери борышымның мерзімін өтеп болдым. Осы кезде Коваленко маған взвод командирі болып әскерде қалсаң қайтеді деген ұсыныс айтты.

— Кәрі әкенің жалғыз баласы едім, — дедім мен оған. — Қатардағы қызыл әскер ретінде парызымды өтедім ғой. Өмір бойы әскери адам болсам деп ойлаған кісі емеспін. Сондықтан мені елге қайтаруыңызды өтінемін.

Коваленко қарсы болған жоқ. Қыс түсе мен әскерден босап, елге қайттым.

Автор. Сіз өзіңіздің мақал, мәтелдеріңізді қалай шығардыңыз?

Бауыржан. Мақал, мәтел — өмір тәжірибесі. Қиналған, қысылған сәттерің мен шақтарың бар, сол қысылшаң кезден қалай құтылғаныңды оймен өрнектеп, сөзбен кестелесең, тұжырып қысқа бейнелесең нақылға айналады. Қол астыңда пәлендей мың солдат болып, оның пәлендей семьясының тағдыры және сенің мойныңда болса, ойланбай отыра алмайсың. Сонымен солдатты өлімге жұмсау да оңай емес. Қарамағымдағы жауынгерлер маған тек бағынышты ғана болған жоқ. Олардың ішінде ақылгөйлері де көп болды. Кейде солардың ауыздарынан асыл сөздер атқылап жатады. Мен елден естігенімді, оймен елеп, екшей бердім. Екшегенімді ерінбей қағазға түсірдім.

Автор. Сіздің сол көп нақылдарыңыз ішінде әсіресе өткірі, уыттысы «Бақаның бағынан, сұңқардың соры артық» деген мақалыңыз қалай туып еді?

Бауыржан. Жақсы командир жауынгерін зор етеді. Жаман командир офицерін қор етеді. Генерал Панфилов қайтыс болғаннан кейін аз уақыт болса да осындай бір командирге тап болдық та, ол бүкіл дивизияның берекесін алды. Сондай бір қысылғанда ауыздан шыққан сөз ғой бұл, қарағым.

Мен қақпайлағанмен Баукең өзі нысана тұтқан желісінен ауытқысы келмейді білем, өз арнасына қайта түсе жөнеледі.

— Сонымен 1933 жылдың аяғында, қақаған қыста, шинелімнің екі етегі делеңдеп, шлемімнің екі құлағы салпаңдап, Бурныйға тоқтаған поездан дік етіп жерге түстім. Поезда келе жатқанда Тайганың алдан қашқан ақ түлкісінің құйрығындай жеп-жеңіл, жұп-жұмсақ сияқтанып, дала бетінде бұлаңдап тұрған боранның жерге түскенде екпіні ер жігітті алып соғардай қатты екен. Маңдайында қызыл жұлдызы жарқыраған шошақ шлемнің екі құлағын иегіме қамзау етіп байладым да, алдымен ауыл жаққа қарадым. Ауыл көрінбейді. Мынау сансыз ақ түлкінің құйрығындай бұлаңдаған ақ түтектердің ар жағында, төрт-бес шақырым жерде ғана тұр. «Жүр-жүрлеп!» жүректі сағыныш жетелейді. «Сабыр, сабыр!» деп санам тартпақтайды. Жас адамға жүрек — би. Сана билейтін шар тартқан кез емес еді ғой ол. Сақылдаған аяз, соғып тұрған боранға қарамастан: «Қайдасың аяулым, ауылым? Қайдасың ата-ана, бауырым?!»—деп, Мыңбұлақты бетке алып, жүрдім де кеттім.

Боран менің кеудемнен соғады, мен оны кері итеремін. Екеуміз теке тіреспен келеміз. «Айналайын даламның ақ бораны! Бауыржан әскерде қандай азамат болды екен деп сынағын келетін болар сенің. Сына! Ал аяғымнан! Күрес менімен. Бәрібір Бауыржан сенің қиқағыңа көнбейді!» деймін өз-өзімнен күбірлеп.

Сөйтіп, Евгеньевканың тұсына жеттім. Жол селоға соқпай, сыртымен өтетін еді. Бала күнімде көшесінде талай рет асыр салған село көзіме жылы ұшырап кетті. «Евгеньевка, амансың ба, ей?» дедім бар даусыммен айқайлап. Менің аузымнан шыққан айқайды боран ала қашып, естіртпеді-ау деймін, сірә, мұржалары қиқиып, шатырлары тоңған торғайдың қанатындай қобырап тұрған село бері қарай жүрмей, ары қарай алыстаған сияқтанып, көзімнен ғайып болды. Тағы да аз-маз тұрдым. Боран сәл толастап, село қайта көрінді. Көзіммен Гончаровтардың үйін іздеп таптым да: «Әй, Василь, не істеп отырсың?» деп тағы бір саңқ етіп, қайтадан ауылыма қарай аяңдадым.

Бір кезде қар ойылып кетіп, белден келер тереңге гүмп еттім. Мыңбұлаққа жеткенімді сонда ғана білдім. Өйткені біздің ауылымыздың айналасы сансыз бұлақ болатын. Сондықтан да ол жер Мыңбұлақ атанған. Ол бұлақтардың суы қыста қатпайтын, жылы болатын. Осындай боран соғып тұрғанда бетін қар бүркеп қалғаны болмаса, боран

басылысымен бұлақтар бетін ашып, бойларынан буы бұрқырап жататын. Сөйтсем мен сол бұлақтарға келіп сүрінген екенмін.

Ит үрді. Мыңбұлақтың босағасына жеткенімді енді тіпті айқын сездім. Сартылдатып қақпаны қаққан түнгі жолаушыдай болып, жұдырықтай жүрегім кеудемді ұрғылады. Бірақ бір таң қалғаным бұрын ауылда бір ит үрсе, дереу оған екіншісі қостап, шәңкілдеп үшіншісі, маңқылдап төртіншісі қосылып, шыға келетін еді. Сөйтіп, ит үнінің ансамблі туатын еді. Сонда маған біріне-бірі үн қосу жағынан иттен ұйымшыл еш хайуан жоқ шығар деген ой келетін. Енді міне тарқаған ансамбльден қалған жалғыз әншідей болып, жалғыз ит қана шәуілдейді.

Автор. Ең жақсы көретін ұлттық тамағыңыз не?

Бауыржан. Быламық пен ботқа, тары көже, күріш көже, сұлы көже, бір сөзбен айтқанда көжелер. Бұлардың бәрі мені «ашаршылықта жеген құйқадай» аузымда дәмі мәңгі қалған астар. Қазір біреу «ашыған бидай көже» деген сөзді аузына алса, мен арақ көрген алкоголиктей болып, өз-өзімнен тамсана бастаймын.

— Боранды күндері ауыл үйлерінің есігі бекітулі болады. Бұйығып әркім өз отының басында отырады. Ондайда кезеген аяқ қыдырмашылар да қыбыр ете алмайды. Міне, осындай сәттің бәрінде, кешке таман, бораннан бұғып, Жуалының бауырына тығыла жым-жырт боп жатқан ауылыма келдім. Үстін жым-жылас етіп қар басқан, жым-жырт ауылым маған жайнаған жәрмеңкедей боп көрінді сол сәтте.

Біздің үйдің қақпасы бекітулі екен. Жүгіріп отырып, үй сыртындағы қар басқан терезеге бардым. Бетімді суық шыныға тақап тұрып әкеме дыбыс бердім.

— Бұл кім? — деп жалғыз ұлын сағынып, елегізіп отырған әкем терезе алдына келді.

— Жәке, мен ғой! — дедім даусым балапандай шар ете түсіп.

— Әй, Айқан, етігім қайда? — деген әке даусын және естідім. Содан соң шинелімнің Мыңбұлақтың суына малынып, сауыс боп қатып қалған екі етегімен омбы қарды сызып, асыға қақпаға қарай жүгірдім.

Алыстан аңсап келгенде туған үйінің есігін алдыңнан шығып әкең ашқан қандай ғанибет десеңші, шіркін! Екі аяғын қоңылтаяқ етікке сұға салып, көйлек-дамбалшаң жалаңбас жүгіре шыққан, көзінен ыстық жасы сақалына моншақтаған сол сәттегі әке суреті жүрегімде мәңгі сақталып қалды.

Әкемнің асырап салған Бегімше деген қызы болушы еді. Есік ашуға сол қоса жүгірген екен. Әкем мені құшақтап, мауқын басқаннан кейін Бегімшені көкемдердікіне жұмсады.

— Бар, Бауыржан келді деп хабарла! — деді.

Жәкемнің жүрегінде қаншама маған деген сағыныш, мақтаныш, үміт жатқанын мен сонда ғана аңғардым. Бірақ мен әкемнің кәрі жүрегін сыздатқан сағынышын сәл басқанмен, аталық асыл мақтанышын ол кезде ауыл төңірегінен асыра алмадым. Үмітін үлбіретіп көзі тірісінде қолына ұстата алмадым.

VI

Автор. Арғы-бергі әнші композиторлардан кімді ерекше бағалайсыз? Ән мен күйден аса ұнататындарыңыз қайсылары?

Бауыржан. Тоқтай тұрғын. Мен ойымды аяқтағамын жоқ әлі... Не дедім мен? Иә, үмітін үлбіретіп көзі тірісінде алақанына апарып қондыра алмадым. Өзіне өмір берген асыл ата-анаңның қасиетті қарызын өздерінің алдында өтей алмай өту де арман екен-ау, қарағым. Олар: бізге қарызыңды өзіңнің парызыңа айналдырып, біздің немерелерімізге бер деп қайрылмастан кете береді екен ғой жарықтықтар. Ал немере дегендері сенің асыл борышыңды иесіне адал өтегеніңді білсе жақсы, білмесе жаныңа жамау ғой ол да бір. Әркімнің өз қарызын өзіне өтегенге не жетсін өмірде! Алғаныңды ақы иесіне қайыру да ғанибет қой, қарағым. Ал жаңағы сұрағыңды қайтадан қойғың.

Автор. Арғы-бергі әнші, композиторлардан кімді ерекше бағалайсыз? Ән мен күйден аса ұнататындарыңыз қайсылары?

Бауыржан. (Аз ойланып алды). Бұрынғы классик күйші, ардагер әншілердің бәрін де ұнатамын. Ал қазіргі әнші, композиторлардан көпшілігін жоғары бағаламаймын. Өйткені кейбір әншілер қазақ әнінің әуенін бұзып, үнін өзгертіп, қазақтың тілін тұтықтырып, сөзін сындырып айтады.

Осыдан кейін домбыра шерткен сияқтанып, сол қолын көтере ұстап, он қолын сермеп, сөзін айқын етіп, «Қаракесекті» әндетіп шықты.

Сұрасаң руымды Қаракесек,

Досымнан дұшпаным көп қылған өсек.

Дұшпанның қуғындаған жаласынан,

Жатқаным қу қарағай болып төсек.

Міндім де қаракөкпен жылыстадым,

Бардым да Қараөткелге жыл қыстадым...

— Бұл нағыз ән ғой? — деді Бауыржан маған басын изеп.

— Ән.

— Қандай ән?

— Жақсы ән.

— Жақсы дейді ғой, — деді ол қабағын шытып, — Трагедиялық ән емес пе?

— Иә, қасіретті, қайғылы ән.

— Ендеше осы күнгі әншілер бұл әнді былай етіп айтады:

Сұрасаң аруымды Қара-кисек, Досымнан дұшпаным куп қылған осек. Миндим де қоракукпен жылыстадым, Бардым да Қарауткелге жылқы ұстадым...

Бауыржан осылай, өлеңнің алғашқы түсінікті сөздерін адам ұқпастай етіп өзгертіп, көзін ойнақыландырып, ырғаңдап, селкілдеп отырып, қайтадан әндетіп шықты.

— Міне, көрдің бе, кейбір әншілер қайғыны биге, қасіретті арзан күлкіге, мұңды қуанышқа айналдырып жібереді. Ендеше, мен неге ондай әншілерді жақсы көруге тиіспін?.. А?..

Осылай деп ол маған ежірейе қарап, қатты ақырып қалды. Осы кезде ана жақтан әйелі жүгіріп келіп, есікті ашып жіберді де, жапалақтап менің бетіме қарады. Тегі Баукең екеуміз бірдеңеге шатақтасып қалды ма деп сасқалақтап келгенге ұқсайды.

— Бауыржан, немене, мені шақырдың ба? — деді одан соң күйеуіне бетін бұрып.

— Әй, жапқын есікті! — деп Бауыржан әйеліне қолын бір-ақ сілтеді.

Кәмәш есікті жауып, кетіп қалды. Сәл үнсіз түксиіп отырды да, Бауыржан сөзін қайтадан жалғады.

— Мен бұрын Күләш марқұмның әндерін көзім жасаурап отырып тыңдайтын едім. Қазір Бибігүл ән айтқанда үнсіз егілемін. Ертеде қазақтың классикалық әндері тек еркек әншілердің ғана аузымен тараған еді. Қазіргі классикалық әндер әйел әншілеріміздің көмейіне ұялаған... Иә, жаңа қай жерге тоқтап едім?

— Момынқұл көкем мен Саракүл жеңешем келді жүгіріп. Біздің үйдің іші лезде мәре-сәре болды да қалды аяқ астынан.

Бұрын үйіміз едәуір мүлікті болушы еді. Ертеңінде айналама көз салсам төрдегі жүк те, төсектегі жиһаз да жұтаң тартып кетіпті. Солардың бәрі тамаққа жұмсалыпты. Мен келген күні біздің үйде небәрі бір пұттай ғана ұн қалған екен. Сол азғантай ұннан күн сайын бір уыстап алып, быламық істеп күн көріп отырса керек. Бір үйлі жанның қыстан шығар бар

үміті соған тіреліпті. Үйдің осы жайын көргеннен кейін, келген бетте суық тиіп, ауырыңқырап қалғаныма да қарамастан 2 — 3 күннен кейін Шымкентке тарттым.

Алдымен өзімнің ескі ұям — өнеркәсіп банкысына бардым. Барсам Дубовик әлі сонда екен. Оны көріп мен қуанып, мені танып ол шаттанып, екеуміз мәз-мейрам болдық.

— Әскерден келдің ғой?

— Әскерден.

— Арнап маған келіп тұрсың ғой?

— Иә, сізге, Тимофей Терентьевич

— Бірге қызмет істейміз ғой?

— Істейміз. Мен әзірмін.

Бұрынғы Корнеев ақсақал кетіп қалған екен де, оның орнына экономист болып, Догалин деген кісі келіпті. Бас бухгалтер болып сақал-шашы әппақ қудай Бурмистров деген шал отырыпты. Дубовик мені оларға таныстырды.

— Біздің бұрынғы қызметкеріміз. Әскерге барып келді. Мұнда қайтадан қызметке аламыз, — деді ол.

Дубовик мені жалақысы жоғары деп кен істері жөніндегі аға экономист етіп тағайындады. Бұйрықтың екінші пунктіне маған көшіп-қону қаражаты босатылсын және 30 сом жәрдем жасалсын деп және қосты. Бухгалтерге есептеттіріп, барлығы 110 сом ақшаны қолыма ұстаттырды да:

— Ал Бауыржан, осы қазір үйіне жөнел, — деді Дубовик. — Мына ақшаның жартысынан көбін қарттарға бер. Сен он бес күннен кейін тағы да жалақы аласын. Өзіңе сол жетеді. 2—3 күн үйіңде аунап-қунап, жұмысқа біржола көшіп кел.

Тек әке ғана жасайтын жақсылықты Дубовик маған тағы да жасады. Шинелімнің екі етегі деленděп тағы да ауылға жеттім.

— Оу, неғып тез келіп қалдың? — деп үйдегілер үрпиісіп қалды.

— Қызметке тұрдым, — дедім мен жайраңдап.

— Қалай тез болды? — деп таңданысты бәрі.

Мен Дубовиктің жасаған жақсылығын айттым.

— Біздің Бауыржанның жұлдызы орысқа жүреді, — деп Момынқұл көкем желпініп-желпініп жіберді.

Мен әкемнің алдына ақшамды жайып тастап:

— Жәке, керегінше алыңыз, — дедім масайрап.

Әкем санап отырып жиырма сомын ғана алды.

— Жоқ, жартысынан көбін алыңыз, — дедім Дубовик айтқандай.

— Әй, шырағым, біз үйдегі адамбыз, сен түздегі жансың. Бізге осы да жетеді, елмен қатар күн көреміз. Жырақта жүріп, өзің қиналып қалма, қарағым.

— Жоқ бастығым сізге алпыс сом алсын деп айтқан, — дедім де, әкеме тағы қырық сомын қосып бердім.

VII

Автор. Сіз домбыра тартасыз ба, қобыз шаласыз ба?

Бауыржан. Жоқ екеуін де білмеймін. Тек пианино, рояльда ойнаймын.

Автор. Қазақтың қандай ұлттық дәстүр, қасиеттерін жақсы көресіз?

Бауыржан. Қазақтың қонақжайлығын жақсы көремін. Өйткені, бұл тек коммунистік қоғамның мүшелеріне ғана тән қасиет. Қазақтың досқа деген мейірбандығын ұнатамын. Мұнда халықтар достығы мен пролетарлық интернационализмнің асыл ұрығы жатыр. Қазақтың қас-жауға қаһармандығын қадірлеймін. Мұнда Отанды қорғаудың қасиетті сезімі сақталған. Үлкенге жол беріп, құрмет көрсететін, сол сияқты кішіге көмектесіп, ізет істейтін сыпайылығын сүйемін. Бұл коллективтік тіршілікті құрметтеу. Жастарының ата-аналары алдындағы перзенттік борышқа адалдығын ардақтаймын. Бұл — адамгершіліктің негізі. Жас семьядағы жарастықты жаным сүйеді. Бұл — семья — мемлекеттің қауіпсіздігінің негізі. Кәрі-жасының ерінбейтін еңбекшілдігін жаратамын. Бұл — жан-жақты өркендетудің сипаты. Әке мен баланың, ағайын арасының ұйымшылдығын ұнатамын. Бұл — мемлекеттік бірліктің басы. Тағысын тағылар. Социалистік өмірімізге жанасымды дәстүр, қасиеттердің бәрін де жақсы көремін, қарағым.

Автор. Рақмет, Бауке. Енді Сіз Мыңбұлақтан Шымкентке айтатын шығарсыз?

Бауыржан. Үйде екі-үш күн болып, қайтадан Шымкентке келдім. Дубовик өзің келгенше саған бөлме дайындаттырып қоямын деп еді. Ол сөзінде тұрыпты. Маған деп әзірлеттірген оңаша бөлмеге бастығымның өзі бастап келді. Соқа басты жігітке шағын бөлменің өзі

даладай болып көрінеді екен. Үстімдегі шинелімнен басқа не астыға салар, не басқа жастанар ештеңем жоқ. Жапанға шыққан жалғыз ағаштай болып, бөлменің ортасында сойдидым да қалдым.

— Саспа, — деді Дубовик менің қысылып тұрғанымды аңғарып. — Қазір саған Борис бауырың матрац, жастық, көрпе әкеліп береді. Өзің төсек-орын сатып алғанша, соны лаждай тұрарсың.

Тимофей Терентьевич аузын жияр-жимаста болған жоқ, есіктен бір матрацты көтеріп Борис кіріп келді. Оның артынан бір жастық пен көрпе құшақтап Дубовиктің әйелі енді. Әкем, шешем, інімдей болып қамқорлық жасаған осы бір тамаша семьяның жан жылуы өмір бойы менің жүрегімде қалды. Дубовик сол кезде елуге тақаған кісі еді. Тегі ойлаймын ол Москва, Ленинград сияқты үлкен қалалардан үлгі, өнеге тарата келген ескі қарт большевиктердің бірі болуы керек. Мұндай мейірім большевиктердің ғана қанына сіңген қасиет қой.

Автор. Александр Бекпен қалай таныстыңыз?

Бауыржан. Оны Бектен сұрағын.

Мен оны Бектен де «сұраған» болатынмын. Бірақ Бек маған Жарытып жауап бермеген. Оның 1968 жылы шыққан «Почтовая проза» дейтін кітабының алғашқы беттерінің бірінде кішкентай ғана төрт абзац бар. Сонда Бек 1942 жылдың басында Старая Руссаның түбінде тұрған Панфилов дивизиясын іздеп барғанын, генерал Панфилов жайында материал жинағанын айтады. Екінші орталық кейіпкерім — Бауыржан Момышұлын да өмірдің өзінен алдым; оның полкында бір айдай болып, марттың бас кезінде кейін қайттым. Кетерімде полк комиссары Логвиненко мені шығарып салып тұрып:

— Сіз қыранның ұясында болдыңыз. Байқаңыз, сары ауыз балапан болып қап жүрмеңіз, — деп еді.

Осы сөз әрқашан да ойымда жүрді. Повестке кіріспес бұрын панфиловшыларға тағы да 5 — 6 рет барып қайттым. Содан кейін барып повесті жазуға отырдым дейді. Бектің маған бар «айтқаны осы ғана болатын.

Бұл таныстық жайын Бектен гөрі Александр Кривицкий 1964 жылы шыққан «Ұмытпай мәңгі» деген кітабында әлдеқайда толық етіп баяндаған еді. Мен соны есіме алдым. Кривицкий кітабының «Москва қақпасының сақшысы» деп аталатын ең алғашқы бөлімінде «Момышұлының көк дәптері» және «Бранденбург қақпасы» деп аталатын екі тарау бар. Оның біріншісінде атақты 28 батыр жайында «Красная звезда» газетінде ең алғаш очерк жариялаған әскери тілші А. Кривицкийдің Москваға Момышұлының көк дәптерін ала келгені айтылады. Көк дәптер иесінің парасатты, білімді командир екендігі

суреттеледі. Соған дәлел ретінде автор көк дәптерден бірнеше мысалдар келтіреді. Бауыржан Момышұлының солдаттарды отаншылдыққа тәрбиелеу жөніндегі ойларын, пікірлерін айта келіп, мұның өзі жүйелі әскери ғылым боларлық дүние екендігін көрсетеді. Ал «Бранденбург қақпасында» Кривицкий Бауыржан Момышұлы мен Александр Бек екеуінің қалай танысқанын баяндайды.

Соғыс басталған күні Александр Бек Москва түбіндегі дачада «Талант» деген (соғыстан соң аяқталып, «Бережковтың өмірі» аталған) романын жазып жатады. Соғыстың хабарын есті сала жаңа басталған романды жинап тастап, дереу Москваға келеді де, екі аптадан соң өзі тіленіп Москваның халық жасақшыларынан құрылған Краснопресня атқыштар дивизиясына алынады. Жаз бойы сол дивизияның құрамында болған Бек сол 1941 жылдың күзінде «Знамя» журналының әскери тілшісі болып ауысады. 28 батыр жайында очерк жарияланғаннан кейін бір күні Бек «Красная звезда» газетінің редакциясына келіп, Кривицкиймен жолығады. Егер сен сол батырлар жайында көлемді ештеңе жазбасаң, мен жазайын деген ойым бар еді дейді. Әскери газеттің күнделікті әуре-сарсаңымен жүрген Кривицкий ондай ештеңе жазуға мұршасы жоқ екенін, мүмкіншілік тапқан күннің өзінде күрделі нәрсе жазу қолымнан келмейтін шығар деп қауіптенетінін айтады. Сонымен, 1942 жылдың февралында Бек поезбен Холм қаласының түбінде тұрған Панфилов дивизиясына жөнеледі. Дивизия саяси бөлімінің бастығы оны 28 батыр шыққан Капров полкына жібереді. Капровқа келсе, онда офицерлердің мәжілісі болып, алдағы бір шабуылдың жоспары талқыланып жатады. Мәжіліске құлақ салып отырған Бектің назары орысша өте жақсы сөйлейтін, үні құлаққа жағымды, ойы жүйрік қазақ капитанына ауады. Капитан талқыланып отырған жоспарды тас-талқан етіп, өз ұсынысын баяндайды.

Мәжілісте сол капитанның айтқаны қабылданады. Москвадан келген жазушы: «Менің осы капитанмен бірге кетуім керек» деген ойға келеді. Оның соңынан қуа шықса, капитан ауыз бөлмеде әлдекіммен телефон арқылы сөйлесіп жатады. Есіктен шыға берген Бек капитанның:

— Иә, көрдім. Маған оның көзі ұнамайды!.. — деген ашулы сөзін құлағы шалып қалады.

Осыдан кейін Бек сасқалақтай бастайды. «Менің көзім бұл капитанға неге ұнамайды» деп, өзінен өзі қуыстанып есі шығады. Осындай қолайсыз күйге түскен ол үйден шығып, орманға қарай беттеген капитанның соңынан қуып жетеді. Ол өзінің болашақ кейіпкері Бауыржан Момышұлымен осылай танысады.

Танысқаннан кейін ол:

— Айтыңызшы, капитан, менің көзім сізге неге ұнамады? — деп сұрайды.

— Қайдағы көзді айтасыз? — дейді алда кетіп бара жатқан Бауыржан артына бұрылмастан.

— Менің мына көзім, — дейді Бек қолын өзінің көзіне тақап.

— Сіздің көзіңізде менің шаруам жоқ. Сіз солдат немесе қыз емессіз ғой мен көзіңізге қарайтын!

— Осы жаңа ғана сіздің мен туралы: «Маған оның көзі ұнамайды» деген сөзіңізді өз құлағыммен естідім ғой.

Бауыржан кілт тоқтап, артына жалт бұрылды да:

— Жолдас жазушы, сіз өзіңіздің көзіңізді, құлағыңызды, тұмсығыңызды өзіңізге қатысы жоқ іске сұқпаңыз, — дейді Бекке қатаң үнмен. — Мен жаңа штаб бастығымен сөйлестім. Оған артиллерия дивизионы бақылау пункттерінің жайын баян еттім. Біз бақылау пунктін артиллерияның «көзі» деп атаймыз. Маған сол пункттердің жабдықталуы ұнамады. Түсінікті ме, сізге?

Алғашқы таныстықтары осындай оқиғадан басталған Бек полк командирі Момышұлының қасында бір айдай болады. Неге екені белгісіз, Кривицкий алғашында Бауыржан Бекті неше түрлі қинауға салды, онымен сөйлескісі келмеді, сырын айтпады, әдебиет үшін Бек оның талай қорлығына көнді, ақыры ол жеңді, Бауыржан әңгімесін айта бастады деп суреттейді. Дивизиядан кетерінде полк комиссары Петр Логвиненко оған:

— Сіз қыранның ұясында болдыңыз. Бірақ өзіңіз қарға болып шығып жүрмеңіз, — деп еді дейді.

Бұдан кейін Кривицкий Бектің алған материалын толықтыру үшін дивизияға екінші рет келгенін, одан соң жазған блокноттарын жоғалтып алып, оның үшінші рет келгенін айтады. Бек қанша қаймығып келгенімен үшінші ретте де Бауыржан оған әңгімесін айтып береді. Сөйтіп, «Волоколамск тас жолының» алғашқы повесі 1943 жылы «Знамя» журналының бесінші, алтыншы номерлерінде, екінші повесі бір жылдан кейін дәл сол номерлерінде басылып еді деп Кривицкий әңгімесін аяқтайтын.

VIII

Автор. Бір кезде «Адамдар тыңды көтерді, тың адамдарды көтерді» деген нақыл сөз туған еді. Сол сияқты, Бек сізді көтерді, Бекті сіз көтердіңіз емес пе? Кітап бітті, атақ шықты. Ендігі ара қатынастарыңыз қандай?

Бауыржан. Бектің кітабы барлық социалистік елдерде басылып шықты. Польшада оны біздің «Абай жолы» романы сияқтандырып инсценировка жасап, сахнаға қойды. Ол ағылшын, француз, неміс, итальян, испан, грек, фин, араб тілдеріне аударылды. Финляндияда әскери академияда арнаулы сабақ ретінде өтеді.

Бауыржан әңгімесін үзіп, «Қазақстан» сигаретіне тағы да қол созды. Оның соңғы сөзі подполковник Омарбаев айтқан бір әңгімені есіме түсірді.

Мұқан Омарбаев Ташкент қаласындағы Рахимов станциясының маңында тұрады. Ол екеуіміз төрт жыл майданда бірге болдық. Мұқан әлі күнге дейін әскери қызметте келе жатыр. Ол менің сонау соғыстан бері арамыздан қыл өтпеген ескі досымның бірі. Осыдан 2 — 3 жыл бұрын жолаушылап келе жатып Ташкентке соқтым. Мұқан елдің хал-жайын сұрап, мәз-мейрам болып қалды.

— Бауыржанның халы қалай, — деді ол бір сөздің ретінде, — көріп жүресің бе?

— Көремін. Аман-есен.

— Менде Бауыржанның «Москва үшін шайқас» дейтін кітабы бар, — деді подполковник. — Сендерді сағынған сайын сол кітапты бір оқып қоямын. Ал енді бұл нағыз ерлік кітабы, елдік кітабы ғой, шіркін! Сонымен бірге мен оны адалдықтың, адамгершіліктің, отаншылдықтың уставы деп білемін. Қазір мынау жыл сайын қарамағымызға келіп жататын жас солдаттарға осы кітапты сабақ ретінде оқытар ма еді деп те ойлаймын. Әйтпесе Жоғары білім министрлігі институттарда өтетін әскери іс сабақтарында осы кітапты оқытса, қандай жақсы болар еді. Мұның ішінде тактика да, тәжірибе де, ұрыс та, ұтыс та — бәрі де бар. Бұл — бар уставтардың ойлы да ұтымды жиынтығы. Бұл — жеңіс кітабы. Әр тарауы — әскери ғылым, азаматтық білім. Біздің жас солдат кезімізде мұндай кітап болған жоқ. Бұл кітаптың әскерге жыл сайын алынатын жас солдаттар үшін, Совет Армиясының болашақ ұрпағы үшін, социалистік Отанымыздың мызғымас беріктігі үшін қосқан, қосып отырған, алда да қосар үлесі мол. Мәңгілік үлесі бар кітап бұл. Мен осылай бағалаймын.

Подполковник сәл ойланып алып, сөзін қайтадан жалғады.

— Кешегі соғыс халықтың миына тайға таңба басқандай етіп, оның ерлерінің атын мәңгі есте қалдырып кетті! Сол ешқашан ұмытылмас ерлердің бірі Бауыржан ғой. Есіңде бар ма, Бауыржанның есімін ең алғаш мен сен берген бір журналдан оқып біліп едім. Содан бері ол менің ешқашан да есімнен шықпас. Мынау Шымкент, Жамбыл облыстарына жолаушы барғанда оның жаңа шыққан кітаптарын әдейі сатып алып жүремін.

Бүгін подполковник, кешегі Ұлы Отан соғысының солдаты осылай деген еді.

— Сөйтіп, біріншіден, Бек менің атымды ең алғаш дүние жүзіне танытты. Екіншіден, ол менің жазушылық жолға түсуіме түрткі болды. Міне, осы үшін мен оған әрқашан да рақмет айтамын.

IX

Автор. Менің өз басым кейіпкер Бауыржанды кәдуескі Бауыржаннан жоғары-ау деп ешқашан да есептеген емеспін Бауке. Жаңа сіз біздің жасаған өзара шартымыз бар дедіңіз. Ол не шарт екенін сұрауыма бола ма?

Бауыржан. Ол кәдімгі шарт, Бекпен екеуіміз жасасқанбыз. Алғашында ауызша уәделестік. Бұл Бек кітабының бірінші тарауының соңында айтылады. Онда кітап дайын болғаннан кейін автордың оны маған әкеліп оқуға міндетті екендігі көрінеді. Егер ол дұрыс жазбаса, онда менің не істейтінім айтылады. Ол тұс әзіл сияқты болып суреттелгенімен, екеуіміздің тек қана шындықты жазуға серттескеніміз рас болатын. Кейінен біз ол шартымызды қағазға түсіргенбіз. Оқимын десең, көрсетуіме болады. (Мен басымды изедім. Бауыржан дауыстап әйелін шақырды).

Әйелі ішкі бөлме жаққа барып, үлкендігі кіші-гірім папка тәріздес қызыл сафиян дәптерді әкеліп, күйеуінің қолына берді. Бауыржан оның орта тұсынан бір-ақ ашты да, машинкаға басылып, дәптерге жапсырылған 3 — 4 парақ қағаздың тұсын нұсқап, менің алдыма қойды.

— Мә, оқыңын. Керек етсең көшіріп алғын. Мен ана жаққа шығып, аздап жүріп келейін.

Бөлмеде оңаша қалған мен Бауыржан алдыма қойған қызыл дәптердің ашулы тұрған бетіне көз салдым. Оның ең басында «Наш договор» деген екі сөз машинканың үлкен әріптерімен жазылған екен. Бұрын өзім естімеген бұл жаңа деректерді мен қызыға оқып шықтым. Сол шарттың өзім қазақшалаған нұсқасы мынадай болды:

БІЗДІҢ ШАРТ

Панфилов дивизиясының Талғар полкының жауынгерлері мен офицерлеріне әдеби ескерткіш орнату жайындағы ортақ тілекпен біз, Александр Бек пен Бауыржан Момышұлы, 1942 жылдың басында, майдан даласында, ауызша шарт жасасқан едік. Енді соны қағазға түсіруді қажет деп таптық.

1. Москва түбіндегі ұрыстарда аға лейтенант Бауыржан Момышұлы командирі болған панфиловшылар батальоны мен Талғар полкының жауынгерлік жолы жайында Александр Бек «Волоколамск тас жолы» атты (3 немесе 4 повестен тұратын) кітап жазады.

Александр Бек кітаптың авторы болады да, ал Бауыржан Момышұлы (оның естеліктері, ауызша әңгімелері, ойлары, әскери жазбалары) кітаптың материалы болады. Сонымен бірге, бұл тақырыпқа тікелей немесе жанама қатысы бар басқа материалдарды екеу ара келісе отырып, кітапқа пайдалануға әбден болады.

Александр Бек жұмыс документі ретінде Бауыржан Момышұлы өз қолына берген барлық материалдарды, ойларды, әңгімелерді, әскери жазбаларды үшінші адамға көрсетпеуге, екі адамның өзара сыры, құпиясы есебінде сақтауға міндеттенеді.

2. «Волоколамск тас жолы» кітабы көркем қиялдан жасалатын үйреншікті әдеби туынды емес, панфиловшылардың аты-жөндері толық сақталып, олар қатысқан ұрыстар сол қалпында суреттелетін әскери-документті шығарма болатындықтан, кітап үшін тек Александр Бек қана жауап беріп қоймайды, сонымен бірге кітаптың шындығы үшін панфиловшылардың аруағы алдында, тарих алдында және замандастар алдында Бауыржан Момышұлы қоса жауап береді. Сондықтан Бауыржан Момышұлы Александр Бектен шығарманың көркем шындығы өмірде болған оқиғамен барынша дәлме-дәл келуін, ол оқиғалардың педанттық дәлдік пен ұсақ документализмнің ізін қуаламай, үлкен шындықтың жиынтықтау елегінен өткізіп, қорытылуын талап етуге міндетті. Егер әдеби тәсіл, стиль, жазу мәнеріне байланысты қажет болса ғана, онда да екеу ара ақылдаса отырып, нақты болған оқиғадан сәл-пәл ауытқуға болады. Онда да мұндай ауытқудың салдары соғыс әмірі шындығының қан төгіп, жан қиып жинаған қасиетті документіне көлеңке түсірмейтін болса ғана солай етіледі.

3. Бауыржан Момышұлы кітаптағы барлық әскери, әскери-психологиялық мәселелердің дұрыстығына жауап береді, бұл мәселе жөнінде Александр Бекпен екеуінің арасында дау туса, онда кесімді сөз Бауыржан Момышұлынікі болады. Ал арада әдеби мәселе жайында дау бола қалса, онда шешуші сезді Александр Бек айтады.

4. Кітап қолжазбасының түңғыш редакторы Бауыржан Момышұлы болады.

Тек Бауыржан Момышұлымен ақырғы тоқтамға келгеннен кейін ғана Александр Бек кітап қолжазбасын баспасөз бетіне ұсынады.

Содан кейінгі редакциялық және басқа да өзгертулер де мүмкіндігінше Бауыржан Момышұлымен келісіледі. Сонымен бірге біз болашақ үшін негізгі дана деп тек екеу ара келісілген қолжазбаны ғана (одан кейін ешқандай өзгерту, түзету енгізілмейтін) санаймыз. Оның бір данасы КазФан-да (Ғылым академияның қазақ филиалында), Бауыржан Момышұлының өзге материалдарымен бірге оригинал есебінде сейфте сақталады. Ол документтерді, егер Бауыржан Момышұлы қалдырған өсиетті орындайтын болса, Александр Бек еркін пайдаланатын болды.

5. Кітапты қазақ тілінде шығару үшін Бауыржан Момышұлының басшылығымен қазақ жазушыларының А. Бектің қолжазбасына өзгертулер, қосымшалар енгізуіне, сөйтіп оны Бауыржан Момышұлының қазақ және орыс тілдеріндегі басқа материалдары (очерктер, әңгімелер, мақалалар, өлеңдер, әскери жазбалар және басқалар) сияқты алғы нұсқа ретінде пайдаланып, мейлінше қайта жөндеулеріне болады.

Егер мұндай жөндеулер кітап текстінің 50 процентінен арса, онда мұқабаға жаңа автордың (немесе авторлардың, қазақ жазушыларының) аты қойылып, автордың атынан кейін:

«Александр Бектің кітабы және Бауыржан Момышұлының материалдары бойынша» деген сөздер жазылады.

Егер ондай жөндеулер кітап текстінің 50 процентінен аз болса, онда кітаптың авторы болып Александр Бектің өзі қалады, бірақ кітап бетінде: «Қазақ тіліндегі басылымын өңдеген пәленше» деген жазу тұрады.

Бұл мәселені реттеуді Александр Бек Бауыржан Момышұлының еркіне береді, ал Бауыржан Момышұлы аудармаға және жөндеу жұмысына жетекші болуға міндеттенеді.

Александр Бектің кітаптың орыс тіліндегі келесі басылымдарында, алғы сөзде атап көрсете отырып, қазақша басылымынан қалаған жерін алып қосуына қақысы бар.

6. Бұл шарт 1942 жылдың март-апрелінде майданда жасалды, 1944 жылдың 18 декабрінде Москвада қағазға түсірілді.

АЛЕКСАНДР БЕК БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ

Мен шартты көшіріп бола берген кезде бөлмеге Бауыржан кірді.

— Кәріліктің қақпанына түсті деген осы екен, қарағым, — деді ол маған мұң шаққандай болып. — Ішіме ып-ыстық күншуақ орнап, өзімнен өзім күлімсіреп, көңілденіп жүретін жастық шағым жеткізбей зымырап, алыстап барады. Бұрын оны жылдар өтсе де аңғармайтын едім. Қазір соны күн сайын көріп, сағат сайын сезетін болдым. Көргенмен, сезгенмен қайран жоқ. Жарқ-жұрқ етіп алыстап бара жатқан жастық шағың айқай салсақ да аялдайтын, артына қайрылып қарайтын емес.

Мен жазуымды тоқтатып, оның айтып келе жатқан сөзіне құлақ салып қалған едім. Бауыржан соны аңғарды да, дереу сөзін доғарды. Содан соң төсегіне жайғасты да, менің көшіріп болуымды тосып, үнсіз отырып қалды.

— Болдың ба?

— Болдым, Бауке.

— Болсаң оқып шық!

— Жаңа, көшірер алдында бір рет оқып алғанмын, — дедім мен енді оны қайта оқып уақыт кетірмейін деп ойлап.

— Сенің не көшіріп алғаныңды менің білуім керек емес пе? — деді ол маған зейілдене үн қатып.

Бауыржанның шартты менің қаншалықты дұрыс көшіріп алғанымды тексергісі келіп отырғанын енді аңғардым да, оны басынан аяғына дейін жайлап оқып шықтым.

— Енді түсінікті ме?

— Түсінікті.

— Бұл шартты Бек екеуіміз «Волоколамск тасжолының» алғашқы екі повесі біріктіріліп, 1945 жылы шығар алдында жасадық. Кітап шыққаннан кейін жазушы Бектің еңбегіне лайықты баға берілді. Отставкаға шыққаннан кейін қолыма қалам алып, өзім жазуға кірістім. Осыдан соң біраздан кейін, 1958 жылы, қазақ әдебиетінің Москвада өтетін онкүндігінің қарсаңында, менің «За нами Москва» кітабым жарыққа шықты. Жоғарыда Бекке рақмет, ол менің жазушылық жолына түсуіме түрткі болды дегенімнің мәнісі осы, қарағым.

X

СССР Жазушылар одағында болған талқылауда «Москва үшін шайқас» кітабы жайында он бір адам шығып сөйледі. Генерал Вершигора бастаған он адам кітапты мақтап шықты да, тек бір адам ғана жамандауға тырысты.

...Ол оқиға менің көз алдыма келді. Момышұлының «Москва үшін шайқас» кітабы талқыланып біткеннен кейін үзіліс болды. Біз дәлізге алдымен шығып, жұртқа көз салып тұрған едік. Сақалы белуарына түсердей ұзын, төртпақ денелі келген генерал Петр Вершигора мен полковник Бауыржан Момышұлы екеуі қатар шықты да, бірге тұрып, темекі тартысты.

Осы кезде екінші жақ есіктен қасқа маңдайы жарқырап, Мұхтар Әуезов шықты да, бірден Бауыржанға қарай бұрылды.

— Пәлі, Бауыржан, біздің бәріміздің ішіміздегі ең модный жазушы сен болдың бүгін. Сенің кітабың жайында қисапсыз көп адам көсіле пікір айтты. Құтты болсын, қайырлы болсын астанадан алған бағаң, — деп Мұхаң қос қолдап тұрып, Бауыржанның қолын қысты. — Сенің соғыста қаның төгілген жерде ерлігін ғана емес, әдеби еңбегіңнің де ерекше бағаланғанына қатты сүйсініп отырдым. Мен мына Петр Петрович сияқты соғыстың білгір адамы байсалды да беделді пікір айтқанына дән риза болдым.

Осылай деп Мұхаң Вершигораға басын иіп, оның да қолын қысты. Содан соң кері бұрылып, жолдағы жұрттың бәрімен бас изей сәлемдесіп, Мұхаң секретарьлардың бірінің бөлмесіне кіріп кетті.

ҮШІНШІ ДИАЛОГ

I

Бауыржан. Ал, қай жерге келіп тоқтап едік?

— Сонымен сіз банкте қызмет істеп жаттыңыз.

— Иә. Сонымен мен банкте қызмет істеп жаттым. Менің жаңа серіктерім Догалин мен Бурмистров та жақсы адамдар болып шықты. Өзіме үнемі көмектесіп, болысып отырды. Командировкаға шықсам олар маған бар жайды түсіндіріп, әлек болып жатады. Мен, емес, бейне бір өздері жолаушы шығатындай, тексеретін, назар аударатын, есте ұстайтын мәселелерді қойын дәптерлеріне тізіп келіп, маған кезектесіп айтып жатады. Мен, сөйтіп, алдымен Ленгір, одан кейін Ащысай шахталарын тексеріп қайттым. Екі ұстазымның айтқандарын бұлжытпай орындап, керек боп қалар-ау деген мәселелерге өз бетіммен назар аударып, тындырып келген ісімді көргенде, менің зеректігіме, ыждағаттылығыма олар мәз болады. Міне, өстіп жүргенде бір күні Дубовик орнынан ауысатын болды...

Автор. Жазушылық жұмыс кестеңізді айтыңызшы. Қай сағаттан қай сағатқа дейін жұмыс істейсіз? Тәуліктің қай мезгілінде жазғанды ұнатасыз? Жылдың қай мезгілінде өнімді жазылады деп есептейсіз? Жазатын шығармаңызға жоспар құрасыз ба? Қолмен жазасыз ба, машинкамен басасыз ба? Қарадай жазғаныңызды қанша рет түзетесіз?

Бауыржан. Бұл бір ащы ішектей шұбатылған ұзын сұрақ екен. Және маған қойылуға тиісті емес сұрақтар көбі. Өйткені мен профессионал жазушы емеспін. Мен әскери мемуар жазушы ғана кісімін. Ал біздің қазақта бұрын әскери мемуарлық әдебиет атымен болған емес. Қазақта мен осының негізін салушымын десем асылық та, артық айтқандық та болмас деп ойлаймын. Бұл жөнінде орыс әдебиетіне де қосқаным бар деуіме болады. Осы жылғы майда Москвада болған әскери әдебиет жайындағы жиналыста менің атымды үш маршал он бес рет атапты. Мен бұл пікірді, бір жағынан, солардың сөздеріне сүйеніп айтып отырмын, қарағым. Бауыржан қартайғанда мақтаншақ болып кетіпті деп ойлап жүрмегін... Ал профессионал жазушы болмағандықтан менде жұмыс кестесі немесе режим деген де жоқ. Пәлен сағаттан пәлен сағатқа дейін жазамын деп айтпаймын. Кей кездерде мен қолыма айлап қалам ұстамаймын. Бірақ ойланып, толғанып жүремін. Сол ойлағанымның иі қанды-ау деген кезде, күнмен де, түнмен де есептеспестен, машинкамды алдыма алып, сарт-сұрт баса беремін. Ойымдағыны қағазға түсіргенше менде ұйқы да, күлкі де болмайды. Содан соң тағы да 2-3 ай қолыма қағаз алмаймын, «суйимын», суып болған соң жаңағы машинкаға басқандарымды қайтадан қолыма аламын. Оны автор ретінде емес, жай қатардағы оқырманның көзқарасымен қарап, оқып шығамын. Автордың алаңғасарлығын, қызбалығын, үстірт ойлаған жерлерін әлім келгенінше түзетемін. Менің творчестволық процесім осы ғана.

Ана жылы, «Мақтаарал» совхозына барғанымда маған бір мұғалім сенің жаңағы сұрағын, сияқты сұрақ қойды. Осында пәлен деген жазушы келгенде бізге күніне он бір бет жазамын.. деп еді, сіз күніне неше бет жазасыз? — деді.

— Сен соған сендің бе? — дедім мен оған.

— Енді ол кісіге сенбегенде кімге сенеміз? — деді мұғалім

— Ендеше математикадан хабарың бар ма өзіңнің?

— Дәл сол математиканың мұғалімімін.

— Онда қағаз, қарындаш ал да, 11 бетті 30 күнге көбейт, — дедім оған. Мұғалім дереу көбейте бастады. — Оны он екі айға көбейт, бұл бір жылда ол жазушы неше бет жазады деген сөз. Көбейттің бе? Сол жазушыңның жазып келе жатқанына міне отыз жылдан асты. Жаңағы шыққан санды енді тағы отызға көбейтші. Көбейттің бе? Енді әрбір кітапта орта есеппен үш жүз беттен болады деп мөлшерлеп, барлық шыққан цифрыңды сол үш жүзге бөлші.

— Бөлдім.

— Қанша болды?

— Төрт жүзге жуық.

— Ендеше, төрт жүз кітап жазған дүние жүзінде жазушы жоқ. Понятно? Маған күніне қанша текше метр жер қазасың десе, мен оған жауап бере алмаймын. Сиыр да күн сайынғы сүтің күтімі келіссе, көңілі түссе ғана береді. Ал мен адаммын. Табағына сүт құйып, құлағын бұрай берсең шүмегінен сырылдатып қаймақ ағыза беретін сепаратор емеспін! Понятно тебе?

— Енді бір сұрағым бар, — деді жаңағы мұғалім тағы да қолын көтеріп.

— Әй, тұра тұрғын, — дедім мен оған. — Сен маған 5 — 6 сұрақ қойдың. Физик, математик екенсің. Менің саған қоятын бір сұрағым бар, жауап бересің бе?

— Беремін, — деді ол.

— Берсең: екі жерде екі қанша болады? Соны айтшы.

— Екі жерде екі — төрт, — деді ол.

— Жоқ, дұрыс емес. Екі жерде екі он тоғыз болады, — дедім мен сағатыма қарап.

— Неге? — деп мұғалім орнынан ұшып тұрды.

— Сен босқа шошаңдамағын, — дедім мен оған түсімді суытып. — Сен дәм-татуы жоқ сұрақтар беріп, мені мінбеде он тоғыз минут босқа ұстап тұрсың. Екі жерде екі он тоғыз болады деген осы біле білсең, қарағым.

Жұрт залды басына көтеріп, ду күліп жіберді.

— Жарайды, енді жетінші сұрағыңды қойғын, қарағым, — дедім жаңағы мұғалімге түсімді қайтадан жылытыңқырап. О да бір сұрақ қойғыш неме екен, сен сияқты етіп жазып алған қағазының орта тұсына үңілді де... орта тұсына, — деп Бауыржан сұқ саусағын шошайтты. — Тегі оның әлі де қоя алмай қалған бес-алты сұрағы болуы керек... Қағазының орта тұсына үңілді де, былай деп сұрады: «Ең жақсы көретін өз шығармаңыз қайсысы?»

Бұған ойлануға тура келді. Ойланған сайын жауап беру қиынға соқты. Содан кейін мұғалімге қарадым да:

— Өзіңнің балаң бар ма, қарағым? — деп сұрадым.

— Бар.

— Нешеу?

— Бесеу.

Жұрт күліп жіберді. Мен күлгенім жоқ.

— Өзің сол бес қарғаңның қайсысын ерекше жақсы көресің? Соны осы отырған бәрімізге айтып берші, — дедім оған жұрттың күлкісі тоқталғаннан кейін.

Мұғалім ойланып тұрды да, «Айта алмаймын-ау» дегендей, жауырынын қиқаңдатты.

— Бұл да солай, қарағым, — дедім мен. — Оны мен айта алмаймын саған. Жазушының өзі емес, оны жұрт біледі.

Автор. Мен сезіктене бастадым, Бауке. Сұрағың көбейіп кетті деп, сіз маған ишара жасап отырған жоқсыз ба?

Бауыржан. Жоқ. Сенің жөнің бір басқа. Ал сенен бұрын, кеше, бір тілші келіп кетті осында. Екі көзі ит қуған бұзаудың көзіндей шатынаған бұйра бас біреу. («Сіз менің де жасап отырсыз-ау қазір. Ертең екінші біреуге: осы столдың басында мыжырайып отырып еді іші кепкенше дейсіз бе, кім білсін?» деп ойладым ішімнен).

— Сізден интервью алайын деп келіп едім, — дейді.

— Ал, қойғын сұрақтарыңды.

Бір мәселенің төңірегіне топтап, жүйелеп әкелген сұрақтары да жоқ. Сәл ойланған болып: «Сіздің мына мәселе жөнінде көзқарасыңыз қалай?» деп кекең ете қалады. Ал «көзқарас» деген философиялық ұғым. Сондықтан оған кеңірек жауап берейін десең ол айтып отырғаныңның аяғын тындырмастан, екінші бірдеңені сұрайды да, тағы да кекең ете қалады. Құйрығы шошаңдап бұтақтан бұтаққа секірген сауысқан сияқты.

— Сонымен сіздің бастығыңыз ауысып кетті ғой, Бауке?

— Иә, ауысып кетті. Орнына Георгий Федорович Марченко деген кісі келді. Онымен үш ай істес болдым. Табанының бүрі жоқ, тайғанақ, жалтақ кісі екен. Ондай кісіні мен бастығым болмақ тұрғай, құдай болса да ұнатпаймын. Оның осындай қылығын көрген мен, ұстараның жүзіндей болып, күн сайын жұқара бердім.

Шымкенттегі осы күнгі атақты қорғасын заводы ол кезде жаңа салынып жатқан болатын. Бір күні Марченко мені сол заводтың финанс жағдайын тексеріп келуге жұмсады. Дабыл бар. Егер игерілмеген қаражат соншалықты көп болса, онда заводтың счетін жауып тастау керек деді. Барып тексердім. Завод ақшаны ала берген. Бірақ соның оннан бірін де игермеген. Сөйтіп, финансисттердің тілімен айтқанда, завод «өлі капиталдың» астында қалған. Акт жасадым. Сала-саламен көрсеттім. Заводтың счетін әзірге жаба тұру керек деп, Марченкоға баяндадым. Ол қол қойды.

Счетының жабылып қалғанын естіп, бір күні Марченкоға заводтың бас бухгалтері — Белугин келді. Марченко мені шақырды. Өзі қол қойған документтерді қарап отырды да Марченко:

— Счеттың жабылуы дұрыс, — деді.

Белугин орнынан атып тұрды.

— Мынадай бір боқмұрын келіп біздің счетымызды жаба берсе, онда ол завод ешқашан да салынбайды, — деп айқайлады ол мені нұсқап. Содан соң Марченкоға зіркілдеді. — Қазір құрылыстың барлық жұмысы тоқтап тұр. Егер счетымызды осы қазір қайтадан ашпасаңыз мен сізді сотқа беремін.

Марченконың көзі жыпылықтай бастады. Мен көз алдыма бұрынғы бастығым Дубовикті елестеттім. Дубовик болса қазір Белугиннің ақырған-шақырғанына қарамастан: «Берілген қаржының белгілі проценті игерілгенше счеттарыңыз ашылмайды» дер еді деп ойладым. Осы кезде Марченкам:

— Онда счетты қайтадан ашайық, — деп қарап отыр.

Ашты. Менің зығырданым қайнады да: «Жұмыстан босатыңыз, сіздің қоластыңызда қызмет істемеймін» деп, бастығыма дереу арыз жазып апарып бердім.

— Неге менің қоластымда істемейсің? — деді ол.

— Мемлекет мүддесін жүзеге асыруда принципсіздік көрсететін, қарамағындағы адамдардың дұрыс ісін қорғай алмайтын бастықтың қарауында жұмыс істегенше қаңғып кетуді артық көремін.

— Жоқ, сен кетпейсің.

— Жоқ, мен кетемін, Георгий Федорович, — деп есікті тарс жауып, шықтым да кеттім.

«Иә. Адалдық, арлылық, принциптілік сіздің қаныңызға сіңген қасиет екен-ау. Қан құрамында мәңгі өмір сүретін ақ, қызыл түйіршіктер сияқты, бұл қасиеттер сіздің жүрегіңізде мәңгі сақталып қалған ғой. Кей адамның жүрегінен бұл қасиеттер жойылып жоғалып, өшіп кетіп жатады. Бірақ олар сонда да өмір сүріп жүре береді. Ал сіз осының біреуінен айрылған күні өлетін шығарсыз, Бауке», — деп ойладым.

II

Автор. Апырай, Бауке, мекеме басшысы жаман қызметкерінен құтыла алмай әлек болушы еді. Сіз жаман бастықтан өзіңіз қашып құтылады екенсіз ғой.

Бауыржан. Тіпті өзі солай да. Мінез деген басы қатты жүйрік қой, қарағым. Әр адамның мінезі — астындағы тұлпары. Соның ағынымен адамдар өмірден зымырап өтіп жатады ғой, әйтеуір.

— Сонымен, Марченконың есігін тарс еткізе жауып, шықтыңыз да кеттіңіз бе?

— Кеттім. Ауыл жарықтықта жазық бар ма? Мұржасы қалқайып, есігі аңқайып, сүзектен жаңа тұрған әлсіз анадай болып, қалтырай қуанып қарсы алды жаман баласын.

Қабағым қатып, үн-түнсіз кіріп келгенде, үйдегілер үрпиісіп қалды. Қысқа-қысқа ғана тіл қатыстық.

— Амансың ба?

— Аманмын.

— Дені-қарның сау ма?

— Сау.

— Өнің неге келмей тұр?

— Орнымнан түстім.

— Өзің түстің бе, өздері түсірді ме?

— Өзім?

— Неге?

— Ынжықтыққа ыза болып.

— Е, жарайды. Арты қайырлы болсын, ендеше.

Осымен сөз бітті. Туған жердің жазғы жібектей жұмсақ көкорай шалғынын белуардан кешіп, көгіне аунап, Жуалының жас гүлін иіскегеннен кейін жаным жай тауып, Марченкоға деген бойымдағы ашу-ыза бірте-бірте бу болып ұша бастады.

Бір күні Мыңбұлаққа, Момышұлының атына Алматыдан соққан жұмбақ телеграмма сарт ете түсті. Оны естіген кішкентай ауыл қысық көзін кеңірек ашып, селт ете қалды. Телеграммада былай делініпті.

«Приезжайте за наш счет для переговоров. Бархан».

Жол шығыны бізден болсын, Алматыға кел, ақылдасайық деген сөз ғой бұл. Бұл сөзді жолдап отырған кім екен деп ынтықты ауыл? Бархан Борис Михайлович — менің ең үлкен бастығым, республикалық банктың меңгерушісі. Бархан мені не қылады? Жұмыстан шығып кеткен адамды жол қаражатын беріп шақырғаны несі! — деп ойладым. Ойымды әкеме айттым.

Әкем ойшыл кісі еді. Бір нәрсені түбегейлеп ойласа, артынан сол мәселе жайында нақыл сөздерді аузынан топ-тобымен ақтара салатын еді. Менің Марченкомен ұрсысып, жұмыстан шығып кеткенім жайында да абзал әкем аз толғанбапты. Оны сол телеграммаға байланысты айтқан ақылынан аңғардым.

— Шақырғанға бар. Шалғанмен тірес. Күлшынғанмен күрес. Жығылсаң жер көтереді, — деді әкем. — Бірақ, опынғаныңды айтпа, одан кейінгі ойланғаныңды айт. Ызаңды айтпа, ызадан соңғы ындының мен ықыласыңды жеткіз. Жақсының басынан дау кетпейді. Жаманның басынан жау кетпейді. Тірі тұрғанда талай дауың да, жауың да болады, шырағым. Бар, бетіңнен жарылқасын. Алжығанда келген атақ абырой әпермейді. Атақ, абыройыңды жас кезіңде қу, қарағым.

Әке сөзі көңілге демеу де, медеу де болды. Алматыға тартып кеттім. Вокзалдан түсе сала бірден Барханға бардым. Ұрысатын шығар деп жас әтештей шақарланып, үрпиіңкіреп кіріп едім. Бірақ Бархан ұрыспады. Тіпті сен неге қызметті тастап кетіп қалдың деген де жоқ. Мен бір сол қызметті үзіліссіз істеп келе жатқандай сөйледі.

— Сізді ең жақсы қызметкеріміз ретінде жоғарылатсақ деген ой келіп еді, — деді ол маған жайлап қана. — Егер келісіміңізді берсеңіз СССР өнеркәсіп банкының республикалық басқармасына аға консультант етіп тағайындар едік те, бұдан былай бірге қызмет істер едік.

— Келісемін, — дедім мен. — Бірақ сізге қоятын бір-екі сауалым бар, Борис Михайлович,

— Сұра, — деді Бархан.

— Біріншіден, маған неге ұрыспайсыз? Мен жұмысты тастап кеттім ғой.

Бархан күлді.

— Ұрысуға адам әрқашанда үлгіреді. Одан бұрын ұғысуды ойлау керек. Ал ұрысу қажет болса, кейін өзіңіздің тәртібіңізге, шабан-шалағайлық көрсетсеңіз — оған да қарап, ұрыса да жатармыз. Бірақ ойлап қалмаңыз мен сіздің желкеңізден түспей қояды екен деп. Алдымен адамның жақсылығын көру абзал. Бірінші сұрағыңызға қанағаттанарлық жауап алдым деп ойласаңыз, онда екінші сұрағыңызға көшіңіз.

— Менің әдірісімді қайдан алдыңыз?

— Оны сіздің үстіңізден шағым айтып, кеткен жеріңізді көрсетіп Марченко жолдас жіберді. Артынан Шымкент банкын тексеріп қайтқан біздің қызметкерлеріміз сіз жайында жақсы мінездеме алып келді. Сіз жайында бірге қызмет істеген жолдастарыңыз көп жылы сөздер айтыпты. Негізгі сыпаттаманы сіздің қызметіңіз берді. Қорғасын заводының счетын жаптырып қою жөніндегі ұсынысыңыз орынды екен. Біздің қызметкер оны жаптырып келді. Содан кейін, Марченко жолдастың шағымын пайдаланып, сізге телеграмма бердік.

— Рақмет, Борис Михайлович, — дедім мен.

Бархан орынбасары мен бухгалтерді шақыртты. Оларға мені таныстырып, орынбасарына маған үй бергізуді жүктеді, бухгалтері көші-қон қаражатын бер деп міндеттеді. Алматының кеңсесінен орын, көшесінен үй тиіп, жырғап, жетісіп қалдым. Ол кезде Құрманбек Сағындықов Казсовпрофта істейтін еді. Ол маған өз үйінен темір төсек, көрпе-жастық әкеп берді. Бархан білімді кісі еді. Қызметкерлеріне әр жайды өзі тікелей ұғындырып, түсіндіріп отыратын. Дубовиктен кейінгі жарыған бастығым осы кісі болды. Жақсы бастық — жарты бақыт қой, шіркін! Өйткені ойлы бастық ұқыпты қызметкерді адам етеді. Ойсыз бастық оқып келген маманды надан етеді. Ал менің қолымнан келетіні ұқыптылық, ыждағаттылық

қана. Тапсырылған істі тапжылтпай орындау ғана. Мұным бастықтарыма ұнады. Сөйтіп, бірімізге біріміз ұнап, бір жыл қызмет істедім. Ұғысып істескен қызметтен тәтті тіршілік жоқ-ау тегі деп түйдім сонда.

Кейбіреулер естелік айтса өзін ғана мақтап, мадақтап шыға келеді. Жазса өзімен замандас, тұстас өмір сүрген жақсыны жамандап, даттап әуре болады. Елге еңбегі сіңген, халық үшін қызмет еткен азамат адамдардың жақсылығын асырып, асқақтатып көрсету орнына, тырнақ астынан кір іздейді, кемітіп, келекелеп көрсетуге тырысады. Өзіне әлде бір мінезі ұнамаған екінші бір жақсының аты аталса: «Әй, оны қойшы, ол бір жүрген делқұлы ғой» деген сияқтандырып, ысқырта соғып, өсектің боранын бұрқыратып қоя береді. Өзінің айтқанымен қоймай, өзгелерге соны жамандатып, тақылдатып қояды. Әсіресе, ондай адамдар өзінің бұрынғы бастығын, ежелгі ескі досын екілене жамандағанда өзгені есінен тандырып, есебінен жаңылдырып жібереді. Ал Бауыржанда мұндай мінездің жоқтығы, оның өзгеше қасиеттерінің бірі болып аңғарылады. Сіздің халық арасында атыңыздың аңыз болып кетуінің бір себебі осы шығар-ау, Бауке.

Автор. Бауке, билей білесіз бе?

Бауыржан. (Алдымен маған адырая бір қарап алды.) Москвада Сәбит Мұқанов екеуіміз бір жиналыстан өте кеш қайттық. Сәбитті мен «Москва» мейменханасына әкеп салдым.

— Әй, Бауыржан, — деді Сәбит, — Екеуіміз осының ресторанына кіріп, тамақ ішіп алсақ қайтеді?

Екеуміз ресторанға келсек, ине шаншыр орын жоқ. Не істейміз? Менің басымда шашағы салбыраған түрік тақиям бар еді. Соған сендім де, тәуекел деп ішке кірдім. Сәбит сыртта қалды.

Зал бастығын шақырып алдым да:

— Сіздің ресторанна дәм татсақ деп едім, — дедім.

Әйел бетіме қарады да, мені бір шетел адамы деп қалса керек, лып ете түсті.

— Қазір, қазір. Неше адамсыздар?

— Екеуміз. Академик есік алдында тұр. Оны осы араға ертіп келуіңізді сұраймын.

Бізге бір кішкентай екі үстелді қосып, орын жасап берді де, зал бастығы үкідей ұшып барып, есіктің сыртында тұрған академикті — Сәбитті шақырып келді.

Мен әр дәмге үш порциядан заказ жасадым. Екеуін Сәкеңе, біреуін өзіме. Алдымызға ас келгенше айналамызға көз салып отырмыз. Итіс-тартыс, изең-изең, итең-итең билер бірінен соң бірі биленіп, Сәбиттің тіксініп есі шықты.

— Сіздің жаныңызға жағатын би ойнаттырайын ба? — дедім Сәбитке.

— Сөйтші, Бауыржан. Мына пәлелерді тоқтаттыршы, — деді ол.

Алдымызға ас келді. Сәбит аузына ала бергенде, мен:

— Маэстро, Огинскийдің «Полонезін» ойнауды өтінемін, — деп дауыстадым.

Оркестр ойнай жөнелді. Қасымыздағы үстелде орта жасқа келген сымбатты бір әйел отыр еді. Соның қасына бардым да:

— Мына музыканы мен сіз үшін ойнатып едім, — деп оны биге шақырдым. Оның қасындағы кавалері рұқсат етті де, екеуіміз билей кеп жөнелдік. Үйіріліп, ырғалып, толықсып, тасқындап аса бір асқақ сәнмен лыпып келіп би аяқталды. Әйелді өз орнына отырғыздым да, Сәбиттің қасына келдім.

— Әй, сенің мынадай да өнерің бар екен ғой, — деп Сәбиттің есі шығып қалды.

Ас ішіп болған соң официантканы шақырып алып, есеп жасаттырдым. Он бес сом деді. Ақша алайын деп қолымды қалтама сала беріп едім, Сәбит:

— Әй, Бауыржан, мен төлейін. Ресторанға мен шақырдым ғой, — деді.

— Онда үстіне он сом қосып бересіз, әйтпесе жиырма бес сом етіп өзім төлеймін.

— Э-э-э, көп емес пе? — деді Сәбит құмыға үн қатып.

— Көп десеңіз, мен төлеймін.

Сәбит көзінің астымен маған бір қарап алды да, амалсыздан айтқанымды төледі. Сөйтіп, менің бір билегенім Сәбитке он сомға түскен болатын.

Би туралы сұрақты қойғанда менің ойыма басқа бір оқиға түскен еді. Бір жылы Бауыржан әйелімен бірге «Алатау» санаторийінде жатады. Бауыржандар барған күні кешке сонда жатқан әйелдер би ұйымдастырып, оны қайта-қайта биге шақырады. Әсіресе бір жас қызбен Бауыржан көп билейді. Ұршықтай үйіріліп, лыпып билеуден гөрі көбік қардың үстінде тұрған аюдай қорбаңы көп болса да, Бауыржан өзін шақырған әйелдерден бас тартпайды. Ертеңінде ол мұрттай ұшып, ауырып қалады. Палатасына дәрігер шақыртады.

— Ауырып қалдым, — дейді дәрігерге.

— Онда жас қыздармен билемеңіз, ағай, — дейді дәрігер жас әйел.

Бауыржан дереу дәрігерге тақпақтата сұрақ қояды:

— Арпа мен сұлыға семірмеген мал оңбайды, қырық жас кіші қызбен билеген шал оңбайды, — демексіз ғой сонда?

— Дәл солай, — дейді дәрігер.

Бұл сөз Бауыржанның қитығына тиеді де:

— Әйелім қартайып қалды, маған жас қызға үйленуге бола ма? — дейді дәрігерге.

— Жоқ болмайды, — дейді дәрігер шамданып.

Ертеңінде дәрігер келгенде бұртиып, Бауыржанмен жөнді сөйлеспейді.

— Немене, кеше сіз маған өкпелеп қалдыңыз ба? — дейді Бауыржан.

— Иә.

— Мен де сізге өкпелеп қалдым.

— Неге? — дейді дәрігер таңданып. — Мен сізді жәбірлеген жоқпын ғой.

— Жәбірледіңіз, — дейді Бауыржан,—Мен кеше сізге әйелім қартайып қалды, жас қыз алуыма бола ма дедім. Сонда сіздің бір емес, екі қыз алуыңызға болады деуіңіз керек еді күліп. Онда мен орнымнан кеше тұрып кететін едім. Ал сіз мен шынында да сол сәтте бір жас қызға үйлене қоятындай, оған дәл бір мына әйелім рұқсат ете қоятындай-ақ ашуланып, қабағыңызды шыттыңыз. Мен жас қызға үйленемін деп шын ниет қылсам, алдымен мына отырған әйелімнің өзі-ақ екі көзімді бірдей ағызып жібереді. Ал көзіне қара көзілдірік киген дәрменсіз соқыр шалды жас қыз не қылады? Міне, мен сіздің осыны ойламағаныңызға, аурулармен сөйлесіп, көңіл ашар әзіл таппағаныңызға, дәрігерлік тактиканы білмегеніңізге ренжідім.

— О, ғапу етіңіз, — дейді дәрігер сонда күліп. — Сізге екеу емес, үшеуін де алуға болады ғой, ағай-ау...

— Е, міне, енді мен жазылдым. Түсте мен асханада боламын, — деп Бауыржан да күледі.

Расында да ол түсте жұртпен бірге асханаға барып, айналадағылармен әзілдесіп отырып, тамақ ішеді. Осыдан кейін қайтадан тәуір болып кетеді. Дәрігер келіншек те Бауыржанның сырын ұғып туған ағасындай сыйлап, жақсы көріп қалады.

Жаңа би туралы сұрағанда Бауыржан осы оқиғаны айтар ма кен деп ойлап едім. Бұл есіне түспеді ме, Баукең басқа жайды, бұрын мен естімеген жоғарыдағы әңгімені айтты.

III

Автор. Бауке, кейін шегінейік.

Бауыржан. Әй, сен немене өзің, «Бір адым ілгері, екі адым кейін» дегеннің керін келтіріп отырғаның? Мен саған бағынбаймын! Маған команда беретін сен кімсің өзің?

Автор. Жоқ, Бауке, сіз маған ешқашанда бағынған емессіз. Алпыс бірінші жылы «Мен сенімен сөйлеспеймін!» деп тарс еткізіп телефон трубкасын жауып тастағансыз. Алпыс төртінші жылы бір бұйрығыңызды тағы да орындатқансыз. Ал енді бұл жетпісінші жыл ғой, Бауке.

Бауыржан. Ә, бұл сенің маған емес, уақытқа бағынасың! — деген сөзін болды ғой онда.

Автор. Ұстазына шәкірті шариғат айтпайды, Бауке,

Бауыржан. Заман —теңіз. Теңіздің түбінде шабақ та жүреді, шортан да жүзеді. Понятно тебе?

Автор. Ақырғанның бәрі арыстан емес.

Бауыржан. Үндемегеннің бәрі данышпан емес.

Автор. Қисық ағаш шынар болмайды.

Бауыржан. Иір бұтақты емен шынар болуға құмар болмайды.

Автор. Кей адамның мінезі тікенге ұқсайды; ал тікенекті шеңгелге аң да жуымайды, жан да жуымайды.

Бауыржан. Кей адамның мінезі қоғаға ұқсайды ал қораны шошқа да шиырлайды, сиыр да жапырады. Қоға боп көрінгеннің аяғына тапталғанша, шеңгел боп шіреніп тұрған артық.

Автор. Мен қойдым.

Бауыржан. Мен көлденең жұрттың көсемсіп ақыл айтқыштығына тойдым... Ал, айтқын, қай жерге келіп едік?

Автор. Барханның қарамағына қызметке келгенбіз, Бауке.

— Бір күні Бархан мені өз кабинетіне оңаша шақырды. Бардым. Ол бір өте жайдары күйде отыр екен.

— Отыр, Бауыржан, ақылдасатын әңгіме бар.

Отырдым.

— Құлағым сізде, Борис Михайлович.

— Сен осы шаңқылдаған жас бүркітті қазақтардың қалай баулитынын білесің бе?

— Білемін.

— Білсең айтшы.

— Алдымен бала бүркіттің аяғына балақ бау байлайды.

— Сонсоң?

— Тұғырға отырғызады.

— Сонсоң?

— Басына томаға кигізеді.

— Сонсоң.

— Қызыл беріп, асырап, есейтеді, түлетеді, күйіне келтіріп баптайды. Есейген соң аңға салады.

— Қайтіп?

— Алдымен тауға алып шығады.

— Сонсоң?

— Томаға тартады.

— Одан кейін?

— Білегіндегі бүркітті серпіп кеп қалады. Қыран қанатын кең жайып, қайқаң етіп көкке көтеріледі де рақаттана, құмарлана құлшынып, аспан төсін айқыштайды. Содан соң найзағайдай шаншылып, төмен құлап, қанат, құйрығы суылдап жердегі аңға қарай төнеді. Көктен көзіне ілінген тағыға түсіп, ол қасқыр болса да, түлкі болса да тырп еткізбей жанын шығарып, қасына иесі жеткенше шеңгелдеп астына басып отырады.

— Дұрыс айттың, Бауыржан. Ал біз де сондай бір жас қыранымызды қияға шарықтатсақ па деп едік.

— Қайда?

— Ленинградқа. Финанс академиясының жанындағы бір жылдық курсқа. Барасың ба?

— Әрине, Борис Михайлович. Бірақ қыранмын деп емес, ұланмын деп барамын.

— Барсаң жалақың сол қалпында сақталады. Үлгеруіңе қарай едәуір стипендия және беріледі. Революция бесігі атанған Ленинградтай ұлы қалада бір жыл тұру есті адамға бір академияны тауысумен пара-пар, бауырым. Қаншама ғажайыптарды көресің, қаншама ғибрат, өнеге аласын. Мен өзге біреу емес, дәл сенің барғаныңа қуаныштымын.

Сонымен мен Ленинградқа келдім. Барханның айтқаны рас болып шықты. Ленинград дегенін ой жетпейтін өзгеше бір дүние екен. Онымен салыстырғанда Бурный да, Шымкент те, Әулиеата да, Алматы да айдалада қалды. Тіпті Ленинград ғажайыптары әжем айтатын әралуан ертегілерің де ілесе алмай қалды.

Бұл курсқа елден тек қана егде адамдар келеді екен. Солардың ішіндегі ең жасы мен болдым. Ұстаздардың лекциясын суша сіміремін. Аузынан шыққандарын қайталап айтып бергенімде өздері аң-таң қалысады маған. Төрттік, бестік бағалар алыстан шөліркеп келіп, қанаттары сусылдап көлге қарай құйылған топ үйректей зымырап, менің зачеткама қонады. Үш жүз сом ең жоғары стипендия да ай сайын менің алақаныма түседі. Оның үстіне Алматыдан келетін ай сайынғы екі жүз елу сом жалақым және қосылады. Айына бес жүз сом табыс ол кезде мына деген инженердің де түсіне кірмейтін дүние. Оның жартысын әкеме жіберіп қалғанын өзімнің адал игілігіме өкінішсіз жұмсаумен болдым.

Өзіммен курста бірге оқитын егде кісінің ақылымен алдымен өзіме оңаша пәтер жалдап алдым. Содан соң, сабақтан бос уақыттарымның бәрін де қаланы аралауға, оның көрікті жерлерін көруге жұмсадым. Кештердің көбін кинотеатрларға арнаймын. Қала театрларының жарнамалары жариялаған бірде-бір жаңа спектакльді құр жібермеймін. Жұрт жақсы деп мақтаған фильмдерден және қалмаймын. Ресторан деген кәперімізге келмеуші еді онда. Анда-санда мейрамдарда бір ас ішуге бас сұққанымыз болмаса, жай күндерде оның маңына да жуымайтынбыз. Еркекті бұзатын екі құмарлық — арақ пен әйел болса, жас кезімде осы екеуінен де аулақ болғанымды мақтанышпен айта аламын.

— Иә, сөйтіп мен Ленинградтың көркем ескерткіштерін, көрікті көшелерін, әсем алаңдарын күн сайын құмартып аралай бердім, аралай бердім. Аралаған, көрген сайын өзімнің іштей түлеп, жаңарып, жақсарып бара жатқанымды байқаған сияқты да боламын.

Міне, мен сиырдың тіліндей сүйір боп біткен Васильев аралының тұмсығында тұрмын. Осы тұмсықтан төңірекке көз салсаң, соншама бір ғажап көрініске кенелесің. Алдында көк толқынын көлеңдетіп атақты Нева жарқырайды. Ол ауылдан келген қазақ баласына бұршағы мол ғаламат ұзын көгенге ұқсайды. Көгенделген қозыдай болып, Неваның екі жағын қуалай қаланың әсем үйлері иін тіреседі. Әже ертегілеріндегі төбелеріне тау көтерген алыптардай болып, Қысқы сарай колонналары көз тартады. Хандардың басына киілген алтын қалпақ, жез телпектей жарқырап, Исаакий соборының төбесі шошаңдайды. Алыстан атой салып Петропавл қамалы тұрады. Күнге шағылысқан тебен инедей сорайып, Адмиралтействолың үшкір жебесі көкке шаншыла кеп асқақтайды. Осыларды көргенде еріксіз ерінің жыбырлап, ақын сөздерін асқақ әуенмен айта кеп жөнелесің:

Люблю тебя, Петра творенье,

Люблю твой строгий, стройный вид,

Невы державное теченье,

Береговой ее гранит.

Твоих оград узор чугунный,

Твоих задумчивых ночей,

Прозрачный сумрак, блеск безлунный,

Когда я в комнате моей

Пишу, читаю без лампады,

И ясны спящие громады.

Пустынных улиц, и светла

Адмиралтейская игла...

Бауыржан бұл жолдарды орысша нақ-нақ етіп айтып шықты да, маған бұрылды.

— Кәне, Пушкиннің осы жерін қазақшалап жібергін сен.

Мен сасқалақтап қалдым да, әрең дегенде есіме түсіріп, сүрініп-жығылып айта бастадым:

Сүйем шәрі, Петр орнатқан,

Сүйем сынды сәулетіңді...

— Ғали Ормановтың аудармасы ғой?

— Иә.

— Пушкиннен өзіңнің орысша жатқа білетіндерің көп пе?

— Шамалы.

— Пушкинді тек қана орысша жаттау керек. Ол сенің қазақшаңа оңай көне кетпейді. Көп аудармашыға сөзін берсе де, сөлін бермей, ойын айтса да, орамын ұқтырмай, тәкаппар күйде тұрып қалады. Ұлыны ұлы ұғады, дананы данышпан ғана түсінеді ғой. Әлі күнге дейін Пушкинді қазақша Абайдай түсінікті етіп сөйлеткен ешкім жоқ. Сен «Евгений Онегин» романының неше шумақтан тұратынын білесің бе?

Мен үндемедім.

— Ендеше ол роман сегіз тараудан, 389 шумақтан тұрады. Жалпы көлемі бес жарым мың жолға жуықтайтын осы романның мазмұнын Абай, қазақ оқырмандарының ұғымына сәйкестендіріп, 376 жолға сыйдырған. Ол әрқайсысы он төрт жолдан тұратын «Онегин шумағының» жол санын, буын мөлшерін сақтауға тырыспайды. Өйткені романды түгел аудармаған соң оның түр-тұлғасын өлшем-кестесін түгел сақтап жатудың қажеті де жоқ. Сондықтан Абай роман желісінен алған оқиғаларды бірде қазақ құлағына сіңісті он бір буынды өлең ұйқасының өрнегіне салып өрсе, енді бірде, жеті-сегіз буындар алмасып келетін тармақтар кестесіне салып айшықтайды. Мәселен, Пушкин романының бірінші тарауындағы алпыс шумақта толып жатқан оқиғалар бар. Абай соның оныншы, он бірінші, он екінші шумақтарын іріктеп аударады да, оған «Онегиннің сипаты» деп өзінше ат қонды. Он бір буынды осы аударманың түпнұсқадай түсініктілігі, ұнамдығы сонша, оны оқыған кісі Онегиннің сипатын бірден көз алдына елестетіп, оның қандай жігіт екенін айқын аңғарады. Содан соң Абай Пушкин романының үшінші тарауынан тек Татьянаның Онегинге жазған хатын ғана аударады. Одан Татьяна сұлудың Онегинге деген ғашықтық халі білінеді. Бұдан соң Абай аудармасы «Басы қатты сұм жүрегін тоқтата алмаған» қызға берген суық жауабын, одан соң оның қызға жолдаған өкініш хатын өрнектейді. Ең соңында амалсыздан басқа біреудің айнымас жары болған Татьянаның Онегинге тоқтау айтқан жалыныш сәлемін паш етеді. «Тәңірі қосқан» жақсы жар Татьянадан айрылған сорлы Онегиннің өлердегі жүрек жарған өкінішін айтып, аударма аяқталады. Міне осының бәрін Абай небәрі 376 ғана жолға сыйдырып, Пушкин романының мазмұнын әрі түсінікті, әрі толық етіп жеткізеді. Ал бес жарым мың жол етіп аударған кейбір аудармалардан ештеңе де ұқпайсың. Сондықтан, Пушкин сөзінің бар сөліне сусындап, бар нәрінен ләззат аламын деген кісі оны тек қана орыс тілінде оқуы керек, сол тілде ғана жаттау керек. Пушкин өлеңдерін жатқа айта алмаған адамды орыс тілін жақсы біледі деп есептемеймін.

— Ал кейде аударманың оригиналдан асып түсетіні де болады. Бірақ бұл сирек кездесетін оқиға. Дәл соның үлгісі тағы да Абайда ғана бар. «Қараңғы түнде тау қалғыпты» білесің ғой?

Мен басымды изедім.

— Мен немісше Гетені, орысша Лермонтовты, қазақша Абайды алдыма жайып қойып тұрып зерттеген кісімін.

Бұл жайындағы ойымды жинақтап, түйіп айтайын саған. Орыс тілін жақсы білгісі келген кісі жасынан Пушкин өлеңін жаттап өсуі керек. Ал қазақ тілін жақсы білгісі келген адам Абайдан нәр алуы керек. Жасында осы екеуінен емшек сүтіндей сусындап өспеген адам, ол екі тілді жетік біле алмайды. Бұл екі тілді ол екеуінсіз білдім деу — бос әурешілік.

Мені Пушкин мен Абайдың арасына қысып, қинап, біраз әлсіретіп алғаннан кейін, Бауыржан Ленинград жайындағы әңгімесін қайтадан жалғастырды.

IV

Міне, мен Декабристер аланында тұрмын. Пушкин поэмасының мына жолдарын мен түңғыш рет осы алаңда тұрып естідім.

И прямо в темной вышине

Над огражденною скалою

Кумир с простертою рукою

Сидел на бронзовом коне.

Ужасен он в окрестной мгле!

Какая дума на челе!

Какая сила в нем сокрыта!

А в сем коне какой огонь!

Куда ты скачешь, гордый конь,

И где опустишь ты копыта?

Бауыржан тағы да оқыс сұрап қала ма деп, бұл жолдардың баламасын ойша іздеп жан таласып, өз-өзімнен іштей күбірлеп мен отырмын:

Қарауытқан жоғарыда,

Қолын созып алғы жаққа,

Қоршаулы құз қабағында

Жебеуші тұр мыс салт атта.

Бірақ Бауыржан енді менен аударма сұрамады. Сөзін ары қарай жалғастыра берді. Мен бұған іштей қуанып, өзімнің бірыңғай тыңдаушылық қызметіме қайта көштім.

— Бұл жолдарды мен биік құздың жиегіне жетіп, атын аспанға шапшыта күрт токтатқан атақты Мыс салт аттының түбінде тұрып естідім. Ескерткіш қасына жиналған қалың жұртқа экскурсовод әйел Пушкин поэмасының осы жолдарын айтып, содан соң оның қалай орнатылған тарихын баяндай жөнелді...

Ескерткішті айналып мен көп жүрдім. Кетіп бара жатып, талай рет қайрылып қарадым. Неге екенін білмеймін, осы ескерткіш шуу дегеннен-ақ менің көзіме жылы көрініп, жүрегіме жұмсақ тиді. Мен оның астындағы атын атақты Тайбурылға ұқсаттым, үстіндегі кісіні халық қорғаны Қобыландымен теңестірдім.

Бұған дейін мен Пушкиннің поэмаларын оқымаған едім. Кітапханадан алған қалың томды қазынадай құшақтап, үйге келдім де, алдымен «Мыс салт аттыдан» бастадым. Поэма жолдарын түнімен судай сіміріп, таң атқанша тұтасымен жаттап алдым.

Мыс салт аттының қасына мен бұдан кейін де сан рет бардым. Келе-келе ол маған Қобыланды емес өзіміздің үйдің қара айғырына тоқым салып жайдақ мініп, мені сағынып, мені іздеп келе жатқан өз әкем Момыш сияқтанып көрінетін болды.

Міне, мен Гоголь көшесімен келе жатырмын. Бұл көшеде сәнді сарай, салтанатты шіркеуден ештеңе жоқ. Кәдуескі көше, кәдуілгі үйлер. Бірақ осы қоңырқай үйлердің бүкіл совет халқының жүрегіне жылы тиетін тарихы бар. Мен әр үйдің пұшпағына қызыға көз саламын, мрамор тақтаға жазылған әр жазуды құныға оқып шығамын.

23/8 үй. Осы үйде отырып Достоевский «Ақ түн», «Неточка Незванова» және басқа шығармаларын жазған. Петрашевшілер үйірмесінің жұмысына байланысты ол осы үйде тұтқынға алынып, сонау Сібірге, Омбы түрмесіне айдалған. Содан кейін ол Семейде тұрған. Қазақ ғалымы, ол кездегі жас офицер Шоқан Уалихановпен Достоевский сол жақта достасқан. «Шоқанның досы — менің де досым!» деймін мен ол үйдің жанына өтіп бара қатып, өз-өзімнен күбірлеп.

17 үй. Бұл үйде осы көшенің «иесі» — Гогольдің өзі тұрған. Хлестаков, Тарас Бульба бейнелері осы үйде дүниеге келіп, осы табалдырықтан аттап, бүкіл дүние жүзіне мәңгілік сапар шеккен.

15 үй. Бұл үйде бұрын Дюманың ресторaны болған, Пушкин осы табалдырықтан талай рет аттаған. Осы ресторанда ол даналықтың жендеті Дантеспен танысқан.

14 үй. Бұл үйде 1905 жылы 26 ноябрьде Петербург жұмысшы депутаттары Советі атқару комитетінің мәжілісі болған. Ол мәжіліске В. И. Ленин қатысқан.

13 үй. Мұнда, бұрынғы «Вена» ресторанында В. И. Ленин партия қызметкерлерімен кездескен. Осы үйде бірсыпыра уақыт Тургенев тұрған. Чайковский осы үйді мекен еткен, оның Сүйегі осы үйден шыққан.

Міне мен көрші көшеге бұрылдым. Бұл көше Герценнің есімімен аталады. Бұл көшенің де тарихы Герценнің, Пушкиннің, Грибоедовтың есімдерімен тығыз байланысты. Жалғыз бұл көшелердің ғана емес, Ленинградтағы барлық көшелердің халық жүрегіне жылы тиетін тамаша-тамаша өмірбаяны бар. Ленинград көшелері мен үйлерінің кеуделеріндегі алтын жазулы мрамор тақталарды көргенде омыраулары ордендер мен медальдарға толы атақты маршалдардың алдынан өткендей боласың. Ондай үйлердің қасынан өте бергенде бойыңды түзеп, дереу қолыңды шекеңе апарып, құрмет көрсеткің келеді!

Ауылды сағынсам, мен демалыс күндері әдейі арнап Декабристер алаңына баратынмын. «Ассалаумағалейкум» деп, қолымды кеудеме басып, Мыс салт аттыға сәлем беретінмін.

Немесе, аяңдап отырып, Аничков көпіріне келетінмін. Осы көпірдің екі жағындағы шылбырынан табандап тартқан төрт қола жігітке бой бермей, мойындарын доғадай иіп аспанға шапшыған төрт асау қола тұлпарды көргенде менің жүрегім әрқашанда еріп қоя беретін. Өйткені скульптор Клодтың талантымен бейнеленген осы бір асау тұлпарлар маған сонау Жуалы желкесіндегі өзіміздің үйдің шағын үйір жылқысы іспеттеніп көрінетін. Бұл төртеуі аралары жақын-жақын жайылып жүрген сақа жылқыларды көзге елестетіп, ал құлын-тайлар бүйректеу бір жерде құйрықтарын тігіп алып асыр салып жүргендей әсер тудыратын. Сондықтан да мен оларды күніне екі рет — таңертең сабаққа бара жатқанда, одан соң сабақтан қайтарда көздеп қоятынмын. «Көздеген» сайын, жылқылар ұзамай бір сайда жатқанын «көріп» көңілім орнына түсіп, мәз-мәйрам боп қалатынмын. Оларға қарап тұрып, ауылымның атбегі ақсақалы Аққулыны еске алатынмын. Ат шабыс, қыз қуу, жорға жарысы, теңге алу, көкпарды көз алдыма елестететінмін. Өзімнен-өзім қызынып, Клод аттарының біріне дереу қарғып шығып, ауылдастарымның артынан менің де құйғытып шаба жөнелгім келетін...

Ленинград! Өмір бойы ауыз жаппай сөйлессең де айтып тауыса алмайтын мәңгілік жыр ғой бұл қала! Оның тек қана Эрмитажының өзі не тұрады десеңші! Тек соның ғана хикаясын мың күн шертсең бітер ме, шіркін! Суворов, Кутузов, Барклай де Толи тәрізді ел үшін еңбек сіңірген ерлерге арналған, ұрпаққа үлгі боларлық еңселі ескерткіштер қаншама! Тіпті Александр сияқты патшаның өзіне қойылған ескерткішке де бір қайрылмай кете алмайсың. Патша надан болғанымен, оған орнатылған ескерткіш халықтың еңбегі, халықтың өнері. Сен соған қызығасың.

Ал театрларын айтсаңшы, жаныңды жалын болып кернейтін! Орыстың және дүние жүзінің барлық классикалық операларымен таныстырған да Ленинград болды мені. Пушкиннен бастап бүкіл орыс классиктерін мен осы Ленинградта жүріп жүрегіме қопардым. Сол ғайыптан кездескен ғажайып бір жыл менің өмірімнің өзгеше бір жемісті, келісті, аса бір нұрлы жылы болды. Бұл жылда мен ұлы орыс халқының тамаша тарихын білдім. Оның елдігінің, ерлігінің, өрлігінің мәңгілік мұраларымен таныстым.

Сөйтіп, Ленинград, әжем келін боп түскен, әкем бала боп өскен, өзім құлындай құлдырап асыр салған Мыңбұлақтай боп, жадымда жатталды. Әжем марқұм жақсы мекен, жәннәт жер жұмақ деген болады деуші еді. Бірақ ол жердің үстінде емес, астында, о дүниеде болады дейтін. Ал мен, әжемнің ең жақсы көретін сүйікті немересі, жұмақ жердің астында емес, үстінде деп білдім. Ол — Ленинград деп түйдім. «Әжем марқұм о дүниенің жұмағына өзі-ақ барсын. Маған ұлы қала Ленинградтан артық жұмақтың керегі жоқ!» деп талай рет жымидым өзімнен-өзім. Сонымен, Жуалы, Шымкент, Әулиеата, Алматы, Термез, Ленинград — ол кездегі менің жас жүрегіме түскен Отан картасы осындай еді. Ленинградқа, ол арқылы бүкіл Отанға, елге деген сүйіспеншілік менің жүрегіме осылай орнаған еді. Соғыста, Москва түбіндегі шайқастарда жүргенде, мен Ленинград талай рет түсімде көрдім. Қозы көгендей созылып, екі жақ жағалауына генерал үйлерді кернеткен көк жойқын Нева, басына қазақ, хандарының алтын қалпақ жез телпегін киген атақты Исаакий соборы, алдында Қобыландыға ұқсағанымен, артынан өз әкемдей жақын көрініп кеткен Мыс салт атты — бәрі-бәрі сан қайтара көз алдыма келді. Тіпті Клодтың қоладан құйған аттарының өзі жау оғынан жаралы болып, тақымына Көбіктінің жендеттері қылбұрау салған Тайбурылдай атылып, шыңғыра кісінеп жатқан сияқты боп та елестеді...

— Әй, сен өзің Ленинградта болып па едің? Түсінесің бе бұл айтқандарды?

— Болғаным, Бауке...

— Ендеше неге айтпайсың оныңды? Мен Ленинградта сен ешқашан да болмаған екен деп тәптіштеп отырмын ғой!

— Оныңыз жақсы болды, Бауке. Сіз маған Ленинград жайында тамаша жыр айтып бердіңіз.

Сонымен бір жылдық оқуды үздік тәмамдап, Ленинградпен қоштасып, Москваға келдім. Келсем Бархан да Москвада екен. Екеуіміз құшақтасып көрістік. Мені тауып ол, оған кездесіп мен қуанып жатырмыз. Оның маған қойған бірінші сұрағы:

— Ленинград қалай, ұнады ма? — деген үш сөз ғана болды.

Мен де оған қысқа жауап бердім:

— Ленинград — Ләйлі, мен — Мәжнүн, Борис Михайлович.

— Ол не деген сөзін, Бауыржан? — деді Бархан.

— Ол, мен Ленинградқа мәңгі ғашық болып қайттым деймін.

— Ә, солай ма? — Бархан одан сайын қуанды. — Бауыржан-ау, ол менің туып, өскен қалам ғой, менің бесігім ғой!..

Сөйтсем, Барханның өзі Ленинградтікі екен. Пролетариат революциясының алтын бесігі болған Ленинград адамдарының өзгеше сыпатты асыл жандар екенін мен сонда ұққан едім.

— Ал, оқу қалай болды? — деп сұрады осыдан кейін Бархан.

Мен кілең бестік бағалар тізілген документімді көрсеттім.

Ертеңінде ол мені СССР Өнеркәсіп банкының басқарушысы Туманов жолдасқа ертіп апарып таныстырды. Менің академия жанындағы бір жылдық курсты үздік бітіріп келгенімді, болашақта өзінің менен жақсы банк қызметкері шығады деп үміттенгенін айтты.

Туманов менің жұмысымның одан сайын жемісті бола беруіне тілектестік білдірді.

— Біздің еліміз қос жүректі мемлекет, — деді Бархан сыртқа шыққаннан кейін. Сондықтан да оны ешбір жау жеңе алған емес, жеңе алмайды да. Сен Отанымыздың бір жүрегінде болдың, енді екіншісін арала. Москваны көріп танысуыңа үш күн уақыт беремін. Содан соң Алматыға кел.

Бархан қайтып кетті. Мен Москвада тағы үш күн болып, оның да сәулет, салтанатына сусындап, қос ананы тел емген тентектей едіреңдеп, Алматыға бет түзедім.

V

Автор. Сіз қандай ұлы жазушыларды, атақты қолбасшыларды жақсы көрдіңіз?

Бауыржан. Жазушылар туралы айттым емес пе жоғарыда. Тағы да қайталаймын: жазушылардан классиктердің көпшілігін жақсы көремін. Классикалық әдебиет үлгісінде жазып келе жатқандарды ұнатамын. Ал әскери қолбасыларға келетін болсақ, мен оларды дәулескер қолбасшы, дана қолбасшы деп екіге бөлемін. Мен тек дана қолбасшыларды ғана жақсы көремін. Өз заманымның ұлы қолбасшыларының бірі деп, Жуковты ерекше құрметтеймін.

Автор. Сонымен Ленинградта финанс академиясының жанындағы бір жылдық білім жетілдіру курсын тауысып, жолда Москваға аз күн аялдап, Алматыға келдіңіз.

Бауыржан. Иә, келдім...

— Келсем, бұрынғы өз орным бос тұр екен. Экономист-консультант болып, қайтадан қызметке кірістім. Бір жыл оқып қайтқан бар өнерімді салып, жаңа жігермен жұмыс істеп жатқанымда, 1935 жылдың күзінде мені бір айға әскерге шақырды. Запастағы бірсыпыра командирлер Ташкентке жиналды. Ондағы жайды «Олар менің есімде» деген әңгімемнен оқып алғын.

Бауыржанның бұл естелігі, әрине, менің де есімде. Ол ең алғаш рет «Қазақ әдебиеті» газетінің екі номерінде жарияланды. Содан соң Б. Момышұлының 1968 жылы екі томдығында басылды. Онда Бауыржан өзінің полковник Бахалов сынды ақылды командирдің қол астында болғанын, одан үйренген үлгі-өнегесін ерекше бір жылы сезіммен баяндайды.

— Со бір айлық жиын менің барлық болашақ тағдырымның тетігі болды. Егер мен сол бір айда көзге түспесем, онда менен басқа Бауыржан шыққан болар еді. Онда екеуіміз дәл қазіргідей сөйлесіп отырмаған да болар едік.

Бір айдан кейін қайтып келдім. Келген бетте аға консультант-экономист болып жоғарылатылдым. Бар ықыласыммен кірісіп жұмысымды тағы да ілгері жүргізіп әкеттім. Енді жаңадан алынған жас қызметкерлерге өзім ұстаздық ете бастадым.

Сөйтіп жүргенде 1936 жылдың мартында мені Казвоенкомат шақырды да, дереу Ташкентке жөнелтті. Келсем, баяғы Бахалов бір айлық жиында ерекше көзге түскен командир деп, жаңадан құрылып жатқан бөлімге взвод командирі етіп тағайындатыпты. Полкымыздың командирі мен ең алғаш әскерге барғандағы Термездегі командиріміз полковник Дмитрий Коваленко екен. Бұйрыққа қол қойылып қойыпты. Мен амалсыздан үстіме әскери киім киіп, белімe наган асынып, командир болып шыға келдім. Қызмет орнымен есептесіп, үйіммен қоштасып қайту үшін маған бір апта уақыт берілді.

Бархан өз кабинетіне конторымыздың барлық қызметкерлерін жинап, әкемдей мейірбандықпен сөз сөйледі.

— Міне, жолдастар, бүгін өз ортамыздан ең таңдаулы қызметкерлеріміздің бірін сүйікті армиямыздың қатарына аттандырғалы отырмыз, — деді ол. — Қымбатты Бауыржан, абыройлы болғайсың, қарағым. Отан даңқын, Отан салтын, Отан шебін қырағы күзете біл. Біздің айтар өсиетіміз осы. Қызыл Армияның қатарында қызмет ету — совет азаматы үшін ең елеулі құрмет. Осы құрмет біздің ортамыздан тек сенің ғана еншіңе тиіп отыр. Жолың болсын, балақаным...

Сол арада Борис Михайлович маған екі айлық демалыс қаражатын, оған қоса екі жүз елу сом сыйлық бергізді.

Алматыдан шығып, Бурныйға тарттым. Сексенге тақап қалған кәрі әкеммен қоштастым. Әкем екі алақанын жайып батасын берді:

— Ақ жүрек болып жолдасың, адалдық сені қолдасын. Жақсылық үшін тіресseң, жаныңды арың қорғасын. Арынды болсын шабысың, алымды болсын табысың, найзадай болсын намысың. Ер жігітке бәрі сын. Қиындық көрсең мұқалма, ауырлық көрсең жұқарма, қамқоршы бол кішіге, үлкенді үлгі тұт алға! — деп әкем бетін сипады.

Осы ақ батаны жүрегіме жазып алып мен кеттім. Әкемнің батасын менің арымның, азаматтығымның, адамгершілігімнің ақ туындай етіп, күні бүгінге дейін төбеме көтеріп келемін, қарағым.

VI

Түн болды. Шам жағылды. Бауыржанның айтқандарын жаза-жаза мен әбден қалжырадым. Енді оған сұрақ қоюдан да қалдым. Сағатыма қарасам, кешкі сегізден асып барады екен.

Автор. Бауке, шаршаған жоқсыз ба?

Бауыржан жауап берместен, темекі тұтатуға кірісті. Осында ойыма оның Кубада жасаған бір қылығы түсті. Момышұлы барған кезде ел ішінде жолаушы жүрген Кубаның қарулы күштер министрі Рауль Кастро оған сәлем айтып: Кубаны өз үйіндей көріп, мен барғанша жайғасып жата берсін дейді. Бауыржан Кубаны өз үйімдей көрермін, бірақ қонақ екенімді де ешқашан естен шығармаспын деп жауап қайтарады. Рауль Кастро министрлікке қайтып келіп, Момышұлын кабинетінде қабылдайды. Сонда Бауыржан министрдің анада айтқан өз үйіндей көрген деген сәлеміне орай, пиджагін шешіп, орындықтың иығына іліп, галстугын алып, көйлегінің түймелерін ағытып, асықпастан министр келіп нұсқаған орындыққа отырады. Бар сән-салтанатымен киініп отырған министр Бауыржанның бұл қылығын ұнатпай, біраз үнсіз отырады да:

— Куба жерінде қалай тұрып жатырсыз, полковник? — деп сұрайды.

Сонда Бауыржан:

— Мен Куба жерінде өз үйімдегідей тұрып жатырмын, бірақ қонақ екенімді ешқашан ұмытқан жоқпын. Біздің қазақ жұртында: «Қонақ аз отырып, көп сынайды» деген мақал бар, — деп жауап береді. Өз үйіңдей көр деген өзің ғой; мен үйімдей көрсем, сен оны қалай көрер екенсің деп министрді сынайды.

Сол сияқты Бауыржан менің бағана, таңертең келген бетте айтқан «өз бойымдағы бар қасиетім тыңдай білушілік» дегеніме орай әдейі үндемей отыр ма? Тыңдағыш неме қаншаға шыдар екенсің деп сынағаны ма? — деп ойладым.

— Сонымен мен Ташкенге қайттым. Жолда әкемнің жайын көп ойладым. Бес қыздан кейін, елу үш жасында көрген жалғыз ұлың мен едім, әке! Жетпіс тоғызында сені жалғыз тастап, алыс сапарға аттанып барамын. Сен маған өмір берген дүниедегі ең қымбаттым едің. Келін түсіріп, қызығын да көрсете алмадым. Немере сүйдіріп, мауқыңды да бастыра алмадым. Енді сенің өз жүзіңді көре аламын ба, жоқ па, қадырына баға жетпес қайран әке, — деп күйзеле-күйзеле кете бардым.

Ташкентке келсем, полк жасақталып қалған екен. Мен қарауыма алдым. Бір күні орнымыздан тік көтеріліп, вокзалға келдік те, эшелонға тиеліп, Қиыр Шығыс қайдасың деп тартып бердік. Он төрт күн жүрдік. Қиыр Шығыстың қалың орманының ішіне кеулеп кіріп, поездың басын темір жол станциясына бірақ тіредік.

Мен Қиыр Шығыста бес жыл болдым, қарағым. Ол бүгін айтып тауыса алмайтын ұзақ жыр. Сен де шаршаған шығарсың. Мпен де шаршадым. Бұл тарауды кейін айтып берермін. Бүгін осымен тоқтайық.

Осы арада маған бір тойымсыздық пайда болды. Ертең иә бүрсігүні келе аламын ба? Мені Бауыржанмен әңгімелес деп күн сайын кім жібере береді дейсің? Кеңсенің таусылмас жұмысы аяғымды тұсап тастап, бұл босағаға қайрылып соға алмай өкінішке ұрынбаймын ба? Бәләй, шаршадыңыз ба деп жаңа Бауыржаннан бекер сұраған екенмін. Өзі тоқтағанша айтқанын неге тыңдай бермедім, жаза бермедім деп ойладым. Өзі тойса да, көзі тоймайтын ашқарақ адамның әдетімен, ең жоқ дегенде енді бір сұрақ қойып қалайын деп ынтықтым.

VI

Автор. Сіз соғыста отыз жеті дәптер жаздым дедіңіз ғой. Соларды көруге бола ма?

Бауыржан. Е, көргін.

Бауыржан маған қарай қолын созды. Ол: «Трам-трама, титта, титта, титта-та!» — деп, әндетіп келіп, менің желке жағымдағы есікке қарай аяңдады. «Трам-трама, титта, титта,

титтата» Бауыржанның аузынан жиі шығатын әуен екен. Бұны ол, көбінесе, бір әңгімені аяқтап, екінші бір жаңа әңгімені бастар алдында айтады. Кейде, сөз арасында кішкентай үзіліс болын, мен қағаздың екінші бетін аудара алмай сасқалақтап қалғанда да Баукең «титта-титталатып» жібереді. «Титта-титта» біресе Бауыржанның лықып келген ойын тежеуіш қызметін атқарса, біресе үзіліп қалған үнсіздікті жалғауыш міндетіу де орындайтын сияқты. Бауыржан есікті ашып, мені шағындау бөлмеге кіргізді. Қабырғада кітап қаланған шкафтар тұр. Екі тумбочкалы ұзын үстелдің үстінде үйілін бірдеңелер жатыр. Оның беті таза ақ жамылғымен бүркеліп қойылыпты. Алдымен Бауыржан сол жамылғының бір жақ шетін ашты.

— Мына жатқан дүниелердің бәрі сол күнделіктегі сөздердің шешуі — ежіктеуі. Соларды түсіндіруге керекті кітаптар, документтер, солардың машинкаға көшірілген папкалары. Қағаздар бұзылып, сарғайып кетпесін деп, бетін ақ жамылғымен бүркеп қойып отырмын. Ал соғыс кезіндегі күнделіктердің түрі мынадай.

Ол еңкейіп, үстел тумбочкасындағы тартпалардан көлемі, түсі, түрі әртүрлі бірнеше дәптерді суырып көрсетті.

— Мұнда өлең де, оқиға да, бәрі де бар. Ұзын саны отыз жеті. Ғұмыр жетсе осыларды әбден ежіктеп, жаңа кітаптарға айналдырсам деймін.

Мен Бауыржан үстелінің үстіндегі материалдар бір емес, әлденеше кітапқа жететін дүние-ау деп шамаладым.

Бауыржан қолыма ұстатқан бірнешеуінің ішін ашып қараған. Орысша, қазақша жазылған, өткен соғыстың өшіп бара жатқан ізіндей болып, сөздері қиқы-жиқы түсіп, жолдары қисық-қисық тартылған, қағаздары сарғайып, әріптері көмескілене бастаған ескі дәптерлер.

— Бауке, бір-екі дәптеріңізден бірер сөйлемдер көшіріп алуға бола ма?

— Жоқ! Болмайды?

Бауыржан менің қолымдағы дәптерлерді оқыс қимылмен жұлып алып, қайтадан тумбочкаға тыға бастады. Мен бұған сәл қолайсызданып қалдым да, оның мінезі жайында бағана бір ойлаған ойым есіме түсіп, мырс етіп, басымды шайқадым. Онда журналға очерк жазғанда Бауыржанның кейбір мінездерін жұмсартып көрсету керек пе екен деп ойлаған едім. Енді: Бауыржанның мінезі менсіз де жұртқа аян. «Бауыржан қыздай сызылған биязы кісі» деп жазсаң, бәрі бір оған ешкім де сенбейді. Ендеше Бауыржанды бояймын деп әурелену артық іс бәрібір оған жылтыр бояу жұқпайды. Бауыржанмен бірге болған бір күнді осы көрген, ұққан қалпымда қағазға түсіруім керек» деген қорытындыға келдім.

Сағат кешкі тоғызға тақалғанда Бауыржан екеуіміз кухняға шай ішуге келдік. Шай үстінде Бауыржан өзінің биллиард ойынын жақсы көретінін және тәп-тәуір жақсы ойнайтынын айтты.

— Ғабитпен биллиард ойнау қиямет, — деді ол. — Асықпай, саспай баптанып, сырбазданады да жүреді. Менің оған ішім пысады. Биллиард деген спорттың тез ойлап, шапшаң қимыл жасауды қажет ететін түрі. Оның өзі екі жақ әскерінің бір-біріне қарсы шабуыл атакасы іспеттес. Ал атака жылдамдықты, тез шешімді, дұрыс байламды қажет етеді. Мен тригонометрияны жақсы білемін. Бұрыштың есебін, пішін мөлшерін тез аңғарып, тез ұғамын. Маған қарсы ойнап жүрген адамның да сондай шапшаң қимылын талап етемін.

Бұдан кейін Бауыржан Сарыағаш курортында болғанда бір прокурормен биллиардты қалай ойнағанын айтты.

— Мен оны бұрыннан көріп жүретінмін. Күннің ми қайнаған ыстығына қарамастан үстіне ақ көйлек киіп, мойнына қатырып галстук салып, пиджагінің сары түймелерін тегіс түймелеп алып, шіреніп серуенге шығатын. Ешкіммен сәлемдеспейтін. Осы жігіт кім деп сұрағанымда, бір ауданның прокуроры дескен. Ал әйелі асханаға келгенде үстінде таңертең бір түрлі көйлек болса,түсте бір түрлі, кешке басқа түрлі болады. Және бір рет киген киімін екінші рет ешбір қайталамайды. Бұлай ету үшін бар ғой, курортқа бес чемодан көйлек алып келу керек шығар тегі.

Мен прокурорға да, оның әйеліне де, курортта барынша тыраштанып киініп әлек болатын басқа да қазақ жігіттеріне ыза боп жүргенмін. Бір күні кешке биллиардныйға көтерілсем, сартылдатып сары түйме ойнап жатыр екен. Ол шар соққан сайын қошеметші жұрт: «О, пәләй!» десіп мақтаншақ қазақы одан сайын әумесерлендіріп тұр. Ақыры ол жеңіп шықты. Жеңіп шықты да:

— Енді кім ойнайды? — деп маңғазданып, көпшілікке қарады.

— Мен ойнаймын! — дедім мен.

— Сізбен ойнау зор құрмет, — деп ол бір аяғын бір аяғына сарт еткізіп, шартаң ете қалды.

«Шартық қошқардай шартаңдауын» деп ойладым да, «трам-трам, титта, титта, титта-та» деп, көмейіме келген қырсық сөзді бөгеп тастадым.

— Кім бұзады? — дедім сонсоң.

— Сіз, — деп ол тағы да аяғын сарт еткізіп, шартаң ете қалды.

Әскери ширақтықтың исі мұрнына бармайтын мынаның шелтеңдегеніне ыза боп кеттім де:

— Жоқ! — деп ақырып кеп жібердім. — Мен дәл сол сәтте Бауыржанның мұрты жыбырлап кеткен шығар деп ойладым. — Таяғымды орта белінен ұстап, оған сұстана қарадым да, лақтырып кеп қалдым. — Ұста, жреби саламыз.

Екі қол, бірінің саусақтары ұзын, тарамыстау келген, екіншісінің саусақтары қысқа, быртықтау келген, бірінің үстіне бірі шығып, жарыса кеп жөнелді. Таяқтың төбесіне быртық қол бұрын шықты.

— Бұз! — дедім мен төрт құрақ серке шарды алдына қойып. Ол, қонаққа барған үйінің төрінде жатқандай жайғасып, биллиардтың көк шұғасының үстіне етпеттеп жатып алды да, сығалады-ай келіп. Әрі сығалап, бері сығалап, бір кезде серке шардың бүйірінен түртіп кеп қалды. Ол орнынан әрең қозғалып, үш бұрыштанып үркердей топтасып тұрған қалың шардың шет жақ шекесін сипап қана өте шықты. Содан кейін бір-екі домалады да, серке шар, делбе болған жылқыдай, тұрды да қалды.

«Титта, титта, титта-та» дедім де, бортқа жете алмай болдырып орта жолда қалған серке шарды алып, алдыма қойдым, Содан соң:

— Олай бұзбайды, былай бұзады! — деп, еңкейе беріп, періп кеп жібердім. Көз ілескенше серке шар менің таяғымның ұшынан, зеңбіректің стволынан шыққандай, ыршып шығып, топ шарды қақ маңдайдан шарт еткізіп сүзді. Сол-ақ екен барлық шар, қасқыр шапқан қойдай болып, бытырай кеп қашты. Сол дүркіреген күйі екі шар екі бұрыштағы тесіктерге барып, қойып-қойып кеп кетті. Прокурор быртық саусақтарымен ол екі шарды ұядан алып, қабырғаға апарып тізді.

— Сізге әзір ас жасаймын, — дедім ол қайта оралып биллиардтың қасына келгенде.

Нобай, мөлшерім дұрыс-ау деп бағдарлап алдым да, он жақ құрышқа қарай тағы бір шарды ызғыттым. Ол қарсы кенереге арқасын тіреп тұрған шардың бетін бір жалады да, сып етіп ұяға еніп кетті.

— Сізге тағы подставка жасаймын, — дедім де сол жақ бұрышқа тағы ұрдым. Ол да ұядан барып бір-ақ шықты.

— Мынау ортаға іштен ұрса түсе ме? — дедім ентелеп тұрған жұртқа қарап,

— Жоқ, түспейді, — десті олар.

— Түспесе көрейін! — деп оны және періп кеп жібердім. Ортаға барып ол және гүмп ете түсті. Прокурор томпаңдап менің шарларымды қабырғаға қарай таси берді, таси берді. Сөйтіп, мен бірінен соқ бірін сегіз шарды бір жолы алдым.

— Тағы ойнаймын, — деді прокурор қызарақтап.

Тағы да ойнадық. Мен тағы да ұттым.

— Ер кезегі үшке дейін, енді бір рет, — деді ол қып-қызыл болып.

— Келгін, — дедім мен.

Бұл жолы да ұттым.

— Мен жеңілдім, — деді содан соң прокурор екі қолын бірдей көтеріп. — Менен контрибуцияға не тілейсіз?

— Мен саған екі түрлі салық саламын, — дедім оған. — Біріншісі, шырағым, бүгіннен бастап шіренбей, сіреспей, кәдімгі қарапайым жұртқа ұқсап жүргін. Сіресу, шіренуіңді еліңе, кеңсеге барғанда да қойғын. Екіншісі, өзіне қарсы кездескен жасы үлкен адамға сәлем беріп өткін. Үлкенді ұлық та сыйлауға тиіс екенін ұмытпағын. Понятно?

Өзі де жерге кірердей болып ұялды. Осыдан кейін ол ағаш емес, адамға ұқсап қалды.

VIII

Содан соң бірге демалып жатқан ақсақалымыз Сапарғали Бегалин прокурордың таяғын қолына алып:

— Әй, Бауыржан, сен менімен бір жол ойнап көрші, — деді.

Ойнадым.

Сапакеңнің жасы үлкен болған соң одан қатарынан екі рет әдейі ұтылдым. Бірақ, шын ұтылып қалған сияқты қалып көрсеттім. Осыдан кейін мені Сапакең ойынға шақырса:

— Сапеке, мен сізді жеңе алмаймын, — деп екі қолымды бірдей көтеретін болдым.

Сапакең соған сеніп:

— Құданың құдіреті, ойын деген қызық қой. Анау прокурор бала мені бұйым құрлы көрмейді. Ал Бауыржан оны ылғи құрғақтай құрамай қаптырады. Мен болсам, Бауыржанды шақ келтірмей ұтамын, — деп ылғи мақтанып жүрді.

— Мына тауда академик қайнағамен ойнағаныңды айтсаңшы, — деді әйелі Бауыржанға күле үн қатып.

Бауыржан да күлді. Ол да бір қызық әңгіме шығар деп мен де елеңдей бастадым.

— Айтайын, — деді Бауыржан менің ықылас білдіргенімді аңғарып. — Таудағы демалыс үйінде жатыр едік. Академик ағамыз келіп:

— Бауыржан, сенімен мықты бір бәс тігісіп, биллиард ойнасам деп тұрмын, — деді.

— Ендеше әйеліңізді тігіңіз, — дедім мен әзілдеп. — Одан мықты не бәс болады?

— Сен келінді тігесің бе онда?

— Тіктім.

Екеуміз қол алысып, жоғарыға көтерілдік те, ойнап кеп кеттік.

— Жеңгейдің жеңіне, — деп періп кеп қаламын. Гүмп ете түседі. — Жеңгейдің несібесіне! — деп тартып жіберемін. Тағы да гүмп ете қалады. Саусағының арасынан таяғын сыпсыңдатып академик әрі көздейді, бері көздейді. Бірақ көздегені көз көрім жерге кетеді. Не керек, академик әрі тырбаңдап, бері тырбаңдап, шар ала алмай, қара терге түсті. — Жеңгейді жетектеген осы болады! — деп соңғы шарды және зып еткіздім.

Содан соң академикті жетектеп, төменде, есік алдында, мына Кәмәштың қасында отырған әйелінің алдына алып келдім де:

— Айт! — дедім.

Академик әйелінің атын атап:

— Мені құдай ұрды. Қара басып сені мына Бауыржанға ұтқызып қойдым, — деді.

— Қайырлы болсын, — деді әйелі күліп.

Кешке академик дастарқанын жайып, тамағын жасап, коньягін қойып, бірге жатқан барлық жолдастарын бөлмесіне шақырды да:

— Ал жолдастар, мынау менің айыбым, Бауыржанға төлеген. Жазған басым-ау әйелімді салып ойнап нем бар еді? Ал мынау өз әйеліме өзімнің қайтадан төлеген қалың малым. Құдалар да, куәлар да сендер болыңдар, — деп сөз бастады.

Сөйтіп, академик ағамыздың өз әйелін өзі осылай сатып алғаны емес пе...

Бұл әңгімеге үстел басында отырған үшеуіміз бірдей көзімізден жас аққанша күлістік.

IX

Сағатыма қарасам түңгі тоғыз жарым болған екен.

— Бауке, рұқсат болса, мен қайтайын,

— Қайтқаның жөн, — деді Бауыржан күліп. — Сені үйге кіргізуге болмайды екен. Өйткені бір кірсең шықпай қояды екенсің. Әлгі кітаптарың қайда, әкел бері.

Мен Бауыржанға екі кітабын ала барған едім. Бірі 1959 жылы шыққан «Москва үшін шайқас» та, екіншісі Алматыда 1962 жылы шыққан «За нами Москва» болатын. Орыс тіліндегі кітапқа осы кітапты бірінен соң бірі бас алмастан қызыға оқып тауысқан екі ұлым Арнұр мен Жаннұрға деп, қазақша кітапқа өзіме деп автограф жаздырып алсам деп ойлағанмын. Бағана осыны айтып өтінгенімде Бауыржан жарайды, кетерде жазып берермін деген. Бауыржан сол уәдесін ұмытпаған екен. Мен өзіміз күні бойы әңгімелескен бөлмеден сол екі кітапты алып келдім. Бауыржанның қолына алдымен қазақша кітап іілінді. Оның беттерін ақтарды да, менің сызып, қоршап қойған тұстарымды көрді. Ондай белгілер әсіресе кітаптың аяқ жағында көбірек еді. Бауыржанның мақал-мәтелдеріндегі: «Адал болмай азаматпын демегін; ойран салсаң ойлап салғын; әр оғыңды атап атқын» дегендегі ең соңғы «ғын», «гін», «қын»-дарды қоршап қойған едім. Сол беттер шұп-шұбар ала болып қалыпты. Бауыржан соларға көз салды да, үндеместен кітаптың бетін жауып, қасына қойды. Одан соң екінші кітапты қолына алып қарады. Балалар оқыған орысша кітапта ондай белгілер жоқ болатын. Содан кейін оның «Наша семья» деген екі сөз жазылған бетіне, сол екі сездің үстін баса, автограф жазып берді.

— Ал мынаған жазбаймын, — деді ол екінші кітапты да қолыма ұстатып жатып. — Бұл сенің шимайлаған кітабын. Понятно тебе?

— Түсінікті, — дедім мен басымды изеп.

Бауыржанмен қол алысып, шығар есікке тақай бергенімде:

— Әй, хабарласып тұрғын, — деді ол.

— Хабарласамын, Бауке, — деп мен артыма қайта бұрылып қарадым. Қарасам, Бауыржан оң қолын басынан асыра жоғары көтеріп тұр екен. Мен де сөйттім.

Еліміздің аты әйгілі батыры Бауыржан Момышұлымен алғашқы күні он екі сағат әңгімелесіп, мен үйіме қайттым.

X

Арада бірсыпыра уақыт өтті. Менің Бауыржанмен диалогымның жартысы ғана, онда да «Жұлдыз» журналының жоспарланған он екінші номерінде емес, жаңа жылғы екінші номерінде жарияланатын болды. Мен осыны айтпақ болып, Момышұлына телефон соқтым.

Автор. Бауке, анадағы өзіңізбен әңгімені журналдың он екінші номерінен күтіп, дәмеленіп қалып жүрмеңіз.

Бауыржан. Мен ешкімнен, ештеңе дәметіп үйренген кісі емеспін.

Автор. Жоқ, Бауке, мүлде шықпай қалмайды. Жартылап февраль айында басылатын болды.

Бауыржан. Ол редакторлардың ісі. Онда менің шаруам жоқ. Түсінікті ме саған?

Маған, әрине, түсінікті болатын: журнал редакциясындағылар тұтас басуға көлеміміз көтермейді. Саған біз мақала тапсырып едік, сен повесть жазып әкелдің. Соның жартысын жариялағанымыздың өзіне риза бол және аяқ астынан мұндай шығарма туып қалғаны үшін бізге рахмет айт дескен болатын. Мен риза болғанмын, рахмет те айтқанмын. Бірақ мұндайға Бауыржаннан басқа біреу болса ешқашан да риза болмас еді. «Немене, менің юбилейіме келгенде журналдың беті жұтап қалып па? Бұл журналдағылардың сені емес, мені менсінбегені ғой. Дүние жүзіне атағымыз шықса да, өстіп ағайынның аузына ілінбейтініміз, көзіне түспейтініміз бар...» деп бұлан-талан болар еді. Баукең өйткен жоқ. «Понятно тебе?» деді де, трубканы жауып тастады. Сонысының өзі де Бауыржандық еді.

Будан кейін мен науқастанып, ауруханаға түсіп қалдым. Біраздан кейін мен жатқан ауруханаға әйелі Кәмәшпен қатар Бауыржан да келіп түсті. Кәмәш жоғарыда, мен жатқан кардиология жағында, Баукең төменде, неврология бөлімінде болды. Баукен жоғары шыға алмайды, мен темен түсе алмаймын. Екеуіміз бір жерде жатсақ та жүздесіп, сөйлесе алмайтын болдық.

Сол кезде, ауруханының астыңғы қабатындағы гастроэнтерология бөлімінде «Социалистік Қазақстан» газеті редакторының бірінші орынбасары Сапаржан Хайдаров та жатыр еді. Бір күні ол маған қуана кіріп келді. Қолында бір уыс газеті бар.

— Әзеке, сүйінші, — деді сыпайы күліп тұрып.

— Алыңыз, Сәке, — дедім мен ентелей басымды көтермек болып.

— Жо-жоқ, қозғалмаңыз. — Маған қимылдауға болмайтынын білетін ол екі қолын кезек сермеп, безек қақты. — Бүгінгі газетте Сіздің геройыңыз, халқымыздың сүйікті ұлы жазушы Бауыржан Момышұлының орденмен наградталғаны туралы жарияланыпты. Сізге соны хабарлайын деп келіп едім. Міне газет.

Мен Сапаржан берген газетті алып, Указды оқыдым.

Менің тез барып Бауыржанды құттықтағым келді. Бауыржанды ғана емес, Бекті де құттықтағым келді. «Сүйікті кітабыңның қаһарманы — кеше, қан майданда, жауынгерлік Қызыл Ту орденімен наградталған жауынгерің бүгін жазушылық еңбегі үшін Еңбек Қызыл

Ту орденімен наградталып жатса, авторға ол бір мерей емес пе?» Бірақ мен орнымнан қозғала алмадым. Төменгі қабатта жатқан Бауыржанға барып, оның қолын қысуға дәрменім келмеді.

— Бауыржан қақаған қыста, декабрьдің 24-інде туған, — дедім мен шалқамнан жатқан күйі Сапаржанға қарай мойнымды бұрып. — Сақырлаған сары аязда дүниеге келген... Қыран бүркіт те жұмыртқасын қыста, қиядағы тасқа салады дейді. Жазға шыдамаған жасық жұмыртқа шырт-шырт сынып, жарылып, ұяда темірдей тесірейіп міз бақпастан жалғыз ғана жұмыртқа аман қалатын болса керек. Қыран тек осыны ғана бауырына басып, балапан етіп шығарады дейді ғой. Ел аңызы осылай. Осы аңыз-теңеу біздің Баукеңе дәл келеді-ау өзі. Сіз барып, Баукеңді құттықтаңыз, Сәке.

— Жоқ, — деді Сапаржан ақ тістері қасқая күліп.

— Неге?

— Жүрегім дауаламайды.

Сапаржан оның себебін айтты. Бір-екі ай бұрын Баукең «Социалистік Қазақстанға» материал апарып, редактормен сөйлесіп отырады. Олардың үстіне кабинетке редактордың орынбасары Хайдаров барып кіреді. Сәлемдескеннен кейін Баукең редакторға қарай бұрылып, Ұлы Отан соғысына байланысты бір цифрды кейінгі мәліметтерге сәйкестендіріп, жаңартайын ба деп сұрайды. Ойында ештеңе жоқ Сапаржан «Әрине!» деп қалады. Сонда Бауыржан оған ала көзімен қарайды да:

— Мынауың кім? — дейді редакторға.

Редактор оны өзінің орынбасары екенін, бұл материал сол кісінің қолынан өтетінін айтады. Бірақ Бауыржан оны көзге де ілместен теріс қарап кетеді.

— Сонда жерге кіріп кете жаздадым, — деп күлді Сапаржан. — Содан кейін Баукеңді көрсем алты шақырым аулақ жүруге тырысамын.

Мен де күлдім.

— Басында бәріміз де сөйткенбіз, — дедім мен күлкім тыйылғаннан кейін. — Бірақ Бауыржанға базына жүрмейді.

— Қойдым ендеше, — деді ақ көңіл Сапаржан елбелектей орнынан тұрып. — Міне, қазір барып құттықтаймын.

— Менен сәлем айтып, менің де атымнан қоса құттықтаңыз, Сәке.

— Құп.

ТӨРІНШІ ДИАЛОГ

I

Мен ауруханада сексен күн жатып, марттың аяқ жағында үйге қайттым. Бауыржан жүз жиырма күн жатып, менен кейін шықты. Менің жүрегім, Баукеңнің аяғы ауырды. Көп уақытқа дейін біз жүздесіп, тілдесе алмай, бір-бірімізге қасымыздағы сырқат серіктерімізден сәлем айтысумен болдық. Сөйтіп біздің диалогтарымыз жолдастар арқылы жалғасып жатты. Әсіресе Баукеңнің әйелі Кәмәш екі этажда серейіп жатқан екеуміздің арамызда үлкен хабаршылық қызмет атқарды.

Екі айдан кейін Бауыржан екеуміз де бас көтердік. Ілбіп палатада жүретін, ептеп дәлізге шығатын болдық. Бізді сестра үшінші этаждан тәй-тәйлап түсіріп, төмендегі спорт залына апарып, гимнастика ойнатып жүрді. Сол күндердің бірінде төменгі этаждың дәлізінде темекі тартып отырған Бауыржанға кездестім.

Автор. Сәлеметсіз бе, Бауке?

Бауыржан. Сәлеметтендің бе, қарағым?

Автор. Халіңіз қалай?

Бауыржан. Ептеп тәуір боп келемін. Алғашқы жиырма күнде қайда жатқанымды білмедім. Қазір сәл басым айналады, ептеп жүруге жарадым. Бізді қойшы, біз ұзақ сапар шегіп, тоналып қалған жолаушы сияқтымыз ғой, қарағым. Қазынасыз керуен қарақшыдан қорықпайды. Өзің қалайсың?

Автор. Дәрігерлер екі ай сірестіріп шалқамнан жатқызып тастап еді. Енді бас көтеріп, ептеп ілби бастадым. Арыстан боп қимылсыз жатқаннан, тышқан боп жорғалап жүрген артық екен.

Бауыржан. Хабарыңды естіп, жіберген журналдарыңды алып жаттым. Менің аяғым ғана емес, қолым да шабан екенін білесің ғой. Ауызша сәлем айтқаным болмаса, арнап записка жаза алмадым.

Баукеңнің бұлай деген себебі мен жоғарыда жатып ол кісіге өзі туралы материалдарым басылған «Балдырған» (№ 12, 1970), «Жұлдыз» (№ 2, 1971) журналдарының «Жетісу» және басқа облыстық газеттердің номерлерін жібергенмін.

Автор. Рақмет, Бауке. Сіздің әр сәлеміңізді дәрігерлердің дәрісімен қоса қабылдап жаттым. Осында біраз үлкен қызметкерлер де бар екен.

Бауыржан. Ауру болсаң әкімдіктен не пайда?

Автор. Оныңыз рас. Сол кісілер өздерінің қызмет бабына қарамастан маған хал-жайыңызды хабарлап тұрды.

Бауыржан. Адамды үш түрлі жағдай жақындастырады, қарағым. Ол жағдай: соғыс, түрме, аурухана. Бұл үшеуі лауазым таңдамайды. Адам қанша көкке көтерілгенімен топ етіп төменнен бір-ақ шығады. Олар соны да ескеретін болар. Жара жаралыны қинайды. Шыдай шыдай шыдам таусылғанда, ашу қырып, артық сөйлеп қалатын сәттерің де болады екен. Артынан райыңнан қайтасың. Ол заңды да ғой. Өйткені әркім жеткен жеріне дейін барады, жығылған жерінде қалады. Атағыңа ақылың сай келсе ғана сыйлы боласың.

Осы кезде сырттан келген сестра мені қолтығымнан алып, жоғары қарай жетектеді.

Біздің ауруханадағы алғашқы әңгіміміз осылай басталды.

II

Бір күні палатада жатыр едім, есік қағып, Бауыржанның әйелі Кәмәш бас сұқты.

— Жай жатырсыз ба?

— Жай.

— Онда Баукең сізбен әңгімелесемін деп жоғарыға келіп отыр еді.

— Қазір барайын, — дедім мен.

Шықсам, біздің үшінші этаждағы алаңда газет-журнал қоятын кішкентай үстелдің қасында Бауыржан, үстелден әрірек Кәмәш отыр екен. Бір орындық бос тұр. Екеуінің үстінде де ауруханаңың көкала халаты. Баукеңмен амандасып, бос орынға барып отырдым.

Бауыржан. Мынау Кәмәшқа сүйеніп әрең көтерілдім. Өзің бір таудың төбесінде жатыр екенсің ғой.

Автор. Бірнеше күн төсекте шалқамнан жатып, одан кейін дәрігерлер басымды көтеріп төсекке отырғызғанда мен биік таудың төбесіне шыққандай болғанмын. Алғаш рет тәй-тәй басып барып палатаның терезесінен қарағанда, басым айналып, құлап қала жаздағанмын. Көп жатқан адам осындай күйге ұшырайды екен — оған аласаның өзі асқар тау боп көрінеді екен.

Бауыржан. Маған «Жұлдыздың» екінші номерін оқыдық деп әркімдер айтып жатыр. Әлішер Бейсенов, Шахмат Хұсайынов тағы басқалар айтты. — Мен олар не деді деп

сұрамадым. Баукең солардың сөзіне разылықпен «таудың төбесіне шығып» отырғанын түсіндім. — Кеше Әбділда Тәжібаев келіп, ұзақ әңгімелесіп қайтты. Ол да оқығанын айтып жатыр. Журналдың редакторы Сырбай Мәуленов келіп еді. Оқушылардан көп хат келді. Бекер тұтас баспаған екенбіз деп өкініп қалдық деді...

Осы кезде іштен халатын жүре қаусырынып, шүңірек көз бір шал шықты. Отырған үшеумізге кезек-кезек сүзе қарап алды да:

— Бауыржан, аманбысың? — деп Момышұлына қолын ұсынды.

Бауыржан оның қолын алды да, үнсіз отыра берді.

— Маркстік философияның заңы бойынша, — деді шүңірек көз шал Бауыржанға үңіліп, — адамдардың ара қатынасы бір-біріне кездесуден жасалады. Міне бүгін атақты Бауыржанды көріп, қолын алып тұрмын.

— Ақсақал, біз әңгімелесіп отырмыз, — деді Бауыржан түсін суыққа салып.

— Сөйлесе беріңдер, мен бөгет болмаймын, — деді шүңірек көз шал бұрылып, баспалдақпен төмен түсе бастап, — Сөйлесу — ол ара қатынастың бір түрі.

Шал төмен түсіп кетті.

— Мынау кім? — деді Баукең маған.

— Бұл кісіні осындағылардың бәрі Дерпен деп атайды.

— Ол немене, аты ма?

— Аты-жөнінің кім екенін біліңкіремеймін. Өзі дербес пенсионер көрінеді. Соны жұрт қысқартып Дерпен деп кеткен. Екі сөзінің бірі тарих пен философиядан басталады. Үйінен алдырып үзбей оқитыны «Үгітші блокноты»,«Вечерняя Алма-Ата» газеті және кейбір саяси кітаптар. Жанасып кеткен адамға саясаттан сабақ айтып, мазасын алады. Одан басқа жазығы жоқ.

— Құдай сені көршіге жарытқан екен, — деп күлді Бауыржан.

Автор. Бауке, тойға әзірлік қалай болып жатыр? Құттықтаушы жұрт көп шығар.

Бауыржан. Жұрттың қалай құттықтап жатқанын жеңгең айтсын.

— Құттықтаудың күші Баукеңді осы жерден әкеп бірақ шығарды ғой, — деді Кәмәш күліп. — Басы өзінің туған күні жиырма төртінші декабрьден басталды. Қаладағы жұрт бірден үйге келіп, тек облыс, аудандардан ғана телефон соғылып жатты. Алғашқы күндері Сәбит

аға, Ғабит аға, Дмитрий Снегин келіп құттықтады. Ол кісілердің келуінің өзі бір мейрам ғой. Мейрамға қосылып, мерейіміз көтеріліп қалды. Сәбит пен Ғабит аға екеуі де:

— Әй, Бауыржан, біз сені шаршатып алармыз, — деп үнемі ескертіп отырды. — Бұл күндері саған кісі көп келеді. Сен оларды режиміңді бұзбай қабылда.

Осылай деп олар ұзақ отырмай,үйлеріне қайтты. Бірақ жұрттың бәрі ол кісілердей болмады. Бір келгені бес сағат отырып алысты. Солардың сөзін тыңдаймын деп Баукең әбден шаршады. Баукең бөлмесіне барып тыныңайын десе кейбіреулер соңынан ілесе кіріп, қақсап қасында отырып алды. Өстіп Баукең әбден қалжырады. Денсаулығы бұрыннан жұқарып жүрген Баукең мұндай құттықтауларды көтере алмай, ақыры ауруханадан бірақ шықты.

Бауыржан. Біз сен зерігіп жатқан шығар. Біраз әңгіме айтып, көңіліңді көтерейік деп келдік. Бүгінгі әңгіме айту осының үлесіне тиген, — деді Баукең әйелін иегімен нұсқап. — Айта бер.

— Мен не айтайын? — деді Кәмәш жан-жағына жалтақтай қарап.

— Жұлдызды» оқығаннан кейін, қап, менің бір айтатыным бар еді деп жүр едің ғой, — деді Баукең әйеліне бұрылмастан теріс қараған күйі. — Соныңды айт.

— Ол жай, әшейін бір күлкілі жағдай ғана ғой.

— Е, соны айт. Бұған сондайлар да керек.

— Ендеше айтайын, — деп Кәмәш сөзге кірісті.

III

— Бауыржан екеуіміздің жаңа жұптасқан алғашқы күндеріміз еді, — деп бастады Кәмәш әңгімесін. — Бір күні біреу үйге телефон соқты. Онда Дзержинский көшесіндегі үйде едік. Телефон дәлізде болатын. Трубканы мен барып алдым. Ар жақтан бір жас қыздың даусы келді.

— Кім керек Сізге?

— Маған Бауыржан керек. Мен Жақсыгүлмін. Шақырып жіберіңізші, — деді қыз.

«Мұның Жақсыгүлі кім?» деп іштей ойлап Бауыржанға бардым.

— Сенің Жақсыгүл дегенің бар ма еді? — дедім оған.

— Жоқ — деді бұл бірден.

— Трубкаға шақырып тұр, бар сөйлес, — дедім мен оның «жоқ» дегеніне сенбей.

— Мен ондай адамды білмеймін, — деп бақырды бұл. — Барып трубканы жауып қой.

Сенер-сенбесімді білместен трубканы жаптым. Сонша бақыруы жаман бір пәлесі бар ғой деп ішімнен күдіктеніп қалдым.

Екінші күні тағы телефон шылдырлады.

— Мен Жақсыгүлмін ғой, Бауыржанды шақырып беріңізші, — деді кешегі қыз.

— Бауыржан жоқ, — деп сарт еткізіп трубканы жаба салдым.

— О кім, ей, қатын? — деді Баукең кабинетінен.

— Сенің Жақсыгүлің, — дедім булығып. Ішім өртеніп қоя берді. Осының бір пәлесі болуы керек. Бұрын мен келмей тұрғанда сөйлесіп жүрген ескі танысы болар. Мен барда сөйлесуден қашып, білмеймін деп әдейі қасарысып отырған шығар деп ойлап қасына бардым. Бұл бетіме бір қарады да:

— Ә, Жақсыгүл ме? — деп жұмысын істеп отыра берді.

Бір күні қызуым көтеріліп қатты ауырып, төсектен тұра алмай жатып қалдым. Түс кезінде дәліздегі телефон шылдырады. «Дәуде болса Жақсыгүл шығарсың» деп, ауырғанымды ұмытып, басымды төсектен тез көтеріп алдым. Кабинетінен шығып Баукең трубканы кетерді. Бұлар не сөйлесер екен деп, бар демімді ішіме тартып тыңдай қалдым.

— Иә, мен Бауыржанмын, — деді Баукең. — Ә, Жақсыгүлмісің? Жақсымысың? Келейін деп едім дейсің бе? Келсең кел. Әдіріс пе, әдіріс мынадай, — деп үйдің әдрісін айтты да трубканы жапты.

Осы кезде қаным қайнап кетті. Мына қу пәленің істеп жүргенін қарашы. Мен ауырып жатқанда ол қызды әдейі шақырды ғой. Мен төсектен тұра алмай жатқанда оны ана жақта оңаша қабылдамақ қой. Ана жолдары менің көзімше сөйлеспей қойып еді. Онысы айласы екен ғой, — деп ойлап төсегімнен атып тұрдым. Өн бойымды қозғалтпай жатқан аурудың да қайда кетіп қалғанын білмеймін. Жан-дәрмен халатымды киіп, шашымды жиып «Келсін сол албасты» деп, дайын отырдым. Лезде есік шылдырады. Оны естігенде өне-бойым қалшылдап кетті.

Кабинетінен шығып Баукең сыртқы есікті ашқан кезде жататын бөлмеден жай оғындай атылып мен де шықтым дәлізге. Шықсам:

— Сәлеметсіздер ме? — деп үріп ауызға салғандай бір жас қыз табалдырықтан аттап келе жатыр.

— Сәлемет пе, шырағым, — деді де Баукең өз кабинетіне қарай кетті. Қызбен бетпе-бет дәлізде жалғыз мен қалдым. Бас-аяғына қарасам, кісі жаманшылыққа қиятын бала емес. Мен оны бөлмеге алып кірдім.

— Отыр, қалқам. Кімсің?

— Жақсыгүлмін.

— Саған кім керек еді?

— Бауыржан керек еді, апай.

— Бауыржанды көріп пе едің өзің, білесің бе?

— Білемін, көргенім.

«Ә, қулар, бұлар бірін-бірі біледі екен ғой. Бұрын көріскен, кездескен екен ғой. Түк білмейтін, сезбейтін сияқтанып, мүләйімсіп кіріп кеткенін қарашы» деп ойлап тағы да өне бойым безгектей қалтырап кетті. Неше түрлі ой келді басыма. Дегенмен өзімді өзім ұстап:

— Қайдан келіп едің? Қайда оқисың? — дедім.

— Ешқайда оқымаймын, апай. Былтыр ауылдан оқуға келіп, институтқа түсе алмадым да, қазір сатушы боп жұмыс істеп жүрмін.

— Ал, Бауыржан керек болса, бар, жаңағы шал Бауыржаның. Бұрын кездессеңдер, танып тұрған шығарсың, — дедім даусым дірілдеп.

Қыздың көзі бақырайып кетті.

— Ол... емес, апай, — деді дыбысы әрең шығып.

— Алғашында аңғармай қалған шығарсын. Қараңғыда кездесіп пе едіңдер? — дедім сонда да сенбей.

Жоқ, сонша қараңғы емес болатын... Ол жасырақ болатын... Екеуіміз танысқаннан кейін, менің ауылдан келгенімді білід де, өзін Бауыржан Момышұлымын деп айтты. Менің бұрын Бауыржан туралы естігенім болатын. Сол кісі осы екен ғой деп ойладым... Ол менімен ажырасарда: әдірісім телефон справочнигінде бар, «М» әрпінен қарасаң табасың деді. Үйде аға-жеңгем бар. Өзім болмасам, телефонды сол екеуінің біреуі алады деді де кетіп қалды.

— Қай жерде кездесіп едіңдер?

— Максим Горький паркінде...

— Бойы қандай еді?

— Ол кісі сұңғақ бойлы, арықша келген қара сұр жігіт болатын.

— Басқа қандай белгілерін білесің?

— Ешқандай белгісін білмеймін, апай. Екі көзі жылтырап тұратын сияқты еді. «Қалқам, айналайын» деп кісінің асты үстіне түсіп өліп кете жаздайды екен. Парктің аузында таныса сала:

— Жүр, қалқам, ресторанға кіріп сусын ішіп шығайық, айналайын, — деді... «Айналайын» деген сөзді ылғи созып айтады. Мен содан бері осы үйге күнде телефон соғып жүрмін.

Қыз қызарып, бұл сөздерді жылырман болып айтты. Қыздың алданғанын біліп, енді оған жаным аши бастады.

— Қарағым-ау, өзің ойламайсың ба: соғыстағы жас Бауыржан осы күнге дейін жас қалыбында жүр дейсің бе? Бауыржан бұл күнде сенің әкең құралпы кісі болған. Жаңағы өзіңе есік ашқан нағыз Бауыржанның өзі. Көремін десең жүр, ертіп апарайын, — дедім.

— Жоқ, апай. Менің енді ол кісіні көрер бетім жоқ. Менің кетуіме рұқсат етіңіз, — деп қыз орнынан тұрды.

Мен есікті ашып, қызды қоя бердім.

— Әй, қатын, ол кім екен? — деді Баукен дауыстап.

— Жақсыгүл.

— Жақсыгүл ме! Жаңа барамын деп әдірісті сұрап алып еді, не шаруасы бар екен?

Мен Жақсыгүлдің жайын айттым. Мынау шала бүлінді де қалды. Неге қазақтың жас жігіттері ауылдан келген қыздарды алдайды? Ұят, ар, намыс қайда? — деп маған зірік-зірік етеді.

— Оны жігіттерден сұра, маған несіне күжілдейсің? — дедім.

— Жігіттің аты-жөнін біле ме екен өзі?

— Бауыржан деп тұр ғой.

Бұл маған ала көзімен қарады да, ештеңе демеді.

— Түрі-түсін біле ме екен өзі?

— Ұзын бойлы дейді, — дедім де ар жағын айтпай қоя қойдым. Қыздың айтқан белгілерімен Баукең бет алды біреулерге тиісіп, ұят болып жүрер деп ойладым. — Байтақ қалада бетіне қарап кімді танушы едің?

Бұл сөзге Баукең бөгеліп қалды.

— Сұрқиялар алдымен жұртқа қиянат жасайды. Содан кейін сыртыңнан сенің атыңды сатады. Мұндай сұмдарға бір зауал жасау керек, — деп Баукең біраз бұрқырап алды да, артынан сабасына түсіп, істеп отырған жұмысына кірісті. Мен де басымды ұстап, жататын бөлмеге қарай аяңдадым. Жаңағы кішкентай түрегеп жүргенге басым сынардай боп зырқ-зырқ етіп. төсегіме әрең жеттім. Жақсыгүлі құрысын, қайдан тұрып едім деп, қайтадан ыңқылдай бастадым.

Кәмәш күліп, осылай деп әңгімесін бітірді. Баукең тырс етпестен үнсіз отырды. Мен Кәмәшпен қосыла жымидым да, дереу ол кісі айтқан әңгімеге ат іздедім. Бұл менің әдетім. Біреудің әңгімесі ұнаса, оған алдымен ат қойып аламын. Сөйтіп барып ойымда сақтаймын. Бұл әңгімеге «Жақсыгүл» деген ат қойдым да ішімнен екі рет: «Жақсыгүл», «Жақсыгүл» деп қайталап шықтым. Содан кейін Кәмәшқа бұрылдым.

— Апырау, Баукеңнің атын сататын да батырлар бар екен ғой.

— Бар-бар, — деді Кәмәш басып тез-тез изеп. — Мен Сізге мына бір оқиғаны айтып берейін.

IV

— Бір күні Бауыржан екеуіміз қала араламақ боп такси шақырдық. Шоферіміз ұйғырдың бір жас жігіті екен. Баукең соның қасында, мен артта отырмын. Бір кезде мен:

— Бауыржан, мына магазинге кіре шығайықшы, — дедім. Мен Бауыржан дегенде, таксист жігіт Баукеңнің бетіне жалт қарады. Содан кейін де қайта-қайта қарағыштай берді.

Біз магазиннен шығып, Баукең қасына жайғасқаннан кейін таксист жігіт машинасын жүргізуден бұрын Баукеңнің бетіне қарады да:

— Аға, Сіз шын Бауыржансыз ба? — деп сұрады. — Момышұлы Бауыржансыз ба?

— Ол не керек саған? — деді Баукең қатқылдау үнмен. Шофер жігіт күлді де, осыдан бір жыл бұрын өзінің бір жолаушыны тасып, қаланы күні бойы аралатқанын айтты.

— Мен одан бір тиын ақша алмадым, — деді жігіт. — Өйткені ол «Мен Бауыржан Момышұлымын!» деді. Атақты Бауыржаннан ақша алып не болыпты маған?

— Неге алмайсың? — деп сұрады Баукең.

— Себебім бар.

— Қандай себеп?

— Менің әкем Ұлы Отан соғысында Бауыржан полкының жауынгері болған. Әкем Бауыржанның батырлығын, солдаттарға деген қамқорлығын аузынан тастамай айтып отырушы еді.

— Әкең тірі ме? — деді Баукең оған сәл бұрыла түсіп.

— Бертінде қайтыс болды, — деді таксист. — Бірақ мен оның Бауыржан екеніне бір сөзінен шүбәланып қалып едім. Өйткені микроауданға қарай бара жатқанда бір «Запорожецті» басып оздық. Сонда ол:

— Мен де осындай бір «Запорожец» алсам деп жүрмін, кезекте тұрмын, — деп қалды.

— Бауыржанның «Волгасы» бар деп естіп едік қой, — дедім мен оған жалт қарап.

Ол сәл қолайсызданып қалды да, содан соң күліп:

— «Волгамның» бары бар, оны өзім мінемін, «Запорожецті» балаларға алып берейін деп едім, — деді.

Мен солай болса солай шығар дедім де қойдым. Сонымен міне бүгін екінші Бауыржанды алып келе жатқаныма таң қалып отырмын.

— Екінші емес, бұл номер бірінші Бауыржан, — деді Баукең шоферға даусын көтеріп.

Таксист «қайдан білейін» дегендей, басын шайқады.

— Тоқтат! — деді Баукең қатуланып.

Таксист те, мен де сасып қалдым. Ол дереу машинасын тоқтатты. Мен Баукең түсемін деп әлек салып жүрмесе екен деп қылпылдап барамын. Жоқ өйтпеді. Қалтасына қолын сұғып, паспортын суырып алды да:

— Мә, оқы, — деп шофер жігітке ұсынды.

Ол паспорттан Баукеңнің аты-жөнін оқып шығып, қуана бас изеді. Содан кейін ол елбелек қағып қос қолын бірдей Баукеңе ұсынды.

— Әкем өлерінде Алматыға барсаң, менің командирім Бауыржанға сәлем бер деп еді, — деді даусы дірілдеп.

Баукең таксист жігіттің қолын алып:

— Әкең иманды болсын, қарағым, — деді.

Содан кейін қайтадан ілгері қозғалдық. Мен де ішімнен «уһ» дедім.

— Анау Бауыржан қанша ақшаңды бермей кетті? — деп сұрады бір кезде Баукең таксистен.

— Көп емес, ағай. Он сом ғана.

— Өзіңнің балаларың бар ма?

— Бар, ағай, екі балам бар.

Біз баратын жерімізге жеттік. Таксистің счетчигіне қарап едім, бес сом екен. Соны төлейін деп сумкамды ашқалы жатыр едім, Баукең:

— Ей, қатын, маған жиырма сом бер,— деді.

Мен оны не қылады деп ойладым да, сумкамнан алып алдымен оның сұраған ақшасын бердім. Одан кейін таксистке бес сом ұсынғалы жатқанымда, Баукең:

— Қарағым, мынау былтырғы, жалған Бауыржан алдап, төлемей кеткен он сомың. Мынаның бес сомы мына счетчигің көрсетіп тұрған біздің жол ақшамыз. Қалған бес сомына менің атымнан балаларыңа базарлық апарып бер, — деп жаңағы менен алған жиырма сомды тұтас таксистке ұсынды.

Шофер сасқалақтап, мен Сізден бір тиын да алмаймын деп еді, Баукең:

— Молчать! — деп ақырып қалды да, ақшаны оның алдына тастай салды, — Бұдан кейін алданушы болма.

Осылай деп Баукең машинадан шықты да, есігін тарс еткізіп жауып тастады. Біз қолтықтасып, ілгері кеттік. Бір кезде шофер де машинадан шығып, қалбалақтап артымыздан қуып келді.

— Аға, қайтатын уақыттарыңызды айтыңыз. Мен сол сағатта келіп, сіздерді үйлеріңізге жеткізіп салайын, — деді ол жалынғандай болып.

— Жоқ, — деді Баукең. — Өз жұмысыңмен жүре бер. Біз осы жақтан бір машина алармыз.

Осы кезде баспалдақта дабырлай сөйлесіп, төменгі жақта жүрген аурулар жоғары көтеріліп келе жатты. Солардың ішінен біреудің жігерлене сөйлеген: «Біз, қарттар, өткен өмірдің ауыртпашылық, қиыншылықтарын жақсы білеміз. Соның философиялық мәнін жастарға айтсаң «тыңдамайды ғой, тыңдамайды» деген сөздері айқын естіліп тұрды. Баукең ол сөзге құлақ салды да, маған қарап:

— Мынау сенің Дерпенің бе? — деді.

— Сол кісі.

— Жүр, Кәмәш, мені төменге түсіріп сал, — деп ол асыға орнынан тұрды.

Баукең Кәмәшқа сүйеніп төмен қарай беттеді. Мен ілбіп өз палатама келдім. Келе сала Баукеңмен бүгінгі кездесудің детальдарын қолма-қол сол тұста жаңа бастап жазып жүрген блокнотыма көшіре бастадым. Ол әңгімелердің әрқайсысының басына «Жақсыгүл», «Таксист», «Дерпен» деген тақырыптар қойдым.

V

Ауруханаңың тәртібіне байланысты біз көбіне кешке қарай сөйлесіп жүрдік. Бұл күні үшінші қабаттың вестибюлінде адам көп болып, жұрт бір жағынан қабырғадағы автоматтан үйлеріне телефон соғып жатқандықтан шырқымыз бұзылып, төменге түстік. Астағы неврология бөлімінің ескі диванына келіп жайғаса бастадық. Осы кезде ауруханаңың көк ала халаты сүйретіліп пұшпағына түскен біреу қалтиып келіп қасымызға тұра қалды. Сөйтсек өзіміздің ағайынымыз, аудармашы, жазушы, қу тілді кісі Әбдірашит Ахметов екен.

— Сендердің халдеріңді білу үшін демалыс сайын осында келемін, — деп бастады ол сөзін, — Келген сайын карантин деп кеудемнен итеріп кіргізбейді. Содан соң осы екеуіңнің — ол екеуімізді кезек нұсқады, — халдеріңді білейін деп әдейі ауруханаға түстім.

Бұл әдемі әзілге Баукең екеуміз қосыла күлдік.

— Біздің көңілімізді дәл бүйтіп ешкім сұрап келген емес, — деді Бауыржан көзінің жасын сүртіп.

— Білесің, білгеннен соң істейсің, — деп Ахметов те күлді. Бұл қазақтың атақты академиктерінің бірінің аузынан шығып, жұртқа мәтел боп кеткен «Білесің, білгеннен соң айтасың» дейтін белгілі сөзінің сәл өзгертілген нұсқасы еді. Оған тағы да езу тарттық.

— Науқас кісіге күлкі де көмек, — деді Ахметов одан соң, — Екеуіңе берген менің алғашқы жәрдемім осы болсын.

— Рақмет, Әбеке.

— Өзің қашан келдің? — деді Бауыржан.

— Осыдан бір сағат бұрын келіп, хирургия бөлімінің қырық төртінші палатасына жайғастым.

— Не науқас?

— Баяғы бауыр. Бұл менің екеуіңнің көңіліңді сұрағаным, — деді Ахметов әңгімені өзге тақырыпқа аударып. — Ал енді екеуіңді де құттықтаймын.

— Не үшін, тағы да ауырып жатқанымыз үшін бе?

— Жоқ, — деді Ахметов алдымен Бауыржанның қолын алды. — «Жұлдыз» журналындағы «Ақиқат пен аңыз» үшін, алмас қылышты ешқашанда тот баспайтыны үшін, Бауке.

— Онда мынаны құттықта, — деді Бауыржан мені иегімен нұсқап.

Ахметов енді менің қолымды алды.

— Қызықтығы, бастасаң бас алдырмайтыны сондай, бір атым насыбайдай бір-ақ қақтым. Рахмет саған.

— Ауруханада жатқан менің көңілімді көтеру үшін де мақтап жатқан боларсыз, Әбеке. Оныңызға рахмет.

— Жоқ, шыным, — деді Ахметов саусағын шошайтып.

Автор. «Москва үшін шайқас» фильмінде Бауыржан ролінде өзіңіз неге шықпадыңыз? Фильм сіздің кітап бойынша жасалғаннан кейін, онда Бауыржан болып өзіңіз көрінгеніңіз жөн сияқты еді. Келешек ұрпақ кітаптарыңызды оқып, атыңызды білгеннің үстіне өзіңізді кинодан көрсе тіпті ғанибет болатын еді ғой.

Бауыржан. Оған шыдамым жетпеді. Алдымен Ілияс Омаров фильмнің сценарийін көріп бер деп өтінді. Көріп берген емес, мен оны қайта жазып шықтым. Бірақ киношылар менің жазғанымның жартысын ғана қабылдады: өйтуге болмайды, бүйтуге келмейді, оны көрсетуге жарамайды деп есімді шығарды. Ілияс марқұм Бауыржан боп өзің ойнасаң қайтеді, дегенді де айтып еді. Енді мені артист етейін деп пе едіңдер, аулақ деп, қолымды бір-ақ сермедім.

Осы кезде кешкі тамаққа шақырып сестралар келді. Біз бет-бетімізге тарап, әрқайсымыз өз бөлім, палаталарымызға қарай кеттік.

VI

Тағы бір күні кешке Кәмәш палатаға бас сұғып, Баукеңнің вестибюльге көтеріліп, мені күтіп отырғанын айтты.

Үйреншікті орынға келсем Баукең қолтығына бір қағаз папка қысып, креслода темекі тартып отыр екен. Оның қасындағы бос орынға келіп мен жайғастым. Біздің бұл кештегі әңгіметіміз алдымен әзіл қалжың түрінде басталды.

— Біздің бір жақынымыз, атақты артистің әкесі, сері, айтысқыш ақын, әрі алғашқы совет болыстарының бірі болыпты, — деді Бауыржан әңгіме бастап. — Олардың руы Алакүшік аталушы еді. Ол кісіні өзім жас кезімде талай рет көрдім, әңгімесін де естідім. Қыздармен айтысқанда екі рет жеңілдім деп отырушы еді.

Бір жолы өзіммен айтысқан қызды дөңгелентіп жеңуге аз-ақ қалып едім, — дейтін жарықтық — Қасымдағы хатшым пұшық мұрын қара жігіт еді. Жеңілемін-ау деп сасқалақтап отырған қыздың соған көзі түсіп кетіп, бір кезде былай деп қоя бергені ғой:

Болысы біздің елдің Алакүшік,

Хатшысы қасындағы қара пұшық.

Ауылдық әйелдері, сақтаныңдар,

Кетпесін Ала күшік сүтіңді ішіп.

Осыдан кейін ауыз аша алмай тотидым да қалдым, — дейтін.

— Екінші рет жеңілгенім, — деуші еді ол кісі, — сақал мен мұрттың әлегінен болды. Ол кезде жас адамдар да сақал мен мұрт қояды. Бір тойда тағы да бір қызбен айтысып қоя бердім. Мен де соғып жатырмын, қыз да жағаласып жатыр. Бір кезде қыз былай деді:

Қауғадай сақал-мұртың, кәрімісің? Кәрі болсаң қыздарға дәрімісің? Мынау түр-сықпытыңа қарағанда, Адам ата жасынан әрімісің?

Оған менің былай деп жауап бермесім бар ма:

Ала қашып сөйлейсің жылқыдай ұрт,

Тебеген биедей боп бересің сырт.

Несіне сақалымды қазбаладың,

Қай жерге шықпайды бұл боқ жеген мұрт?

Осыған қыз шап ете түсіп, «мұртыңыз боқ жесе, аузыңыз не жейді?» деп өлеңдетіп қоя бергені ғой. «Боқ жеген» деген екі-ақ сөзбен ұсталдым. Оның орнына «қай жерге шықпайды бұл оңбаған мұрт» десем жетіп жатыр. Қыз тырп ете алмайтын еді. Міне, бұл екінші жеңілгенім, — деп отырушы еді ол кісі.

Жас кезде естігенің жадыңда жақсы сақталады. Сонау бозбала күнімде сол кісінің аузынан қағып алған осы өлеңдер күні бүгінге дейін ойда келеді.

Кәмәш Баукеңе қарап:

— Ойға келеді демекші, көптен сізден жасырып келген бір әңгімем бар еді.

— Жарайды, оны да айтайын, — деді Кәмәш күліп, — 1964 жылдың жазында Семейдің Абай атындағы қазақ театры Алматыға гастрольге келді. Семейліктер менің төркінім ғой. Баукең оларды тегіс қонаққа шақырды. Үйге жиырма шақты артист жиналды.

Қонақтар ішіп-жеді. Ән салды, әзіл тарқатты. Кетуге ыңғайланды. Сол кезде Бауыржан орнынан тұрды.

— Ал енді сендердің бәрлерің сонау Семейден келдіңдер, — деді қонақтарға кезек көз тастап. — Семей — менің қайын жұртым, мына Кәмәштің төркіні. Семей — Кәмәштің ғана емес, қазақтың театр өнерінің төркіні. Ең алғаш сонау Шыңғыс тауының етегінде көтерілген қазақ театрының қара шаңырағын арқалап келіп, алғашқы спектакль «Еңлік-Кебекті» көрсетіп, астананың көрермен қауымын риза еттіңдер. Халық қол шапалақтап, министрлер мақтап, газеттер мадақтап жатыр. Қайырлы болсын!

Біз де разымыз. Разылығымыздың белгісіне... — деп бұл пиджагінің ішкі қалтасына қолын сұқты. Мына шал не қылғалы тұр деп мен оған қадалып қалыппын. Бірақ қалтасынан қолын суырмастан, сөзін әрі қарай жалғады. — Осы отырған біреуің қайнаға, бірнешеуін, балдыз екенсің маған. Тек Кәмәштің ғана төркіні деп емес, өнеріміздің төркіні, театрымыздың төркіні деп, мен әрқайсыңның иығыңа шапан жабамын.

Мен өз көзіме өзім сенбедім. Сенбейтінім кеше ғана Бауыржан баспа берген қаламақы деп, екі буда ақша әкелген. Он сомдықтар будасының шетін бұзып, қонағасыға жұмсағанмын. Жиырма бес сомдықтар будасы тұтас тұрған. Сол бүтін буданы қалтасынан суырып алып, белдеме қағазын жыртты да, карта үлестіргендей етіп, әр қонақтың алдына төрт қағаздан тастай бастады.

— Әрқайсыңа жүз сомнан. Шапан тіктірсеңдер де, костюм алып кисеңдер де ерік өздеріңде, — деп шалым қарап тұр.

Ең соңында қолында бес-алты-ақ қағаз қалды. Оны желпуіш етіп жайды да, маған қарай лақтырып кеп жіберді. Оны жинап алып жатып, ішім удай ашып кетті...

— Ақша өз өңешіңді тығындау үшін ғана жиналмайды. Елін сыйлаған ер жұтамайды. Ара-тұра дүниеден тарықпаған адам дүниенің қадірін білмейді. Понятно тебе? Тат-та, тат-та, тат-тата! — деп Баукең оң жақ иығына қарай басын бұрып әкетті. Мұнысы оның: «Бұл әңгіме бітті» дегені еді.

VIII

Автор. Бауке, анада бір сөз арасында шетелден келген әйел жазушыны қабылдадым деген сияқты едіңіз.

Бауыржан. Осыдан бірер жыл бұрын француздың бір жазушы әйелі Алматыға келді. Ол әйелдің туған ағасы француз армиясының подполковнигі екен. Қарындасының Москва арқылы Алматыға соғатынын естіп, Момышұлына көре кел деп тапсырады. Арнап хат беріп жібереді.

Әйел Алматыға келіп, Жазушылар одағында болады. Одан мені сұрастырады. Одақтағылар Момышұлы науқастанып үйде жатыр, мұнда келе алмайды, жолыға алмассыз дейді. Әйел де бір айтқанынан қайтпайтын жан болса керек. Ағасының аманатын орындау үшін қалайда маған жолығуға тырысады. Мейманханада жатып телефон анықтамалығынан менің әдресімді іздейді. Өзі орысша жақсы біледі екен. Кешке трубканы алады да 2-20-44-ке телефон соғады.

— Айтыңызшы, тілеуіңізді берсін, бұл Момышұлының пәтері ме? — деп сұрайды.

— Иә.

— Ол кісіні телефонға шақыруға бола ма?

— Болады.

Кәмәш келіп, сені бір шет ел акцентімен сөйлейтін орыс әйелі телефонға шақырып тұр деді. Бұл кім болды екен деп ойлап, телефонға бардым. Сөйтсем, сонау Франциядан келген жазушы әйел.

— Мен сізді көрмей Алма-Атадан қайтпаймын деп ағама уәде беріп едім. Сіз науқастанып жатыр деп естідім. Сауығуыңызға шын жүректен тілектеспін. Бірақ бірер минутқа болса да үйіңізге кіріп шығуға рұқсат етуіңізді өтінемін, — дейді жалынып.

— Келіңіз, мадам, — дедім мен. — Бұрын ауырғаным рас еді. Қазір тәуір болдым. Ертең қай уақытта келсеңіз де менің есігім ашық.

Ертеңінде түс ауа есіктің қоңырауы шылдырлады. Телефон соққан француз әйелі екен. Қасында біздің Жазушылар одағы басшыларының біреуі бар. Оларды төрге отырғыздым да, өзім қарсыдағы креслоға жайғастым. Әйел алдымен қабылдағаным үшін көп-көп рақмет айтты. Мен басымды изедім. Содан соң ол сумкасынан ағасының хатын алып, маған ұсынды. Хатқа қарадым да:

— Мен французша білмеймін, мадам, — дедім.

Ол жалма-жан сумкасына қайтадан қолын сұғып, екінші бір қағазды суырып алды.

— Ғапу етіңіз, полковник мырза, мен орысшасын қоса бермеппін ғой, Сізге, — деп қағазды маған берді.

Оқысам француз подполковнигі маған жауынгерлік сәлем жолдапты. Мен туралы кітаптан оқығанын, Совет Армиясы полковнигін өзіне ұстаз көретінін айтыпты, тағысын тағылар. Хатты оқып болдым да:

— Ағаңызға рақмет. Менен жауынгерлік сәлем айтып барыңыз, — дедім.

Әйел жымиып бас изеді де:

— Сізге бірнеше сұрау беруіме бола ма? — деді.

Осы кезде оның қасына еріп келген жазушы қазақша:

— Бауке, былай... қиқарланбай... дұрыстап... — дей беріп еді, мен оның сөзін бөліп жібердім.

— Мадам қазақша білмейді, — дедім өзіміздің жазушыға ежірейе қарап, орысша сөйлеп. — Мен французша білмеймін. Сондықтан біздің тек қана орыс тілінде сөйлескеніміз жөн.

— Қазақтар француз әдебиетін оқи ма? — деп әйел бірінші қойды.

— Оқиды, мадам, көп оқиды, — дедім мен, — Француз әдебиетін қазақтардың көпшілігі орыс және қазақ тілінде оқиды. Сонымен бірге француз тілінде оқитын қазақтар да бар. Олардың саны әлі аз. Бірақ түбінде қазақтардың көпшілігі француз әдебиетін түпнұсқадан оқитындығына мен Сізді сендіре аламын.

Әйел менің жауабымды қағазына жазып болғаннан кейін:

— Мадам, бәлкім Сіздің менің өзімнің француз әдебиетін оқитын, оқымайтынымды білгіңіз келетін болар, — дедім.

Әйел үндемеді. Содан кейін мен орнымнан тұрдым да:

— Менің кітаптарымды көріңіз онда, — деп кабинетімнің есігін аштым.

Әйел орнынан ұшып тұрып кабинетке кірді де, бірден шкафтағы кітаптардың түбіне үңілді. Үңілген сайын:

— О, Золя!

— О, Флобер!

— О, Бомарше!

— О, Анатоль Франс!

— О, Роман Роллан!

— О, Луи Арагон!

— Антуан де Сент-Экзюпери! — деп, әбден есі шығып кетті.

— Бұл сұрағыңызға қанағаттанарлық жауап алдыңыз ба, мадам? — дедім мен.

Әйел басын изеді.

— Ендеше қайтадан жайғасып отырайық.

— Сіздің Франция президенті Де Голльге көзқарасыңыз қандай? — деді әйел қайта келіп отырғаннан кейін екінші сұрағын айтып.

— Кубада болғанымда маған әскери адамдар саяси сұрақтар қойды. Мәселен, АҚШ-қа қалай қарайсыз, ағылшындарды қалай көресіз? — деген сияқты. Мен ешқандай саяси сұраққа жауап бермеймін дедім оларға. Менің партиямның, Отанымның оларға көзқарасы қандай болса, менің де көзқарасым сондай. Осыдан кейін кубалықтар маған саяси сұрақтар бермейтін болды Ал Сіз әйел адамсыз ғой, сондықтан жауап берейін.

— Де Голль мырзаның саяси бағытына қосылмаймын. Бірақ өзін Францияның адал ұлдарының бірі деп есептеймін, дедім.

— Қазақ әдебиеті туралы пікіріңіз қалай? — деді әйел бұдан соң.

— Өте жақсы, — дедім мен. — Ең арыдан келе жатқан өрелі, өрісті әдебиеттің бірі. Мен кейбір әдебиет зерттеушілерінің қазақ әдебиетін беріден бастап дамыды дегеніне қосылмаймын. Олай дейтінім қазақтың батырлар жырын алыңыз. Олардың әрқайсысы дүние жүзіндегі ең озық мұралармен таласа алады. Мәселен, қазақтың «Қобыланды батыр» жырының жалғыз өзі ғана немістің «Нибелунгтар туралы», француздың «Роланд туралы» жырларынан немесе карелдер мен финдердің «Калевале» эпосынан бір де кем емес. Ал қазақтарда мұндай жырлардың жалпы саны елуге тарта. Олардың көркемдік, күштілік, шешендік жақтарын бірер аптаның ішінде ауызбен айтып жеткізу киын. Оларды біздің профессорларымыз университеттер мен институттарда бүкіл жыл бойына талдап түсіндіреді. Ал осы ғажайып қаһармандық дастандардың жеке-жеке авторлары болған. Бірақ бұл дастандар сонау көне заманнан келе жатқандықтан олардың авторлары ұмытылып, жыр текстері ғасырдан ғасырға ауызша ауысып отырған. Міне осындай улы шығармалар жазған ежелгі қазақ ақындарының өз кабинеті болған. Олар осындай асыл жырларды, тамаша мақал-мәтел, шешендік сөздерді, жұмбақ, жаңылтпаш, әралуан айтыс өлеңдерін сол ғажайып кабинетте отырып жазған.

Француз әйелі маған қадала қарап бақырайып қалыпты.

— Сенбей отырсыз ба, мадам? — дедім мен оған.

Әйел басын изеді.

— Сіздің ата-бабаларыңыз көшпелі халық болған ғой. Көшпелі халықтың ақынына кабинет қайдан келеді деп ойлап отырғаным рас.

— Жоқ менің халқымның арғы аталары бір кезде отырықшы ел болған. Отырар, Тараз тәрізді ірі-ірі қалалары бар мәдениетті, білімді ол ел бүкіл шығыс жұртының сауда орталығы боп тұрған. Кейін шетелдік басқыншылар ол қалаларды ойрандап, елдің егіншілік мәдениетін құрытып, халқын қайтадан көшпенді қауымға айналдырып жіберген. Әңгіме ол туралы емес, әңгіме біздің ежелгі ақындарымыздың тамаша шығармалар

қалдыруына мүмкіншілік берген ғажайып кабинеті болғаны жайында. Өзіңіз ойлаңызшы, мадам, кабинетсіз шығарма жазуға болмайды ғой.

Әйел басын изеді.

— Қазақ ақындарының кабинеті шексіз-шетсіз кең дала, тамаша табиғат аясы болған. Сол кабинетте отырып олар мөлдір көл, зеңгір тау, жұртқа жайлы жерұйық мекен, ел қорғаны болған қаһарман батырлар жайлы мәңгілік шығармалар тудырған. Сол кабинетте отырып олар күндіз самал желмен сырласқан, түнде жымыңдаған жұлдыздармен тілдескен. Міне, нағыз ақын үшін осыдан артық кабинет бола ма?

Француз әйелі мен біздің жазушы екеуі қосыла күліп жіберді.

— Мен қазіргі, іші дүние жүзі классиктерінің асыл мұраларына толы кабинеттерді кемітіп отырғаным жоқ, мадам. Осы заманғы өнерлі елдер данышпандары қалдырған өлмес мұралармен пара-пар түсетін туындыларды дүниеге келтірген көшпелі ел ақындарының кабинетін айтып отырмын.

Енді әйел күлместен, ықыластана бас изеді. Содан соң ол жаңа сұрақ қойды.

— Қазақтың жазуы қашаннан басталды?

— Өте ертеден.

— Тарихшылардың айтуына қарағанда қазақ жазуы арабтар жаулап алғаннан кейін пайда болған сияқты ғой, — деді француз әйелі.

— Жоқ, одан да арыдан. Ежелгі атам заманнан-ақ қазақтардың жазуы және мынаған ұқсас жазу аспаптары болған. — Мен саусағыммен үстел үстіндегі екі жағында екі автомат қалам шаншулы тұрған приборды нұсқадым. Қазақтар сол аспаппен ноталар да жазған. Кәдімгі музыка нотасын және дипломатиялық ноталарды айтамын, мадам.

Қонақтарым тағы да маған таңдана қарады.

— Иланбай отырсыз ба, мадам?

— Иә,— деді әйел.

— Қазақтың жазу құралы міне мынадай болған, — деп мен креслоның қасында тұрған домбырамды алып, шертіп-шертіп жібердім. — Қазақтың асқақ ақындары мен әйгілі композиторлары өз өлеңдері мен музыкаларын халықтың жанына, жүрегіне осы аспаппен жазған. Тілін түсінбейтін басқыншы армияның алдынан шығып біздің ежелгі дипломаттарымыз бен парламентерлеріміз осы домбыра үнімен жауап берген, оларға өз.

ультиматумын домбыра күйімен ұқтырған. Күй қазақтың жер қайысқан қалың қолы бар екенін, олар жер бетінде бір жауынгер қалғанынша өзінің туған жерін қорғайтынын, оларға туған жердің асқар-асқар таулары мен күркіреген өзендері көмектесетінін айтқан. Қазақтың кең даласы келген дұшпанның басына кебін боп кептелетінін білдірген. Есің барда елің тап, кейін қайт деген. Міне бұл домбырамен осындай ноталар жазылған. Буған дәлел қазақта «Ақсақ құлан» деген күй бар. Ол күйдің қысқаша тарихы мынадай. Бір кезде қазақ жерлерін монғолдар басып алғаны белгілі. Сол тұста Алтын орданың бір бөлігін Жошы хан билеп тұрған. Ол өзіңіз білетін Шыңғысханның үлкен ұлы, белгілі Батый ханның әкесі. Сол Жошы ханның бір баласы аң аулап жүргенде оны дала тағысы, хан ұлының оғы жаралаған ақсақ құлан шайнап өлтіреді. Хан аңға кеткен ұлының кешіккенінен күдіктеніп, оны іздеуге жер жайын білетін бір топ қазақтарды аттандырады.

— Егер ұлымды таппай қайтсаңдар, бәріңді де өлтіремін. Ал ол өлді деген хабар әкелсеңдер, сол хабарды айтқан кісінің көмейіне ерітіп бір бақыр қорғасын құямын! — дейді хан.

Хан жарлығы екі болмайды. Қазақтар іздеп келіп құланнан ажал тапқан қатыгез хан баласының сүйегіне кездеседі. Олар сүйекті атқа теңдеп хан ордасының сыртына алып келеді. Бірақ оны ханға кім айтуы керек. Ешкімнің де көмейінен ыстық қорғасып жұтқысы келмейді. Сонда бір жас қазақ батыры алға шығып:

— Өлсем көп үшін құрбан болармын. Бұл хабарды ханға мен жеткізейін, — дейді.

Жас батыр бойындағы барлық қаруын шешіп тастап, (өйткені хан үстіне қарумен кіруге болмайды), ордаға қарай жаяу аяңдайды. Батырдың қолында шоқпар орнына осындай ғана, — мен домбыраны қолыма алып көрсеттім, — қара домбыра кете барады.

Сыртқы жендеттерден өтіп, орданың ішіне кірген жас батыр ханның алдына барып бас иеді.

— Баламды таптыңдар ма? — деп сұрайды хан.

— Таптық алдияр, — деп жас батыр тағы да бас иеді.

— Тірі ме, өлі ме?

Осы кезде жас батыр ләм деп аузын ашпастан, тізерлеп отыра қалады да, қара домбыраны безілдете кеп жөнеледі. Жас батыр тартқан жаңа күйден хан баласының желкілдеп аңға шыққаны, содан соң дүсірлетіп құлан қуғаны, садақпен атып айғыр құланды аяғынан жаралағаны, ақсақ құланның шоқақ-шоқақ желіп, қарайлай қашып бара жатқаны ақаусыз танылып тұрады.Хан баласының ақсақ құланды құртпай қоймаймын деп екілене шауып, қасындағы нөкерлерінен қара үзіп кеткені аңғарылады. Домбырада үш аяқпен шоқақ қаққан құланның, оның соңына жеке түскен төрт тұяқтың дыбысы ғана қалады. Кенет

шоқақтаған құланның дүсірі күшейіп, оның жалт бұрылып соңына түскен қуғыншыға тап бергені білінеді. Сарт-сұрт тұяқ соғысып, құланның қылыштай тістерінің шақыр-шұқыр еткені айқын аңғарылады. Сол кезде домбыра ішектерінен: «өлдім, өлдім!» деген екі сөз адамның үнімен айқын естіледі.

Осы жерге жеткенде қара терге түскен батыр күйді кілт үзеді де, домбырасын алдына көлденең қойып, ханға қайтадан бас иеді. Мінеки, мадам, бұл бертінде, он екінші ғасырдың аяғы мен он үшінші ғасырдың бас жағында болған оқиға. Жаңағы мен айтқан Жошы ханның бір мың екі жүз жиырма жетінші жылы өлгені тарихтан аян. Ал қазақтың универсалды аспабы домбыра арабтар басқыншылығынан әлде қайда бұрын болған. Домбыраның жазу құралы болғанына сендіңіз бе енді?

— Сендім, — деді әйел. — Бірақ жаңағы қазақ батырының тағдыры не болды, соны айта кетіңізші, тілеуіңізді берсін.

— Ол батыр тірі қалды. Өйткені Жошы баламды өлді деп естірткен адамның аузына қорғасын құямын деген ғой. Ал батыр оған өз аузымен ұлың өлді деп айтқан жоқ. Оны домбыраның үнімен, қазақтың өзіне тән жазу алфавитінің өрнегімен ұқтырды. Сондықтан хан күлкілдеп еріп тұрған бір бақыр қорғасынды сол домбыраның шанағына құйғызды. Бірақ ол жас батыр шапқыншылармен кезекті бір ұрыста қаза тапты.

— Жиаль, жиаль, — деді әйел басын шайқап.

— Алайда ол мәңгі тірі қалды. «Ақсақ құлан» күйі күні бүгінге дейін тартылады. Ол қазақтың ұлт аспаптары оркестрінің орындауында бүкіл дүние жүзін аралап шықты.

Қонақ әйелді төргі бөлмеге ертіп барып, бөлменің бір қабырғасын жауып тұрған өзімнің туған апам тоқыған алаша-кілемді көрсеттім.

— Бұл фабрика тоқып шығарған дүние деп ойламаңыз, мадам. Менің өз апайым мұны өз қолымен тоқыған.

Әйел алашаның неше алуан оюларына қарап, мүйіз-мүйіз өрнектердің сызығын саусағымен қуалай сипалап, басын шайқап, біраз отырды.

— Айтқандарыңыздың бәріне де сендім, — деді содан кейін әйел орнынан қозғалып. — Енді менің Сізге басқа қоятын сұрақтарым жоқ. Тек бір ғана өтінішім бар: Сіз, маған өзіңіздің атақты кітабыңыз «За нами Москваның» бір данасын бермес ес екенсіз. Бұл мен үшін, менің семьям үшін баға жетпес үлкен сыйлық болар еді.

— Әбден болады, мадам.

Мен қол қойып, кітабымды бердім. Француз әйелі көп-көп рақмет айтып, ризалықпен кетті.

Бірақ мен кешіргісіз бір қате жасаппын. Оны өзім ертеңіне аңғардым. Ол қатем әйелдің ағасына, маған арнап хат жолдаған француз подполковнигіне бір нәрсе беріп жібермеппін. Бұл қатемді кейін сезіп, телефонмен ол әйелді іздестіргенімде, кеше кешкі самолетпен Москваға аттанып кеткенін бір-ақ білдім.

Бұл әңгімені айтып болғаннан кейін Бауыржан орнынан тұрды. Қолтығындағы қағаз папкасын алды да, маған ұсынды.

Бауыржан. Сен маған шетелдерден келген хаттардың көшірмелерін көрсет деп едің ғой. Кеше балаларға айтып жіберсем Болгариядан келген бір-екі хатты ғана тауып әкепті. Ішінде менің өзіміздің бір әскери училищенің лейтенантына жолдаған жауап хатым да жүр. Бұларды палатаңа апарып оқырсың.

Автор. Рақмет, Бауке.

Ертеңінде таңертең ертерек тұрып, кеше кешке Бауыржан берген папканың бетін аштым. Хаттардың көшірмелерінің бәрі де машинкаға басылған екен. Бірінші хатта былай деп жазылыпты:

«Қымбатты жолдас Момышұлы!

Осы жаңа ғана Александр Бектің «Волоколам тас жолы» кітабын оқып шықтым. Кітапта Отан соғысындағы Сіздің алғашқы ұрыстарыңыздың тарихы суреттеліпті. Егер мен дұрыс ұқсам, Сіз өз басыңыздан кешкен оқиғаларды әрі шынайы түрде, әрі көркем етіп жазушыға баяндап бергенсіз.

Міне, кітаптың соңғы бетін жаптым, бірақ Сіз менің көз алдымда қалдыңыз. Сіздің батылдығыңыз, байсалдылығыңыз, ойшылдығыңыз бәр-бәрі көкірегімде сайрап тұр...

Менің Сізге деген сүйіспеншілігімді айтып, Сізді шын жүректен құттықтауыма рұқсат етіңіз.

Сіздің іс-әрекетіңіз, ой-қиялыңыз, қамқорлығыңыз, ұйқысыз өткерген түндеріңіз жайында оқығанда мен нағыз командирдің қандай болуы керектігін білдім...

Менің барлық жолдастарымның — болгар армиясы командирлерінің Сізге деген алғысын қабыл алуыңызды өтінемін.

Біздің қуанышымыз және қуатты Совет Одағының даңқы үшін Сіздің деніңіздің сау, көңіліңіздің сергек болуын тілейміз.

Болгар әуе күштері, Ұшқыш поручик

26 июль 1947 ж. Банкя қаласы». ЛИЛО ИВАНОВ НЕНОВ

Екінші хатты София қаласындағы Христо Ботев атындағы саяси ротаның курсанттары «Волоколам тасжолы» кітабының авторына жолдаған. Онда былай делінген:

«Қымбатты біздің жазушымыз Александр Бек!

...Генерал Панфилов пен Бауыржан Момышұлы сияқты ұмытылмас образдар жасағаныңыз үшін біз Сізге шын жүректен алғыс айтамыз.

Соғыс туралы, жауынгерлік ерліктер жайында талай кітаптар жазылды, әлі де жазылуға тиіс. Ал Сіздің кітабыңыз тек көркем шығарма ғана емес. Біз үшін бұл кітап нұсқау, басшылық, біз күнделікті жұмысымызда осы кітаптан үйренеміз. Егер біз бір іске кірісетін болсақ, онда ең алдымен, «Біздің орнымызда Бауыржан болса ол қайтер еді?» деп ойлаймыз. Сіздің кітабыңыз бізді қатал, бірақ әділ командир болуға үйретеді. Сондай болсақ қана біз жас Болгар Халық Республикасы өзіміздің алдымызға қойған міндеттерді ойдағыдай орындай аламыз».

Бұл хат 1947 жылы 10 майда жазылған. Оған сексен бір адам қол қойған.

Мінеки, Баукеңнің белгісіз лейтенантқа жазған жауап хаты. Белгісіз дейтінім хаттың текстінде лейтенанттың аты-жөні көрсетілмепті. Мүмкін, бұл кітап орыс тіліне аударылып шықса ол лейтенанттың кім екені де табылар. Бұл хатта «Волоколам тасжолы» кітабына байланысты жұртқа мәлімсіз бірсыпыра деректер айтылады, Баукеңнің бойындағы қаталдықтың негізгі себептері көрсетіледі. Сондықтан мұны оқырмандарға толық күйінде ұсынуды жөн көрдік. Бұл хат мынадай:

«Құрметті жолдас лейтенант!

Хатыңызға рақмет. Сіздің сұрақтарыңызға жауабым мынадай:

1. «Волоколам тасжолы» кітабын талқылау стенограммаларының, оған берілген рецензиялардың, кітапқа байланысты келген хаттардың көшірмелерін Сізге жіберуге мүмкіндігім жоқ, оған шамам жетпейді. Өйткені оқырмандардың лебіздері мен хаттары, сыншылардың пікірлері орасан көп. Мәселен, «Волоколам тасжолын» жариялаған «Знамя» журналының редакциясына соғыс кезінде тек менің атыма ғана жүздеген хаттар келді. Повесть 1942-1943 жылдарда Москва қаласындағы әдебиетшілер үйінде екі рет талқыланды. Ол талқылауларға екі жүз-үш жүздей адам қатысты. Онда мен повестің біткен бөлімдерінің мазмұны және оның жалғасына байланысты біздің істейтін жұмысымыздың программасы туралы екі рет баяндама жасадым. Әр баяндамам бір жарым сағатқа созылды. Ол талқылауларға қатысқан адамдар мыналар: өзіңізге мәлім «Елу жыл сапта» кітабының авторы генерал А. А. Игнатьев, жазушы В. Шкловский, жазушы Б. Лавренев, жазушы

Николай Тихонов, СССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, тарих ғылымының докторы, профессор А. М. Панкратова, профессор — әдебиет зерттеуші Е. Н. Михайлов, байырғы революционер Елена Дмитриевна Стасова және басқалар.

Сөйлеушілердің сөздерінің барлығы да стенография арқылы жазылып алынды. Бірақ стенограмма менің қолымда жоқ. Мен Сізге сөйлеушілердің көпшілігінің повесть жайында жақсы пікірде болғанын ғана айта аламын.

Бұдан басқа мен дүркін-дүркін кітаптың: ағылшын, француз, итальян, неміс, қытай, болгар, чех, венгер, серб, румын, грек және басқа тілдерге аударылған даналарын да алып тұрдым. Барлық басылымдарда да жақсы алғы сөздер берілді. Олардың кейбіреулері Панфиловтың және менің суреттерімізді басты. Осы кітаптарды оқыған көптеген шетел оқырмандарынан да хаттар келді.

2. Сіз менен генерал Панфилов туралы өз естеліктерімді жазып жіберуді сұрайсыз — бұл тілегіңізді орындау да оңай емес. Марқұм генерал туралы менің естеліктерімнің бір бөлігі повестің жариялаған екі бөлімінде айтылды, қалғаны осы кітаптың жалғасы боп табылатын кейінгі екі бөлімінде және айттады. Ал бүкіл бір кітапта жазылған нәрсені екі-үш ауыз сөзбен айтып, бір хатқа сыйғызу қисынға келмейді. 1942 жылдан бастап генерал Панфилов туралы мен газеттерде әр кезде оннан астам мақала жарияладым. Оларды екі-үш ауыз сөзге сыйғызу тағы да мүмкін емес.

3. Сіз тәрбиелеп жатқан шәкірттеріңіздің ересек адамдар екені, олардың кітапта жазылған оқиғалар мен суреттелген қаһармандарға сын көзімен қарайтыны өте жақсы. Ал жазушылардың қағидасы — оқушымен ұрыспау, оның әрбір айтқаны орынды болса — құлақ асу, сөйтіп өз қатесін (егер жіберген болса) келесі басылымдарда түзету. Өйткені жазушы оқушының қызметшісі, ол өз шығармасын оқушы үшін, халық үшін жазады, соларға қызмет етеді. Ендеше оның оқырмандар бұқарасымен есептеспеуге қақысы жоқ. Әр шығарманың мақсаты — лұғат айту. Біз де алдымызға осы мақсатты қойдық. Өз ұрпағымызға қатал соғыс шындығын асырмай, боямай, сол болған қалпында айтып беруге тырыстық. Бұл үшін өзімізді де аямадық, ұрыс майданында өз басымыздан өткен осалдықтарды да жасырмай айттық. Біз өз алдымызға оқушыларға «кедір-бұдырсыз», күнәдан пәк тап-таза қаһарман ұсыну мақсатын қойғанымыз жоқ, оларды өмірдегідей қарапайым, ординарлық қалпында көрсетуге тырыстық.

Біз оқырмандарға болған оқиғаны айтып, өзіміздің басымыздан өткен жауынгерлік өмірдің нағыз шындығын баяндап отырмыз. Біз қаһармандарымыздың басынан кешкен қателері оқырмандарға сабақ аларлық үлгі, жақсылық қасиеттері өнеге болсын деп ойладық. Кітап әлі аяқталған жоқ, сондықтан оның кемшіліктері мен жетістіктері туралы сөз қозғау ертерек. Өзіңіз білесіз кітаптың бірінші тарауында мен өзімнің қорыққанымды, ұрыс кезінде сол қорқынышты жеңу үшін көп күш жұмсағанымды айтқанмын. Өзімнің

бірсыпыра қателер жібергенімді мен қазір де мойындаудан жасқанбаймын, ол қателерді өзгелер қайталамасын деген мақсатпен қағазға түсіріп те жүрмін. Мен өзімнің әскери жазбаларымды жазып жатырмын, оны сырттан бақылаушы болып емес, ұрыстарға қатысқан куәгер, соғыстың басынан аяғына дейін қатысып, барлық ауыртпалықты арқалап өткен солдат ретінде толғаймын. Мен титтей детальді де одан шығармаймын. Оның ешқандай қажеті де жоқ.

4. Сіз менің неліктен қатал болуымның себептерін сұрайсыз. Қаталдығым кітаптағыдай екені рас, онда титтей әсірелеу жоқ. Мен сізге өзімнің қаталдық дегенді қалай түсінетінімді ғана айтайын. Суворовтың: «Әскер ойынында азапты көп көрсең — ұрыста қиналмайсың» деген сөзін есіңізге түсіріңіз. Немесе В. И. Лениннің: «Жауды жеңу үшін қаһармандық күрес керек, темірдей әскери тәртіп керек» дегенін ойлап көріңіз. Ленин тағы бір сөзінде армияда әскери тәртіпті қолдамайтындарды опасыз және сатқын деп атайды.

Солдатқа деген ең жоғары қамқорлық — оны әскери ойында аямау, оны жорық пен жауынгерлік өмірдің барлық ауыртпалықтары мен қиыншылықтарына төзімді етіп үйрету. Сонда ғана солдат ұрыстың әдістері мен техникасын толық меңгеріп, шайқас даласында өзін суда жүзген балықтай сезінеді.

Біз, әскери адамдар, көлденең көзге әдемі көрінетін парадқа емес, Отан үшін өліспей беріспейтін қатал күреске әзірленеміз. Әскери оқу орындарында біз бишілер әзірлеп, оларға әртүрлі балдарда билейтін би сабағын бермейміз, жігерлі, өзіне де, өзгеге де талап қойған командирлер әзірлейміз, оларды ұрыс даласында әрбір жауынгерге кездесетін қиындықтарға төзе білуге тәрбиелейміз. Ал, бірақ, қаталдық мынадай екі түрлі болады:

а) Ақылды қаталдық. Мұның мәнісі командирдің өзінен де, өзгеден де уставта көрсетілген әскери дәстүр мен тәртіпті мүлтіксіз орындауын талап етуі. Оларды өз борыштары мен қызмет міндеттерін дұрыс орындауға, Совет елінің офицері мен жауынгері деген ардақты атты, дүние жүзіндегі ең озат армия — Совет Армиясының офицері мен жауынгері деген жоғары атақты құрметтей білуге баулу.

Біздің армиямыздағы тәрбиенің негізгі әдісі — сендіре білу. Бұл бағыныштыны саналы тәртіпке баулып, оны әз міндетін ойланып, байыппен орындауға үйрету деген сөз. Ал оны түсінбейтін кейбір кертартпалар болса, онда бұл тәртіпке оларды зорлап көндіруден де бас тартпаймыз. Біздің әскери заңдарымыз (уставтарымыз) офицерлерден ең алдымен сендіре білу әдісін қолдануды талап етеді, сонымен бірге егер қажет болса оларға еріксіз көндіруге де право береді.

ә) Ақылсыз қаталдың. Мұның мәнісі өзінің қызмет бабын және солдаттың берген анты мен қызмет міндетіне байланысты командирдің еркіне көнуге тиісті екенін пайдаланып қиянат жасау деген сөз. Мұндайлар біздің армиямызда өте сирек кездеседі. Партия өзінің ұзақ

жылдық тәрбие жұмысының арқасында негізінен жоғары мәдениетті, өзінің қызмет міндетін жақсы түсінетін жан-жақты білімді офицерлер, жауынгерлеріміздің идеялық жағынан ұстамды тәрбиешілерін даярлап шығару ісіне жетісті. Атап айтқанда офицерлер кадрларын даярлау жөніндегі бұл құрметті міндетті сіздің училище де орындап келеді.

Солдат болу да оңай жұмыс емес, командирдің әскерді тәртіптендіруі де қиын іс. Ал соғысу одан да ауыр. Командир бағыныштыларға ғана емес, ең алдымен өзіне қатаң, өзіне талап қойғыш болуға тиіс. Әскер тәртібін қатаң сақтау, оны бағыныштылардың санасына сіңіру, әскери ант пен борышты орындау, жауынгерлерді жақсы қасиеттерге тәрбиелеп, оларды соғыс ісіне үйрету — командирдің қасиетті борышы.

Командирдің қаталдығы барынша әділ болып, қызмет бабындағы қажеттік пен нақты, жағдайдың жалпы мүддесіне иемделуі тиіс. Командир ешқашанда солдат-жауынгердің адамдық қасиеттерін қорламауы керек. Өйткені біздің солдат саналы түрде қызмет атқарушы, әскери қызметке байланысты өзіне кейбір шек қоюшылықтар болатынын түсінетін совет адамы. Ол шек қоюшылық армиядағы жалпы жөн-жосық пен тәртіпті нығайтуға қажет екендігін, оның негізгі мақсаты ұрыс даласында Отанды қорғап қалуға бағытталғандығын совет жауынгері жақсы түсінеді. Біздің совет адамы — өр адам. Ол жағымпаздануды, жалбақтауды, жәмпеңдеуді, екі жүзділікті білмейді. Оның мырзасы жоқ. Ол құл емес, азат адам. Офицер оған ең алдымен — аға жолдас, сондықтан ол совет адамы деген атына сай бағынышты болуы үшін солдаттарды лайықты басқарып, тәрбиелей білуі керек. Совет офицерінің міндеті осындай өр, саналы солдаттарды тәрбиелеу. Командирлердің бұйрығы — бағыныштыға заң. Бұйрықты ол жан-тәнімен орындауға тиіс. Әрбір бұйрықты командир жан-жақты ойланып, нақты есепке негіздеп беруі қажет. Ешбір бұйрық қорлау түрінде берілмеуі керек. Бағыныштылардың ары мен намысын қорлаған адам тәрбиеші де, бастық та бола алмайды.

Сіздің және тәрбиеленушілеріңіздің барша табысқа жетуіне шын жүректен тілектеспін. Жолдастық сәлеммен гвардия полковнигі 1951 жылдың 26 марты. Калинин қаласы».

Бауыржан Момышұлы

IX

Баукең шақырады дегенге вестибюльге шықсам, ол кісі ординаторский жақтағы есіктің алдында сұр дермантинмен тысталған арқалығы жоқ үш кісілік жұмсақ ұзын орындықтың бір жақ шетінде шалбарының сол жақ балағын тізесіне дейін түріп тастап, балтырын уқалап отыр екен.

— Не болды, Бауке? — дедім мен ол кісі аяғын мертіктіріп алған екен деп.

— Ойбай, мынау аяғы құрғыр жаңа баспалдақпен көтеріліп келе жатқанымда кілт ете түсіп еді, осы араға сүйретіліп әрең жеттім. Отырып қарасам жаны кетіп қалыпты, соны уқалап жатырмын.

— Онда әуре боп несіне көтерілдіңіз, Бауке. Ептеп төменге өзім баратын едім ғой.

— Жоқ, сенікі жүрек қой, жүрекпен ойнауға болмайды, қарағым. Ал менікі аяқ, аяқ ит сүйретіліп те болса жүруге жаратылған. — Кәмәш қабырғадағы автомат телефонның алдындағы креслода, бізден сәл қиыстау жерде отыр еді. Баукең бұрылып, оған қарады. — Мына қатынға сүйеніп, шығып кетермін деп едім, оның септігі болмады.

— Енді сені арқалап шығарайын ба? — деп күлді әйелі, — Арқаласам аяғың баспалдақтың тасына соғылып, тағы бір пәлеге ұшырайтын едің.

Бауыржан күлді де, шалбарының балағын төмен түсірді. Біз әңгімелесе бастағанда вестибюльге біреу кіріп, біреу шығып, есік қайта-қайта ашық қала берді. Мен оны үнемі жауып келіп отырдым.

— Өзің болмасаң, мен суықтан қорықпаймын, — деді бірде Баукең.

Бауыржанның онысы рас еді. Ол күздің қатты қара суықтарының өзінде де балконды ашып тастап отырады екен. Өткен күзде «Ақиқат пен аңыздың» біткен бөлімдерін өзіне оқып беру үшін Баукеңнің үйіне барғанмын. Сонда балконы ашық азынап тұрған бөлмеде үш сағат отырып, иегім иегіме тимей қалшылдап, үйге әрең жеткенмін. Мен Баукеңе осыны айттым.

— Бәле, сен қызық екенсің ғой, — деді ол, — Тоңып отырғаныңды айтып, балконның есігін жауып қоймайсың ба?

«Тоңып отырғанымды көрсеңіз де үндемеп едіңіз ғой» дедім мен ішімнен. Содан кейін ол өзінің Калинин қаласында тұрғанда жатын бөлмесінің кіші-гірім терезедей форточкасы болғанын, қысты күнгі аяздарда оны ашып тастап ұйықтайтынын есіне алды. Бір күні сол суық бөлмеге жауынгер серіктерінің бірі кіріп, «Мынау қазақ жататын орын емес, қасқыр жататын жер ғой» деп екінші бөлмеге қарай қаша жөнеліпті.

— Мұның бәрі соғысқа дейін Сібірдің суығына шыныққандықтың арқасы ғой, — деді ол.

Автор. Бауке, кешегі папка менде қала берсін бе, әлде өзіңізге қайтарып берейін бе?

Бауыржан. Керек болса — қала берсін.

Автор. Анау Сіз жауап хат жазған лейтенанттың фамилиясы есіңізде жоқ па?

Бауыржан. Ол өзіміздің әскери училищелердің бірінің лейтенанты екен. Маған бірнеше сұрақтар қойып, суретімді сұрап хат жазыпты. Фамилиясын конверттің сыртына жазған едім, қазір ұмыттым.

Айтпақшы партизан Қасым Қайсенов келіп кетті. Саған да сәлем айтты.

— Сәлемет болсын. Карантин ғой, қалай кірді екен?

— Қасымға карантин бөгет болушы ма еді. Қақпаға барып едім, киргізбеді. Бір бұрышты айналдым да, қоршау тақтайды теуіп қалып біреуін сындырдым. Бірақ одан сыймадым. Екіншісін сындырдым да, сып етіп ауруханаңың ауласына кірдім. Полковник ағам ауырып, арыстай боп ауруханада жатса, қараймын ба мен бұлардың қарауылы мен карантиніне дейді.

— Қоршаудың тақтайын сындырғаның үшін өзіңді сотқа берсе қайтесің? — дедім оған.

Ол ауруханаңың ауласын басына көтеріп, сақылдап кеп күлді.

— Жоқ, Бауке, оған қорықпаймын. Жасанған жау тұтқын лагерін тоғыз қабат сыммен қоршап, автомат, пулеметін кеудеме кезеп тұрғанда олардың тас-талқанын шығарып, совет азаматтарын азат еткен Қасым ауруханадағы ағасына келіп, алақанын сипап, бетінен сүйе алмаса, ол несіне кісі болып жүреді, — деп айқара құшақтап, екі бетімнен кезек сүйіп жатыр, — Өзіңді арқалап алып кетейін, кетесің бе үйге? — дейді тағы да. Қасымға не дерсің, рахмет, айналайын деп маңдайынан сүйдім. Ол жоғарыға көтеріліп, сенің де көңіліңді сұрамақ еді. Бірақ төмендегі сестралар шуылдап, жібермеді. Содан кейін: «Әй, Қасым қойғын. Бұл саған Украинаның орманы емес», — деп қайтарып жібердім.

Партизан жазушы Қасым Қайсеновтың бұл қылығына мен қатты тебіреніп қалдым. Өйткені осы кішкентай деталь маған көп нәрсені баяндап тұрғандай болды. Қасым кешегі ел басына күн туған ауыр шақта етігімен су кешкен ерлердің бірі. Ол украин партизандарының ортасында от ішінде отряд бастап жүрді. Отанның азаттығы үшін өз басын өлімге байлап, өжеттігімен, ерлігімен талай ауыр тапсырмаларды абыроймен орындады. Енді сол ардагер азамат арсаңдап арамызда жүр. Қасымның менімен қарым-қатынасы жоқ адам, айтқан сәлеміне рақмет. Ал оның Баукеңді бұлай іздеп келуі екінің бірінің қолынан келмейтін жай. Кейбір ағайындарың ауырып жатқанында есік ашық тұрса да бас сұқпайды. Ал Қасым болса ауруханаңың қабырғасын қақыратып кіріп, ағасын аймалап бетінен сүйген. Бұл да бір өзінше ерлік іспеттес іс екен. Ағаны ардақтаудың, азаматты қадірлеудің адамгершілік үлгісі осындай болар. Ерді ер, батырды батыр осылай құрметтейтін шығар деп ойладым мен.

Содан кейін Совет Одағының Маршалы, СССР Қорғаныс министрі Андрей Антонович Гречконың «Карпаттан асқанда» дейтін кітабы есіме түсті. Сол кітапта 1944 жылы июльде партизан қозғалысы Украин штабының Чехословакия мен Венгрияға қырықтан аса

жауынгер партизан отрядтары түсіргенін, бұлардың совет әскерлері Карпатқа шабуыл жасаған кезде Гитлер әскерлерінің тылында белсенді қимыл жасағаны айтылады. Мұндағы партизан құрамаларының бірін А. В. Тканко басқарады. Партизандар жау гарнизондарына батыл шабуыл жасап, жергілікті халыққа Қызыл Армияның жеңістерін баян етіп отырады. Украин селоларына: «Карпат сыртының халқы, көтеріліңдер! Фашистердің тұмсығын бұзыңдар!» деген листовкалар таратады.

Осыдан кейін Маршал былай деп жазады: «А. Тканконың партизандары «Ақ Таня» тұтқын лагеріне батыл шабуыл жасады. Гитлершілдер 700-дей украин, словак және венгер коммунистерін тұтқындап, Ровнаяның оңтүстік-батысындағы таудың адам аяғы баспас қиын қуысындағы лагерьге әкеп қамаған екен. Фашистер лагерьге ұрымтал тұстарды тегіс миналап, егер шегінерлік жағдай болса, оны талқандап кетуге әзірлеп қояды.

Партизан құрамасының штабы лагерьдегі жау гарнизонын жойып, тұтқындарды босатып алу жөніндегі жауынгерлік операцияның нақты жоспарын жасады.

Сағат 19-да Қ. Қайсенов бастаған партизандар отряды осы жауынгерлік тапсырманы орындауға аттанды. Лагерьге жеткендер кейін партизандар тұтқындармен байланыс жасады. Жағдайдың бәрін байыптап болғаннан кейін Қайсенов жауынгерлік тапсырманы баяндаудың уақытын өзгертуге ұйғарды, операцияны жоспарда көрсетілген 23 сағатта емес, 21 сағатта бастауды жөн деп тапты. Бұл уақытқа дейін партизандардың бір бөлігі үстеріне тұтқын киімдерін, басқалары венгер солдаттарының формасын киіп үлгірді. Сөйтіп топ лагерьдің іргесіне тақады. Лагерь сақшылары бұл топты тұтқындардың жаңа тобы екен деп ұқты. Осы кезде партизандар күзетшілерге кенеттен тап берді. Күзетшілердің кейбіреулері ғана қаруға қол созып үлгерді. Партизандар жаудың 34 солдаты мен офицерін тұтқынға алды. Қапасқа қамалған коммунистер тегіс азат етілді. Олардың көпшілігі партизандар отрядтарына қосылды.

Партизандарға жаңа адамдар үсті-үстіне келіп қосыла бастады. Енді олар құр қол емес, қару да ұстап келетін болды. Құрама штабы жаңа партизан отрядтарын жасақтады. Партизандар да жігерлі қимылдады. Олардың көбі ордендармен, медальдармен наградталды, ал құрама командирі А. В. Тканкоға Совет Одағының Батыры атағы берілді.

Маршал Гречконың кітабында осылай делінген. Ол кітапта ерлігі елге мақтан ете аталған жалғыз қазақ жаңа ғана төменде халықтың өзі сияқты өзгеше ер ұлы Бауыржан Момышұлын өзінің солдаттық, азаматтық жүрегінің сүйіспеншілігін білдіріп, көңілін сұрап кеткен Қасым Қайсенов еді. Қасекең бір әңгімесінде маған жеңістің жиырма бес жылдығымен құттықтап, өзіне сонау Москвадан Совет Одағының Маршалы Андрей Антонович Гречконың телефон соққанын да айтқан болатын.

— Қасеке, шыныңызды айтыңызшы, састыңыз ба сол кезде? — дедім мен әзілдеп.

— Ойбай, несін айтасың, үй ішімізбен «қырылып» қала жаздық, — деп Қасым қарқылдап кеп күлген еді онда. — Москвадан Алматыға, сенің үйіңе Қорғаныс министрінің өзі телефон соғып тұрса, саспағанда ше? Содан кейін үй-ішіміз болып таң атқанша ұйықтағанымыз жоқ. Ол кісі түнде телефон соққан.

— Не деді?

— Жеңіс мерекесімен құттықтады.

— Одан соң?

— Өзіме денсаулық, табыс, семьяма бақыт тіледі. Маған едің артық не керек, — деп Қасым тағыда қарқылдай күліп, екі алақанын жайған.

Осыларды ойыма түсіріп, Баукеңе мойын бұрдым.

Автор. Қасымның аты Қорғаныс министрінің кітабына кіргенін білесіз бе, Бауке?

Бауыржан. Білемін.

Автор. Оның үйіне Қорғаныс министрі Гречконың телефон соққанын білесіз бе?

Бауыржан. Білемін.

Автор. Сіздің фамилияңыз бұрынғы министрдің, маршал Жуковтың кітабында жоқ қой деймін, Бауке.

Бауыржан мойнын шұғыл бұрып, бетіме ажырая қарады да, қатқын үнмен жауап қатты.

Бауыржан. Ол масштабына байланысты. Масштаб дегеннің не екенін білесің бе өзің?

Автор. Қорғаныс министрі партизан отрядының командирін кітабына кіргізіп, үйіне телефон соққан. — Бұл сөздерім Баукеңнің көңіліне келіп қалмасын деп, үнімді бәсеңдете сөйледім. — Мен білетін масштаб бойынша дивизия отрядтан үлкен емес пе? Ендеше маршал Жуковтың дивизия командирі ретінде Момышұлының да атын атай кетуіне болмайтын ба еді?

Бауыржан. — Ой, сен өзің түк түсінбейді екенсің ғой. — Ол ашу шақыра сөйледі. — Гречко бұл кітапты министр ретінде жазып отырған жоқ қой. Сен айтып отырған «Карпаттан асқанда» кітабы командармның естеліктері, онда 1944-45 жылдардың оқиғалары қамтылады. Ол кезде Гречко Украинаны, Польшаны, Чехословакияны жаудан азат етуге қатысқан 1-гвардиялық армияның командашасы болатын. Командарм өз қарамағындағы корпустар мен дивизияларды, солардың адамдарын сөз етеді. Ол кезде партизандар тиісті

майдандардың армияларымен бірлесе қимыл жасайтын. Ал Жуков өз естеліктерін Қызыл Армия Бас штабының бастығы, СССР Қорғаныс Халкомының бірінші орынбасары және Жоғарғы Бас қолбасшының орынбасары ретінде жазып отыр. Сондықтан оның майдандар мен армиялар жайында айтуы, ерекше ерлік көрсеткен бірен-саран дивизияны ғана ауызға алуы өте орынды. Оның үстіне мен соғыстың соңғы жағында ғана дивизия командирі болдым емес пе? Понятно тебе?

Автор. Түсініктi, Бауке.

Мен бұл әңгімені тезірек доғаруға тырыстым. Бірақ Баукең де тез сабасына түсті.

Бауыржан. Ал маршал Жуковқа менің ешқандай өкпем жоқ. Майданда мен ол кісімен жүздесіп, тілдескенмін. Дивизия командирі боларда батасын алғанмын. Кейін, Қорғаныс министрі кезінде мен туралы Алматыға телефон да соққан. Оны кейін айтамын.

Автор. Құп, Бауке. Бұл әңгіме Қасым партизаннан шығып кетті ғой.

Бауыржан. Мен ол партизанды ұнатамын. — Ол аузынан темекі түтінін шұбалта шығарып, даусын да соза сөйледі. — Содан соң анау Рейхстагқа ту тіккен жігіт бар емес пе?

Автор. Рақымжан Қошқарбаевты айтасыз ба?

Бауыржан. Иә, соны айтамын. Бұл екеуі бір жосын жандар. Жұлдызын көрмесең, жүзіне қарап батыр екенін айыру қиын адамдар болады. Бұл екеуі өздері жұлдыздай жарқырап тұрған жігіттер. Бұлардың соғыста ересен ерлік жасағанын айтпай-ақ сенесің. Халық үшін қасықтай қанын аямаған қаһармандардың бірі ғой бұлар.

Автор. Соғыс ардагерлерінен тағыда қандай азаматтарды жақсы көресіз?

Бауыржан. Соғысқа қатысқандардың бәрін де жақсы көремін. Соғыс кезінде елде болып, еңбек майданында біздің жеңісімізді шыңдаған адамдарды да ардақтаймын. Халық үшін қасықтай қанын, шыбындай жанын аямай қызмет еткен жандардың бәрі аяулы.

X

Автор. Қазақша шыққан түңғыш кітабыңыз «Офицердің күнделігі» болды ғой, Бауке. Онда орысша шыққан алғашқы кітабыңыз қайсысы?

Бауыржан. «История одной ночи». Мұны орыс тілінде жаздым. Алдымен Алматыға жібердім. Бірақ қолжазбам бірсыпыра уақыттан кейін өзіме қайтып келді. Баспа редакторларының бірі «Қолжазба жариялауға жарамайды» деген рецензиясын қоса жіберіпті. Ол кезде мен Калининде тұратын едім. Қолжазбаны Калинин баспасына

апардым. Директоры алып қалып оқып шығып, басуға жарамайды деп екінші барғанымда өзіме ұсынды. Мен алмадым.

— Бұл Сіздің ғана пікіріңіз және Сіз жазушы емессіз. Жазушы емес адам творчествоға үкім айта алмайды. Басқа біреуге рецензияға беріңіз, — дедім.

Директор қып-қызыл боп алып қалды. Бір аптадан кейін қайтадан барсам Горьбан деген жергілікті жазушы менің жер-жебіріме жеткен, намысыма тиетін рецензия жазыпты. Оның айтуына қарағанда менің әдебиет маңына жоламауым, орыс тілін «бүлдірмеуім» керек көрінеді.

Горьбаныңа көнетін адамыңды тапқан екенсің дедім де қолжазбамды Москваға, Всеволод Вишневскийге жібердім. Вишневскийден тез арада мақтаған рецензия келді. Бұл дайын дүние, жеке кітап етіп жариялау керек депті ол.

Осы кезде Калинин баспасының бұрынғы директоры ауысып, оның орнына әдебиет институтын бітірген майдангер Парфенов деген кісі келді. Соның алдына апарып «Бір түннің оқиғасының» қолжазбасы мен оған жазылған үш рецензияны жайып салдым. Бірнеше күннен кейін маған Парфеновтың өзі телефон соқты. Шығармаңыз маған қатты ұнады, шығарамыз деді. Елу екінші жылы ол Калинин баспасынан жеке кітап болып шықты. Сол кітап елу жетінші жылы Алматыда орыс тілінде екінші рет басылым. Бауыржанның да алғашқы кітаптары әлекпен шыққан, қарағым. Кімнің тұңғыш кітабы тұсамыс көрмеген?

Одан кейінгі орыс тілінде шыққан екінші кітабым «Біздің семья». Оны Бас штаб академиясында оқып жүргенде он бес күнде жазғанымды жоғарыда айтып едім ғой. Соның бір қызық деталін айттым ба, айтпадым ба осы?

Автор. Айтқан жоқсыз, Бауке.

Бауыржан. Ендеше тыңда. «Біздің семьяны» бітіргеннен кейін бір жолы Алматыға келгенде мен оны ескі досыма көрсеттім. Осыны оқып шықшы дедім. Ол оқып шығып, жатып кеп мақтады.

— Мынау дап-дайын көркем шығарма. Осы күйінде қалам тигізбестен жариялауға жарайды, — деді.

Мен оған қанаттанып қалдым. Келесі күндердің бірінде досым үйіне қонаққа шақырды. Табағын тосып, тамағын беріп сыйлап отырып, маған қолқа салды.

— Сен әскери адамсың. Атағың жер жүзіне жайылды. Саған сол даңқың да жетеді. Жазушы болып қайтесің? Жазушылық деген де азабы көп жұмыс. Соғыста жаныңды бір жедің. Енді

жазушы болып жаныңды және қинамақпысың? Төрт жыл соғыста қиналғанын да жеткілікті емес пе? Жазушы болсаң төрт жыл емес, өзіңді өзің өмір бойы қинайсың. Сен жазушы боламын дегеніңді қой да, мына кітабыңды маған қи. Мен өз атымнан жариялайын, — деді.

Мен қатты шамданып қалдым.

— Онда сен жазушылық менің қолымнан келмейді деп отырмысың? — дедім, түйіліп.

— Келеді. Бірақ енді бұл ауыр кәсіпке ауысып жаныңды жеп қайтесің дегенім ғой.

— Маған жаның ашымай-ақ қойсын, жараса бастыр, жарамаса өзіме бер, — дедім.

— Жарайды, менде қалсын, мен баспаға ұсынайын, — деді досым қабағын шытып.

Мен Москваға кете бардым. Кітабымнан ешқандай хабар келмеді. Басуға жарамаған шығар, онда архивке өткізейін дедім де, Москва әскери архивынан Алматыға кетіп бара жатқан майорға пәленшеден менің қолжазбамды ала кел деп иелендіру қағаз бердім. Майор келіп менің досымнан қолжазбаны алып, өзіме әкеп берді. Кейіннен досым «Бауыржан мендегі қолжазбасын милиция жіберіп алғызды» деп көпке дейін өкпелеп жүрді. Сол кітап елу алтыншы жылы алпыс мың данамен Калинин қаласында басылып шықты. Бұрынғы бір әңгімелерде бұл кітапты қазақшаға аудартпаймын деген болармын. Енді ол сөзге түзету жасауыңа болады, кітабымды қазақ тілінде шығаруға келістім, қарағым.

Әйелдер суыртпақтан тырнағымен шымшып бір-бірлеп жіп суырады. Кей жіп тұтас суырлып, кей жіптің жартысы суыртпақта үзіліп қалады. Бүтінін бір жағына, жартысын екінші жағына жинай отырып, артынан олардың екі-үшеуден басын қосып, жіп ширатады. Содан соң оны инеге сабақтап іске кіріседі.

Суыртпақтан жіп суырғандай болып, мен де Баукеңнің аузынан шыққан детальдарды бір-бірлеп қағазға түсіре беремін. Әрине, маған дәрігерлер мен сестралар қағаз жазуға рұқсат етпейді. Бірақ мен олар жоқта, ұрланып, блокноттарымды толтырып жатамын. Жан да керек, жазу да қажет. Жазбасам Баукең айтқан әңгімелерден айрылып қаламын. Ол маған әке-көке десем де бір айтқанын екінші рет қайталап бермейді. Оны Александр Бектің тәжірибесінен білемін, Баукеңнің бір беткей мінезінен аңғарамын. Сондықтан бұл жолғы айтқандарын да іштей тақырыпқа бөліп, ұмытып қалмау үшін ол тақырыптарды үнсіз қайталап қойып отыр едім, төменнен жатын орын — палаталарға қарай қайтып келе жатқан аурулардың дүбірі естілді. Таныс ащы дауыс дәлізді шыңылдатып келе жатты. Оны есті сала Баукең мазасызданып, қозғалақтай бастады.

— Кәмәш, кетейік, мынаның Дерпені келе жатыр, — деді әйеліне қарап.

Неге екені белгісіз Баукең Дерпенді көрсе теріс айналып кетеді. Оның шүңірейген көзін, шіңкілдеген үнін көрмеуге, естімеуге тырысатын сияқты. Ол қасына келсе үндемей отырып алады, немесе дәрі ішетін едім деп сылтауратып кетіп қалады.

Бұл жолы да сөйтпекші еді. Бірақ бізді көре сала Дерпен шапшаң аяңдап қасымызға жетіп келді.

— Екі жазушы, немене сендер өздерің сөйлесе бересіңдер? Одан да мына менімен әңгімелесіп, менің өмірімді кітап қылып жазбайсыңдар ма? — деді ол.

Бауыржан бұқиып төмен қарады. Баукеңнің онысынан: «Мынауыңмен өзің сөйлес» дегенді аңғардым да, енді аузымды аша беріп едім.

— Сенің өміріңде жазатын не бар, Бейсеке? — деді Дерпеннің қасында келе жатқан салауатты келген екінші шал.

— Неге жоқ? — Дерпеннің басы кекең ете түсті. — Батрақ болдым. Байларды кәмпескеледім. Совпартшколда оқыдым. Колхоз құрдым. Енді дербес пенсионермін. Неге жазбасқа?

— Дербес пенсия дегенінңен басқасының бәрі жазылды-ау, Бейсеке, — деді Дерпеннің жолдасы, — Оны Сәкен, Сәбит, Бейімбет, Ілияс жазды емес пе?

— Жоқ, олардікі жалпы ғой. Мен туралы жеке жазылуы керек. Осы күнгі жазушылар теме таба алмайды. Міне мен тememін. Қастарыңда жүрген темені неге көрмейсіңдер осы?. — Содан кейін Дерпен сұқ саусағын шошайтты. — Дербес пенсия деген кім көрінгенге беріле бермейді, жолдастар. Маркстың сөзімен айтқанда ақша еңбек еткенге ғана беріледі.

— Әй, Бейсеке-ай, — деді жолдас шалы Дерпенді қолтығынан алып, — дербес пенсияң, қасыңда кемпірің, басыңда үйің, тауда дачаң бар. Балаларыңның бәрін жақсы қызметке орналастырдың, әрқайсысына үш-төрт бөлмеден үй әпердің. Мінем, жүрем десең машинаң дайын. Осыным бойыма құт деп отырмайсың ба тыныш. Енді кітапқа герой болғың келеді. Бұл дүниедегі жақсылықтың бәрін жалғыз арқалап кетпексің бе сонда? Жүр, жұрттың мазасын алмайық.

Жолдас шалы Дерпенді қолтығынан тартып еді, ол қозғалмады. Бауыржанға қарап тұрып:

— Сен атақты Момышұлысың. Сен жазшы мен туралы. Сен өзің солдаттар туралы жақсы жазасың, — деді.

— Мен Сіздің психологияңызды білмеймін, ақсақал, — деді Бауыржан мойын теріс бұрып. — Өзіңіз жазыңыз.

— Сіз туралы да жазамыз, Бейсеке, — дедім мен Дерпенге басымды изеп. — Әуелі тәуір болып алайық та.

— Е, дұрыс, тәуір болыңдар, — деді Дерпен жайдарыланып. — Оларың жөн. — Содан соң жолдас шалына ілесіп, дәліздің есігіне қарай аяңдады. — Мен бәрін де айтып беремін.

— Қасындағысы да дерпен бе? — деді Баукең есік жақты иегімен нұсқап.

— Жоқ, Жайпен.

— Аты солай ма?

— Аты басқа болуы керек, дербес емес, жай пенсионер деген екі сөздің қысқарған түбірінен туған ат. Осындағы кейбір қу жігіттер ол кісінің өз аузынан естіген әрі күлкілі, әрі күйініштi бір әңгімеге байланысты оны Жайпен деп атап кетіпті. Дерпен екеуі дос, үнемі бірге жүреді.

— Сол Жайпеніндікі жөн сияқты, — деді Бауыржан қайтадан ашыла сөйлеп.

Бауыржан. Айтпақшы сенің «Ақиқатының» «Жұлдыздан» қалған жалғасын «Жалын» жариялайтын болыпты ғой. Естідің бе?

Автор. Естідім, Бауке, рақмет. Оларға «Жас Бауыржан» деген атпен басыңдар дедім,

БЕСІНШІ ДИАЛОГ

I

Автор. Бауке, ауруханадан шықтыңыз. Абайдың туғанын 125 жыл толған тойына да барып қайттыңыз. Бәрі құтты болсын. Енді баяғы әңгімемізді ары қарай жалғастырсақ қайтеді?

Бауыржан. Жалғастырайық.

Автор. «Ақиқат пен аңыз», «Жас Бауыржан» жайында болған көптеген хаттар түсіп жатыр.

Бауыржан. Оған байланысты маған да хаттар келді.

Автор. Көптеген оқушылар маған бұл екі шығармадан Бауыржанның балалық, жастық шағының бірсыпыра кезеңдерін білдік. Енді сен бізге осы әдіспен Баукеңнің барлық өмірінен мәлімет бер. Оның соғыс кезіндегі ерліктерін айтпасаң да болады, ол Бек пен Момышұлының кітаптарында айтылды. Біз бұл шығарманың жалғасын күтеміз деп жазады.

Бауыржан. Ол сенің шаруаң.

Автор. Ендеше мен Сізге тағы да бірнеше сұрақтар қойсам.

Бауыржан. Қойғын

Автор. Сіз Қиыр Шығысқа отыз алтыншы жылы бардыңыз ғой. Ал одан қашан қайттыңыз?

Бауыржан. Қырқыншы жылдың басында. Бір күні маған Москвадан бұйрық келді. Ол бұйрықты менің әскери атағым өсіп, аға лейтенант болғаным және полк штабы бастығының бірінші көмекшісі болып жоғарылағаным айтылған. Орысша ПНШ-1 дейді. Әрине, ол үлкен қызмет. Ол қызметті алумен менің Киев әскери округының қарамағына баруым керек екен. «Құп?» деп қолымды шекеме көтердім де, жүгіріп үйге келдім.

— Ал, Жамал, жинал, көшеміз, — дедім.

Автор. Жамал кім еді?

Бауыржан. Әйелім.

Автор. Қашан үйленіп едіңіз?

Бауыржан. Отыз сегізінші жылы елге демалысқа келгенде үйленіп, екеуіміз қол ұстасып Қиыр Шығысқа барған.

Автор. Қалай үйленгеніңізді толығырақ айтыңызшы, Бауыржан.

Бауыржан. Айтпаймын. Сен мен туралы роман жазбайсың. Ендеше сенен менің неше рет үйленгенімді, кіммен жүргенімді ешкім де сұрамайды. Понятно тебе?

Автор. Ал, Киевке келдіңіз.

Бауыржан. Шолпан деген кішкентай қызымызды ортамызға алып, Жамал екеуіміз плацкарт вагонға отырдық та, Киевке келдік. Округ командашысы Г. К. Жуков, оперативтік бөлімнің бастығы полковник И. Х. Баграмян деген кісілер екен. Мені Жуков қабылдамады. Полковник Баграмян қатал кісі екен. Жолдама қағазыма қарады да:

— Жолдас аға лейтенант, сіз Житомир қаласындағы 406 полк штабы бастығының бірінші көмекшісі боп тағайындаласыз, — деді.

— Ол қандай полк? — дедім мен.

— Жаяу әскер полкы, — деді Баграмян.

— Мен артиллеристпін ғой.

— Сөзді көбейтпеңіз. Біз қайда жіберсек, сонда барасыз, — деді Баграмян.

Бұл — Иван Христофорович Баграмянді ең алғаш рет көруім еді.

Жолдаманы алдым. Балам мен әйелім вокзалда күтіп отырған. Алғашында біз осы Киевтің өзінде тұрамыз деп ойлап келгенбіз. Вокзалдан қолма-қол билет алып, Житомирге тарттық.

Келсек қонақ үйде орын жоқ. Әскери комендант уақытша менің семьямды өзінің кабинетіне орналастырды. Содан кейін мен өзім қызмет істейтін дивизияға келдім. Дивизия командирі генерал-майор Сущий дейтін кісі екен. Штаб бастығы полковник Рогачевский деген адам.

— Отырыңыз, — деді генерал мен жай-жапсарымды айтып болғаннан кейін.

Отырдым. Генерал документімді байыппен қарап жатыр.

— Артиллериссіз бе?

— Иә.

— Онда Сізді артполкке жібермей, неге жаяу әскер полкына жіберген?

— Білмеймін.

— Сіздің 406 полктың командирі полковник Круглов, штаб бастығы капитан Шурдук деген кісілер, — деді генерал. — Сіз солардың қарамағына барасыз.

Житомирден жеті километр жердегі бір кішкентай ғана қалашыққа бардық. Мен, Жамал, кішкентай Шолпан үшеуімізге кішкентай пәтер берілді. Іске кірістім.

Полковник Круглов шынында да сауатты кісі екен. Үш айдай менің ісімді сырттай бақылап жүрді де, әбден ұнатып алды. Содан кейін маған барлық жұмыс жайын жалықпастан өзі үйретететін болды. Барлық бұйрық іс қағаздары менің мойнымда. Шурдук сауаты аз болғанымен, адамгершілігі мол кісі еді.

Ол бәлсініп жатпайды, мен даярлап әкелген қағаздарға қол қоя береді.

Штаб ісін меңгерткеннен кейін полковник Круглов маған әскери оқуларды талдау жайын көп үйретіп, ұқтырды. Оқу, жорық кезінде мені қасынан тастамайтын. Өзі машинаның алдына жайғасады, мен артына отырамын. Полковник ылғи бір нәрсені ойлап келе жатады. Оның ойын бұзбайын деп шоферы машинаны жайлап жүргізеді. Круглов бас салып шоферіне ұрсады:

— Сен, немене, сүт әкеле жатырсың ба? Айда жылдам, — дейді.

Круглов менің ең жақсы әскери ұстаздарымның бірі болды. Ол кісі біреумен сөйлескенде ылғи өз орнын бос қойып, басқа жерде отырып сөйлесуші еді. Солдаттардың қамын өз балаларының қамыңдай ойлайтын. Қарамағындағы бағыныштыларына әділ болатын. Әр командирдің кемшілігін біліп, сол кемшіліктерін үнемі есепке алып отыратын. Бірақ ешкімге сен анадайсың, сен мынадайсың демейтін. Кругловтың маған берген үлгісі осындай еді. — Бұл жолы да Бауыржан екеуіміз ең алғаш әңгімелесетін бөлмеде болдық. Баукең, сондағысындай, төсек үстінде отырды. Әңгімесін аяқтап, ол маған мойын бұрды, — Саған мен айтқан әңгімелерімнің бәрін документпен растап отыруым керек пе?

Мен басымды изедім. Баукең басын есік жаққа бұрып, дауыстап әйелін шақырды. Кухня жақтан Кәмәш келіп кірді.

— Анау документ салған папканы алып келші, — деп Бауыржан әйеліне менің сырт жағымдағы кабинеттің есігін нұсқады.

Кәмәш әкеп қолына ұстатқан папкадан Баукең бір қағазды алып менің қолыма берді. Онда мынадай сөздер жазылған екен:

КУӘЛІК

Бұл куәлік аға лейтенант Бауыржан Момышұлына берілді. Куәлік иесі Жұмысшы — Шаруа Қызыл Армиясының 406 атқыштар полкында штаб бастығының көмекшісі боп қызмет етеді.

Куәлік иесінің қолы («Б. Момышұлы» деп латын әріптерімен қол қойылған).

Мерзімі 1940 жылдың 1-декабріне дейін.

406 атқыштар полкы штабының бастығы капитан Шурдук.

10. 5. 1940 ж.»

— Шурдуктың осы куәлігімен қырықыншы жылдың аяғында мен семьямды алып, біржола Алматыға қайттым, — деп Баукең сөзін жалғады. — Қырық бірінші жылдың январынан бастап, Ұлы Отан соғысы басталғанға дейін республика әскери комиссариатында аға нұсқаушы болдым. Соғыс басталғаннан кейін осында жасақталған 316-атқыштар дивизиясына батальон командирі болып алындым. Қырық бірінші жылдың жиырма алтыншы ноябріне дейін осы қызметті атқардым. Ол оқиғалардың бәрі де «Волоколам тасжолы» мен «Москва үшін шайқас» кітаптарында айтылған.

II

Бауыржан. Бұл арада мен саған ол екі кітаптың мазмұнын екі-ақ ауыз сөзбен айтып берейін.

1941 жылдың октябрінде фашистер өзінің барлық адам күшінің — 42, танктерінің — 75, артиллериясының — 45, самолеттерінің — 31 процентін Москваны алуға жұмсады. Москваға келер жолды бекітіп біздің үш майданымыз: Батыс майданы (командашысы генерал-полковник И. С. Конев), Резерв майданы (командашысы Совет Одағының Маршалы С. М. Буденный) және Брянск майданы (командашысы генерал-лейтенант А. И. Еременко) тұрды. Батыс майданына қарайтын Волоколамск бағытына 16-шы армия (командашысы генерал-лейтенант К. К. Рокоссовский, соғыс советінің мүшесі А. А. Лобачев, штаб бастығы М. С. Малинин) жіберілді. Кейіннен 8-ші гвардиялық дивизия атағын алған біздің 316-шы атқыштар дивизиясы осы армияның құрамына кіріп, Волоколамск қаласы мен Москваға кіретін күре тамыр — Волоколамск тасжолын қорғады.

14-16 октябрьде дивизия шақырылмаған қонақтармен алғаш рет «танысып», содан кейін оларды сыйлауға кірісті. Бірақ кеп қонақты «күту» оңайға түскен жоқ. Біздің дивизия дұшпанның үш дивизиясына — бір танк дивизиясы мен екі жаяу әскер дивизиясына қызмет етті. Қару-жарақ, адам күші жағынан олар басым болғанымен, біздің оларды уақыттан ұтуымыз қажет еді. Осы уақытты ұту мақсатымен біз кейін қарай жылжи, сырғи отырып, жиырма сегіз күн соғыстық. Сол жиырма сегіз күнде біздің дивизия жиырма бес километр ғана кейін шегініпті. Сөйтіп немістердің Москваға жасалған 7-31 октябрь арасындағы бірінші үлкен шабуылы күйретілді. Біз бұған, майданда жүрген барлық солдаттар мен командирлер қатынымыз ұл тапқандай қуандық, қарағым.

Сөз арасында айта кетейін, Москва түбіндегі осы жанталас сәттер тұсында, жау қоршауын қайта-қайта жарып шығып дивизияға келіп қосылып жүрген күндердің бірінде үйден, Алматыдан хат алдым. Әйелім Жамал екінші баламызға екіқабат қалып еді, айы-күні жақын болатын. Үшінші октябрьде босанып, ұл тауыпты. Атын Бақытжан қойыпты.Ұл тапсаң солай қойғын дегенмін.

Бір айлық Бақытжанға мен дереу хат жаздым: «Сен біздің жеңісіміздің басы боп тудың, біз жанталасқан жауды Москваға жібермедік. Сені Жеңісхан деп атауға болар еді. Бірақ атыңды мамаң қойып қойыпты. Бақытжан-ақ бола бер. Енді мен әрбір ұрыста саған сыйынатын боламын, Жеңісханым. Шолпан мең шешеңе мың сәлем!» дедім. Ол кезде Шолпаным үш жасар еді, кейінірек қайтыс боп кетті байғұс бала. Бұл оқиғалар да жоғарыда аталған кітапта айтылған жоқ.

Содан кейін немістер ес жиып, ноябрьдің бірінші жартысында екінші «үлкен» шабуылға әзірленді.

Атап айтқанда, 1941 жылы 13-ноябрьде Гитлер Орша қаласында «Оңтүстік», «Орталық», «Солтүстік» армиялар топтары мен 6 жаяу әскер, 1 танк армиясы штабтары бастықтарының мәжілісін өткізді. Онда Фюрер өз әскерінің әлі күнге дейін Москваны ала алмағанына күйініп, кіжіне сөз сөйледі. Сөзінің соңында ол: «Москваның қазіргі тұрған

орны шалқар теңіздің түбі болады. Оның тулаған толқындарының үні, міне, менің құлағыма келіп тұр. Осылайша орыс астанасы мәдениетті дүниенің көзінен мүлде жоғалады. Оған Тодтың өзі-ақ жәрдемдеседі... Бірақ алдымен бұл қаланы талқандау керек. Бұл істі сіздер істейсіздер. Орыс әскерінен, астана халқынан ешбір жанға сауға берілмесін. Бәрі тегіс су түбінде шіруге тиіс», — деп бұйырды.

Сөйтіп, соғыстың бір жүз қырық жетінші күні, яғни 15 ноябрьде, жау Москваға екінші рет ең зор шабуылын бастады. Жаудың 51 дивизиясы қара құрттай қаптап, Москваға лап қойды. Оның он үші танк дивизиясы да, жетеуі моторлы дивизия еді. Табандарынан қар борап, стволдарынан оқ пен снаряд бұршақтай жауған бұл темір дивизиялар соңынан найзаларын алға қарай кезеген отыз бір жаяу әскер дивизиясы және өңмендей ұмтылды.

Гитлер 1940 жылдың көктемінде барша Францияны жаулап, алуға он-он бір танк дивизиясын аттандырғанда техниканың адам айтқысыз көп шоғырландырылуынан шошып, бүкіл дүние жүзі ішін тартқан еді. Енді ол жалғыз Москваға қарсы мұншама тажал жөнелткенін естігенде ақыл-есті адамзаттың жаны түршікті.

Алғашында біздің танк, артиллериямыз аз болды. Ноябрьде ғана ПТР шықты. 16-шы армияға жіберілген қырық ПТР-дің отызы біздің дивизияға берілді. Одан кейінгі негізгі қару гранат пен «КС» бутылкалары болды. 16-17 ноябрьде басталып, декабрьдің басында тоқталған екінші шабуылды осымен тойтарды ғой солдаттар.

Баукең әңгімесінің осы жерінде үзіліс жасап, темекі тартуға кірісті. Мен ішімнен сол кезде 16-шы армияның командашысы, кейіннен өзімнің майдан командашым болған К. К. Рокоссовскийдің мына бір сөздерін есіме түсіріп өттім:

«Сол жақ қанатта, Волоколамскіні батыс пен оңтүстік-батыстан Руза өзеніне дейін қорғап, майдан резервінен келген 316-шы атқыштар дивизиясы тұрды. Оның командирі генерал И. В. Панфилов та, комиссары С. А. Егоров болатын. Саны жағынан да, жабдықталуы жағынан да мұндай төрт құбыласы түгел сай дивизияны біз көптен көрмеген едік. Командирлері шетінен сақадай сай екен, ал саяси қызметкерлері Қазақ ССР-нің партия, совет активінен іріктеліп алыныпты. Дивизияны жасақтау ісіне Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті аса зор көмек көрсетіпті...

Волоколамск үшін болған ұрыстарда Панфилов дивизиясы өзін мәңгілік өшпес даңққа бөледі, Армияда да оны Панфилов дивизиясы деп атаушы еді. 316-шы дивизия солдаттары да: «Біз — панфиловшылармыз!» дейтін. Қалың жауынгерлердің осындай сүйіспеншілігі мен сеніміне ие болған генерал ең бақытты генерал!»

Осы арада маршал Жуковтың Волоколамск бағытында болған әскерлерге берген әйгілі бағасы және есіме түсті. «Жаудың 5-ші армиялық корпусы, одан соң тағы екі моторлы

корпусы шабуыл жасаған Волоколам бағытында УР бөлімшелері табанды қорғаныс ұрыстарын жүргізді. Бұл жерде жаңадан құрылған 16-шы армияның бөлімдері дұшпанға қиян-кескі қарсылық көрсетті. Генерал-майор И. В. Панфилов басқарған, кейіннен 8-ші гвардиялық атағы берілген атқыштар дивизиясы ерекше көзге түсті» деген еді ол.

— Москваға екінші шабуылы кезінде, — деп Бауыржан темекісін тұтатып алып, әңгімесін жалғады, — фашистер, Г. К. Жуковтың сөзімен айтқанда: «Истра бағытына екі танк дивизиясы мен екі жаяу әскер дивизиясын айдап салды. Дұшпан біздің 150 женіл танкімізге қарсы 400 орташа танкін жіберді. Қиянкескі ұрыстар болды. Әсіресе біздің атқыштық дивизияларымыз, атап айтқанда генерал И. В. Панфиловтың 316-шы, полковник А. П. Белобородовтың 78-ші және генерал П. Н. Чернышевтың 18-ші дивизиялары, 23, 27, 28 дербес танк бригадалары және генерал-майор Л. М. Доватордың атты әскер тобы ерекше табандылықпен күресті».

Бұл И. В. Сталиннің Г. К. Жуковка телефон соғып: «Сіз Москваны қорғап қалатындығымызға сенесіз бе? Мен мұны қатты қинала сұрап тұрмын. Сіз, коммунист ретінде, адалын айтыңыз» деп сұрайтын кезі-ау деп ойладым ішімнен.

— 27-28 ноябрьде біздің әскерлер Ленинград тасжолының бойынан немістерге қарсы ірі-ірі қарсы шабуылдар бастады, — деді Баукең де әлденені есіне түсіргендей, ойлана отырып. — Сөйтіп, 4-5 декабрьде Москва түбінде қорғаныс ұрыстары тоқтап, енді біздің әскерлердің шабуыл ұрыстары басталды. Москваға жиырма бес километр қалған жау, жүз — екі жүз елу километр жерге кейін шегіндіріліп тасталды. Сонымен Москва түбінде немістердің он бір танк дивизиясы, төрт моторлы және жиырма үш жаяу әскер дивизиясы талқандалды. Немістер Москва түбінде үш жүз мың адамынан айрылды.

18 ноябрьде біздің дивизиямыздың командирі генерал Панфилов опат болды. Оның орнына келген командирлердің бірі бұйрықты орындай алмадың деп 1073-ші полктың командирі майор Елинді орнынан алып тастады да, мені командир етіп тағайындады. Бірнеше күннен кейін ол Елинді қайтадан орнына қойып, мені Мәліктердің 1075-ші полкына командирдің орынбасары етіп жіберді...

Осы арада біздің әңгіміміз үзіліп қалды. Өйткені сыртқы есік шылдырап, ішке бір топ адам кіріп келді. Олар Жамбыл облысының азаматтары екен. Баукеңнің Жамбылда өткізілетін алпыс жасқа толу тойына байланысты келіпті. Мен қағазымды жинап, кетуге ыңғайландым.

— Қарағым, қалғанын кейін әңгімелесерміз, — деді Бауыржан маған. — Мен Жамбылға барып, осы тойды өткізіп келейін. Содан соң екеуіміз тағы да жолығысамыз ғой.

Бауыржандыкінен шығып, үйге қайтып келе жатып мен Совет Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллиннен естіген әңгімелерімді есіме түсірдім. Менің өтінішім бойынша Мәкең

Момышұлын ең алғаш қалай көргенін, артынан онымен қалай істес болғанын ұзақ жыр етіп баяндап берген еді. Терренкурде жүріп Мәкең айтқан әңгімелер мынадай болатын.

III

— 1941 жылдың 15 декабрінде біздің дивизия шеп құрып жатқан Истра өзенінің бойынан кейін шегіндіріліп, демалысқа шығарылды, — деп бастаған еді әңгімесін Мәлік. — Біздің полк Москвадан 40 шақырымдай жердегі Нахабино станциясының түбіндегі екі-үш селоға жайғасты.

Адамдарды жаңа жайғастырып бола берген кезімізде дивизия штабынан бұйрық келді. Онда: «Полктағы ұлты орыс емес командирлер мен саяси қызметкерлер бүгін, 16 декабрьде, сағат 18.00-де тегіс дивизия штабына келсін» делініпті.

Рота, батальондардан бәрімізді жинаттырып жатыр.

— Уоу, не боп қалды?

— Неге шақыртып жатыр?

Ешкім білмейді.

Полк комиссары Ахметжан Мұхамедияров бәрімізді тізім бойынша түгендеп, дивизия штабына алып жүрді. Жолда Мұхамедияровтан сұраймыз:

— Жолдас комиссар, айтсаңызшы, бізді неге шақырып жатыр? — дейміз.

— Білмеймін, — деп комиссар басын шайқайды. Расында да білмейді екен.

Сөйтіп біздің полктан комиссарымыз Мұхамедияровтан бастап, Балтабек Жетпісбаев, Ербатыр Ермеков, Тайыр Сатаев, мен бар тағы басқа толып жатқан адам кешке шыны қарды шықыр-шықыр таптап, Дарно деревнясындағы дивизия штабына келдік. Келсек, шақырылған жалғыз біз ғана емес, басқа полктерден де жиналғандар көп екен. Штабтағы кезекші офицер түнеп шығу үшін бізді үй-үйге бөлді де:

— Дивизия комиссары сіздерді ертең таңертең сағат онда қабылдайды, — деді.

— Е, жарайды.

Балтабек екеуіміз аяңдап өзімізге көрсеткен үйге қарай келдік. Кірсек үй толы қаптаған қара көз командирлер екен. Ішке кіргеннен кейін, алпамсадай боп есік алдына тұра қалды да:

— О, көздеріңнен айналайын, аман-сау барсыңдар ма, бауырларым! — деп Балтабек тебірене сәлем берді.

Отырғандардың бірсыпырасы Балтабекті біледі екен.

— Уа, батальонный Балтабек келді.

— Жоғары шығыңдар, — десіп орындарынан ұшып-ұшып тұрды.

Тек үстіне ақ тонды желбегей жамылып төрде отырған, қайратты қара шашы танкке тосқауылға қаққан айқыш-ұйқыш рельстей тікірейген, екі көзі оттай жайнаған, жағына пышақ жанығандай, ұзын бойлы арық қара командир ғана орнынан тұрмады. Балтабек сәлем бергенде оның бетіне жалт ете қарап, өн бойын тез шолып өтті де, қозғалмастан отыра берді. Басқалар Балтабекке емірене үн қатып жатқанда, оның беті бүлк еткен жоқ. Қазіргі академия алдындағы Шоқан Уәлихановтың тас мүсініндей боп үнсіз қалды.

Оның қасында отырған адам маған таныс боп шықты. Ол да мені танып, орнынан тұрды.

— О, Мәлікпісің? — деп мені құшақтап бауырына қысты.

Ол Мұқаметқұл Ісләмқұлов еді. Мұқаметқұл бұрын «Социалистік Қазақстанда» бөлім меңгерушісі боп қызмет істеген. Мен онымен сонда аз күн секретариаттың әдеби қызметкері болған күнімнен біліс едім. Екеуміз хал-жай, аман-саулық сұрастық. Біз ғана емес, жұрттың бәрі-ақ шұрқырасып жатыр. Өйтпей де қайтсын, кеше эшелон-эшелон болып, жер қайыстырып, Алматыдан келген таныс азаматтардың бүгінде қатары қатты сиреп қалған. Біреуден біреу дос-туыстарын, жолдас-жораларын сұрап, кімнің қалай қаза болғанын білісіп жатыр.

— Мәлік, сен Баукеңді білуші ме едің? — деп Мұқаметқұл менің жүзімді төрдегі тікірейген шашты қазаққа қарай бұрды. Оның суық түсіне қайтадан көзім түскенде бұрын көрмеген кісім болса да, «білмеймін» деп айта алмадым, бөгеліп қалдым. Соны аңғарған Мұқаметқұл тез таныстыра бастады. — Баукең бұрын біздің І-ші батальонның командирі еді. 1073 полктің командирі боп тағайындалғанына жарты айдай ғана болды. Жүр, сәлем бер ағаңа.

Керосин шамның қара көлеңке жарығында иығына тон жамылып отырған командирдің әскери лауазымын аңғара алмадым. Оның үстіне Мұқаметқұл ағаңа сәлем бер деген соң онымен ілесе қасына таман келдім де:

— Ассалаумағалейкум! — деп қолымды соза бастадым.

Тік шаш командир маған тікірейе бір қарап, орнынан тұрды да, қолын берді:

— Бауыржан Момышұлы!

Оның маған қолын берердегі тікірейе қарағаны өңмеңімнен өтіп кетті. Менің: «Ассалаумағалейкум» деп сәлем бергенімді ол: «Сен, немене, әкеңнің аулында жүрмісің әлде мені қазақтың батагөй шалы деп тұрмысың?» — деп жақтырмады-ау деп ойладым да, бекер «ассалаумағалейкум» деген екенмін деп өкіндім. Өстіп қысылған мен оған өз жөнімді де айта алмай қалдым.

Менің осы қатемді түзеткісі келгендей Мұқаметқұл:

— Бұл — Мәлік деген бауырыңыз, Бауке, — деді.

Бауыржан ләм деместен отыра берді. Маған бұрылып та қараған жоқ, Мұқаметқұлға бас та изеген жоқ.

Ақшамда жамыраған қозыдай шуласып табысқан қазақ командирлері бірсыпыра шуылдасып, шүйіркелесіп отырысты да, шай ішіскеннен кейін жатуға ыңғайланды. Екі айдан бері бел шешпестен сан өліп, сан тіріліп, әбден шаршап жүрген жігіттер жантайысымен-ақ қор ете қалысты.

Бұрын бәріміз бір қалада тұрып, бір дивизияның құрамына кіріп, жаумен соғысуға бірге келсек те, бәріміз бір күн, бір сағатта дұшпанмен айқасқа түсіп, алпыс күн бойына талай қасіретті көріп, қатар жүрсек те, осы жатқан командирлер мен саяси жетекшілер көбіміз бірімізді біріміз білмейтінбіз. 1075-ші полктағы капитан Лысенконың батальоны сияқты, 1073-ші полкта аға лейтенант Бауыржан Момышұлының батальоны да генерал Панфиловтың резерві болғанын, Момышұлы батальонының 22-25 октябрьде жаумен қоршауда соғысқанын, тас мүсіндей боп жаралған тікірейген шаш аға лейтенанттың темірдей басшылығымен ол батальонның қоршауды бұзып, қайтадан дивизияға қосылғанын, одан кейін сол батальонның 16-20 ноябрьде Горюны деревнясының түбінде тағы да қоршауда болып, жауды күйреткенін, тағы да өз дивизиясымен ерлікпен келіп қауышқанын мен білмейтін едім. Сол сияқты октябрьдің 18-21 күндері менің ротамның да Осташево түбінде қоршауда болып, ротадан тірі қалған 24 адамға орман ішінде босып жүрген 119 жауынгерді қосып, дивизияға әкелгенімді, одан кейін, 16-17 ноябрьде, автоматшылар ротасы деп аталған 13 автоматшымен Ширяево деревнясы үшін болған ұрыстарда біздің жаудың екі танкын, 150-дей солдатын жойған азын-аулақ еңбегімізден Бауыржан да бейхабар болатын. «Бір кеште «Бауыржан Момышұлы» деген екі-ақ сөз аузынан шыққан тас түйін боп алған мынау қайрақтай қазақ бұрын кім болды екен?» деп ойлап жатып, мен де ұйқыға кеттім. Баукеңмен бірінші кездескендегі сол кескіні, сол екі сөзі өмір бойы менің ойымда қалды.

IV

Ертеңінде таңертең бәріміз дивизия комиссары Сергей Александрович Егоров жайғасқан үйге жиналдық. Комиссардың үйі шақырылған адамдарға аузы-мұрнынан шыға лық толды. Сыймаған адамдар есікті ашып қойып, сырттан тыңдап тұрды. Өйткені жүзден аса адам шағын колхоздың кішкентай кеңсесіне қайдан сыйсын.

Жұрт жайғасқандай болып, дабыр басылғаннан кейін дивизия комиссары сөзге кірісті.

Алдымен ол дивизияның екі айлық жауынгерлік жолына шолу жасады. Таяу күндерде дивизия қатарын толықтыру үшін жана күш келіп қосыла бастайтынын айтты.

— Бірақ, мен сіздерді мұны айтуға шақырғаным жоқ. Мен сіздерге басқа нәрсе айтқалы тұрмын. Ол мынау.

Комиссар бөгеліп, неге екені белгісіз біздің бетімізге байыппен қарап шықты. «Ол не болды екен» деп, біз де ынтыға түстік.

— Ол мынадай мәселе, — деді комиссар әлден уақытта сөзін қайтадан сабақтап. Комиссардың біз үшін аса маныздьі, әлде бір ауыр жайды тіке айта алмай, бөгелектеп тұрғаны аңғарылды, — Осы қазір, сіздер мен біз аса ауыр ұрыстарды басымыздан кешіріп, дем алысқа шыққан сәтімізде сонау Алматыда жаңадан тағы бір ұлттық құрама жасақталып жатқан көрінеді. Ол құрама дивизия ма, бригада ма — анығын білмеймін...

— Ол біздің 100-ші бригада ғой, Мәке, — дедім мен, —Декабрьдің 5-і күні әскерге алынып, кең байтақ Қазақстанның төрт бұрышынан түгел эшелон болып, Алматыға құйылғанбыз, жаңа жасақталып жатқан 100-ші бригадаға келгенбіз...

— Иә, сол екен, оны артынан білдік қой. Ал Егоровтан естіген сәтте білгеніміз жоқ.

— Міне, сол құрамаға осы отырған сіздерді тегіс жіберу туралы бұйрық келді, — деді Егоров даусын бәсеңдетіп, — Сіздерге елге барып, сол құраманың жауынгерлерін үйретіп, содан кейін соғысқа бастап келу міндеті жүктелетін көрінеді. Міне мен сіздерге осыны айтуға шақырдым. Кәне, бұған сіздер қалай қарайсыздар?

Мұны естігенде алғашында бәріміз бірдей үнсіз қалдық. Одан кейін барып әркімдердің өзара күбірі білінді. Сырт жақтағылардың:

— Өй, не дейді? — деген сұрағы, оған әлде кімнің:

— Ой, елге қайтатын болыппыз! — деп көтеріңкі үнмен айтқан жауабы естіліп жатты.

Өз басым комиссардың бұл сұрағына не деп жауап берерімді білмедім. Мынадай қиян-кескі ұрыстан кейін кімнің елге барғысы келмейді. Осы отырғандардың көбінің үйі Алматыда. Онда бұлардың әйелдері, бала-шағалары, әке-шешелері бар. Алматыға барсақ, қайта

айналып соғысқа келгенше бірсыпыра уақытты туған-туысқандарымыздың қасында өткіземіз. Егер шын солай деген бұйрық болса, баратын шығармыз. Бармағанға қайтеміз, біз солдатпыз ғой. Солдат бұйрыққа бағынады. Мінеки, менің ойым осыған тірелді.

Бірақ көпке дейін жұрт сыбыр-күбірден артыққа бармады. Ешкім дыбыс шығарып, комиссардың сұрағына тікелей жауап бермеді. Тек әр бұрыштан жымыңдаған ерін мен күлімдеген көздер ғана бұл бұйрықты іштей қуана құптағандарын танытты. Сол кезде:

— Маған рұқсат етіңіз, жолдас комиссар! — деген өзгеше бір өктем үн саңқ ете қалды. Неге екенін білмеймін, мен селк ете түстім. Өйткені мен мұндай бірден жүректі дір еткізіп, солқ еткізіп миға шабатын, мойын бұрғызбайтын күшті, әсерлі, сонымен бірге бұлқынтып-бұлтартпайтын құдіретті үнді бұрын ешқашанда естімеген едім. Әлде бір қауіп төнгенде тек қиядағы қыран ғана осылай шаңқ ете түсетін болар деп ойладым да, тез басымды көтеріп алдым. Қарасам кешегі тас мүсін аға лейтенант екі көзін Егоровқа найзадай шаншып, тіп-тік боп түрегеп тұр екен. Қайратты қара шашы сояу-сояу болып тікірейіп кетіпті. Бір көзім түскенде жау танкі келетін жолға айқыш-ұйқыш етіп шанышқан шойын рельстер біртіндеп биіктеп, қалың қара орманға айналып кеткен сияқты боп көрінді. «Бұл не айтар екен?» деп ойлап, енді оның сөзіне құлағымды тостым.

— Мен солдатпын, — деп бастады Момышұлы сөзін комиссар бас изеп, сөйлеуіне рұқсат еткеннен кейін. — Мен бұйрыққа бағынамын. Егер бізді жаңадан жасақталып жатқан басқа дивизияға жіберу жайындағы бұйрыққа қол қойылған болса, онда мен осы қазір-ақ Алматыға қарап тарта беремін... — Осы кезде жұрт оның сөзін қостағандай боп, гуілдесіп кетті. «Апырай, мына тас қайрақ қазақ менің көкейімдегі сөзді қалай дәл тауып айтты?» деп ойлап, мен де бас изеп қалдым.

Бірақ Бауыржан сөзін бөлгенді ұнатпағандай, қабағын қатты шытып, тоқтап қалды. Оны аңғарған жұрт та тынышталды. Аға лейтенант алғашқы әуенімен жайлап айтып, сөзін қайтадан жалғастырды.

— Алматыда менің әйелім мен балам бар, онда барсам мен бір күн де болса солардың қасында боламын. Мынадай қырғын соғыстан кейін осындай мүмкіншілік тұрғанда кімнің елге барғысы келмейді?!

Осылай деп ол отырған жұртты қатулы қабақпен бір шолып өтіп, отты көзін қайтадан комиссарға бұрды. «Апыр-ай, мынаның көріпкелі бар ма — қалай адамның ішіндегіні дәл табады» деген ой тағы келді менің басыма. Осыны ойлап үлгергенімше Алатаудың ақ иығы қайтадан шаңқ етіп, шың-құзды жаңғырықтырып жібергендей болды.

— Жоқ, жолдас комиссар! Менің кеудемде адамдық тілек, әкелік мейірден басқа жауынгерлік ар мен намыс бар. Ол осы отырған бәрімізге ортақ намыс. Кәне,

айтыңыздаршы осы отырғандардың ішінде жараланбаған жан бар ма? Жоқ қой! Ендеше бұл дивизияның жүрген жолында көлкіп біздің қып-қызыл қанымыз қалды. Дивизияның гвардия атағын алуына бәріміздің де еңбегіміз сіңді. Олай болса осында қалуға біздің қақымыз бар. Осы дивизия құрыған жерде біздің де біріміз қалмай құрып, бітуіміз керек! Ал дивизия құруға тиіс емес, құрымайды. Ендеше ақырғы қасық қаны бойында жүрген азаматтар осы дивизияның құрамында болып, жеңіске жетуге міндетті!

Аға лейтенанттың нақ-нақ етіп айтқан жігерлі сөздері найзағай отындай жарқылдап, жанымды осқылады. Орысша мүдірмей сөйлейтін шешендігі және сүйсіндірді. Жалғыз мен ғана емес, жиналған жұрт тегіс демдерін ішіне тартып, бір кісідей боп тынып қалды.

— Жауынгерлік ар-намысым менен осында, жауынгер жолдастарымның қаны төгілген дивизияда қалуымды талап етеді. Өлген жолдастарымның аруағы қашан қатардан шыққанымша осы дивизия туының астында болуымды талап етеді. Егер мен бұл жерден кетіп қалсам, онда мені өлген солдаттарымның рухы қарғайтын болады!

Жоғарыда отырғандар да — адам. Адамдық сөздерге олар да құлақ асады. Біздің пікірімізді оларға жеткізулеріңіз керек...

— Айтылды, жолдас Момышұлы, — деді Егоров жайлап қана. — Бірақ жолдас Әскери Советтің мүшесі ол болмайды деп кесіп айтты бізге.

Ол кезде біз Батыс майданына қарайтынбыз. Майандық Әскери Советтің мүшесі Булганин болатын.

— Онда, Сіз, өз сөзіңізді айттыңыз, — деді Момышұлы іркілместен. — Енді Булганин жолдасқа біздің сөзімізді жеткізіңіз. Бізді қозғамасын. Егер ол өзі шеше алмаса жоғарыға баяндасын. Шынтуайтқа келгенге гвардиялық дивизияның офицерлері шыны көздері жылтырап магазин сөресінде тұрған ойыншық емес қой, жолдас комиссар.

Ол соңғы сөздерді бетіне түгі теуіп, қатуланып айтты. «Бәләй, мұнысы бекер болды-ау. Мұнысына тез комиссардан кешірім сұрасашы», — деп ойладым мен ішімнен. Ойладым да қайтадан Бауыржанның бетіне қарадым. Ал ол айтқан сөзіне айылын да жиятын емес. Комиссарға иегін көтере ежірейе қарап тұрды да:

— Мен солдатпын! — деді қайтадан. — Солдатша соғыса білуге де міндеттімін. Солдаттың жүрегіндегі сөзді айтуға да тиістімін. Менің сөзім осы, жолдас комиссар.

Мен комиссар бұл сөзге шамданатын шығар деп сасқалақтадым. Комиссар мына қазақтың сөзіне ашуланып, бәрімізді Алматыға қуып жібермесе неғылсын деп қорықтым. Өйткені бұл кезде іштей Бауыржан жағына шығып, оның ұсынысын жан-тәнімен үнсіз қостап отырған болатынмын.

Бірақ комиссар өйтпеді. Сабырмен екі рет басын изеді де:

— Мен Сізді ұқтым, жолдас Момышұлы! Ұқтым, — деп ойлана үн қатты. — Тағы кімде пікір бар?

Бауыржан орнына отырды. Мен «Уһ!» деп осы кезде тынысымды бірақ алдым. Осы күннен бастап менің Бауыржанға ықыласым ауды. Оған деген ең алғашқы сүйіспеншілік оты менің жүрегімде сол сәтте тұтанып еді. Менің Баукеңе деген махаббатым күні бүгінге дейін сол қалпында маздауда.

— Менің де пікірім осы! — деді полк комиссары Мұхамедияров орнынан тұрып. — Тек қана осы!

Одан кейін, төбесі түндікке тіреліп, Балтабек Жетпісбаев түрегелді.

— Бәріміздің де айтар сөзіміз осы, — деді ол. — Біз өз дивизиямызға қалуға тиіспіз.

— Басқа дивизияны өзге азаматтар тәрбиелеп әкелсін, — деді Ісләмқұлов шиыршық ата сөйлеп. — Бізді бермеңіздер, қозғамаңыздар.

Жұрт:

— Бізді осында қалдырыңыздар!

— Қумаңыздар! — деп шулап кетті.

— Басқа пікір жоқ па? — деді Егоров жігіттерге жымия қарап.

— Жо-оқ! — дедік бәріміз бір ауыздан үн қатып.

Тек Бауыржан ғана қыбыр етпестен үнсіз қалды. Ол өзінің кешегі тас мүсін бейнесіне қайтадан кірді.

Егоров Иван Васильевич Панфиловпен үзеңгілес болған аса байсалды кісі еді. Жоғарының бұйрығын бізге айтуын айтса да, жігіттерімнен айрылып қаламын ба деп іштей сасқалақтап отырса керек.

V

Сергей Александрович Егоров біздің жігіттеріміздің пікірін білгеннен кейін қас-қабағы жазылып, жайдарлана бастады. Содан соң он жағында тұрған былғарымен тысталған телефон аппаратын алдына қарай тартты.

— Ал онда, — деді Егоров оң қолын былғары қаптаған аппараттың үстіне салып тұрып, — сіздердің осы ойларыңызды айтып, Әскери Советтің мүшесімен өз көздеріңізше сөйлесемін. Әйтпесе Егоровтың қуғысы келді деп ойлайтын түрлеріңіз бар көрінеді сіздердің...

Осылай деп комиссар күлді. Комиссарды қостап, біз де күлдік. Мен тағы да Бауыржанға қарадым: оның ерінінен дір еткен қимыл сезілген жоқ қаршыға көзін комиссардың иығынан асыра, қабырғада тұрған кішірек суретке қадап, тағы да үнсіз қалды.

Егоров аппараттың қабын ағытыg, трубканы құлағына тосты. Біз тым-тырыс болып, Дарно деревнясі мен Москва арасында болған тарихи сөзге құлақ тіктік.

Дарно: Жолдас Әскери Советтің мүшесі, сәлеметсіз бе? Мен 8-гвардиялық дивизияның комиссары Егоровпын.

Москва: Сәлеметсіз бе, жолдас Егоров. Құлағым сізде.

Дарно: Дивизиядағы ұлты орыс емес командирлер мен саяси қызметкерлерді тылға жіберу жайындағы кешегі бұйрықтың жайын хабарлайын деп едім.

Москва: Адамдарыңыз әзір болды ма? Қанша кісі?

Дарно: Қазір менің алдымда 115 командир мен саяси қызметкер отыр, жолдас Әскери Советтің мүшесі. Бұл жолдастарға мен бұйрықтың мән-жайын айтып түсіндірдім. Бірақ...

Москва: Немене, тылға бармаймыз дей ме?

Дарно: Бұйрық болса, — барамыз. Бірақ біздің өтінішіміз бар дейді.

Москва: Қандай өтініш?

Дарно: Командирлер мен саяси қызметкерлер бір ауыздан өздерін осы дивизияда қалдыруды өтінеді, жолдас Әскери Советтің мүшесі. Бұл жолдастар маған былай деп отыр. Егер немістерге әліміз келмесе Москваны қорғап, бәріміз де осы жерде өлеміз. Немесе 8-гвардиялық дивизияның құрамында жеңіске жетіп, осы арадан Берлинге дейін барамыз! — дейді. Олар осы өтінішінің Әскери Советтің мүшесі арқылы Жоғарғы Бас қолбасшыға жеткізілуін сұрайды.

Москва: Өзіңіз қалай ойлайсыз, жолдас Егоров.

Дарно: Менің жарты жаным осылардың кеудесінде, жолдас Әскери Советтің мүшесі. Бұларсыз мен қалай өмір сүремін...

Осы кезде екі жақ та үнсіз қалды. Комиссардың мына сөздері де, жаңағы Бауыржан сөздеріндей, сай-сүйегімізді сырқыратып жіберді. Бақсам Балтабек гимнастеркасының жеңімен көзін сүртіп жатыр екен. Осы кезде Москва даусы трубкадан қайта естілді.

Москва: Онда мені жарты сағаттай күтіңіздер. Жолдастардың тілегін Жоғары қолбасшыға жеткізейін.

Дарно: Құп, жолдас Әскери Советтің мүшесі.

Комиссар жайлап трубканы орнына қойды. Мәселенің қалай шешілетініне көзі жетпей, оның да іштей мазасыз күйге көшкені аңғарылды. Содан кейін басын көтеріп:

— Жолдастар, сыртқа шығып, темекі тартып келулеріңізге рұқсат, — деді.

Жігіттер 10-15 минутта темекілерін тартып үлгіріп, қайтадан үйге кірді. Мен алдын ала келіп, комиссарға тақау жердегі орныма жайғастым. Әркім-ақ жарты сағаттың тез болуын күтіп, шыдамсыздана сағаттарына қарайды. Мен де дамылсыз сағатыма үңілемін. Жиырма минуттан кейін былғары қапты телефон шылдыр ете қалды. Алғашқыдай емес, комиссар трубканы қолы қалтырап әрең құлағына жеткізді.

Дауыс: Сізсіз бе, жолдас Егоров?

Егоров: Иә, менмін, жолдас Әскери Советтің мүшесі. Сізді тыңдап тұрмын.

Егоровтың қолы ғана емес, даусы да дірілдеп, бұзылыңқырап шықты.

Москва: Жоғарғы қолбасшы 8-ші гвардиялық дивизия командирлері мен саяси қызметкерлерінің тілегін қабыл алды.

Дарно: Рақмет, жолдас Әскери Совет мүшесі. Жоғары қолбасшыға рақмет және Сізге рақмет.

Москва: Жолдастарды бөлімдеріне қайтарып, бұрынғы қызметтеріңізге кірісе беріңіздер.

Егоров: Құп, жолдас...

Осы кезде батальонның Балтабек «уралап» кеп қоя берді. Оған орнымыздан ұшып тұрып, бәріміз қосылдық. Егоровтың Булганинге айтқан соңғы сөздерін естімей де қалдық. Көзі шүңірейіп, екі-үш соғыста арса-арса боп қатты жүдеген, әсіресе Москвамен сөйлескен соңғы минуттарда буын-буынынан әл кеткендей, әлде бір ауыр ұрыстан жаңа шыққандай боп қажыған комиссар, трубканы аппаратқа қойып, қуанышын жасыра алмай, елжірей күлімдеп, орнынан көтерілді.

Міне, енді ойлап қарасам Баукеңнің сол жолғы, 1941 жылдың 16 декабрінде Москвадан қырық шақырым жердегі Дарно деревнясындағы бұрынғы колхоз кеңсесінде, дивизия комиссары Егоровтың алдында сөйлеген сөзі талай адамның тағдырын өзгертіп, жұлдызын жандырған тарихи сөз болған екен. Сол сөзімен ол өзін де, өзгені де қолынан жетектеп, мәңгілік даңқтың табалдырығынан аттатыпты. Олай дейтінім сол жолы Бауыржан сөйлемесе, бәріміз: «Е, жоғарғы жақтың бұйрығы солай болса, онда не шара» деп Алматыға аттанып кетсек, ең алдымен 8-ші гвардиялық дивизия бұл дәрежеде, бүкіл дүние жүзілік даңққа ие болар ма еді, болмас па еді? Әй, болмас еді деп ойлаймын. Әрине, біз кетіп қалсақ та 8-ші гвардиялық дивизия көп гвардиялық дивизияның бірі болып қала берер еді. Оған дау жоқ. Бірақ ол тамаша дәстүрі бар, тарихи адамдары кеп Совет Армиясындағы ең мәшһүр дивизия болып атағы жайылмас еді. Егер Бауыржан сол жолы дивизиядан кетіп қалса, оның өз атағы да дәл мұндай дәрежеге жетпес еді. Генерал Панфилов өз қолымен шындаған бұл дивизия талай жұлдызды батырларды шығарды, солармен бірге жұлдызсыз жүлделі Бауыржан есімін бүкіл елімізге паш етті. Ал Бауыржан өз дивизиясын бүкіл әлемге танытты. Сөйтіп дивизия Бауыржанды даңқты етті. Бауыржан дивизияның данқына даңқ қосты. Біздің дивизиядан шыққан барлық батырлардан басқа аттары ерекше аталатын екі адам бар. Оның бірі Панфилов болса, екіншісі Бауыржан. Панфилов 8-ші гвардиялық дивизияның даналығы болса, Бауыржан дивизияның ар-намысы болды. Панфилов асқар таудай атақты дивизияның табаны болса, Бауыржан оның ең биік шыңы болды. Панфилов дивизияның жүрегіндегі лаулаған оты болса, Бауыржан оның лапылдаған жалыны болды. Панфилов дивизия ерлігінің аспаны болса, Бауыржан сол аспанның төсінде жарқыраған жарық жұлдызы, төбеден аумас темір қазығы болды. Егер сол жолы дивизиядан Бауыржан кетіп қалса, онда Александр Бектің атақты «Волоколамск тас жолы» кітабы тумас еді. Бауыржан Момышұлының «Москва үшін шайқас» кітабы дүниеге келмес еді. Егер Бауыржан сол жолы анадай сөз сөйлеп, өзін де, өзгені де дивизияда ұстап қалмаса, онда мына мен де дәл бүгінгі дәрежеме жетпес едім деп ойлаймын.

Мінеки, менің Бауыржанды бірінші рет көруім осылай. «Бір көрген — біліс, екі көрген — таныс» дейді ғой қазақ. Енді мен онымен жақын білісіп, танысқанымды айтайын саған.

Содан, Бауыржанның өжеттігі арқасында Алматыға бармайтын боп Москвадан рұқсат алғаннан кейін, бәріміз өз полктарымызға келдік. Жауынгерлерді әрі тынықтырып, әрі соғыс ісіне үйрете бастадық. Өйткені соғыс дегеннің өзі оқу сияқты ғой: оқыған үстіне оқи бергеннің артықтығы жоқ. Сол сияқты соғыс өнерін білген үстіне біле беру парыз. Дивизияны толықтыру үшін жаңадан адамдар келгенше осындай әрекет жасап жаттық.

VI

1942 жылы 5 январьда полк комиссары Ахметжан Мұхамедияров мені Ново-Никольскідегі штабқа шақырды. Полк Нахабинодан осында көшкен болатын.

— Сіздің бұйрығыңыз бойынша келдім, жолдас комиссар,— деп баян еттім үйге кіргеннен кейін.

— Келсең шешін де жоғары шық, — деді комиссар. Шықтым. Барлық батальон комиссарлары жиналған екен. Солардың арасын нұсқап:

— Сіз жолдас Бауыржан Момышұлын танисыз ба? — деді комиссар.

Қарасам анада, дивизия штабында көрген қаршыға көз командир біздің комиссарлардың арасында отыр екен. Неге екенін білмеймін, оны көргенде жүрегім біртүрлі боп лүпілдей соғып кетті.

— Танимын, жолдас комиссар.

— Онда жақсы. Бауыржан біздің полкке қызметке келіп отыр. Полк командиріне орынбасар боп тағайындалды.

— Уақытша ма, әлде түпкілікті боп тағайындалды ма? — деппін мен аузыма басқа сөз түспей.

— Оны болашақ көрсетер, — деп комиссар әңгімені тез басқа арнаға бұрып жіберді.

«Е, жарайды, — деп ойладым мен. — Әйтеуір бізге келсе болды».

Дивизия алғаш ұрысқа кіргенде оның полктерінде автоматшылар ротасы деген болған жоқ. Тек он бірінші ноябрьде немістер Дубосековаға бар күштерін төгіп, Москваға екінші рет еміне бастаған сәтте полковник Капров пен комиссар Мұхамедияров мені алғы шептегі атқыштар ротасынан шақырып алып, тездетіп автоматшылар ротасын құруға бұйрық берді.

— Сен сол ротаның саяси жетекшісі боласын, командириңді кейін тағайындап береміз. Керекті адамдарды батальондардан аласың. Оларға бұйрық берілді, — деді.

— Е, жарайды, батальондар таңдаулы адамдарын берсе болды.

Маған рота құру үшін көмекке полк комсомол ұйымының секретары, үнемі батальондарда жүретін болғандықтан «батальонный Балтабек» атанған Жетпісбаевты қосып берді.

Қатары өткен ұрыстарда азайып, алғы шепке тұрған батальондар таңдаулы адамдарын бермей, автоматшылар ротасын құру кешеуілдеп қалды. Не бәрі қарамағымда 13 автоматшы ғана жиналған күні — 15 ноябрьде Капров маған бұйрық берді.

— Қарамағыңдағы автоматшылар ротасымен Ширяево селосын қорғауға бірінші ротаға көмектесесің, — деді.

— Е, жарайды. Бірақ бізді рота деп айтуға келер ме екен, он үш қана адамбыз ғой, — дедім мен.

— Келгенде қандай. Бір автоматшың минутына екі жүз оқ шығара алады. Ол бүкіл бір отделениенің шығаратын оғымен пара-пар. Сонда 13 автоматшың атқыштар ротасының 13 отделениесіне тең.

— Е, құп олай болса, — деп мен бұйрық орындауға кеттім. Біздің ротаға әлі командир тағайындалмаған болатын. Рота аталған 13 адамға өзім әрі командир, әрі саяси жетекші болдым. Ертеңінде немістердің Дубосекова разъезіне қарай қиян-кескі шабуылы басталды. Осы ұрыстарда автоматшылар өздерінің қайратын көрсетті де. Содан кейін дивизия демалысқа шықты да, автоматшылар ротасы әлі күнге дейін дұрыстап толықтырылмай келе жатқан болатын.

Мұхамедияров маған таяу күндерде полкты толықтыруға Қазақстаннан адамдар келетінін айтты.

— Оларды жақсылап қабылдау үшін комиссия құрдық. Соның бір мүшесі етіп өзіңді бекіттік. Ротаңның командиріне Соловьев тағайындалды. Соны қасыңа ала отырып, келген адамдардан автоматшыға лайықтыларын тандап алыңдар.

— Е, мақұл.

— Комиссияның председателі Момышұлы жолдас. Бүгіннен бастап осы кісімен байланысты бол.

— Е, жарайды.

Сонымен комиссияға деп бір үй бөлінді. Ол тоқыма фабрикасының кең клубы екен. Біз сонда отырамыз. Келген адамдарды қабылдап, батальон-батальонға бөлеміз. Бір топ жаңа алынған жастар күндіз кеп қалса, келесі тобы түнде келеді. Бұл екі арада комиссия мүшелерінің өзара сөйлесіп, әңгімелесулеріне де уақыт бар.

Бір күні осындай бір әредікте Бауыржан маған қарап:

— Ал, әңгіме айтыңыз, жолдас политрук, бізді осылай зеріктіріп қоясыз ба? — деді.

Оны ең алғаш Дарно деревнясінде түнде көргенімде екі-ақ ауыз сөз естіп, көңілім толмай қалған. «Өзінен басқа аға лейтенант жоқтай, Оқжетпестің тасындай боп мелшигені несі?» деп ойлағанмын. Ертеңінде оның Егоров алдында сөйлеген сөзін тыңдап, өткен түнде ғана тас мүсін деп таныған адамының аузынан сай-сүйекті сырқырататын жігерлі, жалынды, саналы сөздер естігенде оның аталы ой, өкім үніне тәнті боп ғажаптанғанмын.

Міне, содан кейін бұл адам біздің полкқа келді. Келе сала жұртпен шүйіркелесіп те кеткен жоқ оқшау да қалған жоқ. Нағыз әскери адамға тән ішкі ырғақпен, көбіне үнсіз жүріп жатты. Аз сөйлеп, көп тыңдап жүрді. Оның үнсіздігінің өзі ауызды жай жұмып отырғандық емес, ішкі тегеуірінді тежеген, жөн-жосықты екшеген парасаттылықты танытатын еді. Сонымен бірге оның жүзі жылыған сәтке алданып қалуға да болмайтын. Ол орынсыз қылық, оғаш сөзді бірден тыйып тастайтын өрлілігімен де танылып қалған болатын.

Міне, сол адам маған бірінші рет жылы ұшырап, тіл қатты. Анада «ассалаумағалейкум» дегенім үшін үнсіз жазғырғаны жадымда сақталып қалған мен бұл жолы сақтана жауап қайтардым.

— Не айтайын, жолдас капитан?

— Елден хат бар ма?

— Кеше Алматыдан, Сәбит Мұқановтан хат алдым.

— Не жазыпты?

— Сәкең біз аман-саумыз, жауды жеңіп қайтыңдар. «Қобыланды батырың» сені күтіп жатыр, — депті.

— Ол не?

— Ол менің «Қобыланды батыр» деген атпен жазып, қорғап үлгіре алмай кеткен диссертациям. Соғысқа кетерде аманат деп сол кісінің қолына беріп кетіп едім.

— Сәбит жақыныңыз ба еді?

— Жоқ.

— Онда қалай танысып жүрсіз?

— Ол ұзақ әңгіме ғой, жалықпасаңыз айтайын, жолдас капитан...

VII

Сырттан топырлай басқан аяқ дыбысы естілді. Сықырлап есік ашылып, ішке жаңа команда келіп кірді. Мен барып, бұрыштағы диванда ұйықтап жатқан жолдастарды ояттым. Комиссия мүшелері тегіс үстел басына жайғасып, қарсымыздағы ұзын скамейкада отырған алты-жеті жігітпен әңгімелесуге кірістік. Бәрі де қазақ жігіттері екен. Жиырмаға жаңа ғана ілінген жастар. Біз сұрақ қоя бастадық.

— Қайдан келдіңдер, жігіттер?

Олар қозыдай маңырасып, қосыла жауап берді.

— Алматыдан.

— 100-ші бригададан.

— Қай облыстансыңдар?

— Шығыс Қазақстаннанбыз.

— Семейденбіз.

— Талдықорғаннан келдік.

— Алматы қалай, жақсы ма?

— Жақсы.

— Ал енді бір-бірлеп фамилияларыңды айтыңдар.

Осы кезде өткір көзді қара торы жігіт орнынан ұшып тұрып, бірден бірнеше фамилияны шұбырта жөнелді.

— Тоқтаров — Батталов — Нұрбосынов.

— Өз фамилияң кім? — деді Бауыржан оған отты көзін қадап.

— Тоқтаров — Батталов — Нұрбосынов, — деді қара торы жігіт қайтадан тайсалмастан.

— Немене сенің фамилияң осындай ұзақ ба? Әлде бір өзіңнің үш фамилияң бар ма?

— Жоқ, жолдас капитан. Бұл мына үшеуіміздің фамилиямыз, — деп ол қасындағы дембелше сары мен сұңғақтау аққұба жігітті нұсқады. — Осы үшеуміз Алтайдан, Лениногорскіден келдік. Қорғасын заводының жұмысшысымыз. Алматыда, жүзінші бригадада бірге болдық.

Осы кезде мен орнымнан тұрып, көрші бөлмеден ротамның командирі аға лейтенант Соловьевті ертіп келдім.

— Осы топтағы жігіттер бізге лайық сияқты, — дедім.

Тегі, жаңа мен орнымнан тұрып кеткен кезде Бауыржан жігіттерге бірге болғыларың келсе сендерді автоматшылар ротасына жіберейік деген болуы керек. Мен Соловьевті ертіп қайта келгенде жаңағы қара торы жігіт Бауыржанға былай деп сұрақ қойып тұр екен.

— Автоматшы деген не?

— Өзгелер оқты дұшпанға бір-бірлеп атса, автоматшы оқты жаудың басына уыстап төгеді, жаңбырдай жаудырады.

— Ендеше үшеуімізді де соған жазыңыз.

Бауыржан Соловьев екеумізге қарап иек қақты. Мен жігіттерді тізімге ала бастадым.

— Қане, автоматшы боламын деген азаматтар аты-жөндеріңді айта беріңдер.

Олар аты-жөндерін айтып тұрды, мен жазып жаттым.

— Тоқтаров Төлеген.

— Батталов Жұмажан.

— Нұрбосынов Жүніс.

— Хасенов Жұмаділ.

— Нысанов Байеділ.

— Жүнісов Қайырбек.

— Отставить! — деді Бауыржан Жүнісов деген фамилияны қағазға жаза бергенімде.

Мен қоя қойдым. Бауыржан аяңдап біздің қасымызға келді де, жас жауынгерге сұрақ қойды.

— Қайдан келдің?

— «Ақбұзаудан».

— «Ақбұзауың» не?

Жігіттер тегіс ду күліп жіберді. Олармен қоса Жүнісовтың өзі де күлді.

— Ауыл, колхоз, жолдас командір.

Бауыржан күлген жігіттерге сұстана көз тастады да:

— «Ақбұзау» колхозында кім боп қызмет істедің? — деді жас жауынгерге.

— Тракторист болдым, жолдас командір.

— Онда сен ауылыңның белді азаматы екенсің. — Бауыржан төртбақ денелі қазанбас жігіттің арқасынан бір қағып қойды.

— Ал майданда сенің мінетін тұлпарың танк болуы керек еді. Бірақ біздің полкта танк жоқ. Сондықтан пулеметші болсаң қайтеді?

— Сіз бол десеңіз болайын, жолдас командір.

— Есіңде болсын: «Максим» пулеметінің немістерге қаһары кейде танктен кем түспейді. Бірақ оны баптап ұстауың, жорықтарда үнемі иығыңа салып, арқалап жүруің керек.

— Жарайды, жолдас командір.

Бауыржанның жұқалтаң еріні жымиып, көзінен жылы күлкі ұшқындады.

— Шиыршық атқан мына жігіттердің автоматшы болғандары дұрыс. Ал саған автомат арқалатып қою мынадай азамат тұлғаңа обал ғой. Сенің автоматың пулемет болсын.

Жігіттер де, бәріміз де күлісіп жатырмыз. Тракторист жігіт те күліп, қайта-қайта басын изеді.

Бұл күлкі майданға жаңа келген жігіттердің терісін кеңіткен бір шуақты сәт болды. Бәлкім, осы сөз, осы күлкіні олар өмір бойы естерінде сақтап қалар. Қиын-қыстау кезеңдерде оларға командирдің бұл әзіл-қалжыңы демеу болар.

Әрине, бұл ой ол кезде Бауыржаннан басқамыздың басымызға келген жоқ еді. Қазір ойласам Бауыржан соның бәрін жігіттерге жігер беру үшін әдейі айтқан екен ғой.

— Қатардағы жауынгер Жүнісовты 1-батальонға, пулемет ротасына жазыңыз, — деді Бауыржан содан соң полкке келген жауынгерлерді тізімдеп отырған хатшыға қарап. — Басқалары автоматшылар ротасына берілсін.

— Мәке, — дедім мен осы арада Мәліктің сөзін бөліп, — Жаңағы Жүнісов дегеніңіз біздің ауылдың баласы еді. Жасынан әке-шешесіз жетім өсті. Ер жеткен соң тракторист болды. Мектепте жүргенімізде басқалар кластың есігін қолымен итеріп, не аяғымен теуіп ашса, Қайырбек басымен сүзіп ашатын. Сондықтан ол ауылымызда Шойынбас атанып еді. 1941 жылы декабрьдің басында біздің ауылдан бір жылы туған төл он бес бала әскерге алындық. Алматыда ұйымдасқан жүзінші бригадаға келдік. Ойда жоқта бір күні кешке сапқа тізілдік.

— 8-ші гвардиялық дивизия толықтыруға өз еркімен барамын дегендер бір адым алға шығындар, — деді.

Артиллерия дивизионынан бірінші боп мен шықтым. Бірақ мені жібермей, бригадаға алып қалды. Сол жолы біздің ауылдан келген балалардың көпшілігі 8-ші гвардиялық дивизияны толықтыруға кетті. Соғыс біткеннен кейін сол он бестен төртеуіміз ғана ауылға оралдық. Жаңағы Сіз айтқан Қайырбек марқұм да майданда қаза болды.

— Ендеше біз сенің жерлестеріңмен бірге соғыстық, — деп Мәлік әңгімесін ары қарай жалғады.

Осыдан кейін Бауыржан полкке жаңадан келгендердің алдында қысқаша сөз сөйледі.

— Сендер 8-ші гвардиялық дивизияға келдіңдер, — деді ол. — Қазақстанда құрылған бұл дивизия қазақ халқының арының алтын туы екенін әрқашан да естерінде сақтаңдар. Сендер сол атақты дивизияның 1075-ші полкының қатарын толықтырыңдар. Бұл полктың командирі полковник Капров жолдас, комиссары Ахметжан Мұхамедияров деген кісі. Мен полк командирінің орынбасарымын. Фамилиям Момышұлы. Басқа сұрақ бар ма?

— Жоқ.

— Онда өздеріңнің бөлінген бөлімдеріне барыңдар. Сендерді қазір әр батальоннан келген байланысшылар бастап әкетеді. Енді алғы шепте, жаумен жағалас үстінде кездесейік. Жаудан қорықпаңдар. Оған жеңілемін деп емес, жеңемін, құримын деп емес, құртамын деп ұмтылыңдар. Әрқашанда осындай ойда болып қаруларыңды жақсы біліңдер. Тәртіп жағына берік болыңдар. Өйткені тәртіп жауынгердің бірінші қаруы. Онсыз ешбір қарудың қуаты жоқ. Жағаларың жыртылмасын! Жолдарын болсын. Направо! Старшинам — вести людей в свои подразделения! На выход, шагом марш!

Қазақша бастаған сөзін Бауыржан осылай деп командамен, орысша аяқтады. Жігіттердің жігерлене соққан табаны клубтың еден тақтайын дірілдетіп жіберді.

VIII

Дивизияны толықтыратын жауынгерлер келіп болғаннан кейін біз ротамызға кеттік. Бауыржан мен Балтабек штабта қалды. Ротада біз жаңа жауынгерлерді соғыс өнеріне жаттықтырумен шұғылдандық. Күн сайын оларға әскери әзірлік сабақтарымен қоса, саяси сабақ та өткіземіз. Саяси сабақтың да тақырыбы әртүрлі: жауынгердің борышы, совет жауынгерінің моральдық тұлғасы, Панфилов дивизиясының ерлік дәстүрлері т. т. Осы тақырыптарға күн сайын дайындала отырып, Бауыржанның кейбір сөздерін еріксіз еске алатын болдым. Оның: «Политрук сөзі жауынгерге жігер беру үшін, оның намысын қайрау үшін қажет», «Елін сүйген жауынгер ер болады», «Жігерсіз сөз жүрекке жетпейді», «Басқа жазушылар қағазға жазса, біз жауынгерлердің жүрегіне жазамыз», «Басқалар сиямен жазса, біз қанымызбен жазамыз», «Тәртіп — жауынгердің бірінші қаруы» деген сөздері есімде

сақталып қалыпты. Оның менің жай сөйлейтінімді мінеген теңеулері де ап-ашты боп ойымда жүрді. Бірақ ол теңеулер есіме түскен сайын мен ширауға тырыстым.

1942 жылдың 11 январында жаңа күш қосылып, толықтырылған біздің дивизия эшелонға тиеліп, қайтадан жорыққа аттанды. Жаттығу жұмысы, вагон ішінде де жүргізіліп жатты. Алты күннен кейін Дворцы деген станцияда поездан түстік те, жаяу жорыққа көштік. Февральдың бас жағында қанды ұрысқа қайтадан кірдік. Біз Бауыржанмен жолда да, жорықта да, ұрыста да үнемі кездесіп отырдық. Ол туралы менің «Сұрапыл жылдар» кітабымның «Төлеген Тоқтаров» деген тарауында толық айтылған. Біздің ерлігіміз де сонда суреттелген. Енді мен саған сол ұрыстар кезіндегі Бауыржанмен соңғы кездескенімді айтайын.

22 февраль күні түнде біздің батальонның басшылары Гундилович пен Трофимовты, автоматшылар ротасының командирі Соловьев пен политрук мені полк штабына шақырды. Кішкене ағаш үйдің шағын бөлмесінде, жез құтыда лапылдай жанған күйелі май шамның жарығымен бәрімізді Бауыржан қабылдады. Полк комсомол ұйымының секретары Балтабек те осында екен.

— Жолдастар! Түнделетіп шақыртқаныма ренжімеңіздер. Біріншіден, сіздерді ертеңгі мерекемен — Совет Армиясының 24 жылдығымен құттықтаймын. — Осылай деп ол бәріміздің қолымызды алды. — Екіншіден, осы шабуылда дивизияның авангарды болған полктың маңдай батальоны мен оны қолдаушы автоматшылар ротасының жауынгерлері мен командирлерін жоғары наградаға ұсыну үшін қосымша материалдар беру жөнінде генерал Чистяковтан тығыз түрде бұйрық келді. Ол материалдар таңертең дивизияда, одан соң жоғарыда болуы тиіс.

Алдымен ол бізден Төлеген Тоқтаров туралы сұрады.

— Маған біздің дивизия қырандар ұясы болып көрінеді, — деді Бауыржан. — Ал аспанда самғап жүрген қыранды бірін-бірінен айыру қиын. Сол сияқты әр деревняны жаудан босатқан сайын малақайларының құлақтары делдеңдеп жауды жайпап жүрген көк көз, қара көз батырлардың бірін екіншісінен бөле тану қиын. Төлеген сол қара домалақтың қайсысы?

Бауыржан алдымен Соловьев пен маған қарады.

— Сіз оны білесіз, — деді Соловьев, — өткір көзді, қара торы жігіт болатын.

— Қазақтың көпшілігі қара торы келеді. Оның үстіне мынадай аяз қарып, домбыққан беттердің бәрі де қара торы боп көрінеді ғой, жолдас аға лейтенант.

— Оныңыз рас. Бірақ Төлеген ерекше жауынгер еді. Оған сіздің көз тоқтатпауыңыз мүмкін емес. 5 февраль күнгі ұрыста ол жеті фашисті жер жастандырып, екеуін тұтқынға алды.

Оның біреуі офицер екен. Оларды Төлеген Мәлік екеуміздің қасымызға айдап әкелген кезде жолдас полковник Капров екеуіңіз келдіңіздер. Жаңағы офицермен сөйлесіп, оның қай бөлімдікі, қанша күштері барын сұрадыңыздар.

Бауыржан басын изеді.

— Бұл оқиға есімде. Ол Ново-Свинухово деревнясында еді ғой. Бірақ онда мен ол жігіттің аты-жөнін сұрамаппын.

— Оны сұрауға мүмкіндік болды ма, жолдас капитан. Сол сәтте немістердің кезекті қарсы шабуылы басталды ғой.

Осыдан кейін мен Бауыржанның есіне Төлегеннің алғаш полкке келген сәтін түсірдім.

— Балтабек, Төлегеннің комсомол билетін мен саған беріп едім ғой. Сонда суреті болатын.

— Иә, қазір, — деп Балтабек сумкасынан Төлегеннің комсомол билетін алып, Бауыржанға берді.

Батырдың суретін көріп жіберіп, Бауыржан оны бірден есіне түсірді. — А, бұл сондағы фамилиясы ұзын жігіт қой? Үш фамилияны қосақтап бірақ айтатын?

— Иә, сол.

— Енді есіме түсті. Оның ана екі жолдасы бар ма?

— Бар. Аман. Біреуі Сіздің көзіңізше неміс танкын құртты.

IX

Ол оқиға былай болған еді. Февраль шайқастарының бас жағында Капров ауырып, он шақты күн шанада жүрді. Полктың барлық ұрысын Бауыржан басқарды.

Батальон Ново-Свинуховоға ұмтылғанда оған көмек көрсетуге әзірленіп автоматшылар орман шетінде отырған еді. Осы арада ұрысты басқарып тұрған Бауыржан:

— Мәлік, анау сарайдың түбінде танк тұр. Соны құртуға бір адам жібер, — деді.

Мен Батталовты жұмсадым. Ол танкқа лақтыратын кеспелтек гранатының екеуін алды да, ілгері барыңқырап барып, тайсалақтап кейін шегінді.

— Анауың қорқып тұр, шақыр бері, — деді Бауыржан. .

Мен шақырдым. Батталов келді.

— Әй, сенін кеудеңде намыс бар ма? — деді Бауыржан оған зілді үнмен.

— Бар, — деді жауынгер сасқалақтап.

— Болса тез бар да, ана танкты құрт. Егер қорқып, күйбектедің бар ғой, онда сені ата-бабаңның аруағы атады. Ұқтың ба?

— Ұқтым, жолдас капитан. Мен немісше «қолыңды көтер!» дегенді қалай айтады деп сұрамақ едім.

— Оны не қыласың? Қолын көтертіп, неміспен құда болайын деп пе едің? «Хенде хох!» дейді. Бар, жөнел! — деді Бауыржан.

Батталов тұра жөнелді. Бағанадағыдай емес, ширақ қимылмен тайсалмастан ілгері ұмтылды. Бір кезде Бауыржан нұсқаған сарайдың түбінен қара түтін бұрқ ете түсті.

Әлден уақытта Батталов қайтып келіп, бұйрықтың орындалғанын баяндады.

— Еңбегің үшін ел атынан алғыс жариялаймын, — деді Бауыржан. — Бірақ сен алғашында қорықтың-ау деймін.

— Темір тонды пәледен тайсалғаным да рас, — деді жауынгер шынын айтып. — Бірақ Сіздің ата-бабаңның аруағы атады деген сөзіңіз жаныма батып кетті.

— Жарайды, жігіт екенсің! — деді Бауыржан Батталовты қағып. — Бар, жаумен әрқашан да жақсылап соғыс.

Мен Бауыржанға осы эпизодты айттым.

— Ол Төлеген серіктерінің бірі ме еді?

— Иә, Бауке.

Содан соң мен сумкамнан қара дәптерімді суырып, сонда жазылғанның Төлеген туралысын оқып бердім. Онда Төлегеннің әр күнгі қимылы, ерлігі суреттеліп, қанша фашисті жойғаны баяндалған еді. Ең соңында ішіне оқ тиген Төлегеннің ішегін шұбатып жүріп, неміс офицерін оғы таусылған автоматпен ұрып өлтіргенін айттым да:

— Төлеген адамгершілігі мол қамқор көңілді жолдастарына қайырымды азамат болатын. Төлеген қасымызда жүргенде ортамызда лаулаған от келе жатқандай болушы еді. Ол өз жанының жалынымен өзгені де қыздырып, басқалардың да жүрегіне от беріп, жігерін тұтатып отыратын ер еді, — деп сөзімді аяқтадым.

Бұдан кейін Гундилович, Трофимов, Жетпісбаев Төлеген туралы менің жазбаларыма қосымша деректер берді.

Бауыржан менің дәптерімді сұрап алып, Төлегеннің комсомол билетін соның ішіне салды да:

— Рақмет бәрлеріңізге, — деді бізге қарап. — Есіл азаматтардың ерлік тарихын есте сақтағандарыңыз үшін ертеңгі ұрпақ сіздерге разы болуға тиіс.

Содан соң Бауыржан маған бұрылды да:

— Осының бәрін қалдырмай қағазға жазып жүргенін үшін саған көп рахмет, Мәлік, — деді. Ол сәтте мен Бауыржанның бұл сөзіне мән бергенім жоқ. Бірнеше күн бел шешпестен ұрыста жүріп қалжыраған басым жылы жерге келгеннен кейін маужырап, ұйқым келіп өліп отыр едім. — Енді сен ауыз бөлмеге, Синченконың қарамағына бара тұр. Мына жолдастармен сөйлесетін тағы бір сөзіміз бар.

— Е, жарайды, — деп тонымды сүйретіп төргі бөлмеден шықтым.

Ауыз бөлмеде Бауыржанның атқосшысы. Николай Синченко үстел жасап, бес кісіге дәм әзірлеп отыр екен. Ұйқы қысып келе жатқан мен еденге жантая кетіп едім, Синченко иығымнан жұлқылады.

— Жолдас политрук, сағат қазір 00.30 — Совет Армиясы мейрамының күні басталды. Басыңызды көтеріп, үстелден дәм татыңыз, жүз грамм жұтып жіберіңіз. Жолдас капитан маған сіздерге дәм татырып жібер деп бұйырған.

Ұйқылы көзіммен Синченконың айтқанын орындадым да, қайтадан жантайып, лезде қор ете түстім..

Бір кезде мені жұлқылап оятып жатыр.

— Мәлік, тұр, кетеміз, — дейді.

Сағатыма қарасам 2.30 болыпты. Гундилович, Трофимов, Жетпісбаев, Соловьев төртеуі Синченконың дастарқанын жайғастырып жіберіпті.

Бауыржан ішкі бөлмеде жалғыз қалды. Бесеуіміз далаға шықтық. Балтабек бізбен қош айтысты да, жатқан үйіне қарай бұрылып кетті. Қалған төртеуіміз қараңғы түнді үңгіп, шыны қарды шықырлатып, өз бөлімімізге қарай бет түзедік.

— Мәлік, — деді Гундилович жолда келе жатып, — капитан бізден жаңағы Төлеген жайын сұрағандай етіп, сен туралы да көп деректер сұрап алды. Біз сенің Ново-Свинухово,

Бородино үшін болған ұрыстардағы ерлігіңді айттық. Жетпісбаев өткен октябрь, ноябрь ұрыстарындағы еңбегіңді де қалдырған жоқ...

23 февраль күні күндіз, түс кезінде, қалың ағаш ішіндегі алаңға әрбір батальоннан топ-топ жауынгерлер келе бастады. Бұлар өткен шабуылдарда ерекше ерліктер жасағаны үшін үкімет наградасына ұсынылған командирлер мен жауынгерлер еді. Бүгін — Совет Армиясының 24 жасқа толған ұлы мейрамы күні оларға ордендер мен медальдер тапсырылмақ. Орман ішіндегі алаңға сол үшін жиналып жатырмыз.

Біз кезде Капров, Мұхамедияров, Момышұлы тағы басқа командирлер келді. Полковник Капров бізді Совет Армиясының күнімен құттықтады. Командованиенің тапсырмасын ойдағыдай орындағаны үшін осы жиналған жігіттердің тегіс наградталғанын айтып, оларға ордендер мен медальдер тапсырды.

Рамазан Елебаев, Александр Соловьев, Балтабек Жетпісбаев, Павел Гундилович, автоматшылардан Жұмажан Батталов, Іңкарбала Иманбеков т. т. Қызыл Ту орденін алды. Автоматшы Төлеген Тоқтаров пен автоматшылар ротасының политругі Мәлік Ғабдуллиннің Совет Одағының Батыры атағына ұсынылғаны жарияланды...

Неге қуанбаймын! Қуанышымда шек болған жоқ, әрине. Енді тезірек Указ шықса екен деп алабұрттым. Алғашында Указ шыққанша мұны ешкімге айтпайын, елдегі ағайын, достар газеттен оқып, бірақ білсін деп те ойладым.

Бірақ айтпауға.. дәтім шыдамады, ішіме сыймады. Біраз күн тістей қатып, шыдап жүрдім де, ақыры алғашқы хатты Алматыға жолдадым. Сол күні күндіз ротаның саяси жетекшісінен жоғарылап, батальон комиссары боп тағайындалған едім. Бір жағынан бұл да бір қосалқы қуаныш боп, жанымды түрткілесе керек.

Ақыры не керек, түнде, жер төленің ортасына жағылған оттың басында отырып, жүрек жарған жаңалығымды былай деп ақылшы аға, асыл ұстазым Мұхтар Әуезовке жолдадым:

Қымбатты МҰХА!

13. II-де жазған хатыңызды алдым. Аманшылығыңызға қуаныштымын. Мен де аман-саумын. Талай тас қамауды талқандап бұзып, жауды қуып барамыз. Сақылдаған аязда, сартылдаған соғыс сахнасында қолдан келген күшті жұмсап жатырмыз. Мен наградқа Қызыл Жұлдыз орденін алдым. Жақында бір тамаша операция жасап, немістің «Қу бас» деп аталатын дивизиясының штабын талқандап шықтық. Осы операцияда тамаша ерлер шықты. Біздің полктан үш адамды Совет Одағының Батыры атағына ұсынды: 1) политрук Клочков, ол Щербаков жолдастың баяндамасында айтылған 28 батырдың қолбасшысы еді. 2) Тоқтаров Төлеген деген қызыләскер, Риддер қорғасын заводынан келген жас, 21-дегі жұмысшы. 3) Мен. Таяу күнде Указ болып қалар.

Дивизия көлемінде абыройым жақсы, бәрі құрметтейді. Әсіресе Совет Одағының Батырына ұсынылған соң комдивтің өзі қолымды алып амандасады.

Қазір ротаның политругі емеспін, батальон комиссарымын. Жұмыс көп, осы кезде қызу майдандамыз. Бұл хатты оттың сәулесінде бой басылып, түн түскен кезде Сіздің хатқа жауапты тездету ретінде асығыс жаздым. Әлішердің қайда екенінен хабарым жоқ.

Тағы да хат жазармын. Хош, сау болыңыз. Еңбек творчество майданында жақсы-жақсы шығармалар жазуыңызға тілектеспін.

Іниңіз Мәлік

5. III. 42 ж. Полевая почтовая станция 993, 1075 СП, 2-батальон, М. Ғабдуллин»

Міне, Бауыржанды біздің полктан соңғы рет көргенім сол жолы, 23 февраль күні болды. Үстінде қара бурка, басында папахасы бар, ол өзге командирлерден иығы асып, тіп-тік болып, сұсты жүзі жұмсарып, отты, ойлы қара көздері наградталған ерлерге жылы нұр төгіп, мейірлене қарап тұрды.

Содан екі күн кейін — 25 февральда Бауыржан бізден қайтадан өзінің 1073-полкына кетті, сол полктың командирі болып тағайындалды. Ол хабарды естігенде көңілім қатты құлазыды. Өйткені бұл кезде мен Бауыржанды қатал, қаһарман командир деп қана мойындап қоймай, сонымен бірге оған аға, дос ретінде де бауыр басып қалған едім.

Артынан Бауыржан 9-гвардиялық дивизияға командир болып кетті. Одан соң Бас штабтың академиясына оқуға барды. Бұл екі ортада мен де бірсыпыра қызметке ауыстым. Сол жылы 5 мартта, жараланып кеткен Трофимовтың орнына, Гундилович батальонына комиссар болып бекідім. Одан кейін полк үгітшісі болдым. Совет Одағының Батыры атағын алғаннан кейін, 1943 жылдың февралында Калинин майданы Саяси басқармасының үгітшісі болып тағайындалдым. Осы кездерде Бауыржанмен үзбей хат жазысып тұрдым.

Бұл кезде біз терренкурдың үшінші километрінен қайтып, «Арман» кинотеатрына тақап қалған едік. Мәлік енді әңгімесін тұжыруға кірісті.

— Мінеки, менің Бауыржанмен білістігім осылай. Өзің де соғыста болдың, соғыстың жайын жақсы білесің ғой. Бірден батырлық еңбек етсең де, бірден батыр атағы берілмейді. Екі рет ерлігің танылғанда есепке алынасың. Бес рет батылдығын білінгенде ғана батыр атағына жетесін. Онда да екінің бірі жете бермейді. Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шығады. Ал жүз жүйрік, мың тұлпар қатар шапса, олар қанша оқтай жүйткігенімен, бірінен бірі оза алмайды. Озса да бірінен бірі қара үзіп кетпейді. Сұңқарлар қанаттас самғайды, тұлпарлар қабырғалас зымырайды. Тұлпардан тұлпар озбағанымен, олардың артында ор болып іздері қалады. Сол сияқты біздің 316 дивизия тұлпарлар тоғысқан жер еді. Біздің

8-ші гвардиялық дивизия батырлар бас қосқан ұя еді. Жеке батырлардан жалпы батыр шыңдаған дүкен еді.

Мың адам бірлесіп батырлық іс атқарады. Бірақ атақ назары соның біреуіне ғана түседі де, оның кеудесіне Алтын Жұлдыз боп қадалады. Мен сол болсам, Баукең атақ назары түспеген, бірақ тарихтың назары түскен, бір өзі жүзден аса ерлік жасаған, мен сияқты жүздеген жұлдызды, жұлдызсыз батырларды баулыған ұста, ұстаз, ардагер азамат қой!

X

Осыдан кейін де көп күндер өтті, көп оқиғалар болды. Алдымен Бауке туған жері Жуалы ауданында өзінің алпыс жасқа толған тойын өткізді. Ол той одан кейін Алматыда жалғасты.

Осы тойларды атқарғаннан кейін Баукеңнің кәртейгендегі жан серігі Кәмәш қайтыс болды. Одан кейін қан майданды бірге кешкен жауынгер інісі, жан досы Мәлік Ғабдуллин дүние салды. Олардың артынан асқар таудай ағасы Сәбит Мұқанов қайтпас сапарға ол кетті. Осының бәрі Баукеңе соққы үстіне соққы болып тиіп, оның аузынан шыққан күйініш сөздері жалпақ жұртқа естіліп жатты. Алғаш әйелі өлген кезде бір замандасы келіп, пенсияға шығып — қызмет, көліктен айрылып — қор боп қалдым дегенде, Баукең оған: «Қорлықтың көкесін кемпірін өлгенде көрерсің» депті. Мәлік қайтыс болғанда:

— Енді біздің шаңырақтарға шартылдап нажағай түсе бастады. «Теперь по нашим квадратам бьют. — Кезек ересен ер ұрпаққа келді», — деп шөке түсіп отырып қалыпты.

Сәбең қайтыс болған кезде Баукең айтты деген мына бір сөз және тарады. Сәбит пен Ғабит Алатау мен Қаратаудай панам еді. Енді оның да бірінен айрылдым ба? — депті.

Күз өтті. Қыс кетті. Жаз шықты.

Күндердің күнінде Баукең екеуіміз ұзақ уақыт үзіліп қалған диалогты қайтадан жалғастырдық.

АЛТЫНШЫ ДИАЛОГ

I

Автор. Сіз Иван Михайлович Чистяков деген кісіні білесіз ғой?

Бауыржан. Білемін. Генерал-полковник, Совет Одағының Батыры.

Автор. Сол кісі «Дружба народов» журналында жарияланған естелік кітабының бір жерінде былай деп жазыпты. Оқуға рұқсат етіңіз.

Бауыржан. Оқығын.

Автор. «1073-ші атқыштар полкының командирі майор Бауыржан Момышұлын мен соғыстан бұрын білетінмін. Біз Қиыр Шығыста бірге қызмет еткенбіз. Ол қазақ ұлтынан шыққан, алған бетінен қайтпайтын, қатал мінезді, сымбатты келген жас командир болатын.

Оны ерекше ерлігі мен тапқырлығы үшін Панфиловтың өзгеше жақсы көргенін де білетінмін. Москва түбінде оның батальоны полктан хабар-ошарсыз күйде, бірнеше күн қоршауда қалып, қалың жаумен қиян-кескі ұрыс жүргізген. Екі тәулікке созылған қырғын соғыста гвардияшылар төрт жүзден астам фашистердің көзін жойып, олардың Волоколам тасжолы арқылы жасаған шабуылын тырп еткізбей бөгеп тастаған. Содан кейін орман ішінде маневр жасай отырып, өздерін қоршаған жау шеңберін тас-талқан етіп бұзып шығып, полкке келіп қосылған болатын.

Осы ұрыстан кейін Панфилов Момышұлының батальонын өзінің резерві етіп ұстап, оны ең қиын-қыстау жерлердегі ұрыстарға жіберіп отырды. Соның бәрінде де батальон үздіксіз жеңіске ие болды.

Бұлардан басқа Момышұлының маған ұнайтын тағы бір қасиеті болатын, ол оның шыншылдығы еді. Мен оның қанша қиын болса да, тіпті өзіне содан зиян келсе де тек қана шындықты айтатынын білуші едім. Өзінің бағыныштыларынан да ол осыны талап ететін».

Міне осылай деген...

Бауыржан. Мұны неғыл дейсің?

«Мұны неғыл дейсің?» Сондай сөз бола ма екен? Бұған мен қуанамын, шаттанамын, мақтанамын! Кеше бейбіт күнде бірге болған, одан соң ел басына ауыр күн туған қаһарлы жылдарда қатар жүріп қабырғадан қан кешкен қарт генерал сені мақтап отыр. Сенің ерлігіңді, өрлігіңді айтады. Атақты Панфиловтың өзіңді жанындай жақсы көргенін баяндайды. Тіпті сенің жас шағындағы сымбатыңды да сүйсіне сөз етеді. «Иір бұтақты емен шынар болуға құмар болмайды» деп өзің айтқандай, сенің егде тартқандағы мынау емендей қалпыңа қызығамын мен. Сенің бойыңдағы саф алтындай сақталып келе жатқан генерал айтқан шыншылдыққа сүйсінемін. Мен ғана емес, бүкіл ел сүйсінеді саған. Сондықтан да бала күнгі досың Әбділда ақын сенің қазіргі күйіңді былай деп суреттеді:

Ойласа от күндерді, қан майданды,

Қамықпай, қасіретсіз сөз айта алмайды.

Елестеп қансыраған қайран достар,

Соларға: «Қайдасың?» деп айқайлайды...

Тарылып күйкі тартқан көк кеудесі,

Секілді тозған тұлға көлеңкесі.

Ойласа от күндерді алады өксіп,

Қазақтың ай мүйізді ақ серкесі

Неғыл дейін мен? Генерал мен ақынның сенің өр тұлғаңды суреттеген сөзі мен жырын мақтаныш етемін мен! Сондықтан да оны, жерден жеті қоян тапқандай болып, қуана айтып отырмын саған. Немене, мұртың едірейіп соншама шұқшия қалдың маған?

Әрине, Баукеңе мен бұл сөздерді айтқаным жоқ. Айтпайтыным ол өзін мақтағанды ұнатпайды. Ал өзге кейбір жолдастарды мақтаған аузыңнан титтей сөз шықса-ақ болды, олар сені тоқтатып қойып, өздерін өздері мақтай жөнелгенде сен аңырайып аузыңды ашасың да қаласың... Баукең олай емес. Өзін мактай бастасаң ол сенің сөзіңді естімеген кісі сияқтанып, түсін суытып үнсіз қалады. Сенің айтқанының шын-өтірігін сараптап, сынап отырған сияқтанады. Содан кейін: «Тит-та-тит-та-ти-тата!» деп басын бір жағына қарай бұрып кеп жібереді. Онысы саған: «От-та-от-та-от-тай бер» деген сияқты боп сезіледі де, сен шайнамай жұтқан астай ғып, мақтау сөзіңді кілт тоқтатуға мәжбүр боласың.

Чистяковтың сөзін алғаш оқи бастағанымда Баукең көңілді сияқты еді. «Мен ол кезде жас болғанмын» деп арасында әзіл де айтып қалды. Сол ыңғаймен мен де генералдың сөзін аяқтап, Баукеңнің бетіне көңілдене қарағанымда: «Мұны неғыл дейсің?» деп ол бірден гүр ете қалды. Осы кезде менің көз алдыма тағы да арыстан елестеп кетті. Цирктың аренасына шыққан арыстан алғашқы екі-үш номерді бұлжытпай орындайды. Арыстанның «тіл алғыштығына» үйретуші де, көрерменде де қуанып, көңілденіп қалады. Сөйтіп жүргенде аң патшасы кенет арс ете түсіп, келесі номерлерді орындаудан бастартады. Үйретуші ұзын таяғын сермеп, арыстанды ырқына көндіре алмай әлек боп қалады. Арыстан таяқты тістелеп ырылдағанда зал толы жұрттың төбе құйқасы шымырлап, иманы қасым болады. Ол бірақ ырғып барып анау таяғын шошаңдатқан үйретуші сорлының парша-паршасын шығармаса игі еді деп зәресі кетеді. Мен Бауыржанның қасында отырғанда бірнеше рет осындай сезімде болдым — арыстанмен бір клетканың ішінде бетпе-бет қалған үйретуші іспеттендім. Үйретушінің әртүрлі әдіс-айла, қару-құралдары бар шығар. Менде ол жоқ қой... Бауыржанның арыстандікіндей тісі мен тырнағы жоқ екенін, тіпті оның арыстан емес екенін біле тұрсам да, ол гүр етіп бетіме қарап, жалт-жұлт еткен көзі мен жыбырлаған мұртына көзім түскенде сасқалақтап өзімнің адамның үйінде немесе арыстанның клеткасында тұрғанымды аңғара алмай қалған әлденеше сәттерім болды. Мұны мен қыздырманың қызыл сөзі үшін айтып отырғаным жоқ. Бауыржанды барлық адам баласынан өзгеше жаралған жан етіп көрсету ниетінен де аулақпын. Мұны мен

әңгімелесуші екі адамның арасындағы психологиялық байланысты көрсету үшін ғана айтып отырмын.

Сөйтіп, жаңа ғана әзіл айтқан Баукеңнің мен үш-төрт абзацты оқып шыққанша өзгере қалғанын білгеннен кейін, өзім де көңілді күйден ауысып, бірден салмақты бола қалдым.

II

Автор. Генерал Чистяковпен Сіздің алғаш қалай танысқаныңызды сұрайын деп едім. Және өзіңіздің Қиыр Шығыс әңгімесін кейін толық етіп баяндап беремін деген уәдеңіз де бар еді.

Бауыржан. Солай ма еді? Онда айтуға болады. Иван Михайлович Чистяковпен мен Қиыр Шығыста кездестім... Қиыр Шығыс! — Бауыржан мойнын ырғай бұрып, маған үдірейе қарады. Оның мойнын бұлай бұрғаны әлденеге өкініп, бас шайқағаны сияқты да боп көрінді. Сол бұрылған қалпында сәл отырды да, сөзін әрі қарай жалғады. — Қиыр Шығыс — жас адамды шынықтырып, шындайтын, езді — ер, егдені — кемеңгер етіп ширататын өлке ғой, шіркін! Темір соғатын жерді не дейді, ұста дүкені дей ме? Ауылда аяқ астында жатқан ұсақ-түйек темірді жинап сол дүкенге алып келіп көріктің отына салсаң, ол төстен таға болып тапталып, шеге болып ширатылып шығып жатпаушы ма еді? Егер олпы-солпы адамды көк мұзға кірш-кірш қадалатын құрыш емшекті тағадай иіп, шегедей шымыр етіп шығаратын да дүкен болады деп есептесек, мен ондай дүкенді Қиыр Шығыс жері, соның табиғаты дер едім. Қиыр Шығыстың қыстағы алпыс градус аязы мен жаздағы жетпіс градус ыстығы адамды шыңдалмас еркіне қоймайды-ау, шіркін! Ит тұмсығы өткісіз ну орман, көк аспанға шаншылардай боп шырқай өскен қалың қарағай, түзу терек, тіп-тік қайыңдар, олардың арасындағы шалғыны салт атты адамның белуарынан келетін жасыл шөпті алаңдар, сылдыраған бұлақ, сарқыраған өзендер, жұтқан сайын көкірегіңді кернеп, көңіліңді сергіте түсетін шипалы ауа!.. Ғажап қой, ғажап Қиыр Шығыс табиғаты. Оны саған суреттеп беруге тілім жетпейді менің. Айналаның бәрі көркем, бәрі көрікті, бәрі ғибрат аларлық. Табиғаттың өзі-ақ адамға алуан түрлі сабақ беріп тұрған тәрізденеді. Қарағайдың түзулігі саған екі иығыңды салбыратпай тік жүруді үйретеді. Аспанға шапши атылған ақ сүттей ақ қайындар сені адалдық пен пәктікке шақырады. Аузын арандай ашқан аш айдаһардың жұтқыншағындай ми батпағы өлім дегеннің не екенін көз алдына елестетіп, өмір үшін жанталаса күресудің тәсілін және ұқтырады. Қиыр Шығыстың өрттей жазы сені ұста көрігінің отына көмілген темірдей қыздырса, оның ақырған аязы сол ыстық темірді шыңдау үшін суық суға малғандай шыжылдатады. Өз басым сол Қиыр Шығыс табиғатының тамаша дүкенінде соғылған шегемін деп есептеймін. Қиыр Шығыс дүкенінде мыңдаған «шегелер» соғылды. Мен солардың бірі ғанамын. Ұстасыз ұста дүкені болмайды ғой. Мені, менің тұстастарымды болат «шеге» етіп, сомдап соққан ұста Блюхер болатын! Мен өз өмірімнен Қиыр Шығысты бір минут бөліп тастай алмаймын.

Осылай деп ол сөзін тоқтатты да, «ы-ы-ым...» деп менің бетіме қарады. Онысы маған «сен менің бұл сөздерімді ұғасың ба, түсінесің бе?» — деген сияқты боп көрінді. Сөйткенше болған жоқ, ол бірден мынадай сұрақ қойды.

— Сен өзің Блюхерді білесің бе? — деді.

Мен қапелімде не білемін, не білмеймін дей алмай үнсіз қалдым. Өйтетін себебім баяғыда, туған ауылым «Ақбұзау» орталау мектебінің жетінші класында оқып жүрген бала күнімде біз оқитын класс бөлмесінің қабырғасында бес маршалдың үлкен портреттері тұрушы еді. Ол портреттер терезе жақтағы парталардың тұсына ілінгендіктен кейбір балалар: «Мен Ворошиловпын», «Мен Буденныймын», «Мен Блюхермін» деп мақтанып, кеуделерін қағып жүретін. Біреу Егоров, біреу Тухачевский боп және шыға келетін. Өз тұсымда ешқандай сурет болмағандықтан мен «маршал» дәрежесіне жете алмай қалдым. Қайырбек, Қылышхан, Байеділ, Берікхан, Нұршилан деген достарым «бес маршал» атанды. Атақ деген киын ғой, шіркін! Өзің болып алғаннан кейін өзгені болдырғың, өз шеніңе жақындатқың келе ме? Олар да бізді «маршалдық» партаға жақындатпайтын, қанша жалынсақ та қастарына отырғызбайтын еді. Бірақ обалы не керек, Ұлы Отан соғысы басталғанда сол «бес маршал» біздің ауылдан ең бірінші боп неміс-фашистерімен шайқасты. Бесеуі де, бала күнгі армандарын ақтап, ерлік өліммен қаза тапты. Сонау бала күнімде, «маршалдық» дәрежеге көтеріле алмағандықтан ба, әйтеуір, мен маршалдардың өмірбаянына ықыласты болғаным жоқ. Баукеңнің «Блюхерді білесің бе» деген сұрағына үндей алмай қалғаным сондықтан еді.

Менен жауап болмаған соң ол:

— «Каховка» деген атақты әнді білесің бе? — деп маған қайтадан сұрақ қойды.

— Білемін, — дедім мен. — Неге білмейін, Ұлы Отан соғысының қарсаңында «Каховка, Каховка! Родная винтовка!» деп талай шырқаған әніміз еді ғой ол біздің.

— Ал Перекоп пен Волочаевканы есітуің бар ма?

— Бар, — дедім тағы да. — Неге естімейін, азамат соғысы кезінде Отанның оңтүстігі мен Қиыр Шығысында Қызыл Армия ерлігінің ең биікке лаулаған екі жалыны емес пе еді ол екеуі!

— Әскерде жүргенде «Дальневосточная» деген әнді айтушы ма едіңдер?

— Айтатынбыз, — дедім мен. — Оның мынадай қайырмасы әлі есімде:

Стоим на страже

Всегда, всегда,

Но если скажет

Страна труда:

— Прицелом точным

Врагу в упор!

Дальневосточная,

Даешь отпор!

— Мұның кейіннен өзгертілген нұсқасы ғой, — деді Баукең, маған басын изеп. — Бұрын бұл қайырманы біз ылғи былай деп айтушы едік:

Стоим на страже

Всегда, всегда,

Но если скажет

Страна труда:

Винтовку в руки!

В карьер!

В упор!

Товарищ Блюхер,

Даешь отпор!..

Отыз алтыншы жылдың мартында мен қайтадан әскерге алындым. Ташкенттен поезға отырып, Қиыр Шығысқа кеттім деп едім ғой. Поезд тоқтамастан он төрт күн жүйткіді, оны да айтқан шығармын. Сөйтіп мен Қызылтулы Дербес Қиыр Шығыс Армиясының (орысша қысқартып ОКДВА деп атайтын) қарамағына келдім. Онда ОКДВА-ның да, оның командашасы Василий Константинович Блюхердің де атағы жер жарып тұрған болатын. Сол кезде айтылатын бүкіл Совет Армиясының гимніне айналған жаңағы «Дальневосточная» мен «Если завтра война» әндері және басқа жырлар тікелей Қиыр Шығыс Армиясына арналып шығарылған еді. Олай болатын себебі ол кезде Отанға қауіп үнемі шығыс жақтан төніп тұрды. Орыс ақ гвардияшыларымен ауыз жаласқан қытай милитаристтері бұрыннан келісіп, шартпен пайдаланып отырған КВЖД-ға шабуыл жасады. Жапондар жарбаңдап, Хасан көліне қарай жүгірді. Сөйтіп олар СССР-ға қарсы соғыс ашпақ болды. Бірақ Блюхер бастаған даңқты Қиыр Шығыс Армиясының қаһарына ұшырағаннан кейін олар к..... қысты. Түсінікті ме саған бұл сөз?.. Ал Блюхер аты әнмен шырқалатын нағыз ерлердің бірі болатын. Біз командашымыздың өмірбаянын бес саусағымыздай білуші едік. Ол шаруа семьясынан шыққан, өзі жұмысшы боп өскен кісі еді. Дүниежүзілік бірінші соғысқа солдат боп қатысып, ауыр жараланған. Жарасының ауырлығы сонша, оны екі рет өлді деп есептеп лазареттен шығарып, мәйітханаға апарып тастаған. Бірақ ол екі ретте де есі кіргеннен кейін, моргтағы өліктердің арасынан шығып, қайтадан лазаретке барған. Өмірде темірден қатты, болаттан берік адамдар болады. Василий Константинович сондай жандардың бірі еді. Сөйтіп ол жиырма бес жасында армиядан босатылады, қайтадан жұмысшы боп істейді. Партияға өтеді. Елде Совет өкіметін орнатуға жан-тәнімен ат салысады. Ол кісінің бұдан кейінгі ересен ерліктерін айтып жеткізу қиын. Василий Константиновичтың өмірі жай өмір емес, тек қана ерліктен тұратын өмір еді. Оның он сегізінші жылы дутовшыларды талқандағаннан кейін, бүлікшіл Чехословакия корпусы мен ақ бандалардың қоршауында қалған совет әскерін бастап, бір жарым мың километр жол жүріп, Орал тауынан өтіп Қызыл Армияға қосылуының өзі өзгеше жыр. Осы ерлігі үшін ол ата орденмен наградталды. Ата орден дегеннің не екенін түсінесің бе? Түсінбесең тыңда, Совет Одағында тұңғыш шығарылған Қызыл Ту ордені. Ол азамат соғысының майданында қаһармандық ерлік көрсеткен Қызыл Армия жауынгерлерін наградтау үшін шығарылды. 1918 жылы 30 сентябрьде ВЦИК мәжілісінде Қызыл Ту орденін кімге бірінші беру туралы мәселе қаралады. Сонда Яков Михайлович Свердлов орнынан тұрып, ең бірінші советтік орденді Блюхерге беру жайында ұсыныс жасайды. Одан екі жыл кейін, 1920 жылы Еңбек Қызыл Ту ордені, ал 1930 жылы Ленин ордені мен Қызыл Жұлдыз ордені, 1935 жылы

«Құрмет белгісі» ордені шығарылды. Одан кейінгі ордендер Отан соғысы кезінде шықты. Қызыл Ту еліміздегі ең тұңғыш орден болса, Блюхерге оның ең біріншісі берілсе, сонда ол ата орденмен наградталған бола ма, жоқ па? Өзің ойлашы, кәне. Одан кейін сол Қызыл Ту орденімен ол тағы төрт рет наградталды. Ал Қызыл Жұлдыз орденімен елімізде ең бірінші боп наградталғанның кім екенін білесің бе? Білмесең — ол да Блюхер. Бұл орден оған Қызылтулы Дербес Қиыр Шығыс Армиясының шекара күзетіндегі жауынгерлік табыстары үшін берілді. Сөйтіп, 1930 жылы майда Блюхер бес Қызыл Ту ордені мен Қызыл Жұлдыз орденінің еліміздегі ең тұңғыш кавалері болды. Ол кезде Қызыл Ту орденімен бір рет наградталудың өзі Совет Одағының Батыры атағын алғаннан кем емес-ті. Жаңа мен сенен Каховка, Перекоп, Волочаевканы білесін бе деп сұрадым ғой. Сұраған себебім Василий Константинович сол жерлердегі ұрыстарға тікелей басшылық етіп, Қызыл Армияның даңқын көкке көтерген кісі. Ол Совет мемлекетінің қас жауы Колчактың әскерлерін талқандаушылардың бірі. Партия қайда жұмсаса сонда барды. Сунь Ят-сен бастаған Қытайдың революциялық үкіметінің әскери бас кеңесшісі де болды. Он бір жыл ОКДВА-ны басқарып, Қиыр Шығыстың Отанымыздың берік қамалына айналуына бар күшін жұмсады. Сондықтан да ол тағы да екі рет Ленин орденімен наградталды. Отыз бесінші жылы оған С. М. Буденный, Қ. Е. Ворошилов, А. И. Егоров және М. Н. Тухачевскиймен бірге Совет Одағының маршалы атағы берілді. Сөйтіп ол ең алғашқы бес маршалдың бірі болды...

III

Менің көз алдыма ауыл мектебі класс бөлмесінің қабырғасында ілулі тұрған бес маршалдың суреті елестеді. Ол кезде бес маршалдың суреттегі түрі-түсін біз бес саусағымыздай білуші едік. В. К. Блюхердің портреті үшінші боп тұратын. Омырауы орденге толы, кең маңдайлы, қою қасты, қоңқақ мұрын кісі еді. Портупейдің не екенін білмейтін біз оның он иығындағы жалпақ сызықты біреуіміз аспа белбеу деп, екіншіміз қылыштың бауы деп таласатынбыз..:

Автор. Бала күнімде Блюхердің портретін көрген едім.

Бауыржан. Ол талантты, қатал қолбасшылығының үстіне ойшыл, шешен, сондай бір сүйкімді де жан еді. Сен суретін көрсең мен оның өзін көрген кісімін, қарағым. Василий Константиновичтың қолынан сыйлық алғанмын.

Автор. Соны айта кетпейсіз бе?

Бауыржан. Айтайын. — Баукең темекі алып тұтатты да, бұрқ еткізіп түтін шығарып, түтінге ілестіре сөзін жалғады. — Үйде қадірлейтінің де, қорқатының да әкең болса, солдаттың әскердегі әкесі — командирі. Үйде әйеліңді қандай ардақтасаң, әскерде қаруыңды сондай мәпелеп ұстауға тиіссің. Бұл — бұлжымайтын заң. Бұл заңға біз де бағынғамыз, басқалар да

бағынады. Ол кезде біз Ворошилов, Буденный, Блюхер сияқты маршалдарды құдайдай көруші едік. Ал өзімізбен істес, ұстаз командирлерімізді жауынгерлік және саяси әзірліктегі үздік ісімізбен қуантуға тырысатынбыз.

Біздің тұсымызда армияда винтовканың культі күшті болды. Әскери ән мен жырдың қайсысын алсаң да пісімілләсі винтовкадан келетін. Әлгі айтқан «Каховкаң» да винтовкадан басталатын. «С юга Урала ты со мной шагала» деп басталатын тағы бір ән бар емес пе еді. Оның аяғы былай аяқталатын:

Эх, бей, винтовка, метко, ловко,

Без пошады по врагу!

Я тебе, моя винтовка,

Острой саблей помогу!

Осылай деп артынан оған қылышты қосақтап қоятын. Кейінірек барып танк, артиллерия, линкорлар туралы да жырлар шыға бастады ғой. Мен винтовкамен бұрыннан дос болатынмын. Сонау Термезде винтовкадан үш минутта отыз екі оқ шығарып, оның жиырма екісін нысанаға тигізген мергендігім үшін генерал Когосовтан алғыс алғанмын. Айтайын деп отырғаным қылышпен қалай көңілдес болғаным және оның мені қалай күлкіге ұшыратқаны жайында.

Өзің білесің, қылыш атты әскердің қаруы ғой. Жаяу әскерге қылыш та бір қырғыш та бір. Мен Қиыр Шығысқа келгеннен кейін полктық батареяның басқару взводының командирі болып тағайындалдым. Бұрын банкте есеп-қисап қызметінде болғанымды ескеріп, Коваленко мені осы жұмысқа жіберді. Басқару взводы да батареяның нағыз есеп-қисапты керек қылатын жері. Түсінуші ме едің оны? — «Мен «әбден түсінемін» деген ишарамен екі-үш рет басымды изеп қалып, жазуымды жаза бердім. — Әй, шыбындаған атша басыңды неге изейсің? Тілін бар емес пе, айтпаймысың дұрыстап? — Мен Баукеңнің қолма-қол тиісті теңеу таба қоятынына разы боп күлдім де, бұрын өзімнің де артиллерист болғанымды айттым. «Синус, косинустың нағыз керек жері сол ғой» дедім. — Е, бәсе, солай деп анда-санда үніңді шығарып қойсаңшы. Әйтпесе әңгімеңді қасындағы кісіге емес, қара тасқа айтып отырғандай болады екенсің.

Мен тағы да жымидым. Өзінің әке жүзіндей мейірімді күлкісімен, танауы жалпайып, Баукең де күлді. Баукеңнің күлетін орны бар еді: мүдірместен мергеннің оғындай қадап, қатарынан екі теңеу айтып тастау жазушы адам үшін аз олжа емес қой. Мен оны объектім есебінде мысықша аңдып отырмын десем де, мысықтың желкесінде тырнағы сойдиған арыстан тұрғанын аңғармаппын. Өз басым әңгіме айтқанда, оған сонша беріліп кетемін де, тыңдаушыға бақылау жасай алмай қаламын. Ал Баукең болса әңгімесін де тиянақтап

айтады, тырп еткізбестен тыңдаушыны да бағып отырады. Бұл бір мезгілде әрі әңгіме айтып, әрі шығарма жазып отырғанмен пара-пар. Бүйтіп екі жұмысты бірден атқару екінің бірінің қолынан келе бермейтін іс. Баукеңнің басқамыздан артықшылығының бірі осы қасиеті болар деп ойладым.

— Ол кезде зеңбіректерді атқа жегіп сүйрейтінбіз. Сондықтан артиллеристер тегіс қоқаңдап атқа мініп жүретінбіз. Ал қазақ үшін атқа міну — аспанда құс боп самғау екенін өзің де білесің ғой. Батареяға берілген көп жылқының ішінен мен өзіме сүттей әппақ, сүліктей жіңішке, екі құлағы тас төбесіне шаншылған, қаракөз атты таңдап алдым. Бала күнінде өзіне арналған тайының жүгенін таңертең көйлегінің сыртынан қоса киіп, жылқыға қарай жүгіріп өскен қазақ баласы Қамбар атаның тұлпарын қалай таңдауды біледі ғой. Ақбоз атым айтулы жылқы болды. Ол желгенде желге мініп келе жатқандай желпінесің. Оның шабысын көлденеңнен қарағанда алыс орманға ат емес, ақ найза сұңгіп бара жатқандай әсер аласың. Ал аяңы, Абай айтқандай, «тымақты алшы кигізгендей» еді. Астымда Ақбоз ат көсіле аяңдап келе жатқанда басымдағы шлемімнің шошағы сан рет ұзарып Қиыр Шығыс қарағайларының төбесімен талай рет таласқан болар деп ойлаймын.

Армияда спортқа ерекше мән беріледі. Бұл өзі өте дұрыс нәрсе. Мен ат спортымен де, жаяу спортпен де қатты шұғылданатынмын. Жалғыз мен ғана емес, менен әлдеқайда үлкен батальон, полк, дивизия командирлері де спортпен қабағат айналысатын. Спортсмен болу Қызыл Армия командирлеріне қажет қасиеттердің бірі боп есептелетін. Үлкен командирлер өйткен соң біз қалысамыз ба? Бізден көргенді қызыл әскерлер қабылдамай ма? Ал менің спортшы ретіндегі атымды шығарған сол ақ боз ат болды. Ақбоз ат манежға шыққанда ұршықтай үйіріліп, әртүрлі кедергілерден ор қояндай орғушы еді.

Дивизияда бірнеше полк бар. Біздікі 306-шы полк болатын. Бір күні менің манежде Ақбоз атпен орғытып жүргенімді полковник Коваленко көріп қалып, қасына шақырды. Құйғытып жетіп бардым.

— Атты әскер ойындарының бәрін де білесің бе? — деді ол тізгінін жұлқып тықыршық атқан астымдағы Ақбоз ат пен маған кезек қарап.

— Үйрендім, жолдас полковник.

— Мылтықта мерген екеніңді білемін, ал қылыштан қалайсың? — деді белімдегі қылышты иегімен нұсқап.

— Оны да сілтеймін, жолдас полковник.

— Онда сені полктағы ат спорты командасының капитаны етіп тағайындаймын.

— Құп болады! — деп он қолымды шекеме қойып, Ақбоз аттың тізгінін тартып кеп қалып едім, ол аспанға тік қарғып, найзадай шаншыла қалды. Мұны атты әскерлердің тілінде «свечка» деп атайды. Қазақша «майшам» деген сөз ғой. Ақбоз ат аспанға секіргенде шынында да лаулап жанып тұрған майшам тәрізді боп көрінуші еді.

Сөйтіп мен команда капитаны болдым. Барлық батальондардан таңдап жүріп, атымен отыз адам іріктеп алдым. Әскери әзірліктен кейін тынбастан әртүрлі жаттығулар жасаймыз. Оңды-солды қылыш сілтеп, бар пәрменімен шауып келе жатқан аттың екі жағына қадалған жас шыбықты шиқ-шиқ қиямыз. Неше алуан кедергілерден ат қарғытамыз. Кейбір кедергілерден ат секірткенде иманың қасым болады: не атың жалтарады, не өз жүрегін дауаламайды. Бірақ қалай да кедергіні алуың керек, өйтпесең сен буденновші емессің: онда арғымақ аттың белін қайыстырмай, жаяу жүруің керек. Жауынгер аттың үстінде жау жүрек жігіт қана отыруға тиіс. Ат спортының қағидасы осы.

IV

Бір күні Коваленко мені штабқа шақыртып алды да, дивизия бойынша аса жауапты жарыс өткізіледі. Соған жақсылап әзірленіңдер. Біздің полкке баға сенің командаң арқылы беріледі. Сендер жақсы болсаңдар, полк те жақсы, сендер сүрінсеңдер полктың да сүрінгені, — деді. Содан кейін ойланып отырды да:

— Есіңде болсын, бұл байқауға командашының өзі келіп қалуы мүмкін, — деді. — Енді сендердің жаттығуларыңды күн ара өзім барып, бақылап отырамын!

Командашы келеді дегеннен кейін бізде ес қалған жоқ. Аты жер жарған атақты қолбасының алдынан сүрінбей өтсек, оны сыртынан да болса бір көрсек дейміз. Бір ай бойы тынбастан аттарымызды жаратып, өзіміз атымызбен қосыла жарап, қатты даярлық жасадық. Кедергінің қандайын да болса аламыз деген сенімде болдық.

Сонымен, байқау өтетін күн де жетті. Полктардың құрама батальондары лек-лек боп сапқа тізіліп, ән шырқап, аяқтарын нақ-нақ басып, дивизия ипподромына қарай ағылды. Спорт жарысына қатысатын командалар ипподромға ертерек келіп, өзіміз алуға тиісті кедергілерді көріп, жер жағдайымен танысып алғанбыз. Содан кейін дивизияның жиналуын күтіп тұрып, мен колонналардың шырқап келе жатқан әндеріне құлақ тостым. Бұл бір ғажап көрініс екен. Әр колоннаның әні әртүрлі. Бір жақтағы топ «Каховканы» айтып келе жатса, екінші бір топ «По долинам и по взгорьям» деп бастап (бұл жерде Бауыржан әндете жөнелді):

Этих лет не смолкнет слава,

Не померкнет никогда.

Партизанские отряды

Занимали города.

И останутся, как сказка,

Как маячные огни.

Штурмовые ночи

Спасска, Волочаевские дни,—

деп шырқайды. Енді бір топ:

Стоим на страже Всегда, всегда, Но если скажет Страна труда: — Винтовку в руки! Карьер! В упор! Товарищ Блюхер, Даешь отпор! —

деп құйқылжытады. Басқа бір колонна: «По военной дороге, шел в борьбе и тревоге боевой восемнадцатый год» деп, атты әскер жырын ағытып келе жатса, оған ілесе келе жатқан екінші топ:

На границе тучи ходят хмуро,

Край суровый тишиной объят.

У высоких берегов Амура

Часовые Родины стоят, —

деп «Үш танкист» әнін заулатады. Енді бір бүйірден артиллеристер әні естіледі.

Артиллеристы! Точней прицел! Разведчик — зорок, наводчик — смел! Врагу мы скажем: «Нашу Родину не тронь — Не то откроем сокрушительный огонь!»

деп дік-дік басып, жер солқылдатып олар келеді. Тағы бір колонна күмпілдеген оркестрге қосылып, дүниені жаңғырта және шырқайды:

Если завтра война, если враг нападет,

Если темная сила нагрянет

— Как один человек, весь советский народ

За свободную Родину встанет!

На Земле, в небесах и на море

Наш напев и могуч, и суров:

— Если завтра война,

Если завтра в поход,

Будь сегодня к походу готов!

Жүздеген жалынды жас азаматтардың күміс көмекейлерінен төгілген бұл қуатты әндер, адамның жанын жанитын жігерлі сөздер тыңдаушының төбе құйқасын шымырлатып, тебірентіп жіберерлік еді. Өйткені ән сөздерінің барлығы жай сөздер емес, ол сөздер біздің Отанымыздың, армиямыздың тарихы болатын. Ол сөздерде халық жүрегінің қасиетті патриотизмі жатқан-ды. Сол патриотизмнің арқасында кейін Отанға опасыздықпен шабуыл жасаған неміс фашистерін күл-талқан етіп жеңіп шықтық емес пе біз.

Сонымен, бір кезде бізге сигналмен «әзірленіңдер» деген команда берілді. Дивизиямыздың командирі комбриг Дотоль деген кісі еді. Өзі бұрынғы кавалерист болатын. Командыны сол кісінің өзі беріп тұрды. Мінбеде онымен қатар тұрған төртбақ кісі командарм болар деп ойлап, қайта-қайта соған қарай көз тігеміз.

Ең алдымен басқа екі полктың командалары өтті. Әскер тілінде «конкур-иппик» деп аталатын термин бар. Бұл ат спорты жарыстарында алынуға тиіс ең ауыр кедергілер. Оның өзі біресе құзар биіктен қарғитын, біресе жалпақ ордан орғитын қиын-қиын он үш кедергіден тұрады. Команда тегіс соның он үшінен бірдей мүдірмей өтуге тиіс.

Алғы екі команда кедергілердің орта тұсына дейін топтасып, жақсы барғандарымен, жетінші, сегізінші кедергілерден-ақ қожырай бастады. Біреудің өзі қорқып, біреудің аты үркіп, қиын кедергілерден секіре алмай, бұрылып кетіп жатты. Ат кедергіден қарғығанда тақымы босап кетіп, оның үстінен ұшып түсіп жатқандар да бар. Ертоқым аттың арқасына қандай қабысып тұрса, тақым да ер-тоқымға сондай жабысып жатуы керек. Тақымың сәл босап кетсе болды, аттың екпінімен кеулеген жел екі тізеңді екі жаққа керіп кетеді де қатты желде ыққа қарай ұшқан қарғаға ұқсап, қалбаң ете түсесің. Олардың құлағандарын көріп, өз жігіттеріме тақымдарыңды мықтап ұстаңдар деп ескертіп мен тұрмын. Ақыры ол екі командадан ешкім де ең соңғы он үшінші бөгетті ала алмады.

Бір кезде:

— 306-полк командасының капитаны алаңға шық! — деген команда естілді.

Ақбоз атты екпіндете құйғытып манежға мен шықтым. Тәртіп бойынша команда капитаны атын шоқырақтатып отырып, манежды бір айналып шығуы керек. Манежге кіре Ақбоздың

екпінін тежеп, адуын шоқыраққа салдым да, өзім, тырнақтарымен тұғырын бүрген қаршығадай қаздиып, ер-тоқым үстінде қаттым да қалдым. Өйтетін себебім ат шоқырақ шабысқа көшкенде кейбіреулердің құйрығы қолбаңдап, ерді солқ-солқ соғып отырады. Ол атқа ауыр тиеді және оның белін кетіреді. Сондықтан мұндай кезде ат үстіндегі адамның құйрығы ердің артқы қасына винттеп тастағандай боп қозғалмастан қатып қалуы керек. Сонда шауып келе жатқан атқа арқасындағы адамның салмағы өз денесінің салмағындай көрініп, ентікпей еркін көсіледі. Өстіп, құйрығымды ердің артқы қасына берік қып «винттеп» алдым да, бастықтар тұрған трибуна жаққа көз жібердім.

Комбриг Дотольдің он жағындағы қырықпа мұртты төртбақ адамның маршал Блюхер екенін бірден аңғардым. Екі қолымен бірдей портупеясынан ұстап, маған шаншыла қарап тұр екен. Сол сәтте мен маршалдың қос қарашығы ішінде титімдей ақ ноқат болып өтіп бара жатқан болармын деп ойладым. Маршал көзінің қарашығына іліну солдат үшін өзгеше бақыт қой, шіркін!

Содан кейін мен командамды ертіп, аренаға тарттым. Командадан менің оқ бойы алда отыруым керек. Оныншы кедергіден өткенше артыма қарағаным жоқ. Өйткені ол кедергілерді менің жігіттерім мүдіртпей алуға тиіс. Әр кедергінің тұсындағы топ-топ түскен ат тұяғының дүбірінен-ақ олардың жұп жазбай келе жатқанын мөлшерлеп отырдым.

Он бірінші кедергі жалпақ ордан секіру еді. «Атаң Тайбурыл Қазан қаласын айнала қоршаған жеті қабат ордан секіріп еді, Атаңа тартқан ат болсаң ырғы, айналайын» деп Ақбоздың бүйіріне шпорды сонда салдым. Ақбоз ор қояндай ырғып, ордың ар жағына барып дік ете түсті. «Атаңнан айналайын, жануар!» деп, Ақбозды жалынан бір қағып қалдым да, он екінші бөгетке қарай ұмтылдым. Ұмтыла бере артыма көз салып едім, екі жігітім ар жақта қалып қойыпты да, өзгелері ордың бер жағына дік-дік түсіп, содан соң қатарласа қайтадан менің соңымнан салды. Он екінші кедергі онша қиын емес еді. Қалғанымыз одан да тегіс өттік. Енді ең соңғы кедергіге қарай лап қойдық. Бұл ең қиын кедергі еді. Биіктігі үш метр жардан секіруге аттың аты, жігіттің жігіті ғана шыдайды. Оған тақағанда аттары жарқ беріп, талай адам жерде домалап жатады. Ақбоз ат қанша сенімді болса да, он үшінші бөгетке қарай шапқанда оның тізгінін тас қып ұстап алдым. Биік жарға жақындаған сайын атым тайсалақтай бастады. «Жоқ, мені тастап кете алмайсың, — дедім мен оған. — Секіреміз, құласақ бірге кетеміз!» Ат көнді. Содан кейін құйындай зымырап келді де, садақтың оғындай созылып, бөгеттің үстінен қалқыды. Секіріс кезінде ат үстіндегі адам құйрықты ерден қозғамай, ноқаттан-ноқат аудармай қатып қалуы керек. Әйтпесе ат құлайды. Ордан орғыған, биіктен қарғыған ат үстінде тастай қатып, тапжылмай отыру үшін де жігер, қайрат, ұстамдылық керек! Ал, ат жалына жармасқан екенсің, ондай қасиетті өз бойыңнан табуға тиіссің. Атымның төрт тұяғы найзадай шаншылып кеп, жерге кірш ете қатар қадалғанда ғана ол қасиеттердің өз бойымда бар екенін аңғардым. Үш метр биіктен созыла секіріп, жерге топ ете түскенде жануарым мысықтай боп кішірейіп кеткен сияқты

еді. Табаны топыраққа тигеннен кейін ол орғи секіріп, қайтадан биіктеп шыға келді. Бүкіл ипподром шартылдата шапалақ соқты. Жоқ, ондай жігер, қайрат жалғыз менде ғана емес, менің командамдағы жігіттерде де бар екен. Төрт жігітім тағы да бөгеттен топ етіп асып, соңымнан ілесті. Оларға да ду етіп алақан тағы да соғылды.

Сөйтіп командамдағы он бес адамның бесеуі он үш бөгеттен бірдей мүдірмей етті. Он үші он екі кедергіні мінсіз алды. Сол аққан бойда командамды тегіс жинап, сапқа тізіп алдым да, әскери бөкен желіспен аренаны бір айналып шықтық. Трибунаға тақағанда бәріміз бір кісідей ат үстінде қаздиып тік тұра қалып, қолымызды шекемізге қойып, салют бердік. Содан соң ер-тоқымға қайтадан отыра қалып, аренаның сыртына шығып тұрдық.

Бір кезде репродуктордан саңқылдап, комдивтің үні естілді.

— Үздік әзірлігі үшін 306-шы полктың бүкіл командасына алғыс жариялаймын. Ал, команда капитаны лейтенант Момышұлына сыйлыққа сағат беріледі. Оны командарм, Совет Одағының Маршалы Василий Константинович Блюхер өз қолынан тапсырады.

Оркестр «да-да-да-дат» деп қошемет көрсетіп, бүкіл ипподром тағы да қол соқты. Тағы да Дотольдің командасы естілді.

— 306-шы полк командасының капитаны мінбеге келсін!

Тақымды қысып кеп қалып едім, Ақбоз ат алға қарай ақ найзадай шаншыла сілтеді. Мен тағы да жарқ етіп трибунаның қарсысынан шыға келдім. Оған он метр қалғанда атымның басын тартып кеп қалып едім, құйрық-жалы шашырап, ол аспанға ақ фонтан болып атылды. Трибунадағы бастықтарға осылай сәлем бердім де, көкке шапшыған ақбоздың алдыңғы екі аяғы жерге түскенше мен де оның үстінен төмен қарай ырғыдым. Екеуіміздің аяғымыз дік етіп топыраққа қатар тиді. Бұл да Ақбоз ат екеуіміз ғана жасай алатын өзгеше приемдардың бірі еді. Содан кейін «Еңкей» деп, Ақбоз атқа команда бердім. Ол алдыңғы екі аяғын бүгіп, тізесімен жер басып, трибунаға қарай үш рет шұлғыды. Сәлден кейін, менен бұйрық күтіп тұрған атыма «Тұр!» дедім. Атым қарғып тұрды да, қос құлағын төбесіне шаншып, тіп-тік бола қалды. Ат пен солдат екеуміз қаздиып қатар тұрмыз. Мөлшерлі секундтар өткеннен кейін мен қылышымды жарқ еткізіп қынабынан суырып алып, маңдайыма көтере ұстап, әскери адыммен дік-дік басып, шпорларым зың-зың етіп трибунаның алдына келіп маршалға салют бердім. Қарасам комбриг Дотольдің де, полковник Коваленконың да қуанғаннан естері шығып кетіпті. Екі езулері құлақтарына жетіп, маған қарап бастарын изей береді. Командарм сағатты қолына ұстап, қою қара мұртының астынан жұмсақ қана жымиып тұр екен. Қылышымды қынабына салдым да, лыпып трибунаға көтерілдім.

— Сіздің команданың өнеріне өте қуаныштымын. Сіздің зор табысқа жетуіңізге тілектеспін, жолдас лейтенант. Жігіттеріңізге менен де алғыс айтуыңызды өтінемін, — деп

командарм менің қолымды қысты да, екінші қолындағы сағатты берді. Маршалдың түсі сонша суық болғанымен, сөзі сондай жылы екен. Бетіңе жымия қарай сөйлегенде тура туған әкеңнің лебізін тыңдап тұрғандай рухтанады екенсің.

— Совет Одағына қызмет етемін! Командама Сіздің алғысыңызды да айтып барамын, жолдас маршал, — деп оң қолымды шекеме көтердім де, мен мінбеден түстім. Сөйтіп мен маршал Блюхерге қылышпен салют беріп, оның қолынан сағат алған кісімін, қарағым. Қазір «Ешкім де ұмытылмайды, ешкім да ескерусіз қалмайды» деген ұран бар ғой. Ендеше біз солдаттан бастап маршалға дейін ұмытпауымыз керек. Бұл детальді мен саған сондықтан айтып жатырмын.

V

Осылай деп Баукең бір бөгелді де, темекісіне қол созды. Пачкадан бір сигарет алып, оны асықпай ұзын ақ мүштігіне сұғындыра бастады. Оның етсіз салалы саусақтарына қарай отырып, мен аренада Ақбоз атпен шапқылап жүрген жиырма жеті жасар жігіт Бауыржанды көз алдыма елестеттім. Ақбоз аттан қарғып түсіп, алдымен атына «сәлем» бердіріп, артынан өзінің аяғын дік-дік басып, шпорлары сыңғыр-сыңғыр етіп келіп қылышын жарқ еткізіп, маршалға салют бергеніне сүйсіндім.

Осы арада Баукеңнің 1956 жылы армиядан босап, Алматыға келген бетінде көрсеткен бір мінезі туралы жұрт аузында жүрген әңгіме есіме түсті. Бір күні Бауыржан маузерін тағып, қылышын асынып, ақсақал жазушыларға сәлем беру үшін полковник формасымен Жазушылар одағына келеді. Келсе председательдің бөлмесінде креслоға шірене шалқайып, тығыршықтай қара домалақ біреу телефонмен сөйлесіп отырады. Ол екі сөзінің бірінде «О, собаковод» деп қойып, қарқ-қарқ күліп, ұзақ сөйлеседі. Оң қолымен үстел үстінде жатқан көзілдірігін иіріп және ойнап отырады. Бауыржан оның қарсысына келіп, үн-түні қаққан қазықтай боп қақаяды да тұрады. Тығыршық қара әрең дегенде сөзін бітіріп, трубканы жаба бергенде, Бауыржан:

— Встать! — деп ақырып кеп қалады.

Ана жігіт сасқалақтап орнынан атып тұрады. Жалма-жан көзілдірігін киіп, алдында тұрған айбынды полковникке, кешірім сұрағандай, жалтақ-жалтақ қарайды.

— Сен кімсің? — деп Бауыржан сұстана үн қатады.

— Мен Жазушылар одағының секретары боламын, — дейді ол.

— Сен секретарь болсаң... — деп ол кезде мұрты жоқ Бауыржан ерні жыбырлап, құлағын қайшылаған тістеуік жылқыға ұқсап, иегін көтеріп кеп қалады. Содан кейін шпорын сыңғырлата екі аяғын сарт еткізеді де, қылышын қынабынан суырып кеп алады. Оны

жарқ-жұрқ еткізіп, жоғары қарай енді көтере бергенде секретарь сасқанынан сып беріп үстелдің астына кіріп кеп кетеді.

— Мен Бауыржан Момышұлымын! — деп Бауыржан қылышын салют берген атты әскер тәртібінше серт ұстап, қаздиып тұра қалады.

— Ойбай... Бауке... Кешіріңіз... Сіз екеніңізді... байқамай қалдым, — дейді зәресі ұшып кеткен бастық әр сөзін әрең айтып. — Ғафу етіңіз.

— Шық бері, — дейді Бауыржан.

— Қылышыңыздан қорқамын, — дейді анау.

— Өй, неге қорқасын? Мен саған Жазушылар одағының генералы деп салют беріп тұрмын ғой, — дейді бұл.

Секретарь буыны дірілдеп, қапелімде орнынан тұра алмайды.

— Шіреніп отырғанға батыр ма десем, бала екенсің ғой! — деп Бауыржан қылышын сарт еткізіп қынабына салады да, кейін бұрылып, етігіндегі шпоры зың-зың етіп, есікке қарай аяңдайды. Ауыз бөлмедегі хатшы қыз бен оның қасында тұрғандарға сұқ саусағын шошайтып:

— Мына кабинеттегі үстелдеріңнің астында бір бала жатыр. Соны тұрғызып алыңдар, — деп шығып жүре береді.

Бұл сол кездегі бір жас басшы мен Бауыржан арасында болған жай еді. Ол жігіттің Баукеңнің қылышынан қорқып, стол астына кіріп кеткені тағы да көз алдыма елестеп, бұрын талай көзден жас шыққанша күлген бұл оқиғаға тағы да бір жымиып алдым. Содан соң: «Е, Баукеңнің онысы біреуді шауып тастау үшін емес, есіне түсіп кеткен ескі дағдысы екен ғой. Тегі, бар қаруын тағынып, Жазушылар одағына барарда қазақ әдебиетінің маршалы деп Сәбит Мұқановқа қылышпен салют беру ойында болған-ау. Одақта Сәбит болмаған соң, «қорықса қорықсын, қорықпаса» Бауыржан маған честь берді» деп мақтанып жүрсін деп, оның орнында шіреніп отырған қорқақ жігітті қалжақ етіп өте шыққан ғой Баукен» деп ойладым.

Бауыржан. Айта берейін бе, әлде бірдеңені ойлап отырсың ба?

Автор. Құлағым Сізде, Бауке.

Бауыржан. Содан менің шабандоз атым жайылып кетті. Ақбоз ат екеуміздің атағымыз аспанға шықты. Әсіресе өзі кавалерист Дотоль байғұстың қуанышында шек болған жоқ. «Командаңмен тегіс шауып бара жатқан ат үстінде тік тұрып честь бергендерің, өз атыңа

тізерлетіп «сәлем» жасатқаның — бәрі тамаша, бәрі төтенше болды. Бұл екі номер дағдылы ат ойындарына қосқан сенің өз жаңалығың. Өзіңе тапсырылған істі әрқашанда осылай творчестволықпен атқара біл. Бұл командирге қажетті ең тамаша қасиет» деп талай рет айтып жүрді. Содан кейін комдив мені барлау взводының командирінен таулы жерде атқа теңдеп жүретін батареяның командирі етіп жоғарылатты. Бұрынғыша 306-шы полктың ат спорты командасының капитаны болып қала бердім. Бұл мәселеде полковник Коваленко маған бүтіндей сеніп алды.

Сөйтіп, Отан аясында Қиыр Шығыстың ғажап табиғатының құшағында әскери әзірлігімізді арттырып, шынығып, ширап жүріп жаттық. Күн сайын денеміз шымыр тартып, ойымыз өсе түсті. Отан деген ұғымымыз ұлғайып, оған деген махаббатымыз арта берді. Өйткені шешеңді де туған күннен бастап емес, есейіп, ержеткеннен кейін ғана жақсы көресің ғой. Отан да сол сияқты. Оның да қадірін өз үйіңнен ұзап шыққанда ғана білесің. Оның ұлылығын да сонда танисың. Сондықтан жас азаматтарды әскер қатарына алғанда оларды өз ауылынан алысқа апарып тәрбиелеген дұрыс деп ойлаймын. Әскери қызметті алысқа өтеген азамат Отан деген туған үй, тұрған қалаң ғана емес екенін жан-тәнімен, бүкіл тіршілік болмысымен түсінеді. Ал ауылынан ұзап шықпаған жастың Отан туралы ұғымы теория тұрғысында ғана болады. Алыста жүріп, жүрегін сағыныш кернемесе ол өз ауылының да қадірін білмейді. Қиыр Шығыс менің ауылымның, ағайынның қадірін білдірген, Отанымның ойы қырын танытқан, оның көп ұлтты ұрпағының өкілдерімен туыстастырып, достастырған ұлы университетім, мектебім болды. Өмірдің қилы-қилы қиыншылықтарынан жан-жақты сабақ беріп шыңдаған ұстазым да сол Қиыр Шығыс дер едім.

Өзгесін былай қойғанда, оның табиғатының өзі бір мектеп қой. Оңтүстіктің жылы жаз, жылымшы қысына үйренген адам алғашында, Қиыр Шығыстың күз бен қысына көндіге алмай қиналады. Ал оған көндіктің-ақ құрыштай болып шыңдалып шықтым дей бер. Ал жазының өзі жаңбырдан көз аштырмайды. Майдан бастап августке дейін төрт ай төбеңнен сорғалаған су сүйегіңнен өтеді. Соған қарамастан солдат жорықта жүреді. Күні бойы толарсақтан саз кешіп келіп, кешке, жаңбырдың астында отырып, жорық қазанынан ас ішеді. Түнде, жаңбырдың астында жатып, тыныгып ұйықтайды Таңертең, желдірте айдаған топты түйедей боп төбеңнен жоңкілген бұлттардың жер ызған шудаларынан ұстап, немесе жантая жауған жаңбырдың керегесін тепкілеп, тағы да ілгері тартасың. Тап берген жаудан Отанды қорғау үшін осылай әзірленесің. Егер төрт ай бойы кендір арқанды суға салып қойсаң ол шіріп кетеді. Ал адам шыныгып, ширай береді екен. Ол үшін адам өзінің бір жібін іштен үнемі ширатып отыруы керек. «Жауын — жаздың сілекейі», «Жауыннан қорыққан жауға жем болады» деп, қажымай қайраттана беруі қажет.

Ал Қиыр Шығыстың қысы қандай десеңші! Су қосылмаған таза спирт ішіп көргенің бар ма өзіңнің? Болса ең алғаш соның жүз граммын байқамай тартып жібергенде тыныс орның

бітеліп қалған сияқтанып, сасқалақтамап па едің? Дәл сондай болып, Қиыр Шығыс аязы тынысыңды тарылтып, дем алдырмай, апшыңды қуыра кеп жөнелгенде жаныңды қоярға жер таппайсың ғой, шіркін. Бірақ ол алғашқы күндерде ғана солай боп көрінеді, артынан оған да үйреніп кетесің.

VI

Бірде батареяны бастап, тактикалық сабақ өткізу үшін қалың орманға қарай кіріп келе жаттым. Айнала аппақ қар, аяз алпыс градусқа жуық еді. Аяқ астынан күн күркіреген сияқтанып, бір нәрсе шатыр ете қалды. Жазғы жауында аспанды қақ жарып өтіп, жақын тұсқа найзағай келіп түскендей болды. Дүрсілдеген дыбысы дүниені солқылдатып жіберді. Атым да жарқ берді, өзімнің де зәрем ұшып кетті. Қысты күні күн күркіремейді. Ол кезде бомбаның жарылысын естігеміз жоқ. Сондықтан жер жарылған екен деп, айналама алақтай қарап, атымның тізгінін тарта бердім. Ондағы ойым жер жарылса атым алып қашқан күйі сол жарыққа қойып кетпесін дегенім. Сөйтсем оң жақта, жүз. метрдей жерде аппақ қар аспанға құйындай шаншылып тұр екен. Жерден лап етіп ақ түтін көтеріліп, сол көтерілген жеріне төмендеп, қайтадан шөге бастағанға ұқсады. Оның айналасындағы ағаштар сатырлап, біріне-бірі үн қатқан іспеттенді. Сатыр-сұтыр бірдеңелер біздің жанымызға да тақау келіп, ақ қарға сүңгіп жатты. «Ананың біреуін алып кел деп ат қосшымды жұмсап едім, ағаштың бармақтай-бармақтай екі-үш сынығын алып келді... Сөйтсек ол аяздың қысымынан бытшыт боп жарылып кеткен үлкен қарағай екен. Шауып барып оның орнын көрдік. Тек арса-арса болып ағарып, созсаң құшағың әрең жетерлік түбір ғана жатыр. Оның қаздиған қырық метрлік тұлғасынан түк те қалмаған, аяз қысымымен шрапнельше шашырап жан-жаққа ұшқан да кеткен. Маған алғашында аспанға көтерілген ақ құйынға ұқсап, одан соң шөгіп бара жатқан ақ түтін тәрізденіп көрінген сол жарылған қарағайдың бұтақтарының қары екен. Діңгегі опат болған бұтақ бейшаралар жақындағы ағаштарға асыла салбырап қалыпты.

Бұдан кейін де біз талай ағаштың ажалы аяздан келгендігінің куәсі болдық. Қарағайлардың аязға шыдамай сан рет аспанға ракеташа атылғанын көрдік. Одан бұрын күзде дауыл құлатып, жерге бас ұрып, көлденеңдеп сұлап жатқан талай бәйтеректерді кездестіруші едік. Жығылған ағаш жолымызды бөгеп, оларды айналып өтіп, әлек болатынбыз. Соған қарағанда бұл ешкімге иілместен тік тұрып опат болған әсем өлім екен-ау деп сан ойлағаным бар. Ұмытпасам, дәптерлерімнің бірінде қатты аязда тік тұрып өлген қарағайды мадақтаған өлеңім де болса керек. Бірақ оның қай дәптерде екенін саған қазір тауып көрсете алмаймын мен.

Сонымен бірге Қиыр Шығыстың қыста соққан ызғырық желі және есімнен кетпейді. Жаяу жүрген адам желдің өтіне онша ұрынбайды. Оның үстіне ол өз қимылымен өзі жылынып отырады. Көресіні ат үстіндегі адам көреді. Атқа жеккен зеңбіректеріңді сүйретіп, расчеттарды оған жаяу ілестіріп жорықта жүргенінде, колоннаның басында ат үстінде келе

жатқан саған алдыңнан соққан ызғырық кеудеңнен найзадай қадалады-ау келіп. Қырық найза бірден сұққылап жатқандай болады. Шинель мен фуфайканың аязға әлі келгенімен, ызғырыққа шамасы жетпейді.

Өстіп қиналып жүргенде бір күні полк магазинінде шиыршықтаулы клеенкаға көзім түсті. Кәдуілгі дастарқан етіп столға жабатын көк ала шақпақты клеенка. Содан бір бес метрін сатып алып келдім де, атқосшым екеуіміз сертек тігуге кірістік. Келесі жолы сол сертекті гимнастерканың сыртынан киіп алып едік, көзің жамандық көрмесін, рақат болды да қалды. Клеенка дегеніңіз ызғырық желдің найзасын денеге дарытпайтын ежелгі батырлардың ақ сауытынан, немесе хандар киген кіреукеден кем емес екен. Содан соң магазиндегі қалған клеенканы өз ақшама сатып әкелдім де, сертек етіп тігіп, іштеріңнен киіп алыңдар деп, батареяның зеңбірек атына мінетін жігіттерге үлестіріп бердім. Осыдан кейін күні бойы жүрсек те мен ат үстінен түспеймін. Басқа командирлер алдан соққан желге шыдамай, аттарынан қайта-қайта домалап түсіп, жаяу жүгіреді.

Бір күні командирлердің бірі:

— Бауыржан, сен үнемі шаншылып ат үстінде отырасың. Мына ызғырық желдің өтіне қалай шыдайсың? — деп сұрады. — Сенін бойында өзгеше құр құпия күш бар ма осы?

— Бар, — дедім мен. — Ол құпияны мен саған казармаға барған соң көрсетемін.

— Рас па?

— Рас

Казармаға келген соң мен оған ішімдегі клеенка сертекті көрсеттім. Содан кейін өзге офицерлер де іштерінен клеенка сертек киіп жүретін болды.

Біз Сібірдің аязында осылай шыңдалдық қарағым. Кейін, Москва түбіндегі соғыстарда сол шыңдалудың шапағатын сан рет көрдім. Қиыр Шығыстың қатты аяздарында шыныққан майлы Москва түбіндегі суықтар өзіміздің оңтүстіктің жылымық қысы сияқты ғана боп қалды. Мен онда қолымды биялайға сұқпастан аяғыма ылғи хром етік киіп жүрдім. Мәселе етікте немесе қолғапта емес. Менің бүкіл ісімде, мінезімде барша әрекет, қимыл-қайратымда, титтей де болса, сол шыңдалудың ізі, әсері жатты. Жаз бойы жауатын жауындар да, өкпеге найзадай қадалған қатты желдер де, тік тұрып «өлген» қарағайлар да есіме түсті. Соның бәрі маған берген табиғат мектебінің сабағы екен-ау деп, мені қиындыққа көнбіс етіп тәрбиелеген бір ұстазымның Қиыр Шығыс болғанын мақтаныш етіп жүрдім. Ал Орта Азияның жылы жағында өсіп, Қазақстан мен Сібірдің суығын көрмеген жігіттердің қыста қалай бүрсеңдегендерін майданда сен өзің де талай рет көрген шығарсың. Менің әскерге алынған жылы жақтың азаматтарын суық жақта шыңдау керек дейтінімнің мәнісі, міне, осы, қарағым.

— Ал енді сен кішкене дем ала тұрғын. Мен қазір келейін, — деп Баукең орнынан тұрып, есікке қарай беттеді. Денесі әлі де тіп-тік. Тек тебіндеп шыққан бурыл шашты басын ғана сәл еңкейте ұстап барады. Иығы да қушимаған, бойы да шөкпеген. Шынында да, осының бәрі әскери тәрбиенің арқасы-ау деп ойладым ішімнен. Осы арада ертеректе естіген «Бойы бар бізден гөрі биігірек» деген өлең жолы есіме түсе кетті. Бұл Баукең туралы өлең еді. Оны шығарған қазақтың ардагер ақыны Қасым Аманжолов болатын. Ол өленді біз сәті түсіп ақынның өз аузынан естіп, қолма-қол көшіріп алғанбыз.

VII

1948 жылы август айынын ішінде «Қазақстан пионері» газетінің редакторы Москваға бір жылдық оқуға кетіп, оның орнына Амантай Байтанаев қалды. Амантай, КазГУ-де бірге оқитын таныстығы бойынша, мені газеттің пионер және мектеп бөліміне меңгеруші етіп қабылдады. Ол жаңа оқу жылы басталуға он шақты күндей қалған уақыт еді. Амантай мені қабылдай сала бұйрық берді. Газеттің бірінші сентябрьде шығатын номеріне бір жақсы ақынның жақсы өленін әзірле, бүгіннен бастап заказ бер деді.

Бөлімде менен басқа Алмабек дейтін қолағаштай мұрнының астына текшелеп мұрт қойған тағы бір жігіт бар екен. Соған келіп ақылдасып, өленді кімге заказ береміз деп едім, ол бірден Қасымға беру керек деді. Өзі де өлең жазатын Алмабек, Қасыммен таныс болуы керек, ол өленді ақынның үйіне барып, ертең жаздырып әкелемін деп маған уәде етті. Бірақ ертеңінде ақынның өленін емес, уәдесін әкелді. Сендердің газеттерің балалардың газеті ғой, бала ұғымына лайықтап бір өлең жазып, редакцияларына өзім апарып берейін депті. Бауыржан туралы бір керемет өлең жазған екен, Қасым маған оқып берді деп, Алмабектің аузының суы құрып отырды.

Келесі күні бөлмемізге Қасым кіріп келді. Ол кезде редакцияның екі бөлмесі ғана болатын да, оның бірінді оңаша редактор, екіншісінде машинисткамен қоса барлық қалған аппарат отыратын. Қасымды сыртынан жақсы білетін біз орнымыздан тегіс атып тұрдық. Ақын сыпайы ғана бас изеп, бәрімізбен амандасты. Содан соң басқаларымыздың бәрімізге бір-бір қарап алып, бірден Алмабекке қарай аяңдады. Оның қасына отырып, әкелген елеңін оқуға кірісті. Біз тым-тырыс боп тыңдай қалдық. Үш шумақтан тұратын өленнің мазмұны мынадай екен. Жетпістегі шал жеті жасар немересін жетектеп мектепке қарай әкеле жатады. Мектепке жеткенше асығып шал сүрініп, бала жүгіріп келеді. Мектептің қасына тоқтай қалып атасы немересіне тағы да ақылын айтады: жақсы оқы, ақылды бол дейді. Мектептен келер заман шуындай болып, жас балдырғандардың дүбірі естіледі. Немере атасының қолынан сытылып, жүгіріп барып соларға қосылады. «Жеті кетті жүгіріп, жетпіс қалды үңіліп» деп өлең аяқталады.Ақын өленін өзінің жіңішке даусымен асықпай мақамдап оқып шықты да, «жетпіс қалды үңіліп» дегеннен кейін, сол шалдың бейнесін біздің көз алдымызға елестеткісі келгендей, мойнын соза түсіп, біздің бетімізге тағы да бір-бір қарап өтті.

— Өлең осы. Сендерге бұл ұнай ма, ұнамай ма, білмеймін, — деді ол содан соң.

— Ұнайды.

— Өте жақсы.

— Нағыз біздің газетке лайық өлең, — дестік біз.

— Ақын шабыттанып қалды.

— Ендеше алыңдар, — деп машинкаға басылған нұсқасын ұсынды.

— Өленді ақынның қолынан алып жатып Алмабек:

— Аға, кешегі «Бауыржан» деген өлеңіңізді оқып беріңізші бізге ,— деп қолқа салды.

Қасым бәлсінген жоқ. Костюмнің ішкі қалтасына қолын сұғып, төрт бүктеулі қағаз алып, оны жазып алдына қойды да, жаңағыдан өзгеше интонация, өзгеше пафоспен оқи жөнелді. Біз бұрын Бауыржанды көрмеген едік. Өлең оқылып болғанда Бауыржан қасымызда тұрғандай боп көрінді.. Өленнің күші біздің тілімізді буып тастағандай болып, қапелімде ешқайсымыз ләм дей алмай қалдық. Жастық батылсыздығымыздан ба, әлде тәжірибесіз шалалығымыздан ба, кім білсін, бұл өленді қашан, қалай шығардыңыз, Бауыржанды көріп пе едіңіз? — деп те сұрай алмаппыз. Тек «Рахмет, аға!» деуге ғана шамамыз келді. Ақындық қуатының әсерін анық сезінген Қасым оқып болғаннан кейін қағаздарын қайта бүктеді де:

— Мә, осы дананы саған сыйладым, — деп Алмабекке берді. Содан кенін ақын қырандай қомданып орнынан тұрды да:

— Қош болыңдар деп, кеудесін тік ұстап бөлмеден шығып кетті.

Қасымның «Қазақстан пионерінің» өтінішімен жазып әкелген өленінің аты «Жетпіс пен жеті» еді. Үш шумақтан тұратын сол өлең үш бөлімнен құралған картина сияқты болып, мәңгі менің көз алдымда қалды. Ылғи бірінші сентябрьде мектепке бара жатқан балаларды көрген сайын менің ойыма жетпістегі шал мен жеті жасар бала түсетін. Көз алдыма редакция бөлмесінен шығып бара жатқан ақын елестейтін... Ал Қасым кетісімен біз оның Бауыржан туралы өленін бірнеше дана етіп машинкаға бастырып, қолма-қол жаттап алған болатынбыз.

— Баукең бөлмеге қайта келіп кіргенше, мен ол өленді шумақ-шумағымен есіме түсіріп өттім.

— Ол өлең мынадай еді:

Бір дауыл сапырды кеп өрт теңізін, Теңселтіп темір топан дүние жүзін. Бетіне туған жердің өшпестей ғып Ер жазды өз қанымен жүрген ізін!

Нақ сол кез естідім мен ер дүбірін, Атағы атын алып келді бұрын. Үстінде туған елдің тұрды толқып: «Бауыржан Момышұлы» деген бір үн.

Ақынның ақ сұңқардай жүрегі бар, Алқындым бір көруге болып құмар. Көктемде күркіреген күн даусын Жер естіп, желкілдеген гүл ынтызар!

Қан майдан қаталатып шөлдегенде, Кез болдым жалтылдаған екі көлге Көл емес, көздері ғой Бауыржанның, Елестеп мың көрінер бір көргенге.

Бойы бар бізден гөрі биігірек, Тіп-тік боп абыройын тұрған тіреп.

Топ жара көрінсін деп екі иығы, Туған жер жаратыпты оны ірірек.

Ойы бар бірде дауыл, бірде жалын, Теңіздей тебіренткен терең жанын. Алғандай бойға жиып бар қуатын. Кешегі өзі кешкен оқиғаның.

Кейде ол көк семсерлі генералдай, Кейде ол күй көңілді ақын жандай. Өмірдің ол шеті мен бұл шетіне Өресі өрен ойдың тартылғандай.

Жан ұқпас жұмбақ емес бір жасырын, Айтады ол тіке қарап жұртқа сырын. Жаратпас жамап-жасқап жұрт ескісін, Соғады өз дүкені сөз асылын.

Ойы бар қиялының қанатында, Адаспас апарып бір салсаң тыңға... Бір дәурен ойнап-күліп отырғаны, Жалтылдап екі көзі қарсы алдында.

Батырым — Бауыржаным!» дейді халқым, Алып ұш ақын жүрек ердің данқын Келешек келе жатыр көремін деп, Тік басып туған жерде жүрген қалпын.

Ағамыз атағына асқар тау тең. Жау келсе — жау бүйректей етер жәукем Емендей ерегесер сұрапылымен, Басымен бұлтты жайпап біздің Баукең!

Бұл өлең бөлмеде оңаша отырған мені едәуір ойға қалдырды. Қасым ақын Бауыржанның Отан соғысы кезіндегі ерлігін, өзі көрген келбетін тамаша етіп суреттеп кеткен. Сонымен бірге ол: «Келешек келе жатыр көремін деп, тік басып туған жерге жүрген қалпын» деп, өзгелерге де міндет артқан. Батырдың өмірінің әрбір сәтін қалт жібермей қадағалап, өзі сияқты етіп, қағазға түсіріп кетуді басқаларға парыз еткен. Ол ақын жоқ бүгін. Ол батыр ортамызда жүр қазір. Бірақ басқалар кеткен жаққа батыр да кетеді. Халық үшін қалтқысыз қызмет еткен Бауыржанның өзі үшін оғаш басқан жерлері көп. Біреуге ұнаған, біреуге жақпаған жайлары бар. Батырдың батыл өмірінің ұзын ұрға, жеке детальдарын жұртқа жеткізу жөніндегі ауыр міндетке мен арқамды тосыппын. Ол жүкті тиісті жерге жеткізе

аламын ба? Баукеңнің көбіне түзу, кейде шалыс басқан іздерін қуалаймын деп жүріп сүрініп кетпеймін бе? Сонда: «Қолың көтере алмайтын шоқпарды беліңе қыстырма» деп біреулер азу тісін ақсита көрсетіп тұрмай ма маған? Бұл өленді «Қазақстан пионері» газетінің аядай бөлмесінде құдіретті ұлы ақын Аманжоловтың өз аузынан естіген сәтте содан жиырма бес жыл кейін мен де Баукең туралы бірдеңе жазармын деп ойлаппын ба, сірә. Алғашында бұл шағын очерк жазу үшін ғана колға алынған іс еді. Бірақ сол мақсаттан туған дүние очерктің бесігіне сыймады. Одан аумақтырақ нәрсе жазу қажет болды. Осы ниетпен Баукеңмен бірге өскен, қатар қызмет еткен көптеген адамдармен сөйлестім. Оның туып өскен жерін де іздеп барып көрдім. Замандастарының аузынан шыққан әрбір сөзді, Баукең жайындағы ел ішіндегі әрбір аңызды бірін қалдырмастан қағазға түртіп алып отырдым. Сонда менің көзім жеткені Баукең туралы аңыз деп айтылып жүргендердің бәрі де шындық: болған оқиға, істелген іс, айтылған сөздер екен. Және бұл аңыздардың барлығы да Баукеңнің әскерден босағаннан кейінгі немесе оның әскерде жүріп ел арасына келген кездегі мінез-қылықтарына байланысты. Сонда біздің бұл кітапты шүу басында «Ақиқат пен аңыз» деп атағанымыз дұрыс боптьі. Ақиқат батырдың әскердегі өмірі де, аңыз — оның азаматтық өмірі яғни ел ішіндегі еркелік қылықтары екен. Осы ақиқат пен аңызды анықтай, толықтай түсу мақсатымен, мінеки, Баукеңе бүгін тағы келдім.

VIII

Мен осылай деп отырғанда ауыз бөлмеден Баукең кіріп келе жатты. Қасым: «Ағамыз атағына асқар тау тең, жау келсе — жаубүйректей етер жәукем!» деп жазған кезде бұл кісі отыз сегіз жаста еді. Ол шақта Баукеңнің тұла бойы толған қайрат болатын. Қазір осы кісінің бойында маған «Встать!», «Молчать!» деп ақырғаннан басқа не қалды екен деп, ақырын оның бетіне қарадым. Оның едірейген шашы, тікірейген мұрты, шаншыла қараған көзі қарт батырдың бой қайраты азайса да, ой қайраты әлі де мол екенін танытқандай еді. Ол орнына отырып жатып, былай деп маған үн қатты.

Бауыржан. Сенің ендігі аңдып отырғанын менің Чистяковпен ең алғаш қалай кездескенім ғой.

Автор. Иә, Бауке.

Бауыржан. Ендеше ары қарай тыңдағын... Әскердің алуан түрлі ойынын ойнап, Отанның тыныштық қамын ойлап жүріп жаттық дедім ғой. «Шекара құлыпта» деген қанатты сөз біздің Қиыр Шығыс армиясының колбасы Блюхердің аузынан шыққан сөз еді. Василий Константинович ол сөзді партияның он жетінші съезінде айтқан болатын. ОКДВА-ның даңқты тарихы да, жауынгерлік ісі де шындыққа айналған осы екі сөзбен бейнеленді. Сондықтан да оны құттықтап, Сталиннің өзі телеграмма берді. Ал Қорғаныс Халық Комиссары Климент Ефремович Ворошилов арнайы сапармен Қиыр Шығысқа келіп қайтты. Хабаровск қалалық советінің салтанатты мәжілісінде сөйлеген сөзінде ол Блюхер

жолдастың басшылығымен дербес Қиыр Шығыс армиясы өзіне жүктелген міндетті ойдағыдай ақтап шықты деген болатын. Сол жолы Ворошилов адал еңбегі үшін, революция ісіне шексіз берілгендігі үшін, барлық қаһармандық қызметі үшін деп атап-атап айтып, Блюхердің кеудесіне өз қолымен Ленин орденін қадаған тұғын. Ол 1931 жылы августа болатын. Ал 1938 жылы августа Хасан көлінде шекараны бұзған жапон әскерлерін тас-талқан етіп, ОКДВА өзін тағы да өшпес даңққа бөледі... Бірақ сол жылдың күзінде Блюхер қайғылы қазаға душар болды...

Ал, саған бұл әңгіме Қиыр Шығыстың емес, Блюхердің жыры боп көрініп отырған болар. Сөзімнің бас жағында мен Қиыр Шығысты Блюхерсіз көз алдыма елестете алмаймын деп едім ғой. Сол айтқаным айтқан. Бұл тек Блюхердің жыры ғана емес, адамгершіліктің де жыры. Сонымен бірге бұл менің саған айтып отырған сырым да. Сен жазушысың, мен объектімін. Ал сен шын жазушы болсаң онда менің жан тебіреністерімді де білуің керек. Өйткені:

Тағдыр маған дарытпады көктемін. Ұқтым бәрін, өмір деген — от дедім! Дұшпандардан көп атылды маған оқ! Тағдыр әділ — менің оған өкпем жоқ!

Түсінікті ме саған?

Автор. Түсінікті, Бауке.

Бауыржан. Түсінікті болса сол!.. Содан бір күні тағы да біз — ат спортының командалары аренаға шықтық. Бұл жолғы жарыс рубкадан өтетін болды. Рубка деп шауып келе жатқан ат үстінен қылышты оңды-солды сермеп, жолға шанышқан шыбықтарды шауып түсіруді айтады. Шаншылатын шыбықтың саны он үш. Бұл жарыста сол он үш шыбықты тегіс қиып түсірген ғана озады.

Бұрын мұндай жарыстарда команданы кәнігі кавалерист Дотольдің өзі беруші еді. Бұл жолы бізге команданы дивизияның штаб бастығы бере бастады.

— Комбриг қайда? — дедім мен қасымдағы командирлердің біріне.

— Комбриг Дотоль кеше қызметінен босады. Оның орнына Чистяков деген майор комондир келіпті, — деді ол.

Төбемнен тағы да бір шелек суық суды құйып жібергендей болды. Өйткені Дотольді соның алдында ғана көрген болатынмын. Штабқа жиналған бөлімше командирлеріне ағалық ақылын айтып таратқан еді. Бұл жолғы сөзін ол, Хасан көлінің тәжірибесіне негіздеп, қызыл әскерлердің жорық пен шабуылдан басқа әрбір бос минутың окоп пен ор қазуға жұмсауы керектігін қатты ескертті. Оның сонда айтқан: «Окоп — алынбас қамал», «Ордағыға оқ тимейді» деген нақыл іспеттес екі сөзі ерекше есімде қалған болатын. Сол екі

сөз, тіпті, өмір бойы есімнен шыққан емес. Мінеки, осындай ұстаз, ақылшы командириңнен айрылсаң қалай қамықпассың...

Бір кезде біздің кезегіміз келді. Өз адамдарымды бастап, мен аренаға тарттым. Ақбоз аттың тізгінін тарта ұстап, шыбықтарды сарт-сұрт отап келемін. Өзің қылыш ұстап көріп пе едің? Оны қалай сілтеуді білесің бе? Білмесең оның да толып жатқан тәсілдері бар. Алдымен сен бір метр ұзын қылыштың ұшынан бастап тұтқасына дейін, шалғы орақтікі сияқты, қылпылдап тұрған жүз екен деп ойлама. Олай емес, қылыштың «өткір ұшы» деп аталатын бір қарыс басы ғана өткір. Шабатын нәрсеңе сол жерін дәл келтіре сілтеуің керек. Және қылыштың нысананы қырқып түсуі тек шабушының қол күшіне ғана байланысты емес. Оған үш фактор керек. Оның біріншісі — аттың екпіні, екіншісі — аттың дене ауырлығы, үшіншісі — қылыш сілтеушінің қол қайраты. Бұл үшеуі бір-біріне тығыз байланысты. Шауып келе жатып сілтеген қылышпен адамды айқара тіліп түсуге болады. Өйткені онда жоғарыда айтылған үш фактор бірдей ұштасады. Ал аяндап келе жатқан ат үстінен қылышыңды қандай құшырланып сілтесең де жаяу жауды орып түсе алмайсың жаралы етіп қалдырасың. Себебі онда аттың шабыс екпіні мен дене салмағы қатыспай, сыртта қалады. Ат, әрқашанда өз денесін өзі жоғары серпи шабады. Секіргеннен кейін оның табаны жерге тиерге дейінгі төмен қарай басатын салмағы бар емес пе? Міне, шапқан аттың сол төмен түсіп келе жатқандағы салмағы мен қылышты сілтеу күші қатар келуі керек. Сонда сен шаншылған шыбықты да шик еткізесің, жаудың жаяу әскерін де тіліп түсесің. Түсінікті ме енді саған? Түсінікті болса мен Ақбоз атпен ызғытып, жас шыбықты жаудай отап келе жаттым. Аренаның орта тұсына келе бергенде көзімнің қалай трибунаға қарай бұрылып кеткенін білмеймін. Жаңа комдив аласалау адам екен. Ал Дотоль ұзын бойлы кісі еді. Оның жоқтығын бірден сездім де, көңілім біртүрлі болып кетті. Дереу өзімді өзім қатайтып, келесі шыбықты шабуға ыңғайлана атымның қос бүйіріне шпорды қадап кеп қалдым. Осының бәрі қас қаққанша болды. Ілезде қылышым да күнге шағылыса жарқ ете түсті. Сол-ақ екен ипподром толы жұрт ду күлді. Не боп қалды деп жалма-жан екі жағыма кезек қарадым. Сөйтсем, комдивтің қайғысына күйініп, шпорды қаттырақ басып жіберсем керек, ат құйрығын шошаң еткізгенде мен құйыршықтың дәл ұшын шыбықпен қоса орып жіберіппін. Әрине, мұндай жарыстар кезінде аттың құйрығын, құлағын шауып алу деген үлкен масқара. Сол масқара болған қалпымда мен қалған шыбықтарды да тегіс мінсіз отап түсірдім. Бірақ ол есепке алынбады.

IX

Сол күннің ертеңінде біздің 306 полктың командирі полковник Коваленко да ауысып кетті. Оның орнына Журавлев деген майор келді. Сөйтіп, біздің 105 атқыштар дивизиясы майорлар басқарған дивизияға айналды.

Осы күндердің бірінде мен дивизия штабына шақырылдым. Чистяковқа барасың деді.

Бұл тегін шақыру болмады деп ойладым. Баяғыда бір жеңгеміз ағамыз ұрайын деп шоқпарын ала жүгіргенде: «Өйбу к..... тисе көндік, басқа тисе өлдік қой енді» деп басын қорғап, бөксесін тоса берген екен дейді. Сол жеңгеміз айтқан екінің бірі болар дедім де, құйрығының кішкентай жарасын мықтап танып тастаған Ақбоз атқа ер салдым. «Е, жануар, — дедім оған ішімнен, — үш жыл жан серігім болып едің, менің саған өкпем жоқ. Осы ойдан кейін Ақбоз ат ішін тартып, күрсінетін шығар деп едім. Ол өйтпеді. Екі көзі шоқтай жайнап, басын қайта-қайта шұлғып, менің тез арқасына шығуымды тілегендей, тықыршық атты. Атам қазақ емес пе, атымның бұл мінезін жақсылыққа жорып, дивизия штабы қайдасың деп, жорыта кеп жөнелдім.

Бірақ ол ат та, мен адаммын ғой. Адам болған соң ойлауға міндеттісің. Біраздан кейін ақ боздың басын тежеп, аяңға көшірдім де, қалың ойға кеттім.

Өстіп желе-жортып келе жатқанда ең алдымен мен Қиыр Шығысқа аттанарда алақанын жайып, ақ сақалы желкілдеп ақ батасын берген әкем еске түсті. Одан кейін Қаратау мен Алатау кезек көз алдыма келді. Бұлақтары сылдыраған, ағаштарының жапырақтары сыбдыраған Алматы елестеді. Осындай екі ұдай оймен штабқа жеттім.

Майор Чистяков көзің кісіге шүйіре қарайтын, үшкір тұмсық үшкір иекті төртбақ сары кісі екен. Ол мені не ашулы, не ашусыз емес күйде қарсы алды. Мен бұйрық бойынша келгенімді айтып, рапорт бергеннен кейін, бас-аяғыма байыппен қарап алды да, отыруға рұқсат етті. Комдивтің столынан бүйректеу екінші столдың басында бір аға лейтенант отырды.

— Өткен жолғы жарыста аттың құйрығын шапқан батыр сізсіз ғой? — деді Чистяков содан соң.

— Дәл солай.

— Мен сонда сізді жаяу әскерге жіберейін деген ойға келіп едім.

— Ықтияр өзіңізде, жолдас майор.

— Бірақ сіз атқа міне біледі екенсіз. Бұрынғы жарыстарда жаман баға алмапсыз.

Е, бұл менің Блюхерден сағат алғанымды бетіме басайын деп отыр екен дәл ойладым да:

— Дәл солай, — дедім тағы да.

— Дегенмен, сіз сияқты кәнігі кавалеристке ат құйрығын шауып тастау деген кездейсоқ іс емес қой. Шыныңызды айтыңызшы сол сәтте бір нәрсе ойлаған жоқ па едіңіз?

— Дәл солай, жолдас майор.

— Не ойлап едіңіз? Тек қана шыныңызды айтыңыз. — Майор маған тесіле қарады. Аспандай мөлдір көкшіл көзінде тұнып тұрған ой бар екен. «Шынымды айтсам, шынымды шынжыр ғып байлап аласың-ау» деп бөгеліп қалдым. Осы кезде ойыма әкемнің екі сөзінің бірінде «Өлсең де өтірік айтпа» деп жиі айтып отыратын өсиеті түсті.

— Командирлерім есіме түсіп кетіп еді, — дедім мен де оған тіке қарап.

— Оларды жақсы көретін бе едіңіз?

— Иә.

— Не үшін жақсы көрдіңіз?

— Әділдігі үшін, әскери өнерге жетіктігі үшін, жауынгердің жанын ұға білетін зерделілігі үшін, — дедім мен әр сөзімді нақтылай айтып.

— Зерделілігі үшін, — деді ол менің ең соңғы сөзімді, не кекеткені, не мақұлдағаны белгісіз, қайталап айтып.

— Білемін, жолдас майор. Сіз шыныңызды айт деген соң айтып тұрмын. Және менің халқымда «Өлсең де өтірік айтпа» деген мақал, өсиет сөз бар.

— Халқыңыздың тағы қандай мақалдарын білесіз?

— «Жан — арымның садағасы», «Өз елімнің басы болмасам да, сайының тасы болайын», «Ел жаусыз болмайды, жер таусыз болмайды» т. б., жолдас майор. Менің халқымның мақал-мәтелдерін түгел жинап бастырса, бес томнан асады. Бірақ оның бәрі тегіс хатқа түспеген.

— Уставты да халқыңыздың мақалындай білесіз бе?

— Армия менің екінші анам, жолдас майор. Ананың әлдиін білмеген — ұл болмайды, Уставты білмеген — солдат болмайды.

— Мен сіздің шыншылдығыңызды сыйлаймын, — деді ойланып отырып майор. — Бірақ бұдан былай тіліңізді тісіңізбен құлыптап ұстаңыз. — Содан кейін ол түсін суытып, маған сұқ саусағын безеді.

— Түсінікті, жолдас майор.

— Ал сізді аттың құйрығын шауып алғаныңыз үшін мен жазалауға тиіспін. Атыңызды лазаретке өткізесіз. Оның құйрығы жазылғанша өзіңіз жаяу жүресіз.

— Құп, жолдас майор.

— Немен келдіңіз?

— Сол атпен, жолдас комдив.

— Осы арадан сіздің полкқа дейін неше шақырым жер?

— Он шақырым.

— Соған дейін атыңызды жетектеп жаяу баратын боласыз. Аяқ артпайсыз.

— Құп.

Күн жауын, жер батпақ еді. Атымды шылбырынан жетектеп, толарсақтан саз кешіп, шаршап-шалдығып полкке келдім. Мені аңдып, артымнан еріп отырған ешкім де жоқ, штабтан былай шыға атыма мініп алуыма да болатын еді. Бірақ мен Ақбозға аяқ артпадым. Ол менің қорыққандығым да, қуанғандығым да емес. Қанға сіңген әділдіктің, адалдықтың заңы солай еді. Міне Чистяковпен мен ең алғаш осылай танысқанмын. Оның кісіге шүйіле қарайтын өткір көзі, үшкір тұмсығы мен үшкірлеу иегі көз алдымда сақталып қалды.

Содан кейін ол бір күні біздің полкқа келді. Полктың офицерлер құрамымен танысты. Өзі жиырма жылға жуық жаяу әскер сапында тәрбиеленген кісі ғой: турник, снарядтың барып тұрған шебері екен. Бізге емтиханды да содан бастады.

Полк командирі Журавлев бір-бірлеп офицерлердің фамилиясын, шенін, қызметін айтып тұрады. Чистяков кезегі келген офицерді не турникке, не брусқа шақырады. Алдына ет жеңділеу біреу келсе, оны сағатына қарап тұрып жаяу жүгіртеді.

Бір кезде Журавлев:

— Лейтенант Момышұлы, батарея командирі, — деп менің аты-жөнімді атады. Табаныммен жерді тесердей тепкілеп, әскери адыммен майорға үш адым қарсы келіп тоқтадым. Чистяков бетіме қарап сәл тұрды да:

— Лейтенант, анада полкқа дейін жаяу келдіңіз бе? — деді сәл күлімсіреп.

— Дәл солай! — дедім мен күлместен.

— Мен сізге сенемін, — деді майор басын изеп. — Жай сұрап жатырмын.

Содан кейін ол турникке қарай иегін нұсқады да:

— Күнше дөңгеле!— деп бұйырды маған.

Майордың «мен сізге сенемін!» деген сөзіне рухтанып кеттім де, жолбарыстай ырғып турникке секірдім. Сарт етіп екі қолым темірге тиісімен екі аяғымды біріктіріп, ұзын денемді алға қарай найзадай сілтеп кеп қалдым. Содан доң, көзді ашып жұмғанша лып етіп турникке көтерілдім де, күн боп дөңгелендім. Солнце жасағанда бірақ рет айналу керек. Өйткені ол ауыр номер. Ал мен турникте машинаның дөңгелегіндей зырылдадым. Содан соң қарғып жерге түстім де:

— Мен Сіздің айтқаныңызды орындадым, жолдас майор, — дедім.

— Өте жақсы, — деді майор.

Көп ұзамай Чистяков мені қайтадан дивизия штабына шақыртты. Бардым.

— Атыңның құйрығы жазылды ма? — болды оның маған бірінші қойған сұрағы.

— Дәл солай, — дедім мен қысқаша жауап беріп.

— Демек, ескі жара бітті деген сөз ғой?

— Мал дәрігері солай дейді, жолдас майор.

— Онда мал дәрігеріне рақмет. Ал әңгіме былай, — деді комдив түсін жылыта сөйлеп. — Сен артиллерияны жақсы біліп алдың, басқару взводында болдың, батарея командирісің. Сен сияқты жас командирлердің артиллерияның ғана емес, жаяу әскердің де жүйе-жүйесін білуі қажет. Сол себептен сені батальон штабының бастығы етіп, 267-іш полкқа жібергелі отырмын. Қарсы емеспісің?

— Қарсы емеспін, — дедім мен. «Өнерді үйрен де — жирен» және «Керек тастың ауырлығы жоқ» деген қазақ мақалы бар. Артиллерист өнерін үйренгенім рас. Артиллерияда жүріп кавалерист те болдым. Енді бұны да білуге ықыластымын. Отан қорғау үшін керек өнердің бәрін де білуіміз абзал ғой.

— Дұрыс айтасың, — деді Чистяков қуана күлімсіреп. — Сен менің ойымды дәл түсініп тұрсың. Штаб өнері армиядағы ең үлкен өнер. Мен сені сол өнерді үйренуге жіберіп отырмын. Саған әзірге көрсететін қолма-қол көмегім мынау ғана. — Ол столының тартпасын ашып, маған Б. М. Шапошниковтың «Армияның миы» дейтін атақты кітабын ұсынды. — Осыны оқып, артынан маған қайтарып бергін.

— Сеніміңізге рақмет, — деп басымды изедім де, комдив ұсынған кітапты алдым.

Иван Михайлович мені екінші бөлмеге өзімен бірге шай ішуге шақырды. Шай үстінде ол өз өмірінен, өз тәжірибесінен біраз жайларды әңгіме етіп айтты. Мен оның өзіме байланысты қойған сұрақтарына қысқа ғана жауап беріп отырдым.

Сөйтіп, мен батальон штабының бастығы болып жоғарыладым. Сенбесең мына куәлікті оқы, — деп Баукең қасындағы папкадан бір қағазды суырып алып, менің қолыма ұстатты да, өзі қайтадан шылым тартуға кірісті.

Мен қағазды алып, оқып шықтым. Машинкаға басылған куәлікте былай деп жазылыпты:

КУӘЛІК

Берілді Бауыржан Момышұлы жолдасқа, себебі ол Жұмысшы-Шаруа Қызыл Армиясының кадрында 267 атқыштар полкында батальон штабының бастығы болып қызмет істейді.

Куәлік мерзімі 1940 жылдың 1 майына дейін. Адрес: Приморье өлкесінің Уссурий облысы.

267-ші атқыштар полкы штабының бастығы Копқарев».

Куәлікті оқығаннан кейін оның штемпіліне кез жүгірттім. Онда мынадай сөздер бар екен: «СССР —ЖШҚА. 105 атқыштар дивизиясының 267 атқыштар полкы, сап қызметі бөлімі. 14 декабрь 1939 ж. № 14/1239 Чернятин пос.»

Куәліктің барлық сөздерін тегіс дәптеріме көшіріп алдым да, қағазын Баукеңнің өзіне қайтарып бердім.

Автор. Сендім, Бауке.

Бауыржан. Сенсең сол. Ал енді саған Чистяковпен одан кейінгі жолыққанымды айтайын.

Иван Михайлович деген кісі сырт тұлғасына, сөз әлпетіне қарағанда ұшқары мінезді адам сияқты көрінетін еді. Ал шындығында ол үлкен ойдың да, мол тәжірибенің де адамы болатын. Олай болатын себебі бар екен. Бұрынғы Тверь губерниясы, қазіргі Калинин облысының перзенті Иван Михайлович он жеті жасында өзі тіленіп солдатқа кетіпті. Содан он бес жыл бойына бір полкта болып, полк командиріне дейін көтеріледі. Жиырмасыншы жылдар командирлерінің аяқтарына шәркей киіп жүретін қиын-қыстау күндерінің бәрін де басынан кешіреді. Комдивтің:

Бір ротадағы 4 - 5 командирге бір пар ғана етік тиетін де, оны біз кезекпен киюші едік, — деген сөзін өз құлағыммен естігенмін.

Отыз алтыншы жылы сауатты, тәжірибелі командирлер іріктеліп, Қиыр Шығысқа жіберілгенде Чистяковке де 92 атқыштар дивизиясына жолдама беріледі. Дивизия штабы оперативтік бөлімінің бастығы боп бірнеше жыл қызмет істейді. Содан біздің 105-ші дивизияға командир боп келді ғой.

Иван Михайлович өзі де өте тәртіпті кісі екен, өзгеден де тәртіпті қатаң талап етті. Ол кісі жеңістің төрт шарты бар деп есептейтін. Ол шарттар: 1) жағдайды дәл ұғу; 2) тез, әрі дұрыс шешім қабылдау; 3) штабтың іскерлігі; 4) солдаттың ерлігі мен табандылығы дейтін. Дивизиядан кетер-кеткенше осы мәселелерге үнемі назар аударып отырды. Өзінің іскерлігі, жігерлілігі, мол тәжірибемен ұштасқан білімнің арқасында Иван Михайлович біздің дивизиядан корпус командирінің орынбасары болып жоғарылап кетті.

Содан кейін мен Чистяковпен 1942 жылдың басында қайтадан кездестім. Енді майор емес, генерал-майор Чистяковпен жүздестім. Панфилов өлгеннен кейінгі екі айдың ішінде екі командир орнынан босатылды да, дивизиямызға үшінші командир бол Чистяков тағайындалды. Он сегізінші январьда ол 8-гвардиялық Панфилов атындағы дивизияның штабы тұрған Нахабино селосына келді. Осы жерге барлық командирлер жиналып, жана комдивпен жүздестік. Мен оны бір көргеннен-ақ таныдым. Алғашында ол ма, ол емес пе деп шүбәланып келген едім. Өйткені өмірде фамилиясы бірдей кісілер көп кездесе береді ғой. Сөйтсем сол кісі, бұрынғы командирім екен. Денесі де сол төртбақ күйінде, мұрны да, иегі де үшкір қалпы. Қатты қажып, жүдегені көрінеді. Бұрынғысынша кісіге сәл күлімсіреп, шүйіле қарайды екен.

Танысам да мен генералға қарай тұра жүгірмедім. Келіп тоқтаған жерімде қозғалмастан тұра бердім. «Генерал мені таныр ма екен, танымас па екен? Таныса — жақындармын, танымаса — үн-түнсіз жүре берермін» деп ойладым.

Жұрт жиналып болған соң дивизия штабының бастығы И. И. Серебряков пен комиссар С. А. Егоров екеуі кезектесіп, біздің аты-жөнімізді, лауазым, дәрежемізді атап айтып, генералға таныстыра бастады. Аты бұрын аталғандар қасына барып, генералдың қолын алып жатты. Генерал әрқайсысымыздың бетімізге шүйіле қарап, іштей баға беріп, ойлы қалыпта тұрды.

— Александр Фомич Галушко — дивизия саяси бөлімінін бастығы.

— Подполковник Георгий Федорович Курганов — 857-ші артполктың командирі.

— Майор Григорий Ефимович Елин — 1073-ші полктың командирі.

— Полковник Зиновий Самойлович Шехтман — 1077-ші полктың командирі.

— Капитан Бауыржан Момышұлы — 1075-ші полк командирінің орынбасары...

— Тоқтаңыз тоқтаңыз, — деді Чистяков комиссар Егоровтың сөзін бөліп.

— Фамилиясы кім дейсіз, қайта айтыңызшы.

— Капитан Бауыржан Момышұлы, 1075-ші полк командирінің орынбасары, — деп қайталады Егоров.

— Бұл менің Момышұлым емес пе? — деді генерал маған қарай бұрылып.

— Дәл солай, жолдас генерал, — дедім мен, — бір жүз бесінші Қиыр Шығыс дивизиясынан.

— Астына Ақбоз ат мініп, беліне қылыш тағып жүретін?

— Дәл өзі, жолдас генерал.

— Қазір де қылышы белінде, Ақбоз аты есік алдында байлаулы тұр, — деді комдивпен танысуға келгендердің бірі. Ол рас еді. Мен мұнда да Ақбоз ат мініп жүретінмін. Осында бір жерде әскери фотограф Нарциссовтың мені 8-ші гвардиялық дивизия Ақбоз атының үстінде түсірген суреті жатқан да болуы керек.

Генерал бір адым шегініп, мені басымнан аяғыма дейін күлімсірей шолып шықты. Жаңа комдив бізді колхоздың қыстай от жағылмаған суық клубында қабылдағандықтан бәріміз де сырт киімдерімізді шешпегенбіз. Менің иығымда буркам бар еді. Елден ерекше боп тұрғаннан кейін содан шығарды ма, генерал:

— Сіз қазір Багратионға да, Чапаевқа да ұқсайсыз, — деді.

— Жоқ, жолдас генерал, — дедім мен күлместен, жымимастан түсімді суыққа салып. — Мен тек Момышұлына ғана ұқсаймын.

Генерал сәл бөгеліп, менің бұл жауабыма мән бере ой жүгіртіп өтті. Содан кейін қайтадан күлімсіреді де:

— Иә, иә. Сіз 1938 жылғы Момышұлына өте ұқсайсыз. Солай емес пе? — деді.

— Дәл солай.

— Сізбен кездескеніме ете қуаныштымын! — деп генерал құшағын жайды. — Әкесі өліп, әркімнен сөз естіп, көзге түрткі болып жүдеп жүрген жетім баланы біреу есіркеп маңдайынан сипаса қандай болушы еді. Сол сияқты менікі, де ішімдегі қатты бұралған домбыра шегі сияқты бірдеңелер быр-быр үзіліп кеткен сияқты болды. Бірақ тез бойымды жиып, босаған көңілімді қатайтып алдым. Содан кейін қазақша қос қолымды қусырып кеудеме бастым да, генералдың алдына келіп, басымды иіп, тіземді бүктім, Алыс сапардан келген баланың әкеге берер сәлемін жасадым. Генерал екі иығымнан қапсыра құшақтап, орнымнан тұрғызды да, біз бір-бірімізді екі беттен кезек сүйістік.

Өзге жұрт аң-таң күйде, тым-тырыс болып қалды. Генерал мені құшағынан босатты да:

— Ғапу етіңіздер, жолдастар, — деп жан-жағына қарады. — Біз Қиыр Шығыста бірге қызмет етіп едік. Бұл менің батарея командирім, мен мұның дивизия командирі болдым. Міне, Москва түбінде мен баласымен кездескен әкедей болып тұрмын.

— Әрине, әрине, — десіп кейбіреулер бас изесті. Кейбіреулер: Дивизия командирлері осыны-ақ жақсы көре береді екен» дегендей, маған ала көздерімен қарасты. «Қалай қарасаң, олай қара, біздің бірге қызмет еткеніміз рас» деп, міз бақпастан мен тұрдым.

Біздің бәрімізбен танысып болғаннан кейін жаңа комдив бізді қысқаша өз өмірбаянымен таныстырды. Біздің 105-дивизиядан корпус командирінің орынбасары боп кеткеннен кейін Чистяков Владивостоктегі әскери училищенің бастығы болады. Одан соң бұрынғы өзі орынбасар боп істеген корпусқа командир боп тағайындалып қайта келеді. Содан 1941 жылдың басында Бас Штаб академиясына оқуға жіберіледі. Соғыс басталғаннан кейін Москваны қорғауға қатысады. Бірнеше күн бел шешпестен жүріп, теңізшілер бригадасын басқарады. Сөйтіп Москва түбінен немістерді кері қайтарған қаһарман құрамалардың сапында болады. Осы еңбегі үшін оған Қызыл Ту ордені мен генерал атағы беріледі. Сол алғы шепте жүрген қалпында Чистяков біздің дивизияға жіберіледі.

— Жаңа капитан Момышұлы айтқандай, әр командир бір-біріне ұқсамайды, — деді ол сөзінің аяғында. — Багратион біреу, Чапаев дара күйінде қалады. Оның үстіне ешқашан да екінің бірі Панфилов бола алмайды. Ендеше мен сіздерге Панфиловтың орнын олқысыз басамын деп айта алмаймын. Бірақ титтей де болса Панфиловқа ұқсауға тырысамын. Бұл меңін абыройлы борышым. Ал сіздер Панфилов бар кездегіден титтей де төмендемеуге тырысыңыздар. Сөйтіп, сіздер болып, біз болып, бәріміз Панфилов дивизиясының атағын түсірмейік, Отан үшін опат болған қадірлі генералдың атына кір келтірмейік.

Осы сапардан мен полкқа қатты тебіреніп қайттым. Тебіренетін себебім құдай маған сезімтал, сергек жүрек берді. Оның үстіне, өтімді затқа өтпейтін нәрсені қалайда қосақтап сататын кейбір сатушылар сияқты, қыңырлықты және маған берді. «Бүкірді көр түзетеді» дейтін орыс мақалы бар. Ал әскерде қыңырды командир түзетеді. Әрине, командирдің бәрі бірдей қисыққа тез бола алмайды. Бола алмайтыны біреудің шеберлігі жетпейді, біреудің материалға әлі келмейді. Сөйтеді де оны түзетемін деп не сындырып, не бүлдіріп алады. «Материал» деп отырғаным адам, солдат екенін түсінетін шығарсың. Ауылда сынықты сипап отырып орнына түсіретін сынықшылар болады. Сол сияқты ақылды командирлер де ақырмай-ақ сені ырқына көндіріп, түзетіп алады. Түзетпесе сол қисық күйінде кәдеге жаратады. Өйткені олар қылыш қайқы болса да өз қызметін түзу атқаратынын біледі. Құдай мені қисық қып жаратса да, алдымнан ылғи жақсы командирлерді кездестірді. Кешегі помкомвзвод Редин, полковник Коваленко, комбриг Дотоль, генерал Панфилов осындай өзгеше жандар еді. Олардың алдында Емельянов, Дубовик, Бархан тәрізді ұстаздарым тағы

болды. Редин өлгенде бірге туған інімнен ажыраған іспеттендім. Коваленкодан ажырағанда — ағамнан, Дотоль кеткенде — әкемнен айырылғандай болып едім. Ал Панфилов опат болғанда — інім, ағам, әкем үшеуі қатар өлгендей күйге түстім. Көп күйзеліп, ішімнен көп күңірендім. Өмір бойы Панфиловтың орнын өксумен өтетін шығармын деп ойладым.

— Сен өзін байқап, аңғарып жүрсің бе, білмеймін, — деді Баукең бұл тұста сезін соза, жайлап айтып. — Адамдарда бір жаман әдет бар ғой. Ол — күншілдік, көре алмаушылық. Бүгінгіге жағыну үшін бұрынғыны жамандап шыға келушілік. Өзімді ғана мақта, өзгенің аты өшсін деушілік. Өлгеннің абыройын қызғанушылық. Оған деген сүйіспеншілікті суытып, оның атағына байланыстының бәрін аяққа таптауға тырысушылық. Осындай оңбаған әдеті барлар біздің дивизиямыздан да табылды.

ЖЕТІНШІ ДИАЛОГ

I

Автор. Өткен жолы Сіз Панфилов дүниеден қайтып, дивизияға Чистяков келгенге дейін жетім баладай қам көңіл күйде едік дедіңіз ғой. Оның мәнісін айтыңызшы.

Бауыржан. Оның мәнісі мынадай. Панфилов 1941 жылы 18 ноябрьде опат болды. Чистяков біздің дивизияға 1942 жылдың 18 январында келді. Осы екі айдың ішінде бірінен соң бірі екі командир ауысты. Тұлпар дивизияның тегеуірініне шыдамады. Өйткені олар Тайбурылдың тізгінін ұстаған Қобыланды емес-ті. Ол екеуінің бірі аса ұшқалақ кісі болып шықты. Ұшқалақтығы сондай, әркімге шіңкілдеп соқтыға берді. Маған: «Сен Панфиловтың еркесісің. Сендей еркенің енесін ұрамын!» деп ұрынды. Тегі ол менің батальонымның қынаптағы қылыш сияқты, Панфиловтың резервінде болғанын, ал генерал қылышын қынабынан қиын-қыстау кездерде суырып қиямет кезеңдерге сілтегенін айтатын болар.

Автор. Сіз өзіңіздің «Москва үшін шайқас» кітабыңызда дивизия командирлерінен тек Панфилов пен Чистяковты ғана көрсетіпсіз. Оның осындай себебі бар екен ғой:

Бауыржан. Иә...

Автор. Сіз атын айтпасаңыз да мен түсініп отырмын, Бауке. Панфиловтан кейін екі айда ауысқан екі командир Шелудько мен Ревякин. Сіз алдыңғысын айтып отырсыз ғой?

Баукең бетіме ажырая қарады да, үндемеді. Сөзін әрі қарай жалғады.

Бауыржан. Соғыста кімді кім еркелетеді? Соғыста өзге емес, өз баланды да әлдилей алмайсың. Панфиловтың мені еркелетпек тұрғай, қарамағында солдат боп жүрген туған қызының да маңдайынан сипауға мұршасы болған жоқ. Ал соғыс еркелікті емес, ерлікті

ұнатады. Соғысқа ерке емес, ел бастайтын серке керек. Міне, осыны ұғуға миы жетпеді ғой оның.

Автор. Мен Сіз жайында, 8-гвардиялық дивизия туралы архивтен көптеген материал көшіріп алдым, Бауке. Сонда Сіздің атыңызға жазылған мынадай әрі бұйрық, әрі жолдама қағаз бар:

ЖОЛДАМА ҚАҒАЗ.

Аға лейтенант Момышұлына!

Осыны алысымен Сізге полкқа басшылық ету ісін майор Елинге тапсырып, 1075 атқыштар полкына барып, полк командирінің міндетін қабылдап алу бұйырылады.

Негіз: дивизия командирінің нұсқауы.

Штаб бастығы полковник (Серебряков)

Соғыс комиссары

Аға батальон комиссары (Погорелое)

4 декабрь 1941 ж.».

№ 4/0412

Осылай деп штаб бастығы мен комиссар екеуі қол қойып, мөр басқан. Бірақ Сіз 1075 полкқа командир емес, орынбасар болдыңыз ғой. Бұл да сол аласапран кезеңнің ізі емес пе?

Бауыржан. Ол қағазға комдивтің қолы қойылмағаннан-ақ білініп тұр ғой. Ертең қағазда менің қолым жоқ деп, тайқып беруге жақсы емес пе? Ал, Панфилов полк командирі тұрған, батальон командиріне жіберген бұйрығына дейін өзі қол қоятын.

Автор. Дұрыс айтасыз. Мәселен, генералдың батальон командирі Сізге жолдаған бұйрығының фото көшірмесі де бар менде. Онда былай деп жазылған:

«Серкия Г.

1073 атқыштар полкы І-ші батальонының командиріне

ЖАУЫНГЕРЛІК ТАПСЫРМА № 014

316-шы дивизияның штабы Гусеново 18. 11. 41 ж. 4.00

1. Лысцево, Шишкиноны дұшпанның танктері мен жаяу әскері басып алды. Матренинода 50-ші атты әскер дивизиясы шеп құрып жатыр.

Бұйырамын:

2. Танк қаупі күшті аудан Матренино станциясын, Горюны мен Покровское селоларын танкпен күресетін отрядтың (ПТО) 768-ші артполкымен және 1-ші гвардиялық танк бригадасының 6 танкі, сол сияқты мотоатқыштар батальонымен бірлесіп — табанды түрде қорғауға тиіссіз.

Міндет: Жаудың жаяу әскері мен танктерін Волоколамск, Истра тас жолына шығармау. 298,0 биігі ауданына күшейтілген күзет қойыңыз.

Менің командалық пунктім Гусеново.

Орындалуын 18. 11. 41 ж. 8.00-де хабарлаңыз.

Дивизия командирі Генерал-майор (Панфилов).

Дивизия военкомы аға батальон комиссары (Егоров).

Штаб бастығы полковник (Серебряков).

1-ші бөлімнің бастығы капитан (Гофман)».

Бауыржан. Иә, бұл менің Панфиловтан алған ақырғы бұйрығым болды. Оқып болғаннан кейін генералдың хатын планшетіме салмай, төрт бүктеп гимнастеркамның омырау қалтасына жайғастырдым да, бұйрықты орындау қамына кірістім.

II

Автор. Ол жағдайды Сіз «Москва үшін шайқастың» екінші кітабында толық жаздыңыз ғой.

Бауыржан. Иә. Ондағы оннан аса тарау сол кездегі жағдайды сипаттауға және біздің генералдың соңғы бұйрығын қалай орындағанымызды баяндауға арналды. Генерал қағазға аталған қыстақтарды «табанды түрде қорғауға тиіссіз» деп көрсеткенімен, дивизия саяси бөлімінің нұсқаушысы Федор Толстуновтан ауызша айтқан сәлемінде «бүгін мен ертең шыдап берсін, әсіресе, тас жолдың бойындағы Горюныны қолдан шығармай мықты ұстасын» депті.

Шыбын жанды шүберекке түйдік те, генералдың бұйрығын орындауға кірістік. Табанымызды Горюныға тас қып тіреп, тапжылмастан жатып алдық. Бұл екі қолды басқа жастап, окоп ішінде қаннен-қаперсіз шалжиып жату деген сөз емес. Мұның мәнісі шарт

етіп аспан жарылғандай болып жүздеген жау снарядтары ажал боп ысқырып, ысылдап, зуылдап үстіңнен төніп келе жатқанда төбе құйқаң шымырлап соны естіп отыру деген сөз. Мұның мәнісі сол снарядтар жарқ-жұрқ етіп жарылып, арс-ұрс етіп топырақ қапқан сәтте отырған окобың солқ ете түсіп, жүрегін аузыңа тығылса да соған тырп етпей шыдау деген сез. Мұның мәнісі жау самолеттері үстіңе шығып алып келі түйгендей төбеңнен бомбамен түйгіштегенде соған көну керек деген сөз. Оқ, жарықшақ тиіп, жанындағы серіктерің көз алдыңда жан тәсілім етіп жатқанда, тамағыңа ыстық тас кептелгендей болып, жаның қинала қайғыру деген сөз. Сөйтіп жатып, окобыңа қарай жортып келе жатқан темір аждаһа — танктермен айқасу, оларға бір-бірлеп қара кебін кигізіп, қара түтінге орау деген сөз. Қара құрымдай қаптап келе жатқан жаяу әскерге қорғасын оқты қарсы алдынан соққан темір жаңбырдай жаудырып, жайнап, тірісін беттетпей кері қайтару деген сөз. Бұл жанталасып кейін шегіну, аласұрып алға ұмтылу деген сөз. Не жау сені жермен жексен етіп таптап кетуі керек, не жаудың бетін шиедей қылып сенің ілгері бастырмай ұстап тұруың керек. Мінеки, тосқауылға қалған бөлімшеге тағдырдың тартар сыйы осы. Екінің бірі, басқа ешқандай жол жоқ.

Бұйрықты алған күні түске дейін біздің жігіттер жаудың үш танкісін құртып, талай әскерін жер жастандырды. Батальон түстен кейін де олардың бірнеше атакасын тойтарды. Кешке қарай олар атакаға тағы әзірленіп жатты. Осы кезде маған мынадай бір батыл ой келді. Күн болса суық — отыз градус аяз. Бұлардың емешесі құрып тұрғаны кешке дейін осы Горюныны алып, түнде осында рақаттанып ұйықтап шығу ғой. Горюныны алса бұлар түнге қарай бәрі бір ілгері баспайды, жайбарақат жайлы төсекке жантаяды. Ендеше олардың осы атакасын тойтарғаннан кейін батальонды Горюныдан шығарып, орман ішіне шегіндірейін. Немістер келіп мұнда жайғассын. Сол кезде батальонның жұдырығын мықтап түйіп әкеп, бұларды қапыда қайтадан түйгіштейін.

Осы шешімге табан тірей бергенімде екінші бір күдік көлбең ете қалды. Берік жатқан батальонды орнынан тұрғызып сен қаша жөнелгенде, ол Горюныға қарамай, соныңа түсіп қуып берсе қайтесің. Онда сен қыстақты әдейі тастап, генералдың бұйрығын қасақана орындамаған боласың деді күдік. Жоқ немістердің өйтерлік шамасы жоқ. Олар Горюныға кірсе, одан аттап ілгері баспайды. Сонда оларды біз жақсылап жамсатамыз. Бұйрықты орындау деген қойған жерде қақайып қатып қалу емес қой. Ол бұйрықты әртүрлі маневр жасап та жүзеге асыруға болады. Біздің міндетіміз жауды осы арада кідірте тұру. Олай болса дұшпанмен ары итерісіп, бері итерісіп, теке тірес боп тұрғанша, оны жаңағыдай айла жасап, күйрете неге кідіртпейміз. Біздің мақсатымыз жаудың техникасы мен тірі күшін көптеп құрыта беру ғой. Сөйтсек бізге кім ұрысады. Қазақта «Апама да барайын, тайлағымды да үйрете келейін» деген нақыл сөз бар. Сол айтқандай, бұйрықты да орындасақ немістерді де ойсырата құртсақ бізге кім кінә тағады?

Ақыры, күдік жеңілді де, батылдық бел алды. Жаудың Кезекті атакасын тойтарғаннан кейін мен Горюныны тастап шығыңдар деп батальонға бұйрық бердім. Мұны естігенде Толстуновтың көзі бақырайып кетті.

— Мұның не, есің дұрыс па?— деді.

— Дұрыс, — дедім мен. Содан кейін оған ойымды айтып түсіндірдім. Алғашында ол менің көңіліме келген күдіктің сойылын соғып тұрды да, артынан:

— Жарайды, нар тәуекел. Бір іс бастаған екенсің, артын күтейік, — деді.

Сонымен біздің батальон тас түйін боп, Горюныдан шықты да, соның желкесіндегі орманға келіп кірді. Оны көрген немістер орыстар қашты деді де, алдарына екі танк салып, өздері төрт-төрттен сапқа тұрып, шұбалған ұзын колонна болып Горюнығ. ұмтылды. Дүрбімен қарап санап тұрмыз, шамасы төрт жүз қаралы адам. Олар деревняға жетісімен танктерін, зеңбіректерін тастай салып, үй-үйге сүнгіп кірді де кетті. Біраздан кейін көшеде бақыртып тауық шыңғыртып, шошқа қуып, мәре-сәре болды да қалды. Бұл кезде біз үш топқа бөлініп, деревняны үш жағынан қоршауға алдық та, олардың аузы ыстық асқа енді тие бергенде ойранды салып кеп жібердік. Екілене соққан үш топ немістердің күл-талқанын шығарды. Тура оларды жусатып салды. Танк зеңбіректер бір оқ шығармастан өңкиіп-өңкиіп кешеде қалды. Құтылса бір он шақты-ақ адам құтылып кеткен болуы керек, өзгесі тегіс құрыды. Сөйтіп біз екі танк, екі зеңбірек, толып жатқан арба, төрт станокты пулемет олжаладық. Үш штаб машинасы тола документтерімен қолымызға түсті. Толстунов мені құттықтап жатыр.

— Бұйрықты беруін берсем де, ойым орындалмай қала ма деп зәре-құтым қалған жоқ. Федя... Жігіттерге рақмет, — дедім мен.

III

Автор. Содан кейін не болды, Бауке?

Бауыржан. Содан кейін үй-үйді аралап жүріп, оларға жайғасқан жігіттерге рақмет айтып шықтым. Келе сала күйреген неміс батальоны штабының барлық документтерімен артындырып-тартындырып, өзім генералдың атына жауынгерлік ақпар жазып, түнделетіп батальон штабының бастығы Рахимовты дивизия штабына жөнелттім.

Түнде қатты ұйықтап кетсем керек, біреу иығымнан қозғап оятады. Атып тұрсам — Рахимов екен.

— Гусеноводан келдім. Ондағылар қатты қуанып қалды. Мынау Сізге жолдаған Серебряковтың хаты, — деп Хабиболла маған рапорт берді де, умарланған дәптер бетіне қызыл қарындашпен жазылған біздің дивизия штабының бастығы Серебряковтың хатын

қолыма ұстатты. Ашып оқып жіберсем, мынадай сөздермен басталған екен: «Жолдас Момышұлы! Генерал да, біздің барлығымыз да сіздің жұмысыңызға ризамыз...» Содан кейін генералдың асығыс түрде командашыға кеткенін, бізге рақмет айтып, алдағы уақытта да абыройлы болуға тілек білдіргенін хабарлапты. Мұндайда «қатыны ұл тапқандай қуанды» дейді ғой қазақ. Ал мен қатыным бір ұл емес, бес ұл тапқандай қуандым.

Сонымен, не керек, біз қасық қанымыз қалғанша жаумен күресіп, генералдың жоғарыдағы № 014 бұйрығын орындадық. Басқа бөлімдеріміздің жылжып, кейін шығып жайғасуларына жағдай жасадық. Біздің бұйрықты орындауымызға «Катюша» дивизионының командирі капитан Кирсанов, дивизия артполкының командирі подполковник Курганов пен артиллерия бастығы подполковник Марков ойдағыдай адамшылық, азаматтық, тіпті туысқандық көмек көрсетті. Олар шегініп, екінші позицияға ауысқаннан кейін біз жаумен тағы бір күн бетпе-бет арпалыстық та, үшінші күні қоршауда қалдық. Бізге көмекке берілген танктердің септігі тимеді. Олардың топас подполковник командирі бізге тек қорғаныста тұрыңдар деп айтқан деп, батальонға көмек бермеді. Мотоатқыштар батальоны бірінші күні бұғып жатты да, екінші күні ешкімге айтпастан кейін қарай шегініп, қашып кетті. Жау өтінде жалғыз қалған батальон қансырады. Сергей Танков сияқты ержүрек рота командирінен айрылдық. Ондаған асыл жігіттер опат болды. Батальон менің өз денем, өзімнің тұла бой, тұтас тұлғам еді. Оған тиген оқ, кірш-кірш кіріп, менің тәнімді де тілгілеп жатты. Оққа ұшқан әрбір солдатпен бірге өз денемнің де клеткалары қоса өліп жатқан сияқтанды. Енді маған батальонның қалған күшін шашыратпай, шумақтай жинап алып кейін шегінуден басқа жол қалмады. Генералдың бұйрығын орындадық. Ендеше батальонға ешкімнің ренжитін де, ұрысатын да жөні жоқ. Ендігі міндет, қоршауда қалдық деп ұнжырғаны түсірмей, батальонды найзалы винтовкадай кезей ұстап, жолыққан жауды жайратып етіп, дивизияға қайта қосылу болды. Біздің бөлімдердің тактикалық есеппен жоспарлы түрде қалдырып кеткен жерлерін иемдене ілгері ұмтылған немістерден қалыспай, қатарласа қозғалып бердік. Олар масайрап Волоколам тас жолымен келеді. Тас жолды қуалай созылған орман ішімен оларды мысықтай аңдып біз келеміз. Ойымыз мына немістердің алғы шепке дүмін тигізбей тұрып, өздерімен жағаласа барып, ілгері өтіп кету.

Соғыста солдат сорлыны аңдитын жау көп қой, қарағым. Оған алдан атылған оқ та, снаряд та, мина да, төбеден төгілген бомба да — бәрі жау. «Ордағы солдатқа оқ өтпейді» деп баяғыда комбриг Дотоль айтқандай, оқтан қорғанарсың, снарядтан сақтанарсың, бомбадан да құтыларсың. Бірақ солдатты құтқармайтын тағы бір жау бар. Ол — ұйқы. Қазақ атамыздың «ұйқы — дұшпан» деген даналық сөзін бала күнімізде ауылдағы ақсақалдарымыздың аузынан сан рет естісек те, соның мәнін ұғыппыз ба, қарағым. Оның мәнін соғыста бірақ ұқтық қой. Жалғыз бұл ғана емес, соғыс аталарымыздың талай асыл сөздерінің мағынасын ұқтырды бізге. «Ат басына күн туса — ауыздықпен су ішер, ер басына күн туса — етікпенен су кешер». «Балапан басына, тұрымтай тұсына», «Атадан ұл,

анадан қыз айрылып, көл қылып көздің жасын ағызамын» деген сияқты нелер сөздердің шындығын сездік қой сонда.

Сөйтіп, үш күн бойына немістердің артиллериясына алдырмаған, танктерінен тайсалмаған, бомбалауына болмаған батальонды әп-сәтте ұйқы өлтіріп кете жаздады. Немістермен жанталаса жарысып келе жатқан біз Гусеново орманының шетіне іліктік. Әрине, дивизия штабы бұрынғы орнында жоқ болып шықты. Дивизияның ізін шолып, бағдарын білуге шолғыншылар жібердік те, олар келгенше екі сағаттай демалуға ұйғардық. Әрбір он адамның алтауын ұйықтатып, төртеуін табандарынан тік тұрғызып қойдым. Сөйтіп бір сағаттан кезек ұйықтасын дедім. Бұған дейін өзім де ұйықтамай, ешкімді де ұйықтатпай аюдай ақырып келе жатқанмын. Өйткені жорық, ұрыс жезінде ұйқыға кеткен солдат — өлі солдат. Оны әке-көке деп ешқашан да оята алмайсың.

Колоннаны аралай шығып, бір үлкен ақ қайыңның қасына келіп, соның оқ тиген қабығын алақанымен сипап, иығыммен сүйене бергенім есімде. Қайыңның әппақ қабығын әйелімнің иығы деп ойлап қалдым ба, қайдан білейін, әйтеуір соған сүйене сала қор етіп ұйықтап кетіппін. Әйелді ойласаң-ақ қырсыққа қамалдың емес пе, ақ қайың мені құшағына алып, әлдилей жөнеліпті... Оқ алмаған солдатты ұйқы осылай үн-түнсіз байлап-матап ала қойыпты. Есіңде ме, Қобыланды батырды ұйқы жеңгенде жауларының жиналып келіп, байлап алатын жері бар еді ғой. Дәл сондай боп, батальон батыр да қолға түсіп қала жаздады.

Алғашында құлағыма алысырақтан пыр-пыр атылған автомат даусы келді. Ол өше қалған сәтте «өзі автомат па, пулемет пе» деп ойладым. «Неміс пулеметі дүңкілдей атылса керек еді. Біздікі сақ-сақ етіп зіркілдей жөнелуге тиіс. Екеуіне де ұқсамайды. Автомат болар» дедім. Сөйткенше болған жоқ әлгі үн сәл жақындай түсіп, қайтадан естілді. «Ә, автомат екен» дедім. Оған қарсы тіпті жақыннан қақала шығып, ұзағырақ безілдеген тағы бір үн шықты. «Бұл да автомат» деді санам. Дүбірлеп, дүркіреген аяқ дыбысы білінді. «Ат шапшаң», «аш көзіңді» деген таныс дауыстар естілді. Көзімді ашайын десем, аша алмаймын. Тұрайын десем, тұра алмаймын. Айналада не боп жатқанын білмеймін. Жақындағы дүбір ұзап барады, алыстағы автомат үні жақындап келді. Жақыннан шыңғырған әлде бір жылқының үні құлағыма келді. Көзімді ашып алып, жандәрмен орнымнан атып тұрдым. Жан-жағыма қарасам батальоным быт-шыт боп қашып барады. Үстеріне ақ халат киген бір взводтай неміс оларға оқ атып, маған қарай қаптап келеді. Таяу жерде тұрған кухнялардың жегулі тұрған аттарының біріне оқ тиіп, құлап түсіпті. Ол жанталаса артқы аяғын сермеп жатыр. Айналамнан оқ зу-зу үшкіріп өтеді. Төбе құйқам шымырлап, денем ағаш боп сіресіп қалған сияқтанды. Пистолетімді суырайын десем қолымда жан жоқ, дабыстайын десем аузым икемге келмейді. Біткен, құрыған деген осы екен деп ойлап, қададай қақшиып, мелшидім де қалдым. Сол сәтте:

— Кейін! Кейін жүгіріңдер, комбат қалып қойды! — деп ышқына айғай салған Толстуновтың үні құлағыма келді.

IV

Автор. Оның арты не болды, Бауке?

Бауыржан. Оның арты жүн-түтін атысқа айналды. Менің жанымнан оқ екі жаққа қарай ерсілі-қарсылы зымырады. Менде енді қозғалуға дәрмен қалмады. Көзім қарауытып, енді оқ тиеді-ау, енді құлаймын-ау деп тұрғанда батальон жақтан біреудің «ура!» деп айғай салған даусы шықты. Топ-топ дүрсілдеген аяқ дүбірі естілді.

— Ағатайым-ай, барсың ба? — деп ентіге жүгіріп, ең бірінші боп келіп мені Жалмұхамед Бозжанов құшақтай алды. Екеуіміздің де көзімізден жас ыршып кетті.

Ажал адамға әртүрлі бейнеде келеді. Оқ, от, су, аштық ауру болып аңдиды. Осылардың бәрін бірінен соң бірін соңыма салып, екі көзі екі тесік болып үңірейген қу бас ажал саудыраған саусағын маған қарай сан рет созып еді. Бұл жолы ол мойныма ұйқының арқанын лақтырып, бұлқынта буалдырық салған еді. Бірақ жауынгер серіктерім, адал достарым, болат батальоным мені бұл тұзақтан да құтқарып әкетті, қарағым. Бұл ұрыс не бәрі он минутқа ғана созылды. Алайда, осы он минут ішінде мен дәл бір он жылға қартайған шығармын деп ойлаймын.

Сонымен батальон қоршаудан шықты. Домна пешінің маңында болғаның бар ма еді? Басына киіз қалпақ киген болат қорытушы қазанда от боп балқып жатқан болатты қолындағы ұзын көсеуімен жан-жағына от шашырата көсеп-көсеп алмайтын ба еді. Руданың ерімей жатқан тұсын танып, оған көсеуін және сілтейді. Сөйтіп ол қолындағы көсеу арқылы қазандағы құрыштың тегіс балқуына көмектеседі. Жарқ-жұрқ жалын шашып, бұрқ-сарқ қайнап жатқан құрыш оттың ортасын сұңқылап-сұңқылап суырып алған ұзын көсеу сияқты, ұзын колонна боп шұбатылып орманнан шығып, біздің батальон 1941 жылдың 21 ноябрінде таңертең дивизия штабы тұрған деревняға қарай бет түзеді. Батальон қызыл оттан суырылған құрыш көсеу болса, онда басына киіз қалпақ киген болат балқытушы генерал Панфиловтың өзі деп ойладым мен ішімнен. Содан кейін осыдан бір ай бұрын, бес күн, бес түн қоршауда болып, 20 октябрьде батальонның дивизияға келіп қосылғаны есіме түсті. Сондағы генералдың алдымнан шығып, рапорт беруге мұршамды келтірмей алақанымды қос қолдай қысып, әкемдей еміреніп, шексіз қуанышпен қарсы алғаны көз алдыма келді. Иван Васильевичті бұл жолы да сөйтіп қуантамыз деп масаттандым көңілімді қуаныш кернеп.

Содан кейін жүріп келе жатқан саптың алдына Толстуновты қалдырып, өзім бүйірден тұрып, батальонға көз салдым. Жігіттерім рота-рота болып, еңселерін көтере ұстап,

аяқтарын адымдай басып келеді. Жол шетіне шыққан мені көргеннен кейін бойларын жиып, одан сайын ширақтана түсті. Өз роталарын бастап Ефим Филимонов, Семен Краев, Жалмұхаммед Бозжанов (оны Танковтың орнына тағайындағанмын) бара жатыр. Бір тұста фельдшер Киреев, лейтенант Борисов, аю денелі артиллерист Андреев кетіп барады. Әр жерден Курбатовтың, Синченконың, Хасеновтың төбелері көрінеді. Ең соңында кеше жігіттер байлаған бір танк олжасы бар аспаз Жан Пайзиев томпаңдап ол кетіп барады. Жаяулардың артынан атқа жегілген зеңбіректер, доңғалақты кухнялар, жаралылар тиелген арбалар ұзын көш боп шұбалып олар келеді. Соларға көз салып, сыртым сұсты көрінгенімен, іштей тебіреніп тұрдым. «Отқа салса күймейтін, суға салса батпайтын болат батальоным менің! — дедім өз-өзімнен күбірлеп. — Батыр жігіттерім, асыл азаматтарым, айналдым сендерден. Айналдым осындай ұл тауып, тәрбиелеген аналарың мен аталарыңнан сендердің!»

Деревняға жарты шақырым қалғанда алдымыздан бір салт атты шауып шықты. Тоқтатып жөн сұрадық. Бір бөлімшеге асығыс кетіп бара жатқан шабарман екен.

— Мынау тұрған Колпаки деген деревня, дивизия штабы осында, — деді ол. — Бірақ... генерал Панфилов қайтыс болған. Оның орнына Шелудько деген полковник командир боп келді.

Осы қаралы хабарды айтты да, ол атына қамшы басып жөнеле берді. Панфилов өліпті деген хабар тарағанда батальон дауыл шайқаған сансыз теректей теңселіп кетті. Арсаландап алыстан келген жолаушыға үйіне кіре бергенде «әкең өлді» деп естірткенмен бірдей болды бұл хабар.

Жаңа ғана екпінді келе жатқан біздің еңсеміз түсіп кетті. Бес жүз метр жерге сүйретіліп әрең жеттік. Батальонды штабтың қасына сапқа тұрғыздым да, баяндайын деп өзім ішке кірдім. Бұл жолы маған құшағын жая ешкім де қарсы шыққан жоқ. Штабта полковник Шелудько, дивизия комиссары Егоров және штаб бастығы полковник Серебряков үшеуі отыр екен. Мен Шелудькоға қарап:

— Жолдас полковник, 1073-ші полктың 1-батальоны генерал Панфиловтың тапсырмасын орындап, дивизияның қарамағына келді. Баяндап тұрған батальон командирі аға лейтенант Момышұлы, — дедім.

— Ihi... «генерал Панфиловтың тапсырмасын...», — деп полковник мені кекегендей боп езуін тыржитты. — Панфиловтың емес, Қызыл Армияның тапсырмасын деңіз, жолдас аға лейтенант.

— Маған бұйрықты Қызыл Армияның генералы Панфилов берді. Мен соны айтып тұрмын, жолдас полковник.

Егоров пен Серебряков мойындарына су кеткендей бұқиып, төмен қарады. Полковник езуін тағы бір тыржитты да:

— Батальонды өз полкыңызға апарып қосыңыз, — деді.

Мен штабқа аяғымды ширақ басып, жіті аяңдап кірген сияқты едім. Штабтан батальонның қасына келгенде әкенің өлгеніне көзі жетіп, оның қаңырап қалған қара шаңырағынан құр сүлдері шыққан жолаушы жігітке ұқсадым. Өткен жолы дәл осылай қоршаудан шығып келгенімізде Панфилов батальонды алдымен дивизия штабының басында тамақтандырып, жігіттерге жылы сөз бен алғысын айтып, содан кейін полкке жөнелтіп еді. Бұл жолы олай болмады. Екі күннен бері нәр татпаған жігіттер ішектері шұрылдап, полкке дейін тағы да он шақырым аш салпақтайтын болды. Соған ашуландым ба, әлде жігіттерді ширатайын дедім бе мен оларға құшырлана қатты айғайлап команда бердім:

— Батальон! Оңға! 1073-ші полктың штабына қарай қарыштаңдар! — дедім де, өзім Толстуновтың қасына келіп, онымен қатарласа аяңдадым. Осымен бәрі де түсінікті болды. Ұрыстан қалжыраған, ұйқыдан қажыған, әрі ашыққан азаматтар қыңқ етпестен соңымнан ілесіп жүре берді.

Ал полктегілер бізді әлдеқайда жылы қарсы алды. Полк командирі майор Елин мен комиссар Логвиненко бізді салтанатпен қарсы алмақ боп, алдымызға бір ротаны тізіп құрметті қарауыл қойыпты. Мен батальонды тоқтатып, оңға бұрып, сапты тегістеп болдым да, қатар тұрған ол екеуіне рапорт бердім.

— Жолдас командир! Жолдас комиссар! Сіздердің қарамақтарыңыздағы полктың бірінші батальоны генерал Панфиловтың тапсырмасын орындап, қайтып келді, — дедім.

Полк командирі Елин менің рапортымды қабылдады да, қатты сілкіп қолымды қысты. Комиссар Логвиненко «Командир саған қолын ғана берді. Міне менің сені қалай құрметтейтінімді көрдің бе?» дегендей, қапсыра құшақтай алып, екі бетімнен кезек сүйді. Содан кейін тоқталмастан сөз сөйлеп кетті. Сөйлей білетін зар жақ кісі еді. Бізді Панфиловтың тапсырмасын абыроймен орындап келгенімізбен құттықтап, жұртты ұйытып тастады. Сендерді өліп қалды деп есептеп едік деді. Арасына Жамбылдың «Ленинградтық өренім» атты өлеңінің жаттап алған бір шумағын да қыстырып жіберді. Панфиловтың дәстүрін сақтайық деп келді де, дереу «Жаңа командирдің басшылығымен жаңа жеңістерге жетейік», «Жана командир бізге былай деді», «Жаңа командирдің салиқалы нұсқауы әрқайсысымыздың жадымызда болсын» деп екінші әнге көшті. Ең соңында ол бізге Панфиловтың 18 ноябрьде қаза болғанын естіртті.

Мінеки, ол бұйрықтың тарихы осылай, қарағым.

V

Автор. Рахмет, Бауке. Бұл әңгіме полк командирі кезіңізде Сізге дивизия командирі өзі қол қоймай комиссар мен штаб бастығына қол қойдырып жіберген бұйрықтан шығып кетті ғой.

Бауыржан. Иә, мен Панфиловтың батальон командиріне берген бұйрығына да өзі қол қоятынын айттым.

Автор. Айтпақшы Панфиловтың осы бұйрығына байланысты Сізге бір айтайын дегенім бар еді.

Бауыржан. Айтқын.

Автор. Осы бұйрықтың көшірмесін Сіз «Генерал Панфилов» атты кітабыңызда келтіргенсіз, Бауке. Бірақ құйрықтағы «Матренинода 50 км шеп құрып жатыр» деген сөз кітаптың 112 бетінде «Матренинода номері жоқ атқыштар дивизиясы (ед) шеп құрып жатыр» деп қате кетіпті. Сол сияқты Покровское деген село — Мокровское, 768 артполк — атқыштар полкі болып жүр. Әрине бұл Сіздің емес, Сізге көмекші ретінде бұйрықтың көшірмесін салыстырып оқыған адамның кінәсі. Ол қатені Сіз генерал Доватордың атты әскер корпусына қарайтын 50 кавдивизия екенін білмегендіктен жіберді деп отырғаным жоқ, Бауке. Кітабыңыздың кейінгі басылымында мұндай тарихи деректердің дұрыстығын ескеруіңіз керек дегенім ғой. Оның үстіне фото көшірмеде оның қандай дивизия екені көмескі шығыпты, «д»-сы айқын да, оның алдындағы әрпі адам танығысыз.

Бауыржан. Оны сен қалай айқындадың?

Автор. Менің қолымдағы архив көшірмелерінде «Волоколамск операциясы» деген документ бар. 16 армия оперативтік бөлімінің 1 бөлімшесінің бастығы майор Соколов қол қойған сол документте Москва түбіндегі 1941 жылы 14 октябрьден 16 ноябрьге дейінгі ұрыстардың қысқаша сипаттамасы берілген. Сонда бұл ұрыстарға 50-ші кавдивизия мен 786-шы артполктың қатысқаны көрсетілген.

Баукең маған сүзе қарады да, үндемеді. Бұл кісі маған иланбай отыр ма деп ойладым да, сөзімді әрі қарай жалғадым.

Автор. Бауке, бұл Қорғаныс Министрлігінің архивінен алынған документ. Сенбесеңіз өзіңіз қарарсыз: «Ф. 16 А. ОП. 5916, д. 54-57, л. 1-4».

Бауыржан. Өй, сен өзің документшіл екенсің ғой.

Автор. Жұрт Сізге өтірік айтсаңыз да сенеді. Ал маған документ болмаса кім сенеді, Бауке?

Бауыржан. Сонда сен мені өтірікші демексің бе?

Автор. Жоқ, Бауке, жай әшейін сөздің сірәғысы ғой.

Баукең менің бұл сөздерімді тыңдаған жоқ, әлде не ойына түсіп кеткендей, басын төмен салып, үнсіз отырды. Сәлден кейін барып еңсесін көтерді.

Бауыржан. Иә. Генерал Доватор генерал Панфиловтан бір ай кейін қаза тапты. Екеуі де ел үшін еңіреп туған ер еді. Екеуі де жас кетті: Панфилов қырық сегізінде, Доватор отыз сегізінде опат болды.

Автор. Сол ерлер қорғаған өмірдің рақат, қызығын қазіргі жастар керіп жатыр.

Бауыржан. Жастар әкелердің қанымен келген рақатты қадірлей білсе екен. Елді, жерді сол ерлерше сүйіп, Отан үшін отқа түсуге әзір бола білсе екен... Ал, жарайды. Менің бір күдігім болып отыр.

Автор. Қандай, Бауке?

Бауыржан. Сен оқушыңды жалықтырып алып жүрмес пе екенсің деген.

Автор. Себеп?

Бауыржан. Өйткені екеуіміз сәл бүйректеу әңгімеге түсіп кеттік. Біздің бүгінгі әңгіміміздің желісі Чистяков туралы емес пе? Енді соған оралсақ деймін.

Автор. Құп, Бауке.

Бауыржан. Жоғарыда Нахабино селосынан Чистяковпен жүздескеннен кейін қатты тебіреніп қайттым дедім ғой. Рас, Панфилов өлгенде мен өзімді де, дивизияны да бақытсыз екен деп ойладым. Сол ойда ұзақ жүрдім. Оқ пен оттың ішінде жүрген екі ай — аз уақыт емес, қарағым. Енді міне дивизияға командир болып Чистяков келді. «Жоқ біз бақытсыз емес екенбіз» деген қорытынды жасадым. Солдаттың бақыты дегеннің не екенін түсінесің ғой сен. Ол командирден қатын әпер демейді, пәтер сұрамайды. Немесе мені не кандидат, не доктор етіп, ақшамды көбейт, қызметімді жоғарылат демейді. Оған тек қана бейіл, ықылас, адамгершілік қатынас қажет. Қатесі болса қатты айтқанға солдат ешқашан да ренжімейді. Бірақ кемшілігімді қорламай көрсет дейді. Бұйрығыңды дұрыстап беріп, өлімге айдасаң да жылы қабақпен жұмса дейді. Міне, оның бақыты осы. Ал командирін шын сыйлаған солдат жаудан жеңілмейді, өлімді де жеңіп шығады. Өйткені оның бойында бұйрықтың күші ғана емес, ар мен ұяттың, командирге, қолбасшыға деген сүйіспеншіліктің күші қоса жүреді. Бұл жеңіс үшін аса қажетті фактор. Суворовтың, Кутузовтың солдаттарының жеңімпаз болуының негізгі себебі осында жатыр. Ал жүздеген, мыңдаған жауынгерге өзіңді жақсы көрдіру оңай іс емес, қарағым. Оған ең алдымен ақыл, қайрат, адамгершілік қажет.

Ал енді мен саған дивизияға Чистяков келген кездегі жалпы жағдайды айтып түсіндірейін. Мұны жазасың ба, жазбайсың ба — өзің біл.

Автор. Айта беріңіз, Бауке.

Бауыржан. Өзің білесің, Ұлы Отан соғысының алғашқы дәуірі күрделі-күрделі екі кезеңге бөлінеді ғой. Оның біріншісі — 1941 жылдың июнь — ноябрь айлары. Бұл Совет Армиясының стратегиялық қорғаныс жасай отырып, фашистердің Совет Одағын «тұтқиылдан» талқандап жібереміз деген жоспарын күл талқан етуі. Гитлер армиясының емес, оның жоспарының күйретілуі, түсінікті ме? Екінші кезең —1941 жылдың декабрі мен 1942 жыл апрелінің арасы. Бұл біздің әскерлеріміздің қарсы шабуылға шығып, басқыншыларды батысқа қарай тырқырата қуған шағы. Міне осы екі кезеңде де біздің дивизия белсене ат салысты. Алғашқысында оны генерал Панфилов, соңғысында генерал Чистяков басқарды. Панфиловтың жаңағы № 014 бұйрығына байланысты әңгімелер сол бірінші кезеңнің — Москваға қарап шабынып бой бермей келе жатқан қаңтардың қара бурасын тізеден, тірсектен ұрып тоқтатып, оны шөгуге мәжбүр еткен кездің оқиғалары. Картадан хабарың болса, көзіңді сал, — Баукең таяғын алып, қабырғада ілулі тұрған жалпақ картаны нұсқады.

— Мынау үлкен жұлдыз ғой Москва. Біздің жеті майданымыз Москваға иығын тіреп тұрып жаумен шайқасты. Олар: Ленинград, Волхов, Солтүстік-Батыс, Калинин, Батыс, Оңтүстік Батыс, Оңтүстік майдандары деп аталды. Неміс әскерлері осы жеті майданға қарсы үш топқа бөлініп шабуыл жасап келе жатты. Олар «Солтүстік» армияларының тобы, «Орталық» армияларының тобы және «Оңтүстік» армияларының тобы деп аталды. Бір кезде Наполеон Россияға шабуыл жасағанда осындай үш бағытты белгілеп алып: «Егер Киевті құлатсам онда Россияны аяғынан алғаным; егер Петербургты басып алсам, онда басынан жұлмалағаным; ал Москваны алсам, онда Россияның жүрегін шұқып жегенім» деген еді. Гитлер тұтқиылдан соның үшеуін де бірден алып, Наполеонға ұқсаймын немесе ұстазымнан да озып түсемін деп ойлады. «Мысықтың көзін ашпаған баласы арыстанға қандай ұқсаса, Гитлер де Наполеонға сондай ұқсайды» деп Сталин оны тірі күнінде-ақ өлтіріп салған болатын. Міне, Москваға отыз бес шақырым қалғанда біз тізеден соғып тоқтататын қара бура Гитлерді Наполеон дәрежесіне көтеруге тиісті сол «Орталық» армияларының тобы еді. Сонымен қатар оңтүстік пен солтүстіктегі ана екі бура да жеткен жерлеріне шөгіп-шөгіп қалды. Ендігі міндет сол шөгіп жатқан есірік бураларды түрткілеп орындарынан тұрғызып, бастарын кері бұрғызып, келген жақтарына қарай айдау еді. Айдағанда сойыл шоқпарды үсті-үстіне салып, олардың енді кейін бұрылуға мұршасын келтірмеу қажет болды. Сойыл, шоқпар деп отырғаным бомба, снаряд, мина екені түсінікті ғой. Міне бұл міндет ең алдымен, ағайынды тоғыз батыр тәрізді советтік тоғыз майданның үшеуіне: Батыс (командашысы Г. К. Жуков), Калинин (командашысы И. С. Конев), және Оңтүстік-Батыс (командашысы С. К Тимошенко) майданына жүктелді. Бұлар қарсы

шабуыл жасап, жауды Москва түбінен желкелеп қууға әзірленді. Бұл үш майданның қарамағындағы армияларда сегіз жүз мыңға жуық адам, 6808 зеңбірек пен миномет, 782 танк және 545 самолет болды. Ал Москва түбіне келіп тірелген жаудың адам саны біздікінен — 1,25 есе, танктері — 2,2 есе, зеңбірек пен минометтері — 2,1 есе, ал самолеттері—1,7 есе көп болатын.

Оның есесіне біздің әрбір солдаттың көкірегінде жауға деген түпсіз өшпенділік, Отанға деген мәңгілік махаббат, командирге, Қолбасшыға деген шексіз сүйіспеншілік бар еді. Орысша мұны ненависть, любовь и преданность деп атайды. Бұл үшеуіне жаудың ешбір қаруы тең келе алмайды және ешбір жау көкірегінде осы үш өзгеше қаруы бар солдатты ешқашанда жеңе алмайды. Жаздың ба? Менің үш топқа бөлініп Москваға қарай ұмтылған жау әскерлерін кісіге қарай шабатын құтырған үш бураға, біздің тоғыз майданды тоғыз батырға теңеп және басқа да мақал, нақылдар шығарып айтып отырған себебім сенің оқушыларыңа түсініктірек болсын дегенім. Әйтпесе бұл тұсың, кафедрадан оқылған кезекті лекция сияқты көңілсіздеу болады.

VI

Автор. Бауке, оттан ұшқан ұшқын тәрізді болып, Сіздің ауызыңыздан теңеу, нақыл, метафора дегендердің жарқ-жұрқ ұшып жататынына таң қаламын. Және Сіз осыншама оқиға, цифрларды қалай өлеңдей етіп жаттап алғансыз?

Бауыржан. Комплиментті қатындар жақсы көреді. Сен соларға айтқын мұныңды. Ал мен әскери академияда лекция оқыған кісімін. Түсінікті ме саған?

Автор. Түсінікті.

Бауыржан. Түсінікті болса ары қарай кеттік. Сөйтіп, біздің әскерлердің Москва түбіндегі қарсы шабуылы 1941 жылдың 5 - 6 декабрінде басталды. 1942 жылғы январьдың басында Москва түбінен басталған бұл қарсы шабуыл Совет Армиясының жаппай шабуылына ұласты. Тоғыз батыр түгелдей білекті сыбанып тастап, немістерді оқпен осып, отпен үйтіп, бомбамен желкелеп, келген жағына қарай қуды. Ол кездегі жағдайға жалпы шолу осы. Осы тұста генерал Чистяков келіп біздің дивизияның тізгінін қолына алды.

Сөйтіп біз «қара бураны» қаумалап кейін қарай айдап келе жатырмыз. «Қара бурада» бұрынғы хал жоқ. Москва түбіне келгенде бейіттің құлағындай серейіп тұрған екі өркеш майысты. Қыршаңқы болғандай, әр жерінің жүні де түсе бастады. Кешегі жер сызған шудадан желкілдерлік ештеңе қалмады. Сонда да ол артынан келе жатқандарға айбат шегеді. Кейде кісіге жынын шашып тоқтап қалады. Кей күндері қарсы шөгіп жатып алады. Екі көзі шатынап, тістері сақырлап, қозғалмастан қатып қалады. Екі-үш күн әуреленіп, оны

орнынан әрең тұрғызамыз. Қайткенмен буранның аты бура емес пе — тақап барсаң тарпып тастайды: алдынан өтсең шайнап жібереді...

Москваға тақау келіп өмешесі құрып сіресіп жатқан жауды біздің әскерлер қуатты соққымен декабрьде желкелеп кейін қарай қуғаннан кейін, сәл күш жинап, қатарына жаңа жауынгерлер қабылдап үлгірген біздің дивизияны Чистяков қабылдай сала Валдай қаласына бастап келді. Біз Батыс майданынан, ортадағы Калинин майданының белін аттап өтіп, Солтүстік-Батыс майданының қарамағына келдік. Осы жерде жаңадан жасақталып жатқан 2-ші гвардиялық атқыштар корпусының құрамына кіріп, жауынгерлік тапсырма алдық. Командование 8-ші гвардиялық дивизияға осы арадан жау шебін бұзып өтіп, қалың жаудың ортасына үңгілеп кіріп ілгері баруға бұйрық берді. Бұрын жау бет алдымызда ғана болушы еді. Енді төрт құбыламыз тегіс араның ашқан дұшпан болды. Оның үстіне қылт еткен қараңды көрсе неміс құзғындары қаптай ұшып келіп, бомбамен төбеңнен және құй қазады. Біздің міндетіміз жау қоршауында жүз километр шабуыл жасап, алдымен Старая Руссаны немістерден босату. Одан соң тағы жүз километрге ырғып, Холмды алу. Сөйтіп біз, үлкен қаптың ішіне кірген жолбарыстай боп, алға қарай жылжып бара жаттық. Бұл қолыңа қылыш ұстап, жолдағысын жайпап құжынаған жыланның ордасын қақ жарып өтумен парапар еді. Қаптаған жаудың қалың ортасына кіріп алып, шабуыл жасап ілгері басу ешбір елде, ешбір тарихта болмаған оқиға. Осы аса жауапты міндетті Жоғарғы Баскомандование қаһарман 8-ші гвардиялық дивизияға жүктеді. Бұл жорық бізге оңайға түскен жоқ. Қырық градус қылшылдаған аязда, орман ішіне үйілген омбы қарды белуардан кешіп отырып, немістерді бекініп жатқан жылы орындарынан қозғау оңай болып па. Екі жүз шақырымға созылған бұл жорық Суворов әскерлерінің Альпы тауларынан асуы немесе Кутузовтың Бородино шайқасынан кем болған жоқ. Сонау Балтық теңізінен Қара теңізге дейін созылған ұлан-асыр майданда Совет Армиясы құрамаларының алдынан неше алуан ауыр асулар кездесті ғой. Оған ешкімнің дауы жоқ. Ал Валдай— Старая Русса — Холм жорығы біздің 8-ші гвардиялық дивизияның өз Альпысы, өз Бородиносы болды, тіпті ол бүкіл Совет Армиясының Альпы-Бородиносы болды деп батыл түрде айтуға тұрады. Олай болса дивизия көлеміндегі біздің кішкентай Суворовымыз да, Кутузовымыз да генерал Чистяковтың өзі болды. Бұл сөзді мен жағымпазданып айтып отырғаным жоқ. Қазір ол кісі отставкада, мен армиядан кеткелі әлдақашан. Несіне жағымпазданайын. Және осы уақытқа дейін ешкімге жағымсынып көрген емеспін. Мен сол кездегі болған шын жағдайды айтып отырмын. Өлген генералиссимус пен фельдмаршалдан тірі генерал артық деген сөз емес бұл. Сен түсін мұны. Әйтпесе Бауыржан да жағымпаз екен деп жазып қойып жүрерсің бір жерге. Жоқ, одан аулақпын. Жақпасаң да жағымпаз болма. Мен осының кісісімін. Ал Чистяковты сәл-пәл Суворов пен Кутузовқа ұқсатсам, оның адал еңбегіне берген бағам бұл. Одан Суворов пен Кутузовтық ештеңесі де кеміп қалмайды. Олардың есімі Отандық тарихымыздың төрінде бірі ұлы, бірі данышпан қолбасшы ретінде мәңгі жарқырап тұра береді. Ал Чистяков ұлы да, данышпан да қолбасшы емес. Ол не бары адал коммунист, Отанның қажырлы солдаты ғана. Сондықтан да ол осы ғаламат қиын іске иығын тосты.

Өзің ойлашы, саған мыңдаған адамның тағдырын қолыңа ұстатып, мына темір коридорға кір де, оның ар жағындағы темір қабырғасын тесіп өт десе, барар ма едің бармас па едің? Бұйрық болғаннан кейін барсаң барарсың да. Бірақ, адамдардың обалына қалмай оларды ары қарай алып шыға аласың ба, жоқ па? Әңгіме осында ғой. Сондықтан да ол осы екі жүз шақырымдық жорықта солдаттармен иық тіресіп қатар жүрді. Әрқашан да алдыңғы шептен табылды. Қай жерде қиыншылық сезілсе, сол жерге шапқылап өзі барды. Түнде түні бойы көз ілместен отырып, қолға түскен тұтқындардың берген жауаптарын тыңдады. Оның шындығын барлаушылардың жау тылынан әкелген ақпарларымен салыстырды. Өстіп, көрер таңды көзімен атқызып, ертеңгі ұрыстардың дұрыс шешімін табуы, қателеспеуі керек. Мұнда сағат сайын сөйлесіп, кеміңді көрсетіп, жөніңді түзеп беріп отыратын майдан немесе армия командашысы жоқ. Сол екеуінің ойлайтынын жалғыз ойлап, олар қабылдайтын шешімді жалғыз табуың керек. Ал Чистяков болса, мұз жарғыш кеменің капитаны іспеттеніп, жан-жақтан, төбеден жауған оқ астында қасқая қарап тұрып дивизияны ұрыспен алға бастады. Қасымда командашы жоқ деп қысылмады. Оның есесіне ол қарамағындағы офицерлермен үзбей ақылдасып отырды. Кейде ол бізге қарап: «Менің кіші академиям сіздерсіздер ғой. Ал сіздер не айтасыздар?» деп әзіл тастап, күлімдеп те қоюшы еді. Олай дейтіні Иван Михайлович Бас штабтың академиясында оқып жүргенде соғыс басталып кетіп, содан майданға келген кісі ғой. Міне осы жорық кезінде солдаттар мен офицерлер оны «екінші Панфилов» деп атады.

Панфиловтың атына дақ түсірмей, оның дәстүрін дивизия арының туы деп біліп, жоғары көтере ұстады да, Чистяков оны тағы бір даңқты жолға бастады. Бірінші февральда дивизия Валдай — Старая Русса тас жолына шықты. Үшінші февральдың екпіні атты кісіні құлатарлық боранды түнінде 1075 және 1073-ші полктардың алғы батальондары тас жол бойындағы немістердің алғы шебіне жетті. Олар кідірместен ұрысқа кірісіп, Бологое — Старая Русса темір жолын кесіп тастады. Осыдан кейін Красикове, Брагино, Козырево, Фильшево сияқты ондаған деревняларда осындай қиян-кескі ұрыстар болды. Солардың бәрінен немістерді сырғыта айдаумен келіп, дивизия жаудың Старая Русса қорғанысын талқандады. «Қара бура» жығылған өркештері салаңдап, енді Холмға қарай қашты. Оны қақпалап қуалай отырып, екі жүз километрлік ерлік жорығын аяқтап, Холм қаласының түбінде Калинин майданының 3-ші екпінді армиясына келіп қосылды.

Ең алғаш Нахабино селосында көрісіп, қауышқаннан кейін, осы жорық үстінде мен Чистяковпен бірнеше рет кездестім.

Дивизия ең алғаш дұшпанның шебін бұзып, жолбарыстай атылып жау тылына өтер түні біздің полктың алдына қойылған міндет Ново-Свинухово қыстағын басып алу еді. Немістерді маңдайдан және екі бүйірден соғып, қатты ұрыстан кейін қыстақты тартып алдық. Оқ атылған жерде өлім аз болмайды. Қыстақта кәперсіз жатқан немістер қатты қырылды, азын-аулақ бізден де шығын болды. Таң ата немістердің ең соңғы тобын деревня

аузынан желкелеп шығарып жатқанымызда кенеттен генерал келіп қалды. Тұлғасына Қиыр Шығыстан көзім қанғандықтан басына солдат құлақшынын, үстіне қоңырқай шинель киген, аяғында қалың ұлтанды шаруа етігі бар орта бойлы, тығыршық денелі төртбақ адамның генерал Чистяков екенін бірден таныдым. Жан-жағына жіті көз салып, асықпай аяңдап келе жатқан генералдың алдынан шығып, рапорт бердім. Полктың бұйрықты уақытында орындап, қыстақты алғанын айттым.

— Шығын жоқ па? — деді генерал.

— Азын-аулақ бар, жолдас генерал.

Комдив қабағын шытты.

— Бұл жауабыңыз маған ұнамайды, — деді ол. — Азын-аулақ емес, бір де жауынгерден айырылмауыңыз керек. Біз көрші ауылға тойға кетіп бара жатқанымыз жоқ жолдас капитан. Біз қалын жаудың ортасына кіріп ойран салуға кетіп барамыз. Қазір осы деревнядан ілгері аттағаннан кейін, жол тарта топырақ сүзген бульдозердің ізіндей болып, артымызда тар коридор пайда болады. Корпус біздің соңымыздан ілесе сол коридорға кіреді де өзге құрамалардың күшімен екі жақ бүйірімізді шегендеп отырады. Біздің міндетіміз корпусқа жол ашып, тоқтаусыз ілгерілей беру. Ол үшін бізге өз күшімізді сақтай білу керек. Өйткені бізге сырттан келіп қосылар бір де солдат болмайды.

— Кінәлімін, жолдас генерал, — дедім мен комдивтің орынды ұрысқанына өзге жауап таба алмай.

— Сіздің кінәңіз мынада, жолдас Момышұлы. Сіз жауды, жалынғандай боп, деревнядан қолынан бір-бірлеп жетектеп шығардыңыз. Сіз құтқарып қоя берген жау ертең алдыңыздан шығып, рақым жасайтындай көрдіңіз. Фашистерден бізге ешқандай рақым болмайды. Сондықтан оларды қоршап алып, құртып жіберуіңіз керек еді.

— Ақылымыздың жеткені осы болды, жолдас генерал. Мен жіберген бір топ әскер мына қалың қарда омбылап жаудың желкесіне шыққанша таң атып кетеді деп ойладым.

Генерал көзін шүйіре қалып, жау кеткен жаққа назар салды. Оның ойланғанда өстетіні де маған бұрыннан мәлім. Содан кейін сәл басын изеді де:

— Шығынсыз соғыс болмайды ғой, — деді. — Бірақ оның орынды, орынсыз деген екі түрі болады. Әрине, біз үшін соның екеуінің де болмағаны жақсы. Мен сондықтан айтып жатырмын. Мына қалың қарда қоршау қиын да болған шығар. Бірақ болашақта осы әдісті кен қолдануымыз керек, жауды қоршап алып құртып отыру қажет. Осы есіңізде болсын. Бүгінгі ұрысты өзіңізге бір сабақ деп қабылдаңыз. Келесі жолы содан қорытынды шығаратын болыңыз.

Генералдың маған жорықта жасаған бірінші ескертпесі осы болды. Бұған мен шамданғаным жоқ. Қайта ақылын айтқаны үшін разы боп қалдым. Бәсе, бұл кісі осындай адам болса керек еді ғой, деп көңілденіп, полкімді ілгері қарай бастадым.

VII

Автор. Бауке, Сіз ол кезде 1075-ші полк командирінің орынбасары емес пе едіңіз? Полкті Сіз басқарып жүрсеңіз Капров қайда болып еді?

Бауыржан. Орынбасар екенімді қайдан білесің?

Автор. Архивтен алынған документтерден. Өзіңізге берілген куәліктен білемін.

Бауыржан. Қандай?

Автор. Міне, мынадай. Мен Сізге оқып берейін.

«КУӘЛІК»

«Осыны ұсынушы Бауыржан Момышұлы Қызыл Ту орденді 8-ші гвардиялық атқыштар дивизиясында тұрақты әскери қызмет атқарады».

Осыдан кейін бұл куәліктің «Қызмет бабы және әскери атағы» деген тұсына мынадай мәліметтер жазылыпты:

1) 26. II. 1941 ж. 1073 атқыштар полкының командирі, аға лейтенант.

2) 10. 12. 1941 ж. 1075 атқыштар полкы командирінің орынбасары, аға лейтенант.

3) 23. 2. 1942 ж. 1073 атқыштар полкының командирі.

Тағы да қандай мәліметтер бар дейсіз ғой. Айтайын. 1910 жылы 24 декабрьде Оңтүстік Қазақстан облысы Жуалы ауданының Көлбастау ауылында туыпсыз. Әйеліңіз бар екен. Аяғына «Б. Момышұлы» деп латын әріптерімен қол қойыпсыз. Бұл куәлік мерзімі алғашында 1941 ж. 13 декабрьге дейін, одан соң 1942 ж. 24 декабріне дейін, одан соң 1943 ж. 18 майына дейін үш рет ұзартылған.

Онда Сіздің 1942 жылы 6 июньде Калинин майданы әскерлеріне арналған № 0196 бұйрық бойынша Қызыл Ту орденімен наградталғаныңыз, 1942 жылы 27 августа Сізге 2-ші гвардиялық атқыштар корпусы бойынша жарияланған № 157 бұйрықпен «Гвардия» значогы берілгені көрсетілген.

Және әскери атағыңыздың қашан, қай дәрежеге көтерілгені туралы да деректер бар. Батыс майданы әскерлеріне арналған № 0413 бұйрық бойынша 1941 жылы 19 декабрьде

капитан, Калинин майданы әскерлеріне арналған № 0146 бұйрық бойынша 1942 жылы 10 майда майор, ал Қорғаныс Халық Комиссариатының № 06 190 бұйрығы бойынша 1942 жылы 2 октябрьде подполковник болыпсыз. Дұрыс па?

Бауыржан. Дұрыс. Бірақ біз Валдай түбінен шабуылға шыққанда полковник Капров жараланып, шанада келе жатқан болатын. 1075-ші полкты бұл жорықта тікелей мен басқардым.

Автор. Артынан 1073-ші полкке қайтадан командир болдыңыз ғой.

Бауыржан. Иә.

Автор. «Москва үшін шайқас» документке негізделген дүние болғанымен бір жағынан көркем шығарма ғой. Сол себептен де Сіз онда аз уақыт орынбасар болғаныңызды айтпағансыз ғой, тегі.

Бауыржан. Иә. Оның өтірігі жоқ қой.

Автор. Өзгелер үшін өтірігі жоқ. Мен барлық документтерді салыстыра оқығандықтан сұрап жатырмын ғой.

Бауыржан. Сөйтіп, жаудың тылында жортып келе жатырмыз. Кей күндері бірнеше қыстақты бірден алып жібереміз. Қолға түскен тұтқындардың айтуына қарағанда немістер қатты үрейленіп қалса керек. Бір взвод немесе рота емес, өздерін бақандай бір дивизия ту сыртына шығып алып желкелеп келе жатса қалай қорықпасын! Оның үстіне бұл Москва түбінде атағы жайылған 8-ші гвардиялық дивизия екені олардың тіпті зәрелерін алады. Жолдағы гарнизондар мен бөлімшелердің осы маңда зоопарктан шығып кеткен арыстан жүр екен деген қорқынышты хабар естігендей, аза бойлары қаза тұрады. «Сақтаныңдар, Панфиловтың «тағы» дивизиясы келе жатыр» деп, олар жан-жақтарына жар салады. Москва түбінде немістердің аузын әлденеше рет қан жалатқандықтан фашистер біздің дивизияны осылай, «тағы» дивизия деп атаған ғой. Олар біздің артымызда бүкіл корпус келе жатқанын, біздің дивизия сол корпустың авангарды екенін қайдан білсін.

Осылай, жолдағы жаумен жағаласа жорық жасап келе жаттық. Бірнеше қатерлі күндер мен түндер өтті. Алғашында шашырай жүреміз деп шаршауымыз көп болып еді. Артынан оның да әдісін таптық. Алға шаңғы мінген шолғыншыларды, ақ маслихат киген тосқауылшыларды жөнелткеннен кейін колонна болып жаяулар қозғалады. Жаяулардың алдына саперлер шығып, колонна өтетіндей етіп жолда кездескен ағаштарды кесіп отырады. Колоннаның алдына кезекпен сегіз жауынгер шаңғысыз қатарласа шығып, қалың қарды омбылап із салады. Олар кезекпен жүз-екі жүз метр сайын алмасып отырады. Одан артыққа адам шыдамайды. Нелер атпал азаматтардың жүз метрден кейін булары бұрқырап шыға келеді. Содан кейін оларды жаңа жігіттер алмастырады. Олар шаршаған кезде полк

комсоргы Балтабек Жетпісбаев бірнеше жігіттерді ертіп алып, алға өзі түсуші еді. Балтабек дегеніңіз таудай кісі. Қалың қарды бұрқыратып аршындай адымдағанда қайраттың көкесін сол көрсететін еді. Қасындағы жігіттері де одан қалыспайтын. Кейіннен білдім Балтабек сонда Төлеген Тоқтаров, Жұмажан Батталов, Жүніс Нұрбосынов, Қайырбек Жүнісов сияқты бірнеше ер жігіттерді қасына ертіп алған екен ғой. Ол жігіттер қалың қарда малтығып келе жатқан колоннамызды басы ғана болған жоқ, сол жорықтағы абыройымыздың да алды болды. Олардың көпшілігін осы жорықта ерлікпен қаза тапты. Сол сияқты Мәлік бастаған шаңғышы автоматшылар тобы колоннаны қызғыштай қорғап, біресе алға, біресе артқа ұмтылып, жұлдыздай ақты. Шынында да солардың бәрі, айналып кетейіндер, жұлдыздай жарқырап тұрған жандар еді. Көпшілігі қыршын кетті ғой есіл ерлердің!

Орман ішінде полкты бастап келе жатып, генерал шақырады деген хабар алдым. Ақбоз атты ызғытып, Васильево қыстағындағы генерал отырған үйге келдім. Кірсем генерал картаға қатты үңіліп қалған екен. Келгенімді айтып, сәлем бердім. Генерал адьютантына ас алдырды. Осы күнгі жастардың үстелге отырғанда кітабын ала келіп, астан анда-санда бір алып, кітапқа қадала отырып тамақтанатыны сияқты, комдив те біресе шай ұрттап, біресе картаға қараумен болды. Содан соң ол менің назарымды да картаға аударды.

— Мынау Демянск деген қала, — деді генерал картаны саусағымен нұсқап. — Біз жаудың 16-армиясын осы қалада қоршауға түсіруді көздеп келе жатырмыз. Ол үшін біз Холмға солтүстіктен, Калинин майданының әскерлері оңтүстіктен келіп тоғысуы тиіс. Сөйтіп Холмда қаптың аузын бууымыз керек. Ол арғы міндет. Ал бергі міндет — Холмға тез жету. Жолдағы қыстақтарды жау тепкісінен азат ету. Бірақ мынау Соколово деген деревня екі күннен бері дивизияны шаужайдан алып ұстап тұр. Олай болатын жөні бар. Бұл Холм тас жолын жағалай бірнеше километрге созылып жатқан үлкен деревня. Бұл деревня кімнің қолына көшсе, тас жол соған қызмет етеді. Сондықтан да немістер бұл деревняны қорғауға СС, «Кубас» сияқты ең таңдаулы бөлімдерін төгіп отыр және сол себептен де жау біздің төбеміздің самолеттерін қаптатып, бас көтертпей жатыр. Соколовоның ар жағында мына бір Трошково деген деревня тұр, — деп комдив оны тағы да саусағымен түртіп көрсетті. — Бар гәп, меніңше, осында ғой деп ойлаймын. Сіз қалай деп есептейсіз?

— Әрине, жолдас генерал, — дедім мен. — Екі ортада күре тамырдай боп мына бір жол жатыр екен. Ең алдымен сол күре тамырды кию керек болар.

— Дұрыс айтасыз, — деді генерал қуана бас изеп. — Алдымен Трошковоны құрту керек. Сонда бұл күре тамырмен Соколовоға қарай ағатын қан тоқтап қалады. Бұл үшін Соколовоның мына жақ сыртын айналып барып, тан атқанша Трошковоны алу керек. Бұл киын міндетті күштерің аз болса да Сіздің полкке жүктеймін. Сізге беретін бұйрығым осы.

Бұйрықты алып, орман ішінде немістерді қар жамыла қадағалап жатқан полкке келдім. Полк комиссары Ахметжан Мұхамедияровты, батальон командирлерін шақырып алып қысқаша ақылдастық та, Балтабекті жігіттерімен тағы да колоннаға паровоз ғып «жегіп», дереу ілгері жүріп кеттік. Он бес шақырымдай қалың қарды сызып отырып, түс ауа орманның Трошковомен жанасатын өкпе тұсына келіп іліндік. Сол арадан дереу жан-жаққа адамдар жөнелтіп, барлау жасауға кірістік. Барлаудың қорытындысында мынадай жай анықталды.

Соколовоға қуат болып тұрған жалғыз Трошково емес екен. Трошковоның сыртында тағы Баркловица, Трохово, Кашино, Коншино деген қыстақтар жатыр. Ол төртеуінің ортасында тіреудей сорайып Бородино деген бір дәу деревня және тұр. Біз алғашында тек Трошковоны ғана аламыз деп келген едік. Бұйрық бойынша солай етіп қана қоюымызға болады. Бірақ жалғыз Трошковоны алғанмен іс бітпейді. Онда полкқа мына бес қыстақ бес жақтан ауыз салады. Соколоводан кейін сырғыған жау сені және жаныштайды. Сондықтан генералдың бұйрығына «түзету» жасап, осы алты қыстақты бірден алу керек пе? «Бұл киын міндетті күштерің аз болса да Сіздің полкқа жүктеймін» деді генерал. Бұл оның санмен емес, санамен алыңдар деп, бізге сенгені еді. Сеніп тапсырған істі адал ғып орындау абырой. Ол үшін алты қыстақты бірдей алу керек. Оған күшіміз жете ме? Генерал жауды қоршап құртуды дивизияның бірінші парызы болсын деді. Бар күшпен Трошковоны ғана алып қана қойсақ, басқа бес қыстақ және жаныңды қоймайды. Сондықтан аз күшпен болса да осының алтауын бірден алу керек. «Нар тәуекел!» демейтін бе еді атам қазақ. Халық сөзінде қапы жоқ. Нар тәуекел!

VIII

Полкке бұйрық осылай берілді.

— Өзіңді өзің өлімге қидың-ау, Бауыржан. Мұның қатал бұйрық болды ғой, — деді комиссар.

— Басқа жол жоқ, Мадияр, — дедім мен.

— Күшіміз аз ғой, бір батальон артта қалды.

Айтқан бұйрық аққан қылыш сияқты. Оны бәрі бір тоқтата алмайсың. Тасқа тие ме, басқа тие ме — қылыш оны артынан бірақ көреді. Бұйрық берілгеннен кейін оны орындау ғана қалады. Енді соған кірістік.

Полктың қалған күшін алтыға қақ бөлдік. Әр бөлікке Мұхамедияров, Гундилович, Трофимов, Мамонов, Жетпісбаевты басшы етіп белгіледім. Алты қыстақтың ішіндегі алыбы Бородино болғандықтан капитан Гундиловичтің қасына политрук Мәлік Ғабдуллиннің автоматшылар ротасын қосып бердім. Сағат түнгі екіде полк топ-топқа

бөлініп, қаруларын серт ұстап, орай соққан ақ боранды арқаларына жамылып, әр топ өзіне тиісті қыстаққа қарай тартып берді.

«Жолдарың болсын, батырларым, бауырларым. Сегізінші февральдің бұл түні сендердің атақ абыройларыңды арттырсын. Бірақ сендердің өмірлеріңнің ақтық түні болмасын. Бұл түнде ақ қардың үстіне қызыл қандарың төгіліп, қаза жегер азамат болса, қандарыңды қарыз ғып менің мойныма жүктемеңдер, қарақтарым. Сүйегім шашылып қалғанша мен сендердің қасыңдамын. Осы қараңғы түнде сендерге сілтелер найзаға кеудемді қоса тостым, мінеки!» — деп іштей тебіреніп тұрдым да, дыбысымды сыртқа шығармай тістеніп, алтыншы топты бастап Трошковоға қарай өзім жөнелдім.

Бұл міндет те, полктың алдына қойылған өзге міндеттер де абыроймен орындалды. Дивизия тұтас өз борышын абыроймен іске асырып, 1942 жылдың 14 февралінде оңтүстік жақтан орай шабуыл жасап келе жатқан Калинин майданы әскерлерінің 33-ші атқыштар дивизиясымен келіп қауышты. Міндет абыроймен орындалды деген сөз айтуға ғана оңай. Адамға абырой тыныштық күндерде тек термен, еңбекпен ғана келеді. Ал соғыста тер мен қан қоса төгіліп барып абыройға жетесің. Демек, бұл жорықта да солай болды, қарағым. Кептеген асыл азаматтар Отан үшін опат болды. «Абыроймен» деген сөзді сен осылай түсін, осылай түсіндір оқушыңа. Сонымен, үнемі 8-ші гвардиялық дивизияны алдына авангард етіп ұстаған генерал Лизюков бастаған біздің 2-ші гвардиялық корпус жау әскерлерінің Демьянск тобын қоршауға алған атақты жорығын аяқтап келіп, марттың аяқ жағында Холм қаласының түбінен ірге тепті. 1941 - 1942 жылдарда Совет Армиясының аса маңызды жиырма үш шайқасы болды. Оның тоғызыншысы 1941 жылғы октябрьдегі Москваның шалғай шебіндегі қорғаныс шайқасы, ал оныншысы 1941 жылғы ноябрь-декабрьдегі Москваның таяу шебіндегі қорғаныс шайқасы деп аталады. Ал соның он жетіншісі — совет әскерлерінің 1942 жылғы январь — апрельдегі Демянск шабуылы операциясы. Біздің дивизия осы жиырма үш шайқастың үшеуінің жуан ортасы емес, қасқа маңдайында болды. Алғашқы екі шайқасқа қатысқаны үшін Қызыл Ту орденімен наградталған дивизияға он жетінші шайқастағы ерлігі үшін Ленин ордені берілді. Алғашқы екі шайқаста оны генерал Панфилов басқарса, соңғы шайқасты генерал Чистяков бастады. Ал корпусымыздың командирі болған генерал А. И. Лизюков, кейіннен, Воронеж түбінде, танк армиясының қолбасшысы боп жүргенде қаза тапты.

Автор. Төлеген Тоқтаров пен Мәлік Ғабдуллинді Совет Одағының Батыры атағына ұсыну документтерін кім даярлап, кім қол қойды?

Бауыржан. Мен Генерал Панфиловтың сенімді серіктерінің бірі, біздің дивизиядағы қадірлі ақсақалымыз полковник Илья Васильевич Капровтың полкынан Москва түбіндегі ұрыстарда 29 Совет Одағының Батыры шыққан еді. Саяси жетекші Василий Георгиевич Клочков басқарған 4-ротадан шыққан 28 батыр және 6-ротаның саяси жетекшісі Петр Борисович Вихрев. Бұл да өзіміздің жерлесіміз, Алматы облысы Шелек ауданының тумасы болатын. Оларға Валдай-Холм жорығында осы екі батыр қосылды. Сөйтіп, бұл жаяу әскер дивизияларының ішіндегі батыр ең көп шыққан полктардың не бірі, не өзі болды. Менің 1075-полктегі ең соңғы қызметім осы екі азаматты Батыр атағына ұсынып, қол қойып, қағаздарын жоғарыға жөнелтумен тынды.

Автор. Өйткені Сіз 1942 жылы 23 февральда мынадай бұйрық алдыңыз ғой.

«1075-атқыштар полкы командирінің орынбасары капитан Б. Момышұлына

Осыны алысымен Сізге дивизия командирі 1073-ші полкты қабылдап, соның командирі қызметіне кірісуге бұйырды.

Штаб бастығы полковник (Серебряков)

Дивизия военкомы батальон комиссары (Фролов)

4-ші бөлімнің бастығы 2 рангалы интендант (Ревякин)

Бауыржан. Иә.

Автор. Мұндағы үшінші боп қол қойған интендант Ревякин Чистяковқа дейінгі комдивтеріңіз емес пе?

Бауыржан. Жоқ. Генерал-майор Василий Андреевич Ревякин Кремльдің және Москваның бұрынғы әскери комендаты болатын. Тегі әскери дипломат, соғыстың жайын білмейтін қала генералы еді. Сондықтан ол кісі біздің дивизияда 1941 жылдың 1 декабрінен 1942 жылдың 15 январына дейін ғана командир болды. Одан кейін басқа қызметке ауыстырылды.

IX

Автор. 8-ші гвардиялық дивизияның жау тылындағы сол атақты жорығын баяндай келіп, генерал Чистяковтың не деп жазғанын оқиын ба?

Бауыржан. Оқығын.

Автор. Генерал Чистяков былай деп жазады:

«Холм бағытында шабуыл жасай отырып, дивизия жаумен жағаласқан ұрыс үстінде екі жүз километрден астам жол жүрді. Сөйтіп, Замостье — Лисичкино, Чамовка — Пустынки Вторые шебіне шықты. Дивизия бұл ұрыстарда дұшпанның жекелеген гарнизон, бөлімдерін жойып қана қойған жоқ, сонымен бірге оның Холмға өткізбеу үшін жасаған бөгетінің бәрін талқандады...

Бұл арада 1073 полктың және оның командирі Бауыржан Момышұлының, сол сияқты полктың жігерлі, батыл комиссары П. В. Логвиненконың еңбегіне тиісті баға бере кеткен жөн. Старая Русса —Холм тас жолын бойлай жасаған бұл жорықта полк қиын жағдайда қалғанына қарамастан, дұшпанмен жекпе-жек шайқасып, оның қорғаныс шебін күйрете алға басып отырды. Қақаған аяз да, қалың қар да оған бөгет бола алған жоқ...

Февраль мен мартта дивизия екі жүз елуден астам ел мекенін жаудан тазартып, дұшпанның бес мыңнан астам солдаты мен офицерін, жиырма танкін, мыңдай автомашинасын, жүздеген зеңбіректері мен пулеметтерін жойды.

Осы бір қаһармандық жорықта Панфилов атындағы 8-ші гвардиялық дивизияның жауынгерлері Отан үшін қаншама ерліктер жасады десеңші! Олар мыңдаған ерлік істеді!»

Бауыржан. Рас. Екі айға созылған бұл жорықтың алғашқы жиырма үш күнінде мен 1075-ші полкты басқардым. Капров тәуір болғаннан кейін оған өз полкін өткіздім. Илья Васильевич әкемдей тебіреніп бетімнен сүйіп, полкінің атынан рахмет айтып, мені қолтығымнан алып, Ақбоз аттың үстіне өзі аттандырып мінгізді. Мадиярмен (Ахметжан Мұхамедияровты осылай атаушы едік), Мәлікпен, Гундиловичпен, Трофимовпен, Мамоновпен, Балтабекпен — бәрімен қоштасып, тумаса да туғандай боп кеткен полкты, туыстай боп кеткен адамдарды артқа қалдырып, атқосшым Николай Синченко екеуіміз туған үйіміз іспетті саналатын Талғар полкіне қарай тартып бердік. Сол 23 февральдан бастап, атақты жорық аяқталғанға дейін, одан кейін де көп уақыт мен 1073-ші полктың командирі болдым. Чистяков менің осы екі полктегі қызметімді бірақ түйіндеп айтқан ғой.

Автор. Бірден полкқа бардыңыз ба?

Бауыржан. Жоқ. Чистяков алдымен маған соқ. Содан соң Лизюковке барамыз деген еді.

Автор. Бардыңыздар ма?

Бауыржан. Бардық. Лизюков өте бір сүйкімді де, сыпайы да кісі екен. Бар өмірін танктың болат қорабының ішінде өткізіп келе жатқан адам дейтін емес. (Ол кісі танк әскерлерінің генералы болатын.) Тура өзіміздің Сарыарқаның сарбаз ағаларының бірі сияқты еді.

— Сіз туралы маған Иван Михайлович толық айтты, — деді генерал жадырай сөйлеп. — Сіздің Москва түбіндегі еңбектеріңізбен де, осы жорық үстіндегі жұмыстарыңызбен де таныспын, Бұл аз десеңіз мына Иван Михайловичпен сонау Қиыр Шығыста бірге болғаныңызды да білемін. Сізді полк командирі етіп тағайындау туралы бұйрыққа қол қойып қойдым. Осы уақытқа дейін полктың заңсыз командирі боп келсеңіз, енді заңды командирісіз. Менің Сізге қоятын көп сұрағым жоқ. Тек өзіңізбен жүздесейін деп қана шақырдым.

— Сеніміңізге рахмет, жолдас генерал.

— Неше рет қоршауда қалдыңыз, жолдас майор? — деді Лизюков менің бас-аяғыма көз жүгіртіп өткеннен кейін, әлдене есіне түскендей, ойлана қалып. Жүзі жылы, өңі сүйкімді, өте бір парасатты кісі екен.

— Бес рет, жолдас генерал, — дедім мен.

— Өз күшіңіз, өз ақыл-ойыңызбен бе, әлде сізді құтқарып алды ма?

— Батальонның қаруымен, жігіттердің жігерімен, өзімнің ойыммен, жолдас генерал.

— Бесеуінде де ме?

— Дәл солай, бесеуінде де!

— Міне, Сіздің бір басыңызда қаншама қазына жатыр! — Бұл кезде ол менімен емес, өзімен-өзі сөйлесіп кеткендей болды. Мұндай ғажайып қазыналар қаншама десеңізші!

Қоршауда қалудың қазыналығы шамалы ғой. Бұл кісі нені ойлап отыр екен дедім ішімнен.

— Соғысты қай жерден бастадыңыз?

— Москва түбінен, жолдас генерал.

— Шекарадан шегіну мектебінен өтпеген екенсіз ғой.

— Өткенім жоқ, жолдас генерал.

— Оқасы жоқ, — деді генерал саусақтарымен үстелді тақылдатып, — Москва түбіндегі ұрыстар өз алдына өзгеше мектеп. — Осыдан кейін ол менің бетіме тіке қарады. Тікендей қадалатын немесе өңменіңнен өтетін көз емес, өң бойыңды рентген сәулесі сияқты, әлде бір жылы нұрмен жарқырата шолып өтетін өзгеше бір жұмсақ көзқарас екен. Кеудесінде жарқыраған Алтын Жұлдызы ол да жанға жылу таратқандай әсер етеді. — Жаңылмасам жаңа сіз «жігіттердің жігерімен» деген сөз айттыңыз-ау деймін. Генерал «жігіттердің»

деген сөзді сәл бұзыңқырап айтты. — Тегі ол «жауынгер» деген сөздің баламасы болар деп ойлаймын.

— Дәл айттыңыз, жолдас генерал. Қазақша «жігіттер» дегеннің мағынасы орысша «жауынгерлер» деген сөз.

— Рақмет, жолдас майор. Онда мен қателеспеген екенмін. — Осылай деп сәл ойланып алды да, Лизюков сөзін әрі қарай жалғады. — Ал ешбір есепке көнбейтін, ешбір санаққа сыймайтын нәрсе адам жанының жігері ғой. Қиын-қыстау кезеңде бір солдаттың бойынан шыққан бір тамшы жігер мың солдатқа жол ашады. Ал мың солдаттың айтайық полктың жігері көл іспеттес, ал дивизияның жігері теңіз боп толқиды. Солдат жігерінен, шақпақтан ұшқын шашыратқандай етіп, жігер тудыратын кім? Командир ғой. Солай емес пе? —

Мен басымды изедім.

— Дәл солай, жолдас генерал, командир мен комиссар.

Лизюков жымиып басын изеді.

— Дұрыс айтасыз, мен командир дегенде, саяси қызметкер екеуін қосарлай есептеп отырмын. — Осыдан кейін генерал алғашқы ойын қайтадан жалғастырды. — Ал солдат жүрегі шақпақ. Бірақ шақпақ өзінен-өзі от бермейді, оны тұтату керек. Және де шақпақтың ұшқыны құрғақ білтеге түссе ғана тұтанады. Командир бір шақпақты ғана емес, жүз шақпақты, мың шақпақты, тіпті мыңдаған шақпақты тұтатуы тиіс. Ол үшін, ақыл, қайрат, адалдықтың үстіне, командирге қаншама жалын, шиыршық атқан ширақтық дамыл таппайтын мазасыздық жағдайға қарай жол таба білетін ой-өріс өте керек десеңізші!

X

Генерал Лизюков осыларды айтып тоқтады да, кенеттен маған сұрақ қойды.

— Бастан кешкеніңізді баяндап қағазға түсіре аласыз ба?

— Қойын дәптерге түртіп жүргендерім бар, жолдас генерал, — дедім мен.

— Бұрын жазу жұмысымен айналысып көрген жоқ па едіңіз?

— Соғысқа дейін ептеп өлең жазатын едім...

— Өлең? — деп генерал мырс етті. Бұл менің соғысқа дейін өлең жазғанымды ұнатқаны, не ұнатпағаны екенін аңғара алмадым. Содан соң қасқа басын сәл шұлғып отырды да, сөзін қайтадан жалғады. — Соғысқа дейін өлең жазсаңыз, соғыстан кейін өнеге жазу керек

болады, жолдас майор. «Өнеге» Деген сөзге екпін бере айтты. — Менің ойымды түсіндіңіз бе?

— Жобалап тұрмын, жолдас генерал.

— Жобаласаңыз солай! Соғыс — бүгін қисапсыз қан төгіп, шексіз шығын болғанымен, кейінгі сабақ. Бүгінгі өлшеусіз өлім — болашаққа өлмеудің өнегесі. Сонау Ақ теңізден анау Қара теңізге дейін қиян-кескі соғыс болып жатыр. Бұл өзі бір жағынан мол тәжірибе де. Дүние жүзі соғыс тарихында мұндай тәжірибе болған емес. Шегінісіміз де, қорғанысымыз да, шабуылымыз да тәжірибе, болашаққа қазына. Ендеше сол тәжірибенің бір дәнін жерде қалдырмай жинап алып, кейінгі ұрпақтың ризығына беру бұл соғысқа қатысқан үлкенді-кішілі командирлердің қасиетті парызы. Сіз жазатын адам болғандықтан осы есіңізде болсын деп жатырмын. Түсінікті ме Сізге?

— Түсінікті, жолдас генерал.

— Иван Михайлович, бұл әңгіменің Сізге де қатысы бар, — деді корпус командирі Чистяковке мойнын бұрып.

— Құп, жолдас генерал, — деді Чистяков, — Алдымен жауды жеңіп алайық содан соң жазу қашпас.

— Маған сұрағыңыз бар ма? — деді генерал Лизюков бетіме жылы жүзбен қарап.

— Сұрағым жоқ, жолдас генерал.

— Онда жолыңыз болсын. Мен Сізге, Сіздей адамдарға әрқашанда тілектеспін. Табыстан табысқа жете беріңіз. Жаңағы айтқанды да ұмытпаңыз, — деп Лизюков арқамнан қақты.

Осы күнге дейін кейде орыс генералының сондағы өзіме мейірлене қарап тұрған келбеті көз алдыма келеді. Оның алақанының табы әлі күнге дейін арқамда тұрған сияқтанады.

Сөйтсем генерал Лизюковтың өзі де соғысқа дейін өлең жазған кісі екен. Әскери-әдеби еңбек жазумен де шұғылданыпты. Соғыс кезінің қиыншылығына қарамастан ол өз тәжірибесін қағазға да түсіріп жүріпті. Мұны мен артынан білдім. Содан бірнеше күннен кейін генерал А. И. Лизюковтың Әскери баспа шығарған кітапшасы қолыма тиді. Онда генералдың әскери барлау және шабуыл ұрыстары деген екі еңбегі жарияланған екен.

Автор. Чистяковпен бұдан кейін неше рет кездестіңіз?

Бауыржан. Бірнеше рет. Демьянск шайқасы аяқталғаннан кейін, 1942 жылдың апрелінде генерал Лизюков танк армиясына командашы болып кетті де, оның орнына 2-гвардиялық

корпустың командирі болып генерал Чистяков тағайындалды. Ал генерал Лизюков сол жылдың июлінде Воронеж түбінде қайғылы қазаға ұшырады.

Автор. Константин Симоновтың «Дружба надодов» журналында жарияланған «Соғыстың әрқилы күндері» деген күнделігінде Лизюков деген фамилия екі-үш жерде айтылады. Осы сол Лизюков емес пе, Бауке?

Бауыржан. Сол. Александр Ильич Лизюков. Білгің келсе ол кісі туралы толығырақ айтып берейін.

Автор. Әрине.

Бауыржан. Соғыс — адамзат өмірінің улы трагедиясы. Соғыс — адам жанын қинайтын ең ауыр, ең ащы азап. Соғыс — тірілердің тамұғы. Тозаққа айналған күндер еді ғой ол, қарағым. Александр Ильич Лизюков соғыстан бұрын Фрунзе атындағы әскери академияны бітірген, ауыр танктер бригадасының командирі болған, сол кездің өзінде-ақ Ленин орденімен наградталған көрнекті командирлердің бірі болатын. Соғыс басталған кезде демалыста жүрген Лизюков дереу әскери эшелонмен өз құрамасы тұрған Ленинск қаласына қарай сапар шегеді. Эшелон Борисов қаласына жеткенде ар жақтан немістер келіп қалады. Осы арада полковник Лизюков офицерлерді ұйымдастырып, әскер құрап, Борисов қаласын қорғау ісін ұйымдастырады. Жоқтан бар, бардан батыр жасайды. Сөйтіп ол бір топ 26 июньнен 8 июльге дейін жауды бөгеп, қалаға кіргізбейді. Шегініп келе жатқан Қызыл Армия бөлімдерін өткізбеу үшін немістер Борисовтың іргесіндегі Березина өзеніне салған көпірді бірнеше рет бомбалайды. Лизюков қарамағындағы адамдарға ол көпірді қайта-қайта қалпына келтіртіп, ақыры біздің әскерлерді бері қарай өткізіп алады. Осы еңбегі үшін Лизюков Отан соғысында ең алғаш ер атанғандардың бірі болып, Совет Одағының Батыры атағын алады.

Содан кейін Лизюков Москвалық І-ші мотоатқыштар дивизиясының командирі болып, октябрь-ноябрь ұрыстарында Москваны жаудан Нарфоминск жағынан қорғасты. Осы еңбегі үшін ол дивизия совет гвардиясы атағын алған сегіз құраманың бірі болды. Сегізіншісі біздің Дивизия еді. Лизюков пен Панфилов ең алғашқы гвардияшы комдивтер еді. Әкеңмен құрдас, теңдес адамды өзіңнен өзің жақын тартып, жақсы көретінің болмаушы ма еді. Лизюковты біз осы жағынан да жүрегімізге жақын тартатын едік. Осыдан кейін Лизюков корпус командирлігіне жоғарылатылды да, одан армия командашылығына кетті...

Осылай деп Баукең бөгеліп қалды.

Автор. Симоновтың күнделігінен сол генералдың өлімі жайында оқығанда төбе шашым тік тұрып, көңілімді аяныш бір мұң кернеді, Бауке. Сол жерін оқып берейін, тыңдайсыз ба?

Бауыржан. Оқығын.

Автор. Күнделіктің «42 жыл» деген бөлімінің бесінші тарауында былай деп жазылған:

«Ол жақтан (алғы шептен) майдан штабына қайтып келісімен-ақ мен байланыс офицерімен Лизюковке барамын деп келіскеннен кейінгі бірнеше сағаттан соң Лизюковтың опат болғанын білдім.

Оның бір бригадасының жолын жау кесіп тастап, байланыс болмай қалыпты. Соның алдындағы күндерде ісі сәтсіз болып, есі шығып жүрген Лизюков, үздік-создық болып арттан келе жатқан басқа бригаданың танктерін күтпестен, өзінің төл танкіне мінеді де, жалғыз КВ-мен жоғалған бригаданы іздеуге кетеді. Екі ме, үш пе километр жүріп, бір ормаңның шетіне тақай бергенде оның танкіне тасада тығылып тұрған неміс зеңбіректері снарядты жаудырып жібереді. Жалғыз башня атқышы ғана аман қалады — танктан шығып үлгіріп, қалың егіннің ішіне тығылады да, қираған танк ішінде қалған серіктерінің не күйге ұшырағанын өз көзімен көреді.

Оның айтуы бойынша фашистер танкті қоршап, өлгендердің, оның ішінде Лизюковтың да сүйегін сыртқа шығарады. Документке қарап, оның генерал екенін біледі...

Жұпыны айтылған бұл эпизодтан сол бір ашыныс күндеріне тән жалғыздық пен жан күйініші айқын аңғарылады».

Бауыржан. Сүйікті генералдың сүйегін жаудың қалай қорлағанын айтуға аузым бармай тұр еді. Симоновтың айтқанының бәрі шын. Фашистердің бұл соғыста көрсеткен айуандығын айтып жеткізу қиын ғой, қарағым. — Баукең қабағын қатты түйіп, даусын қатайтып алды. — Олар мыңдаған совет адамдарын тірідей көрге көмді. Ондаған мың жазықсыз жандарды газ пештерінде тұншықтырып өлтірді. Сан мың адамды тұтқын лагерлерінде аштан қырды. Миллиондаған ата-аналар, әйелдер, сәбилер, қарттар өмірде бірақ рет кездесетін ең асыл қазынасынан: ұл-қыздарынан, адал махаббатынан, әке-шешесінен, үрім-бұтағынан айрылып, қор боп еңіреніп, зар илеп қалды. Ақ, қара, сары шаштарын қалың ормандай жайып аңыраған аналардың ащы үндері дүниедегі ең азалы симфонияға айналып, қабат-қабат болып тарихтың қатпарына шөкті. Мұны ешқашан да ұмытуға болмайды! Ешқашан да! Понятно тебе?

Баукең соңғы сөздерді айтқанда қатты ақырып қалды. Мен селк ете түсіп, қағаздан басымды көтеріп алдым. Батырдың екі танауы қусырылып, түсі бұзылып кеткен екен. Мен сасқалақтап басымды қайта-қайта изей бердім. Біраздан кейін ол сабасына түсіп, иегін көтеріп, менің оң жағымдағы этажерканы нұсқады,

— Анау шеткері тұрған Вильгельм Адам дегеннің кітабын алшы, — деді содан соң. Мен орнымнан тұрып, ақ шүберекпен тысталған мұқабасында «Қиын шешім» деген жазуы бар

кітапты алдым. — Соның қыстырма тұрған бетін ашшы. — Қайта орныма отырып, ашып қарасам, қыстырма кітаптың 370-бетінде тұр екен. Сондағы тараудың аты не?

— «Жеңімпаздармен жүздесу» делініпті, Бауке.

— Ендеше соны аяғына дейін дауыстап оқып шыққын. Бұл 6-шы герман армиясы полковнигінің мемуарлары. Андағы жерде Совет Армиясы Сталинградта қоршауға алған 6-шы армияның командашысы Паулюстің колға түскеннен кейінгі жай-күйі айтылады.

IX

Мен оқуға кірістім.

— Біз ағаш үйлердің бірінің алдына келіп тоқтадық. Менің көзім терезе жақтаулары мен шатыр маңдайшасындағы әсем оюларға түсті. Бізді алып келген совет генералы үйге кіріңдер деді. Ауыз үйде шинеліміз бен фуражкаларымызды шешкеннен кейін бізді үлкен бөлмеге енгізді. Бұдан кейінгі күніміз не болмақ? Паулюс, қоштасқан сияқты болып, Шмидтке және маған қолын берді. Дегенмен Геббельс насихаты сүйегімізге өзіміз ойлағаннан гөрі тереңірек сіңіп қалған екен.

Совет генералдарының бірі «Т» әрпі іспеттендіріліп қойылған үстелдердің төр жағынан орын алды: Оның 64-ші армияның командашысы М. С. Шумилов екенін сол арада білдік. Оның қасына бізді әкелген генерал — армия штабының бастығы И. А. Ласкин мен майор шеніндегі аудармашы орналасты. Бізге үстелдің ұзын жағындағы орындықтарды нұсқады. Оған дейін Шмидт маған:

— Өз басымызға қатысты жайлардан басқа ешқандай мәлімет бермеуіміз керек, — деп сыбырлады.

Маған мұндай сақтық жасау әрі артық, әрі қолайсыз сияқты боп көрінді.

Шумилов біздің командашамызға «Фон Паулюс» деп сөз бастай беріп еді, ол:

— Мен дворян емеспін, — деп тастады.

Совет генералы оған шүбәмен көз тастады. Шені жайындағы сұраққа Паулюс «генерал-фельдмаршал» деп жауап бергенде, ол шүбә одан сайын күшейе түсті. Паулюс омырау қалтасынан солдат кінешкесін алып, совет армия командашасына ұсынды. Ол аудармашымен өзара ақылдасты да, «жақсы» деп қысқа жауап берді.

Генерал Шумилов одан кейінгі әңгіменің орайында Паулюстің «солтүстік қоршауға» да тізе бұғу туралы бұйрық беруін ұсынды. Паулюс бас тартты, ол қоршаудың Гитлерге тікелей бағынатынын тілге тиек етті.

Ойпырай, енді не болар екен деп ойладым мен. Өйткені біздің насихатымыз орыстар айтқан талабын орындамағанның бәрін де қинауға салады деп бізді мүлде сендіріп тастаған ғой. Мен Совет Армия командашысына үрейлене көз тіктім. Шумилов сабырлы күйде, іскерлікпен сөз сабақтап отырды. Ештеңе де болған жоқ. Мен іштей осы таңғажайып қорытындыға келіп үлгіргенше, генерал орнынан тұрды. Майор оның соңғы сөздерін аударып жеткізді.

Фельдмаршалға айтыңыз, мен қазір оның тамақтанып алуын сұраймын, содан соң ол майдан штабына барады.

Шын айта ма? Совет солдаттары біздің шинелімізді киюімізге көмектесті. Біз толқып есік алдына шықтық. Басына милықты тері бас киім киген Шумилов бізді сыртта күтіп тұр екен. Ол соңымнан ілесіңдер деген белгі жасап, көшенің арғы жағына қарай беттеді. Шынымен біткеніміз бе? Мен жан-жағыма көз тастадым. Жазалау командасы көрінбейді. Әлде ол анау, генерал беттеп бара жатқан ағаш үйдің ар жағында тұр ма екен?

(Тіпті де олай емес. Шумилов сенектің есігін ашты, онда бір қартаң әйел қызмет етіп жүр екен. Орындықтардың үстіне ішіне ыстық су құйылған легендер қойылыпты. Әр легеннің қасында біз көрмегелі көп уақыт болған бір-бір кесек нағыз сабын тұр. Жас қыз әрқайсымызға бір-бір ақ орамал берді. Жуыну — жан рақаты болды. Көп күндер бойы біз еріген қар суымен беті қолымыздың кірін әрең жібітіп жүрген едік.

Содан кейін бізді көрші бөлмеге кіруге шақырды. Онда үстіне неше алуан тағам қойылған үстел тұр екен. Шумиловтың шақыруы бойынша Паулюспен және Шмидтпен бірге үстел басына келіп отырғанда мен өз-өзімнен ұялдым. Большевиктерді қан ішер деп қалай алдаған десеңші бізді! Соған сенген біз қандай аңқау болғанбыз! Мен әскери тұтқын ретінде біздің армияның штабынан өткен Қызыл Армияның бірнеше генералы туралы ойладым. Олармен дұшпан жөнінде мәлімет жинауға жауапкер барлау бөлімінің бастығы ғана істес болды. Біз, штаб офицерлері оларға бір ауыз сөз айтуды өзімізге ар көрдік. Тылға жөнелтілер алдында ғана оларға жорық қазанынан бір тойым ас берілді.

Тегі Шмидтке бізді жеңіп қолға түсірген совет армия командашасының бұл серілік мінез-құлқы ешқандай әсер етпеген болуы керек. Ол маған былай деп сыбырлады:

— Ішімдік ұсынса ішпеу керек: бізге у берулері мүмкін, — деді.

Бұл әрі жеркеніште, әрі зығырданыңды қайнататын қамқорлық еді. Мен Шмидтке көзіммен соны сездірдім. Егер оның сөзін генерал Шумилов ұғып қалса не болатын еді. Дәл сол кезде Шумилов былай деді:

— Егер біз сіздермен басқа жағдайда таныссақ, егер мен сіздерді бұл жерде әскери тұтқын есебінде емес, қонақ ретінде құрметтеген болсам, маған әлдеқайда ұнамды болар еді.

Осылай деп ол бәрімізге бір бөтелкеден арақ құйды. Генерал өзімен бірге біздің жеңімпаз Қызыл Армия үшін ішуімізді өтінді. Оған жауап орнына біз қозғалмастан отырып қалдық. Аудармашы оған ақырын бірнеше сөз айтқаннан кейін, Шумилов жымиды да:

— Мен сіздерді жәбірлейін деген жоқ едім. Сталинград үшін шайқасқан екі ер қарсыластар үшін ішейік! — деді.

Бұдан кейін Паулюс те, Шмидт те, мен де рюмкамызды көтердік. Аш қарынға ішкен арақ лезде әсер ете бастады. Менің сәл-пәл басым айналды. Бірақ бутербродтан бірнеше үзіп жегеннен кейін басымның айналғаны тоқтады. Паулюс пен Шмидт те тамаққа бас қойды.

Генерал Шумиловпен біз бір сағаттан аса отырдық. Мен көрген, естігендерімнің бәрін есіме сақтауға тырыстым. Майор таза неміс тілінде сөйлеп отырды. Совет адамдарының гитлерлік системаны неміс халқынан жақсы ажырата білетінін мен бірінші рет естідім. Совет офицерлері бізді, арада болған оқиғаларға қарамастан, совет адамдарының неміс жұмысшылары мен неміс ғалымдарына деген үмітін үзбегеніне сендірді. Сонымен бірге олар көптеген немістердің Оларды Гитлердің өз мақсатына пайдалануына мүмкіндік бергеніне өкінетіндерін айтты. Паулюс жаралы, ауру және өлімші боп қалған неміс солдаттарына көмек көрсетуді етінді, совет армия командашасы қолдан келгеннің бәрін істеуге уәде етті, ол біздің тікелей өз міндетіміз деді.

— Сіздің тағы да басқа тілектеріңіз жоқ па, фельдмаршал мырза, — деді Шумилов жүрер алдында. Паулюс сәл ойланды да:

— Адъютантым полковник Адамды менің қасымда қалдыруды өтінер едім, — деді.

Генерал Шумилов офицерлерінің біріне бұйрық берді, ол лып етіп бөлмеден шығып кетті. Осыдан кейін ол орнынан тұрып, бізді жол жүруге әзір тұрған машиналарға ертіп әкелді. Ол бәрімізге қол беріп қоштасты да, Паулюске:

— Сіздің тілегіңіз орындалады, — деді.

Автомашиналар орнынан қозғала бергенде, ол жол шетінде тұрып, бізге честь берді. Бұл шынында да нағыз сері қарсылас еді.

Автор. Бұл тарау бітті, Бауке.

Бауыржан. Мінеки, Совет Армиясының гуманизмін кешегі дұшпандарымыздың өздері де мойындаған. Гуманизмнен жұрдай гитлерлік қарақшы, жауыз армия тоз-тоз боп құрыды. Дүние жүзінде Совет Армиясындай гуманист армия жоқ. — Баукең осылай бір тоқтады. Содан кейін менің қолымдағы беті ашық қалған кітапқа назар аударды да, сөзін ары қарай жалғады. — Бұл кітаптың авторы полковник Адам Паулюс армиясының штабында

оперативтік бөлімнің бастығы болған. Ал генерал-лейтенант Шмидт сол армияның штаб бастығы. Бұларға және басқа тұтқынға түскен неміс генералдарына Совет Одағында жақсы жағдай жасалды. Соғыс біткеннен кейін олардың бәрі аман-есен еліне қайтты. Вильгельм Адам ГДР-да министр болды. Содан кейін ұзақ жылдар республиканың қарулы күштерінде қызмет етті. Қартайғаннан кейін отставкаға шығып, осы кітапты жазды. Ал Паулюс еліне барып, соғыс біткеннен он екі жыл кейін өз ажалынан қайтыс болды. — Осыдан кейін Баукең бір ойдан екінші ойға аттап түскендей боп, сәл бөгелді де, сөзін жалғады. — Әрине, адамның өлді дегеніне сенесің. Бірақ өлгенін, табытта жатқан өлі денесін өз көзіңмен көрмеген адамдарың көңіліне тірі күйінде елестейді екен. Қадірлі генералдарым Панфилов пен Лизюков маған солай көрінеді. Тірі болса олар да Отанға адал қызмет етіп, Отандық әскери ғылымға талай тамаша еңбектер қосқан болар еді деп ойлаймын.

СЕГІЗІНШІ ДИАЛОГ

I

Автор. Енді қырық екінші жылдың жазына келеміз бе, Бауке?

Бауыржан. Қырық екінші жылдың жазында біздің Калинин майданында да, басқа жерлерде де елеулі ұрыстар болған жоқ. Жергілікті маңызы бар барлау-бақылау, күш сынасу ұрыстары советтермен майданының барлық жерлерінде жүргізіліп жатты. Күшті ұрыстар күзге қарай басталып, қыста өзінің шарықтау шегіне жетті. Ол ұрыстардың аспанға көтерілген алауы Сталинград болды ғой. Сталинград неміс-фашист армиясы күнінің батар алдындағы алауы болды деп кезінде қолбасы бейнелеп-ақ айтқан еді ғой. Есінде бар ма, бір баяндамасында оның былай дегені: «Жалмауыз Гитлер түріктің «Джумхуриет» газетінде жарияланған түрік генералы Эркилетпен жасаған әңгімесінде былай дейді: «Біз Ресейді құртамыз, сөйтіп, оны ешуақытта қайтадан бас көтере алмайтын етеміз». Ақымақ шалыстау айтылғанымен, мәселе айқын сияқты... Біз мұндай, міндетті, Германияны құртуды көздеп. отырғанымыз жоқ, өйткені Ресейді құрту мүмкін еместігі сияқты, Германияны құрту да мүмкін емес. Бірақ гитлершіл мемлекетті құртуға болады және ол құртылуға тиіс». Қолбасшының осындай уытты сөздерін радиодан естігенде немесе газеттен оқығанда жауынгерлер әрі күліп, әрі қайраттанып қалатын. «Қойға шапқан батырың, қасқыр көрсе қой болар» деген сөз марқұм Жалмұхаммед Бозжановтың аузынан түспейтін мәтелі болып кетіп еді. Оны бірдеңеге жұмсағын келіп «Жолтай!» деп қасыма шақырсам-ақ болды, жаныма жүгіріп келіп:

— «Қойға шапқан батырын, қасқыр көрсе қой болар!» Құп болады, аға, — деп күлімдей қаздиып тұра қалатыны күні бүгінге дейін көз алдымда. Шабуылға шығарда ол ылғи: «Неміс оккупанттарына өлім келсін!» деуші еді.

Мұны айтып отырған себебім командирдің айтқан сөзі айқын, берген бұйрығы нақпа-нақ болуы керек. Жауынгер командир сөзінің болбыр болғанын ұнатпайды. Өйткені жауынгер командирден бұйрық қана емес, сол бұйрықты орындайтын жігерді қоса алуы керек. Жауынгер ол жігерді командир сөзінің үн ырғағынан, оның ойының салауат, салмағынан іздейді. Командирдің аузынан шыққан әрбір сөздің қайрат-күшінен, дәлдік шындығынан іздейді. Сөз шындығы — қайратты қару. Жоғарыда айтылған атақты Холм жорығында, бір деревняда алдынан танк шыға келгенде тайсақтап кейін шегінген жауынгерге: «Анаңнан ұл боп туғаның рас болса, ана танкті құртқын!» деп бұйрық бергенім есімде. Содан кейін ол жігіт қайта ілгері ұмтылып, танкты құртты.

Мінеки сөз шындығының күші деген осы. Мен оның анасын айтқанда алғашында қаймығып қалған жауынгер жігерленіп кетті. Сөйтті де танкті құртты. Командирдің берген бұйрығында, жаңағы қолбасшының сөздері сияқты, не күлдіретін, не қайраттандыратын шындық көрініп тұруы керек. Бұйрығыңды айтып, оның үстіне жаңағыдай жанды жанитын жігерлі сөздерді қоссаң, жауынгерге сол жетеді. Бұйрықты орындауға кетіп бара жатқан ол сенің қайратты сөзін есіне түскенде, күліп те алады. Ал күлкі кісіге қайрат береді. Жауға қарсы жылап жылжыған солдат жыраққа жете алмайды. Күліп ілгерілеген солдат қана игілікті іс тындырады. «Күліп» дегеннің солдаттың жынданған кісіше өз-өзінен қарқылдап күлуі емес, бұйрықты орындауға іштей жігерленіп, қайраттанып баруы деген сөз екені түсінікті ғой саған?

Жаңа мен жоғарыда Сталинградты атадым ғой. 1942 жылдың 28 сентябрінде бұрынғы Сталинград майданы Дон майданы болып қайта құрылды. Оның командашылығына біздің генерал Рокоссовский тағайындалды. Оны неге «Біздің генерал» деп отырғанымды түсінесің бе? Түнсінбесең былай. Қырық бірінші жылы жау Москваға төніп келгенде 30, 1 Екпінді, 20, 16, 5, 33-ші және 43-ші армиялар тосқауылда тұрды. Москваға ең ұрымтал жер (30 километр) генерал Рокоссовский басқарған 16-шы армияның тұсы еді. Біздің 316-шы атқыштар дивизиясы генерал Рокоссовскийдің қолындағы қуатты қарулардың бірі болды. Генерал Панфилов қаза тапқанда қабырғасы қайысқан адамның бірі де сол кісі екен. Оны менің батальоным 20 ноябрьде қоршаудан шығып келгенде майор Елин мен комиссар Логвиненкодан естідік. Оның үстіне Рокоссовский мені ең бірінші рет өз қолымен полк командирлігіне тағайындаған кісі. Оны кітабымның «Сенім» деген тарауында айтқанмын. Ендеше, Москва түбіндегі аса қатал, қанды ұрыстарды басымыздан бірге кешіргендіктен, ол кісіні «біздің генерал» деп атауға хақым бар ма, жоқ па менің?

Сол кісінің қалауы бойынша генерал Чистяков 21-ші армияның командашасы болып, Дон майданына кетті. Кім де болса қайратына көзі жеткен адамдарды ғана өзіне серіктікке алады ғой. Генерал Чистяков оның сенімін абыроймен орындады. Сталинградты жаудан азат етуде 21-ші армия аса зор даңққа бөленіп 6-шы гвардиялық армия болып аталды. Содан кейін бұл армия атақты Курск доғасында да үлкен ерлік көрсетті. Сөйтіп,

генерал-лейтенант атағын алған Чистяков тура бір жылдан кейін 1943 жылдың сентябірінде, 6-гвардиялық армияны бастап Калинин облысына қайта келіп, 2-Балтық майданының қарамағына кірді.

Менің айтайын деп отырғаным генерал Чистяков Дон майданына кетер алдындағы оқиға. 1942 жылы 26 сентябрь күні таңертең ерте корпус командирі генерал Чистяков пен армия командашысы генерал Галицкий екеуі келіп, біздің полктың қорғаныс шебін аралап көрді. Кетерінде Чистяков маған кешке қарай корпус штабына кел деп бұйырды. Генерал Галицкийдің қорғаныс шебін жақсарту жайындағы нұсқауларын орындап болғаннан кейін, түс ауа, корпус штабы тұрған Княжий Клин қыстағы қайдасың деп, Ақбоз атпен құйғыта кеп жөнелдім. Жолда, жиі қойылған бақылау постыларының бірінен соң бірінен өтіп, документ көрсетіп жүріп, кешігіңкіреп қалыппын.

Автор. Княжий Клин дейсіз бе?

Бауыржан. Иә.

Автор. Менің жинаған материалдарымның ішінде қырғыз ақыны Сүйінбай Эралиевтің бір өлеңі бар еді. Сонда Княжий Клин деген сөз бар. Тегі қырғыз ақыны Сізді сол деревняда көрген болуы керек. Сол өлеңді оқып шықсам қайтеді?

Бауыржан. Оқығын.

II

Автор. Өлеңнің аты «Ақбозат мінген қолбасы». Шекесінде: «Қазақ халқының қаһарман ұлы Бауыржан Момышұлына» деген арнау сөз бар.

Княжий Клин селосы, Жайладық жетіп төрін біз, Майданнан жырақ жер осы, Бұл бірақ күзет шебіміз.

Осында тоқсан жол-торап,

Ұмытпа жалғыз міндетті:

Мандатын тексер, тұр қарап, —

Кім келді, будан кім кетті.

...Ойқастап міне, Ақбоз ат

Жарқ етіп алдан көрінді.

Аспаннан әлде нақ сол сәт

Ақша бұлт оқыс бөлінді.

Құйғытып келед адырдан

Құрбыма айттым: «Бауыржан!

Тоқтатам құдай болса да,

Уставка бәрі бағынған!»

Сол, Момышұлы! Есіттім,

Аңыздай атын көптенгі.

Полкымен жолын кесіпті

Мәскеуге шапқан көп қолдың.

Болсам да қанық даңқына,

Көрмеп ем өзін өмірі.

Ойнайды желмен шалқыма

Бурканың екі өңірі.

Келеді зулап командир,

Майданда сондай ер екен!

Көрінді қызық маған бұл.

Тоқтатсам ол не дер екен?

Белгімді сезе қойды ма,

Тізгінін тежеп атының

Әлде не түсті ойына,

Аяңға көшті ақырын.

Кексе ме десем, жас екен,

Жігіттің дөйі тас бекем.

Жалынан сипап боз аттың

Аяулы тілде сөз қатты:

— Құлыны болып жүрмегей,

Қырғыздың әлде қазақтың?

«Қай тілде, — деп тұр, — сөз кебі»

Қадала маған қарады.

О, неткен өткір көздері!

— Өңмеңнен өтіп барады.

«Қырғызбын!» дедім қымсынып,

(Тоқтатқан үшін қаймыға).

— Бауырымсың,— ортақ тіршілік

— Барғанмын талай айлыңа...

Танитын ұл бол еліңе!

Қолымды алды иіліп,

Атылды Ақбоз еліре,

Айқасты тілеп сүйініп.

Еріне жағар әрбір ат,

Қасиетімен әрқандай.

Ал мына Ақбоз арғымақ

Ақ сүтке малып алғандай.

Арқырар Ақбоз ұрыста,

Айқастың қызып дуынан.

Жарқылдар қиғыр қылыш та,

Сығырай шығып қынынан.

«Жақсы аттың көркі ерімен,

Жарастық сондай бар мұнда:

Кинодан талай көріп ем,

Ер Чапай тұрды алдымда

Бауыржан. Аударған кім?

Автор. Мұзафар Әлімбаев. Қырғыз ақыны өзіңізді көрген тәрізді-ау өзі.

Бауыржан. Немесе біздің полкта болған қырғыз жігіттерінің бірінен естіген болар. 316-шы дивизияның шүу басында негізі қырғыздар мен қазақтардан құралғанымен, генерал Панфилов оны интернационалдық дивизия етіп жасақтады. Онда орыстар да, украиндар да, белорустар да, өзбектер де, татарлар да, азербайжандар да, башқұрттар да, чуваштар да, ұйғырлар да және басқа көптеген ұлттардың өкілдері болды. Ұлттық құрамы жағынан алғанда біздің дивизиямыз көп ұлтты Отанымыздың кішірейтілген макеті сияқты еді. Мұндай құраманы коммунистік барлық қасиеттерді жүрегіне жинаған нағыз интернационалист командир ғана ойдағыдай басқара алатыны аян. Биік құзға салған бүркіт балапанындай, асқар Алатаудың бөктерінде дүниеге келген жас дивизияның бесігін, күні-түні ұйқы көрместен, осынау Алматыдан сонау астанаға дейін тынымсыз тербеткен генерал Панфилов дәл осындай кісі болды. Ол дивизияға керекті командирлерді де әр ұлттың нағыз халықтық әскер — Қызыл Армия қатарында шыңдалған патриот өкілдерінен таңдап алды. Міне осы орасан шайқаста еліміздің өзге ұлт жауынгерлері сияқты, ұлы Манастың ұрпағы қырғыз жігіттері де ересен ерлік көрсетті. Қырғыз-қазақ балалары, егіз қозыдай болып, жау танкін жайратуға қол ұстасып қатар жүгірді. Қайсарлығы да, қаһармандығы да ұқсас бұл екі халықтың ұлдары өжет орыс жігіттерінің қос қанаты, өзге ұландардың жолдасын жауға бермес жан серігі бола білді. Патшалы Ресей тұсында бір-бірімен құдай жұлысып келген бұл екі халықтың Ұлы Октябрь революциясы шыңдаған болаттай берік достығы осы соғыста одан сайын нығая түсті. Сүйікті Отанның қасиетті жеріне қырғыз-қазақтың қаны қатар төгілді. Денелерін тілкемдеп оқ тесіп бірнеше жерден жаралы болса да алғы шептен бір адым да артқа шегінбеген олар қолдан қуат, буыннан әл кеткенде бір окоптың түбіне гүрс етіп қатар құлап, құшақтасып жатып жан тапсырды. Сөйтіп олар туысқандар моласына өздерінің ер достарымен қатар көмілді. Қырғыз жігіттерінің керемет ерліктерін мен өз көзіммен сан рет көрдім. Дүйшенқұл Шопошов, Бүркіт Әлішеров, Әшірбай Қоянкөзов, Тоқтағұл Шабеков тәрізді ондаған қырғыз жігіттерінің қажыр-қайратына сүйсіндім. Мен осылардай отаншыл ұл тәрбиелеген, сан жағынан кішкене де болса мүскене қырғыз халқының алдына бас иемін! Жалғыз қырғыз

халқы ғана емес, ақ сүтімен тәрбиелеген адал ұлдарын Отан қорғау жолындағы қасиетті жорықтарға бастау үшін менің полкімнің кейіннен мен басқарған 9-шы гвардиялық дивизияның қарамағына берген орыс, украин, белорус, татар, еврей, грузин, армян, азербайжан, тәжік, өзбек, башқұрт тағы басқа халықтардың алдына тізе бүгіп, тәжім етемін!

Автор. Бұл жерде де біраз философияға бардыңыз, Бауке.

Бауыржан. Немене, менің философиям ұнамай отыр ма саған? Онда тыңдамағын!

Автор. Қойдым, Бауке, қойдым. Ал Сіз қазір, қырғыз ақыны айтқандай «аспаннан бөлінген ақ бұлттай» немесе «ақ сүтке малып алғандай» Ақбоз атпен корпусқа қарай келе жатырсыз. Чистяковпен кездесейік, кәне.

III

Менің жаңағы сөзіме шамданып қалған Баукең дүрдиіп біраз үнсіз отырды. Содан кейін, арамызда ештеңе болмағандай қайтадан сөзін жалғады. Менің ойыма қазақтың бір ескі мақалы түсті. «Жаманның ашуы — басы жерге жеткенше, жақсының ашуы — жібек орамал кепкенше» деген осы екен-ау деп ойладым ішімнен.

Бауыржан. Мен корпус штабы тұрған жерге күн батар алдында келген едім. Штабтағылар Сізге генерал блиндажға келсін деп бұйырды деді. Блиндажда корпус комиссары. С. А. Егоров екеуі ғана отыр екен. Мен генералға келгенімді баяндап рапорт бердім.

Панфилов марқұм кісімен тек қана «сіз» деп сөйлесуші еді. Тек қана «жолдас пәленше» деп фамилияңды атайтын. Ал Чистяков ұрысарда немесе бұйрық берерде ғана «сіз» деп сөйлеп, ресми емес жағдайда «сен» деп және атыңды атап сөйлесе беретін.

— Кел, кел, Бауыржан, — деді ол маған қолын ұсынып. — Ескі достардан жетпей тұрғаны сен ғанасың.

Буған қарап мен болатын әңгіменің ресми емес екенін аңғардым. Әңгіме ресми болмаса да, мен өзімді ресми күйде ұстап, генералдан соң комиссардың қолын алғаннан кейін де тік қалпымда тырп етпестен тұрып қалдым.

Генерал стол басына шақырды. Өзі ортаға жайғасты да, комиссарға сол жағынан, маған оң жағынан орын нұсқады. Отырарда, орындыққа тиіп менің қылышым сарт ете қалды. Генерал жымиды да:

— Бұл қылышты қашан тастайсың, Бауыржан? — деді.

— Жауды жеңіп, әскерден босанғаннан кейін мұны музейге өткіземін, жолдас генерал.

— Жігіт! Осындай өзгермейтін өз дәстүрі бар адамдарды ұнатамын, — деді де генерал Егоровқа қарай бұрылып, содан соң оған өзінің мені ең алғаш осы қылышты көтеріп шауып жүргенде көргенін айтты. — Бірақ сол жолы астындағы атының құйрығын шауып алды бұл батыр. Ал оның дәлелді себептері бар еді...

Мен қысылып, үнсіз отырдым. Генералдың адьютанты дастарқан жайып, үшеуіміздің алдымызға ас қойды.

— Ал, Бауыржан, — деді генерал асқа икемделген ыңғай таптым. — Мен ертең Москваға жүргелі отырмын. Тегі басқа жаққа ауысармын. Ауыспасам қайтып келермін, кет демессіңдер.

— Әрине,— деді комиссар басын изеп. — Сол дұрыс болар еді.

— Оны бара көреміз, Сергей Александрович, — деді генерал сөзін жалғап. — Басқа жолдастармен телефон арқылы тілдестім. Бірақ ешкімді шақырмадым. Сені шақырып отырған себебім екеуміз 8-ші гвардиялық Панфилов дивизиясынан бұрынғы ескі доспыз. Сонау Қиыр Шығыста, қиын кездерде табысқан адамдармыз. Сондықтан сенімен қоштаспай кетуді жөн көрмедім.

— Рақмет, жолдас генерал, — дедім мен басымды иіп. Генералдың бұл сөзі маған соншама жылы тиді. Іштей қатты толқып, тебіреніп қалдым.

— Осыны, — деді генерал қырлы стаканды орталай құйылған арақты қолына алып, — мына сіздердің денсаулықтарыңыз үшін, осы отырған үшеуіміздің ұямыз 8-ші гвардиялық дивизия мен 2-ші гвардиялық корпустың және менің туған жерім Калинин облысын жаудан толық азат ету үшін күресіп жатқан Калинин майданы әскерлерінің жаңа табыстарға жете беруі үшін, алып қоялық.

— Бәлкім, қайтып келерсіз, туған жеріңізді жаудан бірге азат етерміз, Иван Михайлович, — деп күлді комиссар онымен және менімен стаканын соғыстырып жатып.

Екінші тосты генералдың денсаулығы мен барған жерінде абыройлы болуы үшін деп Егоров көтертті.

Ас арасында генерал тағы да Қиыр Шығыс туралы әңгіме қозғады. Уссурий өлкесінің қаһарлы қысы біткеннен кейін қырқұлақ ауруы басталатынын, әлденеше рет дивизия жауынгерлерін жүзімнің, ағаштың жапырағын қайнатып ішкізіп, ащы пияз жегізіп аман алып қалатынымызды айтты. Талай рет белуардан батпақ кешіп жасаған жорықтарымызды есіне түсірді. Осы арада менің құйрығы шолақ ақбоз атты жаяу жетектеп, батпақ кешіп дивизия штабынан полкке келгенім ойыма оралды да, генералға өмір бойы тісімнен шығармай көкірегімде сақтап келген сұрағымды қойдым.

— Жолдас генерал, бір сұрақ қоюға бола ма?

— Сұра, Бауыржан, — деді генерал.

— Комбриг Дотоль мен полковник Коваленко кетіп, Сіз біздің дивизияға келгеннен кейін бір күні мені шақырттыңыз, жолдас генерал. Сонда мені тек қана атымның құйрығын шауып алғаным үшін дивизия штабынан полкке дейін жаяу баруға жазалайын деп қана шақырдыңыз ба жоқ әлде басқа себебі болып па еді?

Генерал ол оқиғаның желісін еске түсіріп, сәл ойланып алды да басын шайқады.

— Жоқ, ол үшін емес. Сенің сол жолы халін мүшкіл болатын. Бірақ менің сенімен сөйлесіп, кім екеніңді білмей жатып қолыңнан жетектетіп қоя бергім келмеді.

— Онда мен осы өмірім, тіршілігім үшін Сізге қарыздар екенмін, жолдас генерал.

— Егер олай десең сен ол қарызыңды әлденеше есе ғып, асырып өтедің, Бауыржан.

— Онда менің Сізді әкемдей құшақтап, сүюіме рұқсат етіңіз, жолдас генерал, — деп жүйе-жүйем босап, орнымнан тұрдым...

Тағы бір сұрақ көмейіме келген еді. Өткен апрельде, 8-ші гвардиялық дивизиядан 2-гвардиялық корпусқа ауысып бара жатқанда генерал тағы да мені шақырып алып, былай деген болатын.

— Сен туралы ойларым бар еді, оны жүзеге асырып үлгірмедім. Бірақ Иван Ивановичке тапсырдым, сол кісі қамқорлық жасар, — деген.

Алдында сол ойыңыз не еді деп сұрағым келген болатын. Енді мына әңгімеден кейін оны сұраудың ешқандай қажеттігі болмай қалды.

— Басқа қандай сұрағың бар? — деді генерал.

— Ешқандай сұрағым жоқ, — дедім мен екі аяғымды сарт еткізіп. — Жолыңыз болсын, жолдас генерал, жауынгерлік зор табысқа жетуіңізге тілектеспін!

Сөйтіп, генерал Чистяков Москваға аттанып кетті. Одан кейін Дон майданына барғанын білдік.

Осылай деп Баукең бір тоқтап тағы да темекіге қол созды. Баукеңнің аузынан шыққан сөздерге кәнігі хатшыдай болып төселіп алған менің оң қолым жаза-жаза қатты салдырап қалған еді. Құрысын жазайын деп, моторы жаңа ғана сөндірілген кішкене самолеттің пропеллеріндей қалбаңдатып, қолымды бірер рет сермедім де, тез тоқтата қойдым.

Тоқтата қойғаным генерал-полковник Чистяковтың жоғарыда келтірілген: «Бұлардан басқа Момышұлының маған ұнайтын тағы бір қасиеті болатын, ол оның шыншылдығы еді. Мен оның қанша қиын болса да, тіпті одан өзіне зиян келсе де тек қана шындықты айтатынын білуші едім» — деген сөзі дәл осы сәтте сақ етіп қайтадан ойыма оралды. Алғашында мен бұл сөзді журналдан оқып бергенімде «Оны неғыл дейсің?» деп Баукең бетіме ажырая қараған болатын.

Генералдың бұл сөзіне Момышұлы мақтанатын, қуанатын болар деп ойлап едім. Бірақ Баукең ондай нышан білдірмеді. Чистяковтың бұл сөздері басылған журналды алтын тапқандай қуана қолтықтап ентелей басып, ентіге кірген маған ол жылы қабақ көрсетпеді. Журналдағы өзі туралы айтылған тамаша бағаны оқып бергенімде «оны неғыл дейсің?» деп зірк ете түскенде мен қатты қысылып, шынымды айтсам, ренжіп қалдым. Сол сәтте басыма осы кісі Чистяковті ұнатпай ма екен деген ой келді. Сасқанымнан мен: «Жай, Бауке. Сол кісімен қалай кездескендеріңізді айтпайсыз ба?» дей салғанмын. Бұрынғы барлық сұрақтарыма берген жауаптары сияқты, Баукең бұл сұрағыма да жауап қайтаруға кіріскен. Бірақ ол жауап осындай үлкен әңгімеге ұласып әрі драмалық, әрі жан тебірентерлік детальдары бар дүние болып шығар деп тіпті де ойламаған едім. Генерал Чистяковтың өз мемуарында жазған «Момышұлының маған ұнайтын тағы бір қасиеті — шыншылдығы еді» дегенінің мәнісі міне енді келіп шықты. Мұны да Баукең «Иә, біздің генерал ғажап кісі еді, мені жақсы көруші еді» деген сияқты құрғақ сөздермен емес, жоғарыдағыдай, жан тебірентерлік әңгіме етіп айтып берді. Онда да өзін-өзі дәріптеп, көтермелей сөйлеген жоқ, генералды алға ұстай отырып, өзінің іс-әрекеттерін генералдың әртүрлі бұйрықтарына байланыстыра баяндады. Ұзын ақ мүштікке жалғап, папирос тұтатқалы жатқан Баукеңнің саласынан ет қашқан арық ұзын саусақтарының діріл аралас қимылына көз сала отырып мен оның шынайдай мөлдір шыншылдығына сүйсіндім. Сонымен бірге оның әңгіме айтқыштық өнеріне тағы да ғажаптандым. Қандай сұрақ қойсаң да Баукең оның жауабын өзінше сюжетке негіздеп, қарапайым да болса композицияға желілеп айтады. Сюжет, композицияны ол алдын ала құрып алмайды, сенің сұрағың қойылғаннан кейін соған жауап бере отырып, қиюластырып құрастырып әкетеді. Бұл шапшаңдық оның әртүрлі жауынгерлік жағдайда тез шешім қабылдап үйренгендігін, сонау ескі әскери дағдыны танытқандай еді. Баукеңнің Чистяков жайындағы бұл әңгімесі мені одан сайын толғандыра түсті. «Сенің қандай ғажап ұстаздарың болған, Бауке! Сол ұстаздарың сені мәпелеп тәрбиелеген. Сені олар талай-талай апаттарға жұмсап, шынықтырған. Апатқа жұмсау арқылы олар өзіңді апаттан алып қалып отырған. Сенің тағы бір асыл қасиетің сол ұстаздарыңды ешқашан ұмытпайтындығың. Тірісінде ұстаз тұтқан ағаларын көзі жұмыла сала ұмытып кететін адамдар аз ба? Сен ондай кісі емессің Бауке. Сені халық сол үшін де жақсы көреді».

Баукеңнің менің не ойлап отырғанымда шаруасы болған жоқ. Темекісін тұтатып, бұрқ еткізіп аузынан түтін шығарды да: «Ал дайынсың ба? Енді не сұраушы едің?» дегендей бұрылып маған қарады.

IV

Автор. 8-ші гвардиялық дивизияның Чистяковтан кейінгі командирі кім болып еді, Бауке?

Бауыржан. Оны 1942 жылдың жазында полковник Серебряков деген кісі басқарды. Ал күзде полковник Серебряков 3-ші екпінді армия штабына оперативтік бөлімінің бастығы болып кетті де, дивизияға Панфиловтан кейінгі алтыншы командир болып Ч. деген кісі келді...

Ал Иван Иванович Серебряковке келетін болсақ, ол кісі өте ақылды, өте бейнеткор адам еді. Басынан кешкен тәжірибесі де ұшан-теңіз мол болатын. Өйткені Иван Иванович бірінші дүние жүзілік соғысқа қатысып, оны аға унтер-офицер боп аяқтаған кісі. Содан соң азамат соғысының университетінен өткен. Міне осы кісі 316-дивизия ең алғаш құрылғанда штаб бастығы болып келген еді. Штаб жұмысын жанындай жақсы көретін, өзіне тапсырылған істі жан-тәнімен беріле атқаратын. Біздің дивизияның даңққа жетуіне бұл кісінің сіңірген еңбегі аз болған жоқ. Өйткені штаб әскерді басқарудың тұтқасы ғой. Ал Серебряковтың қолындағы ол тұтқа дивизия Москваға қарай жойқын ұрыспен жылжымалап шегінгенде де, Крюковаға келіп табан тіреп тоқтағанда да, Москва түбінен ілгері қарай шабуылға шыққанда да үнемі оңтайлы күйде болды. Қолындағы сегіз таспалы бұзау тіс қамшының сабы мықты болса ғана оны жауыңның басына найзағайдай жарқылдата сілтейсің. Сілтегеніңді сілейте аттан құлатасың. Қамшыңның сабы сынық болса, онда ештеңе тындыра алмайсың. Ал Серебряков штаб жұмысын әрқашан алып батырдың сегіз таспалы бұзау тіс қамшысының ырғай сабындай ықшам күйде ұстады.

Бұған қарап полковник Серебряковты қағаздан бас көтермейтін бюрократ екен деп әсте ойлауға болмайды. Оның қағаз құмарлығы өз ісіне қалтқысыз берілгендіктің белгісі еді. Иван Иванович тек қана қағаздағы жазу мен картадағы белгілерді оқуға ғана сауатты емес, сонымен бірге адамның жүзіндегі ой мен жүрегіндегі сезімді оқуға да зерек кісі болатын. Полковник Серебряков солдат үшін қоң етін кесіп беруге әрқашанда әзір еді. Оның штаб жұмысын өте мұқият атқаруы да сондықтан болар деп ойлаймын.

Жоғарыда мен Горюны түбіндегі қиян-кескі ұрыстар кезінде полковник Серебряковтен өмірі ұмытылмайтын жылы хат алғанымды айтқан болармын. Біз Горюны селосын тактикалық есеппен алдымен жауға беріп, артынан оған кірген дұшпанды түнде тас-талқан ете құртып жіберіп, селоны қайтадан өзіміз алып жанталасып жүрген түндердің бірінде мен Серебряковтан... бұйрық емес, әкенің ұлына, ағаның інісіне жазатын кәдуескі сәлем хатын алдым. Ол хатта полковник маған генерал Панфиловтан бастап бәрінің біздің ісімізге

риза болып жатқандығын айтыпты. Қай полктің қай жерде екенін көрсетіп, генералдың жоғарыға кеткенін хабарлапты. Содан кейін ісімізге рақмет айтып, алда да абыройлы болуымызға тілектестік білдіріп қолын қойыпты.

Өзің ойлашы, Гитлер Москваны алуға топырлатып елу бір дивизиясын айдаған екен. Соның тура бес дивизиясы біздің бір ғана 316-шы дивизияға жабылған екен. Шекараны бұзғаннан бері күніне 20, 26, 30 километрден алып, ілгері анталап келе жатқан жауды тұсаулы аттай шоқақтатып, күніне бір-екі километрден артық алға аттатпай, бес дивизияның бірдей жағасын жыртып жатқан дивизияның штабында тыныштық бола ма, жоқ па? Оның адамдары бел шешіп бір сағат ұйықтай ала ма, жоқ па? Жоқ қой! Міне сондай жағдайда: дивизия қос қанатын кезек қозғап тағы да бір-екі шақырымға шегініп бара жатқанда, түн ортасында, бірнеше күн бойы кірпік айқаспай көзге ұйқы, шақпақ қантқа жабылған қара шыбындай үймелеп, шаршаған дене сырқырап тыныштық тілеп тұрған сәтте жартылай қоршауда қалған батальонның командиріне ешкімнің бұйрығынсыз өз еркімен хат жазу, сол хатты жазуға өзін-өзі күштеп көндіріп, анау адамның жанына қуат боларлық жылы сөздер тауып қағазға түсіру, ол хатты оқ астында иесіне жеткіздіріп беру кімнің қолынан келеді? Мұндай ауыр жағдайда ондай іс әкеңнің де, адал досыңның да қолынан келе бермейді, қарағым.

Міне Серебряковтың сол хаты қолыма тигенде мен сынық батальоным бүтінделгендей, бүтін ротам батальонға айналғандай қуанып, қайраттандым. Соғыс сияқты ауыр жағдайда жасалған адамгершілік адамға қайрат береді екен. Серебряковтың сол ағалығын, адамгершілігін мен өле-өлгенше ұмытпаспын деп ойлаймын.

Автор. Полковник Серебряковтың ол хаты бар ма Сізде?

Бауыржан. Жоқ. 1942 жылы 1073-Талғар полкының құрылғанына бір жыл толуын атап өттік. Полкымыздың штабы Холм түбіндегі Васильево деген деревняда еді. Деревняның іргесіндегі орман ішінде айналасын жасыл бұтақпен қоршап тастаған полк клубы болатын. Оны бәріміз «Көгілдір клуб» деп атайтынбыз. Осы клубқа полктың әрбір ротасынан өкілдер жиналды. Оған қатысуға дивизия командирі полковник Серебряковтің өзі келді. Салтанатты жиналысты мен аштым. Қызыл Армияның бір жасқа жаңа ғана толған жас полкының Москва түбінен басталған даңқты жорықтарына қысқаша шолу жасай келіп, былай дедім:

— Орыстарда «крестный отец», қазақтарда «өкіл әке» деген сөздер бар. «Крестный» деп жаңа туған жас нәрестеге ат қою салтанатына қатысқан адамды айтады, «өкіл әке» деп сол жаңа туған нәрестенің кіндігін кесіп, жерден көтеріп алған кіндік шешенің күйеуі аталады. Орысша, қазақша екі түрлі айтылатын бұл екі сөздің мән-мағынасы бірдей. Ал жас сәбидің мінез-құлқы, адамгершілігі, ерлік-батырлығы бала туған кезде қасында болған адамдарға

тартады деген сөз және бар. Мен дұрыс айтып тұрмын ба, жігіттер? — дедім залға дауыстап.

— Жөн!

— Дұрыс! — деп винтовкаларын тізелерінің арасына қысып ұстап отырған солдаттар орысша, қазақша жамырай үн қатып жатты.

— Ендеше, — дедім мен сөзімді жалғап, — біздің полкымыз ең алғаш дүниеге келгенде соны жас нәрестедей етіп жерден көтеріп, жөргекке орап алған үш адам бар еді. Олар: генерал Панфилов, аға батальон комиссары Егоров және полковник Серебряков болатын. Сондықтан да біздің полкымызға генерал Панфиловтың ерлігі, комиссар Егоровтың сабырлылығы, полковник Серебряковтың сезімталдығы дарыған. Біз өзіміздің осы үш «крестныйымызды», үш «өкіл әкемізді» мәңгілік мақтаныш етеміз!

Зал, команда берілгендей, тегіс орындарынан атып тұрды. Жауынгерлер винтовкаларын оң қолдарына ұстап, тіп-тік боп тұра қалысты да:

— Панфиловқа, ура!

— Егоровқа, ура!

— Серебряковке, ура! — деп «көгілдір клубтың» түндігін көкке желпілдете ұран салып жіберді. Ешкімнің басқаруынсыз, ешбір бұйрықсыз жүздеген адамдардың жүрегін жарып шыққан бұл қуатты ұран жан толқытарлық ғажап күй танытты. Бір сәтке өне бойды әлде бір күш кернеп, сол күш денені абайсызда соққан электрдің тоғындай шымырлата, дірілдете жөнелген сияқтанды. Сонау Алматыдан бері келе жатқан полк ардагері ескі жауынгерлердің көздерінен бұрқ еткен жас көрінді.

Жауынгерлер орындарына қайтадан жайғасқаннан кейін мен дауысымды құлағы босап кеткен домбыра шегіндей, қайта қатайтып, сөзімді аяқтауға көштім.

— Жолдастар, жауынгерлер мен командирлер! Мен жаңа біздің полкымызға полковник Серебряковтың сезімталдығы дарыған дедім. Олай деуге менің әбден хақым бар. Өткен жылы ноябрьдің он сегізі күні генерал Панфилов осы полктың бірінші батальонының командирі маған аса жауапты бұйрық жіберді. Сол бұйрықты орындау жолында біз Горюны деревнясын жауға бермеу үшін үш күн шайқастық. Батальон жартылай қоршауда қалды. Сондай қиын жағдайда мен полковник Иван Иванович Серебряковтан мынадай хат алдым, — деп омырау қалтамнан хатты алып оқып шықтым, — Қиын жағдайда келген бұл хат маған орасан зор күш берді. Батальон жаудың қоршауын бұзып шығып, тағы да дивизияға, полкке кеп қосылды. Міне содан бері сегіз айдан аса уақыт өтті. Бұл хатты мен күні бүгінге дейін жоғалтпастан офицерлік куәлігімнің ішінде сақтап келемін. Енді міне бүгін Талғар

полкының бір жасқа толған күні Москва түбіндегі ұлы шайқастарда оқ тигізбей, отқа шарпылтпай аман алып шыққан бұл хатты бүкіл бір батальонға қайрат берген Ұлы Отан соғысының жауынгер документтерінің бірі ретінде Иван Ивановичтың өзіне шын жүректен, аса зор ризашылықпен, құрметпен сыйлауыма рұқсат етіңіздер. Бұл хат бір кісінің, тек менің ғана меншігім болып қалмай, полковниктің басқа да документтерімен қосылып, ертең, жауды жеңгеннен кейін, бүкіл халықтың меншігіне айналсын деген ниетпен сыйлаймын.

Осылай деп хатты полковниктің қолына бердім. Полковник бір қызарып, бір бозарып, саусақтары сәл қалтырап хаттың бүктеуін аша бастады. Өз жазуын, өз қолын танығаннан кейін ол басын изеп, қуана күлімдеп, маған шын жүректен ризашылық білдірді. Оны жоғалтпай ұзақ сақтағаным үшін рақмет айтты. «Москваға қауіп төнген қарбалас сәтте асығыс сүйкектетіп алғы шепке жолдаған бұл бір жапырақ ағалық хатым, достық сәлемім сіздерге қуат болуға жараса, онда мен бақыттымын» — деді.

Иван Иванович Серебряков жалғыз бізге ғана емес, үн-түнсіз жүріп-ақ өзінің іскерлігімен, білімділігімен, адамгершілік мол асыл парасатымен талай адамға медет болған кісі еді. Соғыстан кейінгі алғашқы он жылдың ішінде дүниеден қайтты. Барлық ісін айғай-шусыз атқарып, адамдарға адал қызмет еткен, өз Отанына шексіз берілген асыл ұлдардың бірі еді, жарықтық.

V

Автор. Одан кейін 1943 жылы Талғар полкының құрылғанына екі жыл толғанын да атап өтіпсіздер ғой, Бауке. Онда Сізге қарулас достарыңыз 173825-номерлі маузер сыйлаған көрінеді.

Бауыржан. Оны кім айтты саған? Номерін қайдан білесің?

Автор. Менің архивтен алған материалдарымның ішінде мынадай бір документ бар. Руқсат етсеңіз оқып берейін.

Бауыржан. Оқығын.

Автор. Бұл 19-шы гвардиялық атқыштар полкі 1943 жылы Сізге берген № 28 куәлік. Онда былай делінген:

КУӘЛІК

Берілді гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлына, себебі 19-шы гвардиялық атқыштар полкының құрылғанына екі жыл толған күні оған сыйлыққа: «Талғар полкының екі

жылдығы күні гвардия полковнигі Б. Момышұлына. 19-шы гв. атқыштар полкының ардагер офицерлерінен. 25. 7 .43 ж.» деген жазуы бар 173825 номерлі маузер тапсырылды.

19-шы гв. атқыштар полкының командирі

гв. майоры Курганский».

— Дұрыс па, Бауке?

Бауыржан. Дұрыс.

Автор. 19-шы гвардиялық полк деп отырғанымыз бұрынғы 1073-атқыштар полкы ғой.

Бауыржан. Иә, И. Д. Курганский осы полктың алғаш негізін қаласқан байырғы командирлерінің бірі еді. Соғысқа дейінгі мамандығы агроном болатын. Бұл жау жүрек азамат алғашында рота, батальон командирі, кейіннен менде полк штабының бастығы болды. Өрттей лаулап тұрған өжет Курганскийдің талай ерлігіне, адамгершілігіне сүйсінген едім. Кейін мен кеткенде ол 19-шы гвардиялық полктың командирі болып тағайындалды. Өз қолымен маған маузер тапсырғандағы оның тебірене сөйлеген сөзі, маған деген достық сүйіспеншілігі, туыстық ықыласы мәңгі есімде қалды... Ер азамат содан бір жыл кейін, 19-шы гвардиялық полкты бастап Резекне қаласын дұшпандардан азат етіп, енді Мадона қаласына беттегенде ерлікпен қаза табады. Артынан подполковник Курганскийге Совет Одағының Батыры атағы берілді. Бұл ұлы жорықта талай батыл солдат, батыр командирлерден айрылдық қой, қарағым. Сөз арасында айта кетейін, біздің 19-шы гвардиялық Талғар полкы ержүрек командирлерге кенде болған жоқ. Оның Курганскийден кейінгі екінші командирі подполковник Иван Леонтьевич Шапшаев 19-шы гвардиялық Талғар полкының Риганы азат ету және дұшпанның Курляндия тобын талқандау ұрыстарында көрсеткен ерекше еңбегі үшін Совет Одағының Батыры деген атаққа ие болды. Айтпақшы, 8-ші гвардиялық Панфилов дивизиясында 19-шы гвардиялық Талғар полкынан басқа ешбір полктың командирше Совет Одағының Батыры атағы берілген жоқ. Ал Талғар полкінің екі командиріне қатарынан бұл аса жоғары атақ берілді. Оның соңғысы Шапшаев соғысты аман-есен аяқтап шықты. Өзіме тете командирлердің ішінде маған Курганскийдің өлімі қатты батты. «Бауыржан, сен басқарған, сенің туған жерінде жасақталған Талғар полкінің атағына кір келтірмеуге мен саған ант етемін!» деген сөзі есіме түсіп, «Есіл ерім-ай!» деп талай рет егіліп алдым. Дивизиядан қара үзіп, туырлықты тесіп өткен найзадай сұғынып, ілгері ұмтылған 19-шы гвардия полкін жау қоршап алады. Арттан дивизия келіп жеткенше полкты тып-типыл етіп жойып жіберуге тырысады. Сол қауіпті сезген Курганский бес рет полкты өзі бастап атакаға шығады. Бірақ жау темір шеңбердей қысып, уысынан шығармайды.

— Гвардиялық полк қоршауда қалып құрымайды. Ол өзінің анасы сегізінші гвардиялық дивизияға барып қосылуға тиіс. Панфиловтың батырлары, Бауыржанның бауырлары ешқандай қамауда қалмайды, қалайда жарып шығады. Еріңдер соңымнан, ерлерім! — деп Курганский Талғар полкін алтыншы рет атакаға бастайды. Барлық күшін бойына жинап, ышқына соққан полк қоршауды бұзып өтеді. Бірақ оның ержүрек командирі оққа ұшады. Сөйтіп Курганский өз өмірін қиып, полкты жойылудан сақтап қалады.

Курганскийдің өлер алдындағы жаңағы сөздерін мен ол өлгеннен кейінгі полктың екінші командирі Шапшаевтың өз аузынан естідім. Соғыстан кейін Калинин қаласында онымен сан рет жолығып, әңгімелестім.

«Соңғы атакаға шығарда Курганскийдің Панфиловты аузына алуы заңды. Бірақ мені атамаған шығар?» деп одан қайталап та сұрадым. Шапшаев Совет Одағының Батыры болса да екі иығын кезек түртіп, шоқынып тұрып мынадай әңгіме айтып берді.

— Құдай ақыңа рас, — деді ол. — Онда мен батальон командирі едім. Баяғы өзіңнің бірінші батальоныңды басқаратынмын. Полкқа жол ашуды біздің батальонға жүктеді де, Курганский жауынгерлерге қысқаша сөз сөйледі. Сонда жаңағы сөздерді айтты. Ол сөздерді бірнеше рет кейін мен де айттым. Курганскийден кейін 19-шы гвардиялық Талғар полкының командирі болып тағайындалдым. Онда біз генерал Қазақовтың қарамағындағы 10-шы армияда, сенің 9-шы гвардиялық дивизияң генерал Чистяковтың 6-шы гвардиялық армиясында болатын. Бұл екі армия талай рет иін тіресіп, көрші жүрді емес пе. Қырық бесінші жылы мартта генерал Казаковтың 10-шы армиясы шабуылға шыққанда 8-ші гвардиялық дивизия жаудың ит тұмсығы өтпейтін қалың орман ішіндегі шебін талқандап, бірінші боп алға ұмтылды. Оның ішінде Талғар полкы тағы да алға кетті. Біз тағы да қоршауда қалдық. Панфилов дивизиясы мен өзінің уысынан талай рет шығып кеткен Талғар полкына өшіккен жау бұл жолы бір полкқа екі дивизиясын жапты. Бізге қарсы танктерін де айдап салды. Артиллериядан да талай рет оқ боратты. Бізді сөйтіп он күн мыжғылады. Біз берілмедік. Сонда мен Курганскийдің сөзін қайталап:

— Панфиловтың батырлары, Бауыржанның бауырлары ешқашанда қамауда қалмайды. Гвардиялық полк қоршауда қалып құрымайды, — деп сан рет айттым. Біз Панфиловты дивизияның рухы, сені Талғар полкының рухы деп есептейтінбіз. Сол он күнгі ұрыста Панфилов пен Бауыржанға сан рет сиындық. Сендердің аттарыңды атағанда солдат ерлер сан рет жігерленіп, жауға қарсы ұмтылды. Солдаттар ғана емес, менің өзім де сендерден сан рет қайрат алдым. Сонау Алматыдан Панфилов бастап бірге келгеніміз, Москва түбіндегі қиян-кескі ұрыстар, сенің батальонды бастап талай қоршаудан аман алып келгенін, декабрь шабуылында сенің полкты бастап, ақ қарды бұрқыратып, ақбоз атпен шауып бара жатқаның, сонда сенің менің көзіме атқа мініп шауып бара жатқан адам емес, оқ өтпейтін, қылыш кеспейтін қара бурка қардың үстінде өзінен өзі қалықтап ұшып бара жатқан сияқты боп көрінгенің — бәр-бәрі есіме түсті. Талғар полкының пірі — екі танауы шелектей боп

делдиген ақбоз атты көсілте шауып жүрген қаһарлы Бауыржан әрқашанда көз алдымда болды. Ол қоршауда мен қатты жараландым. Жараны сылтау етіп, бірдеңе ғып қоршаудан шығып кетуіме болатын еді. Бірақ Бауыржан менің орнымда болса, полкын тастап кетпес еді деп ойладым да, полкта қалдым. Егер полк құрыса, сүйегім Талғар полкы солдаттарының ортасында қалсын деп ойладым. Зембілде жатып полкты басқарумен болдым... Дивизия мен полктың пірі Панфилов пен Бауыржан деп есептегеніміз рас екен. Оныншы күн дегенде дивизия артиллериядан оқ боратып, бізді қоршаған жауды қиратты да, полкты өз қарамағына алды. Сол жолы маған Совет Одағының Батыры атағы берілді.

Мұны маған 19-шы гвардиялық Талғар полкының соғыс кезіндегі соңғы командирі Совет Одағының Батыры подполковник Шапшаев айтты. Бұл соның әңгімесі. Мен саған содан естігенімді ғана айтып тұрмын. Понятно тебе?

Автор. Түсінікті, Бауке.

VI

Бауыржан. Мен Иван Леонтьевич Шапшаевты ерлігі үшін, әңгімесі үшін құшақтап, бетінен сүйдім. Шапшаев сонау Амурда туғанымен, біздің Қазақстанда өсіп, Туркcибті өз қолымен салысқан етене ескі достардың бірі еді. Оның осы әңгімесін естігеннен кейін мен түні бойы Курганскийді есіме алып, қатты толғанып, тебіренумен болдым. «Сақтықта қорлық жоқ» деген қазақтың мәтелі бар. Бұл рас сөз. Бірақ ерлік сақтықтың жетегінде жүрмейді. Өйткені сақтық — есеп. Ерлік есеппен істелмейді. Ерлік ешқандай есепке көнбейді. Ерлікті сантиметрлеп өлшеп, грамдап салмақтап, секундтап санай алмайсың. Ерлік адам жанының лап еткен жалыны, жарқ еткен найзағайы. Ерлік биіктегі кемерінен асып, лақ етіп құздан құлаған тасқын; жер сілкінсе салдыр-күлдір болып таудан төмен қарай лықситын сан алуан тастардың ағыны. Тасқынның қашан төгілетінін, жердің қашан сілкінетінін білмейсің. Білсең де қанша текше метр су құлап, қанша тас домалайтынын, ол зілзаланың қанша уақытқа созылатынын болжай алмайсың.

Ерліктің негізі сүйіспеншілік. Кісі сүйгенінің құлы да, құрбаны да болады. Отанын сүйген солдат ол үшін отқа да, суға да түседі. Сөйтіп саналы түрде ерлік жасайды. Ол ерлікті қай күні, қай сағатта жасайтынын солдаттың өзі білмейді. Сәт-сағаты жетіп, жан толқыны тулап, шиыршық атып аспанға шапшығанда солдаттың жұдырықтай жүрегінен ерліктің жалыны бұрқ ете лаулай атылады. Дүниені дүлей тасқын кернейді. Жер сілкініп, тау төңкеріледі. Күн күркіреп, найзағай жарқылдайды. Солдат ерлік жасағанда осындай болады! Солдаттың жүрегін ерлік атты балапан жұмыртқадай жарып шыққанда осылай болады! Бірақ солдат оны ерлік жасадым деп есептемейді. Азаматтық міндетімді атқардым, Отан алдындағы перзенттік борышымды өтедім деп қана біледі. Ерлік жасаған сәтте солдаттың басындағы ой осы ғана болады. Өзінің ерлік жасағанын өлген солдат білмей

кетеді, тірі қалған артынан ұғады. Онда да алғашында ол ондай ерлік жасаған мен емес, басқа біреу болар деп ойлайды. Мінеки, ерліктің ешқандай есепке көнбейтіні де сондықтан!

Әркімнің-ақ ер атанғысы келеді. Елім деп еңіреп туған асыл азаматтардың ерекше еңбегі ғана ерлік боп бағаланады. Екінің біріне ер атағы берілмейді. Он мыңның бірі, миллионның жүзіне ғана тиеді ол құрмет. Ердің еңбегін ел бағалайды. Бір ердің ерлігі жүз жауынгерге үлгі, мыңға өнеге болады. Ердің ерлігін ер қайталайды. Сондықтан да Ұлы Отан соғысында Матросов ерлігі — 275, Талалихиндікі — 176, Гастеллонықі — 207 рет қайталанды. Ал сен ешкімге ұқсамайтын ерлік жасадың, Ваня. Сенің ерлігіңді үзеңгілес ер досың Шапшаев қана қайталады. Ал біздің 28 панфиловшы батырларымыздың ерлігін ешкім қайталай алған жоқ. Қайталамай-ақ қойсын! Жиырма сегіз ердің жүрегі жаудың Москва түбінде лаулап жанып жатқан елу танкісімен қоса ақтық тамшы қандарын сарқып, туған жердің топырағына құлап жатқан ауыр күндер біздің ешбір ұрпағымыздың басына келмесін! Мен сенің Отаншылдығыңды, азаматтығыңды, ерлігіңді мәңгілік мақтаныш етемін, батыр бауырым Курганский!

Осылай деп таң атқанша бір тебіренгенім бар еді, қарағым... Анда-санда жаңағы сен айтқан маузерді көргенде көз алдыма оны маған соншама ілтипатпен, туған інідей сүйіспеншілікпен, мақтанышпен ұсынған батыр бауырым Иван Курганский елестейді.

Автор. Ол маузеріңіз қайда, қазір, Бауке?

Бауыржан. Музейде.

Жауынгер достарын есіне түсіріп, тебіреніп отырған Баукеңе менің «Маузеріңіз қайда?» деген сұрағым орынсыз көрінді-ау деймін, ол «Музейде» деп бір-ақ ауыз сөзбен қатулана жауап берді де, теріс қарап кетті. Қойған сұрағымды ұнатпағанын білдім де, мен үнсіз отырып қалдым. Расында да ол адам туралы, азаматтар тағдыры жайында сөйлеп отырғанда, менің бір тұтам қарудың қайда екенін сұрағаным орынсыз да еді. Бірақ менің міндетім Баукеңе қатысты нәрсенің бәрін де білу, бәрін де анықтау. Ойыңа келіп тұрған сұрақты сол сәтінде беріп қалмасаң артынан, сөз аралап, ұмытып кетесің. Бірақ бұл Баукеңе дәлел емес. Сондықтан, батыр сабасына түскенше, төмен қарап, үнсіз отырдым. Үнсіз отырып, ақын Сырбай Мәуленовтың «Батыр ағам Бауыржанға» деген мына өлеңін іштей қайталап шықтым:

Кешіп өтіп кешегі от-жалыннан,

Дүниеге ерлігімен танылған.

Кең жаурынды,

Талғардай тік шықты,

Бөрі кеуде, бүркіт қабақ Бауыржан.

Қалтыраған атынан жау ордасы,

Панфиловтың жорықтағы жолдасы.

Даңқ туын майдандарда көтерген,

Гвардия бөлімінің колбасы.

Шежіресін жазып соғыс кезінің,

Бүгін сенің жырға айналды сезімің,

Бүгін тағы естіледі әлемге,

Айқастарда атой салған өз үнің.

Ел аузында ерлігі — аңыз, аты — жыр,

Халқымыздың мақтанышы батыр ұл,

Мерекелі мүшеліңді құттықтап,

Сырбайыңның жазған сәлем хаты бұл.

Қайрат-күшін қан майдандар сынаған,

Сенсің менің ардақтайтын бір ағам!

Ескерткіш боп тұрып қалмай бір жерде,

Алшаң басып жүргеніңе қуанам.

Бір күні мен Сырбайдан осы өлеңнің тарихын сұрадым.

— Осы бес шумақ өлеңнің он бес жылдық тарихы бар, — деді Сырбай дауыл тербеген теңіздей гүр ете қалып. — Өлеңнің қалай жазылатынын өзің білесің. Кей өлең ағаш басынан пыр етіп кеп жерге қонған бір топ торғай сияқты, лып етіп бірден қағазға түседі. Енді бір өлеңдер, көпке дейін жерге түспей, біресе төмендей, біресе жоғарылай қалықтап, аспанда жүріп алатын қалың қара торғайға ұқсап ұзақ уақыт қағазға қонбай қояды... Баукеңді мен бірінші рет 1944 жылдың басында, Алматыда, Жазушылар одағының пленумында көрдім. Мен қырық үшінші жылы майданнан жаралы боп келіп, Қостанай облыстық газетінде қызмет істейтінмін. Жергілікті жердегі әдеби бірлестіктің жетекшісі

болғандықтан пленумға шақырылдым. Баукең сонда пленумның президиумында отырды. Біздің екі көзіміз сонда болды: мен оны бөріге де, бүркітке де ұқсаттым. Тегі: «Кең жаурынды, Талғардай тік иықты, бөрі кеуде, бүркіт қабақ Бауыржан» деген жолдар менің ойымда сонда туған болса керек. Бірақ бұл жолдар ол кезде қағазға түскен жоқ. Содан 4—5 жыл кейін мен Алматыдан Көкшетауға дейін Баукеңмен бір самолетте ұштым. Ол кезде таныс емеспіз, тілдескеніміз жоқ. Танысып, сөйлесуге батылым жетпеді. Көкшетау аэродромының айналасы белуардан келетін көкорай шалғын екен. Бауыржанның соған үстіндегі плащ-накидкасын жайып жіберіп, полковник басымен аунай кетіп, Көкшенің көкорай шалғынын құшақтап, аймалағанын көрдім. Бұрқ етіп көзіме жас келді. Анадай жерге барып, Бауыржан орнынан тұрып, қайтадан самолетке отырғанша көз айырмай қарап тұрдым... Қырық тоғызыншы жылы шыққан жинағымда Бауыржанға арналған алғашқы өлеңім жарияланды. Бірақ оған өзім қанағаттанбадым. Алпысыншы жылы Баукең аурудан тұрып, Жазушылар одағына таксимен келіп, қайтып бара жатқанын көргенде жүрегім бір түрлі болып кетті. Астан-кестен ой тулады. «Ескерткіш боп тұрып қалмай бір жерде, Алшаң басып жүргеніңе қуанам» деген екі жол ең алдымен келді. Бұл екінші өлеңімді мен Баукеңнің елу жылдығында жариялядым.

Автор. Жоғарыда Сіз «полктың көгілдір клубы» дедіңіз. «Бауыржанның көгілдір клубында болдық» деген сөзді мен алғаш Әбекеңнен естіп едім.

Бауыржан. Ол кім?

Автор. Әбділда Тәжібаев.

Бауыржан. Ә. Әбекеңнің ол «көгілдір клубты» көргені рас. Немістерді Москва түбінде тоқтатқаннан кейінгі бір әредікте мен Қазақстан Жазушылар одағына хат жазғанмын. Қазақстан жазушылары, мынау сұрапыл соғысты өз көздерімен көрмей үйде отырасыңдар ма? Ертең соғыс туралы шығарманы қалай жазасыңдар? Бұл соғыс тарихта да, әдебиетте де атаусыз қалатын соғыс емес. Бұл совет халқының анау азамат соғысынан кейінгі ең басты, ең шешуші шайқасы. Ендеше осыны келіп көздеріңмен көрмейсіңдер ме, денелеріңмен сезінбейсіңдер ме? — дегенмін. Сол хаттың ішінде бірнеше жазушылардың аттарын атағанмын. Соның бірі етіп Әбділданы да айтқан болуым керек. Оның үстіне Әбділда екеуіміз баяғыда Шымкент интернатында бірге оқыған бала доспыз ғой. Сондықтан Әбділданың тікелей өзіне арнап жазған жеке хаттарым да болса керек. Адам қасында жүргеннің қадірін біле бермейді. Өлген соң өкінеді, өлген соң өкіреді. Әйтпесе Әбділда деген ұлы ақын, ұлы азамат қой, шіркін! Өзің ойлашы сен бір ауыз сәлем айтқан екен деп толарсақтан қан кешіп, оқ пен оттың ішінде жүрген саған қай досың артыңнан іздеп келеді? Шешең келсе келер, әкең келсе келер. Бірақ соғыстан бес мың километр алыста, тыныш үйде, тыныш жайда, бала-шағасының қасында жылы ұяда отырған бөгде біреу сені қалай іздеп келеді? Соның бәрін тастап, ешкімнің әмір-бұйрығынсыз, соғыс кезінің әр сағат, әр тәулігі еліммен ұштасып жатқан ауыртпалық қиыншылықтарына қарамастан майдандағы

солдаттарға сәлем беремін деп келу үшін адамға қаншама қажыр-қайрат, адамгершілік, азаматтық сүйіспеншілік керек десеңші! Соны мен бірінші рет осы Әбділданың басынан көрдім, қарағым. Ақпейіл ақынның аңқылдап майданға келіп қалғанын бірақ білдім. 1942 жылдың апрелінде корпус штабынан дивизияға келе жатқан жолда машиналарына бомба түсіп істен шығып, көктем кезіндегі Калинин облысының қара батпағын жарымжан аяғымен тізеден кешіп, жиырма шақырым жаяу жүріп, қап-қара боп түтігіп Талғар полкына келген Әбділданы көргенде төбе шашым тік тұрды. Тамағыма бір нәрсе кептеліп қалғандай, дыбысым шықпай оны бас салып құшақтай алғаным есімде. Жігіттердің жиналып қалғанына қарамастан, екеуміз қайта-қайта сүйісіп, бір-біріміздің бас-аяғымызға қайта-қайта қарай бердік. Мен қасымызда тұрған қаһарман солдаттардың қаһарлы командирінен арсаландаған балаға айналып кеткен сияқтандым. Өйткені, Әбділда өзімен бірге майданға менің балалық шағымды арқалап алып келді. Ол менің балалық шағым бауырында өткен қазақтың Қаратауын қасыма әкеп қойғандай болды. Мен оны көргенде алыстағы елімнің алтын ордасы Алатауға арқамды тіреп тұрғандай болдым. Әбділдамен бірге бүкіл қазақ даласы қасыма көшіп келген сияқтанды.

— Неге келдің? Мынау бұршақ орнына төбеден бомба жауған майданда өліп қалсаң қайтесің? Неге келдің, Әбділда? — дедім мен бір кезде даусым шығып.

— Өлсем сенен жаным артық па? Мынау тұрған көген көз боздақтардан жаным артық па? — деді ол.

— Біз солдатпыз, сен ақынсын ғой, Әбділда-ау.

— Солдатыма сүйегім сырқырамаса менің нем ақын, нем азамат, Бауыржан?! — деп әбден қажып келген Әбділда сылқ түсіп блиндаждың жиегіне отыра кетті.

Содан Әбділда бірнеше күн менің полкымда, менің қасымда болды. Дивизияға елден сыйлық әкелген Қазақстанның өзге делегаттары әлдеқашан қайтып кетті. Елдің хабарын айтып, жалынды өлеңдер оқып Әбділда менің де, менің полкымның жауынгерлерінің де құлақ құршын қандырды. Сол аз уақыттың ішінде солдаттар Әбділданы әкесіндей көріп кетті. Кейінгі жылдарда майдандағы біздің дивизияға Әбділда салған айқын жолмен Ғабиден Мұстафин, Сәбит Мұқанов, Жүсіпбек Елебеков сияқты бірсыпыра мәдениет пен өнер қайраткерлері ат ізін салды. «Келіннің бетін кім ашса, сол ыстық» дейді ғой қазақ. Соғыста кімді бұрын көрсең, сол қымбат. Әбділданың өзге тұрғыластарымнан ыстық көрінетін бір себебі сол, қарағым. Оның үстіне Әбділданың әкедей ақылгөй, шешедей мейірбан, парасатты өлеңдеріне тәнтімін. Мен үшін қазіргі өзге ақындар бір төбе де, Әбділда бір төбе. Мінеки, Калинин ормандарының қылқандарынан жасалған полктың «Көгілдір клубын» соғыстың қақап тұрған қатал жылында қазақ ақыны Әбділда Тәжібаевтың асқақ үні кернеді. Ол үн жауынгерлердің жүрегіне қайрат боп тұнып, Калинин орманының ішін кернеп кетті. Жауынгер жігіттермен қоса орманның бұтақтары да

ақынның сөзін ұғып, теңселе тербеліп, бас изеп тұрған сияқтанды. Соғыстан кейін, бертінде Калинин облысына барып қайтқан жігіттердің бірі маған әзілдеп:

— Бауке, жел соқса Калинин облысының ормандарына дейін қазақша ән салады екен, — деді.

— Ән салса оны 8-ші гвардиялық Панфилов дивизиясының жауынгерлерінен, сол жерге ең алғаш келген қазақ ақыны Әбділда Тәжібаевтан үйренген болар, — дедім мен оған шындап жауап беріп.

VII

Автор. Әбекең ол Жолы Сіз туралы өлең шығарған жоқ па?

Бауыржан. Оны өзінен сұрағын.

Жоқ, мен оны сұрамаймын, Бауке. Әбділда Тәжібаевтың 1942 жылы майданға барғанда Бауыржан Момышұлы туралы өлең шығарғанын бұрыннан білемін. — Ол өлеңді орысшаға Самуил Яковлевич Маршак аударып «Известия» газетінде басылып еді, — деген болатын маған ақын. Бірақ Әбекең ол өлеңнің өзінің қай кітабында жарияланғанын есіне түсіре алмаған. Артынан мен ол өлеңнің қазақшасын да, орысшасын да тауып, салыстырып оқып шыққанмын. Қазақшасы «Бауыржанға» деген атпен 1945 жылы жарияланған «Өлеңдер жинағы» деген кітапта шығыпты. Орысшасы «Великан» деген атпен ақынның 1958 жылы Москвада басылған «Песнь о друге» деген жинағына еніпті. Өлеңнің бас жағында ақын балалық шақта Бауыржан екеуінің көк майса кең далада бірге жүгіріп өскенін, садақ тартып, қарға атып ойнағандарын еске алады. Көрші кемпірдің балаларды оттан, судан, қара құстардан қорғайтын алып жайлы айтатын әңгімесін қатар отырып, қызыға тыңдайтындарын, ертегідегі алыпты екеуінің өз әкелеріндей жақсы көріп кеткендіктерін айтады. Сол бала күнгі досын сағынып, бір көруге зар болып, төбеден неміс самолеттері жаудырған бомбаға да қарамастан ілгері басып келе жатқан сәтін ақын былай баяндайды:

Келем қалың қара орманмен,

Көрсем деймін тездеп сені.

Қара құстар көктен төнген,

Бөгемеші жолда мені.

Шегінбедім, сескенбедім,

Тоқтамады салған әнім.

Тек тезірек жетсем дедім.

Сағынғаным — Бауыржаным!

Ақ қайыңдар ортасында

Тұрдың берік жас емендей.

Көріскеннен жайдық құшақ

Ғашық жарлар кездескендей...

«Қош» дедің сен, міндің атқа.

Құтқаруға бөбектерді!

Қайрымды алып, кемпір айтқан,

— Сен екенсің, ұқтым енді.

Бұл өлең «Известияға» басылмас бұрын алдымен республикадағы ана тілінде шығатын газеттерде басылыпты. Майданда Бауыржан деген батыр бар екені байтақ Қазақстанға, бүкіл Отанға алдымен осылай тарапты. Ойлап қарасам біздің «Бауыржанымыздың» басы Әбекеңнің осы өлеңінен басталатын сияқты. Бұған дейін Бауыржан есімі «Момышұлының бірінші батальоны Горюны, Матренино аудандарында жаумен шайқасты» деген сияқты полктан дивизия штабына жіберілген әскери ақпарларда ғана аталып келген. Пулемет ротасының командирі жас ақын Василий Вершининнің 316-атқыштар дивизиясының органы «За Родину» газетінде басылған өлеңінде Б. Момышұлына арналған мынадай бір ғана шумақ бар:

...Он помнит, что служит народу,

Что путь наш суров и велик.

За счастье людей, за свободу

В бой идет молодой большевик...

Полк, дивизия ақпарларынан Момышұлының есімі ең алғаш «Известия» газетінің бетіне көшті. Өлең тақырыбының астындағы «Гвардия капитаны Бауыржан Момышұлына» деген сөздерге миллиондаған көздер қадалды. Миллиондаған әкелер мен аналар, жас жарлар мен жас өспірім жеткіншектер гвардия капитаны Момышұлының кім екенін білмесе де, оның фашистердің құлдығындағы совет адамдарын, барлық сәби балаларды азат етуші алып екенін, қазақ халқының қаһарман ұлы екенін көңілдеріне түйіп алды. Бауыржан атын бүкіл

Қазақстанға кеңінен танытқан бұл өлеңді тамаша орыс ақыны Маршак орыс тілінде аударып, ол есімді барша байтақ Отанға мәшһүр етті.

Тәжібаев өлеңінің Маршак аудармасы «Известия» газетінде жарияланғаннан кейін іле-шала 1942 жылы 18 майда «Правда» газетінің бетінде Совет Информбюросының мынадай хабары жарияланды:

«Калинин майданының бір участогында дұшпан біздің бір бөлімшемізге шабуыл жасады. Бауыржан Момышұлының қол астындағы біздің жауынгерлер жауға миномет пен пулеметтен оқ жаудыра қарсы алды, одан кейін қарсы шабуылға шығып, гитлершілдерді кейін сырғытып тастады. Ұрыс даласында жаудың 120 солдатының өлігі жайрап қалды. Фашистердің 2 танкі қиратылды».

Осылай деп «Правда» газеті ер есімін елге жайды. Осыдан кейін «Красная звезда» газетінің бетінде Бауыржан есімі жиі атала бастады. Александр Кривицкийдің очерктері, Александр Бектің атақты кітабының алғашқы бөлімдері дүниеге келді. Қазақ ақындарының Бауыржанға өлең арнамағаны кемде-кем болды. Тіпті кейбір ақын арасына бірнеше жыл салып, екіден — үштен өлең арнады. Мәселен, Тәжібаев Момышұлына деген алғашқы өлеңін 1942 жылы жазса, отыз жылдан кейін оған арнап екінші өлеңді және шығарды. Ал ақын Қалижан Бекхожин Момышұлына арнаған «Қол бастаған батырға» деген алғашқы өлеңін 1944 жылы, «Томаға киген тау бүркіт» деген еленін 1960 жылы, ал «Атынды мен естідім» деген үшінші өлеңін 1971 жылы жариялады. Ақындардың аузымен халық сөйлеп, тарих тиісті бағасын берді. Өйткені ақын өзі ұнатқан ардагер азаматты ғана жыр етеді, соған ғана өлең арнайды. Теңіздің түбіне сүңгіп алған маржан сияқты асыл қазынасын ақын кез келген жұртқа сыйлай бермейді. Ақын халық сүйген қаһарман ұлды, қадірлі азаматты ғана мадақтайды. Ол ұнатпаған адамына үн қатпайды, бірнешеу тұрғай, бір де өлеңін арнамайды. Ақынның жүрегіндегі отты сезімге ешкімнің әмірі жүрмейді, ол жүректің жылуын ешкім зорлықпен тартып ала алмайды. Ақын сүйгеніне ғана сүйсіне жыр төгеді. Ақынға зорлықпен сүйікті бола алмайсың. Ал саған Әбділданың сонау қырық екінші жылғы өлеңінен бастап, барлық қазақ ақындары жабыла жыр арнаса, олардың сені жабылып жақсы көргені. Бір емес, екі-үш реттен арнаса, онда сені үш мәртебе жақсы көргені, шексіз сүйіп құрметтегені ғой, Бауке. Мен саған кімнің қандай өлең шығарғанын білмегендіктен емес, білгендіктен, көкірегімді мақтаныш кернегендіктен сұрап тұрмын ғой, ақсақал. Мұны айтсам сен: «Білсең несіне сұрайсың?» деп, дауысыңды күндей күркіретіп, мұртыңнан найзағай шашыратып шыға келесің. Сондықтан менің іштей тебіреніп, ішкі ырғаққа қайта-қайта бас изеп, үнсіз сүйсініп қана қоюыма тура келеді. Оны аңғарған сен: «Әй, шыбындаған атқа ұқсап, басыңды неменеге шұлғып отырсың?» деп тағы да мені ажуа қыларсың. Сондықтан өз күйімді саған аңғартпай, әңгімені ілгері жалғап, менің енді келесі сұрақтарыма көшуім керек, батырекесі.

Автор. Мен Сіздің сол қырық екінші жылдың жазында елге жазған бір хатыңызды тауып көшіріп алдым. Соны өзіңізге оқып берейін бе?

Бауыржан. Кәне, не деппін?

Автор. Өз қолыңызбен түзу сызықты дәптердің екі бетін толтыра арабша жазған хатыңызда былай депсіз, Бауке:

Ардақты Мұхтар аға!

Жазған хатыңызды алып, өте шаттанып, төбем көкке, қолым қияға жеткендей болып отырмын. Хатыңызға көп рахмет. Мені әсіресе қуантқан жай — Сіз менің хатымды алып, менің жаманды-жақсылы пікіріме толық түсінгенге ұқсайсыз: Отан соғысын тақырыпқа алып еңбек етемін. Ол еңбекті ат үстінен емес, әбден терең мағына-мазмұнына төселіп, біліп алып бастаймын деген ниетіңіз, талабыңыз мені өте қуантады. Сіз сияқты қазақ әдебиетінің полковнигі шынында солай істемеуіне де болмайды. Сырттан қарап, көргенге қызығып, терең тексермей, шын-өтірігін араластыра бес-алты күндік өмірі бар шығарма жазу — әдебиет ефрейторлары мен сержанттарының қызметі емес пе? Ал, Сіз, құдайға шүкір, полковниксіз ғой. Талабыңыздың орындалуына тілектеспін. Сіздің қолдан шыққан көркем, тарихи еңбек болашақта жалғыз қазақ әдебиеті ғана емес, барлық әдебиеттің ішінде төрден орын алып, жалғыз біз емес, біздің немере-шөберелерімізге үлкен үлгі, насихат дастан болып, бірнеше ғасыр өмір сүретініне кәміл сенемін.

«Абайдың» бірінші кітабының жарыққа шыққанына да өте қуаныштымыз. Ол жайындағы хабар қазақ әдебиетінің түңғыш ұл баласының қайта туғанындай болып естілді! Амандық болса, оқып, көріп, пікірімізді адал ниетпен айтармыз деген үміттемін.

Әрине, үмітсіз адам баласы болушы ма еді — соғыс бітсе, біз жеңсек, аман-есен тірі елге қайтып, жақын ағайын-туысқандардың дидарын қуанышпен көрсек дейміз. Ол үшін, жан-тәнімізді аямай, майданға қыза кірісеміз. Егер де ол ниетке жетсек әңгімені дастан-дастан етіп айтып беруден біз қашпаймыз ғой. Бірақ та майдан — өмірдің қыл көпірі емес пе? Ол көпірден жанның барлығы бірдей аман-сау өте бермейді ғой. Сол тар жол, тайғақ кешуде мыңды басқарған өте қиын, ғажайып міндет емес пе «Білмеймін қандай асу алда жатыр, құз ба екен, қия ма екен таңдай татыр? Сиынып аруақ пен бір құдайға, ұстадым етегіңнен баста батыр!» деп өзіңіз сөйлетпеп пе едіңіз қаһарманыңызды? Сол сияқты, біз бастаған бұқара — солдат қауымы өзінің қол басына осыны айтып, сеніп сиынып артына ілеседі. Адамның істеген ісін ізсіз тастап кету — қолбасыға үлкен сын емес не? Ол көзі тірі кезінде айтып, жазып беретін іс мойнындағы үлкен борышын орындағаны болып табылмай ма? Сондықтан мен осы борышты орындауға асықтым.

«Знамя» дейтін журналдан Александр Альфредович дейтін жазушы қайтадан келіп, батальонның бастан кешкенін тағы да қайталап айтып бергін деп, телміріп отырып алды. Зерікпестен жарым ай ілесіп жүрді. Ауызша айтқанның жаман да болса қағаз бетінде қалады ғой деген оймен, мен оған бастан өткен соғыстардың барлығын Мәскеуге дейінгісін толық етіп, әрбір соғысты екі-үш сағаттан баяндадым. Бір жарым ай дегенде Бек менің айтқандарымды бұлжытпай жазып алып, жақында ғана кетті. Екінші бөлімін қайта келіп жазбақ! Бек үлкен жазушы емес — жақсы стенограф, айтқаныңды айтқанша жазады — оның қасиеті сол.

Кетерінде мен оған былай дедім:

— Сенің жазатын кітабыңның қысқаша мазмұны мынау:

Мен істедім дегеніне — мың істеді десеңші! Ер істеді дегенше — ел істеді десеңші! Мен — мыңдікі болмасам, Ер — елдікі болмаса — Кім істеді дер едің?

Қызметіңді, Александр Альфредович, ешкімнен қызғанба, жасырма. Айтқанымның бәрін жазып алдың, бірақ түсінген жоқсың. Себебі сен мен бастаған мыңның кім екенін, менің кім екенімді және қазақтың салт-санасын, әдет-ғұрпын білмейсің. Мен айтқан қазақтың халық мақалдарын жазуға сенің қаламың қорқақ, тілің қысқа. Сондықтан байқа, олардың мазмұнын дұрыс беру үшін тиісті адамдармен ақылдас.

— Кіммен ақылдасайын? Сіздің ұйқыңызды бөліп жазып алған нәрселерімді қайта түсіндір деп әурелеуге ұялдым, — деді маған Бек.

— Кіммен ақылдасуыңды Мәлік пен Құрманбектен сұрағын, — дедім мен оған.

Бақсам, Мәлік пен Құрманбек Сізді ұсынғанға ұқсайды. «Қырық мақал» дейтін бір нәрсе жазып едім. Егерде оны Құрманбек жөн деп тапса Сізге жіберер.

Уақыт, жағдай белгілі ғой. Ойдағыны түгел жазуға шама қайдан келсін, айып етпеңіз.

Хатыңызға, талабыңызға бас иіп, сәлем беруші Бауыржан.

18. 8. 1942 жыл.

РС. Әбділда мен Әлжаппарға сәлем айтуыңызды сұранам».

Бауыржан. Иә, бұл менің Әуезовке жазған жауап хатым болатын.

Автор. Мұхаң өз хатында не айтқан еді?

Бауыржан. Александр Бекпен тілдесіп, оған бірсыпыра жайдан түсінік бергенін, өзінің де Отан соғысы туралы кең тыныстыроман жазғысы келетінін, бірақ ол үшін талай уақыт ойланып, толғанатыны, соғысқа қатысқан талай адамдармен әңгімелесетінін айтып, соғыс жайын жақсылап ұғындыратын адамдардың бірі өзін болсаң екен деген тілегін білдірген.

Автор. Хатыңыздағы Мұхаңның шығармасынан келтірілген цитатыңызды әдейі салыстырып шықтым. Еңлік қыздың Кебек батырмен қол ұстасып кетерде елімен қоштасқан төрт ауыз өлеңінің ең соңғы шумағы екен. Қолында цитат көшіріп алатын кітабы жоқ соғыста жүрген адам бір жолын, тым болмаса бір сөзін шатыстырған-ақ шығар деп ойлап едім. Тіпті бір де әрпі ауыспапты.

Бауыржан. Немене, біз жас кезімізде әдебиет оқымай, ай қарап жүрді деп ойлап па едің?!

Автор. Сіздің Әуезов творчествосына сонау қырық екінші жылы берген бағаңыздың айнымай дәл шыққанына және таң қалдым.

Бауыржан. Көзі бар кісінің бәрі асқар тауды алыстан көреді. Тек мүгедек соқыр адам ғана Алатаудың қасында тұрса да оның қандай екенін болжай алмайды. Мені соқыр деп пе едің сен!? Кәне, келесі сұрағыңа көшкін.

Автор. Сол хатыңыздағы: «Бек үлкен жазушы емес — жақсы стенограф» деген сөзіңізге қазір қалай қарайсыз?

Баукең сәл ойланып алып, жауап берді.

Бауыржан. Ол қырық екінші жылғы хат қой, қарағым. Бек ол кезде одаққа танымал үлкен жазушы емес болатын. Полкқа келгенде аузымнан шыққан сөздің бірін қалдырмай жазып ала беретін. Сондықтан ол тұста мен оны үлкен талант иесі емес, жақсы стенограф қана болар деп ойлағаным рас. Ал бірақ Бек кейіннен аса талантты жазушы екенін танытты. Одаққа ғана емес, бүкіл дүние жүзіне әйгілі қаламгерлеріміздің бірі болды. Оның «Волоколамск тас жолы» кітабы барша жер шарын шарлап кетті. Ең алдымен сол кітап арқылы қазақ халқының ерлігі, оның бір ұлы менің есімім Отанның іші, тысына тегіс мәшһүр болды. Осы үшін оған мың мәртебе рақмет! Бұл үшін оған менің осы күнгі үрімбұтағым, алыс ұрпағым, тек өз ұрпағым ғана емес, ұлтым да мәңгілік қарыздар. Болашақта Алматының және облыс орталықтарының бір-бір көшесі Александр Бек атына қойылса орынды-ақ болар еді. Бірақ оны мен емес, қалалық советтер шешеді ғой, қарағым. — Осылай деп Баукең басын сәл еңкейте түсіп, үнсіз отырып қалды. Біраздан кейін еңсесін қайта көтеріп, сөзін жалғады. — Осы сияқты қазақ халқы ерекше қарыздар тағы бір орыс жазушысы бар.

Автор. Ол кім, Бауке?

Бауыржан. Оның аты да — Александр. Бірақ Александр Альфредовичтен басқа, Александр Юрьевич Кривицкий.

Автор. Оны қай себептен айтып отырсыз?

Бауыржан. Панфиловшы 28 батырдың атағын дүние жүзіне паш етіп, артынан аттарын анықтаған адамның кім екенін білмеуші ме едің?

Енді есіме түсті.

Москва үшін шайқасқан сол ауыр күндердің бірінде, ноябрьдің аяқ шенінде «Красная звезда» газетінде «Жиырма сегіз батырдың өсиеті» деген басмақала жарияланды. Онда, осыдан бірнеше күн бұрын Москва түбінде жаудың елуден аса танкі Панфилов дивизиясының жиырма тоғыз жауынгері бекінген шепке лап қойғаны, совет жауынгерлерінің тайсалмай елу тажалды қарсы алғаны, олардың тек біреуі ғана қорқақ боп шыққаны, саяси жетекші Диевтің басшылығымен қалған жиырма сегіз батыр елу танкпен шайқасып, оның он сегізін өртеп, өздері тегіс Отан үшін опат болғаны айтылған болатын.

Ертеңінде «Красная звезда» газетінің редакциясына Одақтың ең үлкен ақсақалы Михаил Иванович Калинин телефон соқты.

— Біздің адамдардың өлімі аянышты-ақ, жанға батады, — деді ол жиырма сегіз батырдың ерлігіне сүйсініп, өліміне өкіне отырып. — Бірақ соғыс шындығы — ауыр, ол шындықты айтпау одан да ауыр. Не істерсің, Ленин айтқандай, соғысқаннан кейін шындап соғысу керек. Сіздердің ерлерді мадақтағандарыңыз — жақсы іс. Енді олардың аты-жөнін білген жөн. Іздестіріп көріңіздер. Адал ерлер атаусыз қалмауы керек.

Сол күні редакторға тағы да телефон соғылды. Қызыл Армияның жоғарғы Бас басқармасының бастығы газеттің «Жиырма сегіз батырдың өсиеті» деген басмақаласынан қауымдасқан бұқаралық ерліктің жарқын өнегесі танылатынын, оған Сталиннің өзі көңіл бөліп отырғанын айтты.

Осыдан кейін редактор бұл басмақаланың авторын кабинетіне шақыртты. Ол жас журналист Александр Кривицкий еді. Крипицкий ол мақаланы редакцияға алғы шептегі дивизиялардың бірінен келіп түскен төрт жол ғана саяси ақпарға сүйеніп жазған еді. Мұндай ақпарлар редакцияға көптеп келіп жататын. Редактор армия саяси бөлімінен шындығын анықтағаннан кейін бұл ақпарды басмақалаға факты ретінде пайдалануға ұсынған. Ал онда Дубосеково мен Диев деген бір ғана фамилия көрсетілген еді. Танкпен шайқасқан өзге батырлардың бірде-бірінің аты-жөні айтылмаған.

Қырық бірінші жылғы декабрьдің басында, сақылдаған сары аязда Кривицкий Москва іргесінде жаумен шайқасып жатқан дивизияны іздеп алғы шепке аттанған болатын.

Бір адым ілгері аттап, екі адым кейін шегініп, шегінген жерден қайта шабуылға шығып, жаумен күні-түні қиян-кескі ұрыс жүргізіп жатқан дивизияның басшыларына жолығу, жолықсаң әлдененің егжей-тегжейіне қану үшін толықтап тілдесу мүмкін емес болатын. Оның үстіне дивизияның аяулы әкесі Панфиловтан айрылып, көп адамы құрбандыққа ұшырап қызыл жоса қан болып жатқан шағы еді. Өлінің орнын тірі басып, жаралының міндетін жаңа келгендер атқаруға кірісіп, біреуді біреу біліп болмайтын тұста келген әскери тілшінің бірден жолы болмады. Жолы болмағаны сол бұл дивизияда Диев деген саяси жетекшіні ешкім білмейтін болып шықты, ешбір тізімде жоқ. «Красная звезда» газетінің 28 батыр жайында жазылған басмақаласын мұнда ешкім де оқымаған, көрмеген. Не газетті алғы шептегі дивизияға жеткізіп бере алмаған, берсе жаумен жағаласып жатқан жұрттың газет қарауға мұршасы болмаған. Москва түбінде опат болған мыңдаған адам топыраққа көміліп, қар астында қалып жатқанда аты-жөні белгісіз 28 жауынгерді сұрастыру қақаған қаңтарда Қара теңізге сүңгіп, қапылыста қолыңнан түсіп кеткен алтын сағатыңды іздеумен пара-пардай еді...

Не істерін білмей жаны қысылған әскери журналист енді Диевті қойып, 16-ноябрьде Дубосековоны қандай бөлімнің қорғағанын сұрастыра бастайды. Капров полкінің адамдары екені айқындалады. Капров Дубосеково разъезін ол күні капитан Гундилович басқарған төртінші рота қорғағанын айтады. Тілші енді Гундиловичқа келеді.

— 16-ноябрьде Дубосеково разъезін сіздің рота қорғағаны рас па?

— Рас. Ротаның саяси жетекшісі басқарған 29 адам қорғады. Бірақ олар тегіс қаза болды.

— Саяси жетекші Диевті білесіз бе?

— Білемін. Ол менің ротамның саяси жетекшісі Клочков... Дәлірек айтқанда соның екінші фамилиясы.

— Қалайша?

— Василий Клочков асыл азамат еді. Ол өз жігіттерімен Дубосеково түбінде 50 танкіні тоқтатты. Не керек, өліп кетті. Тыным таппайтын. Сонысына қарап ротадағы бір украин жауынгер: «Біздің саяси жетекші Диев — тынымсыз жан» деп сүйсінуші еді. Осыдан ол Диев аталып кеткен болатын.

— Опат болған сол 29 адамның аты-жөнін тегіс айтып бере аласыз ба? Біреуі опасыз болып шыққан ғой, оны білесіз бе?

— Кімнің опасыз болғанын білмеймін. Мен өзге адамдармен ротаның екінші қанатында болдым. Ал өлген 29 адамның аты-жөнін тегіс айтып бере аламын.

Осылай деп капитан Гундилович планшет аша бастайды.

Осыдан кейін тілші Дубосеково разъезіне таяу жердің тұрғындарымен әңгімелесті. Госпитальға барып, ондағы жаралы панфиловшылармен тілдесіп, 28 батырдың бірі, өлім халінде жатқан Иван Моисеевич Натаровпен кездеседі. Осыдан кейін ол Москваға қайтып келіп енді «Красная звезданың» 1942-жылғы 22-январындағы номеріне «Мерт болған 28 батыр» деген очерк жариялады. Сонда олардың аты-жөні тегіс аталып, ерлер өлімінің егжей-тегжейі толық баяндалды.

Бұл да аз. Александр Кривицкий 28 батыр жайында бұдан кейін орталық газеттерде бірнеше очерктер жариялады. Нақ сол кезде қоршаудағы Ленинградтан редакцияның шақыруы бойынша ұшып келген көрнекті совет ақыны Николай Тихоновқа 28 батыр жайында қызықты-қызықты әңгімелер айтып беріп, солар жайында жыр жазуға шабыттандырды. Сөйтіп Николай Семеновичтің осы ерлер жайында поэма жазуына мұрындық болды. Тихоновтың «28 гвардияшы туралы жыры» «Красная звезданың» 1942-жылғы 22-марттағы номерінде басылды. Бұдан кейін бұл батырларға атақты ақын Михаил Светлов және поэма арнады. Ал белгілі композитор Исаак Дунаевский «Менің Москвам» атты әнінде 28 батырдың ерлігін музыка тілімен толғады.

1942-жылы 21-июльде СССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша даңқты 28 панфиловшыға өлгеннен кейін Совет Одағының Батырлары атағы берілді. Дубосеково разъезіне жақын Нелидово селосында осы оқиғаға байланысты өткен салтанатты жиын туралы очеркті де Кривицкий жазды. Одан кейін «өліп тірілген» үш батырдың — 28-дің тірі қалғандары И. М. Шемякин, И. Р. Васильев және И. Д. Шадриннің бақытты тағдыры туралы да орталық баспасөзде бірінші боп жазу абыройы Кривицкийге және тиді.

Содан көп жылдар кейін Александр Кривицкий 8-ші гвардиялық дивизияның адамдарына арналған «Москва түбіндегі қарауыл» атты кітабының бір бетіне былай деп жазды:

«Мен бақыттымын, маған тағдыр панфиловшылардың ерлігіне жақындасуға, ұрыс картинасын қалпына келтіруге, батырлардың есімдерін тауып, олардың ерлігі туралы бірінші болып айтып беруге мүмкіндік берді. Адамдарды рухтандыратын бұл ерлік туралы бірінші болып айтып берушінің бақыты менің санамда өмірімнің соңғы минутына дейін сақталатынын мен білемін».

Автор. Рас айтасыз, Бауке. Ұлы Отан соғысы батырларының ішінен 28 ердің есімі, аспандағы көп жұлдыздар арасындағы үркердей жарқырап, адамзат тарихында мәңгілік қалды ғой. Олар адамдар арасындағы достықтың, туысқандықтың, отаншылдықтың социализм елін, қорғау жолындағы бұқаралық ерліктің өшпес өнеге — шамшырағы боп нұр шашуда.

Бауыржан. Сол батырлардың жиырма екісі казақстандық та, төртеуі — Нарсұтбай Есболатов, Мұстафа Сеңгірбаев, Асқар Қожабергенов, Әлікбай Қосаев — қазақ қой! Халқымыздан шыққан Совет Одағының түңғыш батырлары! Менің біз Кривицкийге де ерекше қарыздармыз дейтін себебім сол, қарағым. Сол азаматтың қажыры, қайраты, дәйектілігі арқасында өлген ерлердің есімі бар әлемге мәшһүр болды. Егер Кривицкий мұншама табандылық көрсетпесе, Москва түбінде бораған қауіп-қатер боранының ішінде тырмысып жүріп қолындағы ерлік арқанының ұшынан өлсе де айрылмауға бел байламаса 28 батырдың аты-жөні табылып, тарихта қалар ма еді, қалмас па еді? Әңгіме осында. Ел үшін еткен ерліктің бұл да бір түрі! Келе-келе Кривицкий очеркист-жазушыға айналды. Ал жазушы халық үшін қалтқысыз қызмет еткен адамды мәңгі жасатады. Бастапқы сөзімді қайталап айтамын: Панфиловты, оның дивизиясынан шыққан 28 батырды және басқа панфиловшыларды мәңгі өлмейтін етіп, тірілердің қатарында қалдырған екі орыс жазушысы бар. Олар Александр Бек пен Александр Кривицкий, бұлар жазған «Волоколамск тас жолы» мен «Москва түбіндегі қарауыл» кітаптары. Түсінікті ме саған?

Автор. Түсінікті. Тағы да бір сұрақ, Бауке. Кривицкий 28 батырдың аты-жөнін анықтау үшін дивизияға барған жолы сізбен де жолыққан екен. Өзіңізбен жақсы дос, сырлас болып аттаныпты. Артынан Бек сол дивизияға барып, Момышұлының батальоны туралы повесть жазып қайтты. Сонда маған Кривицкийдің қолымен Бекке тағдыр сізді нұсқап жіберген сияқты боп көрінеді.

Бауыржан. Оны Кривицкийден немесе тағдырдан сұрағын.

Автор. Бір сөзбен айтқанда, «Волоколамск тас жолы» Москва түбінен басталған біздің улы жеңісіміздің де, совет халықтарының мызғымас достығының да және сіздің есіміңіз арқылы қазақ халқының ерлік даңқының да әлемге шеру тартқан даңғыл жолы болды ғой, Бауке.

Бауыржан. Жаңа айттым емес пе ол кітаптың авторына менің ұлтым да, ұрпағым да қарыздар деп.

VIII

Автор. Сөйтіп, 1942 жылдың сентябрінде генерал Чистяков 21-ші армияның командашысы боп Дон майданына кетті. Ал біз қайда қалдық, Бауке?

Бауыржан. Біз қайда қалушы едік? Калинин майданында қалдық. Генерал Кузьма Никитович Галицкий басқарған 3-ші екпінді армияның қарамағында фашистерге қарсы күзгі, қысқы ұрыстарға әзірлендік. Майдан командашысы генерал-лейтенант Максим Александрович Пуркаев деген кісі болды.

Біз ол кезде Холмның түбінде қорғаныста тұрдық дедім ғой. Холм біздің қолда. Ал Великие Луки, Невель, Новосокольники деген темір жол бойындағы үш қала немістердің қарамағында. Холмдағы біздің әскерлер фашистердің «Солтүстік» армиялар тобының денесіне кірш етіп кірген найзадай сұғынып, немесе басқаша теңеумен айтсам, әлі от алдырылмаған ракетаның космосқа көтерілер алдындағы тұмсығындай сұстана сүйдиіп, немістердің бүйіріне қадалып тұрған болатын. Енді түсінікті ме саған?

Автор. Түсінікті, Бауке.

Бауыржан. Денесіне найза дарығанын кім ұнатады? Дереу оны қағып тастауға немесе ортасынан опырып жіберуге тырыспай ма? Немістер де сөйтті. Бірақ Холмды қайтадан ала алмады. Біз де жаудың жанды жеріне қадалған найзамызды одан әрі түсуге тырыстық. Сонымен итіс-тартыс боп ұзақ тұрдық. Бұл жерде немістердің жанұшыра тыпырлап, өлердей арпалысуының екі түрлі себебі бар еді. Бірінші себебі мынадай. Калинин майданының оң жағындағы көршісі Солтүстік-Батыс майданы ол кезде жаудың 16-шы армиясын қоршауға алып, «Демьян қапшығының» ішінде ұстап тұрған болатын. Оның «Демьян қапшығы» аталатын себебі ұзын қапшыққа ұқсаған қоршаудың түбі біздің Демьянск деген қаламызға келіп тірелетін. Ең алдымен немістердің сол «қапшықты» сыртынан тесіп, жыртып, оның ішінде бір үйір егеуқұйрықтай шыңғырып, шақылдап жатқан әскерлерін шығарып алғылары келді. Екінші себебі — коммуникациялық ірі торап саналатын Великие Луки қаласын қолдарынан шығармауға тырысты. Өйткені бұл қаладан жан-жаққа он тас жол, төрт темір жол тарайды екен. Солтүстік жақтағы Дно, Новгород, Ленинградтан, шығыс жақтағы Ржев пен Москвадан, ал батыстағы Балтық жағалауындағы елдерден келетін жолдардың барлығы да осы Великие Лукиде тоғысады. Оның үстіне оңтүстік-батысқа — Германияға баратын жолдар да осы қаладан шығады. Қазақта «тоғыз жолдың торабы» деген ұғым бар ғой. Ол жан-жақтан тоғыз жол келіп түйіскен деген мағынаны білдіреді. Ондай жер ең үлкен орталық болып есептеледі. Ал Великие Луки тоғыз емес, он сегіз жолдың торабы екен. Сондықтан да патша үкіметі Великие Лукидің ерекше стратегиялық маңызын есептей отырып, бірінші дүние жүзілік соғыстан бұрын аса қуатты темір жол торабы ретінде Великие Луки — Невель — Новосокольники үш бұрышын салдырса керек. Мұндай мықты бекіністі қолдан шығару кімге болса да оңай ма? Сол себептен де бізге қарай немістердің «Орталық» армиялар тобынан әскерлер ағыла жөңкіп, біздің 3-ші екпінді армияның қақ маңдайындағы Локня, Великие Луки, Невель аудандарына келіп топтаса бастады. Мұндай жағдайда біздің 8-ші гвардиялық дивизияға, бүкіл армия мен майданға қорғаныс шебін нығайтқан үстіне нығайта беру қажет болды. .

Осы кезде генерал Галицкий де, генерал Пуркаев та біздің шебімізге жиі келіп, оны нығайтуға бағытталған ақыл, кеңестерін үнемі айтып жүрді. Бұл екі генералдың екеуін де полкта қонақ етіп, баяғы өзің көрген аспазым Жанның қолынан дәм татырдым, қазақтың қазы-қарта, бес бармақ, бауырсақ сияқты асыл асын жегізіп, қымыз ішкіздім. Алдымда аға

командир, дивизия басшысы полковник Серебряков тұрғанда менің генералды қонаққа шақыруға қақым жоқ еді. Бір келген жолында Галицкий полктың бекініс ауданын аралап көрді де, қайтарында маған:

— Майор жолдас, сенің полкыңның кухнясын біздің штабтың офицерлерінің бәрі мақтайды. Не кереметің бар, көрсетпейсің бе бізге? — деді.

Мен Серебряковке қарап едім, ол басын изеді.

Бір жолы Пуркаев келіп дивизия шебін аралағанда оны біздің полкке ең соңында әкелген Серебряков:

— Жолдас генерал, осы жерден, мына майор Момышұлының кухнясынан қазақша тамақ ішейік, — деп ұсыныс жасады.

Пуркаев қымызға әсіресе таң қалды.

— Мұны қалай жасайсыңдар? — деп сұрады тамсанып отырып.

Пайзиев генералға қымыздың қалай жасалатынын ғана емес, ол сауып отырған биенің «өмір тарихына» дейін айтып берді.

— Тауарыш генерал, я, — деп алдымен Жан өзінің кеудесін түртті,— обоз пошет. Кобыла видал. Лежит, жеребенок рождайт. Маленький-маленький жеребенок вышел. Красивый. Звезда, — деп ол енді маңдайын түртті. — Опять пошел. Жеребенок видал. Бегайт. Потом майор сказал, — деп мені иегімен нұсқады. — Қымыз пить бойдешь сказал. Қымыз пить — сильный бойдешь, қымыз пить — красивый бойдешь сказал. Майор голова кивал. Я кобыла брал. Доит стал. Как корова доит. Қымыз сделал. Тауарыш генерал пейте қымыз. Қымыз пить бойдешь — сильный бойдешь. Қымыз пить бойдешь — красивый бойдешь. Вот так, — деп Жан ұзын лекциясын аяқтап алақанын жайды.

Генерал әбден түсіндім дегендей, Жанға қарап басын изеді.

— Сізге ұлттық тағамдарыңыз үшін рақмет. Немістер біздің ұлылық қасиеттерімізді де, ұлттық, қасиеттерімізді де жоя алмайды, — деп Жанның қолын алып, арқасынан қақты, — Сіздің сол әдемі құлыныңызды көруге бола ма?

— Можно, можно, тауарыш генерал. Совсем недалека. Я сам землянка капал. Накат делал. Я жеребенок берегу как солдат, как сын полка...

Генерал қайтар бетінде Жанның жерден қазып жасаған ат қорасына кіріп көрді. Жирен бие бізді оқырана қарсы алды. Жирен төбел құлын күлте құйрығымен екі санын кезек сипалап тұрып, мойнын бұрып, әдемі қара көздерін генералға қадады. Генерал оның жібектей

жұмсақ титімдей жалынан сипады. Тегі Жан сипалап үйретіп қойған болуы керек, жирен құлын генералға қарап сүйкене түсті.

— Мұның аты бар ма? — деп сұрады генерал. — Аты не?

— Есть, есть, тауарыш генерал, имя его Камиль!

— Қалай?

— Камиль, тауарыш генерал, Камиль, — деп Жан екі рет қайталады.

— Ол не деген сөз? — деді генерал Жанның құлынға қойған атының мағынасын ұқпай.

— Камиль — мой сын, — деді Жан өзінің кеудесін сұқ саусағымен түртіп. Камиль —город Прежевалск живет, Қырғыз ССР. Я узбек. Генерал Панфилов дивизия организовал, я попал. А жеребенок тоже Камиль, как сын!..

— Балаларыңыз нешеу еді? — деді генерал Жанға қарап ойлана бас изей тұрып.

— Два ребенка был, — деді Жан генералға екі саусағын шошайтып. — Трети живот остался, жинка живот. Он тоже вышел. Теперь три! — деп ол енді үш саусағын шошайтты.

Генерал сол жерде адъютантына айтып, Жанның білегіне сағат тақтырды.

— Мынау менің соғыс кезінде туған соңғы балаңызға сыйлаған сыйлығым. Соғыс біткеннен кейін оған ескерткішке апарып беріңіз, — деді содан соң.

— Ой, спасиба, тауарыш генерал, спасиба тауарыш генерал! — Умирайт буду век незабуду, умирайт буду век незабуду, — деп Жан байғұстың қалбақтап есі шығып кетті.

— Жоқ, өлмеңіз, алдымен жеңіске жетейік, — деді генерал күліп, — Ал мына құлыныңызды аман сақтаңыз.

— Хоп, тауарыш генерал, бойду береш, бойду береш! — деп Жан екі қолымен кеудесін басып, өзбекше иіліп тұрып генералға жол берді.

Генерал Пуркаев пен полковник Серебряков машинаға отырып, біздің полктан аттанып кетті. Содан кейін көп ұзамай Иван Иванович Серебряков генерал Галицкийдің штабына жаңа қызметке ауысты.

IX

Автор. Бауке, сөзіңізді бөлгеніме ғапу етіңіз. Сіз Серебряков атын айтқаннан жаңа ғана есіме түсіп отыр. Ол кісінің Сіз туралы жоғарыға жазған бір үлкен хаты бар екен ғой. Соны білесіз бе?

Бауыржан. Қандай?

Автор. Мінеки. Мен Сізге қазақша аударғанымды оқып берейін.

Бауыржан. Оқыңын.

Автор. Серебряков бұл хатын СССР Жоғарғы Советінің Президиумы мен Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумына жолдапты. Онда былай деген:

«Сіздерге мына төмендегі жағдайды баяндап жеткізуді борышым деп білемін.

1941-жылы июль айында мен Алматы қаласына генерал-майор Панфилов басқарған 316-атқыштар дивизиясына штаб бастығы болып келдім. Бұл дивизия кейіннен 8-ші гвардиялық дивизия болып аталды да, Москва түбіндегі ұрыстарда көрсеткен ерлігі үшін Қызыл Ту орденімен, одан кейін Ленин орденімен наградталды. Мен ұзақ уақыт осы дивизияда штаб бастығы боп келдім де, 1942 жылдың мартынан 1942 жылдың октябріне дейінгі шабуыл ұрыстарында осы дивизияның командирі болдым. Кезінде осы дивизияға командир болған генерал Панфилов та, генерал Чистяков та, осылардың бірінші орынбасары және артынан осы дивизияның командирі болған менің өзім де Панфилов дивизиясы ардагер офицерлерінің бірі, қанды шайқастарда аға лейтенанттан полковник дәрежесіне дейін көтерілген, қазір де аман-есен қызмет етіп келе жатқан Бауыржан Момышұлының ұрыстарда бірнеше дүркін көрсеткен лайықты ерліктерін, шегініс-шабуыл кездерінің әртүрлі жағдайларына байланысты, дәл уақытында атап көрсете алмадық. Менің мойнымдағы әділеттілік, адамгершілік парызы бұл азаматтың Отан үшін еткен ерліктерін осы хат арқылы сіздерге баяндай отырып, өтініш жасауыма мәжбүр етті.

Бауыржан Момышұлы аға лейтенант кезінде 19-шы гвардиялық атқыштар полкының батальон командирі болып тағайындалды. Батальон командирі кезінде ол Москва түбіндегі 1941 жылғы маневрлі қорғаныс ұрыстарына 27 рет қатысты. Генерал-майор Панфиловтың жау қоршауында қалып орындауға жүктеген арнаулы тапсырмасын іске асыру мақсатымен 5 рет дивизиядан бөлініп дұшпан әскерінің сыртында қалды. Арнаулы тапсырманы орындағаннан кейін ол өз батальоны мен қарамағына берілген басқа бөлімшелерді қоршаудан ойдағыдай алып шығып, адамдар мен техниканы аман сақтап қалды. Атап айтқанда:

1) 1941 жылы 26. X-де Момышұлы жолдас, батальон командирі кезінде, оң жақ рубежде болған табан тірескен ұрыстардан кейін қоршаудан шығып, Волоколамск қаласына 690

адамды, 18 артиллерия жегінін, 30 пәуескені аман-есен алып келді. Сөйтіп, 35 километрге созылған аралық рубежде ұйымдасқан түрде ұрыс жүргізе отырып, жау қоршауын бұзып өтіп дивизияға кеп қосылды.

Бұл күндерде оның Сафатова, Милови, Рюховское және Спас-Рюхевское аудандарында жүргізген ұрыстарының дивизия үшін ерекше маңызы болды. Бұл ұрыстарда батальон Волоколамскіге шабуыл жасап келе жатқан жау колоннасының тұ сыртынан тиісіп олардың ілгері басқан аяғын кері кетірді. Сөйтіп дұшпанның Волоколамск бағытындағы басты күшін 2 тәулік бөгеп, дивизияның жау өкшелеп келе жатқан негізгі күшінің одан сытылып шығуына және уақытты ұтуына мүмкіндік туғызды. 1941 жылы 27. X-ден 1941 жылғы 15.XI-ге дейінгі Волоколамск қаласы үшін болған ұрыстарда Момышұлының батальоны неміс басқыншыларын талқандауда өзінің әралуан қимылымен бірнеше рет көзге түсті.

1941 жылғы 16. X-ден 1941 жылғы 15. XI-ге дейінгі барлық ерліктері үшін генерал Панфилов 1941 жылы 7 ноябрьде аға лейтенант Момышұлын үкімет наградасына — Ленин орденіне ұсынған еді. Сол награда қағазының тағдыры осы күнге дейін мәлімсіз боп кетті де, Момышұлы жолдастың ересен ерлігі атаусыз қалды.

2) 1941 жылғы 16. XI-ден 1941 жылғы 20. XI-ге дейін Момышұлының батальоны Волоколамск тасжолының бойындағы Горюны деревнясы ауданында, Матренино теміржол станциясында тағы да жау әскерінің қоршауында қалып, қиян-кескі ұрыс жүргізді. Дұшпанның Москваға шабуыл жасап бара жатқан басты күшін қақ ортасынан бөліп тастады. Осы жағдайды пайдаланып дивизияның бөлімдері келесі рубежге сырғып барып бекініп алды. Момышұлы батальонының бұл қимылы тағы да дивизияның негізгі күшін шабуылдап келе жатқан дұшпанның соққысынан аман сақтап қалды. Осы ұрыстарда батальон 600-дей гитлершілдерді жер жастандырды, жаудың 6 танкін жойды. Сонымен қатар 6 станокті пулемет, 12 қол пулеметі, 8 радиостанция, документ тола 2 штаб машинасын қолға түсірді. Олардың ішінде Волоколамск тобының басты күштерін ашып беретін «Өте құпия» деген документтер де көп.

Жау тылында дұшпанмен әлде неше рет шайқас жүргізіп, 1941 жылы 20. XI-де батальон қоршауды бұзып шығып, тағы да өз полкына келіп қосылды. Бұл жолы Момышұлы өзімен бірге 350 адам, 2 зеңбірек, 16 пәуеске, 4 станокты пулемет алып шықты. Сөйтіп батальон дивизияның жауынгер бөлшегі болып, қайтадан сапқа тұрды.

3) Лопастино — он үй деревнясы ауданында 1941 жылы 25. XI-де Момышұлы бір ПТО, екі миномет, екі станокты пулеметпен қаруланған жарты взвод жауынгерлерді бастап дұшпан тұрағына түнде шабуыл жасап, 200 неміс солдатын жойды. Оның бұл ерлігі де ескерусіз қалды.

4) 1941 жылы 26. XI-ден 1941 жылғы 7. XII-ге дейін аға лейтенант Момышұлы 1073 атқыштар полкының, қазіргі 19-шы гвардиялық атқыштар полкының командирі болды. Момышұлының басқаруымен бұл полк мынадай нәтижеге жетті:

а) Соколова деревнясы ауданында 1941 жылы 26-30 ноябрь аралығында Момышұлының полкы төрт тәулік бойына табанды ұрыс жүргізіп, жау авиациясының төпелей бомбалауына қарамастан, дұшпанның төрт рет жасаған атакасын тойтарып тастады.

б) Крюково станциясы және елді пункті үшін болған ұрыстарда бұл полк дивизия жауынгерлік сапының қақ ортасында тұрып, 1941 жылғы 30 ноябрьден 7 декабрьге дейін дұшпанмен табан тірескен ұрыс жүргізді.

1941 жылы 5. XII-де ұрыс үстінде Момышұлы жаралы болды. «Енді шегінерлік жер жоқ, полкта адам аз қалды, не көрсем де полкпен бірге көремін» деп ол ұрыс даласын тастап кетуден бас тартты, сөйтіп 1941 жылғы 7 декабрьге дейін полкты жаралы күйінде өзі басқарды.

Крюково үшін болған ұрыстарда дұшпанның бір полктай жаяу әскері, 18 танкі және көптеген техникасы жойылды. 1941 жылы 8 декабрьде полк, дивизияның басқа бөлімдерімен бірге, қарсы шабуылға көшті. Бұл жас офицердің осы ұрыстардағы ерлігі де елеусіз қалды.

в) 1942 жылдың қысқы шабуылында капитан Момышұлы жолдас бір жарым батальон атқыштарды өзі бастап «Кубас» СС дивизиясына түнде батыл шабуыл жасады. Бұл ұрыста 1200 гитлершілдерді жойып, алты жолдың аузында тұрған Бородино, Баркавица, Трашково, Трохово, Конюшено, Вашково деревняларын басып алды. Сөйтіп, жаудың үш тәулік бойына Соколово деревнясын бермей жатқан Соколов тобына жаңа күш, қару-жарақ жіберу мүмкіндігін жойып, 1942 жылы 6 февральда дивизияның өз міндетін орындау үшін алға басуына мүмкіндік туғызды.

г) 1942 жылы 8 февральда полктан қара үзіп қалған барлаушылар взводын іздеп келген Момышұлы Бол. Шелудьково ауданында дұшпанның кейін шегініп бара жатқан 600-дей адамы, 8 танкісі бар колоннасына тап болды. Момышұлының басшылығымен взвод тұтқиылдан шабуыл жасап, немістердің 200-дей солдатын жойды, маңызды оперативтік документтерін қолға түсірді.

5) 1942 жылы 27. 11-дан 13. V-ға дейін қолайсыз жағдайда, орманды-батпақты жерде, Дубровка-Кобляки деревнялары ауданында үлкен кеңістікте қорғаныс шебін ұстап тұрған Момышұлының полкы немістердің 1, 4, 5 авиа-жаяу әскер полктарының отты қапшығының ішінде тұрып, жаудың жүздеген атакасын тойтарды. Дұшпанға бір адым да жер берместен, оны қатты қырғынға ұшыратты.

Момышұлының жоғарыда аталған жауынгерлік еңбектерін ескере отырып, мен 1942 жылы августа оған Совет Одағының Батыры атағына награда қағазын толтырып берген едім. Одан да күні бүгінге дейін ешбір хабар-ошар болмай кетті.

Момышұлының Отан үшін еткен ерліктері тек бұл айтылғандар ғана емес. Мен солардың тек басты-бастыларын ғана қағазға түсіре отырып сіздерден осыны негізге алып, ССР Одағы ордендерінің статустарына сәйкес, Момышұлы жолдасты өздеріңіз лайықты деп тапқан наградамен атап өтуді өтінемін. Азаматтық, әділдік парызы менен сіздерге осы ақиқатты айтып жеткізуді талап етіп отыр.

Гвардия полковнигі Момышұлы 1910 жылы туған, ұлты қазақ, 1942 жылдан ВКП(б) мүшесі. Отан соғысына 1941 жылдың сентябрінен бері қатысып келеді. Қызыл Армияда 1936 жылдан қызмет етеді. 1941 жылы 5. XII-де Крюково ауданында ауыр жарақаттанды. Оның қазіргі тұрағы: Москва қаласы, Кропаткин көшесі, 19, Қызыл Армия Бас Штабының Ворошилов атындағы академиясы.

8-ші гвардиялық, атқыштар дивизиясының бұрынғы командира гвардия полковнигі ***Серебряков.***

8-ші гвардиялық дивизияның кадрлар бөлімінің бастығы, гвардия майоры ***Кондрашев.***

Серебряков пен Кондрашев жолдастардың қолын куәландырушы

Қазақ, ССР-інің Москвадағы тұрақты өкілінің орынбасары ***Айтқұлов.***

17 июль 1944 жыл».

Автор. Гвардия полковнигі Серебряковтың хаты осы, Бауке.

Бауыржан. Рақмет. — Баукең мұңды үнмен, даусын сәл төмендете сөйледі. — Серебряков деген өте бір парасатты адам еді. Ар мен әділдік дегенде жанын аямайтын. Иван Иванович адамға жариялап жақсылық жасамайтын кісі-тұғын. Ал жасаған жақсылығын және айтып жатпайтын. Әрқашанда өзін сабырлы байсалды қалыпта ұстайтын. Бетіне ойлана қарайтын да, үндемей қоя салатын. Мен бұрын ондай адамның жүрегінен жылы сөз шығады-ау деп ойламаушы едім. Ол ойымның қате екенін мен одан Горюны-Матренино ұрыстарында, жеті түнде, жүрек тебірентер жылы хат алғанда ғана түсіндім. Жақсылығын сөзбен емес, іспен дәлелдеп, қиын-қыстау кезде қасыңнан табылатын қайран орыс ағам-ай! — деп мен сонда бір толғана тебіренген едім. Ал оның бұл хатын ана жылы, Панфилов жетпіс жасқа толар қарсаңында ол туралы кітап жазамын деп материал жинастырып жүргенде көрдім. Подольскідегі әскери архивтің бастығы менімен танысқаннан кейін бізде Сіз туралы бір керемет документ бар деп зор мақтанышпен әкеп Серебряковтың осы хатын қолыма берді. «Топырағың торқа болғыр, ақсақалым, сен менің иықтағы періштемдей үнсіз

жебеушілерімнің бірі болған екенсің-ау!» деп іштей толғана оқып, архив бастығына қайтарып бердім. Сен мұны сол Подольскідегі архивтен алдырып отырсың ғой?

Автор. Иә, Бауке. — Осы арада оның мұншама ерлігіне сүйсінгендіктен аузымнан келесі сөздердің қалай шығып кеткенін де аңғармай қалдым. — Алла-ай, Бауке, фашистерді қойдай қырыпсыз ғой өзіңіз... — Осылай деуін десем де батыр шамданып қала ма деп, тез аузымды жаба қойдым. «Бәләй, бұрынғыдай іштей тебіреніп неге үнсіз отыра бермедім» деп өкіндім. Бірақ «құдай иіп» бұл жолы Баукең шамданбады.

Бауыржан. Өйтпесек жауды жеңе алмайтын едік қой, қарағым. Осылай деп жайлап айтып, сәл ойланды да, менің бетіме қарады. Сен өзің де фашистерді аямаған боларсың?

Автор. Мен бе? Мен зеңбіректен атып не бәрі жаудың екі-ақ танкін жойдым, Бауке. Бірін Великие Луки түбінде, екіншісін Варшава маңында...

Бауыржан. Ол да аз емес, қарағым. Сен сияқты солдаттың әрқайсысы екі танктен қирата берсе, ол осал іс пе екен!? — Баукең сәл ойланып, сұқ саусағын шошайтты да, қайтадан сөйледі. — Егер сен бір рота танкты қиратсаң, онда сен өзіңді, өзге жолдастарыңды, жанындағы жаяу әскерді жалмайын деп келе жатқан бойында мың аттың күші бар салмағы отыз тонна тажалды құртқаның. Өзін ойлашы: жайлауда қаннен-қаперсіз отырған ауылдың үстінен қиқулап қуалап кеп мың жылқыны айдап өтсе ол ауылдың адамдарынан не қалар еді? Түк те қалмас еді. Мың жылқының болат тұяғы тепкілеп, түтіп өткен жерде тозаңнан басқа не қалушы еді? Ал танк жылқы сияқты тек тұяғымен ғана таптап өтпейді, оның жан-жағына өлім шашып келе жатқан зеңбірегі мен пулеметі және бар. Танктен атылған снаряд өте ұшқыр келеді, бір секундта бір километр жерге жетеді. Оның стволынан минутына 5-8 снаряд атылады. Ал танктың пулеметі бір минутта бір жүз оқ төгеді. Сонда бір танк бір минуттың ішінде екі жүзге жуық адамды жалмайды екен. Одан өткен тажал бола ма? «Бір танктың дөңгелегінде мың адамның тағдыры шыр көбелек айналады» деген солдаттардың нақыл сөзі болушы еді. Бұл солдат философиясы, жай долбармен айтыла салған сөз ғой. Әйтпесе сонау Шығыс Европаны табанымен таптап, Москваға дейін ізінен қызыл қан ағызып келген фашист танктерінің әрқайсысы мыңнан әлдеқайда көп адамды жалмағанына дау бар ма. Жарайды, солдат нақылының мөлшерімен-ақ есептейік. Егер сен Ұлы Отан соғысында екі танк қиратсаң, онда сегіз фашисті өлтіріпсің — бір танктың экипажы төрт адамнан болады. Ал екі мың отандасыңды ажалдан аман алып қалыпсың. Бұл, біле білген кісіге, аз еңбек емес, қарағым.

Автор. Апырай-а! Мен желкемді қасыдым. Өйткені күні бүгінге дейін еліме мұндай еңбек сіңірдім деп ойламаушы едім. «Көппен көрген ұлы той» дегендей, жұртпен бірге барып, жаумен төрт жыл соғыстым. Оқ тимеді, өлмей қалдым. «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» деген сол шығар деп жүре беретінмін. Тіпті өзімнің соғысқа қатысқаныма ешқандай мән бермейтін едім. Соғыстан келгеннен кейін орден, медальдарымды

омырауыма тағып, ешқашан мақтанған емеспін. Енді міне Баукең маған солдаттық еңбегімнің бағасын айтып бергенде кеудемді ойда-жоқта мақтаныш кернеді. Зеңбірек расчетыммен жауып тұрған оқ астында ашық позицияға шығып, жау танктерімен жекпе-жек шайқасқан сәттерден басқа, Калинин, 2-ші Балтық, 2-Белорусс майдандарында жабық позициядан жүздеген снаряд және аттым. Әрине, менің ол снарядтарымның да Ұлы Отан соғысына келтірген азды-көпті пайдасы бар... Жоқ, мен мұны Баукеңе айтқаным жоқ. Айтсам, мақтанғандай болар едім. Мақтансам, оным төсінде аққу жүзген айдын көлге батпағына бақа шомылған көлшіктің мақтанғанына ұқсар еді. Баукең мені ондай көлшік болуға қимады-ау деймін, сөзін тез ары қарай жалғап әкетті.

Бауыржан. Ал Дубосеково разъезінің түбінде біздің 28 жауынгеріміз жаудың 50 танкін жойды. Сөйтіп олар ең кемі елу мың адамды ажалдан құтқарып қалды. Өздері ерлікпен қаза тапты. Сол жиырма сегіз батыр өмірін сақтап қалған елу мың адам қазір 150-200 мың боп өрбіді. Олардың ұрпағы мәңгіге ұласа береді. Мінеки солдаттардың өз отандастарына келтірер пайдасы, адамдардың бір-біріне өзара қарыздарлығы қандай десеңші! Отан соғысына қатысып келген әрбір азамат өзінің соғыстағы еңбегімен, қарапайым ерлігімен елдегі талай адамдардың өмірін сақтап қалды. Қазір көшеде жұпыны киінген мүгедек жанды, балдаққа сүйенген ақсақ азаматты немесе білегіне қара протез жалғаған шолақ қол адамды көрсем, соларға қаншама қарыздар екенімді ойлап, басымды изеп, иіліп өтемін. Өйткені соғыстан менің он екі мүшем аман болғанымен, мен үшін басқалар жараланды. Мен аман келгеніммен, мен үшін өзгелер опат болды. Ал мен де өзгелер үшін қан төктім, солар үшін жараландым. Адамдар бір-біріне өзара қарыздарлығын әрқашан да ойлай жүрулері керек. Әсіресе Отан соғысы ардагерлерінің еңбегін ерекше бағалай білу қажет.

Осы сөзді балаға ғана емес, басқаға да айтып отыруымыз абзал. Ұлы Отан соғысына бүкіл Совет Одағы қатысқаны рас. Бірақ Совет Одағын қорғау үшін самолетпен «сүзісіп», танкпен тартысып, жаралы, жарасыз алғы шептен келген азаматтар да бар емес пе? Олар қазір көп те емес. Олардың мұқтажын ескермеуге болмайды! Понятно тебе?

Автор. Рас айтасыз, Бауке. Енді бір сұрақ: полковник Серебряков соғыстан кейін қайтыс болды ма?

Бауыржан. Иә, соғыстан соң бірақ жылдан кейін.

Автор. Қайда?

Бауыржан. Москвада. Сүйегі Новодевичье зиратына жерленді. Марқұмды қойысуға мен қатыса алмадым. Кезінде хабар жетпеді, кейін естідім. Артынан, жауынгер жолдастары бірігіп, басына шағын ескерткіш орнаттық. Ескерткіш ашылар алдында арнап Москваға бардым. Марқұмның зайыбына көңіл айттым, қабырының басына гүл қойдым. Әйелі байғұс разы болып қалды.

— Валентина Николаевна, — дедім содан кейін, — қазақ дәстүрі бойынша бір жылдан кейін өлген адамға ас береді. Иван Иванович қайтыс болғалы бір жыл болды. Ертең, басына ескерткіш орнатылғаннан кейін, Иван Ивановичтың ең жақын достарын үйіңізге шақырыңыз. Мен ас беремін.

Серебряковтың жесірі сенер-сенбесін білмей, абыржып қалды.

— Ой, Бауыржан, оған көп қаражат керек қой, — деді басын шайқап.

— Оған қысылмаңыз, қаражатын мен көтеремін. Достарыңыздың тізімін жасап, бүгін хабарлап қойыңыз, — дедім.

Полковник Серебряков соғыстан бұрын Бас штабтың тамаша мектебінен өткен кісі екен. Қырық бірінші жылы 316дивизия жасақталғанда Иван Иванович Алматыға Москвадан, Бас штабтың өзінен келіпті. Соғыстан кейін ол ГУК-те басқарма бастығы болып қызмет істеді. Қабір басына ескерткіш орнатылғаннан кейін, Бас штабтағы ескі достары мен ГУК-тағы жаңа жолдастары тегіс Серебряковтың үйіне жиналды. Олардың ішінде сен білетіндерден генерал-полковник Иван Михайлович Чистяков болды. Мен әкемдей болған Панфиловқа ас бере алғамын жоқ, соғыста жүрдім. Ал Серебряковтың асын осылай өткіздім. Айта кететін бір өкініштi жай Иван Ивановичтың артында ұрпақ қалмады. Әйелі құрсақ көтермеген кісі екен, баласыз етті.

ТОҒЫЗЫНШЫ ДИАЛОГ

I

Автор. Ал, Бауке, Серебряков ақсақалдың Сіз туралы жазған тағы бір жауынгерлік мінездемесін таптым. Соны оқып шықсам қайтеді?

Бауыржан. Оқығын.

Автор. Бұл полковник Серебряковтың өткен жолы өзіңізге көрсеткен жоғарыға жолдаған хатынан екі жыл бұрын жазылған екен. Мұнда былай делініпті:

«Совет Одағының Батыры И.В. Панфилов атындағы Ленин және Қызыл Ту ордені 8-ші гвардиялық атқыштар дивизиясы 1073 гвардиялық атқыштар полкының командирі — майор Момышұлы Бауыржанға»

ЖАУЫНГЕРЛІК МІНЕЗДЕМЕ

1910 ж. туған, 1942 жылдан ВКП (б) мүшесі, ұлты қазақ, әлеуметтік жағдайы қызметші, жалпы білімі орта, әскери білімі – бір жылдық, Қызыл Армияда 1932 жылдан

1934 жылға дейін, одан соң 1936 жылдан күні бүгінге дейін қызмет етіп келеді, 1941 жылдың сентябрінен бері майдандағы армия қатарында.

Момышұлы жолдас 8-ші гвардиялық дивизияда ол алғаш құрылған күннен бастап қызмет істейді. Осы дивизияның құрамында ол жауынгерлік даңқты жолдан өтті.

Советтік Отан үшін ұрыстарда Момышұлы жолдас өзін Лениннің ұлы ісіне берілген қайтпас қайсар әрі батыр командир ретінде танытты.

Момышұлы жолдас тактикалық жағынан жақсы әзірленген, оның үстіне неміс фашистерімен кескілескен қанды ұрыстарда, нақты істе өз білімін одан әрі көтеріп, санқилы ұрыстарда оны ойдағыдай қолдана білді.

1941 жылдың июль-сентябрінде атқыштар батальонының командирі болған кезінде аға лейтенант (қазір майор) Момышұлы жауынгерлер мен командирлерді Отанды шексіз сүюшілікке тәрбиелеп, өз батальонының адам құрамының жауынгерлік әзірлігі жақсы дәрежеге көтерілуіне жетісті.

1941 жылы октябрьде Москва үшін болған ұрыстарда Момышұлы жолдас басқарған батальон жаумен арыстанша алысып, оған ойсырата соққы берді.

1941 жылы ноябрьден бастап Момышұлы жолдас 1073-ші полктың командирі. Бұл полктың құрамы Батыс майданда дұшпанның алға ұмтылған екпінін тежеп, оның адамдары мен техникасын ойсырата жойды.

Дивизияның басқа бөлімдерімен қол ұстаса отырып, Момышұлының полкы неміс басқыншыларын Москва түбінде талқандауды бастаған (Волоколамск бағытында) бөлімдердің бірі болды.

1942 жылдың қысы мен көктемінде Калинин майданында, қалың қар, қатты аяздарда, одан кейін батпақты жердің көктемгі лайсаңында 1073-ші гвардиялық атқыштар полкы шабуыл ұрыстарын жүргізе отырып, мыңдаған неміс солдаттары мен офицерлерін, дұшпанның көптеген танк пен автомашинасын және басқа әскери техникасын жойды ондаған селолар мен деревняларды азат етті.

Дивизиямыздың ел алдындағы жалпақ жұртқа мәлім ерлігі, оның гвардиялық дивизия болуы және Қызыл Ту, Ленин ордендарымен наградталуы майор Момышұлы басқаратын 1073-ші атқыштар полкының жауынгерлік табыстарымен тығыз байланысты.

Майор Момышұлы Совет елінің намысы мен тәуелсіздігін қолына қару алып қорғап жүрген қазақ халқының адал ұлы. Осы халықтың ең таңдаулы өкілдерінің бірі ретінде біз оны наградаға ұсынамыз.

Дивизия командирі Дивизия военкомы полковник Серебряков,

полктық комиссар Лобов,

Дивизия штабының бастығы подполковник Гофман.

...июнь 1942 жыл».

Июннің қай күні екені өшіп қалыпты, мен айқындап ажырата алмадым. Осыған байланысты бір сұрағым бар, Бауке.

II

Бауыржан. Қойғын сұрағыңды.

Автор. Сізге 1942 жылы 6 июньде Қызыл Ту ордені берілген. Бұл мінездеме Сізге осы орденге жазылған ба? Әлде Қызыл Ту ордені Сізді Панфилов ұсынған Ленин орденінің кешігіп, кішірейіп келіп төсіңізге қадалған белгісі ме? Немесе бұл мінездеме 1942 жылы августа Серебряков Сізді Совет Одағының Батыры атағына ұсынғанда жазылған ба? Осыны білесіз бе?

Бауыржан. Білмеймін. Мен награда қуғаным жоқ. Ешкімнен награда сұрағаным жоқ. Совет халқының неміс фашистеріне қарсы Ұлы Отан соғысында мен өзімнің солдаттық, азаматтық борышымды адал атқардым. Мен награда үшін емес, еліміздің тәуелсіздігі, халқымыздың намысы үшін соғыстым. Маған жаңағы өзің оқыған полковниктің жоғарыға жазған хаты награда. Ең жоғары награда. Серебряковтың өзінің, оны дүниеге келтірген ата-анасының әділдігінен айналдым мен. Түсінікті ме саған?

Автор. Түсінікті, Бауке. Сонымен біз 1942 жылдың күзінде Калинин майданында қорғаныс шебінде тұрмыз ғой. Генерал Чистяков 27 сентябрьде Москваға жүріп кеткен болатын.

Бауыржан. Иә.

Автор. Сөзіміздің осы жерін тағы да бір рет документпен растай қойсақ қайтеді?

Бауыржан. Растағын.

Автор. Растасам генерал Галицкий өзінің «1941-1944 сұрапыл сын жылдары» деген кітабында 1942 жылы 26 сентябрьде өзінің қайда болып, не істегенін былай деп баяндапты:

«26 сентябрьде армия әскерлерімен танысуға кірістім...

Ең алдымен 2-ші гвардиялық атқыштар корпусының командирі И. М. Чистяковтың КП-сына бардым. Қамқорды қасыма алып, одан генерал И. В. Панфилов атындағы 8-ші гвардиялық атқыштар дивизиясына келдім. Москва түбіндегі ұрыстарда қаһармандықпен шайқасқан бұл даңқты құрама бүгінде Холм қаласының солтүстігінде қанатын кең созып, қорғаныс шебін ұстап тұр екен. 19-шы гвардиялық атқыштар полкында бізді оның командирі, Отанымыздың астанасын қорғаған ерлердің бірі майор Бауыржан Момышұлы қарсы алды. Менің сұрағыма жауап бер тұрып ол 8-ші гвардиялық атқыштар дивизиясында өткен жылы Волоколамск бағытында ажалмен бетпе-бет айқасқан жауынгерлердің көп екендігін айтты.

— Бүкіл дивизия сияқты, біздің бөліміміз де ұлы Москва шайқасының даңқты жауынгерлік дәстүрлерін көздің қарашығындай сақтап келеді, — деді оның сөзін толықтырып полк комиссары Ф. Д. Толстунов.

Жауынгерлермен әңгімелесіп, полктың қорғанысы және оның дұшпанға оқ ату жүйесінің қалай ұйымдастырылғанымен танысқаннан кейін менің бұл сөздердің шындығына әбден көзім жетті. Полк жауынгерлері өз рубеждеріне көп еңбек сіңірген екен. Бұл жердің жағдайы қорғаныс жұмысына көп қиындық келтірерлік болатын, орманы мен батпағы өте көп еді. Бірақ гвардияшылар бұл қиыншылықтардың барлығын да ойдағыдай жеңіпті...

19-шы гвардиялық атқыштар полкының қорғаныс шебіндегі бекініс тіректері де, пулемет-артиллерия күшінің екі қанатқа бірдей өзара жымдаса жайғастырылуы да — жақсы ойластырылған екен. Әрине, оның кей жерлерін одан сайын жақсарта түсуге болатын еді. Мәселен, орман шетіне орналастырылған дзоттар анадайдан «мен мұндалап» білініп тұрды. Ал орман ішіні салынған дзоттардың бақылау және атыс аясы тар екен. Соңғы кемшілікті түзеу үшін орман ішінен биік пулемет мұнарасын орнатып, сол арқылы жерден көрінбейтін нысананы атқылауға болатын еді. Менің бұл кеңесім майор Момышұлына қатты ұнады».

Бауыржан. Дұрыс. Ол шақ Галицкийдің 3-ші екпінді армияға командашы боп келіп, қызметін жаңа қабылдап, енді кірісіп жатқан кезі болатын. Галицкий мен Чистяков біздің полкта болып кеткен күннен кейін іле-шала біздің 2-ші гвардиялық корпусқа генерал-майор М.П. Кутузов деген кісі командир боп келді. Бұл кездегі біздің 3-ші екпінді армияның мойнына жүктелген міндет Холмды қолдан шығармау, біздің қарсымызға келіп шоғырланып жатқан жау әскерінің шабуылына төтеп беру, шама келсе олардан Великие

Луки — Невель — Новосокольники үш бұрышын тартып алу екенін жаңа айттым ғой. Бұл үшін еңбек қорғанысымызды нығайтып, шебімізді мықтап ұстау бірінші міндет еді. Майдан, армия командашылары мен корпус командирлерінің бізге жиі келіп, жағдайды өз көздерімен көріп, кемшілігімізді көрсетіп, ақыл, кеңестерін айтып жүргендері сондықтан болатын. Біз күні-түні тынбастан жұмыс істеп, қорғанысымызды одан сайын нығайта бердік. Жаңадан толып жатқан окоптар, орлар қаздық. Ұрымтал жерлердің бәріне доттар, дзоттар орнаттық. Бір сөзбен айтқанда солдаттың шебер қолы Холмның айналасын өнерлі қыз кестелеген орамалдың өрнегіндей етіп әшекелейді. Солдат қанды аз төгу үшін терді көп төгеді. 3-ші екпінді армия солдаттарының ол кезде төгілген тері анау Арыс, Бадам сияқты кішігірім өзендердің суынан кем болмаған шығар деп ойлаймын. Полк комиссары Толстунов, штаб бастығы Курганский үшеуміз жау шабуыл жасаған күнде, өзіміз шабуылға шыққанда істеуге тиісті мүмкін деген жобаларымыздың бәрін де жасадық. Осы қызу қорғаныс кезінде, 1942-жылы екінші октябрьде маған кезекті әскери лауазым — подполковник атағы берілді. Мынау сол кезге қатысты документ, мә, оқып шық, керек десең көшіріп ал.

III

Баукең қасында жатқан қызыл папкадан алып, табақтай фото көшірмені қолыма ұстатты. Онда былай деп жазылыпты: 3-ші екпінді армия командашысының

ТЕЛЕГРАММАСЫ

8-ші гвардиялық атқыштар дивизиясы 19-шы гвардиялық полкының командирі подполковник Бауыржан МОМЫШҰЛЫНА

Енді Октябрь революциясының 25 жылдық мейрамымен құттықтаймын нкт Армияның Соғыс советі Сізді американ жұмысшыларынан келген сыйлық сағатпен наградтайды нкт Армияның Соғыс советі Сіз жүргізіп жатқан жауынгерлік жұмыс бөлімнің жауды толық жеңуге әзірлігін арттыра түседі деп сенеді.

Галицкий, Литвинов, Юдинцев.

7. 11. 1942 ж. № 1168 .

Дұрыс қабылданды.

19-шы гвардиялық атқыштар полкы штабының бастығы капитан ***И. Курганский.***

Автор. Телеграммаға командашыдан кейін қол қойғандар кім, Бауке?

Бауыржан. Бригада комиссары А. А. Литвинов — армияның Соғыс советінің мүшесі де, генерал-майор И. С. Юдинцев — штаб бастығы.

Автор. Ол сағатты кейін берді ме Сізге?

Бауыржан. Берді. Сағат сол 7 ноябрьдің кешінде менің блиндажымдағы үстелдің үстінде шық-шық соғып тұрды. Оны біз: мен, адьютантым, атқосшым және аспазым Жан төртеуіміз кезек-кезек құлағымызға тосып, американ жұмысшылары жүрегінің достық лүпілін тыңдап тұрғандай болдық.

Автор. Ол сағатыңыз қайда қазір?

Бауыржан. Тозды. Тоқтады. Қалды.

Автор. Ал, ол қорғаныс қаншаға созылды, Бауке?

Бауыржан. Ұзаққа, келесі жылы сол уақытқа дейін. Қорғаныстың екі түрі бар. Бірі — төніп келген жауды ілгері өткізбей табан тіресіп қатып қалу, қалайда алға жібермеу. Екіншісі — табан тірескен жауды теуіп, тепкілеп, үнемі үрейлендіріп ұстау. Сөйтіп қарсыңда жинақталған жаудың тобынан майданның басқа участоктеріне көмек жіберуіне бөгет жасау. Қазақшалап айтқанда күрескен балуанының белін босатпай, қапсырып, қайыстырып, Қажмұқанша ұстау. Оның бұлтарып, бұлтаңдауға шамасын келтірмеу. Ол жылы бүкіл Калинин майданының алдына Бас командованиенің қойған міндеті осы болды. Ал қорғаныс деген екі балуанның бірін-бірі шаптан тіреп жатып алғанына және ұқсамауы керек. Ұрымтал жерде жауды аяғынан шалып қалып, шабуылға шығып отыруға да тура келеді. Сонда ғана жаудың зәресін алып, белін қайыстырып ұстауға болады.

Біздің 3-ші екпінді армия осы мақсатпен өз күшін екі топқа бөлді. Армияның қорғаныс шебі Холмнан Великие Лукиге дейін 120 километрден аса жерге созылып жатты. 8-ші гвардиялық дивизия қарайтын 2-ші гвардиялық атқыштар корпусы Холмның солтүстік жағында, Великие Лукиден жүз километрдей қиыстау тұрды. Ал армияның өзге құрамалары Великие Лукидің дәл іргесінде жатты. Великие Луки маңындағы әскерлер алдымен Новосокольники, одан соң Великие Луки қалаларына шабуыл жасауға көшті. Бұл екпінді топты армия командашысы генерал Галиц өзі басқарды. Армияның Холм түбінде қорғаныста қалған екінші тобына біздің корпустың командирі генерал Кутузов басшылық етті. Бұл топқа жүктелген міндет қарсыдағы жауды қапсыра ұстап тұру және армияның шабуыл жасап ілгері жылжып бара жатқан екпінді тобының сыртына жау әскерлерінің шығып кетпеуін қамтамасыз ету болды.

Бұл операция 25 ноябрьде басталды және үздік-создық етіліп, ұзақ уақытқа есептелсе керек. Оның мақсаты совет әскерлерінің Сталинград түбінде басталған ұлы шайқасымен ұласып жатыпты. Калинин майданы сияқты басқа майдандардың міндеті осы сияқты және «жергілікті маңызы» бар басқа да ұрысарды үздіксіз жүргізе отырып, жауды шырмап, оның Сталинград түбіндегі әскерлеріне көмек жібертпеу екен. Оны кейіннен білдік.

Біздің армияның екпінді тобының құрамында шабуылға шыққан 2-ші механикалық корпус, 257, 357, 381 атқыштар дивизиялары, 9, 46, 21 гвардиялық атқыштар дивизиялары және 31-ші атқыштар бригадасы Великие Лукиді қоршап алға ұмтылып, Новосокольникиге қарай тікелей беттеп бара жатты. Бірақ жау жанталасып, қатты қарсылық көрсетуге кірісті. Сөйтіп 3 декабрьде Новосокольникиге жасалған шабуыл тоқтап қалды. Ал 10-13 декабрьде 3-ші екпінді армия Великие Лукидің батыс, оңтүстік-батысындағы жауды талқандап, 20-25 километр алға басты. Қаланы қоршау 29 декабрьде аяқталды да, 31 декабрьде қала біздің қолға көшті. Бірақ январьдың жуан ортасына дейін қаладағы қорғанға бекінген жау әскерлерін талқандауға тура келді. Ұмытпасам сенің 100-ші бригадаң да осы Великие Луки ұрысына қатысқан болса керек.

IV

Автор. Иә, Бауке. Біздің 100-ші атқыштар бригадасы 25 ноябрьде Калинин облысының Молодой Туд деген деревнясы түбінде жаумен шайқасты. Елден майданға жаңа келген өңкей өрімдей жиырма жасар қазақ жігіттерінің жауынгерлік тұсауы осы деревня түбінде кесілді. Сержант Қарабек Бұрышов бастаған жауынгерлер жаудың окобына ең алдымен келіп кірді. Немістерді гранатамен жойып, найзамен шанышқылап құртып, тірі қалғандарын кері шегіндіріп, фашистер бекініп жатқан орға өздері орналасып алды. Саяси қызметкер капитан Егемқұл Тасанбаев ол ұрыстарда қатарынан үш рет жараланды. Сонда да ол ұрыс даласынан кетпеді, жауынгер жігіттердің ортасында болды. Қазір Егемқұл Тасанбаев Социалистік Еңбек Ері, өзбек ССР-інде жауапты қызметте...

Бауыржан. Жүзінші бригаданың ол азаматын мен екі рет көрдім. Ең алғашында, соғыс кезінде, 9-шы гвардиялық дивизияда командир боп жүрген кезімде ол маған сәлем беремін деп іздеп келді. Онда омырауы орденға толған майор еді. Екінші ретте, 1960 жылы мен жазушылық сапармен Оңтүстік Қазақстан өлкесін аралап жүргенімде, Жетісайда жолықтым. Бұл кезде ол кеудесіне Алтын Жұлдыз қадаған аупартком секретары екен. Сендердің 100-ші бригадаларыңнан да талай жақсы ардагер азаматтар шығыпты. Халықтың адал ұлдары солай болуы керек қой. Ал, әлгі сөзіңді ары қарай айта бергін.

Автор. Әшкеев Райымжан, Көшеков Қажым сияқты азаматтарымыз ерекше ерлік көрсетіп, сол жолы бригаданың даңқын шығарды. Зеңбірекші Қажым Көшеков ауыр жараланып жатып, жолдастарына:

Алға қарыс бассаң бас,

Сүйем кейін шегінбе!

Әдет жоқ ондай тегінде! —

деп өлмес ұран тастады. Неміс фашистеріне қарсы күресте ерлікпен қаза тапқан командирдің бұл сөзі біздің бригаданың соғыс кезіндегі жауынгерлік ұраны болды.

Бауыржан. Бұл жау Москва түбіне тақап қалғанда 1941 жылы 19 октябрьде берілген атақты «Ни шагу назад!» бұйрығының қазақша және өлеңге аударылған нұсқасы болар тегі.

Автор. Рас айтасыз, Бауке, дәл солай. 1942 жылы 22 декабрьде біздің 100-ші бригада Великие Луки түбіне келді. Келгеннен кейін оны қоршау, алу, одан соң қорғау ұрыстарына тағы да белсене қатысты. 316-шы атқыштар дивизиясының жауынгерлері жау танктерімен Дубосеково түбінде қандай шайқасса, біздің бригаданың соған ұқсас шайқас жүргізген өз Дубосековосы Великие Луки болды. 1943 жылы 1 январьда фашистер Великие Лукиді қайта қайтарып алуға тырысып, көп танкпен біздің бригада тұрған шептен шабуыл жасады. Артиллерия дивизионының үшінші батареясындағы жігіттері жау танктерімен Клочков бастаған батырларша жұлқысты. Батарея мерт болды. Бірақ бірде-бір танкты Великие Лукиге өткізген жоқ.

Осы күнгі ұрыста сержант Рымбек Байсейітовтың взводы жекпе-жек айқаста жаудың сегіз танкін өртеп жіберді. Сөйтіп бұл взводтың Әбдірахман Бимурзин, Мырзаби Ерназаров, Мұқан Омарбаев сияқты өжет жігіттері өздерін өшпес данққа бөледі. Жауынгер серіктерімен бірлесіп сегіз танк жойған сол Рымбек Байсейітов қазір Алматыда тұрады, Қазақ ССР Финанс министрі.

Бауыржан. Ол да сендердің бригадаларыңдікі ме еді?

Автор. Иә, Бауке. Біздің бригададан шыққан одан басқа да белгілі адамдар бар. Олар: академик Сақтаған Бәйішев, журналист Қасым Шәріпов, ауылшаруашылық ғылымының докторы, профессор Иманбек Сүлейменов.

Бауыржан. Бригада Великие Лукиден басқа қай жерлерде соғысып еді?

Автор. Невельді фашистерден азат етуге және дұшпан оған қайта шабуыл жасағанда қаланы қорғау үшін болған қиян-кескі ұрыстарға қатысты. Өзіңіз білесіз, Бауке, қазақ халқы советтік Шығыс әйелдерінің ішінен тұңғыш рет Совет Одағының Батыры атағын алған екі қызын ерекше мақтаныш етеді ғой. Олар Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлова. Біз, 100-бригаданың ардагерлері, сол ер екі қыздың бірі — Мәншүк Мәметова біздің бригадамыздан шыққанын мақтаныш тұтамыз. Генерал Галицкий басқарған үшінші екпінді армияға аты шыққан атақты мерген ЫБырайым Сүлейменов те өзінің өшпес ерліктерін осы қаланың түбінде жасады. Новосокольники қаласын жаудан азат ету ұрысына және қатыстық. Даңқты генерал Доватордың шәкірті батыр подполковник Әбілқайыр Баймолдин осы қаланың іргесінде ерлікпен қаза тапты. Осы адам Москва түбіндегі атақты ұрыстарда өзіңізбен тағдырлас болған, Бауке және оның дивизиясы сіздің дивизиямен қанаттас

жүрген. Генерал Панфиловтың 1941 жылы 18 ноябрьде Сізге жазбаша жіберген атақты 014 бұйрығының бірінші пунктінде мынандай сөздер бар: «Жаудың танктері мен жаяу әскері Лысцево мен Шишкиноны басып алды. Матренино 50 дивизияның қолында».

Дәл сол кезде генерал Доватордан сондай бұйрық алған осы дивизияның 51 атты әскер полкының комиссары Баймолдин бастаған совет жауынгерлері жауды Матренино селосына кіргізбеу үшін жанталаса ұрыс жүргізіп жатты. Сіз екеуіңіздің әскери тағдырларыңыз да қарайлас басталған. — Баймолдин 1931 жылы Павлодар аудандық комсомол комитетінің секретары боп тұрған кезінде армияға шақырылған. Содан ол біржола армияда қалып қойған. 1930 жылы КПСС мүшелігіне өткен. Лебяжі ауданындағы Тақыр ауылынан шыққан кедей баласы Әбілқайыр Баймолдин 1941 жылы июльде Москвадағы В. И. Ленин атындағы әскери-саяси академияны бітірісімен 51 атты әскер полкына комиссар боп тағайындалып, Москваны қорғауға аттанады. Сол 18 ноябрьде жараланып, бір айдан кейін ол өз корпусына қайтып келеді. Алғашында атты әскер полкының командирі, одан кейін полк комиссары болады. 1942 жылы августа Баймолдин екінші рет жараланады. Москва түбіндегі ұрыстарда көрсеткен ерліктері үшін Қызыл Жұлдыз, жауынгерлік Қызыл Ту ордендерімен наградталған Баймолдин алғашында біздің бригадаға командирдің орынбасары боп келген еді. Артынан бригадамыз құрылғанда ол дивизия командирінің жауынгерлік жұмыс жөніндегі орынбасары болды. Өте өткір, батыл кісі еді. Есіл ер дивизияны шабуылға бастап жүргенде қаза тапты. Ол кісі де үстіне қара бурка киіп, астына ұзындығы есік пен төрдей қара көк ат мініп жүруші еді. Баймолдинді біз өз Бауыржанымыз деп сүйсінуші едік! Қазір оның туған жеріндегі бұрынғы «Жалтыр» совхозына Баймолдин аты берілді.

Бауыржан. Дұрыс болған екен. Баймолдиннің артында қалған ұрпақ бар ма?

Автор. Бар, Бауке. Москвадағы Бауман атындағы училищені бітірген Тельман деген ұлы қазір Алматыдағы В. И. Ленин атындағы политехникалық институтта сабақ береді. Ал қызы Жұлдыз Баймолдина белгілі әнші.

Бауыржан. Асыл ердің артында ат аталар ұрпақ қалғанға не жетсін! Талай азаматтардың артында ешқандай белгі қалмады ғой. Ал сен солардың ерлігін кітап етіп жаздың ба?

Автор. Там-тұмдап газет-журналдарға бірдеңелер жариялап жүрмін.

Бауыржан. Газет-журналдағылар уақыт желімен ұшады да кетеді. Ерлердің есімін кітапқа кіргізу керек. — Осылай деп Бауыржан сәл ойланып алды да, тағы да тақпақтай сөйлеп кетті. — Қар ерігенмен, Қаратау ерімейді. Ер өледі, ел қалады. Есімі ел жүрегінде сақталған ер ғана бақытты. Ел қорғау жолында ерлікпен өлген ерлердің жазығы жоқ. Оларды жаза алмасақ — жазық бізде. Ал әркімнің өзі көрген есіл ерді жырлап, өзі білетін батырды

баяндағаны жөн. Оны өзің де білесің. Бірақ, ақылдың артықтығы, кеңестің көптігі жоқ қой. Мен сондықтан айтып жатырмын.

Автор. Бауке, Сізден тағы да кейбір мақал-мәтеліңіздің қалай шыққан тарихын сұрап білсем деп ойлаушы едім. Осы жана ғана, қас пен көздің арасында бірнеше мақалды төгіп-төгіп жібердіңіз. Енді сұрауға да бата алмай отырмын.

Бауыржан. Е, сұрағын. Есімде барын айтайын.

Автор. «Қол көтерген дұшпаннан гөрі, қорамсаққа қолы жетпей өлген жауды сыйла» деген мақалыңызды қандай оқиғаға негіздеп шығарып едіңіз?

Бауыржан. 1941 жылы 4 декабрьде біздің әскерлер Москва түбінен ең алғашқы шабуылға шықты. Біздің дивизия сол тұңғыш шабуылдың алғы легінде болды. Алғашқы деревня босатылды тұңғыш тұтқындар қолға түсті. Жаңа ғана бір үйге бас сұғып едім, іле-шала саяси жетекші Бозжанов кіріп келді.

— О не, Жолтай? — дедім мойнымды бұрып.

— Ақсақал, екі немісті тұтқынға алып едім. Соны Сізге көрсетейін деп айдап келдім. Есік алдына шығып, көріңізші, — деді.

Жолтайға ілесіп сыртқа шықсам бір неміс анадай жерде, автоматын алға кезеген қалпында өліп жатыр екен. Мен қолдарын көтеріп тұрған тірі тұтқындардың қасына бармай, өліп жатқан немістің жанына жақындадым. Оған біраз қарап тұрдым да, қасымдағы Бозжановқа:

— Ана екі тұтқынға мына өлген немісті көмдіртіңдер! — деп бұйрық бердім.

— Неге? — деді аң-таң болған Жолмұхамед.

— Қол көтерген дұшпаннан гөрі, қорамсаққа қолы жетпей өлген жауды сыйлау керек. Понятно! — деп жауап бердім мен оған.

Автор. «Бір жаралыға жәрдем беріп, оны аман алып қалған жауынгер — он ұл тапқан анадан артық» деген сөз қалай аузыңыздан шығып еді?

Бауыржан. Москва түбіндегі қырық бірінші жылғы қиян-кескі ұрыстардың бірінде Вера Гордова деген санитар қыз бір өзі он жауынгердің жарасын танып, ұрыс даласынан арқалап алып шықты. Сонда қасымда отырған Жолтайға:

— Апырай, мынау жұдырықтай қыз он ұл тапқан анадан артық болды-ау, — деген едім.

Автор. «Үлкенді — ізетте, кішіні — күзетке» деген сөзді неден шығарып айтып едіңіз?

Бауыржан. 1941 жылы он сегізінші ноябрьде генерал Панфиловтан Волоколамск тасжолының бойындағы Горюны деген деревняда жауды екі күн бөгеуге бұйрық алдым. Сол кезде дивизиямыздың басқа бөлімдері жана шепке қарай шегініп орналасуға тиісті еді. Генералдың бұйрығын ойдағыдай орындап, үшінші күні жау қоршауында қалып кейін шегіндік. Жолда, орман ішіндегі жалғыз үйге сәл тыныс алуға тоқтағанымызда бірнеше күн жаумен шайқасып әбден қалжыраған жігіттер қисая сала қор етіп, ұйқыға кетті. Мен штаб бастығы Рахимовқа қарап:

— Кәне, екеуміздің қайсысымыз ояу отырамыз? — дедім.

Сонда анадай жерге жаңа ғана жантайған Жолмұхамед Бозжанов орнынан атып тұрып:

— Ағатай, екеуіңіз де ұйықтаңыз. Мен тұрайын, мен кішімін ғой, — деді.

Мен Бозжановтың бетіне қарадым да:

— Үлкенді — ізетте, кішіні — күзетке деген. Жарайды, сен тұрсаң тұр. Бірақ жарты сағатқа қалай да шыда! — деппін.

Тура жарты сағатта мен өзімнен-өзім ояндым да, Бозжановты ұйқыға жатқыздым.

Бозжанов деген екі көзі тостағандай, екі беті әппақ манардай шиыршық атқан шапшаң, шектен тыс кішіпейіл, үлкенді аға, кішіні іні тұтып тұратын аса бауырмал, әрі ақылды, әрі алғыр, әрі батыр жігіт еді. Мені жанындай жақсы көретін, мен де оны туғанымнан артық деп есептейтінмін. Жоғарыда айтқанымдай, ол менің ұйқы-күлкіме, тіпті аузымнан шыққан әрбір сөзіме дейін қамқор болып жүретін. Менің өзіне ұнаған кейбір сөздерімді дереу жазып алып, артынан бірнешеуін өзіме әкеп беруші еді. Жаңағы өзің тарихын жазып алған мақал-мәтелдерді Жолтай маған өлерінен бір күн бұрын әкеп табыс етті.

— Аға, ертең шабуылға шығамыз ғой, мына сөздеріңізді көк дәптерге көшіріп алыңызшы, — деді. Сөйтіп ол қай сөздің қандай жағдайда айтылғанына дейін қоса баяндап берді. «Айдындана шапқаннан ажал да сескенеді» деп Горюны түбінде жауға жалғыз шапқан танкист туралы айтқан бір сөзімді планшетіндегі топографиялық картаның ақ жеріне түртіп қойған екен, соны да тауып берді. Ертеңінде есіл ер опат болып кетті.

Автор. Жолмұхамед Бозжанов қаза болғаннан кейін оның Алматыдағы туған ағасы Нұрмұхамед Бозжановтың үйіне әскери бөлімнен мынадай қазанама қағаз келіпті. Тыңдайсыз ба?

Бауыржан. Құлағым сенде.

Автор. Қағазы тозыңқырап қалыпты, бірақ ешбір жері өшпеген. Онда былай деп жазылған:

ҚАЗАНАМА

Социалистік Отанымыз үшін неміс басқыншыларына қарсы ұрыстарда, 1941 жылы 6 декабрьде, өрімдей жас, жайраң қаққан жалынды азамат, Коммунистік партия мен қазақ халқының адал ұлы, командир әм саяси қызметкер, гвардияшы Жолмұхамед Бозжанов жолдас ер өлімімен қаза тапты.

Жолмұхамед Бозжанов жолдас ақ финдерге қарсы ұрыстарда қатынасып, «Ерлігі үшін» медалімен наградталды, содан кейін Лениншіл Қазақстан комсомолында жауапты қызмет атқарды. Содан бізге ротаның саяси жетекшісі болып келді.

Фашистермен кескілескен қанды айқасқа кірген күннен бастап, ақтық демі біткеншe Бозжанов жолдас күн сайын, сағат сайын большевиктік ерліктің, коммунистік адамгершіліктің, азаматтықтың үлгі-өнегесін үздіксіз көрсетіп отырды. Сол себептен де бөлімшенің жауынгерлері мен командирлері оны жанындай жақсы көрді.

Ұрыстың қиын-қыстау кездерінде мен оны сан рет ең жауапты жерлерге жұмсадым, ең ауыр міндеттерді сенгендіктен соның иығына арттым. Талай-талай қиын тапсырмаларды ол ойдағыдай орындап келіп еді. Сондықтан да мен оны өзімнің көзсіз батырым деуші едім.

Бозжанов жолдас тәрбиеші саяси жетекші қасиеті мен қаһарман командир қабілетін мүлтіксіз ұштастыра білді. Ол ерлікті ерекше дәріптеп, қорқақтар мен үрейшілерді жан-тәнімен жек көрді. Сәбидей ақ көңілділік, командирлік қаталдық, большевиктік адалдық Бозжановтың бойынан бар жарасымын тауып үйлескен еді. Ол ротаны басқарды, одан соң батальон командирінің орынбасары болды. Оған үлкен сенім білдіріліп, соңғы уақытта полк партбюросының секретары болып жоғарылатылды.

Ұрыстарда көрсеткен батырлық, ерлігі үшін майдан командованиесі оны үкімет наградасына ұсынған болатын.

Осындай асыл жүрек тоқтады, алтын бас ойлаудан қалды, тостағандай қара көздер мәңгіге жұмылды, азаматтың үнемі күлімдеп тұратын қызғылт ерні қозғалмастан тас боп қалды дегенге сенгім келмейді. Бірақ, сенбесіме амал жоқ, бұл қасіретті жағдайды мен өз көзіммен көріп тұрмын. Мұның орны толмас қаза екенін ойлағанда көкірегім қарыс айрылып, жүрегім тулап, қан жылайды.

Жауынгер дос, гвардияшы жолдас, батыр политрук-командир Жолмұхамед Бозжанов енді біздің қасымызда жоқ. Бірақ оның есімі, Отан соғысының ері есебінде қарулас гвардияшы достарының жүрегінде, совет халқының есінде мәңгіге сақталады.

Егер мен жауды түпкілікті жеңетін бақытты күнге жетіп, Отанға аман-сау оралатын болсам, онда мен сенің атыңды өлеңге қосу үшін ұлы Жамбылға айтып барамын. Онда сенің ерлігіңді дастан етіп жазу үшін талантты жас жазушыларға баяндап беремін, Жолтай!

Қош бол, арыстаным, ардақты батырым менің!

Жолмұхамед Бозжанов жолдастың туыстары мен жақындарына шын жүректен көңіл айтамын.

Жылаңыздар, жолдастар. Жылай тұрып, Жолмұхамед батыр біздің досымыз, туысымыз, жақынымыз болған деп мақтан да етейік.

Полк командирінің орынбасары

капитан Б. Момышұлы,

8. XII — 1941 жыл».

Бауыржан. Әй, сен мұны қайдан тауып алдың?

Автор. Жолмұхамедтің ағасы Нұрмұхамед Бозжановтың үйінен.

Бауыржан. «Фашистің бетін ғана емес, бөксесін де көрдім... Шегінбей, шабуылға шығып өлдім. Арманым жоқ, аға» деді ол өлерінің алдында менің қолымды ұстап жатып. Панфиловтың өлгенін көріп, өз қолыммен қоймағандықтан көпке дейін оны жолаушы кеткен кісідей көріп жүрдім. Жолтайдың өлімі өзегімізді одан сайын өртеп кетті...

Автор. Жолтайдың соңғы айтқаны «Арманым жоқ аға» деген сөздер болды дейсіз бе?

Бауыржан. Иә. Бірақ жас адамда арман болмаушы ма еді? Онысы тек менің көңіліме қаяу түсірмейін дегені ғой. Сүйген қызы бар еді, қосыла алмай кетті. Артында ұрпақ қалмады. Одан артық арман бола ма?

Автор. Сүйген қызының аты Ақлима екен. Жолтай екеуінің соғыс басталар алдында қатар отырып түскен суретін де көрдім. Бірақ қазанама келгеннен кейін Ақлима Жолтайдың күйігіне шыдамай, құса болып өліпті.

Бауыржан. А, солай ма? Жолтай: «Аға, мынау Сіздің келініңіз болады. Соғыс біткеннен кейін осы кісінің қолынан шай ішетін боласыз» деп ол суретті маған да көрсеткені бар еді.

Автор. Сіз қазанамада Жолтайды майдан командованиесі үкімет наградасына ұсынды деп жазған екенсіз. Сол ұсыныс бойынша оған Ленин ордені беріліпті.

Бауыржан. Білемін.

Автор. Сол қырық бірінші жылы 8 декабрьде айтқан уәдеңізді орындапсыз, Бауке. Жолтайдың да атын «Москва үшін шайқас» кітабына кіргізіпсіз.

Бауыржан. Жоқ, орындай алғамын жоқ. Менің кітабымда Жолтайдың аты ғана жүр. Ал ол туралы Қасымның Абдоллаға арнаған дастанындай поэма жазу керек еді. Ол менің қолымнан келмеді. Жастар бар ғой, бәлкім, жазар әлі де.

V

Есікті ашып, Бауыржанның әйелі бөлмеге бас сұқты.

— Бауке, телефонға шақырады, — деді ол жайлап.

— Мен жұмыс істеп отырмын ғой, қолым бос емес, — деді Бауыржан қатқыл үнмен.

Әйел «осы сенің мінезің-ай» дегендей күлімсірей басын шайқады да, Бауыржанның қасына келді.

— Бауке, Талғат, — деді қайтадан сыбырлай үн қатып.

Бауыржан иегін көтерді. Мына кісі әйеліне: «кеткін, есікті жап!» деп ұрысып тастар ма екен деп, мен қысыла жалтақтап қалдым. Жоқ бұл жолы Бауыржан өйтпеді.

— Ә, Талғат па? Талғат болса барайын, — деп орнынан тұрды.

Кеңседе телефон шылдырласа, біреумен сөйлеп отырған сөзімізді, ортасынан үзіп тастап, немесе жүріп жатқан жиналысты тоқтатып тастап, трубкаға ұмтыламыз. Үйде телефон бажылдаса бөйтеңдеп дәлізіміздегі трубкаға жеткенше асығамыз. Бәріміз сөйтеміз. Өйткені атам заманындағы телефонның культі осындай.

Басқамызды құрдай жорғалататын телефон — әміршінің тек Бауыржанға ғана әлі келмеуші еді. Иесінің сырын білетіндіктен бұл үйдің телефоны шылдырайын ба, шылдырамайын ба деп алдымен ойланып алатын, көбінесе, әй, қойшы, босқа әуре болып қайтемін деп, үндемей қалатын сияқты боп көрінуші еді. Шылдыраса да, шылдырамаса да Баукең телефон жаққа бармаушы еді. Үй иесі бүгін, бұрынғы әдетін бұзып, телефонға кетті. Сонда оны орнынан тұрғызған Талғат деген кім болды екен? — деп ойладым мен кабинетте оңаша қалғанда. Мен ондай есімді адамды алдымен Жазушылар одағының айналасынан, одан соң баспалар маңынан, газет-журнал редакциялары төңірегінен іздедім. Бірақ таба алмадым. Соған бас қатырып қайтемін, жақындарының бірі шығар дедім де қойдым. Осы кезде бөлмеге Баукең оралды.

Бауыржан. Талғат Бигелдинов қой, хал-жай сұрап жатқан. Ол орнына келіп отырды. — Сен оны білуші ме едің?

— Білемін, — дедім мен бағанадан бері Бигелдиновтың аузыма түспегеніне өкінгендей және оған кінәлідей күмілжіп. Күмілжитінім кешегі Ұлы Отан соғысында атағы айдай әлемге аян болған асыл азаматтың Совет Одағының Батыры атағын екі рет алған халқымыздың ең қаһарман ұлының есімін бүгінгі тыныштық күннің тоқтығына масайрағандай боп, қапелімде қаперімнен шығарып алған пенделігіме қысылғаным еді.

— Жалпы білуін білесің ғой, — деді Баукең темекісін тұтатып жатып. — Жақын келіп, шүйіркелесе сөйлесіп пе едің деймін.

— Сөйлескенмін. Ертеректе бір түн бірге болып, Талғатпен ұзақ әңгімелескенім бар. Алғашында кеудесінде қос Алтын Жұлдыз жарқыраған мұндай ерен батыр елмен сөйлесе береді дейсің бе, өркөкірек келетін шығар деп ойлап едім. Оным мүлде бекер болып шықты. Талғат қарапайым, кішіпейіл, өте жұғымтал кісі екен. Өз басынан кешкен оқиғаларды да мүдірмей, жақсы әңгімелейді.

Талғат Бигелдинов бұрынғы Ақмола қаласының іргесіндегі Майбалық аулында туып өсті. Кейін ата-анасымен бірге Қырғызстан астанасы Фрунзе қаласына көшіп келді. Қаршадайынан ұшқыш болуды армандады. Ол үшін алдымен аэроклубта оқу керек еді. Алғашында оны жасың он алтыға толмапты деп қайтарып жіберді. Талғат он алтыға толғанша асықты. Он алтыға толған күні салып ұрып, аэропорт бастығына тағы келді. Енді оған:

— Бойың аласа екен, ұшқыш болуға жарамайсың, — деді.

— Жараймын, —деді ол ызаланып — ұзындардан кем ұшқыш болмаймын, ағатай.

Қайсар Талғат аэроклуб бастығының табалдырығын тоздырып, «ағатайлап» жүріп, сегізінші класқа келгенде аэроклубқа алынды. Оны ойдағыдай бітірді. Самолетті өзі басқарып ұша алатын болды. Орта мектепті бітіргеннен кейін Талғат енді нағыз әскери ұшқыш болуды алдына мақсат етіп қойды.

Ол алдымен Саратовтағы әскери ұшқыштар мектебін бітірді. Онда барлаушы самолеттерді үйренді. «Өнерді үйрен де, жирен» деген бар емес пе. Енді оның басқа машиналарды білгісі келді. Осы оймен Орынбор училищесіне түсті. Онда истребительде, штурмовикте ұшып дағдыланды. Талғаттың көңілі штурмовик болуды қалады. Сөйтіп ол ұшқыш-штурмовик болып, майданға аттанды.

Талғаттың Калинин, Воронеж, Дала, 1-ші және 2-ші Украин майдандарында жасаған ерліктері орасан көп. Ол кеште маған қазақтың қос батыры өз басынан кешкен сегіз ерлігін

баяндап берген еді. Жаңа Баукең Талғатты білуші ме едің дегенде, алдымен есіме түскен оның сегіз ерлігінің бірі мынау еді.

Көзге қорашқа көңіл көншімейді. Ежелден солай. Майдандағы штурмшы авиация полкына келген тәпелтек сержант Бигелдиновты эскадрилья командирлерінің ешқайсысы өзіне алғысы келмеді. Талғат әр командирдің бетіне жаутаңдай қарап, жалынғандай болды. Ақыры адамы толмай қалған бір эскадрильяның командирі оны еріксіз қабылдауға мәжбүр болды.

— Сержант, — деді командир Бигелдиновқа қабағын шытып, — менде ұшқыштар ұнатпайтын он үшінші номерлі машина бар. Соған мінетін болсаң ғана сені қабылдаймын.

— Мінемін! — деді Талғат жігерлі түрде. — Ұшқыштар одан он үш саны — «шайтан дожынасы» деп қашатын шығар. Қазақтар шайтаннан қорықпайды. Халық аңызының қаһарманы Алдар Көсе шайтанды астына ат етіп мінген...

— Сен өйтіп батырсынба, — деді командир Талғаттың бойын көзімен қайтадан бір шолып өтіп. — Талай ер жігіттер ол самолеттен сәтсіздікке ұшыраған.

— Өз жанымды олардан артық деп есептемеймін! — деді Талғат.

VI

Он үшінші номерлі штурмовикпен Талғат тапсырма орындай бастады. Бірнеше жауынгерлік сапар сәтті аяқталды. Бір күні Талғаттар «Демьян қапшығына» түскен жау шебін ойсырата бомбалап, өз аэродромына қайтып келе жатты. Жолда оларға жаудың бірнеше истребителі тап берді. Совет штурмовиктері жан сауғалап, жер бауырлай ұшуға мәжбүр болды.

Бір истребитель Бигелдиновтың соңынан түсті. Пулеметтен бытырлатып атып келеді. Штурмовиктің жан-жағы жау оғынан шұрқ-шұрқ болды. Оған қарай совет самолетінен оқ атылмады. Осыған қарап жау ұшқышы штурмовикте атқыш-радист жоқ екенін білді де, енді мен мұны жетектеп әкетейін деп ойлады: Талғаттың самолетімен қатарласа беріп ол: «Кері бұрыл, менің алдыма түс!» дегендей ым жасады. Бұл бұйрығымды қалайда орындайсың дегендей, ыржиып күлген болды. Талғат басын шайқап, сұқ саусағын алға созды. Бұл оның: керек болса өзің түс, мен сенің алдыңа түсе алмаймын, — дегені еді.

Фашист ұшқыш қатуланып, машинасын кері бұра бастады. Самолеттің шапшаңдығын тежеу үшін салақтатып доңғалағын шығарып жіберді. Сөйтіп ол Талғаттың артынан келіп, асықпай жәукемдемекші болды. Талғат осы кезде штурмовикті шұғыл бұрып, бүйірден кері қарай өтіп бара жатқан истребительді нысанаға алып, оқты төгіп-төгіп жіберді. Жау

истребителінен бұрқ етіп қара түтін будақтады. Сол түтінді шұбатып барып, ол біздің жерге қонды. Талғат қатты зақымданған самолетін әрең басқарып, аэродромға қарай тартты.

Бұрын шабуылды тек истребительдер ғана жасайды. Штурмовиктер олардан жер бауырлай қашып, құтылуға тырысуы керек деп есептелуші еді. Авиацияда қалыптасқан бұл қағиданы Талғат бірінші боп бұзды. Ол штурмовикпен истребительге шабуыл жасады. Жасағанда оны жеңіп, жерге түсірді. Бірақ мұны Талғат ешкімге айтып жатпады. Бұл сапарда бірнеше жауынгер серіктерінен айрылып қайғырып қайтқан ол жаудың бір самолетін құлаттым деп мақтану парықсыздық болар деп білді.

Ертеңіне оны полк командирі шақырды.

— Кеше кешке он үшінші номерлі машинамен тапсырмадан қайтқан сіз бе?

— Мен, — деді Талғат.

— Жолда жау истребителін құлаттыңыз ба?

— Құлаттым.

— Оны неге айтпадыңыз, сержант?

— Олар біздің бес самолетімізді құлатып кетті. Ал мен олардың бір самолетін бүлдірдім деп мақтанғым келмеді, жолдас полковник.

— Сіз қандай жауды құлатқаныңызды білесіз бе?

— Жоқ.

— Ол Европа аспанында жүз сегіз самолет атып түсірген фашистердің ең атақты ұшқыштарының бірі екен.

— Ол жүз сегіз самолет, атып түсіргенімен, менің құлатқаным бір-ақ самолет қой, жолдас полковник.

— Сізге армия қолбасшысының атынан және өз атымнан алғыс жариялаймын.

— Совет Одағына қызмет етемін!..

Міне Талғат айтқан сегіз ерліктің ең алдымен есіме түскені осы еді.

Автор. Бигелдиновпен бір рет әңгімелескенім бар еді, Бауке, — дедім Бауыржан бұрқ еткізіп аузынан түтін шығарған кезде. — Бір блокнот етіп жазып та алғанмын. Ол кезде көзі тірі Совет Одағының Батырларымен әңгімелесіп, олар жайында көркем очерктер жазсам,

«Біздің батырларымыз» деген атпен жеке кітап етіп жарияласам деген ойым болушы еді. Кезінде Ұлы Отан соғысына байланысты көптеген кітаптар жинап, оларды оқып та жүрдім. Мәселен, Талғатпен әңгімеден кейін оның майдан қолбасшысы Совет Одағының маршалы И. С. Қоневтың «Майдан қолбасшысының жазбалары» деген кітабын оқып, оның 5-ші әуе армиясының қолбасшысы генерал С. К. Горюнов пен І-ші штурм авиациясы корпусының командирі генерал В. Г. Рязановтың аттары аталған жерлеріне «Б. Т.» деп белгілер соғып отырдым. Бигелдинов қызмет еткен 144-ші штурм авиациясы полкы генерал Рязановтың корпусына қарайтын да, ал ол корпус генерал Горюнов армиясының құрамына кіретін. «Б. Т.» белгісі «Бигелдинов Талғат» дегенім, оның ерлік соқпақтарының сүресін осы тұстардан іздеймін дегенім болатын. Ішінде талай солдаттардың, генералдардың, бір рет батыр атағын алған ерлердің де аттары аталатын Отан соғысының жанды документі бұл тамаша кітаптан Совет Одағының Батыры атағын екі рет алған Бигелдинов есімін кездестіре алмай, әттеген-ай, ақсақал 1945 жылы Москвада болған Жеңіс парадында өзінің қасында І Украина майданының жеңімпаз туын желбірете көтеріп өткен Талғатты есінен шығарып алған екен-ау, деп алғашында ептеп өкініп те қалғанмын. Бірақ майданда атақты адамдар көп, оның бәрін бір кітапқа сыйғызу мүмкін емес қой деп, өзімді өзім және жұбатқанмын.

Бірақ мен тірі батырлармен тілдесіп жазсам деген ол кітапты жазбадым. Өйткені уақытында оның жөн екен деген ешкім болмады. Оның керісінше, әркімдер: оларды іздеп әуре болып қайтесің, одан да ойдан алып роман жазбайсың ба десті. Ақыры мен ол ойымнан ажырап қалдым. Айтқанды ғана істеп, айтпағанға аяқ баспау деген әдет біздің жазушыларда да бар ғой. Баспаның жоспарына ілінген нәрсеңді ғана іс етуге дағдыланып алдық емес пе?

Бауыржан. Ол сенің табансыздығың. Ойға алған ісіңді орындаудың қиындығынан қашып, оңай іске ұмтыла берсең оған өзіңнен басқа ешкім де кінәлі емес. Понятно тебе? Онда менің шаруам жоқ.

Бұл сөзді бекер бастаған екенмін деп ойладым да, мен тезірек ол әңгімеден аулақ кетуге тырыстым.

Автор. Талғат ең алғашында Калинин майданында болған екен. Старая Русса мен Демьянскідегі дұшпанды бомбалап, жердегі сіздерге ол көктен көмектескен көрінеді.

Бауыржан. Білемін. Ал сен оның біздің әскерлер Берлинге тақағанда жападан-жалғыз Берлинге ұшып барғанын білесің бе? — «Білемін» десем, тағы бір пәлеге қалармын деп қауіптендім де, «білмеймін» дедім. — Білмесең ол фашистер соғыс бастағаннан кейінгі төрт жыл ішінде Германия астанасына кірген бірінші совет адамы, бірінші қазақ! Талғаттың Берлинге сондағы сапары бірі иіріліп, бірі басын қақшитып аспанға көтеріп, бірі тілін қайраған қанжардай жалақтатып, бықып жатқан ордалы жыланның ордасына жалаңаяқ жүгіріп кіріп, олардың былқылдаған мұздай суық денесін тұла бойың түршіге табаныңмен

таптап өте шығумен пара-пар. Бір жылан шағып қалса, шаруаң бітті емес пе? — Бауыржан мұрты тікірейе, бажырайып маған қарады. Мен басымды изедім. Ол орнынан тұрып, этажеркаға қолын созды. — Білмесең мына кітаптың мына жерін оқы қазір! — Бауыржан бетін ашып, қолыма ұстатқан кітаптың сыртына қарасам, Талғат Бигелдиновтың «Аспандағы айқастар» деген кітабы екен. Бұл кітапты бұрын оқығанмын деп айтуға батылым бармады да, Баукеңнің көрсеткен жерінен бастап, күбірлеп оқи бастадым. — Дауысыңды шығарып оқы! — деді ол қатаң үнмен.

Мен кітаптың 108-бетінін басынан бастап, дауыстап оқуға кірістім.

VII

«Майдан шеті Берлинге жүз алпыс километр қалған. Біздің полк шағын бір қаланың қасына орналасқан-ды. Гитлершілердің бекінісін бұзуға жер бетіндегі әскерлерімізге көмектесіп, біз шабуылға күн сайын ұшып тұрдық.

Бірде таңертең полкқа генерал Рязанов келе қалды. Кешікпей оған мені шақырды. Кіріп келіп баяндадым. Корпус командирі менімен амандасқан соң, «отыр» деді.

— Планшетіңізді көрсетіңізші, — деді генерал.

Планшетімді ашып, картаны көрсеттім. Рязанов қарап отырды да:

— Е, қартаңыз жетпейді екен, — деді.

— Неге жетпейді? Майдан шетінен әрі елу километрге әбден жетеді.

— Жетпей жүрер.

Генерал маған барлай қарады да, полк штабының бастығы подполковник Ивановқа:

— Капитан Бигелдиновтың планшетін алыңыз да, тағы да бір парақ жапсырыңызшы, — деді.

Штаб бастығы бұл бұйрықты орындап болғанға дейін корпус командирі самолеттің жайын, өз көңіл күйімді сұрастырды. Мұның не қажеті бар екен деп түсіне алмай отырмын. Сол екі арада планшетім қолыма тиді де, онда енді Берлиннің картасы пайда болғанын көрдім.

— Луккенвальде жағынан Берлинге барасыз, — деді генерал әр сөзін сараптап, салмақтай сөйлеп. — Қаланың батысында көмір бар. Соны тексеріңіз. Одан әрі — Потсдам. Онда не болып жатқанын көргейсіз. Сонсоң үйге қайтыңыз. Ұшудың биіктігі елу-сексен метрден аспасын. Міндет түсінікті ме?

Міндет түсінікті еді. Мені ойға қалдырып отырған ұшудың өлшеулі биіктігі ғана. Барлауға сан рет шығып жүріп, биіктік туралы ешқашан сөз болған емес-ті. Әдетте жағдайға қарай өзім қалаған биіктікте ұша беретінмін. Енді болса...

— Сізді биіктік жөніндегі нұсқау ғой ойландырып отырған, — деді менің көкейімді тани қойған генерал. — Таңырқамай-ақ қойыңыз. Бұл жолғы сапарыңыз өте қиын болғалы тұрғандықтан ұшуыңызға ең қауіпсіз осы биіктік.

Иә, бұл бір қиын сапар екені рас көрінеді. Жау ордасына жалғыз өзім жүз алпыс километр ұшып баруым керек. Және мұның өзі тапа-тал түсте. Берлинді зенитті артиллерия қызғыштай қорғап тұрғанын өзім жақсы білемін. Әрі түнде, әрі өте жоғары биіктікте ұшқан бомбардировщиктердің де аман қайтқандары кемде-кем.

— Рұқсат етсеңіз, бір өтінішім бар еді, — дедім картаны жиып алған соң генералға қарап.

— Айтыңыз өтінішіңізді.

— Атқышсыз ұшуыма рұқсат етсеңіз.

— Неге?

— Ұшу сапары өте қауіпті. Мен... — деп бөгеліп қалдым, — жолдасымның өміріне қатер төнбесе екен дегендіктен айтып тұрмын.

— Мұндай көңілсіз ойлардың керегі не! — Рязанов қасыма келіп, қолын иығыма артты. — Бәрі ойдағыдай аяқталады. Командование барлаудың нәтижесін күтеді. Атқыш жөніне келсек, оны өз қалауыңыз білсін. Ал, жолыңыз болсын, капитан.

«Ильюшин» міне әуеге көтеріліп те кетті. Төменде не көргенімді команда пунктіне түгел үздіксіз баяндап келемін. Луккенвальде артымда қалды, Берлинге дейін енді жиырма километрден аспайды.

Ойда жоқта тап алдымнан аэродром, онда самсап тұрған истребительдер көрдім. Мәссаған!

Дереу қырын бұрылдым да, газды аямай беріп, қауіпті өңірден қаша жөнелдім. Ағашы селдір орманның арасымен бірде жерге тие жаздап төмен, біресе жоғары ұшып келемін. Аэродромнан аулақ кетейін деген жалғыз ғана ой бар басымда. Неміс истребительдерінің әуеге екеуі ғана көтерілсе болды, — мені оп-оңай жоқ қылады.

Сәті түсіп, әйтеуір, аэродромдағылардың көздеріне шалынбай кеттім. Команда пунктіне едәуір мезет жауап бере алмадым да, ондағылардың мазасы кете бастапты.

— Он үшінші, неге үндемейсіз? Он үшінші, неге үндемейсіз? — деген үрейлі дауыс естіледі шлемофоннан.

Аэродромнан ұзап алған соң, байланысымды қайтадан бастап, истребительдер жайын екі сөзбен хабарладым. Сөйтсем, бір жарым сағаттан кейін біздің полктан екі эскадрилья келіп атака жасап, аэродром құрытылыпты, самолеттер сол тұрған орнында өртеліпті.

Берлиннің шет аймақтары көрінді. Бірнеше минут өткен соң орталық көшелер үстімен ұшып келемін. Төменде қаптаған адамдар, машиналар. Скверлерде, алаңдар мен сау тұрған үйлерде орнатулы жүздеген зениткалар. Иә, генералдың биіктік туралы айтқаны дұрыс екен. Бес жүз — алты жүз метрге көтерілейінші, зенитчиктердің қағып тастайтыны даусыз. Мына қалпымда «Ильюшин» зу етіп үстерінен өте шыққанша олардың мойындарын бұрып та үлгере алмайтындары анық.

Міне көпірге де келдім. Оның үстінен төрт қатар шұбап танктер, бронетранспортерлер, жаяу әскер тиеген автомашиналар өтіп барады. Мұны команда пунктіне хабарладым да, атака жасауға рұқсат алдым.

— Атака жасаушы болма! Қой оны! — деген қатаң дауыс естілді.

Шынында да атака жасасам өзімнің мерт болуым мүмкін еді. Жаяу әскерлер сасқалақтамай қимылдады дегенше самолет мылтықтың өзімен-ақ атып түсіре алады. Өзің осындай барлауда жүргенде ондай тәуекелге бару орынсыз болар еді.

Бұрылып алдым да, Потсдамға тарттым. Менің келу сапарым, немістерге ойыншық көрінбеген болуы керек, Потсдам шетіне жете бергенде алдымнан құлшына атқылаған зениткалардың кәріне тап болдым. Жалт бұрылып, екінші жағынан енуіме тура келді. Зениткалар мұнда да гүрсілдете қоя берді. Сонда мен үйге құр алақан қайтпақпын ба? Жоқ мен мұнда тектен текке ұшып келгенім жоқ.

Сәл жоғары көтерілдім де, артиллерия шебіне шүйіле құлдырап келген бойда бомбалар тастап, зеңбірек пен пулеметтен оқ жаудырдым. Батареяның үні өшті. Сол саңылаудан өте ұшып, Потсдам үстін бір айналып, артиллерия шептерін фотосуретке түсірдім де, зениткаларға қайтадан атака жасап, арыздасып-қоштасып жатқан Гитлер Германиясы астанасының төңірегінен сытылып шыға бердім.

Енді үйге қайтуыма болады. Берлинге қарап ұшқандағы ізіммен оралып келемін. Тек аэродромды алыстан орағытып өттім. Оны біздің жігіттердің тып-типыл еткенінен хабарым жоқ қой менің.

Майдан шетінен өттім. Енді көкіректі кере дем алуға да болады. Орындығымның арқалығына шалқая кетіп, бір секундтай көзімді жұмдым. Сонсоң сағатқа қарадым да, өз

көзіме өзім сенбедім: барлау сапары көп болса 20—25 минутқа ғана созылған секілді еді, әуеде мен ұшып жүргелі бақандай екі сағат болыпты.

Аэродромға келіп, жерге қонуым сол екен, достарымның он шақтысы жапырласа жүгіріп келіп, мені кабинадан суырып алды. Ұшқыштар, механиктер, атқыштар мені аспанға лақтырып жүр. Әлде не күйге ұшырайды деп, достарымның зәре құты қалмаған екен.

Команда пунктіне қарай келемін. Генерал Рязанов сонда болатын. Мен ұшып жүрген уақыттың бәрінде де ол радистің қасында отырыпты. Баяндадым. Генерал құшақтап, бетімнен сүйді.

— Саған алғыс айтамын, Бигелдинов, — деді менімен тұңғыш рет «сен» деп сөйлесіп. — Командование атынан алғыс айтамын! Одақтастар авиациясынан күндіз Берлин үстіне алғаш ұшып барған сенің самолетін екеніне мақтануына болады!..

Бауыржан. Жоқ, мұны жалғыз Бигелдинов қана емес, мына біз, біздің болашақ барлық ұрпақтарымыз мақтаныш етеді! Бигелдинов Ұлы Отан соғысында қазақ халқы ерлігінің ең жоғарғы нүктесі! «Еріне қарап елін, тасына қарап тауын таны» деген. Біздің еліміздің ерлігін ерекше танытқан халқымыздың ардагер ұлы ол. Совет Одағында ұлдары екі рет ер атағын алған ұлт кеп емес. Біз сол аздың біріміз! Сенбесең жан-жағындағы көршілес республикаларға көз салып, саусағыңмен санап көр. Ендеше ол — біздің ұлттық мақтанышымыз! Әскери әуе академиясын қазақтан тұңғыш бітірген сұңқарымыз да сол! Мен саған 207 рет ұрысқа кірдім дедім. Бірақ мен неше рет ұрысқа кірсем де, табанымды тіреп жерде жүрмін ғой. Жердің адамға әр бұтасы болысады. Жер — қазсаң қорғаның болып және шыға келеді. Ал Талғат 320 рет әуе жорығына шығып, бес жүз сағаттай аспанда болған. Сол сапарлар кезінде жаудың орасан көп танк, автомашиналарын бомбалап құртып, жүздеген жаяу әскерінің күлін көкке ұшырған. Жау самолетін жәукемдеу штурмовиктердің шаруасы емес, истребительдердің сыбағасы. Ал Талғат штурмовикпен жүріп жаудың жеті самолетін және жер жастандырды. Ал аспанда болған сол бес жүз сағаттың әр секунды, компастың тіліндей қалтылдап, өлім мен өмір сызығының екі шетін кезек жанап, безек қақты емес пе? Сонымен бірге ол екі рет оқ тиіп өртенген самолеттен жерге қарғыды. Бірінде он бес күн бойы жау жайлаған жерде аш жүріп, ағаш кеміріп, аяқтан әл кеткенде төрт тағандап ілгері ұмтылып, ерлікпен өз полкына келіп қосылды. Қоршауда қалған батальон мен жалғыз кісінің арасы жер мен көктей. Көптің аты көп: біріне бірі сүйеу, демеу күш, қуат қой. Жалғыз адамның жағдайы басқаша. Олай болса, нағыз ер деп, ердің де ері деп сол Талғаттарды айтуымыз керек! Кеше, соғыстан бұрын, «Егер соғыс болса, егер жау қаптаса» деп ән айтушы едік қой. Сол сияқты, жаман айтпай жақсы жоқ дегендей, ертең Отанға қауіп төнсе лек-легімен жауға аттанған қазақтардың ерлік туына есімі ұран болып жазылатын ерлердің бірі Бигелдинов! Ендеше ондай ерді құрметтей білуіміз керек! Бүгінгі батырды қадірлеу ертеңгі ұрпақтың ұранын ардақтау. Понятно тебе, — деп Бауыржан зірк етіп сөзін аяқтады.

VIII

Бауыржанның әйелі тағы да есік ашып, ішке кірді. Біздің әңгімемізге бөгет болғысы келмегендей, аяғының ұшымен басып келді де, Баукеңнің қасына бір буда газет әкеп тастап, қайтадан шығып кетті. Тегі бүгінгі почта болуы керек. Ең үстінде жатқан «Правдаға» көзім түсті де, Баукеңнің «Правда» редакциясында болып, жарты сағат сөз сөйлегені есіме түсті.

Бірде біздің жазушыларымыздың бірі Латвиядан қайтып келе жатып, Москваға соғады. «Бухарест» қонақ үйінен орын таба алмай тұрған оған сонда жатқан Момышұлы кездеседі.

— Жеңгең ауруханада еді. Қысылып тұрсаң менің номеріме жайғасып, оның орнына жат, — дейді Баукең.

Бұл февральдің орта тұсы болса керек. Жазушы Бауыржанның қасында он шақты күн жатып, одан көп әңгімелер естиді.

22 февраль күні таңертең телефон шылдырайды. Баукеңнің қасындағы қоңсы жазушы трубканы көтерсе:

— Бұл «Правда» редакциясынан ғой. Бізге Момышұлы жолдас керек еді, — деп ар жақтан жұмсақ үнді ер адам үн қатады. Ол трубканы Бауыржанға береді.

Баукең трубканы алып тыңдап тұрады да: «Қашан, қай сағатқа, қанша минутқа?» деген екі-үш сұрақ қояды да: «Правдашылар үшін оны істеуге болады, Паша» деп трубканы жабады.

Ертелетіп телефон соққан адам Жамбылдың бұрынғы аудармашысы, 8-ші гвардиялық дивизияның «Отан үшін» газетінің алғашқы редакторы, ол кездегі «Правда» газетінің қызметкері Павел Кузнецов екен. Правдистер ертең, 23 февральда Момышұлы бізге келіп жарты сағат әңгіме айтып берсе екен деп өтініпті. Сағат бірде алты жүз адам «Правданың» актовый залында күтіп отырмақ екен. Бірге таман көлік жібереміз депті.

Содан кейін Бауыржан іштей толғанып, ойланумен болады. Көршісімен арадағы бұрынғы әңгіменің бәрі қалады. Баукең бөлмеде арлы-берлі жүріп, ертең сөйлейтін сөзін толғата бастайды. Ешқандай жазу жазбайды.

Ертеңінде сағат он екі жарымда Баукең атақты «қара көбелек» галстугын тағып, шытырдай боп киінеді. Сөйтеді де бірге он минут қалғанда бөлмеден шығып кетеді.

Біраз уақыттан кейін Бауыржан қайтадан бөлмеге келіп, шешіне бастайды. Қоңсы жазушы сағатына қарап бірден қырық минут кетіпті. Тегі көлік келмеген болар, Баукең содан соң қырсығып қайтып келген шығар деп ойлайды да:

— Бауке «Правдаға» бардыңыз ба, бармадыңыз ба? — деп сұрайды.

— Бардым.

— Кездесу болмады ма?

— Болды.

— Тіпті тез ғой.

— Правдашылар деген тәртіпті халық қой. Мен барсам актовый зал лық толып отыр екен. «Москва түбіндегі қорғаныс ұрыстары және оның Ұлы Отан соғысы тарихында алатын орны» деген тақырыпта жиырма минут сөз сөйледім. Правдашылар менің сөзімді бөліп, үш рет қол шапалақтады. Менің сөзімнен кейін: Сіздің ордендарыңыз көп дейді ғой, оның бәрін қай жерге тағасыз? — деген сұрақ қойылды. Мен оған: Отан берген, халық сыйлаған наградаларым өте көп. Оларды, басқа да совет қолбасшылары сияқты, кителімнің екі өңіріне қадаймын. Сыймағандарын арқама тағамын, алқа етіп мойныма асып аламын! — деп жауап бердім. Жұрт ду күліп, тағы да қол соқты.

Автор. Осы оқиға рас па, Бауке?

Бауыржан. Ы-ы-ың..., — деп алдымен сәл ыңылдап алды. — Рас. Бірақ онда екі сұрақ қойылған болатын.

Автор. Екіншісі қандай еді?

IX

Бауыржан. Екінші сұраққа көбірек жауап беруге тура келді. Бір журналист әйел: «Панфиловтың аузынан шыққан қандай қанатты сөздерді білесіз және оның қандай жағдайға шығарылғанын айта аласыз ба?» деді. Мен оған: Панфилов өте дана адам еді. Ол кісінің аузынан шыққан нақыл сөздер орасан көп. Сізге мен соның қапелімде есіме түскендерін ғана айтайын, — деп, бір-екі деп номерлеп, мына сөздерді айтып бердім.

1. Дүние толастамай мен шинелімді шешпеймін. Болашақ ұрпақтың өмірі мен өнері, бақыты мен байлығы — осы сұр шинельдің ішінде.

— Бұл генерал-майор Панфиловтың 1941 жылы августта, дивизиясын майданға бастап шығып бара жатқанда Алматы вокзалының перронында тұрып айтқаны.

2. Байыптап істелген батылдық — әскери таланттың туысы.

— Бұл артполктың командирі полковник Кургановтың бір батыл ісіне сүйсініп айтқан сөзі.

3. Кішкентай табыс — үлкен жеңіске үміттендіреді. Ол солдаттың жауды жасқауға және жаныштауға деген сезімін тудырады.

— Бұл дивизия ең алғаш Крестцы деревнясы маңында бекініс жасағанда жау тылына барлаушылар жіберіп, оларды жауға жанастырып үйрету жөнінде полк командирі полковник Шехтманға берген кеңесі.

4. Шеп құрдық — шатыр тіктің. Шатырыңды жел ұшырып кетпеу үшін қазығыңды мықтап қақ.

— Бұл дивизия 1941 жылы 7 октябрьде Волоколамск түбінде тосқауылға тұрған кезде айтқаны.

5. Фашистер жегенді, одан соң ішкенді жақсы көреді. Ендеше анау консерв-гранатты танктың табанына жемге беріңдер де, ал өртенгіш сұйық затты сусынға ұсыныңдар. Шақырылмаған қонаққа бұдан артық сыйлық болмайды. Жақсы солдат жан сауғаламайды. Ол ақылмен, айламен, ынтамен соғысады. Фашист болат қораптың ішінде ғана батыр. Сыртындағы қабығын сыдырып тастасаң сары үрпек балапанның өзі болады да қалады. Содан соң танкты табаға айналдырып, оларды шыжылдатып шығару сендердің қолдарында.

— Бұл генерал Панфиловтың Москва түбінде дұшпанды қарсы алар алдында жау танкіне тоқпақ граната мен жанғыш затты қалай лақтыруды өз қолымен көрсетіп, алғы шептегі жауынгерлерге айтқан ақылы.

6. Мергенге қырағы көзбен қоса, қыңқ етпес төзім керек. Көз — көреді, төзім — жеңеді.

— Бұл дивизияның атақты мергені Төлеуғали Әбдібековке берген кеңесі. Генерал Панфиловтан ақыл алған бұл батыр қазақ 397 фашисттің көзін жойып, 1944 жылы 22 февральда ұрыс даласында ерлікпен қаза тапты. Оның ТВ-2916 номерлі мергендік винтовкасы қазір Қазақстанның Орталық музейінде сақтаулы тұр.

7. Әскери карта — ардақты документ. Ол — тарихтың, ұлы шайқастар тарихының тамшысы. Карта — мыңдаған адамдардың өмірі мен өлімінің өмірбаяны, шешен шежіресі.

— Бұл Волоколамск қорғаныс шебінде тұрған кезде генералдың картасын абайсызда жыртып алған штаб бастығының көмекшісі Колокольниковке ренжіп айтқан сөзі.

8. Беліне байлаған котелогы жоқ солдатты қарусыз солдат деп есептеу керек.

— Бір жолы генерал кухнядан жапырлай ас ішіп жатқан солдаттардың қасына келеді. Олардың біреуі ас ішсе, екіншісі жолдасының котелогіне телміріп қарап отырғанын көреді. Сұрастыра келсе, телміріп отырғандар бөлімге жаңадан келген жауынгерлер болып

шығады, олар жолдасының котелогы босауын күтеді. Бұған қатты кейіген генерал полк командирі Капровты шақырып алып, дереу полкта котелок жасатуға бұйрық береді. Капров генералға полкта котелок жасаттыратын лайықты материал жоқ екенін айтып, ақталады.

— Материал деген мынау емес пе? — деп генерал сол маңда шашылып жатқан мырышталған темірден жасалған патрон қораптарын нұсқайды. — Осыдан үш күннің ішінде алты жүз котелок жасаттырыңыз және бірінші біткен котелокты маған алып келіңіз.

Полковник Капров бұл бұйрықты орындап, жасатқан котелоктарының біреуін генералға алып барып көрсетеді. Генерал котелоктың ішіне ыстық су құйдырып, сақылдатып қайнаттырады да, оны төктіртіп тастайды.

Содан кейін таза су қайнаттырып, оған өз қолымен шай салып, Капров екеуі сол котелоктан шай ішеді. Жоғарыдағы сөзді генерал сонда айтады.

9. Төзімділік — солдаттың төтенше қаруы.

10. Сен менің қызымсың, ал солдаттар — ұлым. Әр солдатты ағаңдай көріп, оларды ажалдан арашалай біл, Валюша.

— Бұл екі сөз генералдың медсанбатта медсестра боп қызмет істеп жүрген өз қызы Валентина Ивановнаға ұрыс арасында бір кездескенде айтқан өсиеті.

11. Солдатты сыбап боқтай беру сардарлықтың белгісі емес; Солдат сыйлаған сардар ғана қадірлі командир.

— Бұл генералдың Афанасьев деген майорға ренжіп айтқаны.

12. Ауыр ұрыс кезінде полктарда болғым келеді. Ауырып жатқан баланы әкесі маңдайынан сипаса, ол едәуір әлденіп қалады. Ал ұрыстағы солдат аурумен емес, ажалмен айқасады. Командирі қасында болса, солдат ешқашан да ажалға әл бермейді.

— Бұл генералдың Волоколам ұрыстары кезінде алғы шептегі бөлімдердің бірінде комиссар Мұхамедияровқа айтқан сыры.

13. Біздің дивизияның жауынгерлері тоңса, жау танктерін өртеп, соның отына жылынады. От өшіп бара жатса, олар тамыздыққа тағы да танк әкеп салады.

— Бұл генералдың Дубосеково оқиғасынан кейін аязды күні қолын отқа жылытып отырып, дивизия комиссары Егоровқа айтқан сөзі.

14. Немістер біздің дивизияны «тағы дивизия» деп атайтын көрінеді. Ол біздің адамдарымыздың тағылығынан емес, олардың тағыларды таяқтай білетіндігінен болса керек.

— Бұл генералдың өз қызы Валентина Панфиловамен ең соңғы кезде айтқан әңгімесінен.

15. Жауға жақын тұрсаң, оның жанын шығарасың. Алысқа көз жеткенмен, қол жетпейді. Жауды көз көргенімен, қол ғана тұншықтыра алады. Ендеше командир мен штаб бастығы артта емес, алда, ұрыстың ұрымтал жерінде отыруы керек. Сонда ғана көз жеткенге қол да жететін болады.

— Бұл генералдың дивизия штабының бастығы полковник Серебряковке штабты жау оғының астында тұрған Гусеново селосынан кейін көшіру туралы ұсынысына айтқан жауабы.

16. Гвардияшы болу — киын іс; совет гвардияшылары қиындықтың бәрін де жеңеді! Жеңіске жол ашады! Жеңісті қолымен жасайды! Совет гвардиясы атағын алу, совет гвардияшыларын басқару — аса зор абырой!

— Бұл 1941 жылы 18 ноябрьде «Правданың» әскери тілшісі Михаил Калашников генералдың Гусеноводағы штабын іздеп келіп, «Правда» газетінің 316-шы дивизияға 8-ші гвардиялық дивизия атағы берілгені және оның жауынгерлік Қызыл Ту орденымен наградталғаны туралы Указ басылған номерін әкеп бергенде айтқаны.

17. Өлді деген осы!..

— Бұл генерал Панфиловтың өлер алдындағы соңғы сөзі. Иван Васильевич қырық бірінші жылы 18 ноябрьде Гусеново селосында оққа ұшты. Бірақ ол өмірін немістерге арзанға берген жоқ. Панфиловтың көзінің тірі кезінде оның дивизиясы жаудың 30 000 солдатын өлтіріп, 170 танкін өртеген болатын. Генерал Панфиловтың жаудан ала жатқан «жастығы», міне, осындай болатын!

Осы кезде залдағы журналистер тағы да ду қол соқты. Қол соғу тоқталғаннан кейін мен былай деп сөзімді аяқтадым:

— Генерал Панфиловтың бұл ақыл, нақыл сөздері — біздің дивизияның тарихы. Әңгімемнің соңында менің сіздерге ол кісінің тағы бір сөзін айтқым келіп тұр.

Бірде Панфилов санбаттың аспазы Сергеев деген солдатқа былай деген еді:

— Аш солдатты маса да сүзіп құлатып кетеді. Адамдарды аш қылмай, уақытында ауқаттандыру — аспаздың ең ұлы ерлігі!

Генерал айтқандай, маса сүзіп құлатып кетпеуі үшін, менің сіздерді түскі тамаққа босатқым келіп тұр. Тыңдағандарыңызға рақмет.

Жұрт тағы да күліп, қол соғып жатты. Мені алғашында правдашыларға таныстырып, сөз берген Павел Кузнецов журналистер атынан рақмет айтты. Мен ешқайда бұрылмастан редакциядан шықтым да, есік алдында әзір тұрған машинаға мініп, қонақ үйге келдім.

X

Автор. Генералдың өзіңіз тікелей естіген ғибрат сөздерінен айтпаған екенсіз ғой.

Бауыржан. Генералдың біздің батальонның окоптарын аралағандағы бір сөзін айтайын деп едім, айтпадым. Өйткені правдашыларды да аяу керек қой. Оларға түскі демалысқа берілгені бір сағат қана уақыт. Оның жартысын мен жеп қойдым.

Автор. Біздің батальон Лама өзенінің жағасында тұрған кезде генерал келіп, шебімізді, бекініс орындарымызды өз көзімен көріп қайтты. Ұзын ордың ішінде біреулер темекі тартып, біреулер хат жазып, енді біреулер мылтықтарын тазалап отыр екен. Генерал келгенде бәрі де орындарынан ұшып тұрды. Бір жауынгер мылтығын тазалап болып, енді ғана затворын орнына салғалы жатыр екен. Генералды көргенде сасқалақтап қалған ол орнынан тұра бергенде затворын қолынан түсіріп алды.

— Халдарыңыз қалай, балаларым, — деді генерал жігіттермен сәлемдескеннен кейін. — Жауды қарсы алуға әзірсіздер ме?

— Әзірміз.

— Дайынбыз, жолдас генерал.

Генерал жаңағы затворын жерге түсіріп алған жауынгердің жанына келді.

— Сіз генералды көргенде сонша сасқалақтадыңыз, ал жау кеп қалғанда қайтесіз? — деді ол жауынгерге жұмсақ үнмен.

— Сасқалақтағаным — генералымды сыйлағаным, генералды сыйласам — жаудан жасқанбағаным ғой, жолдас генерал, — деп жауап берді солдат.

— Бәле, рақмет, — деді генерал күлімдеп. — Мені сыйлағандарың жаудан жасқанбаңдар.

— Жасқанбаймыз.

— Жасқануды қойдық қой, жолдас генерал, — десті жауынгерлер жамырай үн қатып.

Генерал жаңағы жауынгерге қайта бұрылды.

— Мынау қолыңыздағының аты не, жолдас жауынгер? — деді генерал алдымен солдаттың қолындағы винтовканы, одан соң затворды алып, орнына салып жатып.

— Винтовка, жолдас генерал.

— Сіздің солай жауап береріңізді біліп едім, — деді генерал мылтықтың тұмсығын жоғары көтере мушканы сығалай көздеп жатып. Содан кейін шаппаны шырт еткізе саусағымен тартып қалды. — Винтовка деген не?

— Қару, жолдас генерал.

— Бұл тек қару ғана емес, сіздің тағдырыңыз, жолдас жауынгер. Сіз мұны күтіп ұстасаңыз, мен сіздің винтовкаңыз таза емес деп тұрғаным жоқ, тілін ұқсаңыз — қай бөлшегі қай жерінде болатынын, қалай көздесеңіз оқты дұшпанның қай жеріне тигізетініңізді бес саусағыңыздай білсеңіз — жауды жеңесіз, мұратыңызға жетесіз. Ал оны білмесеңіз, мынандай тамаша қаруды дұрыстап қолдана алмасаңыз — онда фашист сізді өлтіреді. Тағдыр деген сол. Винтовка солдаттың тағдыр қосқан жары деген нақыл бар. Үйде әйеліңіз бар ма еді?

— Жоқ, жолдас генерал, әлі үйленгенім жоқ.

— Үйленесіз, — деді генерал оған сенімді түрде. — Сізді болашақ жарыңызбен жалғастыратын осы винтовка, балам. Міне, тағдыр деген осы. Енді ұқтыңыз ба? — деп генерал солдаттың винтовкасын қайтарып берді.

— Ұқтым, жолдас генерал! — деп солдат күлім қақты. — Түсінікті.

— Түсінікті болса, мені тойыңызға шақырасыз ба? — деді генерал жауынгерге қайтадан мойын бұрып.

— Шақырамын, жолдас генерал.

— Онда аты-жөніңіз кім, қай жерденсіз?

— Қызыләскер Темірхан Уашев, Жамбыл облысының Қордай ауданынанмын, жолдас генерал.

— Темірхан ба, Тамерлан ба? — деді генерал көзін сығырайта күлімдеп.

— Темірхан, жолдас генерал.

— А, солай ма,— деді генерал ерніндегі күлкісін жиып, сәл иегін көтере түсіп, байсалды үнмен. Генералдың әлде бір әзіл айтқысы кеп, ол ойын үзіп тастаған тәрізденді. — Онда

былай уәделесейік, Темірхан. Сіздің Қордай ауданының орталығы Георгиевка мен біздің Фрунзенің арасы бір-ақ аттам жер. Сіз жеңіспен елге қайтып, ата-анаңыз келін түсіргенде, мені тойға шақыратын болдыңыз. Ал мен міндетті түрде келемін! Сонда Сіздің тойыңыз, Чеховтың әңгімесіндегідей, генерал қатысқан той болады. Келістік қой осыған? — деп генерал солдатқа қолын ұсынды.

— Құп, жолдас генерал, — деп, солдат мылтығын шапшаң иығына іле салып, генералдың алақанын қос қолымен алып, ілтипатпен қысты.

— Жолдас Момышұлы, — деді одан соң генерал маған қарай бұрылып, — енді маған танкпен қалай күресетіндеріңізді көрсетіңіз. — Осылай деп генерал ілгері қозғалды. Өзіне құрмет көрсетіп, тартқан сымдай тік тұрған жауынгерлерге басын изеп: — Ал, балаларым, мықты болыңдар! — деді.

Автор. Әңгімеңізге рақмет, Бауке.

Бауыржан. Саған да.

ОНЫНШЫ ДИАЛОГ

I

Автор. Енді 1943 жылдың Сіздің өміріңізге қатысты жағын әңгіме етейік, Бауке.

Бауыржан. Мақұл. Сөйтіп біздің 3-ші екпінді армияның екпінді тобы жаумен Великие Луки, Невель шайқастарын жүргізді. Бұл кезде армияның үш дивизиясы — біреуі біздің 8-ші гвардиялық дивизия, — үш бригадасы, екі танк батальоны Холм түбінде қорғаныста қалды дедім ғой. Қорғаныстағы бұл топқа Ловать өзенін бойлай тартылған бекініс шебінен Торопецке қарай дұшпанды өткізбеу, сөйтіп оларды алдымен Великие Лукиге, одан кейін Невельге шабуыл жасап жатқан әскерлердің желкесіне шығармау міндеті жүктелді. Бұл міндетті біз де айтарлықтай етіп орындадық. Немістер шебімізді бұзбақ болып, бірнеше рет әрекет етті. Әсіресе, Великие Лукиден айрылғаннан кейін, ауылға күнде шауып маза бермейтін күшігін алдырған қасқырдай боп, аласұрды. Бірақ біз қасқырды тұмсықтан соғып, тілін салақтатып кейін қайтарып отырдық.

1943 жылдың апрелінде біздің 2-гвардиялық атқыштар корпусы Калинин майданынан Солтүстік-батыс майданының қарамағына ауыстырылды. Енді біз 3-ші екпінді армияның құрамынан шығып, генерал-лейтенант В. А. Юшкевич басқаратын 22-ші армияның қол астына қарадық. Бірақ басқа майданға ауысып, басқа армияның құрамына кіргенімізбен корпусқа, дивизияға жүктелетін міндет бұрынғы күйінде қалды.

Автор. Сіздің өмірбаяныңызға байланысты барлық документтермен танысқаннан кейін, Бауке, мен мынадай қорытындыға келдім. Қазақтардың тіршілігінде ең ауыр жыл қоян жылы деп есептелсе, сіздің тағдырыңыздағы бір қоян 1943 жыл ма деп қалдым.

Бауыржан. Ол не деген сөз?

Автор. Төрт жыл соғыста күн сайын, сағат сайын, тіпті минут сайын төбеңізден төніп тұрған қауіп пен қатерді айтпаймын, Бауке. 1943 жылы бір генерал қолына жарық алып Сіздің соңыңызға түскен екен.

Бауыржан. Кімді айтасың?

Автор. 8-ші гвардиялық дивизияның Серебряковтан кейінгі командирі генерал-майор Ч-ны айтамын.

Бауыржан. Ым-м-м!..

Автор. Бір жеріңіз ауырып отыр ма?

Бауыржан. Жоқ, айта бер.

Автор. Панфилов дивизиясы жайында «Красная звезда» газетінде ең алдымен хабар жазған,артынан 28 батырдың ізіне түсіп, олардың кім екенін анықтап очерк жариялаған, содан кейін де өмір бойы сол дивизиямен байланысын үзбеген Александр Кривицкийдің «Не забуду вовек» деген кітабында «Генерал Ч-мен әңгіме» деген тарау бар екенін өзіңіз білесіз. Ол тарауда жазушы Москва түбіндегі шайқастан кейін бірсыпыра уақыт өткен соң Калинин облысының жерінде, «батпақ пен орманның ортасында» тұрған 8-ші гвардиялық дивизияны іздеп барып, оның соңғы командирлерінің бірі генерал Ч-мен қалай кездескенін былай баяндайды:

«Генерал Ч-мен кездесу көңілсіз болды. Жол бойы Панфилов туралы босқа ойлап, Корнейчуктың «Майдан» пьесасын тектен-текке есіме алмаппын. Генерал Ч. (атын айтпай отырған себебім ол дивизияға ұзақ командир бола алған жоқ және оның армиядан кетіп қалғанына да талай жыл болды) барып тұрған горловшылдың өзі болып шықты. Өзінің қандай дивизияға басшы болғанын, қолына таяқ емес, қылшылдаған әскери қару ұстап отырғанын түсінбейтін болса керек. Ол дивизияның ұлттық ерекшелігін де ұғынбапты. Адамдардың бұрынғы жауынгерлік еңбектерін қадірлеуді қойыпты. Дивизияның дәстүрін бағаламайтын болыпты. Сөз арасында мен Панфиловты аузыма алып едім, оның түсі біржолата бұзылып кетті».

Кривицкий кітабындағы, генерал Ч-ның кім екеніне бұрын мен мән бермеген едім. Жақында генерал Ч-ның Сіздің үстіңізден жазған қағаздарын оқыдым. Әрине, ол жоғарыға

жолдаған жауынгерлік мінездеме түрінде болып келеді. Сондықтан ол алдымен Момышұлының партия мен Отанға адал берілген азамат екендігін, саяси-моральдық жағынан беріктігін, тәртіптілігін тәптіштеп айтып алады. Содан кейін бір-екі ауыр кінәні оның мойнына арта салады да, ең соңында Момышұлы полк командирі болуға лайық адам деп шыға келеді.

Әрине, бұл Капров пен Мұхамедияровтың, Панфилов пен Егоровтың, Чистяков пен Егоровтың, Серебряков пен Лобовтың, Галицкий мен Литвиновтың Сізге берген бұрынғы, соңғы мінездемелеріне мүлде қарама-қайшы.

Бауыржан. Ер шекіспей бекіспейді, есер шетінеспей кетіспейді. Ер басқа, есер басқа. Екеуіміздің қайсымыз ер, қайсымыз есер екенімізді кім білсін. Әйтеуір бір жолы аттай тебісіп, айғырдай шайнасып қалғанымыз рас.

Автор. Әйтеуір, бір жақсысы сегіз айдың ішінде Сіздің үстіңізден Ч. жазған бесінші мінездемені, 22-ші армияның командашасы Юшкевич пен соғыс советінің мүшесі Катков екеуі бекітпей тастапты.

Бауыржан. Рас, солай болды. 1943 жылдың 15 ноябріндегі ұрыста мен тағы да жараландым. Сен маған қалай соғысқаныңды, ұрыс картиналарын айтпа. Оны Александр Бек пен Бауыржан Момышұлы жазды, мен оларға тоқталмаймын деп едің ғой.

Автор. Иә, Бауке. Менің мақсатым Сіздің өміріңіздің ұзын-ұрғасын қағазға түсіру. Соғыс суреттерін сіздерден, Бек екеуіңізден артық етіп жеткізе алмайтын болғандықтан, оған соқпау.

Бауыржан. Бір жарым айдай госпитальда жаттым.

Автор. Сөйтіп Сіздің қоян жылыңыз жарақатыңызбен аяқталды ғой ақыры.

Бауыржан. Иә. Госпитальдан шыққаннан кейін маған екі айлық демалыс берілді. Декабрьдің соңғы күндерінде мен Алматыға келдім.

Автор. Мен Сіздің ол келгеніңізді архивтен алдырып, «Советтік Қазақстан» киножурналының 1944 жылғы бірінші номерінің лентасынан көрдім, Бауке. Журнал басталғанда Сіз бір жұпыны бөлмеде, қалың дәптердің бетіне сыпылдатып орысша жазып жаттыңыз. Мен ол бөлме өзіңіз документтеріңізде үй әдірісім: Алматы қаласы, Фурманов көшесі, 94, квартира 22, деп көрсететін пәтеріңіз болар деп ойладым. Бір кезде Сіз басыңызды көтеріп, көрермендерге тіке қарап, 1944 жана жылмен құттықтап сөз сөйледіңіз. Көзіңіз шүңірейген, жағыңыз суалыңқы, арық екенсіз. Бірақ дауысыңыз жігерлі, қимылыңыз өте ширақ екен. Сөзіңіздің басында 28 гвардияшы панфиловшылар жайында айта келіп, генерал Панфилов туралы тебірене толғанып сыр шерттіңіз. Егер мен өзіміздің

генерал туралы жаза қалсам, онда бұл шығармамды мынадай тарауларға бөлер едім: парасатты генерал, логикалы генерал, кең толғамды генерал, әдіс-айлалы генерал, қажырлы генерал, саспайтын салқын қанды генерал, кішіпейіл генерал, дегеніне жетпей тынбайтын генерал дер едім дедіңіз. 1941 жылы Москва түбінде бір гвардияшының гитлершіл алты қарақшыға қарсы тұрғанын айттыңыз. Соғыстағы солдаттың баласын, әйелін, әке-шешесін сағынатынын, жолдастары қаза болғанда көзінен жас шығып жылайтынын айта келіп сөзіңізді былай деп бітірдіңіз:

— Жаңа жыл құтты болсын! Жаңа жылда жаңа бақытқа жетейік, майдандағы қымбатты жолдастар! Мен қазір әзірше сіздердің араңызда емеспін, мен Қиырдағы туған елім Қазақстандамын. Мен жерлестерім — қазақстандықтарды сіздердің атыңыздан жаңа жылмен — 1944 жылда құттықтаймын.

Сіздің сол құттықтау сөзіңіз «Социалистік Қазақстан» мен «Казахстанская правданың» сол 1944 жылғы 1 январь күнгі номерлерінде басылыпты.

III

Бауыржан. Сол келген жолымда мені Екінші Алматының теміржол вокзалында Қазақстан Жазушылар одағының председателі Сәбит Мұқанов бастаған бір топ жазушылар және басқа да беделді, белгілі деген өнер қайраткерлері қарсы алды. Аты аңызға айналған үлкен жазушымен тұңғыш дидарласуым осылай басталды.

Сол жолы Сәбең үйіне шақырды. Бұл қонақасыда қазақ әдебиеті мен өнерінің, мәдениетінің белгілі қайраткерлері де бірге болды. Тап сол күні Мұхтар Әуезов, Ғабиден Мұстафин, Ғабит Мүсрепов, өзімнің кластас досым, сонау 1928 жылдары Шымкентте бірге оқыған жолдасым Әбділда Тәжібаев, Әлжаппар Әбішев сияқты қазақтың қадірлі қалам қайраткерлерімен, Күләш пен Қанабек Байсейітовтар сияқты өнер ардагерлерімен тұңғыш рет Сәбең дастарқанының басында дидарластым. (Әбділда, Әлжаппар, Ғабиден үшеуі майданға келіп қайтқан болатын.) Осы сапарымда Сәбең қазақтың жақсылары мен жайсаңдардың танып-білуіме, сыйлас болуыма көп себін тигізді. Сәбеңнің арқасында сол жолы ғұлама ғалым Қаныш Сәтбаевпен де мәжілістес, пікірлес болып қайттым. Сол екеуінің ұйымдастыруымен Ғылым академиясында отыз алты сағат лекция оқуыма да тура келді.

Автор. Жаңағы журналда өзіңіз айтқан адамдардың барлығы да түсіпті. Айтылмағандардан генералдың жұбайы Мария Ивановна Панфилова мен ақын Иса Байзақовты да көзім шалып қалды.

Одан кейінгі бір кадрда өз қол астыңызда болған саяси жетекші, ержүрек азамат Жолтай Бозжановтың үйіне барғаныңыз бейнеленіпті. Жолтайдың туған ағасы Нұрмұхамед

Бозжановтың балалы-шағалы үлкен семьясының ортасында әңгіме шертіп отырсыз. Тегі Жолтай жайында баяндап отырған боларсыз деп ойладым.

Енді бір кадрда Сіз «Эмка» қара машинасымен 28 панфиловшылар атындағы парктің алдына келіп тоқтадыңыз да, парк ішінде сапқа тізіліп тұрған қалың әскермен сәлемдестіңіз. Әскерлерді аралап көріп, оларға арнап сөз сөйледіңіз. Журнал осымен аяқталады екен.

Сол жолы Сізбен жүздескен адамдардың ішінен Қазақ ССР-інің халық артисі Серке Қожамқұловпен сөйлесіп, сол кісінің естелігін жазып алып едім, Бауке. Соны оқып берсем қайтеді Сізге?

Бауыржан. Оқығын.

Автор. Сераған былай деді: «1943 жылдың аяғында Бауыржан майданнан келді. Март айына дейін Алматыда болды. Екі жерде — Академияда және театрда лекция оқыды. Волоколамда болғанын, қоршауда қалғанын айтты. Панфилов туралы көп айтты. Генералдың адамгершілігі туралы айтқанда бүкіл зал тебіреніп отырды. Оны туған әке, ағамыздай көрдік деді. Ол біздің бойымыздағы ерлікті жанып отыратын еді деді. Мынау менің қойын дәптерім, соғыс басталғаннан бергі көрген-білгенімді осыған жазып келемін. Осыны аманат етіп Сізге тапсырамын, Қанеке, — деп дәптерін Қаныш Сәтбаевқа берді...»

Бауыржан. Рас. Соғыста жазғандарымның бәрін Сәтбаевтың сейфына тастап кеттім деп бұрын саған айтқан болатынмын.

Автор. Айтқансыз, Бауке.

Бауыржан . Ары қарай оқи бергін.

Автор. Бұрын жұрт лекция үстінде кіріп-шыға беруші еді. Бауыржан өйттірмеді. Лекцияға бір минут қалғанда ешкімді кіргізбейді екен. Үлкен-кішіңе қарамайды, есікті жаптырып тастайды. Сондықтан оның әр лекциясына 15—20 минут ерте барып отыратын болдық.

Біздің театрдан Бауыржан «Ақан сері», «Еңлік — Кебек», «Намыс гвардиясын» көрді. Бірақ спектакльден кейін ешқандай талдау, әңгіме болған жоқ. Жұрт оны кезектесіп, театрдан кейін қолма-қол үйіне қонаққа әкетіп отырды. Кешкі, түнгі уақыттары шақырылудан босаған жоқ.

Лекция оқығанда, кейбір қонақтарда болғанда айтқан сөздері, ойлары, ерлік тұлғасы есімде қалды. Қазір Бауыржан туралы сөз бола қалса, мен алдымен қырық үш-қырық төртінші жылғы Бауыржанды көз алдыма елестетемін. Бауыржан сөзді өте тауып сөйлейді екен. Әттен арасына «встаты» мен «молчаты» кіріп кетеді.

Өз басым сонысын сөлекеттеу көрдім. Бауыржанды ең алғаш көргенім жайында есімдегілер осы ғана.

Бауыржан. Ым-м-м...

Автор. Екі ай демалысыңыз біткеннен кейін Алматыдан бірден майданға қайттыңыз ба, Бауке?

Бауыржан. Екі айдан асыңқырап қайттым. Жолда Жуалыға соқтым. Одан бұрын, енді бірер күнде қайтамын деп әзірленіп жүргенімде бір күні Сәбит:

— Әй, Бауыржан, мен бір білместік істеп алыппын, кешір, ұятай, ұят болды, — деді сол үйден түстік ішіп отырғанымызда.

— Не боп қалды, Сәке?

— Біз бүгін кешке қарай Жамбыл қарттың ауылына барып келейік. Жәкеңнің алдын көріп, сәлем беріп қайтқаның орынды болады.

— Жарайды.

Сол күні кешке Ұзынағашқа бардық. Жамбылдың үйіне кіріп, бір бөлмесінде жантайып жатқан жұдырықтай ақсақалға сәлем бердік.

— Тәте, баяғы Ғазіреті Ғали сияқты, майданда жауды жайпап жүрген Бауыржан деген батыр балаңыз осы, — деді Сәбит Жамбылдың құлағына дауыстап. — Талай немісті қырып салған нағыз ердің ері.

Соғыстан келіп еді, енді соғысына қайта кеткелі жатыр. Сізге сәлем беріп, батаңызды алып кетемін деп келді.

Жамбыл менің бетіме сығырая қарады. Оның сынап отырғанын байқап, мен де қабағымды түйіп, оған ежірейе қалдым. Содан соң Жамбыл Сәбитке қарай мойнын бұрды да:

— Мына қызыңды... түсі тым суық екен, батыр болса болар! — деді.

Сәбит оған қарқ болып күліп жатыр. Менде үн жоқ. Жамбыл күлместен маған қайта қарады.

— Батыр болсаң сен Өтеген мен Сұраншыдан күштімісің, соны айтшы, — деді.

Мен ойланбастан жауап бердім.

— Өтеген қаптап келе жатқан өрт сияқты да, Сұраншы сарқырап аққан су сияқты батыр болатын. Дүниеде от пен судан күшті жоқ. Мен ол екеуінің ешқайсысына да пар келе алмаймын. Мен — оттың ұшқыны, судың тамшысы ғанамын, Жәке, — дедім.

Жәкеңнің өлеңінде өзі айтатын «борға малған» сақалы шошаң-шошаң етіп қалды. Ол атамыздың күлгені екен. Енді көзі шырадай жайнап, жылы ұшқын шашып, тағы да Сәбитке қарады.

— Әй, Балуан, мынауыңның түрінде ғана емес, тілінде де бірдеңе бар екен, қоныңдар, — деді. Жәкең Сәбитті мол денесіне байланысты ылғи осылай, Балуан Шолақ деп атайды екен. Жамбыл «Балуан Шолақ!» десе, Сәбит: «Ау, тәте» деп жауап береді.

Біз жайғаса бастадық. Сырт киімдерімізді шешініп жатқанымызда шалдың сақалы, су бетіне секірген ақ қайрандай болып, бір жарқ ете қалған еді. Енді жайланып отыра бергенімізде ай мүйізді ақ қошқардың үстіне салт мінген біреу, шабуылға шығатын кавалеристей екпіндетіп келіп, табалдырық алдына тоқтай қалды да:

— Әумин, — деп алақанын жайды.

Малдас құрып отырған Жәкең мойнын бұрды да:

— Әй, Балуан Шолақ, өзің жасаушы ма едің, әлде батырың беруші ме еді батаны? — деді.

— Ойбай, тәте, өзіңіз жасаңыз, — деді Сәбит.

Жамбыл алақанын жайды да:

Батырдың жолы болсын!

Самсаған қолы болсын!

Түсі де суық екен,

Ісі де долы болсын, аллаәкпар! —

деп бетін сипады.

Ақ қошқар ауыз үйде сойылып жатты. Бір кезде ішек-қарын аршыған әйелдердің де дыбысы естіле бастады. Олардың үстіне сырт жақтан мұрнынан міңгірлей сөйлеп тағы біреу келді.

— Екіндіде елге сүйкімді қонақ келеді деуші еді. Бір кәдірлі қонақ келген-ау тегі... Ойбай-ай, шарбысын-ай ақтарылып жатқан. Тура бір тегене май түсіпті ғой... Өй,

мыналарын Жәкемнің ең сыйлы қонаққа соямын деп жүрген ай мүйізді ақ қошқары ғой, қарақтарым-ау. Кім келгенін айтсаңдаршы өздерің!..

Осылай деп есіктен төртбақ денелі жалпақ бет біреу кіріп келді. Келді де:

— Ой, айналайын, жүрген жері құт Сәбитімнің өзі екен ғой. Әйтпесе Жәкем ай мүйізді ақ қошқарды кімге союшы еді? Өзім де біліп едім-ау! — деп қос қолдап келіп Сәбиттің алақанын алды. Содан соң бұрылып маған қарады да:

— Мына литенант жігіт кім? — деді Сәбитке. «Лейтенанттың» да бір әрпін қымқырып жіберді деп ойладым ішімнен.

— Ой, Ғали, қара бассын сені, — деді Сәбит. — Лейтенант емес, полковник Бауыржан Момышұлы ғой.

— Ойбай, қалқам, атыңа қанықпын. Тек мынау жұлдызға ғана шорқақпын. Келші бері бетіңнен сүйейін, — деп бетімнен сүйді. Сөйтсем ол Жамбылдың сол кездегі әдеби хатшысы атақты ақын Ғали Орманов екен.

Ауыл адамдары жиналып, солармен әңгімелесіп, Жәкеңнің соғыс, майдан жайындағы әртүрлі сұрақтарына жауап беріп, ұзақ отырдық. Түннің бір кезінде алдымызға ет келді.

— Ал, балуан, ал ,батыр, сыбағаларыңа қол созыңдар, — деді Жамбыл табақты нұсқап.

Сәбит пен Ғали етті шеңгелдеп асай бастады. Мен табаққа қол созбай отырып қалдым.

— Делбе болған жылқыдай, мына қыз табағын неғып отыр ет жемей, — деді Жамбыл Сәбитке, сақалын шошаң еткізе, мені иегімен нұсқап.

— Әй, Бауыржан, неге жемейсің, бөгіп қалғанбысың! — деп Сәбит табаққа қайтадан қол соза бастады.

— Жемеймін! — дедім мен қатаң үнмен.

Сәбит табақтан қолын тартып алып, менің бетіме қарады.

— Әй, Бауыржан, саған не болды? — деді ол үні одан сайын қарлыға шығып.

— Мен мұнда сыбаға жеу үшін келгенім жоқ, — дедім Сәбитке дауысымды қаттырақ шығарып. — Сыбағаны немістерді жеңгеннен кейін жеймін. Ал мұнда ұлы Жамбылдың, соғыстағы бар солдаттың ұлы әкесінің сарқытын ішуге келдім. Ол үшін Жәкең анау тұздыққа сақалын батырып ұрттасын да, қалғанын табақтың үстіне құйсын...

Мен етті сонда ғана жеймін. Және барлық солдаттарға Жәкеңнің сарқытын ішкенімді айтып барамын!

— Әй, мынауың дұрыс екен! — деп Сәбит қарқылдап кеп күлді. Содан кейін Жамбылдың құлағына еңкейіп, менің сөздерімнің бірін қалдырмай айтып берді.

— Бұл қызталақтың мұнысы да жөн екен, — деп Жамбыл басын изеп, анадай тұрған тұздыққа қарай қолын созды. — Бірақ сақалымды батыратын мен суға еңкейген теке емеспін, мұртымды тигізейін. Мына батырыңа түсіндіріп айт.

Жәкең осылай деп Сәбитке қарап, құтыңдап иек қақты. Қарт ақынның бұл тапқырлығына біз қыран күлкіге баттық.

Сөйтіп Жәкеңнің жүзін көріп, қолынан дәм татып, төрінде жатып, қонақ болып аттандым. Ертеңінде поезға мініп, майданға қарай бет түзедім.

Автор. Сіз Ұзынағаштан аттанып кеткен күні Ғали ақын өзіңізге арнап «Полковник» деген өлең шығарды. Әрине, оны майданға аттанарда Сіз ести алған жоқсыз. Бәлкім, кейін де оқымаған боларсыз.

Бауыржан. Жоқ,

Автор. Онда мен ол өлеңді оқып берейін.

Бауыржан. Оқығын.

Автор.

Кеңесіп көп отырдым полковникпен.

Бұлдырап еске түсті өткен-кеткен.

Қадалып қабағына көп қарадым,

Тұрғандай тұрпатында қазақ біткен.

Бірде тік, бірде сынық, бірде қатты,

Жайдары көңілі түссе махаббатты.

Жалғанның жазы, қысы қабағында,

Батырын кім сүймесін бұл сымбатты!

Тарынса табиғаты бір-ақ уыс,

Еткендей тал бойынан аңғардым күш.

Тік өскен туған жерге қара емендей.

Халқымның қалағаны сондай туыс!

Қоштастым құрмет етіп полковникпен,

Қазақтың бір ұлысын үміт еткен.

«Бауыржан!» десе барлық үлкен-кіші,

Елеңдеп құлақ түріп, көзін тіккен.

Бауыржан. Рақмет. Алматыдан қайттым дедім ғой. Жолда Жуалыға соғып, Момынқұл көкемнің орнына құран оқытып аттандым.

IV

Автор. Сіздің туған жеріңізді көріп қайту үшін жетпіс үшінші жылдың январында мен де Жуалыға бардым, Бауке. Момынқұл көкеңіздің баласы Әбділда ауылда жоқ екен. Бурныйдың басынан Әтін, Рақымжан Орынбаевтар деген туыстарыңызды таптырып алдым. Әтінді Сіз ертіп апарып, отыз төртінші жылы Шымкенттегі өзіңіз оқыған қазіргі Сыпатаев атындағы мектепке түсірген екенсіз. Әтін мен Рақымжан екеуі кезектесіп отырып, маған Сіз туралы есте қалғандарын айтып берді.

Бауыржан. Қандай?

Автор. Қырық төртінші жылдың басында, Алматыдан соғысқа қайтып бара жатқан жолында Бауыржан көкем ауылға келді, — деді Рақымжан. — Бауыржан көкем келер алдында ауданнан атты кісілер келіп, көкемнің келетінін хабарлады. Қайтыс болған Момынқұл атамның үйінде қой сойылып, бауырсақ пісіріліп жатты. Көкемдер Бурныйдан шығардың алдында ауылдағы еркек кіндікті дегендердің бәрін Момынқұл атамның үйінің қасына шақырды. Соғыстан келген 3 - 4 мүгедек, он-он үш жастағы он шақты ауыл балалары — барлығымыз он бес шақты еркек жиналдық. Балалардың қолына бір-бір таяқ ұстатып, Момынқұл атамның үйін жағалай сыртқа қойғызды да, соғыстан келген ағалар келген кісілердің аттарын ұстайтын болып, соған әзірленіп тұрды. Әйелдер жиналып іште отырды. Бір кезде 5 - 6 салт атты шығып, «Ой, бауырымдап!» ауылға қарай шапты. Алдымен Бауыржан көкем келді. Сыртта тұрған бәрімізбен көрісіп ішке кірді.

Бауыржан көкем не істесе, басқалар да соны істеп жатты. Іштерінде бір орыс кісі бар екен. Ол да бізбен құшақтасып жатқанда мен күліп жібердім.

Біраздан кейін Бауыржан көкем сыртқа шығып, таяққа сүйеніп тұрған бізге келді де:

— Қарақтарым, таяқтарыңды тастап, енді ойнай беріңдер, — деді.

Біз қуанып кеттік. Таяқтарымызды тастай сала, бірімізді біріміз итере топырлап үйге кірдік. Келген кісілер төр алдында, қаптаған ауыл әйелдерінің ортасында отыр екен. Есіктен кіре бере Бауыржан көкемнің сөйлеп отырғанын естіп, жым бола қалдық. Бауыржан көкем үй ішіндегілермен көрісіп болып, енді майданнан келгендерге көңіл айтып отыр екен.

— Аюбай, — деді ол солардың біріне қарай бұрылып, — Отан соғысында сен де бір аяғыңнан айрылыпсың. Аяғыңның арт жақсылығын берсін, бауырым. Ауылдың нардай тракторист азаматы едің. Енді міне ақсақ боп шоқаңдап қалғаныңды көргенде ішім удай ашыды. Жарайды, мойыма. Біріміз аяғымызды, біріміз қолымызды берсек те, біріміз жанымызды қисақ та, Отанды аман сақтап қалсақ болды ғой. Сақталады Отан! Бәріңнің де жақындарың жауды жеңіп келеді. Бірақ кімнің қандай күйде келетінін білмеймін.

— Рас.

— Рас.

— Айтқаның келсін!

— Қандай боп келсе де кеудесінде құр жаны болса болды, — десіп әйелдер дабырласып кетті.

Бауыржан. Ал, Әтін не айтты?

Автор. Әтін Сізден сегіз жас кіші екен. Ол кісі ертерек кезден бір деталь айтып берді. Сіз ауаткомде секретарь боп жүрген уақытта сатушы боп жүрген ЫстықҰлов Оспан деген ағайындарыңыз істі болып, сасқанынан Сізге барыпты.

— Мені соттайтын болды, көмектес, — депті Оспан Сізге.

— Неге соттайды? — деп сұрапсыз Сіз.

— Ақша кем дейді.

— Қайда кетті?

— Бірсыпырасын жаратып қойып едім.

— Онда маған ақылдастың ба?

— Жоқ.

— Ендеше менің саған беретін көмегім жоқ, — деп Сіз туысыңызды кабинеттен қуып жіберген екенсіз.

Әтін осыны айтты.

Бауыржан. Ә, ол оқиға менің есімнен шығып кеткен екен.

Автор. Содан кейін мен шана жектіріп, Сіздің ескі ауылдың жұртына бардым. Қар қалың боп түседі екен. Пар ат омбылап, әрең жеттік. Әр жерлерден бұрқыраған бу шығып жатты. Ол Мыңбұлақ, Кеңбұлақ, Әділбұлақ, Момышбұлақ деген қыста қатпайтын жылы бұлақтар екен. Сол бұлақтардан басталатын кең жазық Ақсай, Көксай, Тобышақты сайы дейтін сайлармен ұштасып қырғыз Алатауына тіреледі екен. Қырғыз Алатауының Манас шоқысы үнемі мен мұндалап, көз алдында тұрады. Ежелден Манас шоқысының ар жағын қырғыздар, бер жағын қазақтар жайлайтын болса керек. Соғыстың ауыр жылдарында бұл екі ел осы сайлар арқылы жалғасып, бір-біріне азық-түлік жағынан үзбей көмектесіп отырыпты.

Осы үлкен жазықта соғыстан бұрын «Талапты», «Қайрат», «Орақ-Балға» деген шағын-шағын колхоздар болыпты. Қазір ол колхоздардың орны үлкен қорыққа айналдырылып, Карл Маркс атындағы совхозға қарайтын болыпты.

Біз Момышбұлақтың басына келдік. Әтін мен Рақымжан қатар салынған Момыш пен Момынқұл үйлерінің орнын көрсетті. Мен оларға:

— Баукең отыз үшінші жылы алғаш әскерден қайтқанда боранды күні кеште осы үйдің терезесіне келген. Қарт әке баласын танып, қоңылтаяқ етікті аяғына сұға салып, қораға жүгіріп шығып есік ашқан. Қарт әке қақаған аязға қарамастан баласын бауырына басып, емірене құшақтап тұрып қалған. Сол кезде мына үйге хабар жетіп, Баукеңнің Момынқұл көкесі мен Сарагүл жеңгесі бірін-бірі жетектей жүгіріп, осы үйге келген, — дедім.

— Рас. Сіз солай деп жаздыңыз. Біз оны «Жұлдыз» бен «Жалыннан» оқыдық, — деді Әтін мен Рақымжан қабаттаса сөйлеп. — Міне, бұл сол үйлердің орны.

— Момыш атам бұлағының басы жайқалған тал болушы еді, — деді Рақымжан содан соң. — Соның бәрін, жарықтық, ерінбей-жалықпай жалғыз өзі отырғызған екен. Біз, кішкентай балалар жүгіріп келіп:

— Ата, ат берші, — деуші едік.

— Қандайы керек: жорғасы ма, жүйрігі ме? — деуші еді атам күліп.

Біріміз «жорғасын», біріміз «жүйрігін» сұрайтынбыз. Атам бізге бір-бір шыбық кесіп беретін. Момыш атам менің тоғыз жасымда дүниеден қайтты. Ол кісінің бізге ұрыспай, бір-бір ат мінгізіп жіберетінін осы күнге дейін ұмытпаймын. Сол талдың бәрін жұрт соғыс кезінде күрекке сапқа, отынға кесіп әкетті...

Сіздің туып, өскен, балалық шағыңызды өткерген жерді көріп, мен қатты қуанып едім, Бауке. Бірақ сол күні бойыма суық тигізіп алыппын. Қатты ауырып, ертеңінде Шымкент ауруханасына түстім. Онда он бес күн жатып, Алматыға келдім. Үйге келген соң дәрігер тағыда бір ай қозғалтпастан және жатқызып қойды.

Бауыржан. Өй, сен өзің менің ауылыма барамын деп бейнет көріп, қиналып қалған екенсің ғой. Неге айтпадың бұрын?

Автор. Оның несін айтамын. Жалғыз бір жолғы ауырған ғана емес, Сізбен сөйлесемін деп, ауырғаннан кем қиналмаған күндер де болды ғой, Бауке. Қиналмасаң — кітап туа ма?

Бауыржан. Ол сенін жұмысың.

Автор. Ал, Бауке, енді Жуалыдан шығып, соғысқа қарай бет қоймайсыз ба?

Бауыржан. Қойдым. Жолда Москваға соғып, Отан Қорғау Комиссариатына кірсем, менің К. Е. Ворошилов атындағы Жоғары әскери академияның жанындағы «Выстрел» деп аталатын білім жетілдіру курсына қабылданғаным туралы бұйрық шыққан екен. Бейбіт кезде мерзімі бір жылдық бұл курстың оқуы соғыс кезінде алты айға қысқартылған болатын. Оқу 3 майда басталады екен. Оған дейін мен ГУК-тың қарамағында қалып, сонда бір ай қызмет істедім.

Автор. ГУК дегеніңіз не, Бауке?

Бауыржан. Кадрлар бас басқармасы, Қорғаныс министрлігіне қарайды. Майдың 3-нен октябрьдің 23-іне дейін сол курста оқыдым. Онда қалай оқып, не бітіргенімді мына документтен оқып, керек болса көшіріп ал. Сен ылғи мені сөйлете бергенше, документтерге сөз берсеңші. Документтер де мен ғой.

V

Баукең осылай деп темекі тартуға кетті. Мен асықпай отырып, ол кісі берген документті түгелдей көшіріп алдым.

*«К. Е. Ворошилов атындағы Жоғары Әскери Академияның білім жетілдіру курсының тыңдаушысы полковник **Момышұлы Бауыржанға***

1944 жылдың майынан октябріне дейінге уақытқа

АНЫҚТАМА

Жалпы және әскери білімі жеткілікті. Әскер түрлерінің тактика-техникалық қасиеттерін білуі ойдағыдай және бұл жөніндегі емтиханды толық қанағаттанарлық етіп тапсырды.

Жағдайды дұрыс бағалай біледі, жағдайға сәйкес тиянақты қорытынды жасай алады. Көбінесе дұрыс шешім қабылдайды және қабылдаған шешімін нақпа-нақ әрі айқын етіп айтып бере алады. Басқару, бірлесе қимылдау және жабдықтау мәселелерін барынша жеткілікті біледі. Тактикалық міндеттерді шешу қабілетіне жақсы бағалар қойылды. Штаб документтерін толтыруды біршама біледі. Қайсарлық қабілеті бар. Сабаққа ұқыпты. Тәртіпті, ұстамды. Дивизия командирінің орынбасары қызметіне тағайындауға болады.

23. 10. 1944 ж. Курс бастығы

генерал-майор ***Жамайтис.***

Келісемін.

Академия бастығының орынбасары генерал-лейтенант Мордвинов.

25 октябрь 1944 ж.»

Бауыржан. Енді мына документті оқы.

Автор. Мұнда былай деп жазылыпты, Бауке:

КУӘЛІК

Бұл куәлік полковник Момышұлы Бауыржанға берілді. Себебі ол 1944 жылы октябрьде К. Е. Ворошилов атындағы Жоғары Әскери Академия жанындағы білім жетілдіру курсын жақсы деген бағамен бітіріп шықты.

Негіз: НКО ГУК-тың 1944 жылғы 28 октябрьдегі № 03582 бұйрығы.

Академия бастығының орынбасары генерал-лейтенант **В. Мордвинов.**

Оқу бөлімінін бастығы генерал-майор **Н. Беляев».**

Аяғына академияның мөрі басылыпты. Штемпілде: «1944 ж. 3 ноябрь, № 7/25» деген белгі бар. Бауыржан. Ұқтың ба?

Автор. Ұқтым. Академия Сізді дивизия командирінің орынбасары етіп жоғарылатуға болады деді.

Бауыржан. Ендеше мен содан кейін І-Балтық майданы Соғыс Советінің қарамағына келдім де, дивизия командирі болып тағайындалдым. Оны менің «Жұлдызда» жариялаған «Өмірімнің бір саласы» деген естелігімнен оқып алғын.

Автор. Ол естелігіңізді мен алып келдім, Бауке. Соны өз аузыңыздан маған айтып берсеңіз қайтеді? Бауыржан. Немене, сауатын жетпей ме? Автор. Әңгіме онда емес, Бауке. Оның кейбір жерлерін өз ауызыңыздан анықтап алайын деп едім... Мінеки журнал.

Мен Бауыржанға журналды ұсындым. Ол маған мұрты жыбырлап, тесірейе қарады да, журналды алып, оң жағына тастай салды. Содан кейін онда жазылғанның мазмұнын ауызша баяндай бастады.

VI

Автор. Енді әрі қарай айта беріңіз.

Бауыржан. Бір күні мені күтпеген жерден майданның штабына шақыртты. Ол кезде майданның командашасы армия генералы Иван Христофорович Баграмян болатын. 6-шы армияның командашасы генерал-полковник Иван Михайлович Чистяков еді.

Мен кіргенде Чистяковтың қасында авиацияның бір маршалы отыр екен.

— Ең алдымен тамақтанып алайық, содан соң мен майдан командашасына таныстырамын, — деді генерал-полковник Чистяков салған жерден. Жасыратын ештеңе жоқ, жүз грамнан тастап алып, тамаққа кірістік. Сол кезде майданда үлкен шайқас болып жатыр екен. Шайқасқа Жоғарғы Командование Ставкасының өкілі болып Совет Одағының Маршалы Василевский келіпті. Ара қазы ретінде Совет Одағының Маршалы Жуков та келген екен. Жуковты соғыстан бұрын, Ерекше Киев әскери округында қызметте болған кезімде бірер рет алыстан көргенмін. Ал Василевский бұрын көрмеген кісім болатын.

Ас үстіндегі әңгімесін тез аяқтап, Чистяков орнынан тұрды.

— Ал мен кеттім.

Шайқастың сәті түспей жатқан кез еді. Соған елдің бәрі қатулы. Бірсыпыра уақыт өтті. Мен өзімді ішке шақырған бұйрық күтіп отырмын.

Автор. Сол күтіп отырған кезіңізде не ойладыңыз, Бауке?

Бауыржан. Майдан қолбасшысы туралы өзімнің білетінімді Чистяковтың генерал Баграмян туралы айтқандарын есіме алдым. Баграмян бұрын да көрген кісім ғой. Соғыстан бұрын, Қиыр Шығыстан Ерекше Киев әскери округының қарамағына қызметке келгенде полковник Баграмяннің қабылдауында болғанмын. Енді генерал Баграмяннің қабылдауына келіп тұрмын. Одан бері бірсыпыра уақыт өтті. Баграмян бұл уақыт ішінде еліміздің көрнекті қолбасыларының қатарына қосылды. Бұл штабта отырып өскен генерал емес, от пен өрттің ішінде жүріп, өзінің батылдығымен, батырлығымен өрлеген өрен болатын.

Мен бұрын Баграмяннің қарамағында соғыста болғаным жоқ. Сондықтан оны жақыннан жақсы білмейтінмін. Бірақ генерал Чистяков оның адамгершілік қасиеттері, инициативаны бағалай білетіндігі, қол астындағы адамдарға сеніммен қарайтындығы жайында жылы-жылы лебіздер айтқан. Командашы мен командары арасында Елгава оқиғасынан кейін өзгеше бір сыйластық сезім арнағанын да аңғарғанмын. Ол оқиға былай болған екен.

Өткен август пен сентябрьдің алғашқы жартысында фашистер өз күштерін қайта топтап, Елгаваға қарай сел болып лап қойған. Сөйтіп олардың майдан шебін бұзып кету қаупі туған. I Балтық майданының басшылары бұл жайды қалай тоқтатудың қамын ойлап, қатты толғана бастаған. Осы кезде Даугавпилс бағытында тұрған 6-шы гвардиялық армияның командашысы генерал Чистяков генерал Баграмянға телефон соғып, өз армиясының бағытындағы жаудың жайбарақат екендігін, әзірге қозғала қоятын ниеті жоқтығын баяндай келіп, былай дейді:

— Жолдас командашы, менің участогымды сол жақ көршінің күшімен тығындап, менің армиямды Елгава түбіне жұмсауыңызға болар еді... деп ойлаймын. Ол жақта өте қиын болып жатыр ғой.

— Олай етуге болады, — дейді Баграмян сәл ойланғаннан кейін. — Бірақ Даугавпилс бағытының жауапкершілігі сіздің мойныңыздан алынбайды.

— Мұнда бір корпусымды қалдырамын, бұл бағытқа да жауап беремін, жолдас командашы.

— Сонда сіз қарсыңызда жатқан дұшпанға армияның алғы шептен шыққанын сездірмей, қайда баратыныңызды байқатпай кете аласыз ба, жолда оны ешкімнің көзіне түсірмей, тығыз түрде Елгава түбіне жеткізе аласыз ба?

— Жеткіземіз, жолдас командашы.

Бұл Чистяков тарапынан жасалған аса батыл әрі өте жауапты ұсыныс еді. Чистяков Баграмянға берген уәдесін мүлтіксіз орындап жауып тұрған жауынға, жердің мидай батпағына қарамастан армиясын үш күннің ішінде 150 километр жердегі Елгава ауданына жеткізіп үлгіреді. Армия келіп орналаса сала жаудың 150 танкі, 60 өздігінен жүретін зеңбірек, 50 бронетранспортерімен шайқасқа түседі. Сөйтіп генерал Я. Г. Крейзердің 51ші

армиясымен қанаттаса шөп құрған генерал И. М. Чистяковтың 6-шы гвардиялық армиясы дұшпанның қиян-кескі шабуылдарын тойтарып, 1-Балтық майданының шебін бұздырмай сақтап қалады.

Бұл әңгімені Чистяков бағана ас үстінде айтқан еді. Содан кейін ол орнынан тұрып:

— Демек, Иван Христофорович менің өзін ұятқа қалдырмайтынына сенеді. Сені маған командир етіп, бекітіп береді. — Ал мен кеттім, — деп еніп кеткен болатын.

Мен генерал Чистяковтың ерлігіне, ал Баграмяннің ол ұсынысты ерлікпен қолдай білген батылдығына іштей сүйсіне отырып, батылды батыл, батырды батыр осылай қолдауы тиіс қой деп ойлағанмын.

Осындай әртүрлі ойлармен отырдым. Өзім 8-ші гвардиялық дивизиядан шығып, 9-шы гвардиялық дивизияға командир болғалы келіп отырғанымды да ойладым.

Бір кезде есіктен генерал-полковник Чистяков көрінді де:

— Жолдас полковник, келіңіз, — деп мені шақырды.

Ішке кірдім. Жасы әлі елуге жетпеген армия генералы Баграмян қасқа басы жалтырап, төр жақтағы столда отыр екен. Алдындағы папкаға зер сала үңіліп қалыпты. Тегі менің личное деломды көріп отырған болар деп ойладым. Баграмян иықтанып, бұрынғы полковник кезіндегісінен сәл толыса түскендей боп көрінді.

Он жақтағы ұзын столда екі маршал қатар отыр. Олар алдарындағы кіші картаға үңіліп, одан кейін кең бөлменің бір жақ қабырғасын түгелдей жауып тұрған үлкен топографиялық картаға қарап ойлана кезек көз салып қояды.

Бұрынғы командашам болғандықтан ба, менің назарым бірден Жуковке ауды. Жуков маған бұрынғы қалпынан көп өзгермеген тәрізденді. Бұл да елуге тақаған кісі. Бірақ түр-тұлғасынан ешқандай егделік сезілмейді.

Картадан бас көтеруі, мойын бұрысы ширақтық пен шапшаңдық танытады. Ал Василевский болса, құрыштан құйылғандай болып, нық отыр.

— Жолдас маршал, майдан командашасымен тілдесуге рұқсат етіңіз, — деп генерал-полковник Чистяков маршал Василевскийге бұрылды. Василевскийді өте мәдениетті адам деп естітінмін, Чистяковке жайдары қарап, сыпайы ізет білдірді.

— Тілдесіңіз, тілдесіңіз, — деді.

Чистяков денесін майдан командашасына қарай бұрды.

— Жолдас майдан командашасы, сізге полковник Момышұлын таныстыруға рұқсат етіңіз, — деді ол Баграмянға.

Баграмян қағазға қарап отырған күйі басын изеді. «Өзім де оқып жатырмын» дегендей ишара білдірді.

— Полковниктің фамилиясы қалай дедіңіз? — деді Жуков Чистяковке қарай еңсеріле бұрылып.

— Мо-мыш-ұлы, — деп Чистяков менің фамилиямды буынға бөліп, анықтай айтты. — Бауыржан Момышұлы, жолдас маршал.

— Естіген сияқтымын, — деп Жуков сәл ойланғандай болды.

— Дәл айтасыз, жолдас маршал, — деді Чистяков әлденені тезірек айтып қалуға тырысқандай асыға сөйлеп. — Жолдас Момышұлы өткен жылы «Знамя» журналында басылған Панфиловшылар туралы кітаптың қаһарманы. Онда батальон командирі, аға лейтенант кезі баяндалған. Қазір полковник.

— Көріп тұрмын полковник екенін, — деді Жуков орнынан тұрып. — Мен полковник соғыстың қаһарманы ма десем, кітаптың қаһарманы ма еді?

Жуковтың бұл сөзінен оның не құптағанын, не кінәлағанын түсіну қиын еді. Әрине, мен кінәлау деп түсіндім.

— Екеуі де, жолдас маршал, — деп бұған да Чистяков жауап берді.

Жуков Василевский отырған стол мен Баграмян отырған столдың арасында ерсілі-қарсылы жүре бастады. Маршалдың жаңағы не құптау, не кінәлау екені белгісіз сұрағына өзім жауап беруді жөн көрдім.

— Жолдас маршал, бір ауыз жауап беруге рұқсат етіңіз, — дедім Жуков Василевскийдің столынан кері бұрылып, Баграмян столына қарай аяңдаған кезде, найзадай тік тұрған қалпымда.

Жуков тоқтай қалып, менің бетіме тіке қарады. Менің бойым маршалдың бойынан биіктеу екен. Ол сәл иегін көтерді де:

— Рұқсат, айт, — деді.

— Соғыстың да, кітаптың да қаһарманы болайын деп ойлаған жоқ едім, жолдас маршал. Отанымыздың басына түскен тарихи жағдай мәжбүр етті. Алдымен соғыс, содан соң барып

«Соғыс және бейбітшілік» болғаны жөн де шығар. Олай болмағанына мен емес, соғыстан қалмай шеру тартып келе жатқан әдебиет кінәлі.

Осылай деп Жуковке басымды идім.

Жуков «қарай гөр» дегендей, басын шайқады да, қайтадан жүріп кетті. Маған жауап берген жоқ.

— Георгий Константинович, — деді Баграмян орнынан тұрып, Жуковке бұрыла, — Кавказ халықтарында «қыранның шамасы шаңқылдаған үнінен танылады» деген мақал бар. Полковниктің ұшқан ұясы біздің Ерекше Киев әскери округы екен.

— Қашан? — деп Жуков маған иек қақты.

— Сіз командашы боп тұрған кезде, жолдас маршал, 1940 - 41 жылдары, соғысқа дейін.

— Қай дивизияда?

— 24-атқыштар дивизиясының 406-атқыштар полкында, Житомир қаласында, жолдас маршал.

Маршал сәл ойланып, әлденелерді есіне түсіргендей болды.

— Кім болдыңыз?

— Полк штабы бастығының бірінші көмекшісі.

— Одан кейін?

— Одан кейін генерал Панфиловтың дивизиясында батальон, полк командирі болдым, жолдас маршал.

— Полковникті генерал Чистяков біле ме?

Жуков Баграмян мен Чистяковке кезек көз тастады.

— Білемін, жолдас маршал, — деді Чистяков алға ұмсынып — Полковник Панфилов атындағы 8-ші гвардиялық дивизиядағы менің ең өжет, батыл, білгір командирлерімнің бірі болды.

— Полковник дивизияға лайық деп сенесіз бе?

— Сенемін, жолдас маршал.

— Білсеңдер, сенсеңдер бекітпейсіңдер ме? — деп жайлап қана айтты да Жуков кейін бұрылып, Василевскийге қарай аяңдады.

— Бекітуге тура келеді, — деп Баграмян қайтадан орнына отыра бастады.

— Полковник жолдас, — деді осы кезде маршал Василевский маған қарай мойын бұрып, — Карта бойынша біз бір операция жүргізіп жатырмыз. Картаға жақындап, жақсылап тыңдап алыңыз. Міне, жау мына жерде. Оның күші бізден басымырақтау, бәрі де картада көрсетілген. Оның есесіне бір корпус резервіміз бар. Міне. Бірақ бұл қашығырақта жатыр. Әңгіме осы корпус жайында. Сіздің пікіріңіз қандай? Жағдайды мұқият сараптап, өз ойыңызды айтыңыз.

Мен картаның алдында біраз ойланып тұрдым да:

— Баяндауға рұқсат етіңіз, — деп маршалға бұрылдым.

— Айта беріңіз, жолдас полковник, — деп маршал қозғала түсіп, тыңдауға ыңғай білдірді.

Жағдайдың бәрін айтып болдым да;

— Меніңше осы корпустан дәнеңе шықпайды, оны қозғаудың керегі жоқ, — дедім.

— Неге? — деді Баграмян сәл алға ұмсынып.

— Жер алыс, қар қалың жол ауыр, жолдас командашы. Корпус босқа ысырап болады. Оның есесіне...

— Біз оның бәрін де есептедік қой, полковник, — деп Баграмян басын шайқады.

Менің пікірім командашының ойымен үйлеспегенін сонда ғана білдім. Ал айтылған сөз — атылған оқ. Мен қолбасылардың бұған дейін өзара пікір алысып, жаңағы корпус туралы ойларын сарапқа салып отырғанын білгенім жоқ. Бірақ білсем де, мен кімнің алдында болса да, тек қана өз ойымды айтар едім.

— Жолдас командашы, мен маршалға полковниктің пікірін ғана баяндап тұрмын, — дедім сәл басымды иіп. Осы арада Баграмянның да өз пікірінен қайтпайтын қайсарлығы ойыма сап ете қалды. Соны тілге тиек етуге тырыстым.— Егер, мен жаңылмасам, II гвардиялық армияның командашысы генерал Баграмян да Курск шайқасы алдында Батыс майданы мен Брянск майданының екі бірдей командашасының пікірімен келіспей, өз жоспарын Ставка алдында дәлелдеп, қабылдаттырған жоқ па еді?

Ол оқиға былай болатын. Курск шайқасына әзірлік жүріп жатқан. Батыс майданының қарамағындағы генерал Баграмяннің армиясы мен Брянск майданындағы генерал Беловтың армиясы жаудың Орел тобына қатарласа соққы жасап, одан кейін шырқап ілгері кетуі керек.

Бұл жоба Баграмянға ұнамады. Ол қанаттас екі армия бірден шырқап ілгері кетпей, алдымен Орелдың солтүстік желкесіндегі жаудың шағындау тобын қоршауға алып, құрытуы керек деген қорытындыға келді. Сонда жаудың қорғаныс шебі едәуір үңірейіп қалады. Ол қуысты бітеу немістерге оңайға түспейді.

Батыс майданының командашысы генерал Соколовский де, Брянск майданының командашасы генерал Рейтер де Баграмяннің жоспарын қабылдамады.

Шайқас басталардан бұрын Бас штабта мәжіліс өтті. Оған майдандар мен армиялардың командашалары шақырылды. Генерал Баграмян өз жоспарын мұнда да айтады. Командашылар мұнда да оған қарсы шығады. Одан кейін Ставка мәжілісі болып, онда Орел операциясының жоспары бекітілмек болады. Майдан командашыларының операцияға байланысты ойларын айтып, Бас штаб бастығының орынбасары А. Антонов баяндама жасайды. Мәжілісті Сталин басқарады. Бас қолбасшы ешқандай ескертпе жасамайды. Тек майдандардың өзара байланысы жайында бірнеше сұрақ қана қояды. Сөйтіп мәжіліс бітуге айналады. Карталар жинала бастайды. Осы кезде Сталин кенеттен:.

— Бас штабтың шешіміне бәріңіз де келісесіздер ме? Бәлкім, бұл мәселеге қатысты басқаша ұсыныстарыңыз болар? — деп сұрады.

Сонда Баграмян орнынан тұрып, өз жоспарын айтады. Генерал Рейтер тағы да оған қарсы шығады. Сталин екеуінің де сөзін тыңдап болып, Баграмяннің ұсынысын орынды деп табады. Сөйтіп оның жобасы ешбір өзгеріссіз қабылданады.

Мен осыған ишара едім. Баграмян күлімсіреді де: — Сіз қателескен жоқсыз. Солай болғаны рас, — деп басын изеді. — Бірақ мен сіздің ойыңызды ұқтым, полковник, — командашы маған зілсіз сұқ саусағын безеді. — Баграмяннің өз пікірі болса, менің де өз пікірім бар. Баграмян қыңыр болса, мен де қыңырмын деп тұрсыз ғой.

— Тіпті де олай емес, жолдас командашы, — дедім мен иегімді көтеріп, — командирдің қайсарлығы, табандылығы деген де терминдер бар ғой...

— Жолдас полковник, операцияны аяқтаңыз, — деді маршал Василевский салмақты үнмен. — Сөзіңізді жалғастырыңыз.

Мен алыстағы корпустың көмегінсіз-ақ жақындағы дивизиялардың маневрі арқылы жағдайдан шығу мүмкіндігін айттым.

— Полковник жолдасқа енді кімнің қандай сұрағы бар? — деді маршал Василевский мен сөзімді аяқтағаннан кейін.

Бағанадан бері екі қолын артына ұстап, бөлме ішінде ерсілі-қарсылы үнсіз жүрген Жуков аласа бойлы шағын денесін ықшам қозғап, қасыма келді.

— Сен маған ренжіп қалдың ба? — деді маған тіке қарап.

— Полковниктің маршалға ренжуі ағаттық болады, — дедім мен.

Маршал Жуков ішек-сілесі қата күлді де, иығымнан алақанымен түйіп жіберді. Тегеуріні қатты екен. Шайқалып барып, қайта түзелдім.

— Енеңді ұрайын, сен мені қатырдың, — деді содан соң.

Маршал Василевский орнынан қозғала түсіп:

— Жолдас полковник, сізге рұқсат, бара беріңіз, — деді.

Мен шығып кеттім. Іштен хабар күтіп, ауыз бөлмеде біраз отырдым. Қадірлі командашыны өкпелетіп алдым-ау деп ойладым. Адамға жақсы көретінімді жеткізе алмайтын орашолақтығыма өкіндім. Бірақ жұрттың бәрі жақсы көргенін жалбақтап білдіруге міндетті емес шығар деп өзімді өзім және жұбаттым.

Бірақ Баграмян көңіліне ештеңе алмаған екен. Оны артынан білдім. Соғыстан кейін, маған Бас штаб академиясына оқуға бару туралы қағаз толтырылғанда Иван Христофорович: академияға сондай полковниктерімізді жіберуіміз керек деп, бірден қол қойыпты.

Сонымен біраздан кейін іштен Чистяков шықты. Орнымнан атып тұрып, бірден қабағына қарадым. Көңілді екен.

— Сен 9-шы гвардиялық дивизияның командирі болып тағайындалдың, — деді ол бірден. — Командашы қол қойды. Екі маршал батасын берді. Құттықтаймын! — Генерал-полковник құшырлана қолымды қысты. — Бірақ, — деді одан кейін түсін суытып, — үлкендердің алдында байқап сөйлеу керек, енеңді ұрайын. Сен бастықтарға жақпай қала ма деп жаным мұрнымның ұшына келді. Командашымен атаңның басына сөз таластырасың ба? Әйтеуір, ол кісі шамданған жоқ. Әйтпесе күйіп кететін едің. Ұқтың ба?

Мен үндемедім. Үндемегенім: өтер іс өтті, өкінгенмен пайда жоқ. Генерал бетіме алара қарады да, енді даусын жұмсарта сөйледі.

— Іштен телефон соқтым. Қазір саған машина келеді. Бар да дивизияны қабылда және оның әкесі бола біл. Дивизия қазір қатты шайқас үстінде. Тез жет.

— Құп, жолдас генерал, — дедім мен оң қолымды шекеме көтеріп, — дивизияны қабылдауға және оған әке болуға!

— Жөнел.

Сөйтіп мен дивизия командирі болдым.

Автор. Рақмет, Бауке. Бұл арада Сіздің дивизия командирі болдым дегеніңізге ешкім таласа алмайды. Өйткені Сіз онда Баграмян штабынан 9-шы гвардиялық дивизия командирінің орынбасарлығына тағайындалып, бірақ дивизия командирінің лауазымын арқалап шықтыңыз. Бұйрықта солай делінген: орынбасар болып тағайындалсын, командирдің міндетін атқарсын деп көрсетілген. Бұл 1945 жылдың 21 январь болатын, Бауке.

Бауыржан. Рас.

Автор. Ал Сіз өзіңізге жүктелген дивизия командирі міндетін ойдағыдай атқарыпсыз, Бауке. Ол туралы тиісті документ бар.

Бауыржан. Қандай?

Автор. Мынадай.

Гвардия полковнигі Момышұлы Бауыржанды 9-шы гвардиялық қызылтулы атқыштар дивизиясының командирі лауазымына бекіту туралы

ҰСЫНЫС

Бұл лауазымның міндетін 1945 жылдың 25 январынан бері атқарып келеді, батыл, өжет, тактикалық жағынан сауатты, ұрыс үстінде әскерлердің өзара байланысын ептілікпен ұйымдастыра біледі, ұрысты жақсы басқарады, тәртіпті. Өзіне де, өзгелерге де талап қойғыш бағыныштыларының арасында абыройлы. Саяси ой-өрісі кең. Моральдық жағынан берік. Партия ісіне берілген.

Әскерлерге ойдағыдай басшылығы, Прибалтикадағы неміс группировкасын жою жөніндегі ұрыстарда көрсеткен ерлігі мен батырлығы, үшін Қызыл Ту орденімен наградтауға ұсынылды.

Қорытынды: атқарып келе жатқан лауазымына лайық. Момышұлын дивизия командирі лауазымына бекіту туралы ұсыныс енгіземін.

2-ші гвардиялық атқыштар корпусының командирі Совет Одағының Батыры генерал-майоры ***Баксов****.*

8 март 1945 ж.»

Бауыржан. Рақмет.

VII

Автор. Осы ұсынысқа қоса берілген жауынгерлік мінездемеге корпус командирі Баксовтан кейін өздерінің ризалықтарын генерал-полковник Чистяков пен армия Соғыс Советінің мүшесі Совет Одағының Батыры гвардия генерал-майоры Абрамов қол қойған.

Ол екеуінен төменірек: «Дивизия командирі лауазымына лайық» деп жазып 2-ші Балтық майданының командашысы Совет Одағының Маршалы Говоров пен Соғыс Советінің мүшесі генерал-лейтенант В. Богаткин деген кісі қол қойыпты.

Міне осыдан кейін Сізге АГ-00 001 сериялы № 52 374 куәлік берілді. Ол куәлікте Қорғаныс Халық Комиссарының 1945 Жылғы 28 марттағы 0115 санды бұйрығы бойынша Сіздің штатты лауазымыңыз 9-шы гвардиялық Қызылтулы атқыштар дивизиясының командирі екендігі көрсетілген. Сонымен бірге «Москваны қорғағаны үшін» медалымен, Қызыл Ту орденімен наградталғаныңыз, Оңтүстік Қазақстан облысының Жуалы ауданында туғаныңыз, әйеліңіздің аты-жөні Мұқанова Жамал және Бақытжан деген ұлыңыз бен Шолпан деген қызыңыз бар екендігі айтылған. «Куәлік иесінің өз қолы» деген жерге «Б. Момышұлы» деп латын әріптерімен қол қойыпсыз. Бір қызық жері Сіз өз куәліктеріңіздің бәріне де осылай латынша қол қойып отырғансыз. Бұл документтің бірінші бетіне де, соңғы бетіне де 2-ші гвардиялық атқыштар корпусының командирі Совет Одағының Батыры генерал-майор Баксов қол қойған. Менде бұл куәліктің де фото көшірмесі бар. Осы рас па, Бауке?

Бауыржан. Рас.

Автор. Осы арада тағы бір анықтап алатын мәселе боп тұр, Бауке.

Бауыржан. Қандай?

Автор. Жаңылмасам Сіздің қызмет тізімдеріңіздің бірінен қырық төртінші жылдың аяғында, академияның алты айлық курсын бітіргеннен кейін, 2-ші Балтық майданының қарамағына жіберілді дегенді көзім шалған сияқты еді. Ол кезде 2-ші Балтық майданының командашысы А. И. Еременко болатын. Сонда Сіз қалай 1-Балтық майданының командашысы Баграмянның штабынан, Василевский мен Жуковтың ортасынан бір-ақ шықтыңыз?

Әлде генерал-полковник Чистяков Сіздің 2-ші Балтық майданының резервінде жатқаныңызды біліп, Сізге сенгендіктен, басшылық орны бос тұрған 9-шы гвардиялық

дивизияға командир етуге шақыртты ма? Бұл үшін, әрине, армия командашысы, майдан командашысымен ақылдасады. Ал Баграмянның Сізді Ставканың екі Балтық майданындағы өкілі Василевский арқылы шақырттырып алуы мүмкін ғой.

Бауыржан. Иә, солай.

Автор. Оған дейін генерал-полковник Чистяковпен кездескен бе едіңіз?

Бауыржан. Иә, кездескенбіз. Немене сен бір сұрақты қайта-қайта қоя бересің. Сенбей отырсың ба өзің?

Автор. Неге сенбейін, Бауке. Анықтап алайын деп жатқаным ғой. Москвада 2-ші Балтық майданына барамын деп өзіңіз тілек білдіріп пе едіңіз?

Бауыржан. Иә.

Автор. Неге?

Бауыржан. Алыста жүрген адам үйіне қайтуы тиіс пе, жоқ айдалаға қаңғып кетуі керек пе?

Автор. Әрине, үйіне қайтқаны жөн.

Бауыржан. Ендеше бұл да сол. Сол кезде генерал-полковник Казаков басқаратын 10-шы армия 2-ші Балтық майданының қарамағында болатын. 8-ші гвардиялық Панфилов дивизиясы сол армия құрамында жүрді. Ол менің туған үйім емес пе?

Автор. Рас. Сонда бармақ ойыңыз болып па еді?

Бауыржан. Иә. Дивизиямды, жігіттерімді сағындым. Онда мен екі полкта қызмет істедім ғой. Соның қайсысы бос болса, бұрынғы орныма баруға да бейіл едім. Бірақ жолда генерал-полковник Чистяков кездесті де, ол мені өз армиясына шақыртып алды. Жақсы ұстаз жаман шәкіртін де ұмытпайды екен.

Автор. Сіз жаман шәкірт болған жоқсыз ғой, Бауке.

Бауыржан. Сөздің сірәғысы емес пе?

Авто р. Ұстаздарыңыздан ұмытқандарыңыз бар ма?

Бауыржан. Шәкірт үшін ұстаздың жаманы жоқ. Олардың бәрі де есімде. Солардың ішінде ең алдымен ойыма оралатыны Панфилов пен Чистяков. Чистяков маған үш рет ұстаз болған кісі. Ал бір шәкірттің бір ұстаздан бастауыш кластарда, орта мектепте және жоғары оқу орнында сабақ алуы өмірде өте сирек кездесетін оқиға.

Автор. Ол кісімен байланысыңыз қандай?

Бауыржан. Қарт адамдардың арасында байланыс бәсеңдеу болады. Москваға барғанда — соғамын, сәлем беремін. Былтыр Иван Михайлович Чистяков Алматыға келді. Үйіме шақырып қонақ еттім.

Автор. Сізді жақсы көрген командирлеріңіздің бірі генерал-майор Баксов па деп ойладым, Бауке.

Бауыржан. Баксов ер көңілді, өжет, өткір кісі еді. Тәртіптілікті, тиянақтылықты ұнататын. Бұлтаң-сұлтаңы жоқ, тура мінезді нағыз орыс адамы болатын.

Автор. Оны айтып отырған себебім Баксов Сізге алты-жеті жақсы мінездемелер жазыпты.

Бауыржан. Онысына рақмет.

Автор. Өзіңізді екі рет Қызыл Ту орденіне ұсыныпты: 2 мартта және 16 майда. Сіз 1945 жылы 6 июньде 1 дәрежелі Отан соғысы орденымен наградталдыңыз. Бұл Баксовтың сол ұсынысының нәтижесі болуға тиіс.

Бауыржан. Әрине.

Автор. Бір қызығы Сіз тек 6 июньде ғана наградталып отырыпсыз. Ең бірінші рет Қызыл Ту ордені 1942 жылы 6 июньде беріліпті. «Москваны қорғағаны үшін» медалін де 1944 жылы 6 июньде алыпсыз.

Бауыржан. Кездейсоқ көп сәйкестіктің бірі болар.

Автор. Сіздің батальон басқарған, полк командирі болған кездердегі жауынгерлік іс, еңбектеріңізден азды-көпті хабардармыз, Бауке. Енді 9-шы гвардиялық дивизияның басшысы болған кезіңізден қысқаша да болса дерек айтпайсыз ба?

Бауыржан. 1944 жылдың екінші жартысынан бастап 1, 2, 3-Балтық және 3-Белорусь майдандары әскерлерінің иығына Балтық республикаларының жерін жаудан босату, бұл үшін ең алдымен жау шебін бұзып, Балтық жағалауына шығу, сөйтіп Балтық пен Шығыс Пруссия арасындағы күре тамырды талқандап, немістің «Солтүстік» армиялар тобын Германиядан бөліп ұстау міндеті жүктелді. Дұшпанның 16 және 18 армияларына соққы бере отырып, жаз бойы бұл майдандар осы міндетті сатылап орындаумен болды. Оңтүстік Литваға (Вильнюс, Каунас, Неман жағалауы) Черняховский бет қойды. Курляндия мен Ригаға қарай Баграмян құлаш сермеді. Еременко Резекнеге бағыт ұстады. Сөйтіп Вильнюс, Шауляй, Елгава, Двинск, Резекне алынды. 3-ші Балтық майданының армиялары Остров пен Псковты, Ленинград майданының әскерлері Нарваны азат етті. Сөйтіп бұл майдандар біртіндеп күз бойы алға баса берді. Рига босатылды. Октябрьдің екінші жартысында 3-ші

Балтық майданы ажыратылды. 1945 жылы январьдың басында қалған екі Балтық майданы шабуылды тоқтатып, аз уақытқа табан тіреп бекіністе болды. 1-ші Балтық майданының қарамағындағы 9-шы гвардиялық дивизияға мен осы кезде келдім. Бұл майдандар мен армиялар штабтарында алдағы шайқас-шабуылдардың жоба-жоспарлары үсті-үстіне талқыланып жатқан қарбалас, қызу шақ еді.

Олай болатын себебі мынадай. Қырық бірінші жылы немістердің біздің Отанымыздың жеріне үш топқа бөлініп кіргенін білесің. Олар: «Солтүстік», «Орталық» және «Оңтүстік» армиялар топтары деп аталды ғой. Біздің әскерлердің соққысы салдарынан оның екеуі, әсіресе «Оңтүстік» армиялар тобы тоз-тоз болып, бірнеше рет қайта жасақталды. Тек «Солтүстік» армиялар тобы ғана үш жыл бойына қаймағы бұзылмаған қалпында тұрды. Балтық майдандары әскерлерінің 1944 жылғы жазғы, күзгі тегеурінді қимылдарынан кейін бұл да өзінің бұрынғы белсенді оперативтік-стратегиялық бірлестік қалпынан айрылды. Бұрын Балтық жеріне бауырын төсей созылып жатқан «Солтүстік» армиялар тобы, енді таяқ тиген жыландай жиырылып, шиыршықталып, «Курляндия» армиялар тобы деп аталып, түбекке тығылды. Бұл топта отыздан аса дивизия болды. 1944 жылы 5 сентябрьде Финляндияның бізбен соғысты тоқтатуына байланысты, Финляндиядағы неміс әскерлері де «Курляндия» тобына келіп құйылып жатты.

Сөйтіп, тар түбекке иін тіресе тығыздалып топталған жау жан аямай қарсылық көрсетті. Жабайы шошқалар емен ағашының түбін тұмсығымен қопарып, қалай ойран-асыр қылса, немістер де Курляндия түбегін сондай етіп, окоппен ойып, траншеямен тілімдеді. Ордың әр он бес метрінен автомат пен винтовканың тұмсықтары қылтиып, әр сексен метр жерде қылғына қылқиып пулеметтер тұрды.

Орлардың алдына, 30 - 40 метрдей жерден, темір тікенекті сым темірлер тартылып, артына, 15 - 20 метрге, бүйінің ініндей үңірейе блиндаждар тізілген. Бұл — жау бекінісінің бірінші линиясы болса, содан жүз-екі жүз метрдей қашықтықтан дәл осындай екінші линия тартылған. Екінші линияның арты танк өте алмайтын жалпақ та терең орлармен қоршалып, артиллериямен тығындалған.

Мұның бәрі бірінші рубеж аталады. Одан бес-алты километрдей кейінде дәл осындай құрылыс, құралдары бар екінші рубеж басталады. Одан кейін үшінші рубеж келеді. «Солтүстік» армиялар тобының командашасы генерал-полковник Шернер, осы линия, рубеждегі солдаттардан бір-бірлеп отырып, өлсем де орнымнан шегінбеймін деген қол хат алған.

Олай болатын себебі Совет Одағының жеріне басып кірген кезде Гитлер өз күшінің сол қанатын Курляндия арқылы Ленинградқа төкті. Ленинградқа блокада жасады.

— Егер Курляндия біздің уысымызда тұратын болса, Россия үшін Европаға жол жабық. Курляндия — Россияның Балтық теңізіндегі форпосты саналатын Ленинградты алатын плацдарм. Ол — Ленинградтың тажалы, одан соң Россияның Европалық бөліміне сілтелетін найза. Сондықтан Курляндияға тез табан тіреп, оны қаһарман қамалға айналдыруымыз керек, — деп өзінің стратегиялық нұсқауын берді. Қырық төртінші жылы Совет Армиясының Балтық майдандары әскерлерінің жойқын шабуылы басталып, Гитлер армиясы амалсыздан кейін шегіне бастады. Осы кезде Гитлер:

— Қайткен күнде де Курляндиядан айрылмау керек. Орыстар Балтық жағалауына шыға алмайтын болсын! Әйтпесе Финляндия, Швеция, Норвегия, Польша, Дания қолдан кетеді. Шығыс Пруссия қатал соққыға ұшырайды. Одан кейін бүкіл империяға қатер төнеді, — деп және бажылдады. — Күшті қорғаныс шебін жасап, қайткенде де Курляндиядан айрылмау керек! — деп бұйырды.

Міне біз олардың осындай қорғаныс шебін бұзып барып, «Курляндия» тобын қоршауға алуға тиіс едік. Біздің қолымызға өткен елді пункттерді қайтарып алу үшін фашистердің күніне қырық рет қарсы шабуыл жасаған кездері болды. Күніне төрт рет емес, қырық рет қарсы шабуыл! Түсінесің бе жағдайдың қандай қиын болғанын?

Автор. Түсінемін, Бауке. 2-ші Балтық майданының командашасы А. И. Еременконың жазбаларында да Сіздің бұл айтқаныңызды растайтын сөздер бар.

Бауыржан. Оның үстіне Балтық жағалауының ауа райы өте құбылмалы ғой. Бірде жауын, бірде тұман болып, ілгері басқан аяқты кейін кетірген кездер де аз болған жоқ. Маршалдар мен генералдардың күйіп-пісіп, ызаланатын себептері де сол. Осындай қиын-қыстау кезеңде менің 9-шы гвардиялық дивизияға басшы болуыма тура келді.

Дивизияда жеті полк бар еді. Олардың төртеуі орденді полк. Орынбасарым өзіміздің Қазалының балықшы орыстарының ұрпағы, Совет Одағының Батыры гвардия полковнигі Генадий Фадеевич Шляпин деген жігіт. Ол қазақша судай жүйрік екен. Саяси жұмыс жөніндегі орынбасарым қарт большевик, Саратов обкомының бұрынғы секретары гвардия полковнигі Иван Михайлович Коньков деген кісі. Шляпин кейін мені аға, оны ақсақал деп атайтын. Мен дивизияның жеті полкымен, олардың командир, жауынгерлерімен жете танысқаннан кейін, біраз күннен соң біздің корпус шабуылға шықты.

Курляндия — орманды, батпақты өлке. Онда аяқты, тұсаулы аттай, кібіртіктеп қана басасың. Жүгіре алмайсың, тартпа шалшық аяғыңнан алып, аттаған сайын сүріндіреді. Сондықтан да біздің майдандарымыз аршындап ілгері баса алмай, жау шебін кеміріп мүжіп келе жатқан болатын.

Біздің дивизияға Латыш ССР-інің Приекуле станциясын жаудан азат ету міндеті жүктелді. Оны картадан қараймын десең, Лиепая қаласының шығыс жағынан ізде. Литва ССР-інің шекарасына жақын жерде. Дивизия алғашқы күні жаудың жоғарыда айтылған үш қатар бекінісін бұзып, станцияны алды. Одан кейін екі күнде тағы да сегіз километр алға басты. Содан соң тағы он күн соғысып, ол он күнде он жеті километр ілгері жылжыдық. Жаудан он бес елді пунктті азат еттік. Олардан есімде қалғаны Жабали, Усайтюгворс, Видсмунка, Ұсайты деген деревнялар. Жиырма шақты күнде не бәрі жиырма бес шақырым жерге жылжыдық. Соның өзі Курляндия жағдайында аса зор жеңіс болып есептелді. Дивизиямыз жаудың жиырма бес зеңбірегін, бес минометін, қырық бес пулеметін, отыз бес танкін жойып, мыңға тарта неміс солдаттары мен офицерлерін құртты. Бұл цифрларды мен саған өз жанымнан шығарып айтып отырғаным жоқ. Корпустың сол кездегі ресми документтерінде осылай жазылған болатын.

Автор. Рас, Бауке. Ол документтердің кейбір көшірмелерін мен өз көзіммен көріп оқыдым.

IX

Бауыржан. Осыдан кейін дивизия екінші эшелонға демалысқа шығарылды. 6-шы гвардиялық армияның қолбасшысы Совет Одағының Батыры, генерал-полковник Иван Михайлович Чистяковтың өзі келіп құттықтады.

Осыдан кейін генерал-полковник біздің дивизияның 120 жауынгері мен офицеріне өз қолымен награда тапсырды.

Автор. Ол бір ауыр ұрыстар болған екен, Бауке. Өзгесін айтпағанда отыз бес танкті ойрандау осал іс емес қой! Ол күндерде қысылған, сасқан сәттеріңіз болды ма?

Бауыржан. Неге болмасын. Қысылуды сұрасаң күніне әлденеше рет қысылдық қой. Сасқан сәттер де болды.

Алғашқы күні, жаудың екі түбегін тартып алып, үшіншісіне ұмтыла бергенімізде, фашистер танктерін тасалап бізге қарай дүрсе қоя берді. Алғы шеп абыржып барып, кейін толқыды. Мен де дивизиямның алғы тізбектерін өкшелеп келе жатыр едім. Командирі қасында тақау жүрсе, жауынгердің жаудан беті қайтпайды. Зеңбіректер бір елі қалмасын деп Шляпинге қатты тапсырып қойғанмын. Өйткені зеңбірек ерткен жаяу әскер танктен тайсалмайды.

Қалай дегенмен де, алғы шеп кейін лықығанда мен едәуір сасқалақтап қалдым. Бірақ адам бойында жасырын жатқан неше түрлі күш-қасиеттер бар ғой. Солардың бірі қайрат пен жігер.

Қайрат — қамал бұзады. Шляпин жігерлі жігіт еді. Танктерді көргенде ол да бар зеңбіректен атқылап берді. Кейін толқыған жігіттерді тоқтату үшін мен қылышымды жарқ еткізіп қынабынан суырып алдым да:

— Қайда барасыңдар, менің қырандарым, алға! — деп алға қарай ұмтылдым.

Дивизия командирін көргеннен кейін жауынгерлер кейін бұрылып, «Ура!» деп қайтадан жауға қарай лап қойды. Дүние тарс-тұрс, гүрс-гүрс болды да кетті. Жау танктері де лаулай бастады. Жігіттер жанына кеп қалғанын шоқпар гранатпен соғып, «КС-пен» өртеп, жайрата жөнелді.

Біз, алғашында кейін серпілген жігіттерді өкшелей қуып, екпіндеп келіп қалған бір топ неміспен қоян-қолтық келіп, найзаласа жұлқысып кеп кеттік. Менің дәл қарсы алдыма біл арғымақтай офицер кісінеп келіп қалған екен. Баяғы Сибирьде жүргенде үйренген ат үстінен шыбық шабатын әдісіме салып, қыл мойынды қиғаштай тартып кеп жіберіп едім, офицер жұлындай ұшып түсті.

— Алға, қырандарым, — деп тағы да қарлыға айқайлап, ілгері жүгірдім. Қырандарым, таудан төңкерілген судай ағындап, менен озып, айналамнан алға қарай ағылып жатты. Қираған танктердің біріне тақап қалғанымда люктен шығуға тырбанып жатқан жау офицерін көзім және шалып қалды. Оны маузермен көздей басып кеп салдым да, домалатып танктың алдына сұлаттым. Осы кезде артымнан біреу келіп қапсыра құшақтай алды. Жалт қарасам орынбасарым Геннадий Фадеевич Шляпин екен.

— Ағатай, Сізге не болды? — деді ол қазақшалап. — Кейін қайтыңыз.

Сөйтсем ол менің жаяу әскерді бастап, атакаға жүгіргенімді көріп, олжа транспортерге міне салып, соңымнан қуып келіпті. «Ағатайлап» жалынып, транспортерге отырғызып, мені кейінірекке алып шықты.

Ол күні мен, қылыш сілтеп, маузерден атып, жеке өзім жаудың екі офицерін жойдым. Ал менің дивизиямның жауынгерлері жиырма танкты өртеп, көптеген дұшпанды жер жастандырды.

Автор. Дәл осы ұрыстарға байланысты 2-ші гвардиялық корпустың командирі Совет Одағының Батыры гвардия генерал-майоры Баксов мынадай мінездеме жазған екен, Бауке; Орысшасы өте әдемі. Аудармастан сол қалпында оқиын: «Гвардии полковник Момышулы умелым руководством войсками, личным примером героизма, мужества и отваги, проявленные в бою, воодушевлял бойцов и офицеров на выполнение задач, поставленных перед дивизией, в результате чего противнику нанесены значительные потери в живой силе и технике». Осылай депті, Бауке.

Бауыржан. Бұл документтерді ерінбей іздеп, тауып алғанына рақмет!

Автор. «Ақиқат пен аңыздың» журналға шыққан тарауларында мен Сіздің көзіңізге жас алған бір тұсты айтқан едім. Ұмытпасам Сіздің алғашқы ұстазыңыз помкомвзвода Николай Рединнің өлген жерінде болуы керек. Соны оқыған жазушы жігіттердің біреуі: сенің мұның өтірік. Момышұлы жыламайды деп маған кінә тақты. Сол сияқты, соғыстың соңғы кездерінде жылаған сәттеріңіз болды ма?

Бауыржан. Момышұлын адам емес, ағаш деп ойлайтын ол неғылған жазушы?

Содан кейін ыңылдап отырып, өз өлеңімен жауап берді:

«Мен де адаммын жаралған сүйек, еттен», Менде де ой бар, сезім бар жан тербеткен. Жүрегім менің қиыршық тас емес қой. Қайғыларым бар мені де еңіреткен...

Болды, қарағым. Бір рет тағы да еңіреп тұрып жыладым. Басынан айтайын.

Біз жаңағы айтылған Приекуле түбінде басталған ұрыстан кейін екінші эшелонда бір жарым айдай болдық. Бұл кезде біз Ленинград майданының маршал Говоровтың қарамағында болатынбыз.

Бір күні мені армияның Соғыс Советінің кеңесіне шақырды.

— Өзіңіз білесіз, кеше, 2 майда Берлин құлады, — деді командашы. — Ал Курляндияда немістің жарты миллиондай әскері бар. Оларға бағыну туралы ультиматум қойылды. Бірақ хабар жоқ. Олар айтқанға көнбесе күш көрсетіп бағындыруымыз керек. Ал соғыстың бұл соңғы күндерінде, бәлкім, соңғы сағаттарында екі жақтан да қан төгілмегені-ақ жақсы болар еді. Бірақ олар қойған шартты қабылдамаса, біз шабуылға шығамыз. Сіздің дивизия сол шабуылшы топқа кіреді.

Генерал-полковник Чистяковтың бұл бұйрығын алып, мен дивизияға келдім. Коньков пен Шляпинге жайды айтып, дивизияны орнынан көтердік.

— Бауыржан, қарағым, — деді жолда келе жатып Иван Михайлович Коньков, — бәлкім, немістер ақылына келер, қаруларын тастап, қол көтерер. Бәлкім, бұл біздің немістермен ең соңғы ұрысымыз болар. Өзің де сақ бол, өзгелерді де сақтауға тырыс. Приекуледегідей қызбаланып, ілгері ұмтылма. Кейінірекке жайғас.

— Оны жағдай көрсетеді ғой, ақсақал, — дедім мен.

Бірақ менің командалық пунктім артқа емес, алға, жаудан жүз елу метрдей жерге орналастырылды. Жау айтқанға көнбей, бұрқыратып оқ боратып тұрды. Бір кезде радист екеуіміз жатқан шұңқырға біреу домалап кеп құлады. Иван Михайлович Коньков екен.

— Сізге не болды? — дедім.

— Сіз осында жатыр деген соң әдейі келдім, — деді ол. — Ағалық ақылымды беріп, басу айтып, қасыңызда болайын дедім.

Осы кезде біздің самолеттер келіп, төбеден оқ атып, ұсақ бомбалар тастады. Жаумен ара жақын, жүз елу метр ғана болғандықтан, олардың оғы ауытқып өз үстімізге де ақтарылып жатты.

— Соғыстың соңғы сағатында мыналар қайтеді, ей, — деп Коньков атып тұрып, біздің ұшқыштарға қарап қолын сермеп, жұдырығын түйді. Сол сәтте ол радист екеуіміздің үстімізге қайтадан құлап түсті.

— Иван Михайлович, не болды? — деп мен оның басын сүйей бердім.

— Бауыржан! Комдив! — деді ол сөздерін үзіп-үзіп әрең сөйлеп. — Соғыстың соңғы сағатының құрбаны мен-ақ болайын... өзгелер аман болсын...

Осылай деп ол көзін мәңгіге жұмды. Радист солдат екеуіміз қосыла еңкілдеп жылап жібердік.

Дүние тып-тыныш бола қалды. Үрейленіп, окоптың кенересіне көз жібердік. Немістер ақ ту көтеріп, шұбырып бізге қарай келе жатты.

Олар бізге көп қорлық көрсетті. Бірақ біз тұтқындарды қорламадық. «Таспен атқанды аспен ат» деген. Мен немістің жиырма жеті генералының алдына халқымыздың ақ дастарқанын жайып, қонақ асы бердім. Енді елімізге тиіссеңдер дәм ұрсын! — дедім.

— Найн, найн! — деп олар бастарын шайқап, көздерін жыпылықтатты. Арий қанды зиялы генералдар алдарындағы асты аш қасқырдай түтіп, жеп жатты.

Соғыс осылай бітті.

ОН БІРІНШІ ДИАЛОГ

I

Автор. Ал, Бауке, сонымен соғысты бітірдік.

Бауыржан. Бітірдік.

Автор. Енді қайда барамыз?

Бауыржан. Сен сержантсың ғой?

Автор. Иә.

Бауыржан. Онда әскерден босап, ауылына қайт. Алматыға барып, КазГУ-ге оқуға түсесің бе — ерік өзіңде. Ал мен полковникпін. Маған демобилизация жоқ. Менің дивизиямда қала беруіме немесе әскери академияға оқуға кетуіме болады.

Автор. Соғыс біте сала академияға түстіңіз бе?

Бауыржан. Жоқ. 1945 жылы 9 майда соғыс біткеннен кейін сентябрьге дейін Балтық әскери округында сол 9-шы дивизияның командирі болып тұрдым. Содан кейін Москваға. ГУК-тың қарамағына шақырылдым. Қырық алтыншы жылдың январынан бастап К. Е. Ворошилов атындағы 1 дәрежелі Суворов орденді Жоғары Әскери Академияның тыңдаушысы болдым. Академияда қалай оқығаным керек болса, оны мына дипломнан қарап, көшіріп алғын.

Баукең ұсынған дипломды қолыма алып қарасам, қатырманың бірінші бетіне СССР Гербінің суреті салынған да, екінші бетіне былай деп жазылған екен:

«ДИПЛОМ

Б № 2564-21

Осыны ұсынушы полковник Момышұлы Бауыржан 1946 жылы түсіп, 1948 жылы К. Е. Ворошилов атындағы I дәрежелі Суворов орденді Жоғары Әскери Академияның толық курсын бітірді. Мемлекеттік Емтихан Комиссиясының 1948 жылғы 14 февральдағы шешімі бойынша Академияны жақсы деген дипломмен аяқтады деп саналады.

М. Захаров

Мемлекеттік Емтихан Комиссиясының председателі Совет Одағының Маршалы ***Говоров***

Академия бастығы, Армия генералы ***М. Захаров***

Москва қаласы. 1948 ж.

Тіркеу № 66».

Говоров пен Захаров екеуі де дипломға қол қойған, сол жақ бұрыштан Академияның мөрі басылған.

Одан кейін дипломның қосымшасын алып қарап едім, тізіліп тұрған бестік бағаларға көзім түсті. Асығыс түрде мен оларды да дәптеріме көшірдім.

Бұған да генерал Захаровтың қолы қойылып, академияның мөрі басылған.

Автор. Академияны үздік бітірген екенсіз, Бауке.

Бауыржан. Қырық алтыншы жылы қабылданған жаяу әскердің жауынгерлік уставына менің ұсыныстарым кірді. Академияны бітіргенімде маған тоғыз мың сом (ескі ақшамен) сыйлық берілді.

II

Автор. Сол академияда оқыған кезіңізден бірер деталь айтып бермейсіз бе, Бауке? Қанша адам оқыдыңыздар? Қалай оқыдыңыздар? Оқытушыларыңыз қандай адамдар еді деген сияқты.

Бауыржан. Мен, сенің алдыңа қойған мақсатыңа сәйкес, өмірімнің әрбір кезеңін қысқа-қысқа ғана баяндап келе жатырмын, қарағым. Ал оның әр кезеңінің жеке детальдарын қуалай берсек, онда әңгіміміз ұзаққа кетеді. Екеумізге де уақыт керек емес пе?

Автор. Оныңыз рас қой. Дегенмен осы тұсқа Сіздің характеріңізді ашатын бір деталь керек-ақ сияқты.

Бауыржан. Айтайын. Қырық алтыншы жылы академияның бірінші курсында 125 адам болдық. Алғашқы курсты аяқтағанымызда академия бастығы армия генералы Захаров бес тыңдаушыға алғыс жариялады. Мен сол бестің бірі болдым. Бірінші курста тек қана беске оқыдым.

Оқытушыларымыздың бірі Макаров деген генерал еді. Оперативтік өнерден сабақ беретін. Макаров бұрынғы музыкант екен. Музыканы тастап келіп, артынан дивизия, одан соң

корпус командирі болыпты. Ол кісінің бұрынғы музыкант екенін біз кездейсоқ білдік. Ол былай болды.

Академияның бірінші курсын аяқтарда біз Кавказға маневрға бардық. Мен корпус командирінің, Макаров армия командашасының міндетін атқардық. Маневр ойдағыдай өтті. Кавказдан қайтарда мен қазақтың меймандостығын жасап, генералға ресторанда қонақасы бердім. Бірге барған жолдастарды тегіс шақырдым. Ресторанға алдын ала тілек айтып, қазақтың ұлттық тағамдарынан қуырдақ, бесбармақ жасаттырған едім. Ас жеп, Кавказдың шырын шараптарын ішіп, көңілденіп отырдық.

Бір кезде оркестр ойнап, екі-үш белгілі ән-күйді нашар орындады. Генерал Макаров, басын шайқап, орнынан тұрды да, эстрадаға қарай аяңдады. Біз ол кісі көңілі сүйетін бір әнді орындауды өтінгелі бара жатқан болар деп ойладық. Ол оркестр дирижерінің қасына барды да:

— Сіз рұқсат етсеңіз, мен пультке шығып, бес минут оркестрді басқарар едім, — деді.

Дирижер басын изеп, қолындағы таяқшаны генералға беріп, пульттен түсе бастады. Ресторандағы басқа жұрт та, біз де таң болып қалдық. Басқа жұрт мына генералдың есі дұрыс па деген шығар іштерінен. Ал біз генералдың мұнысы несі деп ойлап, қысылып отырдық.

Генерал пультке шықты. Зал мен оркестрге естірте:

— Огинскийдің «Полонезі», — деді де, таяқшаны жоғары кетерді.

Генерал Макаров таяқшасын сермеп кеп қалғанда оркестр, әскер атындай, лыпи жөнелді. Оркестрдің толқынды, ырғақты үні ресторанды тербеп қоя берді. Барлық жұрт орындарынан тұрып, екі-екіден қалай билеп кеткендерін білмей қалды.

«Полонез» аяқталғаннан кейін елдің бәрі эстрадаға қарай бұрылып, ду қол шапалақтады. Оркестрдегілер табандарынан тік тұрып, олар да алақандары қызарғанша қол соқты. Содан кейін қолына флейта ұстаған бір музыкант алға шығып, генералдың қасына келді де:

— Біз Сізді алғашында мас генерал екен деп едік. Сіз пайғамбар екенсіз, — деп Макаровтың қолын алды.

Бұл кісі менің академиядағы ең жақсы көретін ұстаздарымның бірі болды. Ол кісінің сабақтарынан да ылғи бес алып жүрдім. Бірақ, бірінші курстан кейін генерал Макаров басқа қызметке ауысып кетті де, екінші курста оның орнына басқа оқытушы келді.

Неге екенін білмеймін, ол мені ұнатпады. Бағаны ылғи төмендетіп қоятын болды. Мен оған үнемі беске жауап беремін. Ол төрт немесе үштен сәл жоғарырақ дейді. Солай деп журналға белгі соғады. Мұнысына менің бірге оқитын жолдастарым наразы бола бастады.

Бір күні маған Захаров шақырып жатыр десті. Совет Одағының Батыры армия генералы Матвей Васильевич Захаров біздің Бас штаб академиясының бастығы ғой. Бардым. Баян еттім.

— Бұл қалай, жолдас Момышұлы, — деді генерал алдындағы табельге үңіліп. — Сіздің оқудағы қарқыныңыз соғыстағыдай болмай жатыр ғой. Сіз бен біз жаман соғыспаған сияқты емес пе едік?

Захаровтың олай дейтін жөні бар еді. Өйткені ол кісі қырық екінші жылдың январынан қырық үшінші жылдың апреліне дейін біздің Калинин майданы штабының бастығы болған.

— Дәл солай, жолдас генерал, — дедім мен, — Калинин майданында қандай қайрат жұмсасам, қазір де сондай қажырмен оқып жатырмын.

— Онда мына оқытушының сабағынан неге төртке түсіп қалғансыз? Бұрын Макаровтан ылғи бес алып келген едіңіз ғой.

— Оқуым да, ұғуым да, жауап беруім де былтырғыдай, жолдас генерал.

— Мен Сізді түсінбей тұрмын, жолдас Момышұлы.

— Мен де Сізді түсініп тұрғаным жоқ, жолдас генерал. Менің міндетім тырысу, тырбану, тыңғылықты жауап беру болса, ол міндетімді ойдағыдай орындап келемін.

— Тіфу, енеңді ұрайын, — деді генерал күліп, — мен саған, былтырғыдай, биыл, екінші курсты бітіргенде де алғыс жарияласам деп жатырмын да.

— Ниетіңізге рақмет, жолдас генерал. Сізден алар алғысымның алдына тосқауыл тұрғызылып жатса мен не істеймін, — дедім алақанымды жайып.

Осымен әңгіме біткен болатын.

Бір күні әлгі оқытушы бізден жазбаша жұмыс алды. Бір тақырып берді де, соған сыпаттама жазғызды. Ал мен желдірте сүйектетпей, жай жазатын кісімін. Ойланып-толғануым көбірек болды. Бейнені, қимылды көзге суреттей етіп айқын елестететін теңеулер іздеймін, сөздердің сирек қолданылатын синонимдерін табуға тырысамын. Өстіп отырып мен тақырыптың төрттен үшін сыпаттап болған кезде уақыт бітті деп, барлық жұмысты бір минуттың ішінде жинатып алды. Аяқталмаған жұмысымды мен де апарып генералдың қолына бердім.

III

Үш күннен кейін оқытушы қайтадан аудиторияға кірді. Портфелін ашып, алдына біздің дәптерлерімізді қатарлап қойып сәл отырды да, оларды үстінен бір-бірлеп алып, иелеріне үлестіре бастады. Бәленше төрт, бәленше бес деп жатыр. Үш алған ешкім жоқ. Бір кезде ол:

— Полковник Момышұлы,— деді маңғаздана иегін көтеріп.

— Мен, жолдас генерал, — деп орнымнан атып тұрдым.

— Сізге екі қойдым. Тақырыпқа сыпаттама жасамапсыз, — деді ол.

Жұрт аң-таң боп қалды.

— Ғапу етіңіз, жолдас генерал, — дедім мен. — Тақырыпқа сыпаттама жасалған, бірақ аяқталмаған. Аяқтауға уақыт жетпеді.

— Мен Сіздің басыңызда не барын білмеймін. Менің білетінім мына жазғаныңыз ғана, — деп ол менің дәптерімді столдың шетіне тастады. Мен орнымнан қозғалмадым.

— Полковник Момышұлы, дәптеріңізді алыңыз, — деді генерал даусын қатайтып.

— Ондай баға қойылған дәптерді мен алмаймын, жолдас генерал, — дедім.

— Менің қолымнан алмасаңыз бұл дәптерді генерал Захаровтың қолынан алатын боларсыз, — деп менің дәптерімді қайтадан портфеліне салып қойды.

— Ризамын, — деп орныма отырдым.

Әрине бұл өмірі екілік баға алмаған мен үшін де, академия үшін де ЧП еді.

Ертеңінде тағы да генерал Захаровтың кабинетіне шақырылдым. Захаровтың қасында әлгі оқытушы отыр екен. Менің үстімнен арыз айтып отырғаны айқын болды.

— Ай-яй-ай!—деді генерал Захаров алдындағы қағазынан басын көтеріп. — Бұл қалай, жолдас Момышұлы? Оқып отырсам жазған жұмысыңызда бір мін жоқ. Мен сізге өзіңіздің келіп тоқтаған тұсыңызға дейінгіні айтып отырмын. Не бір грамматикалық, не бір синтаксистік қате көрінбейді. Осылай ғой, жолдас генерал, — деп ол оқытушыға қарай мойнын бұрды. Оқытушы басын изеді. Захаров содан кейін барып сөзін қайтадан жалғады. — Бұл сауаттылық жағы.. Ал жазған жұмысыңыздың техникасына келсек, онда да мін жоқ. Міндет, сыпаттау, дәлелдеу — бәрі де жеткілікті. Орыс тілін қандай жақсы білесіз. Бұл жөнінен біздің көптеген генералдарымыздың Сізге қызығуына болады. Солай бола тұрса да, Момышұлы жолдас, Сіздің бұл жұмысыңыз аяқталмай қалған. Сондықтан Сізге

оқытушы екілік баға қойған. Осының аяғына жарты бет резюме жазсаңыз бітіп жатыр еді. Онда Сізге бұл жұмысыңыз үшін бес қойылатын еді. Осылай ғой? — деп Захаров тағы да оқытушыға қарай бұрылды. Ол тағы да басын изеді. Содан соң Захаров алдарында тік тұрған маған қарай бұрылды.

— Неге өйтпедіңіз? Өкінішті болған, жолдас Момышұлы. Өте өкінішті!

— Уақыт жетпеді, жолдас армия генералы, — дедім мен екі қолымды жамбасыма жапсыра, иегімді сәл көтере ұстап.

— Өзгелерге жеткен уақыт Сізге қалай жетпеді? — деп ол тағы да басын шайқады.

— Бұл сұрағыңызға жауап берерден бұрын оқытушыға үш сұрақ қоюға рұқсат беруіңізді сұраймын, жолдас армия генералы, — дедім мен тағы да нық-нық сөйлеп.

— Беріңіз, беріңіз, — деді Захаров.

Мен енді оқытушыға қарай сәл қиыстай бұрылып тұрдым да, былай дедім:

— Жолдас генерал, бірінші сұрағым мынадай: академия тыңдаушысы шығарма жазарда алдына неше мақсат қоюға тиіс?

— Мұндай сұрақ болмайды, жолдас Момышұлы, — деді оқытушы маған мысқылдай жауап беріп. — Тыңдаушының алдында жалғыз ғана мақсат тұрады. Ол тақырыпты қалай да жақсы жазып шығу мақсаты. Түсінікті ме Сізге?

— Ал мен шығарма жазарда алдыма үш түрлі мақсат қоямын, жолдас генерал. Ол, біріншіден — әскери, екіншіден — ғылыми, үшіншіден — әдеби болуы керек. Осы үшеуінің басы қосылмаса, мен оны шығарма деп есептемеймін.

Осы кезде Захаровтың менің сұрағым мен жауабыма зер салып, ойлана бастағанын аңғардым.

— Екінші сұрағым мынадай, жолдас генерал, — дедім оқытушыға қадала қарап, — Сіз орыстың «страх» («үрей») «смелость» («батылдық») деген екі сөзі бар екенін білесіз, әрине. Ал осы екі сөздің нешеден синонимы бар екенін білесіз бе?

— Сіз менен емтихан алайын деп пе едіңіз? — деді ол қызарақтап.

— Оныңыз артық сөз, жолдас генерал. Менің айтайын деп тұрғаным осы екі сөздің біреуінің сегіз, екіншісінің тоғыз түрлі синонимы бар.

Сол синонимдердің бәрін есіме түсіре отырып, мен өз шығармамда «үрей», «батылдық» деген сөздерді еш жерде екі реттен қайталағаным жоқ.

— Полковник, сол екі сөздің синонимдерін жеке-жеке атап шығыңызшы, — деді Захаров маған.

— Құп, жолдас армия генералы, — дедім мен академия бастығына қарай бұрылып. — «Страх» сөзінің синонимдері мынадай: «боязнь», «жуть», «испуг», «опасение», «оторопь», «робость», «трепет» және «ужас». — Генерал Захаров мен әр синонимді атаған сайын бір саусағын бүгіп отырды. Оның бір қолының бес саусағы тегіс жұмылып, екінші қолында жұмылмаған екі-ақ саусақ қалды. Мен сәл тыныс жасадым да, содан кейін екінші сөздің синонимдерін таратуға кірістім. — Ал «смелый» сөзінің баламасы болып мына сөздер саналады, жолдас генерал: «бесстрашный», «безбоязненный», «храбрый», «неустрашимый», «отважный», «доблестный», «бестрепетный», «удалой», «лихой». Енді қандай сөздердікін айтайын, жолдас генерал?

— «Армия» деген сөздікін айтыңызшы.

— Ол көп емес, жолдас генерал: «войско», «рать» және «воинстено» деген үш-ақ сөз.

— Онда «наказание» деген сөздікін айтыңыз.

— «Кара», «казнь», «возмездие», жолдас генерал. Бұлар синонимі аз сөздер. Синонимі көп сөздерді сұраңыз, жолдас генерал.

— Жетеді, — деді Захаров күліп. — Мен Сізді автомат па деп қалдым.

— Олай емес, жолдас генерал, мен әскери академияның тыңдаушысымын.

— Мақтарлық іс, жолдас полковник. Енді Сіздің жаңағы айтқан екі сөзді қалай қолданғаныңызды тексеріп көрейік. — Осылай деп Захаров алдында жатқан дәптердің беттерін ақтарып, әр бетке байыптап көз жүгірте бастады. — Рас, қайталанбаған екен, — деді ол біраздан кейін дәптердің соңғы бетін жауып. — Жоқ, тоқтаңыз, енді мына екі жұмысты қарайық. Мен Сіздің жұмысыңызбен салыстыру үшін төрт пен бес қойылған екі жұмысты қоса алдырғанмын.

Генерал Захаров осылай деп, алдында жатқан екі дәптерді бірінен соң бірін ақтарып қарап, қызыл қарындашпен керекті сөзінің астын сызып жатты. Содан кейін оларды санап, бір қағазға түртіп алды да, басын көтерді.

— Дұрыс айтасыз, жолдас полковник, — деді ол екеуімізге кезек қарап қойып. — «Үрей» деген сөз мына жұмыста 10 рет, мына дәптерде 13 рет қайталанған. Генералға тағы да сұрағыңыз бар ма?

— Соңғы сұрағым мынадай, — дедім тағы да оқытушыға қадалып. — Осы біз академияның тыңдаушысымыз ба, әлде бастауыш мектептің шәкіртіміз бе?

— Оны білмегеніңіз өкінішті екен, — деді ол күңк етіп.

— Олай дейтінім, егер біз класта мұғалімнің аузынан шыққанды қағазға көшіріп, жат жазу жазып отырған бала-шаға емес, өзіміздің соғыста алған тәжірибемізді баяндап беруге тиіс егде адамдар болсақ онда бізге шәкіртше қараудың қажеті не? Біздің бұл жазып отырғандарымыз Отан соғысында өз басымыздан кешкен тәжірибе. Ертең Бас штабқа осы жазылғандардың бәрі, қиыршық алтын іспеттес, қажет дүние. Бас штабтағылар осы қиыршықтардың бәрін қорытып, кесек алтынға айналдырады. Мен өзім осылай деп ойлаймын. Егер олай болса, онда кеше Сіз маған екі қоймай-ақ «жолдас Момышұлы, резюме жазып үлгірмеген екенсіз, соны жазып аяқтап беріңіз» деп жұмысымды өзіме қайырып, артынан маған бес емес, үш қойсаңыз да риза болатын едім ғой.

Менің Сізге басқа сұрағым жоқ. Мен өзімді Сіздің алдыңызда кінәлы деп есептеймін. Кеше қасыңызға барып дәптерімді алмағаныма кешірім сұраймын.

Осыдан кейін мен Захаровна қарай қайтадан бұрылып тұрдым.

IV

— Ол дәптерді алмағаныңыз дұрыс болған, жолдас Момышұлы, — деді Захаров ойлана отырып. — Дегенмен, Сіз менің бағанағы сұрағыма жауап беріңізші. Жұртқа жеткен уақыт Сізге қалай жетпей қалды?

— Оның мынадай себебі бар, жолдас армия генералы, — дедім мен. — Өзге жұрттың ойлау процесі бір сатылы да, менікі екі сатылы. Бар әңгіме осында.

— Мұны қалай түсінуге болады?

— Өйткені мен ойды алдымен қазақша ойлаймын. Одан кейін оны орысшаға аударамын. Содан соң барып қағазға түсіремін. Бұл орыс емес ұлт өкілдерінің бәрінің табиғатына тән қасиет. Өзге жолдастарым мен сияқты екі рет ойланып, әуреленіп жатпайды. Міне, оның себебі. осында, жолдас армия генералы.

Захаров көзін сығырайта түсіп, тағы да ойланып қалды. Содан кейін о4 жағындағы оқытушыға бұрылып:

— Сіз қалай деп ойлайсыз? — деді.

— Жолдас генерал, ол маған емес, программаға байланысты ғой, — деді оқытушы.

— Программа не үшін жасалады?

— Ол түсінікті ғой, жолдас генерал, — деп шыжалақтай бастады. — Бірақ әрбір полковниктің айтқаны бойынша программаны өзгерте беруге де болмайды...

— Жоқ, — деп Захаров оның сөзін бөліп жіберді. — Сіздің мұныңыз ұстаздыққа жатпайды. — Осылай деді де Захаров он жағындағы телефондардың біреуінің трубкасын көтерді. Озеровпысың? Мен Захаров қой. — Оқытушының шені мен фамилиясын атап, — сөгіс жариялау туралы бұйрық жазып әкел.. Қазір, — деді.

Осылай деп ол трубканы жапты. Озеров академияның кадрлар бөлімінің бастығы еді. Оқытушыға қарасам, оның түсі боп-боз боп кетіпті. Судан шыққан балыққа ұқсап, қайта-қайта тілін жалаңдатып, ернін жалай береді.

Генерал Захаров алдында жатқан менің жазба жұмысыма «2» деп қойылған баға мен оқытушының фамилиясын қызыл қарындашпен айқыш-ұйқыш екі сызды да, жаңадан «4» деген баға қойды.

Одан төменірекке: «Академия бастығы Совет Одағының Батыры армия генералы» деген сөздер ойылған штемпілін басты да, оның астынан «М. Захаров» деп иректете қол қойып, дәптерімді өзіме қайтарып берді.

— Сіз боссыз, — деді ол осыдан кейін.

Мен ұршықтай үйіріліп, кейін бұрылдым да, аяғымды дік-дік басып, генералдың кабинетінен шықтым. Жарай ма осы деталь?

Автор. Жарайды, Бауке. Сөйтіп Сіз академияны бітіріп, ақшалай сыйлық алдыңыз?

Бауыржан. Иә, Академияны жүз жиырма бес адам бітірді. Соның жиырмасына сыйлық берілді; Академияны тек қана беспен бітіргендерге он үш мың сомнан сыйлық тиді. Менің беске 0,39 балым жетпей қалды. Соның бәрі жаңағы оқытушының қырсығынан болды.

Таза төрт, төрт жарымға бітіргендер бәйгеге ілінген жоқ. Солардың ішінен жалпы балым 4,61 болғандықтан мені тандап алып, тоғыз мың сомдық екінші сыйлыққа қосты.

Автор. Оқып жүрген кездегі айлық стипендияларыңыз қанша еді, Бауке?

Бауыржан. Әркімдікі әртүрлі. Менің стипендиям дивизия командирінің жалақысы болатын.

Автор. Мұндай стипендиямен өмір сүруге болады екен, Бауке? Ол жылдарда КазГУ-дің студенті болып, мен де стипендиямен өмір сүрдім. Ал енді Сіздің сыйлығыңызды жумаймыз ба, Бауке?

Бауыржан. Әрине, көп ақша. Тоғыз мың сом шытырлап қалтама түскеннен кейін мұны қайда жұмсаймын деп ойладым. Ақыры мынадай қорытындыға келдім. Бас штабтың академиясын бітірген бірінші қазақ мен болармын. Ендеше мен осы құрметке арнап халықтың тойын жасайын дедім.

Сол кезде Москвада СССР Жоғарғы Советінің сессиясы өтіп жатқан еді. Қазақстан депутаттары орналасқан «Армения» мейманханасына барып, Қалыбек Қуанышбаев пен Мәлік Ғабдуллинді тауып алдым. Екеуі де депутат болатын. Осылай да осылай, академияны бітірдім. Үкімет сыйлық берді. Мен де қазақтың бір ұлымын ғой. Ендеше әскери академияны менімен бірге халқымыз да қоса бітірді деп есептеймін. Осы қуанышқа арнап, қазақша той жасайық. Өздерің елден келген депутаттардан жиырма шақты адам жинаңдар. Қарсыдағы ресторанға барып отырайық дедім оларға. Олар келісті. Сол арада Құрманбек Жандарбеков келе қалды. Жиырмадан аса адам боп жиналып, қарсыдағы ресторанға барып отырдық.

— Екі тізгін, бір шылбыр Сіздің қолда, жолдас депутат, — дедім Қаллекейге. — Ас алдыртыңыз. Тойды бастаңыз.

Қаллекей келістіріп заказ берді. Кемелдендіріп тойды жүргізді. Академияны бітіру тойы осылай өз сәнімен аяқталды.

V

Бауыржан. Ол кезде үкіметтің арнаулы нұсқауы бойынша, академияны беспен бітіргендерге үш түрлі, төртпен бітіргендерге екі түрлі қызмет ұсынылатын. Не үштің, не екінің таңдаған біреуіне баруға міндеттісің. Ал мен жоғарыдағы оқытушының кеселінен үштің емес, екінің бірін ғана таңдауға тиісті болдым.

Академияны бітіргеннен кейін бізді ГУК-тың қарамағына жіберді. ГУК-тың бастығы армия генералы Филипп Иванович Голиков маған алдымен Кавказға бригада командирі болып баруды ұсынды.

— Мен дивизия командирімін. Оның үстіне академия бітірдім. Бригада командирі болып бармаймын, — дедім Голиковке.

Соғысты бітіріп, академияны тауысып, кеудеге нан пісіп жүрген кез еді ғой ол, қарағым. Генералға тура осылай дедім.

— Бара беріңіз. Сіздің пікіріңізді хабарлаймыз, — деді генерал.

Мен тайтаңдап жүре бердім. Сонымен он күн етті. Мені тағы Голиковке шақырды.

— Бригада командирі болып бармасаңыз, — деді бұл жолы генерал, — онда корпус штабының бастығы болып барыңыз.

Бұл үлкен қызмет еді. Жаман ағаң ақылсыздық жасады, қарағым. Жарайды, рақмет деудің орнына Голиковке:

— Мен сап командирімін. Ешқашанда штабта отырған емеспін, — дедім.

Голиков бетіме қарап отырды да:

— Жолдас полковник, Сіз асқақтықтың сазайын тартасыз. Бара беріңіз, — деді.

Ағат кеткенімді артынан білдім. Бірақ қайта барып, генералдан кешірім сұрауға өрлік мойын бұрғызбады. Орынсыз өрлік адамды өкіндірмей қоймайды ғой, қарағым. Партия мен үкімет мені оқытты. Академия бітіртті. Менің лауазым таңдамай, жіберген жерге жүре беруім-ақ жөн еді. Кеше, Москва түбінде өліп кетсем қайтетін едім. Өлгендерден жаным артық па еді? Қайтесің пендеміз ғой. Пенде болған соң кемшіліктен кім құтылмақ. «Семіздікті қой ғана көтереді» деген даналық сөзді халық тегін айтпаған ғой. Менің өмірімде жіберген ең үлкен қателігім осы болды. Өзгесінің бәрі түкке тұрмайды, — Бауыржан сәл ойланып, үнсіз отырып қалды. Содан кейін сөзін қайтадан жалғады — Осы қатемді ойласам күні бүгінге дейін екі бетім дуылдап қоя береді. Адамгершілік, азаматтың арым өзімді өмір бойы осы үшін айыптаумен келеді.

Өмірінің қатесін ешкім де өз аузынан айтып бермейді. Өйткені оны мойындау қиын, өзгеге мөлдіретіп айтып беру одан да ауыр. Мен саған имандай сырымды айтып отырмын, қарағым. Оның себебі менің дұрысымды көрген жұрт бұрысымды да білсін. Бір адамның өмірі мың адамға сабақ. Жас ұрпақ менің де жақсымнан үйреніп, жаманымнан жиренсін.

Осыдан кейін Баукең ыңылдап, Сәкеннің «Тау ішінде» дейтін әніне ұқсастау әуенмен мынадай бір шумақ өлең айтты:

Атағым жер жүзіне дүрілдеген, Бір кезде Бауыржан ем гүрілдеген Айрылып атақтан да, шатақтан да, Бұл күнде шал болдық қой дірілдеген.

Автор. Бауке, осының үшінші жолын өзгертсеңіз қайтеді?

Бауыржан. Не деп?

Автор. Мәселен, «Тіс түсіп, тізе қақсап, буын босап» десе де болар еді.

Бауыржан. Себеп?

Автор. «Ердің аты, ғалымның хаты өлмейді» деген бар емес пе? Ендеше Сіздің атағыңыз ешқашанда өшпеуге тиіс. Тарих Сізді ұмытпас болар, Бауке.

Бауыржан. Сонда қалай болып шығады?

Автор. Былай:

Атағым жер жүзіне дүрілдеген. Бір кезде Бауыржан ем гүрілдеген. Тіс түсіп, тізе қақсап, буын босап Бұл күнде шал болдық қой дірілдеген.

Бауыржан. О да жөн екен, — Содан соң Баукең танауы жалпая рақаттанып күліп алды.

— Оның да рас. Солай-ақ болсын.

Автор. Академияны бітіріп алып, алшаңдап Москвада жүре береміз бе, Бауке? Кетпейміз бе бір жаққа жолдама алып?

Бауыржан. Оның рас. Академияны бітірген менен басқа жүз жиырма төрт адам тегіс қызметке кетті. Сопайып мен жалғыз қалдым. ГУК-тың қарамағында алты ай жаттым. Генерал Голиков ақылы кіргенде шақыртарсың деп, өзінің орынбасары Свиридовқа тапсырып қойса керек. Бір күні мені генерал-майор Свиридов шақыртты. Бардым.

— Зеріктіңіз бе, жолдас полковник? — деп сұрады ол.

— Зеріктім.

— Бәріне өзіңіз кінәлысыз, — деді генерал Свиридов. — Біз Сізді алғашында бригада командирі етіп тағайындайық деп едік. Бейбіт уақытта бригада командирі деген әскердегі үлкен қызметтердің бірі. Бригада командирі лауазымындағы адамға генерал-майор атағы беріледі. Бірақ Сіз оны түсінбедіңіз. Одан соң корпус штабының бастығы етуге ұйғарып едік. Оған да риза болмадыңыз. Қазір басқа бос орын жоқ. Сондықтан уақытша бригада командирінің орынбасары боп барасыз. Міне жолдама.

— Құп! — деп қолды шекеге қойып, аяқты сарт еткізуден басқа ештеңе қалмады маған. Үлкен өзендерде пароход жүзіп келе жатқанда арнаулы адам судың тереңдігін үнемі өлшеп отырады. Өйтпесе пароход қайырлап, бөгеліп қалады. Немесе оның винтіне зақым келіп, істен шығады. Алған жүгін тиісті жеріне уақытында жеткізе алмайды. Адам да пароход сияқты. Ол да өзінің алдын үнемі оймен өлшеп отыруы керек. Ойланбаған орға жығылады, опық жейді. Оған өзіңнің өр көкіректігің, өзімшілдігің ғана кінәлі. Бұл сенің ақылсыздығыңнан істелетін іс емес. Ақыл да ойлағанды ұнатады. Ойланып-толғанған адамға ғана ақыл дұрыс жол көрсетеді.

Алдымен Алматыға, үйге соғып, содан Сібірге аттандым.

Автор. Алматыда кімге соқтыңыз?

Бауыржан. Кімге болушы еді — әйелім Жамал, ұлым Бақытжан бар емес пе? Соларға соқтым.

Автор. Оларды өзіңізбен бірге алып кетпедіңіз бе?

Бауыржан. Жоқ. Жағдай келмеді. Алматыдай емес, Сібірдің жері суық қой. Сібірдің суығын көтере алмай, өзім де өлесі болып жүрдім. Кішкентай Бақытжанға суық тигізіп алармын деп қорықтым. Оның үстіне уақытша кетіп бара жатқандықтан оларды жылы орнынан қозғамайын деп ойладым.

Автор. Бауке, басқа жора-жолдас, ұстаз-командир, бастық генералдарыңыз туралы толық айттыңыз. Енді әйелдеріңіз, өзіңізге өмір серік болған жеңгейлер жайында бірдеңе демейсіз бе?

Бауыржан. Бұл сұраққа жауап бермейін деп мен саған былтыр айтқанмын. Немене биыл тағы сол сұрақты қоңырсытып отырсың?.. Ал, қай әйелге қалай үйленгенін, неге ажырасқанын саған қандай ақымақ еркек айтып береді деп ойлайсың. Әйелді қорлаған еркекті өмір өкінішсіз жібермейді. Өйткені, әйел — өмірдің анасы, ал асыл перзент анасын ешкімге де қорлатпайды. Өйткені, әйел — киелі халық. Оның киесі өзін қорлаған еркекті бір атпай кетпейді... Менің көзім осыған жетті. Сенің іздеп отырғаның осы сөз ғой. Понятно тебе?.. Мен соғыста етегіме намаз оқып жүргенім жоқ. Сен өзің оқыдың ба?

Автор. Оқыдым, Бауке. Менің намазым қаза болған емес.

...Қырық төртінші жылдың күзі көз алдыма елестеді. Бірінші Брест атқыштар дивизиясының делегациясы Алматыға келді. Мен делегацияның жетекшісі едім. Қасымда Тәкен Майшынов, Қабыш Мусин деген екі серігім бар. Үшеуіміз де жиырма екі жастамыз.

Біз Варшава түбінде тұрған дивизиядан Қазақстан үкіметіне хат әкелдік. Делегациямызды Халық Комиссарлары Советі председателінің орынбасары Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев қабылдады. Қазақтың үлкен жазушысы Сәбит Мұқанов үшеуімізді үйіне шақырып, қонақ етті. Біраз күннен кейін Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің дивизияға жолдаған хатын алып, майданға қайттық. Жолда Қызылордаға түсіп, сол жерден дивизияға арналған сәлем-сауқат ала кететін болдық.

Қызылорда обкомында бізді облыс басшылары Рақымбай Төлебаев, Медеу Аталықов деген кісілер жылы шыраймен қарсы алды.

— Сіздің дивизияға қазақ халқының сәлемдемесі деп бір вагон күріш, бір вагон балық бермекші едік. Соны дайындап, вагонге тиеу үшін біраз күн осында бөгелулеріңізге тура

келеді, — деді Төлебаев. — Ертең жетінші ноябрь — Октябрь мейрамы Біздің Шиелі дейтін ауданымызда ауданаралық той өтеді. Шиелі биыл Отанға күрішті көп беріп отырған аудан. Соған жапсарлас үш-төрт ауданның халқы жиналып, Октябрь тойын тойлайды. Сіздерді сол тойға қатысып, екі-үш күн елде аунап-қунап қайтсын деп отырмыз.

Бір паровоз бір вагонды сүйреп, түні бойы жүріп, таңертең бізді Шиеліге жеткізді. Бізді вокзал басында салт атқа мінген жиырма қыз қарсы алды. Біз вагоннан шыға бергенде жиырма қыз ат үстінде тұрып домбыра тартты — күй атасы «Саржайлауды» аңыратты. Менің көзіме жас үйіріліп, қозғалмастан тұрып қалдым. Екі жолдасым арсаландап, қыздарға қарай жүгірейін деп еді, ым қағып оларды да тоқтатып тастадым. Күй біткеннен кейін қыздар тегіс аттан түсті де, домбыраларын кеуделеріне қысып, бізге иіліп сәлем берді. Осы кезде жолдастарым қыздарға қарай тура кеп жүгірді. Олардың жетектерінде бізге әкелген бос аттары бар екен. Біз сол аттарға мініп, қыздарға ілесіп, той болатын жерге келдік.

Той бір төбенің басында басталды. Қалың жұрт төбенің басынан етекке дейін керней жерде жайғасты. Ең төменде, оларға қарсы қарап, үстел басындағы президиум мүшелері сияқтанып, он бес шақты адам ат үстінде отырдық. Шиелі аупарткомының секретары Ғизат Жүгірәлин деген кісі алға шығып, күрішші қауымды Октябрь мерекесімен құттықтады. Майдан жеңісіне қысқаша шолу жасады. Елдің майдан үшін істеп жатқан ерлік еңбегін айтты. Бұл ұлы мейрамда біздің ортамызға майдангерлер келіп отыр. Енді сол балаларыңыздың лебіздерін тыңдаңыздар деп аупартком секретары сөзді маған берді.

Атымды тебініп, енді мен алға шықтым.

Алдымен халыққа өзіміздің Бірінші Брест атқыштар дивизиясынан келгенімізді, ол дивизиядағылардың дені бұрын өзім құрамында болған жүзінші бригаданың жауынгерлері мен командирлері екенін айттым. Жүзінші бригададан Мәншүк Мәметова сияқты Совет Одағының Батыры шыққанын баяндадым. Тағы басқа ерлерді атадым. Қазір дивизиямыздың Польша жерінде жауды батысқа қарай қуалап бара жатқанын білдіре келіп, дивизиядағы осы Қызылорда облысының бір ақын жігіті маған былай деп өтініш айтқан еді дей келіп, мынадай бір шумақ өлең оқыдым:

Болсын десең дұшпаннан күші басым, Жұқсын десең бойыма ішкен асым,— Сырдарияның суынан әдейі арнап, Бір тамшысын ала кел, құрбыласым!

— Біз ол өтінішті орындайтын болдық, — дедім сөзімнің соңында. — Сіздің облыс біздің дивизияға Сырдарияның суына өскен бір вагон күріш пен Сырдарияның суынан ұсталған бір вагон балық беретін болды. Сіздерге мың мәртебе рақмет, Сыр елінің халқы. Біз сіздерге жауды жеңіп қайтамыз деп серт береміз.

Менен кейін алға мойны құрықтай құла мінген, басында пұшпақ бөркі, мойнында гармоны бар, қара мұртты, елудің жуан ортасындағы қызыл шырайлы кісі барды. Ол кісінің әуезді әсем үні гармонмен бірдей шықты. Ақын алдымен жиналған жұртты мерекемен құттықтап алып, содан кейін халыққа осы келген үш жігіт өздеріңнің балаларың. Бұлар солардың қасынан келді. Бұлар өз балаларыңның сәлемін әкелді. Ертең осы үшеуіндей боп олар да жеңіспен елге келеді. Сонда қозыдай маңырасып, қойдай шуласып табысасыңдар. Осы балалардың ізі өз балаларына салған жол болсын. Бұл ерлердің жортқанда жолы болсын! – деп өлеңмен тілек батасын берді. Бүкіл халық егіліп отырып, «әумин!» деп ақынды қостады.

Ол кісі халық ақыны Нартай Бекелханов екен. Ол Нартай ақынды бірінші рет көруім еді. Ақындығына, ақылдылығына, әншілігіне қатты разы болып, кетер-кеткенше мен ол кісінің қасынан қалмадым. Жолдастарым «Қыз қуу», «Көкпар тарту», «Теңге алу» ойындарына қатысып, олар да мәз-мейрам болды.

Мереке өткеннен кейін аупарткомның өтініші бойынша колхоздарды араладық. Бізбен көрісіп, кездесуге жиналған жұртқа Тәкен жаяу әскер жайын, Қабыш барлаушылық тәжірибесін баяндайды. Мен артиллерист достарымның ерлігін айтамын. Нартай ақын өзінің әуезді үнімен ән-өлең шырқайды. Жеңіс жақын деп жұртқа жігер береміз. Содан кейін аудандық комсомол комитетінің секретары Әсия бастаған қыздар концерт көрсетеді. Олардың көпшілігі бізді Шиелі басында домбырамен қарсы алған қыздар. Шиелі қыздары шетінен ақын, әнші, домбырашы екен. Солдаттардың сөзін естіп, қыздардың өнерін көргенде, еңселерін жұмыс басқан жұрт едәуір желпініп қалысады.

Үшінші күні түнде Шиеліге қайттық. Ай сүттей жарық еді. Көп салт атты болып, қатар түзеп, көсілте аяңдап келеміз. Мен аупартком секретары мен ақынның ортасында едім. Оның ар жағында колхоз председателі келе жатты. Қыздар артқы лекте болатын. Тәкен мен Қабыш солардың ортасында.

Бір кезде артта келе жатқан Қабыш:

— Жүр, Тәкен, тағы да шабайық, — деді.

— Әсия, Базаркүл, жүріңдер кеттік, — деді Тәкен. Жастар бір бүйірге қарай дүрсілдетіп шаба кеп жөнелді.

— Қыздар, құлап қалмаңдар, — деп айқайлайды, олардың соңынан колхоз председателі. Оны ешкім тыңдаған жоқ. Көп аттың тұяғы дүңк-дүңк естіледі. Ол түнгі дала жүрегінің дүрсілі іспеттенеді. Біраздан кейін жастар көзге көрінбей, тұяқ дүрсілі естілмей жым-жылас жоқ болды да кетті.

— Қабыш пен Тәкеңде тыным жоқ, — дедім мен осы кезде қасымдағы жолдастарымды сөзге шақырып. — Елге жеткелі екеуі енесінің айналасында күлте құйрығын көкке тігіп алып шапқылаған құлындай құлдырап жүр.

— Шіркін, туған жерге не жетсін, еркелегендері ғой, — деді ақын.

— Рас, көп қыздың ортасында көлге сүңгіген үйректей боп жүр өздері, — деді колхоз председатель Аупартком секретары үндеген жоқ.

— Қарағым, бүгін бұл үшеуіңнен осы елдің аяры жоқ, — деді құла жорғаның үстінде шайқалып келе жатқан ақын. — Мінген атыңның бір терлеп, қиналғанына қарамай, мынау балалармен қосылып, сен де бір көсіле шауып, сергіп алсаңшы.

Осылай деп ақын артқы қатарда келе жатқан әнші қыздарды нұсқады.

Мен күліп, басымды шайқадым.

— Әлде атқа шаба алмаушы ма едің?

— Атқа шабамын ғой, бірақ айға шаба алмаймын, — дедім тағы да күлімсіреп.

Ақын жорға ырғағымен қайтадан теңселіп, біраз үнсіз отырды да:

— Ай аяғыңның астында жатса ше? — деді менің бетіме тіке қарап.

— Айды таптауға болмайды ғой, аға, онда айналып өтемін.

Ақын тағы үнсіз қалып, шоқша сақалын разылықпен сипады.

— Оның жөн екен, бауырым, — деді содан соң. — Менікі өзің сонау алыстан, өлім мен оттың ішінен келіп, астына жүйрік ат тигенде тақымың нәумез болмасын деген ғой жай. Сенікі жөн. Әйтпесе осы күні, — ақын оң жағындағы председательге бір қарап қойды, — көп азаматтар көзіне жылқы баласы көрінсе болды, соған бұт артып, шаба жөнелетінді шығарды ғой. Қолына түскені жас жабағы ма, үйретілмеген тай, құнажын байтал ма — шаруасы жоқ.

Жас жылқының қолы үсіп қалады-ау, обал-ау деп ешкім ойламайды. Осы соғыстың кесірінен жылқы да жуасып кеткен бе, әйтеуір көне береді.

Осылай деп ол атын бір қамшылап қойды. Құла жорға мойнын құрықтай созып, тайпала түсіп ілгері ұмтылды. Біз көп уақыт үнсіз келе жаттық.

Бір кезде арт жағымыздан қалың дүрсіл қайта естілді. Менің жолдастарым мен қыздар екен.

— Басеке, ұрысып жатқан жоқсыз ба? — деді Қабыш екі танауы делдеңдеп.

Мен үндемедім.

— Е, бастықтарың неге ұрсады? — деді колхоз председателі жігіттерге қарай жамбастай бұрылып. — Әскерде увольнительный деген бір жапырақ қағаз болады. Сендер оның орнына бір-бір қыз жетектеп кеттіңдер емес пе? Ондай увольнительныйы бар солдатқа кім ұрсады?

— Сіз ол қалжақты қойыңыз, — деді тік мінез Қабыш.

— Е, қойдым, қойдым. Қоймағанда, — деп председатель күңкілдеп атынын белін қайыстыра қайтадан түзеліп отырды. Жұрт үнсіз қалды.

— Немене, армансыз шаптыңдар ма, жігіттер? — дедім мен ол үнсіздікті бұзу үшін.

— Шаптық, шаптық, — деді Тәкен мем Қабыш жарыса жауап қатып.

Сөйтіп біз алпыс тонна күріш, қырық тонна балық алып, Қызылордадан майданға аттандық. Соғыста жалғыздарынан айрылған шерлі әкелер, мұңды аналар, күйеулерінен «қара қағаз» алған қаралы келіншектер, қайғылы қара көз қыздар, ардагер Нартай ақын соғыстың ауыртпалығына қарамастан қайыспай еңбек етіп, майданға жан аямай болысып жатқан еңбекші жұрт — ер халық ерекше ұмытылмастай боп көңілімізде қалды.

— Уаликім сәлем. Ал жалғызбысың, әлде қасыңда «шатағың» бар ма?

— Жалғызбын, Сәбе.

— Жалғыз болсаң менің номеріме кел. Мен күтем сені.

Сәбең Алматыдан келіп, мен жатқан «Москва» мейманханасына түскен екен. Мені сыртымнан көріп қалып, администратордан кіріп, номерімді сұрап алып телефон соғыпты. Бұрын, мен академияда оқып жүрген кездерде де Москваға келген сайын мені осылай телефонмен іздеп тауып алатын. Бардым. Мәкең жеңгей қасында екен. Сәбеңнен ел жайын сұрап, әдебиет туралы әңгімелестік. Мен оған «Сибирь», «Доктор» деген екі өлеңімді оқып бердім.

— Әй, Бауыржан, сен мына өлеңдерді текке қор қылып жүрсің, — деді содан соң Сәбең. — Бұларды қалай да жариялатып жарыққа шығарту керек. Сонан соң кешегі өткен жер жүзілік қырғын соғыстың сыры мен сипатын қазақта сенен басқа жақсы танып-біліп, түсінетін адам кемде-кем. Сондықтан сол жайды қағаз бетіне түсіріп халқыңа, ел-жұртыңа, замандастарың мен туыстарына, болашақ ұрпаққа пайдасы тиетіндей кітап етіп жазып беру — азаматтық міндетін.

Жаңа сен кімнің әсері болды деп сұрадың ғой. Сәбеңнің осы сөзінің маған тікелей әсері болды. Сол сөз мені қабағат рухтандырды. Содан кейін Сәбең екеуіміз Москваны аралап жүріп, тағы да көп әңгімелестік. Жоғарыда бір жерде Сәбитпен ресторанға барғанымды айтып едім ғой. Ол дәл осы күннің кешінде болатын.

Мен 1971 жылы жазда, Қазақтың М. О. Әуезов атындағы академиялық драма театрында Бауыржан Момышұлының алпыс жасқа толғаны атап өтілген қалалық жиында Сәбит Мұқановтың мінбеге келген сәтін көз алдыма елестеттім.

— Мен Бауыржан елу жасқа толғанда шығарған өлеңімді оқимын, — деді Сәбең көзілдірігін киіп жатып, тек өзіне ғана тән мәңгі қарлығыңқы үнімен. Содан кейін ол ақ саусағын шошайта залға қарай қолын сермеп қалды. — Мен бір айтпаймын, ал айтқанымнан қайтпаймын. Бауыржанға елуінде не тілесем, алпысында да соны тілеймін.

Жұрт ду күлді. Сәбең сонда мына өлеңін оқыған еді:

«Советтің саналы ер еркегі» деп, «Жігіттің қыз қызығар көркемі» деп, Бауыржан
Момышұлы жер жүзінде Тарапты барлық елге ертегі боп.

Барсам да қай континент, қай аралға,

Заманнан аз хабары бар адамда

Білмейтін Бауыржанды жан көргем жоқ,

Мен бұған қуанам да, таңданам да.

Айтайын ең алдымен қуанышты:

Қазақта ұл туғанмен талай күшті,

Жер жүзін тамсандырып Бауыржандай

Есімі қайсысының хатқа түсті?

Ауылдың қалды көбі аумағында...

Бауыржан «Катюшадай» лаулады да,

Өртеді фашистерді, сондықтан да

Таниды досы түгіл жау жағы да.

Батыста, жүрген ғылым тереңінде,

Ақылын, өжеттігін, өнерін де

Жыр етіп, Бауыржанның батырлығын

Таниды, бір-ақ шындық көлемінде.

Ежелден ертегішіл Шығыс — кәрі,

Шындықтан шыға шырқап, кетеді әрі:

Көреді қаһармандай тау көтерген,

Немесе, жер тітірткен Әзірет-Әлі.

Білсе егер екенімді менің қазақ:

«Сендерде ұл бар ғой, — деп, — сондай ғажап?»

Шуласып қамағанда қалың адам,

Жарылмай қуаныштан тұрам аз-ақ!

Айтайын таңданудың енді жайын:

Ұшқанын атақ-даңқы көрген сайын.

Келтірем көз алдыма Бауыржанды,

Кәдімгі жақсы адамды — қарапайым.

Білемін бұл жігітті ерте күннен:

Қаттыны нелер керім еріте білген.

Шықты бұл қылыш болып майрылмайтын,

Советтік Армияның мартенінен.

Шықты да жалаң қағып тұрды сапқа:..

Отандық ұлы соғыс қызған шақта,

Ақылы, қимылымен, қайратымен,

Өзіне ие болды берген атқа.

Сол үшін Отан мен халқы сүйіп,

Атаса кететұғын денесі иіп,

Тарихқа кірді бұл да дәл Зоядай,

Немесе секілденіп — Мересьев.

Фашисті бұл батырлар қырып-жойды,

Азамат болды істері абыройлы

Құрметпен, сондықтан да, Бауыржанға

Жатырмыз елу жаста...

«То есть» деп Сәбең қағаздан басын көтеріп алды да, сол жақ иығынан кері бұрылып, сахна төріндегі үлкен етіп жазылған «60» деген цифрды нұсқап, «әне, әне» деді де, бұл шумақтың төртінші жолын түзетіп қайтадан оқыды. Жұрт тағы да дүр сілкініп, ду күліп қалды.

Жатырмыз алпыс жаста жасап тойды, Шашуым осы-ақ болды тойға дайын. Ел сүйген ерді мен де аймалайын! Бауыржан, ата-анаңа алғыс айтып, Советтен сені өсірген айналайын!

Осылай деп Сәбең басын көтерді де, құшағын кең жая мінбеден түсті. Бауыржан да орнынан атып тұрды. Екеуінің құшағы сахна ортасында айқасты. Мол денелі сабырлы Сәбең арқылы халық Бауыржандай батыр ұлын тағы да мейірлене құшағына қысқан іспеттенді. Содан кейін Сәбең Бауыржанды балаша құлағынан тартып, сәл еңкейтті де:

— Елің үшін! — деп маңдайынан бір сүйді. Одан кейін тағы да еңкейтті.

— Өзім үшін! — деп екінші рет сүйді.

— Ұрпақ үшін! — деп үшінші рет еңкейтіп және сүйді.

Зал күліп, дуылдап, шартылдата шапалақ соғумен болды.

Көп адамның көзіне жас үйіріліп, домаланған ыстық моншақтар ыршып түсіп жатты.

Автор. Шіркін, Сәбең-ай десеңші! Кімді рухтандырмады, кімге көмектеспеді. Қазақтың өзінен кейінгі ақын-жазушыларына Сәбеңнен көп көмек көрсеткен ешкім жоқ шығар. Әдебиетке келген бәріміз сол кісіге әкеміздей қарыздар едік-ау. Ол кісінің көшеде тоқтай қалып «әй, халін қалай?» деп бір ауыз айтқан жылы сөзінің өзі не тұрушы еді?

Бауыржан. Сонымен академияда бес жыл сабақ бердім. Күні бүгінге дейін Москва университеті мен Москваның әскери академиясында лекция оқыған санаулы ғана қазақ бар. Бұл — мақтан емес, ақиқат. Түсінікті ме саған? — Мен басымды изедім. — Жаз, түсінікті болса.

Әскери академияда сабақ беріп жүріп, мен жазушы болуды ойлана бастадым.

Осы оймен Калинин қаласында жүріп (біздің академия сонда көшіп барған болатын), орыс тілінде «Біздің семья» кітабын жазып шықтым. Ол кітаптың қайда, қашан басылғанын айтқанмын саған.

Елу бесінші жылдың аяқ жағында, бір күні Москваға келіп, ГУК-ке кірдім. Генерал Голиковтан мені армиядан босатып, запасқа шығаруды өтіндім.

— Енді отставкадағы полковник боламын. Бірақ отставкадағы азамат болмаймын, жолдас генерал, — дедім.

— Армиядан кеткенде не істейсіз? — деді генерал таңданып. — Сіз қырық бесте екенсіз. Бұл нағыз офицердің жасы. Армияда әлі де бірсыпыра жыл қызмет істеуіңізге болады ғой.

— Мен жұмысты тастамаймын, жолдас генерал. Енді әдебиет майданында қызмет ететін боламын.

— Қай тілде жазбақсыз?

— Орыс тілінде.

— Жазушы болу үшін ең кемі әдебиет институтын бітіру керек қой, полковник.

— Маған әдебиет институтының керегі жоқ, жолдас генерал. Менің жазушы болуыма өзім өткен өмір университетінің сабақтары да жетеді.

— Бұл Сіздің үзілді-кесілді шешіміңіз бе, полковник?

— Дәл солай, жолдас генерал.

Осыдан бес жыл кейін, әскери жазушылардың Москвада болған кеңесінде сөйлеген сөзінде сол кісі, армия генералы Филипп Иванович Голиковтың тап өзі: «Момышұлының записка лары мемуар болғанмен ,басқа мемуарлардан көп айырмасы бар, ол көркемдік дәрежеге көтерілген, онда артық эпизод, керексіз кейіпкерлер деген жоқ. Нағыз маңызды эпизодтар мен образдарды іріктеп алған» деді. Бұл сөзді естігенде мен Голиковтың мақтағанына емес. Голиковке жазушы боламын деп берген уәдемді орындағаныма қуандым. Әрине, Голиковтың армиядан жақында кеткен офицер не тындыра қойды дейсің

деп, менің кітабымды оқымай тастай салуына болатын еді. Оқып шығып, әділ бағасын айтқан. Ол үшін генералға мың мәртебе рахмет. Содан кейін мен өзімді отставкадағы адам емес, Совет Армиясының сапында жүрген жауынгер офицер санатында сезіндім. Ол сөз маған туған анамдай боп кеткен армияның алыстағы ұлына білдірген мейір махаббаты тәрізді боп танылды. Бұл өзіңе сонша айтылған бір сыр ғой, қарағым.

Содан кейін Голиков мені Бурденко атындағы бас әскери госпитальға жіберді. Соның қасында жоғары әскери комиссия бар еді. Оның бастығы Доброхотов деген контр-адмирал болатын. Келсем Доброхотов шашы аппақ, өзі қап-қара, бірақ жылы жүзді, өте бір биязы кісі екен. Сәлемдесіп, жөнімді айттым. Мені денсаулығыма байланысты армиядан босатыңыз дедім.

Доброхотов мені орталық әскери комиссияға жіберді. Оның жеті комиссиясы бар екен. Солардан өттім. Академияға мені әскерден босату туралы ВКК-ның қаулысын әкеп бердім.

Екі күннен кейін академия бастығы шақырды.

— Денсаулығыңыз нашарласа курортқа жіберейік, — деді бастық.

— Курорттан бас тартамын. Мені әскерден босатуды сұраймын, — дедім.

Содан біраздан кейін бұйрық шықты. Онда полковник Бауыржан Момышұлы денсаулығына байланысты, 59-статьяның «б» пунктіне сәйкес әскерден босатылсын және оның әскери киім киіп жүруіне рұқсат етілсін деп көрсетілді. Бір басыма жеткілікті пенсия тағайындалды.

Елу бесінші жылдың декабрінде барлық дос-жолдастарыммен, академиямен, армиямен қоштасып, Алматыға қайттым. Әрине, бұл айтарға ғана оңай. Әйтпесе он бір ай — қызыл әскер, он төрт ай — взвод командирі, үш жыл төрт ай — рота командирі, тоғыз ай — атқыштар полкы штабы бастығының орынбасары, бес ай — республикалық военкоматтың аға нұсқаушысы, бес ай — батальон командирі, екі ай — полк командирінің орынбасары, сегіз ай — атқыштар полкының командирі, жеті ай — Бас штаб әскери академиясының жанындағы білім жетілдіру курсының тыңдаушысы, үш ай — дивизия командирінің орынбасары, алты ай — дивизия командирі, екі жыл екі ай — Бас штаб әскери академиясының тыңдаушысы, екі жыл — бригада командирінің орынбасары, бес жыл — әскери академияда ординарлық әскери профессор болған армиямен қоштасу оңай іс емес, қарағым. Мен — армияға, армия менің өміріме айналып кеткен еді ғой. Армиядан босау маған қырық бес жасымда қайтадан туып, екінші бір өмірді жаңадан бастағанмен пара-пар еді. Бірінші өмірімде менің Отанға сіңірген азды-көпті еңбегім, халықтан алған атақ-абыройым бар еді. Екінші өмірімде ондай еңбек етіп, халықтан алғыс ала алам ба? — деп толғандым.

Баукең сәл бөгеліп, тағы да «Қазақстан» темекісіне қол созды. Сидиған салалы, етсіз арық саусақтарына көзім түсіп, тағы да оны ішімнен аяп кеттім. Басқа жұрт сияқты, бұрын мен де Баукеңе мән бере бермейтінмін. Соғысқа кім қатыспады, кім командир болмады деп ойлайтынмын. Өзімен етене араласып, ұзақ-ұзақ әңгімелескеннен кейін Баукең маған басқа қырынан көрінді. Бұл кісі еліміздің атақты қолбасы, генералдарымен қызметтес болып, олардың бұйрықтарын орындапты. Жуков, Василевский, Рокоссовский, Баграмян, Говоров, Захаров сияқты маршалдармен ауызба-ауыз тілдесіпті. Әскерде маршал түгіл генерал көрмеген маған алдымда отырған арық шал бірте-бірте биіктеп асқар тауға айналып кеткен сияқты боп көрінді.

Ең алғаш әңгімелесе бастаған күндеріміздің бірінде, сөз арасында Баукең маған «мен профессормын» деген еді.

— Не дейсіз? — деп мен қайталап сұрадым.

— Мен қатардағы әскери профессормын, — деді ол мұрты тікірейіп.

Мен Баукеңе жайлап қана жымиып қарадым. Оным: «Бауке, осы жерін артығырақ сілтеп жіберген боларсыз», — дегенім еді, Бауыржан менің шүбәланып отырғанымды сезді де:

— Сенбесең қой, — деп ол әңгімені аяқтатпастан бірден үзіп тастады.

Артынан мен Момышұлы туралы кептеген документтермен істес болдым. Документ пен Баукең айтқан әңгімелер арасында алшақтық жоғына әбден көзім жетті. Сөйтіп жүріп Баукеңнің қатардағы әскери профессор болғанын да анықтадым. Калинин қаласындағы әскери академияда сабақ беріп жүргенінде Момышұлы тактикадан алты, стратегиядан тоғыз еңбек жазады. Сол үшін аға оқытушылықтан ординарный профессор дәрежесіне жоғарылайды. Бірақ бұл атақ академияда лекция оқып жүрген кезінде сақталады да, одан кетсең алынып қалады екен. Өйткені ол атақ сенің орныңа келген екінші оқытушыға беріледі. 1956 жылдың бірінші январында Момышұлы жоғарыда аталған академияның тізімінен шығарылған. Сол күннен бастап оның қатардағы әскери профессор атағы да өшіп қалған. Жаңа Баукең армияда атқарған қызметтерін санамалап отырып, бес жыл әскери академияда ординарлық әскери профессор болдым дегенде менің ойыма алғашында осы сөзге сенбегенім түсіп, іштей ұялып отырдым. Оның аузынан әртүрлі жағдайда айтылып кеткен ұсақ-түйек дәлсіздіктерге түзету жасаған тұстарымды да артық көрдім. Өзіме берген деректерінің бәрі дұрыс болғандықтан Баукеңнің басқа жерлерде айтқан сөздерінде не шаруам бар еді деп ойладым.

IX

Автор. Бауке, өткен жолғы әңгімелердің бірінде Калинин қаласындағы әскери академияға сабақ беріп жүрген кезімде тактика мен стратегиядан еңбектер жазып ординарный

профессор атағын алдым деп едіңіз. Одан бұрынырақта жаяу әскердің жауынгерлік уставына пікір қосқаныңызды білдіргенсіз. Осылардың қандай еңбектер екенін ашып айтуға бола ма?

Бауыржан. — Жоқ. Болмайды. — Осылай деп қатаң, тіке айтты да, Баукең ақ мүштікті аузына апарып бір-екі сорды да, бұрқ еткізіп түтін шығарды. — Ұлттық табыс дегеннің не екенін білесің ғой, — деді содан соң даусын бәсеңдете сөйлеп. Мен басымды изедім. — Білсең, — деді де Баукең енді орысша сөйлеп кетті: — Национальный доход в СССР весь принадлежит трудящимся: одна часть его поступает трудящимся в виде личных доходов, а другая — используется как общественный фонд накопления и удовлетворения потребностей всего общества и составляет общественную собственность. Понятно тебе? — Мен тағы да басымды изедім. Бірақ ішімнен: Баукеңнің баяғыда банкте қызмет істегені есіне түсіп кетті ме, саяси экономияға кіріп кеткені несі деп ойладым. — Ұқсаң осыны қазақшалағын. — Мен қағазға жазғанымды ауызша аударып, оқып бердім. — Ұлттық табысқа СССР-де бүтіндей еңбекшілер ие: оның бір бөлігі еңбекшілер қолына өзінің жеке табысы ретінде тиеді де, ал екіншісі жинақтаудың қоғамдық қоры ретінде әрі бүкіл қоғамның керексінуін өтеуге пайдаланылады, сөйтіп ол қоғамдық меншікке айналады. — Осылай ма? — деді Баукең менің аудармамның дұрыс, қисығын тексергендей сәл ойлана отырып, — Осылай болса, ол еңбектер, ұлттық табыстың екінші бөлігі сияқты, мемлекет меншігіне жатады. Ол менің советтік қоғамның әскери ой қазынасына қосқан өз үлесім. Оған мен ие емеспін. Бірақ мен социалистік мемлекетті қорғаудың қоғамдық осы ғажап меншігіне титтей де болса өз үлесімді қосқаныма разымын. Мақтанамын демеймін. Түсінікті ме? Ал мен ұлттық табыстың бірінші бөлігі сияқты, өзімнің жеке табысым ретінде бағаланатын әдеби еңбегіме толық иемін.

Ол осылай деп этажеркада тұрған өз кітаптарын иегімен нұсқады.

«Советтік қоғамның әскери ой қазынасына қосқан өз үлесім». Баукеңнің бұл сөзі менің көз алдыма әбден сарғайып кеткен газет қиындысын елестетті.

Беттің жоғарғы жағындағы «Полковник Момышұлының әскери жазбалары» деген үлкен заголовок көзіме оттай басылды. Әдеттегі етек мақаланың биіктігі елу жол болады. Ал мынау жалпақ алты бағанның әрқайсысы ұсақ әріптермен терілген жетпіс жолдан тұратын шіреме етек мақала екен. Аяғына: «А. Кривицкий» деп қол қойылған.

Мақаланың бас жағында автор өзінің алдында қатырма мұқабалы көк дәптер жатқанын, оның бірінші беті толған адрес екенін, адрестерге қарағанда дәптер иесінің дос, туыстарының бәрі Алматы қаласында тұратындығын айта келіп, бұл орденді полковник Бауыржан Момышұлының әскери жазбалары екенін, Момышұлының қазір Алматыда командировкада жүргенін айтады.

Осыдан кейін автор көк дәптердің беттерін парақтап, ондағы жазуларды оқуға кіріседі. Бірінші беттегі тайға таңба басқандай айқын, әсерлі, әлді сөздер бірден оқушы назарын аударады.

«Ерсіз ел болмайды, елсіз ер болмайды».

«Отан үшін отқа түскін — күймейсің».

«Өлім арасында жүрсең де, өмірден үміт үзбегін».

Мінеки, Көк дәптер иесінің алғашқы сөздері осылай басталады. 1942 жылдың декабрінде ол былай деп жазыпты:

«Ұлттық мақтаныш — ұлт азаматының мызғымас заңы, қасиетті ісі. Кімде-кім өз ұлтын құрметтеп, оны мақтаныш етпесе (ал әр ұлтта да мақтан тұтарлық жайлар бар), ол барып тұрған азғын...»

Бауыржан менімен бір әңгімесінде: «Мен соғыс жылдарында «Красная звезда» газетіне: «Кімде-кім өз ұлтын құрметтеп, оны мақтаныш етпесе, ол барып тұрған азғын» деп жазғанмын деген еді. Сонда Баукең осы «Полковник Бауыржан Момышұлының әскери жазбаларын» айтқан екен-ау деп ойладым мен мақаланың тақырыбына қайта бір көз жүгіртіп өтіп. Сонда Баукең бұл сөздерді көк дәптерге қай тұста, қандай жағдайда жазды екен деген және бір ой келді. Дереу Баукеңнің қызмет тізімін алып қарадым. Қырық екінші жылдың декабрі 8-гвардиялық дивизияның Калинин майданының құрамында, Холм қаласының түбінде тұрған кезі екен. Ол кезде Момышұлы полк командирі.

Тізімді Кейін қойдым да, қайтадан сарғайған газет қиындысына үңілдім. Мақала авторы көк дәптер сырын баяндауға қайтадан «кірісті».

Көк дәптердің иесі не жазса да, не туралы толғанса да оның ойы әскери тақырыпқа, өзінің офицерлік мамандығына келіп тіреліп отырады. Міне, оның «әскери тәрбиенің мақсаттары» деген конспектісі. Мұнда ол «Әскери психологиядағы ұлттық сәттер» деген жайға тереңдей үңіледі. Ол былай деп баяндайды:

«Жауынгерді жау жүрек етіп тәрбиелеуде халықтың өткендегі жауынгерлігі де, оның ең мәртебелі ұлттық дәстүрі де маңызды екеніне менің өз т ә ж і р и б е м д е көзім жетті.

Ж а с а д а м д ы т ә р б и е л е у д і ң н е г і з д е р і. Үлкенді құрметтеу, борышын бұлжытпай орындау, арын таза сақтау, қоғамдық тәртіпті бұлжытпай орындау, заңға бағыну — жас адамға қажет ізгілік белгілері осы. Мұны біз: Отанын, халқын, семьясын сүю деп те атаймыз. Мұндай инабатты тәрбие алған адам — нағыз жауынгер. Оның қасиеті — а д а л д ы қ, а р л ы л ы қ, т ә р т і п т і л і к.

А л ғ ы р л ы қ п е н т а п қ ы р л ы қ ж а й ы н д а. Қазақтың дәстүрлі ақындар айтысында күтпеген оқыс шешімдер болады. Жұрт алдына шығып айтысқа түсу қыздар мен жігіттерді тапқырлыққа талпындырады, олардың ауыз әдебиетіне, музыкаға ықыласын арттырып, зейінді болуға, ұғымталдыққа үйретеді. Ал ұрыс кезінде оқыс оқиғалар орасан көп ұшырасады. Солдат неғұрлым зерек, тапқыр болса, ол небір қиын-қыстау жағдайдан жол тауып, құтылып шығады.

Ұ л т т ы қ с п о р т о й ы н д а р ы т у р а л ы. Бұл ойындар адамды батылдыққа, икемділікке, орынды қызбалыққа, тәуекелшілдікке, қайсарлыққа, тіпті ары үшін жанын садаға қылуға баулиды. Мен ауыздықпен алысқан сәйгүліктен қорыққан немесе атқа міне алмайтын бауырларымды қазақ деп атауға намыстанар едім.

Халық тәжірибесінің алтын қазынасы біздің игілігімізге айналып, әскери ісімізге қызмет етуі керек.

Панфилов — менің әскери әкем. Марқұм генералмен мен қазір де, ұрыс алдында ақылдасамын. Ол менің орнымда болса қайтер еді деп ойлаймын.

Б а т ы р л ы қ — табиғат сыйы емес, бұл патриоттық борышыңды орындау үшін өзіңді-өзің қауіпке қарсы саналы түрде зорлап көндірудің нәтижесі. Мұндайда адам өз достарым тек игілікті ғана емес, сонымен бірге қатерді де бөлісе отырып, жауды жою арқылы өзін және отандастарын қауіпсіздендіруге тырысады, өзінің азаматтық ары мен намысын ездіктен, масқаралықтан қорғайды, өз бойындағы осындай асыл қасиеттерін ашып көрсете түседі.

Б а т ы л д ы қ — есеппен қимылдауды тәуекелмен ұштастыру. Тәуекел есеппен ақталады.

Е п т і л і к — шапшаң ойланып шешім қабылдаудың және бұлшық еттердің шапшаң ойға тәртіптілікпен бағынуының нәтижесі.

Ұ ш қ ы р л ы қ — батылдық пен ептілікті ұштастыра білу.

Бұйрық беру үшін бұйрыққа көне біл.

Жауынгер сымбатты болуы керек (қыздардан гөрі қызмет үшін). Жинақылық пен тәртіптілік — солдат сымбатының алғы белгілері осы. Жауынгер сапта да, ұрыста да өз міндетін ұғынып, нақты орындауы қажет. Солдат шеберлігінің ең жоғарғы сатысы осы. Әскери мәдениетті меңгерген, адамдар мен оқиғаларды үнемі зерттеп отыруға қабілеті бар, мемлекеттік тұрғыдан ойлай білетін командир ғана өз қызыл әскерлерін осындай сапаға жеткізе алады. Командир адал, өзіне де, бағыныштыларға да қатал, әділ болуы керек. Жауынгер командирді мемлекет өкілі деп есептеп, оның ары мен адалдығына шексіз сенуі шарт. Мұндай солдатты мен сымбатты деп білемін, мұндай командирді — офицер деп атаймын.

Офицер психолог, адам жанын сезгіш болуы қажет. Идеялық жағынан сауатты, жан-жақты білімді болу — әрине, оның өз борышы. Шен алу мен шекпен жаңарту жағын ең алдымен ойламай өзінің әскери және саяси салада өсуі үшін күш салуы керек. Ал шен мен лауазым офицердің жеке іскерлігіне берілген әділ баға есебінде өзінен-өзі келеді.

Міне осындай. Полковниктің көк дәптеріндегі әскери жазбалар Момышұлының мынадай сөздерімен аяқталады:

— Жерге теріңді төксең, жеміске кенелесің; халық үшін қаныңды төксең абыройға бөленесің!

Баукеңнің «Бұл менің қоғамдық әскери ойға қосқан өз үлесім» деген сөзінен барып ойға түскен бұл қиындыны маған ақын Есет Әукебаев берген еді. Ол кезде мотоатқыштар полкінің комсоргы болған Е. Әукебаев осы қиындыны отыз жылдан аса уақыт жоғалтпастан сақтап келген.

— Туған әкенің хатын да бұлай сақтамас болар, —дедім мен ақынға.

Ақын жымиып күлді.

— Бұл Баукеңе деген сүйіспеншіліктен шығар, — деді ол. — Баукең Панфилов — менің әскери әкем десе, Баукең бәріміздің мақтанышымыз болды. Солдаттардан бастап, барлық офицерлер осылай есептеді.

— Сіз өзіңіздің «Батальон» деген өлеңіңізді осы мақаланы оқығаннан кейін жаздыңыз ба?

— Жоқ. «Полковник Бауыржан Момышұлының әскери жазбалары» менің Баукең жайындағы бірінші оқыған мақалам еді. Оны өлеңдей жаттап алдым. Офицер қандай болуы керек, солдат қандай болуы керек екенін бағыныштыларыма да, басқаларға да үнемі мақтанышпен айтып жүрдім. Менің бақытыма қарай бұдан кейін менің қолыма Александр Бектің «Волоколамск тас жолы» кітабының алғашқы басылымының бір данасы түсті. Бас алмастан оқыдым. «Батальон» өлеңін содан кейін бастадым. Алғашында он бір буынмен жаздым. Одан кейін сегіз буын етіп қайта өңдедім. Маған жау қоршауын қайта-қайта бұзып шыққан темір батальонның тегеурінін көрсететін өзгеше түр, ырғақ, екпін керек болды. Таба алмадым. Содан кейін оны жылы бүркеп, қағаздарымның арасына салып қойдым. 1956 жылы әскерден босап, «Социалистік Қазақстан» газетіне қызметке орналастым. Сол жылдың күзінде Москваны неміс фашистерінен қорғаудың он бес жылдығы болды да, редакция мені Бауыржан Момышұлына Москва шайқасы туралы интервью әкелуге жұмсады. Баукеңмен сонда бірінші рет жүздесіп, тілдестім. Ол кездесуден алған әсерімнің күштілігі сонша, Баукең туралы он жылдан аса бұрын бастаған өлеңімді қайтадан қолыма алып, жаңадан жазып шықтым. Отан соғысына қатысқан әр солдаттың жүрегінде өз

Бауыржаннамасы — ардагер ағаға деген өз лебізі, ықыласы болды емес пе? Менің Бауыржаннамам осы өлең.

Осылай әңгімесін аяқтаған Есет Әукебаев маған ақынға тән шабыт, солдатқа тан сүйіспеншілікпен «Батальон» өлеңін оқып берді. Оның соңғы шумағы мынадай еді:

Ұмытылмас со бір шайқас. Өшпес халық жүрегінен. Ол батырлық жыр таусылмас, Туған елін сүйе білген. Ол туралы әуел баста-ақ Жырлар, жырлар — жазылды том. Қарашы, әне, Баукең бастап, Келе жатыр болаттай сом — Батальон!

***

Бұдан кейін мен Баукеннің басқа да әскери пікірлерін есіме түсіруге тырыстым. Соғыс кезінде жұрт оны командир және көркем әдебиет қаһарманы деп қана таныды. Қазіргі қауым әскери жазушы деп біледі. Сонымен бірге Баукең әскери тарихшы да ғой. Бұған Баукеңнің «Жауынгердің тұлғасы», «Генерал Панфилов», «Олар менің есімде», «Куба әсерлері», «Ел басына күн туса...» кітаптары, әлі толық жинақталмаған толып жатқан ғылыми мақалалары куә. Ал Баукеңнің бас кітабы «Москва үшін шайқасты» алатын болсақ оның өзі әрі көркем шығарма, әрі тарих. Әскери жазушы Бауыржанды әскери тарихшы Бауыржаннан бөліп алу өте қиын. Баукеңнің бойындағы бұл екі қасиет біте қабысып кеткен. Қазақ әскери өнерінің тарихындағы ең алғашқы асыл мұра Момышұлының кітаптарынан басталатыны хақ.

Қалай дегенмен де бұл арада менің ойыма ең алдымен «Куба әсерлері» келді. Мұнда Баукең өзінің әскери ойларын көркем шығарманың қауызына тықпай, тыңдаушыларға ауызекі баяндап берген. Ал тыңдаушылары кім еді десеңізші? Куба армиясының солдаттары, офицерлері және оның генералитеті.

Ойлап қарасам Баукеңнің Куба сапарынан тек әскери адамдарға ғана тән тактикалық толғаныстар танылады. Оның Бостандық аралы Кубаға баруының өзі тұтқиыл. Әрине, Куба елінде өзінің атақты екенін Баукең білмеді емес, білді. Бас қаһарманы боп табылатын А. Бектің «Волоколамск тас жолы» кітабы Кубада испан тіліне аударылып, атыс позициясының басында пулеметшілерге оқпен қоса үлестірілгені, ол кітапты Куба жастары, елдің интеллигенциясы жақсы білетіні, тіпті ол кітап Куба революциясының көсемі Фидель Кастроның күнбе-күн оқитын сүйікті кітаптарының бірі екені баспасөз бетінен Баукеңе жақсы таныс болатын. Тіпті ол сол кезде Совет Армиясы Саяси Бас басқармасының бастығы армия генералы Епишевке ГДР-дан келген мынандай хатты да білетін:

«Аса құрметті жолдас армия генералы!

Осы айда Ұлттық Халық армиясының барлық қызметкерлері саяси сабақ ретінде Александр Бектің «Волоколамск тас жолы» кітабын міндетті түрде оқып тауысуға тиіс еді.

Империалистік агрессорлар қару жұмсай қалған жағдайда біздің солдаттарымыз өз міндеттерін осы тамаша кітапта суреттелген Ұлы Отан соғысы кезіндегі жағдайдай нақты білуі үшін бұл кітап жайында барлық топтарда семинарлар мен әңгімелер өткізіледі.

Осыған байланысты мен Сізден Александр Бек жолдасқа, Бауыржан Момышұлы жолдасқа, осы кітаптың тірі қалған тағы бірер қаһарманына бізге келіп, Ұлттық Халық армиясы қызметкерлерінің Ұлы Отан соғысының сабақтары жайында әңгімелеріне қатысуға менің шын жүректен шақыруымды жеткізуіңізді өтінемін.

Социалистік сәлеммен адмирал Фернер».

Берлинге Бек кетті де, Бауыржан бармай қалды. Оның есесіне ол ешбір нөкерсіз, шақырусыз, ешкімге хабар салмастан мұхиттың ар жағындағы алыс Кубаға жападан-жалғыз тартты да кетті. Шетел тұрғай, шеткері ауданға баруға да жүрексінесің. Өзіңді тани ма, танымай ма, қалай қарсы алады деп қауіптенесің. Ал, алшаңдап Алматыда жүрген Баукең аяқ астынан аспанға самғай көтеріліп, 1963 жылғы ноябрьдің бесінде сонау Гавана аэропортынан бір-ақ шығады. Орны самолеттің алдыңғы жағында болғандықтан, ол ең соңда шығушылардың бірі болады. Гавананың шілдедей шыжып тұрған шағы болса керек. Костюмінің ішінен түйе жүн жемпір, сыртынан макинтош киген, басында жылы сусар бөркі бар Баукең самолет есігіне қарай аяңдайды. Сонда серіктерінің бірі:

— Қап, бағана самолет ішінде шешініп, жеңіл киініп алмаған екенсіз. Мына жер жанып тұр ғой, — дейді.

— Оқасы жоқ, ата-бабам жазғы шілдеде қабат-қабат тон киген қазақ емеспін бе, — деп жауап берді Баукең.

Трапқа табаны тиісімен Баукең оң қолын жоғары көтеріп, аэропорт басына жиналған жұртқа ізет білдіреді. Содан кейін:

— Сәлем саған, қаһарман Куба! — деп қазақ тілінде саңқ етіп үн қатып, қолын қылыштай бір сермеп тастайды.

Киген киімі, келбет-бейнесі, саңқ еткен үні аэродром басына жиналған жұрттың назарын бірден аударады. Аэровокзалда Совет Одағынан келген туристердің документтерін тексеріп отырған үш әскери адам Момышұлын танып, орындарынан тұрып, ізет білдіреді.

— Компаньеро Коронел — жолдас полковник Момышұлы, біз Сіздің жайыңызды кітаптан оқып білгенбіз, жауынгерлік істеріңізге әбден қанықпыз, — дейді.

Сөйтіп, Кубаға келген көп туристер ішінен жалғыз Момышұлы ғана танымал болып шығады.

Міне, әскери тактика тәріздес осы қылық, жүріс-тұрыстан мен мұндалап тұрған Бауыржан характері танылады. Ол характер Кубаның ол кездегі Қарулы күштер министрі Рауль Кастро Руспен кездесу кезіндегі әзіл-қалжың түріндегі сайыстарда одан сайын айқындала түседі. Ол тұстарда оқушы: апырай, Баукең бірдеңені бүлдіріп алмаса жарар еді деп іштей сасқалақтап та отырады. Бірақ санасы биік, саясатта салиқалы Баукеңнің өршеленген сайын өрісі кеңейе береді.

Газеттерде Момышұлының интервьюі жарияланып, оның Кубаға келгені жалпақ жұртқа мәлім болады. Сол кезде Баукең Бас штабқа шақырылады. Оның басшыларының бірі комендант Кауссе Қарулы күштер министрі Рауль Кастроның басқа қаладан телефон соғып, Момышұлынан Куба мемлекетінің қонағы болып, бірнеше күн қала тұруды өтінген сәлемін жеткізе отырып:

— Хабардар болмағандықтан аэродромда өзін ешкім қарсы алмағанына полковник ренжіген жоқ па екен? — деп сұрайды.

— Мен мұнда өз бетіммен келген адаммын. Турист ретінде бізді халық қарсы алды. Өте разымын. Ешбір өкпем жоқ, — дейді Баукең.

— Полковник тым кішіпейіл, жуас екен, — дейді комендант Кауссе.

— «Жуастан жуан шығады» деген қазақ мақалы бар. Комендант мені ерте мақтамасын, артынан опық жеп жүрер, — деді Бауыржан.

Ал екі-үш сағат Рауль Кастроның қабылдауында болғанда Момышұлының характері одан сайын айқындала түседі. Баукеңдер министр кабинетінің қабылдау бөлмесіне келіп кіргенде іштен есік жаққа қарай дауыстап испанша айтылған бірер сөз естіледі. Аудармашы Баукеңе министр Сізге кірсін деп жатыр дейді. Баукең ол сөзді естімеген болып тұра береді. Бұлар қабылдау бөлмесінде тұрып қалғаннан кейін іштен 33-34 жастағы жігіт шығып, Баукеңе қолын беріп, ішке кіріңіз деп кабинеттің есігін өзі ашады. Бұл министр Рауль Кастроның өзі еді. Баукең сонда ғана кабинетке кіреді.

— Сіздің осында сөйлеген сөздеріңіздің тезистері жөнінде маған хабарлаған еді, — дейді министр кабинетке кіріп жайғасқаннан кейін Баукеңе. — Бізге, әсіресе, Сіздің достық туралы айтқан пікіріңіз ұнады.

— Команданте, ол менің сөзім емес, менің халқымның сөзі, — дейді Бауыржан.

Бір сөздің ретінде Рауль Кастро:

— Біздің заманымызда дүние пиғылсыз болып отыр емес пе? — дейді Бауыржанға.

— Мен Сізбен келіспеймін, команданте, — дейді Бауыржан министрге. — Дүние пиғылды-ақ. Пиғылсыздық жеке адамдардың қыңырлығынан, оларды шешелері солай қатеден тапқан.

— Иә, Хавананың өзі де күнәкар ғой, — дейді Рауль күрсініп.

— Өзіміздің барлық күнәларымызды Хауанаға жаба бермейік, коменданте, — дейді тағы да Бауыржан. — Ол — қасиетті. Ол бізді өмірге әкелді.

— Сіздің Момышұлы екеніңіз көрініп-ақ тұр, — дейді министр күліп. — Сізге рақмет, коронел. Біз Сізбен оңашада біраз сайысып көрдік. Енді, рұқсат етсеңіз, жұрт алдында сайысайық. Үкімет қабылдауына келген адамдарды шақырайық. Біздің әңгімелерімізді олар да тыңдасын.

— Солай болсын, — дейді Баукең міз бақпастан. — Мен ешқашан да құпия соғысып көрген емеспін.

— Сіз сайысқа шеберсіз ғой, мені аяйтын боларсыз, — дейді Рауль күліп.

— Жоқ. «Күш атасын танымайды», — дейді Баукең түсін суытып...

— Сіз мені өлтіріп кеттіңіз, — дейді министр Момышұлынан жеңілгенін мойындап.

— Мен өзімнің жауларымды ғана өлтіретін едім, — дейді тағы да Баукең міз бақпастан.

— Сіз әдебиетке қалай келдіңіз, коронел?

— Мен әдебиетке соғыстың буксирінде отырып келдім, команданте.

Министр енді Баукеңнің өзінің творчествосы туралы. Александр Бекпен ара қатынасы, Қазақстан хақында айтуды және әскери мәселелер жайында кеңес беруді өтінеді.

Баукең мұндай өте көп мәселелер жайында сөйлеуге әзірленбегенін айтады.

Сонда басқа генералдар да Баукеңе тілек білдіреді, Сізге арнайы әзірліктің керегі жоқ көрінеді, қолма-қол айтқан сөздеріңіздің өзіне-ақ разы болар едік деседі. Сонда Баукең:

— Жарайды, мен жауға ешқашан берілген жоқ едім, достарыма берілдім міне, — деп екі қолын көтереді.

Мұны бәрі Баукеңнің характеріне байланысты сөз. Менің ойлап отырғаным оның әскери тарихқа қажет пікірлері.

Ал осы пікірлерді Баукең Кубаның әскери-саяси училищесінде, әскери академияда сөйлеген сөздерінде айтқан.

— Менің мамандығым әскери қызмет, — деп бастаған ол академиядағы сөзін, — Біздің Конституциямызда: Отанды қорғау СССР-дің әрбір азаматтарының борышы деп жазылған. Менің ұлтым қазақ мен Совет Одағының азаматымын. Қазір елудің ішіндемін. Соның жиырма бес жылын армия қатарындағы қызметке бердім. Армияда қызмет ету оңай емес, онымен ажырасу да оңай емес. Ұзақ жылдық әскери еңбегімнің есесіне мен запастағы полковник ретінде қайғысыз-қамсыз жата беруіме болар еді. Бірақ запастағы азамат ретінде тып-тыныш жата беруіме арым төзбеді.

Менің шығармаларым өз басымның естеліктеріне, ерекше эпизодтардың ең елеулі көріністеріне негізделген. Оларда ойдан шығарылған оқиғалар да, ойдан шығарылған адамдар да жоқ. Менің тақырыптарымның түйіні мынадай:

1) СССР азаматы тұлғасындағы қазақтардың қалыптасу процесі.

2) Жауынгердің қалыптасуы және жауынгерлік характердің қалыптасуы. Барлық кітаптарымда өз басымнан кешкен қателерімді де әңгімелеп отырамын. Ондағы мақсатым менің қателерімді кейінгі толқын жастар қайталамасын дегендік.

Өлім деген сөзсіз нәрсе, бұлтару жоқ! Ол біреуге ерте, біреуге кеш келеді. Өлімнен қорқуға болмайды. Енбекке қабілеттіліктен айрылудан қорқу керек. Өмірден қайткенде көп алу дегеніміз — тоғышарлық, ал қоғамға қайткенде көп беру — бұл күрескердің ісі. Өмірдің қуанышы да көп алуыңда емес, басқаларға көп беруіңде, білім мен тәжірибеңді халыққа таратуыңда.

Мінеки, сөзін осылай бастаған Баукең енді әскери адамдардың әскери тақырыпқа қойған сан алуан сұрақтарына жүйелеп жауап береді. Әскери трактат түріндегі ол жауаптар мынадай:

Мен қайткенде де қоғамға пайдамды тигізсем, Совет Одағына ақырғы демім біткенше еңбек етсем деп арман еттім.

Армия — азаматтық зор мектеп.

Менің армияда алға қойған міндетім Отанды жаудан қорғау еді, қорғадым; жазушылық ісінде алға қойған мақсатым аға буынның ерлік істерінің үлгісін дәріптеу, жастарды советтік патриотизм рухында тәрбиелеп, ерлікке үйрету еді, оны да орындап келемін.

Жеке солдаттың тәжірибесі — жақсы мектеп. Ал бүтін взводтың тәжрибесі — университет.

Менің өз кітабымның шекесіне жазатын эпиграфым мынадай: «Бұл жазбаларымда мен тек жақсы тәжірибемді ғана ортаға салмақ емеспін, өзімнің басымнан кешкен қателерімді де әңгіме етпекпін. Бауыржан Момышұлы».

Егер менің кітабымның елге берер жемісі болса, онда еңбегімнің өтелгені.

Кездесулерде менен Панфилов туралы көп сұрайды, қандай адам еді? — дейді. Генерал Панфилов жауынгерлік еңбегі үлкен, әскери атағы жоғары бола тұра кішіпейіл, ақжарқын, талап қойғыш та қамқор жан еді, нағыз орыстық, интернационалдық мінездің адамы болатын.

Өзіне өзі сынмен қарау — оңай іс емес.

Өзінің қателерінен сабақ алу әркімнің қолынан келе бермейді.

Үлкен бастықтың оңдырмай сөккенінен адамды өз арының сөккені әлде қайда күшті.

Москва түбіндегі ұрыстардың бірінен соң өзімнің онша сәтті болмаған бір шешімімді генерал Панфиловқа баян еттім. Уставтың кейбір тармақтарына негіздеп қабылдаған ол шешімнің ойдағыдай боп шықпағанын айттым.

— Бірінші Петр алдымен былай деп жазған екен, — деді генерал маған ойлана жауап қатып. — «Соқырдың қабырғаны сипалағаны сияқты, уставқа жабысып қалма. Өйткені онда тәртіп жөні тізілген, ал мезет пен мезгіл, болар оқиға жазылмаған». Содан кейін Бірінші Петр сәл ойланыпты да, артынша мына сөздерді қосыпты: «Кімде-кім уставты орындамаса, қамшымен орындаттыру керек».

— Бірінші Петр жақсы айтқан, жолдас генерал, — дедім мен. Панфиловтың сөзін бөліп.

— Жақсы айтуын жақсы айтқан, — деді Панфилов, — Оған дау жоқ. Алайда, ол Сізді қамшымен осқылар еді, ал менің өйтуіме Совет өкіметі рұқсат етпейді. Уставты біледі екенсіз, оны қолданба демеймін. Бірақ оның тармақтарын орнымен қолданған жөн, нақты жағдай не айтады, соны есепке алып, ретіне қарай қайрат жасау керек. Уставты жаттанды қолдануға, әрпіне жабысып қалуға тыйым саламын.

Генерал Панфиловтың осы сөзін өмір бойы жадымда сақтап келемін. Соғыс уақытындағы қиын-қыстау кездерде, одан кейін де сан рет генералды есіме алып, оның маған ақыл

айтқан сол сәтін көз алдыма келтірдім. Тіпті қазір, өзім қартайып, генералдың жасынан асып кеткен шақта да, оны көз алдыма әкеліп, «ақылдасып» аламын, содан кейін сабама түсемін. (Қарт кісілер ашушаң келеді ғой.)

Устав — бейбіт күнде заң, соғыста творчество. Ал творчество тек ақылмен, терең оймен ғана жүзеге асады.

Бұйрық халық, Отан атынан беріледі, берілген соң оны орындаушы адамның тағдырына айналады.

Әскерлер командир үшін емес, командирлер әскер үшін керек.

Командирлік өнердің басты міндеті — көптің көңілін ашар кілтті табу.

Соғысатын — адам, ал техника дегеніміз — оның қолындағы күрес құралы. Өзінің қолындағы техниканы, дастархан үстінде қасықты жұмсағанындай, жақсы игеріп, жұмсай алатын саналы, намыскер, инициативты, белсенді жауынгер — міне нағыз жауынгер тұлға осы.

Бейбіт күнде де, соғыста да әскерлердің саяси-моральдық факторының шешуші маңызы бар.

Саяси бөлім — әскерлердің рухани штабы.

Ерлік істелмесе — ешкім де қалам тербемейді.

Армияда саяси жұмысты ұйымдастыру жауынгерлік әзірлікті ұйымдастырудан әлдеқайда күрделі.

Ұрыста саяси жұмысты ұйымдастырудың жай-күйі командир шешімінің белгілі бір буынын жасап алудан бір де кем емес.

Ұрыста командир шешімін саяси жағынан қамтамасыз ету — ұрысты материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуден бір де кем емес.

Қарулы күштер дегеніміз Отанның бостандығы мен тәуелсіздігін қорғауды, революцияның жеңістерін сақтап қалуды, мемлекеттік мүдделерді сақтауды және халықтың жемісті бейбіт еңбегін қамтамасыз етуді көздейді, сол үшін жасақталады.

Әскери қызмет дегеніміз — дені сау әрбір азаматтың асыл парызы, ардақты борышы.

Кімде-кім әскери қызметтен жалтарса, ол патриот емес.

Армия өмірінің басты негізі — қатаң әскери тәртіп. Қатаң әскери тәртіп саяси биік саналылыққа, патриоттық сезімге, әр жауынгердің өзінің әскери борышын терең түсінуіне негізделеді.

Әрбір жауынгер тәртіпті болуға, өз қолындағы қарудың тетігін әбден игеріп, сақтай білуге, өз білімін үнемі көтеруге, өзінің әскери коллективін құрмет тұтуға, барлық істе өз жолдастарына көмектесуге, өз жолдастарын лайықсыз қадамдардан сақтандыруға және өз командиріне сөзсіз бағынуға міндетті.

Әскери тәртіпті нығайтудың негізгі әдісі — сендіру, қосалқы әдісі — көндіру. Командир көндіру әдісін тәртіпсізді тәрбиелеудің ең соңғы шарасы ретінде ғана қолданады.

Командир өз бағыныштыларын ашумен емес, ақылмен тәрбиелеп үйретуі тиіс.

Командир қара қылды қақ жарған әділ болуға, біреуді шектен тыс мақтауға да немесе біреуді жазықсыз жазғыруға да бармауы керек.

Талап қою дегеніміз — заң, қаталдық дегеніміз — заңсыздық.

Қаталдық, басқа да заңсыздықтар сияқты, жауынгерді қорлайды, езеді, ызасын қоздырады.

Саяси саналылықтың, жауынгерлік дәстүр мен озат тәжрибенің тәртіпсіздікке төзбеушілік көзқарастың негізінде жауынгер намыскер адам болып тәрбиеленіп, үйренуі керек.

Намыскер емес адам — ерлік жасауға қабілетсіз.

Ерлік — табиғат сыйы емес, ұзаққа созылған тәрбиенің жемісі.

Ешкім де генерал болып тумайды. Генералдар солдаттардан өсіп шығады.

Ауыстыруға болмайтын адамдар жоқ.

Еш нәрсе нормадан не кем, не артық болмауы керек.

Соғыс жорығы — саяхат емес, ұрыс даласы — курорт емес.

Командирдің қасына оны үнемі қолдай беретін пір еріп жүрмейді. Оның ойына, аспаннан сап етіп, ақыл түспейді. Ол мойнына өзінің барлық істерін сәттілікке сая беретін бойтұмар тағып жүрмейді. Тіпті командирді устав ережелері де, оны қаншама жатқа білгенмен, қолдай бермейді. Командир творчество адамы. Әр жағдай командирді әртүрлі ойлатады, әртүрлі толқытады, әр арнадан, әр саладан оны іздендіреді. Бір жағдайдағы келісімді нәрсе екінші жағдайда сәтсіздікке ұшырауы мүмкін... «Уставта былай делінген екен, мен де солай

істейін» деп устав әріптерін талисман ретінде ұстаушылар шаблонистер. Уставты оқи білу өз алдына, оны ұғына, астарына түсіне білу өз алдына.

Мінеки, Баукеңнің Кубада айтқан әскери ойларының ұзын ырғасы осындай. Революциялық Куба армиясының солдаттары мен командирлері бұл сөздерді разылықпен, ілтипатпен тыңдады. Өзіміз үйренер өнеге деп қабылдады. Куба Үкіметі мен Қарулы күштері генералитетінің совет полковнигі Бауыржан Момышұлының құрметіне арналған қабылдау мәжілісінде сол кездегі Қарулы күштер министрі коменданте Рауль Кастро былай деді:

— Құрметті коронел Момышұлы! Біз бұрын Сізді Александр Бектің кітабы және өз кітаптарыңыз бойынша білуші едік. Енді өзіңізді көріп, өз аузыңыздан сөзіңізді естіп отырмыз. Сіздің көп бейнет кешкен тәжірибеңіз біздер үшін, жас жауынгерлер үшін (Сіз, әрине, біздің жастығымызды мойындамай, жаспыз деп айтып қалғанымыз үшін сөксеңіз де) айнымас қағида болды және бола да береді. Біз Сізбен өз жерімізде, Американың азат аралында кездескенімізге қуаныштымыз. Сіз әскери адам, жазушы, ғалым ретінде біздің ортақ ісімізге көп пайдаңызды тигізе аласыз. Сіздің біздің елге келуіңіз біз үшін ерекше көрініс болып табылады. Сіз өзіңіздің халықтардың патриоттық және достық әдебиетінің әлемінде істеп жатқан игілікті еңбектеріңізбен қолыңыздың бос еместігіне қарамай, біздің елге келуге мүмкіндік таптыңыз... Елімізде болған аз уақыттың ішінде. Сіз үлкен саяси жұмыс жүргізіп, бізге өз тәжрибеңізді айтып беруіңіз, өзіңіздің жіберген қателеріңіз болса, оны да алға салдыңыз. Мұның бәрі біз үшін өте бағалы, коронел! Біздің республикамыздың ішкі және сыртқы жағдайы қазіргі уақытта өте күрделі болып отыр. Сіз, әрине, көре білетін адам, әскери және қоғамдық қайраткер болғандықтан мұны өзіңіз де аңғармай өткен жоқсыз. Біз жалпыға бірдей міндетті әскери тәртіп туралы заңның жобасын бүкіл халықтың талқылауына беріп отырмыз. Мен Фидельдің тапсырмасы бойынша Москвада болғанымда, біздің елші арқылы, Сіз жөнінде анықтама алып та көрген едім. Кейіннен біздің елші хабар етті: Сіз аман-есен, Алматыда тұрады, кітап жазады дегенді айтты. Содан кейін тиісті каналдар арқылы, Сіздің бізге келуіңізді өтінген едік... Сіз өзіңіздің келетініңізді күнілгері білдірмегеннен кейін, біз, тиісті түрде, лайықты қарсы алуды ұйымдастыра алмадық. Бұл үшін мен Сізден ғапу өтінемін... Сіз риза болсаңыз, коронел, біз ризамыз. Бұл қабылдаудың өзі де біздің премьер-министрдің — Фидель Кастроның — арнайы нұсқауы бойынша өткізіліп отыр. Өзіңіз көріп отырғандай мұнда министрлер және біздің қарулы күштердің әскер түрлерінің бас командашылары отыр. Фидельдің өзі шұғыл жұмыспен тездетіп Ориентаға кетті. Маған Сіздің алдыңызда ғапу өтінуді сұрап еді... .

Құрметті ұстазымыз коронелдің денсаулығына, бұл кісі, бұдан былай да ойымызға ой қоса беруіне, бұл кісінің семьясының бақытты болуына, бұл кісінің балалары жақсы ата мұрагерлері болуына тілектестік білдіріп, осы тосты түрегеп тұрып ішейік.

Рауль Кастроның бұл сөзінен кейін рюмкаларын көтеріп, табандарынан тік тұрады.

Осылай, бөтен жерге жалғыз өзі барып, бүкіл бір елді аузына қаратып дүрілдетіп қайту Баукең сияқты ердің ерінің ғана қолынан келер. Бөтен елдің министрлері мен генералдарына өзіңді танытып, сөзіңе бас шұлғытып, олардың құрметі мен сүйіспеншілігіне ие болу үшін қаншама күш, қайрат, ақыл, шешендік, даналық керек десеңші. Бауыржанның бойында Исатайдың аққөздігі, Махамбеттің ақындығы, Аманкелдінің өрлігі, Чапаевтың ерлігі, Қажмұқанның қайраты бар. Баукең осы бес батырдың тоғысқан нүктесі. Ұлтымыздағы әскери, әдеби, саяси даналық бір басына тоғысқан тұлға осы!

Мен осылай деп ойладым.

— Немене, ұйықтап кеткен жоқсың ба? — деді Баукең мен ұзақ үнсіз қалғаннан кейін еңсесін көтеріп.

— Жоқ, Бауке, ұйықтағаным жоқ.

X

Баукең әңгімесін қайтадан жалғады.

— Сонымен мен Москва — Алматы поезының халықаралық вагонында келе жатырмын. Поезд вагон ішіндегі мені тербетеді, мен өз ішімдегі ойды тербеймін. Москвадан Алматыға қарай тартылып келе жатқан жаңа өмірімнің жағдайын ойлаймын.

Алматыға келдім.

— Шынымен келдің бе? — деп әйелім бетіме ұзақ қарады.

Содан кейін қасыма Бақытжанды алып, елге кеттім. Мен тек бәйбішемнен ғана екі перзент көрген кісімін ғой. Шолпан деген қызым ертерек қайтыс боп кетті. Жанымның жалғыз қабығы болып Бақытжан ғана қалған. Оның ер жетіп, қазір жұрт білетін-жазушы болғаны өзіңе белгілі.

Баламды қасыма ертіп, балалық шағым өткен жерлерді аралап, Жамбыл мен Шымкентте үш-төрт айдай жүрдім. Елмен, ағайын-туыстармен кездесіп, мауқымды бастым.

Сөйтіп Алматыға қайтып келсем военкомат мені іздеп, шала бүлініп жатыр екен. Ол кезде Маршал Жуков Қорғаныс министрі болатын. Ол кісі өзі Алматыға телефон соғып, полковник Момышұлы денсаулығына байланысты әскерден босап, Алматыға кетті. Сол кісіні қызметке орналастырып, пәтер бергізіп, артынан маған хабарлаңдар депті. Военкоматтағылар Алматыдан мені сұрастырып таба алмайды. Министрге жауап беру керек. Олар соған сасқалақтап отыр екен.

— Министрге полковник Момышұлына қызметтің керегі жоқ. Ол әдеби енбекпен шұғылданатын болады. Пәтерге орналастырудың да қажеті жоқ. Оның өз пәтері бар деп айтыңыздар, — дедім.

Маршал Жуков аса әділетті кісі еді. Тіпті күні кешеге дейін мен оның есінде екенмін. Былтыр Москвада өткен Отан соғысы ардагерлерінің жиналысында ол Қазақстан делегациясына келіп. Момышұлы қайда деп сұрапты. «Ол ауырып жатыр» дедік деп Снегин айтып келді. Өз басым маршал Жуковқа өте разымын. Жұрт Жуковты қатал болды деседі. Дей берсін. Қаһармандық қаталдықтан туады. Жұмсақтан жолбарыс шықпайды. Понятно тебе?

Москвадан Алматыға келіп екінші өмірімді бастағанда мен қазақ әдебиетінің Мұхтар, Сәбит, Ғабит сияқты генералдары бола алмайтынымды білдім: Енді мен баяғыдай банк қызметкері де бола алмаймын. Партия, совет қызметкері болу қолымнан келмейді. Мен ол кезде жалпақ жайлауда жағалай отырған ауылдарға ат аздырып, тон тоздырып шеттен көшіп келген кірме сияқты едім. Қай ауыл қоңсыға жайлы болар екен, қай үйдің іргесіне арбамның дертесін тіресем екен деп ойладым. Келгенді кет демейтін кең қолтық жазушылар ауылы жаққа жалтақтап көп қарадым. Көкорай шалғынның төріне қонған ол ауылдың ордалары көзіме жылы ұшырай берді. Сәкен, Бейімбет, Ілияс, Мұхтар, Сәбит, Ғабит үйлерін қоршалай қонған ақ отаулардың түндіктері тынымсыз желпілдеп жатты.

Мен сол ауылдың шетіне тоқтап, әскери лашығымды тігетін орын іздедім. Кездестіре алмадым. Тау жақ қиядан, үлкендігі шөккен атандай кедір-бұдыр тасы көп бос орын таптым. Ол ешкімге керегі жоқ, ақ орда сыймайтын, ақ отаула ешкім қажет қылмайтын, бос бұрыш екен. Мен сол жерге, құз жартастың басына әскери шатырымды орнатып, әдебиет аулына қоңсы қондым.

Әскерден босаған соң, Жамбыл, Шымкенттен оралып, үйге тізе бүгіп жайғасқаннан кейін, ендігі генералдарыма сәлем берейін деп, жаңа мундирлерімді киіп, қылыш, маузерімді асынып, Пролетар көшесі, 11-ші үйдегі Жазушылар одағына бардым. Барсам басшылардан ешкім жоқ. Бір кабинетте көзәйнегі жарқырап жас секретарь отыр екен. Полковник Момышұлы әскерден босап, әдебиет полкының қарамағына келді. Енді осы одақтың әскери жазушысы боламын деген рапортымды соған беруіме тура келді. Осылай деп Бауыржан кеңкілдеп күліп алды.

Автор. Неге күлдіңіз, Бауке?

Бауыржан. Рапорт берердегі менің қылышымнан қорқып жас секретарьдың сонда стол астына кіріп кеткені ойыма түсіп, соған күліп отырмын.

Сөйтіп мен қазақ әдебиетінде ең алғаш әскери тақырыпты бастадым. Менің бұрын азын-аулақ соғыс тақырыбына қалам тартқан жазушылардан өзгешелігім өзімнің соғысқа қатысып келгендігім еді. Менің екінші өмірімнің бақыты әшейін жазушы емес, әскери жазушы болғандығым. Содан бері не жазып, не қойғанымды жоғарыда айттым. Жұрт біледі. Мен әскерде де, әдебиетте де полковник дәрежесінде қалдым. Генерал болу менің пешенеме жазылмаған. Бірақ, қырық алты жасымда басталған екінші өмірімді алғашқы өмірімнің дәрежесіне жеткізгенімді мен өз басыма қонған өзгеше бақыт деп білемін. Бұл сұрағыңның жауабы осы, қарағым.

XI

Автор. Енді ең соңғы сұрағымды қоюға рұқсат етіңіз, Бауке.

Бауыржан. Қойғын.

Автор. Бұрынғы мен бүгінгіні, онымен болашақты салыстыра отырып, арт пен алға көз жібере келіп, жас ұрпаққа қандай ақыл айтар едіңіз?

Бауыржан. Алдымен Россияның адамзат алдындағы баға жетпес еңбегін әрқашан еске алып отыру қажет дер едім. Ол ең алдымен татар-монғол шапқыншыларын талқандап, Шығыс Европа, Орта Азия, Кавказ елдеріне азаттық әперді, ал Батыс Европаның қалаларын біздің Отырар, Құмкент сияқты жермен-жексен етілуден сақтап қалды. Содан үш жүз жылдан кейін бүкіл Орталық және Шығыс Европаны басып алмақ болған швед королі Карл XII-ні Россия Полтава шайқасында және қиратып шықты. Содан жүз жыл кейін бүкіл Батыс Европаны табанының астына салып алып, «Европаның бар халқынан тұтас бір халық жасап, Парижді барша дүниенің кіндігі жасаймын» деп әлемге жар салған әйгілі Наполеонды да Россия талқандады. Сол сияқты Батыс Европаны түгел басып алып, «Барбарос» жоспарын төбесіне ту етіп көтеріп, шығысқа қарай өрттей қаулап келе жатқан Гитлерді де Россия құртты. Осылайша ол Орталық және Оңтүстік шығыс Европаның халықтарына және азаттық әперді. Соңғы бес ғасырдың ішінде Европа мен Азияның халқын және қалаларын Россия төрт рет қырғын мен күйреуден сақтап қалды.

Міне осыны ұмытпау керек. Бұл бір.

Европаның Англия, Франция және Германия сияқты ірі мемлекеттерінің бірде-бірі адамзат үшін орыс мемлекетіндей еңбек еткен емес. Ендеше оны да ойдан шығармау керек. Орыстар өздігінен өзгеге тимейтін ең ұстамды халық. Егер өзіне жау тисе жеңбей тынбайтын ең ер халық. Ер халықпен еншілес болу ерекше бақыт.

1812 жылғы Отан соғысына қазақ халқы елеулі үлес қоса алмады. Ол соғысқа украиндар 60 мың адам, Дон қазақтары 26 полк, башқұрттар — 20, қалмақтар 2 полк берсе, қазақтардың қосындары бір көпе шөптің ішіне түскен инедей ғана болды. Ал 1941—1945

жылдардағы Ұлы Отан соғысына қазақтар белсене ат салысты. Бұдан жүз отыз жыл бұрын Наполеонға қарсы тұтас бір батальон қоса алмаған Қазақстан бұл соғысқа өз қолымен жасақтап бірнеше дивизия мен бригада аттандырды. Сөйтіп, Совет Армиясының берік жауынгерлік сапында қазақ солдаттары Европа мен Азиядай екі материкті азаттық сапарымен еркін шарлады.

Оларды Отан лайықты наградтады. Бес жүзге жуық қазақстандық солдаттар мен офицерлерге, олардың ішінде тоқсан сегіз қазаққа Совет Одағының Батыры атағы берілді. Қазір қазақтан шыққан он шақты генералымыз бар. Олар: Шәкір Жексенбаев, Бердіғали Игіліков, Нұрлы Байкенов, Сағадат Нұрмағамбетов, Камал Бошаев, Есет Әлібеков, Баһадұрбек Байтасов, Самұрат Сыртанов және Жансам Кереев. Бұлар әскери генералдар. Ал Шырақбек Қабылбаев пен Әбдіманап Тілеулиев бастатқан Ішкі істер қызметі мен мемлекет қауіпсіздігі қызметінің генералдары өз алдына бір төбе. Бұлар біздің халқымыздың тарихындағы түңғыш генералдарымыз. Сол себептен де мен оларды санамалап толық атап отырмын. Мұны білудің оқырмандарға да артықтығы жоқ. Түсінікті ме саған?

Мінеки, орыстар өзінің жалпы адамзаттық төртінші ұлы миссиясын атқарғанда — Европаны Гитлердің қанды шынжырынан құтқарып қалғанда, барлық басқа да совет халықтары сияқты, қазақтардың онымен бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып бірге болуы — біздің мәңгілік ұлттық мақтанышымыз. Міне бұл — екі.

Одан кейінгі айтатын сөз мынау.

— Ей, бүгінгі жас қауым, бейтаныс арғы ұрпақ!

Әр әке балам бақытты болса екен, үрім-бұтағым үзілмесе екен, өшпесе екен деп тілейді. Осы мақсатпен жиырмасыншы ғасырдың басында әкелеріміз бізге қаралы жексенбілерде қан кешіп жүріп, коммунистік қоғам орнатып, кең байтақ социалистік Отан жасап берді. Олар бізге: құрылыс жақсы болса — тұрмыс жақсы, бірлік мықты болса — тірлік күшті. Осы құрылыс пен бірлікті көздің қарашығындай сақтаңдар деп өсиет етті. Біз бұл өсиетті абыроймен орындап, социалистік Отанымызды Гитлер сияқты ең жауыз жаудан сақтап қалдық. Туысқандық бірлігімізге титтей де дақ түсірмедік.

Сөйтіп, Ұлы Отан соғысында қабырғадан қан кешіп жүріп, біз де сендерге бақыт әпердік, жас ұрпақ. Ол — қазіргі кең жазира Отаның сенің. Өйткені — Отансыз өмір, онсыз қуаныш жоқ. Соны көздің қарашығындай сақтаңдар. Соңғы үш ғасырда дүниеге үш жалмауыз берген адамзат жауыз ұлға қысыр боп қалмас.

Бір ғасырда бір Наполеон, екі жүз жылда есуас Гитлер тумай қоймас. Ондай жауыздардан елді, жерді, социалисты қоғамды сақтап қалу — сенің борышың, алғы ұрпақ.

Ұзын бой қысқарады, үлкен дене кішірейеді, адам ақыры өледі. Ол — табиғат заңы. Адам өлгенімен оның еңбегі өлмейді, ерлігі өлмейді, ол атқарған ұлы іс өлмейді. Ұлы іс Отанға деген сүйіспеншіліктен, халыққа деген құрметтен, осы екеуі үшін аяусыз еткен еңбек пен ерліктен туады. Өткен Отан соғысында он тоғыз — жиырма жасар азаматтар ерекше ерлік көрсетті. Жиырма жас тарихи ерліктер жасайтын жас. Осыған әрқашан да әзір болу керек.

Жастарымыз отаншыл болсын. Отаншылдық — әр адамға керекті ең ұлы қасиет. Ал отаншылдық өз үйіңнен басталады. Кімде-кім ата-анасын ардақтаса, сол ата-анадан бірге туған бауырларымен тату болса, өзінің өскен ауыл, қаласын, туған ұлтын сыйлап, қадірлесе сол адам отаншыл болады. Өйткені өз әке-шешесін ардақтамаған, өзгенің ата-анасын құрметтемейді. Үйде бауырмал болмаған, түзде интернационалист болмайды. Өз ауылының тасын сыйламаған, өзге ауылдың тауын қадірлемейді. Өз ұлтын жақсы көрмеген, өзге ұлттарды ұнатпайды. Мұны ұлтшылдықпен шатастырмау керек. Екеуі аспан мен жердей екенін жастар ажырата білуі шарт.

Намыс — азаматтың алтын туы. Әке-шешесін сыйлаған балада ғана намыс болады. Оларды ұялтпайын, сүйегіне таңба түсірмейін, өлсем өлейін,.. бірақ ата-анамды, ағайын-жұртымды жерге қаратпайын дейді. Ер жігіттің елі — ата-анасы, Отаны — өз үйі.

Патриотизм — «Отаным сені сүйемін. Сен үшін құрбан болуға әзірмін» деп құрғақ сөзді гүмпілдете беру емес. Ол — формализм. Елді, жерді, Отанды сүйетіндігіңді сөзбен емес, іспен дәлелде. Ата-анасын сыйлаған шәкірт, студент сабағын да жақсы оқиды, тәртібін де дұрыс ұстайды, шаруакер, адал, әділ болып өседі. Іс деген осы, патриотизм осыдан басталады.

Жастардың Отан қорғау қызметін атқарып қайтуы — адамгершіліктің ең асыл парызы. Ал еңбекшілдік, білімділік, тәртіптілік, тәлімділік, шыдамдылық — армия үшін ең қажетті қасиет. Әскерде басбұзарлыққа орын жоқ! Өйткені оның қолында елдің тағдыры — қуатты техника бар. Ал жауынгердің ол техниканы тастап қыдырып, қыз қуалап, арақ аңдып, қаңғып кетуіне болмайды.

Жастар араққа үйір болмауы керек. Арақ адамгершіліктің, азаматтықтың, ақылдың жауы. Арақ азғындыққа жетелейді. Араққа бір үйреніп алсаң одан қашып құтыла алмайсың. Ең алдымен осыдан сақтану керек. Арақ — адамның ішкі жауы. Сыртқы жауды техниканың күшімен құртуға болады. Ал ішкі жауды ешқандай ракетамен атып түсіре алмайсың. Нәпсіқұмарлыққа бір салынып алсаң, оны тоқтатуға ғылымның да, білімнің де шамасы жетпейді.

Ей, жүз жылдан кейінгі, мың жылдың ар жағындағы үрім-бұтақ, жұрағат, жас ұрпақ! Естисің бе менің үнімді, жете ме саған менің дауысым. Жетсе, бүгінгі баламыздан бастап, көп ұлтты социалистік Отанымыздың барлық, болашақ ұрпақтарына айтар екі ауыз сөзім

бар. Ол — Отанды сүйіңдер, оны қорғаңдар, оған қызмет етіңдер! —деген сөз. Ол — халықтар достығын қадірлеңдер, қасиеттеп ұстаңдар! — деген сөз.

Ұлы Октябрь революциясы салып берген даңғыл жолымда маған тамаша орыс адамдары, орыс қолбасылары кездесті. Егер менің сонау Николай Рединнен бастап, Панфилов, Чистяков, Серебряков, Рокоссовский, Жуков сияқты ұстаздарым болмаса, онда мен дүние жүзіне әйгілі полковник Момышұлы болмас едім. Егер орыс халқы болмаса, оның Толстой мен Тургенев, Чехов пен Горький сияқты қаламгерлерінің еңбектерінен үлгі алып өспесем, онда мен жазушы Момышұлы болмас едім.

Анада, Азия-Африка жазушыларының Алматыда өткен бесінші конференциясының соңында біздің республикамызды аралап көрген бір топ шетел жазушыларының алдында мен былай деп сөз сөйледім.

Қадірлі қонақтар!

Қымбатты москвалықтар!

Ардақты жерлестерім менің!

Бұл жерде менің ағалы-інілі адамдар жайында екі-ақ ауыз сөз айтқым келеді.

Егер сен шамасы аз, шағын денелі бала болсаң, онда саған арқа тұтарлық әлуетті аға керек. Сонда ғана саған ешкім бата алмайды; біреу-міреу көзін алартқанымен, қолын жұмсай алмайды...

Дәл осындай алып аға кішкентай халықтарға да қажет. Өйткені халықтар да жер шарының сәбиі, бала болғандықтан оларға да қорған керек.

Біз, Советтер елін мекендейтін аз халықтар, өзіміздің үлкен ағамыз орыс халқын мақтан тұтамыз. Мақтан тұтатын себебіміз ол шын мәніндегі ұлы халық. Мен оны дүние жүзіндегі көп санды халықтардың бірі болғандықтан ұлы деп атап тұрғаным жоқ. Тек сан жағынан ғана басым халықтарды шетінен ұлы деп атай беруге болмайды. Адамдарға азаттық, бейбітшілік, теңдік, туысқандық, достық әкелуші көп санды халықтың ғана ұлы деп аталуға қақысы бар. Өзімен отандас аз халықтарға қалтқысыз көмек беріп, оның экономикасы мен мәдениетінің, ана тілі мен әдебиетінің, ғылымы мен өнерінің өркендеуіне үнемі қамқор болып отыратын көп санды халықты ғана ұлы деп атай аламыз. Ал орыс халқы дәл сондай халық. Орыс халқын біз осы үшін шексіз сүйеміз.

Біз орыс халқын дүние жүзіне тамаша революционерлер, халық бақыты үшін көптеген табанды күрескерлер бергені үшін сүйеміз. Идеясы дүние жүзінің барлық езілген

халықтарының компасы болған Лениндей данышпан орыс халқының көкірегін жарып шыққандықтан да біз оны одан сайын жақсы көреміз.

Орыс халқын шексіз сүйіп, жақсы көретін себебіміз ол — туыс халық, ол — дос халық, ол — әке халық. Өздеріңіз ойлап қараңыздаршы, дүние жүзіндегі көп санды халықтардың орыстан басқа қайсысы аз халықтардың Шыңғыс Айтматов, Расул Гамзатов, Юрий Рытхэу, Юван Шесталов, Әнуар Әлімжанов сияқты талантты өкілдерін алақандарына салып, әкедей әлпештеп, зор мақтанышпен дүние жүзіне танытып отыр?!

Мен бұл тосты рақымды, мейірбан, әділ, адал, турашыл, еңбекшіл, интернационалдық, коммунисты ұлы орыс халқы үшін көтеремін.

Біздің орыс халқын осылай ақ пейілмен, адал көңілмен шексіз сүйетінімізге дүние жүзінін басқа халықтарының қызығуына да, қызғануына да болады.

Ал кімде-кім қызығатын болса, онда ол бұл халықтың адал досы болсын да, біздің мызғымас достық берік саптан орын алсын. Ұлы орыс халқының үлкен жүрегінен дүние жүзіндегі барлық халықтарға мекен табылады.

Бұл ой, бұл сөздер — менің жан жырым, менің халқымның жүрек жыры. Бұл жырды мен бар дауыспен барлық жерде айта аламын, қонақтардың достардың, менің халқымның жауларының алдында да шырқаймын!..

Міне, мен Азия мен Африка елдері жазушыларының алдында осылай дедім. Өлсем — өсиетім осы. Өле-өлгенше аузымнан тастамай алыс, жақын ағайынға айта жүрер сырым мен шыным осы, қарағым. Мұның жастарға да қатысы бар.

Автор. Сіз бен біз ұзақ әңгімелестік, Бауке. Көп рақмет.

Бауыржан. Кәдеңе жараса сол айтылғанның бәрі сенікі.

Автор. Жарата алсаң деңіз.

Бауыржан. Оны өзің білесің. Менің шаруам жоқ.

Автор. Біз бұл әңгімемізді Жеңістің отыз жылдығы қарсаңында аяқтағалы отырмыз-ау, Бауке.

Бауыржан. Оның рас. Жеңіске жеткен қуанышқа кенелді, жетпеген арманда кетті. Отан соғысында өлгендерді ұмытпайық. Өзіміз өлгенше олардың аттарын аузымыздан түсірмей, жазғанымызда қағаздан қалдырмай халыққа айта берейік. Оларға біздің дұғамыз осы болсын! Өлгенді ардақтай білген ғана тіріні құрметтей алады. Өлгенге бақыт керек емес.

Өлінің бақыты тірінің тірілігінде. Ал тірілер бір-бірімізді шын жүректен құттықтайық, сыйлайық, қадірлейік.

Осылай деп әңгімесін аяқтап, Баукең үн-түнсіз отырып қалды. Баукең туралы жазылған жаңа өлеңдердің бірі есіме түсті.

Біреуді асау дейді, тентек дейді,

Біреуді қыз мінезді еркек дейді.

Әркімді өз орнына әділ қойып,

Бәрібір уақыт әжем жетектейді.

Жаманды біржолата құлыптайды,

Жақсыны ел әлпештеп ұмытпайды,

Кеудесін кейбіреулер көтергенмен

Ақымақты ардагерге жуытпайды.

Туған ел: бүгінгі салт-сәні жақсы,

Қуанам — айналамның бәрі жақсы!

Көрсетер шаңырақты шартарапқа

Батыр ұл — Бауыржандар бары жақсы.

Терең ой, меруерт сөз табындырар,

Солардай болғай-ақ бір ағындылар.

Жүргенде ортамызда ардақтайық,

Бір күні бәрімізді сағындырар.

Қазақ ақындарының кейінгі буынының бір өкілі Кәкімбек Салықов жақында шыққан жинағына кірген бір өлеңінде осылай деген екен.

Осы ғасырдың басынан бергі ақындарымыздың жеті толқыны сені тегіс жыр етті. Сонау Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаевтан бастап, бүгінгі ұрпаққа дейінгі қазақтың жүзге тарта ақын, жазушы, журналист, ғалымдары саған өлең очерк, мақала, зерттеулер арнап, сүйіспеншілік лебіз білдіріпті, Бауке. Халық өлмейді. Отан тағдырының

әрқилы тарихи кезеңінде ел үшін жан аямай қызмет еткен ардагер ұлдар мен асыл қыздар халықпен бірге мәңгі өмір сүреді. Халықпен қоса жасайтын адал перзенттердің бірі сенсің, Бауыржан!

Ерен ерлігімен есіміңді елге жайып, айдай әлемге паш еткен Бауыржандай батыр ұлың бар сен қандай бақытты едің туған халқым. Көзіңнің тірісінде атыңды аңызға айналдыра ардақтап, аузынан түсірмей жыр етіп келе жатқан абзал халқың бар сен де бақытты екенсің, есіл ер. Сенімен замандас, сыйлас, сырлас болған біз де бақытты екенбіз, асыл аға.

Сенен айналайын! Сенің халқыңнан айналайын!

дедім мен оған іштей.

1970 ж. сентябрь. 1974 ж. декабрь. 1977 ж. сентябрь. Алматы.

Эпилог

(Оқырманға хат)

I

Құрметті оқушым!

Тағы да сәлем жолдаймын саған. Сәлемім осы кітабым ғой қолыңдағы. Бұл кітап 1976 жылы бірінші рет басылып шыққаны өзіңе мәлім. Кітап шыққаннан кейін оған республикамыздың барлық газет-журналдары пікір білдірді. Оқырмандар телефон соғып, авторға, баспаға және баспа, полиграфия, кітап саудасы жөніндегі мемлекеттік комитетке үсті-үстіне хаттар жолдады. Республикамыздың көптеген жоғары оқу орындарында, орта мектептерде, кітапханаларда бұл кітапқа арналған бірнеше оқырмандар конференциялары болып өтті. Оның хабарлары «Социалисты Қазақстан», «Лениншіл жас», «Қазақ әдебиеті» және басқа газеттерде жарияланды.

Осындай тілектерді ескере отырып баспа бұл кітапты қайта шығаруды жоспарлады. Оқырмандардың өтінішіне сәйкес кітаптың кей жерлерін кеңейту үшін тағы да көлем берді. Осыған орай мен бұл кітапқа Совет Одағының маршалы И. Х. Баграмян, генерал И. В. Панфилов, генерал А. И. Лизюков, Совет Одағының Батыры атағын екі рет алған атақты ұшқыш Т. Бигелдинов, Ұлы Отан соғысының даңқты партизаны Қ. Қайсенов, подполковник Ә. Баймолдин туралы жаңа тараулар қостым. Алғашқы үшеуі Момышұлының әскери ұстаздары, соңғылары Баукеңнің Ұлы Отан соғысында ерекше ерлік көрсеткен тетелес бауырлары. Бұл жаңа тараулар арқылы кітаптың мәнін айқындай түсуге тырыстым. Оқырмандардың тілегі бойынша кейбір артық деген жерлерді алып тастадым.

II

Қадірлі оқушым!

Енді, кітап алғаш басылып шыққаннан кейінгі бірер жыл ішінде оның орталық қаһарманы Бауыржанның басында қандай жаңалықтар болды дейсің ғой сен. Соны айтайын саған.

Сенен жасыратын не сырым бар менің: бұрын Бауыржанды сырттай сыйлағаным болмаса, ол туралы ешқандай іштей күйзелісім болмаушы еді. Бұл кітап басылып шыққаннан кейін бір бүйрегіме Баукең кіріп алды. Ол ауырып-сырқап қалмаса екен, деп ойлайтын болдым. «Ақиқат пен аңыз» романы басылып жұртқа тараған кезде Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» кітабы Абай атындағы мемлекеттік сыйлыққа ұсынылды. Баукеңе тілектестігім одан сайын күшейе түсті.

III

Қымбатты оқушым!

Сол жетпіс алтыншы жылы жиырма бесінші ноябрьде Жазушылар одағының конференц-залында Қызылтулы Орта Азия әскери округы мен Қызылтулы Шығыс шекара округы өкілдерінің қатысуымен Қазақстан әскери жазушыларының кеңесі өтті. Залда екі округтың тақырбас жас солдаттары шүпірлеп отырды. Сақа жазушылар мен генералдар президиумге жайғасты.

Залда отырған мен жан-жағыма көп қарадым. Баукеңді іздедім, оқушым. Бірақ залда да, президиумде де Баукең болмады. Бұл жиналыста қазақ әскери әдебиетінің атасы Бауыржан Момышұлы болуы керек еді ғой. Ол кісі неге келмеген, әлде ауырып қалды ма екен деп мазасыздандым. Баукең кіріп келе жатқан жоқ па екен деп, қайта-қайта есікке қарап, алабұртып, алаңдап отырдым. Дмитрий Снегиннің кіріспе сөзін де зейін қойып тыңдай алмадым. Бір кезде президиумдегілер қозғалысып, араларынан әлдекімге орын аша бастағандай болды. Басымды оңға бұрсам, президиум сахнасына үстіне полковник формасын киген, қолында әдемі кавказ таяғы бар, қарағайдай тіп-тік болып Бауыржан көтеріліп келе жатыр екен. Оған генералдар орталарынан орын берді. Зал толы жас солдаттар бұл полковник кім еді дегендей, көздері бақырая қарасып қалды. Сол кезде менің жүрегім дүрсілдей соғып, екі көзім жасаурап кетті. Оны сен түсінуге тисін, қымбатты оқушым.

Содан кейін Қызылтулы Орта Азия әскери округы саяси бөлімнің бастығы генерал-лейтенант Попков жолдас «Әскери көркем әдебиет және жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу» деген тақырыпта қызықты баяндама жасады. Баяндамасының бір жерінде ол Ұлы Отан соғысында өзі рота командирі боп жүрген кезде әдебиеттен аға лейтенант Момышұлының атын естігенін, Момышұлы бүгінде өзі жазушы болып, қазақ әскери

әдебиетінің атасына айналғанын ілтипатпен атап өтті. Кеңестің президиумы бастап, жұрт дуылдата қол соқты. Қол соқпаған Баукеңнің өзі ғана болды.

Бұдан кейін мінбеге Ұлы Отан соғысынын ардагері ақын Сырбай Мәуленов көтерілді. Ол соғыста өз басынан өткен оқиғаларды айта келіп, соғыс кезінде Александр Бектің «Волоколамск тас жолы» кітабының қаһарманы болған Бауыржан Момышұлы содан отыз жыл өткеннен кейін қазақ романы «Ақиқат пен аңыздың» және қаһарманы болды деп президиумды иегімен нұсқады. Біз мұны мақтаныш етеміз деді. Тағы да қол соғылды.

Залдағы жас солдаттар «Ол кім?», «Ол қайсысы?» деп бір-бірінен сұрап, күбірлесіп қалды. Соны аңғарған Баукең президиумда отырып оң қолын көтерді. Жиналысқа сәл кешігіп кіріп, генералдардың ортасын қақ жарып келіп отырған қолында таяғы бар қарт полковник өздерінің сүйіп оқитын кітабы Александр Бектің «Волоколамск тас жолының» қаһарманы екенін білгенде залдағы жас командирлер мен жас солдаттар ешқандай командасыз орындарынан атып тұрып, шатырлата келіп қол соқты. Президиумдағылар да тегіс орындарынан көтерілді. Бұл сол кеңеске қатысқандардың өмірі есінен қалмайтын ғажайып сәт болды, құрметті оқушым. Оны саған арнаған бұл қысқаша хатымда толық етіп жеткізіп айтуым мүмкін емес. Осы кеңесте атақты Момышұлының өзі мінбеге көтеріліп, советтік патриотизм, халықтар достығы, жастардың әскери қаруды бес саусағындай білуі жайында жалынды сөз сөйледі. Мінбедегі қарт солдат пен залдағы жас солдаттардың жаны жарастық тапқандай, қайта-қайта қол шапалақталды. Маған Бауыржанның аузынан шыққан әр сөз жастардың жүрегінен жарқ-жарқ еткен ұшқын туғызып, зал іші сансыз жарық-жарқылға толып кеткен сияқты боп көрінді. Ол сөзін бітіргенде зал тағы да командасыз орнынан атып тұрып, ұзақ қол шапалақтады. Қаһарман Совет Армиясының бүгінгі жас ұрпағының сүйсіне соққан алақандары ұшып келе жатқан көп қарлығашты көз алдыма елестетті. Ол маған алысқа самғап бара жатқан Бауыржан деген алып қыранның лыпып тұрған сансыз қанаты сияқты боп көрінді. Бұл Баукеңнің болашақпен ұштасуының замандастары өз көзімен көрген тағы бір тамаша көрінісі, жанды бейнесі болды-ау деп ойладым.

Сол мәжілісте біздің екі генералымыз: ДОСААФ Орталық Комитетінің председателі Байтасов пен республиканың Ішкі істер министрі Есболатов жолдастар «Ақиқат пен аңыз» кітабының жас ұрпаққа берер тәрбиелік маңызын айта келіп, бұл кітаптың тағы да қайтадан шығарылуы қажет екенін ескертті.

Бұл жиналыстан мен төбем көкке жеткендей боп қуанып қайттым, аяулы оқушым, Баукеңнің атағына, алғырлығына, шешендігіне қуандым. Баукең сияқты сирек туатын тұлғаның өз кітабымның қаһарманы болғанына масаттандым. Генералдардың аузынан менің де атым аталып жатса, ол тек қана Баукеңнің арқасы деп білдім.

IV

Ардақты оқушым!

Өстіп жүргенде жетпіс алтыншы жыл толып, декабрьдің отыз бірінші таңы атты. Радио мен сол күнгі газеттерде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің «Әдебиет, өнер және архитектура саласындағы 1976 жылғы Қазақ ССР-інің Мемлекеттік сыйлықтарын беру туралы» қаулысы жарияланды. Қаулыда әдебиет саласындағы Абай атындағы сыйлық «Ұшқан ұя» кітабы үшін жазушы Бауыржан Момышұлына берілгендігі көрсетілді. Әрине, мұны өзің де білесің, оқушым.

Радиодан бұл хабарды естігеннен кейін мен дереу Баукеңнің үйіне телефон соқтым. Бірақ көп уақытқа дейін телефон босамады. Жұрт бірінен соң бірі Баукеңді құттықтап жатты. Бір кезде менің де қолым жетті. Трубканы Бауыржанның өзі алды.

Автор. Бауке, шын жүректен қуана құттықтаймын!

Бауыржан. Ә, авторсың ба? Рақмет, қарағым.

Автор. Қалай ризасыз ба?

Бауыржан. Бұл менің мемлекетімнің сыйлығы ғой және Абай атындағы сыйлық. Дән ризамын, қарағым.

Осыдан бірнеше күннен кейін менің қолыма «Простор» журналының тілдей конверті келіп тиді. Ішін ашып қарасам, Баукеңнің 1977 жылдың январы күні кешке, «Қаламгер» кафесіне Абай атындағы сыйлық алуға байланысты шайға шақырған қағазы жатыр екен.

Бұл кешке жетпіс шақты адам жиналды. Олардың бәрі де Баукеңнің жақын достары, туыстары, жазушылар мен өнер қайраткерлері еді. Кешті Жазушылар одағының секретары, ақын Олжас Сүлейменов басқарды. Кештің барлық мазмұны ақын Тұманбай Молдағалиевтың Баукеңнің Абай атындағы сыйлық алуына арнап шығарып, сонда оқыған мына өлеңімен түйінделді:

...Арманға тұрсың қол артып,

Сені елдің қартсың дейтіні-ай!

Көзіңді бізге алартып,

Қорқытпақ болған кейпін-ай!

Бәрі де саған жарасты,

Жап-жарық жаның үшін-ақ,

Азаматы болдың алаштың

Еңбегің адал, ісің ақ.

Шаттанып тұрмын, жанарым

Толып бір нұрлы сезімге.

Соғыста өлген ағаның

Айтарсың соңғы сөзін де.

Махаббатыңды мен бердім,

Жақсы ағам менің осы деп.

Оралмай кеткен ерлердің,

Ең жақсы Отандасы деп.

Бақыт боп алыс, жақынға,

Атандық халық батыры.

Бәйгеден сенің атын да

Келді-ау бір, келді-ау, ақыры.

Мадақтаушы еді сыртыңнан,

Масайрап қалды бұл шақта ел.

Құшақтап тұрып мұртыңнан,

Сүйейін, аға, мұрсат бер!

V

Сүйікті оқушым!

Осы кеше ғана Бауыржанды тағы да көрдім. Қолтығына қалың папка қысып, Коммунистік проспектімен аяңдап, жоғары, Алатауға қарай өрлеп келеді екен. Оң қолындағы кавказ таяғын сүйену үшін емес, сән үшін сілтейтін тәрізді. Әскери қалыптан шыққан құрыш денесін тік ұстап, маңғаз адымдайды. Алыстан қарағанда адамдардың шынары сияқтанып

көрінеді. Жанына жақындап, сәлем бердім. Әңгімелесіп, Жазушылар одағына дейін бірге келдік.

Автор. Халіңіз қалай, Бауке?

Бауыржан. Жақсы, қарағым.

Автор. Көңіл күйіңіз?

Бауыржан тротуарда тоқтай қалып, оң қолындағы таяғымен сол жақ қолтығындағы қалың папканы нұсқады.

Бауыржан. Мінеки көңіл күйі! «Солдаттың соңғы күнінің» соңғы нұсқасын аяқтап, одаққа әкеле жатырмын. Роман бітірген жазушының көңіл күйі қандай болатынын білесін ғой, қарағым!

Автор. Құттықтаймын, Бауке!

Бауыржан. Рақмет.

Автор. Енді қандай ойларыңыз бар?

Бауыржан. Мен тек солдаттардың ортасында ғана емес, ағалардың да арасында өмір сүрдім. Ойлап қарасам, оларға да шаш-етектен қарыздар екенмін, Енді соларға арнап, ардагер елу азамат туралы естелік-эсселер жазып жүрмін. Олардың ішінде өзім алғаш көрген сонау Нығмет Сырғабеков, Ораз Жандосов, Қайсар Тәштитов, одан кейінгі Қаныш Сәтбаев, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Қалыбек Қуанышбаев, Құрманбек Жандарбеков, тағы басқалары бар. Ілияс Омаров, Мәлік Ғабдуллин, Дмитрий Снегин, Күләш Байсейітова сияқты іні, қарындастарымды да ұмытпақ емеспін. Қазір соның отыз шақтысын жазып қойдым. Осы менің әзірге бітіріп жатқаным. Өзің ше?

Автор. Мен міне «Ақиқат пен аңыздың» екінші басылымын әзірлеп, баспаға әкеле жатырмын.

Бауыржан. Құтты болсын. Маған қоятын сұрақтарың жоқ па?

Автор. Жоқ, Бауке.

Бауыржан. Ендеше сау бол, шырағым. Мені жігіттер күтіп отыр.

Баукең екеуміз Жазушылар одағының кең сарайына кірдік.

Ол жоғарғы қабатқа көтеріліп кетті де, мен төменде қалып қойдым, баспаға қарай бұрылдым.

«Өлең шіркін өсекші жұртқа жаяр, сырымды тоқтатайын айта бермей» деп Абай айтқандай, енді хатымды аяқтағаным абзал. Сөзімнің соңында бұл кітапты басып шығарған, пікір білдірген, жан тебірентерлік сәлемдер жолдаған баспа, баспасөз қызметкерлеріне, барлық оқырмандарға шын жүректен алғыс айтамын. Соның ішінде сен де барсың, сүйікті оқушым!

Автор.

14 сентябрь 1977 ж. Алматы,